

271 71-3
3 80

МУХТАР ӘУЕЗОВ





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



А Л М А Т Ы
«ЖАЗУШЫ»
1983

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ОН ТӨРТІНШІ ТОМ

891.372 3



0.82

АУДАРМАЛАР

КӨРКЕМ АУДАРМА ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙЛАР

А Л М А Т Ы
«ЖАЗУШЫ»
1983

Редакциялық коллегия:

АХМЕТОВ Э., ӘУЕЗОВА Л., БАЗАРБАЕВ М.,
БЕРДІБАЕВ Р., ҚАРАТАЕВ М., МҮСРЕПОВ Ғ.,
НҮРПЕЙІСОВ Ә., ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.

Ғылыми түсініктерді жазып, томды
баспаға әзірлегендер:

ӘУЕЗОВА Л., МЫРЗАХМЕТОВ М., СЕРІҚҚАЛИЕВ Э.,
ӘҚІМОВ Т., ДОСЫМБЕКОВА Р., МҰХАМЕТХАНОВ Н.


Жауапты шығарушы: Зейнолла Серікқалиев.

Әуезов Мұхтар.

Ә 83 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алма-
ты:— Жазушы.—Т. 14 Аудармалар.—1983.—376 бет.

Қаз 2

А $\frac{4702010000-222}{402(05)83}$ 3-83



© «Жазушы» 1983

АУДАРМАЛАР

И. С. Тургенев

ДВОРЯН ҰЯСЫ

РОМАН

I

Көктемнің ашық күні кешке тақалды; аспанда, шырқау биікте ұсақ қызғылт бұлттар көрінеді, олар ауа көшпейді, көк тұңғыққа батып бара жатқандай.

1842 жыл еді, губерниялық шаһар О...ның шет көшелерінің біріндегі сұлу үйдің ашық терезесінің жанында екі әйел отырды, біреуі елу жастарда, екіншісі жетпіс шамасындағы кемпір еді.

Біріншісі Марья Дмитриевна Қалитина болатын. Мұның күйеуі губернияның прокуроры болған, өз уақытында іскер, батыл, қажырлы, задор және қыңыр адам еді, оның өлгеніне он жылдай болған. Өз уақытында жақсы тәрбие алған, университетте оқыған, бірақ кемтар ортадан шыққандықтан, өзіне жол салуды қажет біліп, пұл да жиған кісі еді. Марья Дмитриевна оған сүйіп тиген: өйткені бұл кескіні жақсы, ақылды және тілесе сүйікті бола білетін кісі еді. Марья Дмитриевна /қыз күндегі фамилиясы Пестова/ ата-анасынан ерте айырылып, бірнеше жыл Москвада институтта боп, одан қайтқан соң О... шаһарынан елу шақырым жердегі ата-мекені Покровск қыстағында кәрі апасымен, ағасымен бірге тұратын-ды. Ағасы тез уақытта қызметке Петербургқа ауысты да, қарындасы мен апасын күйзеу күйде қал-

дырып, бірақ, аз заманда ол өзі қайтыс болып, оның тәртібінен әйелдер құтылған еді. Марья Дмитриевна өзіне мұра ғып Покровскіні алғанмен онда ұзақ тұрған жоқ; мұның жүрегін өзіне бірнеше күнде бағындырған Қалитинмен қосылған соң, оның қаласы Покровск басқа бір мекенге айырбасталды; мұнысы пайдалы болғанмен, көрікті жер емес еді; тұратын үй де жоқ еді; Қалитин О... шаһарынан үй алды да, ұдайы тұруға сол шаһарға көшті. Шаһардағы үйдің жанында үлкен бақша бар-ды, бұл бақшасы қаланың сыртына, жазыққа шығатын. Қыстақ тыныштығын сүймейтін Қалитин енді онда барудың қажеті жоқ деп ойлады. Марья Дмитриевна өзінің жақсы қыстағы Покровскіні, ондағы көңілді өзенді сағынушы еді, өйткені онда кең шалғын, жасыл тоғай да болатын; бірақ бұл әйел еш уақытта еріне қарсы келмей, оның ықпалына, өнерлі қауымды білетініне түгел ден қойып табынатын. Кейін, он бес жыл бірге өмір сүрген соң күйеуі өліп, одан бір ұл, екі қыз қалған-ды. Марья Дмитриевна өзінің шаһардағы үйіне, ондағы тіршілігіне мейлінше қалыптанып кеткендіктен О... шаһарынан шықпай тұрып қалған.

Марья Дмитриевна жасында сүйкімді, ақсары сұлу атанды; елу жасқа келіп, өңі толып, жайыла түскенмен, әлі де ажары көрікті. Өзі мейірімді болмаса да, сезімтал болатын; жасы жетсе де институт тәрбиесінің әдетінен құтылмаған-ды; тез ренжігіш, кейде өз айтқаны болмаса, жылап та қойғыш боп, еркелікті дағды еткен; әдетте өз айтқаны болып, ешкім алдына шықпаса да, ол сыпайы мінезді бола білетін. Мұның үйі қаладағы ең бір жайлы, жақсы үй саналатын. Мұрасы көп болмаса да, ерінің табысы арқылы жиылған мүлкі де мол еді. Екі қызы мұның қолында өскен де, ұлы Петербуртта, ең бір жақсы қазыналық тәрбие орнында оқитын.

Марья Дмитриевнаның қасында, терезе жанында отырған кемпір мұның әкесімен туысқан апасы, бір замандар Покровскіде бұл екеуі көп оңашалық шақтарын бірге кешірген. Кемпір Марфа Тимофеевна Пестова. Ол қызық адам, мінезі бірбеткей, ойындағысын кімге болса да көзіне айтады; мүлкі аз болса да, өзін-өзі ұстауына қарағанда, сан мыңдар сандығында жатыр деп ойларсыз. Марқұм Қалитинді бұл аса жек көретін. Немере сіңлісі оған тигенде, бұл өзінің қыстағына кетіп, он жыл бойы мұжықтың жаман үйінде тұрды. Марья Дмитриевна бұдан қорқатын. Шар тартса да шашы қа-

ра, көзі өткір, үшкір тұмсық, кішкене бойлы Марфа Тимофеевна жүрісте шапшаң, бойы тіп-тік, сөйлегенде анық етіп, жылдам айтып, жіңішке шыңқылдаған дауыспен сөйлейтін, басына ақ қалпақша, үстіне ақ кофта киетін.

— Немене, ненің жайы?— деп ол Марья Дмитриевнаға шұғыл бір сұрау беріп,— неге күрсіндің, апасы?!— деді.

— Жай! Қандай ғажайып бұлттар!— деген жауап естіді.

— Немене, сенің оларға жаның ашып отыр ма?

Марья Дмитриевна түк айтпады.

— Гедеоновский неғып келмей жатыр?— деп, Марфа Тимофеевна қолындағы тоқыма бізді жүгірте түсті. (Бұл бір үлкен шарф тоқып жүрген-ді)— Ол келсе сенімен бірге күрсінер еді, әлде бір өтірік соғар еді.

— Сол туралы үнемі катал сөйлейсіз-ау, Сергей Петрович қадірлі адам емес пе?

— Қадірлі!— деп, кемпір кінәлай кекетті.

— Ол менің марқұм еріме дос еді!— деп, Марья Дмитриевна,— әлі күнге ерім жайлы қобалжумен еске алады!— деді.

— Әрине, мұны батпақта жатқан жерінен құлағынан сүйреп, құтқарып алған сол болатын!— деп, Марфа Тимофеевна тоқыма бізді тағы да жүгірте түсті. Және сөйлей бастады.

— Сырты мүләйім, басы аппақ, ал аузын ашса болды, не өтірік, не өсек гулейді. Өзі ғой статский советник! Бірақ қайда барсын! Поптың тұқымы ғой.

— Кінәсіз кісі бар ма, апа? Ондай әлсіздігі бар екені рас. Әрине, Сергей Петрович тәрбие көрмеген, французша сөйлемейді, бірақ не десеңіз де ол жағымды адам.

— Е, ол ұдайы сенің қолыңды жалап жүреді ғой. Французша білмейді, сол сөз бе екен? Француз «диалектына» мен өзім де мығым емеспін. Тіпті, ешбір тіл білмесін, тек өтірік айтпаса екен. Ауызға алдың болды, оның өзі де келеді, тілге жеңіл емес пе?— деп, Марфа Тимофеевна көшеге қарады.— Әне, сенің жайлы адамың сидандап келеді. Бойының ұзыны-ай, қарабай тәрізде-ніп!

Марья Дмитриевна шашын түзеп қойды. Марфа Тимофеевна мұнысына күлімсірей қарады.

— Немене, сенің ағарған шашың бар ма, апасы?! Ана күтуші Палашаңа ұрыссаңшы. Не қарап жүр өзі?

— Сіз болсаңыз, апай, әрдайым...— деп, Марья Дмитриевна күбір етті де, орындығының таянышына саусақтарымен сытырлата соқты.

— Сергей Петрович Гедеоновский!— деп, есіктен қызыл жүзді жас казак малай бой көрсетті.

II

Үйге ұзын бойлы адам кірді. Үстінде таза сюртугі бар, шалбары қысқа, сұр ұлпадан перчатка киген және біреуі қара, біреуі ақ, екі галстук тағыпты. Өне бойы — әдеп пен сыпайылық тәрізді, жүзі де келбетті, самай шаштары жабыса таралған; сықыры жоқ, өкшесіз етігіне шейін сыпайы. Бұл кісі әуелі үй иесіне иіліп, сонан соң Марфа Тимофеевнаға тағзым етті де, перчаткаларын асықпай шешіп, Марья Дмитриевнаның қолына иілді. Әйел қолын құрметпен екі рет сүйіп алып, креслоға асықпай отырды да, саусақтарының ұшын сипалай түсіп, сөз бастады.

— Елизавета Михайловна сау ма?

— Иә, ол бақшада еді.

— Елена Михайловна да сау ма?

— Леночка да бақшада. Немене, жаңалық жоқ па?
— Неге болмасын, неге болмасын,— деп, қонақ кірпігін жай қағып, ернін соза сөйледі.— Гм!.. Міне, мәлім етейін, таңқаларлық жаңалық бар: Лаврецкий Федор Иванович келіпті.

Марфа Тимофеевна таңқалып:

— Федя! Немене, жаныңнан шығарып отырған жоқсың ба, әкем-ау?— деді.

— Жоқ, тіпті өз көзіммен көрдім.

— Е, ол әлі дәлел емес.

Гедеоновский Марфа Тимофеевнаның кекесінін естімеген кісі боп:

— Денесі қатты ірілепті. Жауырыны бұрынғыдан да жалпайыпты. Бетінің қызылы да молайыпты.

Марья Дмитриевна жай сөйледі.

— Ірілепті дейсіз бе? Ірілейтін не жөні бар еді?

Гедеоновский бұл сөзді құптай кетті.

— Рас-ау, оның орнында басқа болса, жұрт көзіне көрінуден ұялар еді.

— Неменесі бар?— деп Марфа Тимофеевна кие сөйледі.— О не деген сандырақ? Туып-өскен жеріне кепті, қайда кетсін деп едіңіз? Және өз басының айыбы болса екен-ау!

— Ханым, мәлім етейін, әйел өзін жаман ұстаса, әрқашан оған ері кінәлі.

— Е, әкесі, оны өзің бойдақ болған соң айтасын ғой.

Гедеоновский зорлықпен езу тартты. Аз үндемей отырып:

— Білуге болар ма екен, мынау көркем шарф кімге арналған екен?— деді.

Марфа Тимофеевна бұған жалт етіп қарады да, жауап қатты:

— Бұл, кім өсек айтпай, аярланбай жүретін болса және сондай адам дүниеде бар болса, соған арналады. Федяны мен жақсы білемін, оның бар жазығы әйелін еркелеткені, үйленгенде де ғашық боп үйленген. Ал сол бір ғашықтықпен үйленген тірліктен ешуақытта татымды іс шықпайды!— деп кемпір Марья Дмитриевнаға қиыс қарады да, орнынан тұрды.— Ал енді сен, әкесі, азуынды тілесең маған да баса бер, мен кетейін, бөгет болмайын!— деп, Марфа Тимофеевна жүріп кетті.

Марья Дмитриевна апасын көзімен жөнелтіп салып:

— Бұл кісі әрдайым осындай. Әрдайым!— деді.

Гедеоновский қостай түсті:

— Жасы сондай ғой, не істерсіз. Сөзін көрдіңіз бе, «кім аярланбаса» дейді. Осы күнде аярланбайтын кім бар екен, заман солай емес пе? Менің бір аса құрметті досым бар еді, шені де үлкен адам болатын, сол айтушы еді, бұл күнде тауық та дән көрсе қулықпен ұмтылады, тура бармай, қырындап келуге тырысады деп. Ал, сізге қарасам, менің бекзадам, сіздің ғана мінезіңіз анық періштедей, маған аппақ қолыңызды ұсыныңызшы.

Марья Дмитриевна аз күлімсіреп, Гедеоновский мұның қолын сүйіп отырғанда әйел өз орындығын тақай түсіп, аз иіліп, ақырын ғана сұрады:

— Сөйтіп, оны көрдіңіз бе, өзі шын дені сау, көңілді ме екен?

— Көңілді, жаман емес,— деп Гедеоновский сыбырлай жауап берді.

— Ал қазір әйелі қайда екен, оны естідіңіз бе?

— Соңғы кезде Парижде болғанды, ал естуімше қазір Италия мемлекетіне көшсе керек.

— Япыр-ай, Федяның халі масқара ғой, қалай төзеді екен, ақылым жетпейді. Рас, мұндай әркімнің де басына келеді, бірақ, былай айтқанда, мұны бүкіл Еуропаға әшкереледі ғой.

Гедеоновский күрсініп алды.

— Рас, рас! Айтуынша ол әйел артистермен, күйшілермен және оларша қалай деуші еді, арыстандармен, айуандармен де ашына-жай дейді ғой. Ар-ұяттан мүлде безген ғой...

Марья Дмитриевна қостай сөйледі.

— Соншалық, соншалық аяныш, туыс жағын сана-сақ, Сергей Петрович, білесіз бе, ол менің немере інім болады ғой.

— Әрине, әрине, сіздің үй ішіңізге қатынасы барды мен білмей қоям ба? Білем ғой.

— Бізге келер ме екен? Қалай ойлайсыз?

— Қисыны... келетін болар. Бірақ естуімше, өзінің қыстағына бармақ білем.

Марья Дмитриевна көзін аспанға көтере сөйледі.

— Ах, Сергей Петрович, ойласам, бізге, әйелдерге өзімізді ұстауға қандайлық сақтық керек десеңші!

— Әйелдің де әйелі бар ғой, Марья Дмитриевна. Бақытсыздыққа қарай, туысқандар бар... Әрине, жасы да бір сәрі және жастайынан жолды үйретпеген болар. (Сергей Петрович қалтасынан көкшіл орамал алып, соны жаза бастады.)— Ондай әйелдер болады, әрине. (Сергей Петрович орамалының ұшын көздеріне кезек тигізді.)— Бірақ, жалпы айтсақ, аңғарсақ бар ғой... Қаланың шаңы сұмдық қой!— деп сөзін аяқтады.

— Маман, маман!— деп үйге бір он бір жас шамасындағы сүйкімді жүзі бар кішкене қыз жүгіріп кірді.— Бізге Владимир Николаевич атқа мініп келді!— деді.

Марья Дмитриевна орнынан тұрды, Сергей Петрович те тұрып, иіліп:

— Елена Михайловнаға біздің құрмет!— деді, содан соң үйдің бұрышына қарай барып, әдеп сақтап, сырт айналып, өзінің түзу біткен ұзын тұмсығын ұстап сіңбіре бастады.

— Аты не деген тамаша!— деп кішкене қыз сөйлеп тұр.— Ол жаңа қақпа жанына келіп еді, Лиза екеумізге қазір сыртқы есікке келем!— деді.

Осы кезде ат дүбірі шықты да, сұлу торы атқа мінген, көрнекті салт атты көшеден бұрылып, ашық терезенің түбіне тоқтады.

III

— Есенсіз бе, Марья Дмитриевна!— деп жайлы, сүйкімді үнменен дыбыс қатты салт атты.— Менің жаңа саудам сізге ұнай ма?

Марья Дмитриевна терезеге тақалды.

— Есенсіз бе, Вольдемар!¹ Ах, қандай жақсы ат. Мұны кімнен сатып алдыңыз?

— Әскерге ат жинаушыдан алдым. Бірақ қымбатсаты, соққан.

— Мұның аты кім?

— Аты Орланд. Бірақ жаман ат, басқа ат қоямын,— деп французша сөйлеп,— қой, қой, менің балақайым! Тынышсызын қарашы!— деді.

Ат оскырып, тыпырлай түсіп, басын шұлғып, көбігін шашты.

— Леночка, сипаңызшы, қорықпаныз...

Кішкене қыз терезеден қолын созып еді, Орланд тік шапшып, жалт берді.

Бірақ жігіт сасқан жоқ, тебініп жіберіп, шыбықпен аттың мойнынан салып қалды да, оны өз ырқына көндіріп, терезенің алдына қайтып келіп тұрғызды.

— Сақтаныңыз, сақтаныңыз,— деп Марья Дмитриевна французша сақтық айтты.

— Леночка, сипаңыз, мен оның ырқына көнбеймін,— деді салт атты.

Кішкене қыз қорқақтай тұрса да, қолын созып Орландтың дірілдеп тұрған танауына қол тигізді. Ат діріл қағып, ауыздығын шайнап тұр. Марья Дмитриевна дауыстап:

— Bravo! Ал енді түсіп, мұнда келіңіз!— деді.

Жігіт атын шапшаң бұрып, тебініп қалып, көше бойына лекіте шауып барып, қораға кірді. Бір минуттен соң қолындағы шыбықты ойнақшытып, қонақ үйге жүгіре кірді, осы сәтте, екінші есіктен сұңғақ бойлы он тоғыз шамасындағы қара шашты қыз кірді, ол — Марья Дмитриевнаның үлкен қызы Лиза болатын.

IV

Оқушыға біз жаңа таныс еткен жас жігіт — Владимир Николаевич Паншин атанатын. Ол Петербуртта

¹ Владимир

ішкі істер министрлігінде дербес істер чиновнигі боп істейді. О... шаһарына бұл жігіт уақытша қазыналық бір тапсырмамен келген. Қазір мұндағы губернатор, генерал Зонненбергтің қарамағында істейді, оған өзі туыс есепті. Паншиннің әкесі отставкаға шыққан штаб ротмистр, белгілі карташы, жүзі ажарсыз, көзі күлімсіреп тұратын, ерні жыбырлағыш адам еді, өзінің бар өмірін ұлықтар арасында, екі астаналық шаһардың ағылшын клубтарында өткізген, онша сенімді болмаса да, сүйкімді, бірақ тәсілқой адам саналатын. Бірақ онша тәсілқой болса да, өмірі әрдайым қайыршылыққа жақын болып өтіп, өзінің жалғыз ұлына болымсыз ғана, бүлінген мүлік қалдырған-ды. Бірақ өзінше, баласының тәжірибесін тәуір ескерген-ді: Владимир Николаевич французша тамаша сөйлейді, ағылшын тілін жақсы біледі, немісше тілі нашар еді. Әдет солай, тәуірсіген адамға неміс тілінде жақсы сөйлеу ұят саналады ғой; неміс сөзін кейде көбінесе күлкі түрде қолданып, Петербургтың парижандары сияқты французша бұл тіпті әсем дей жүруге де болады ғой. Владимир Николаевич он бес жасынан-ақ қонақ үйлерге қысылмай кіре кетіп, сүйкімді көрініс беріп, мезгілімен жөнелуді де білетін. Әкесі бұл ұлына көп таныстар қалдырды, екі роббер арасында карта араластырып отырып, немесе винт ойыны біткен соң өзінің Володькасының жайын кейбір білікті адамдарға айтып қалудан жаңылмайтын. Нелер бір ірі адамдарға, сауда ойынына жүйрік жандарға да болсын білдіре жүретін. Владимир Николаевич өзі де университетте жүргенде, толық студент шенін алып шығу үстінде, бірнеше туысты жастармен таныс болып, атақты үлкен үйлерге де барғыш болатын. Бар жер де оны жақсы қарсы алатын, өңі сүйкімді, бойы кең, әзілқой, дені сау, неге болса да дайын жігіт көретін; керегінде ол сыпайы, мүмкін болған жерде ол асқак, тамаша жолдас, ғажайып жігіт! Жігіттің арманды майданы ашылды. Паншин сыпайылық ғылымның сырын таныды; оның шарттарына барынша да ден қойды; пандықпен күле отырып, болымсызды алданыш ете білу, елеулі істің бәрін болымсыз санай білу сияқты өнердің де бәрін білді, биге жүйрік, киімді ағылшынша киетін. Сөйтіп, аз уақыт ішінде ол Петербургтағы ең бір сүйікті, оңтайлы жас жігіт саналады. Паншин шындында әкесінен де бетер оңтайлы болатын және ол аса өнерлі еді. Қолынан бар іс келетін: сәндеп ән айту, ер-

кінше сурет салу, өлең жазу, сахнада жақсы ойнау — бәрін де біледі. Жасы қазір жиырма сегізде-ақ, ал бұл күнде камер-юнкер шені де салмақты. Паншин өзінің ақылына, қырағылығына қатты сенетін; ол алға қарай батыл басып, еркін құлаштап келеді, өмірде сүт үстінде қаймақтай.

Кәрі мен жастың бәріне жағатын, өз ойынша — адам атаулыны, әсіресе, әйелдерді жақсы білем дейтін, ол әйелдердің ұсақ әлсіздіктерін шын білетін де. Суретшілікке бейімділігі болғандықтан оның ішінде қызу да бар, ынтықтық, қызыққыштық сияқты сипаттар болу себебінен ол кейде өзін еркін де ұстайтын. Ішкілікпен, өзіне тең емес адамдармен таныс болу әдеті де бар, қысқасы, өзін мейлінше еркін ұстайды; бірақ дәл ішін алсаң, ол салқын қу адам еді, қаншалық қатты ішкілік үстінде де оның ақылды, қоңырқай көзі барды қарауылдап, бағып отыратын, сыртқа батыл сияқты, еркін жігіт ешуақытта өзін-өзі ұмытып, барымен беріле алмайтын. Тек бір қасиеті — өзінің жүрісіне мақтанбайтын. Марья Дмитриевна үйіне, О... шаһарына келісімен, тез араласып кетті. Марья Дмитриевна мұны жанындай көретін.

Паншин үйдегілердің бәріне бас иді. Марья Дмитриевна мен Елизавета Михайловнаның қолдарын ұстап, Гедеоновскийді иығынан сілкітіп қойды, өкшесімен айналып, Леночканың басынан ұстап, мандайынан сүйіп алды.

— Сондай асау атқа минуте қорықпайсыз ба? — деп сұрады Марья Дмитриевна.

— Кешіріңіз, ол тіпті жуас; мен неден қорқатынымды айтайын, мына Сергей Петровичпен преферанс ойнаудан қорқам; кеше Беленицина үйінде бұл кісі мені тұттай тонады.

Гедеоновский шикылдап, жағына күлді: Петербургтың көрікті чиновнигі, губернатордың сүйіктісі болған жас жігітке ол жорғалап тұратын. Өзінің Марья Дмитриевнамен сөйлескен кеңесінде, ол Паншиннің ерекше өнерін көп мақтайтын. Сондай кезде оның айтатыны: «қайтып қана мақтамассың, жақсылар арасында беделді жігіт, қызметі болса ойдағыдай және титтей пандығы жоқ», — дейтін.

Паншинді Петербургта іскер чиновник санасатын. Жұмысқа берік және жұмыс жайын әрбір сыпайы адамша әзілмен айта біледі, өз еңбегіне ерекше мән берме-

гендей болса да, ол іс орындағыш. Ондай қызметкерді ұлықтар сүйеді; өз ойынша егер бұл тілей қалса, бір заманда министрлікке жетуіне де Паншин күдіктенбейтін.

Гедеоновский бұған сөз қатты.

— Мен сізді ұтты дегендей болдыңыз, ал өткен жұмада менің он екі сомымды кім ұтып еді? Және де...

Паншин мұның сөзін бөліп, еркеленіп, біраз астам жүзбен:

— Қатал, қаталсыз! — деді де, осыдан кейін оны елемей, Лизаға тақап келді.

— Мен осында Оберон увертюрасын таба алмадым, — деп сөз бастады. — Беленицина барлық классикалық музыка бізде бар деп бос мақтаныпты, анығында үйінде полька мен вальстерден басқа түк жоқ; бірақ мен Москваға хат жаздым, сіз бір жұмадан соң ол увертюраны аласыз. Айтпақшы, кеше мен романс жаздым, өлеңі де өзімдікі. Айтып берейін бе сізге? Не шыққанын білмеймін, Беленицина аса сүйкімді деді, бірақ оның сөзінде мән жоқ, мен сіздің пікіріңізді білсем деймін. Тек менше кейінірек болсын.

Марья Дмитриевна сөзге араласып:

— Неге кейін? Қазір болса қайтеді? — деді.

— Бұйырыңыз! — деп, Паншин жарқыраған тәтті күлкімен жымия түсті, бұл күлкі онда тез туып, шапшаң жоғалып тұратын; енді орындықты тізесімен қозғап фортепьяно жанына отырып, бірнеше аккорд берді де, ән айтып кетті, әсіресе, сөзін анық айтты, романсы мынау еді:

Ақ бұлттар арасында,
Биік көкте ай қалқиды.
Ғажайып нұр төгіліп,
Теңізде толқын шалқиды.

Менің жаным теңізі,
Айы етеді бір сені,
Қуаныш пен қайғы да
Бір өзіңсің білгені.

Ғашықтық пен тілсіз арман,
Жанға толды:
Мен қиналдым, сен салқынсың
Алыстағы айдай болдың...

Өлеңнің екінші ауызын Паншин ерекше бейілмен күш салып айтты, фортепьяно үнінде де ырғалған толқын лебі бардай. «Мен қиналдым» деген сөзден соң ақы-

рын күрсініп, көзін төмендетті, үні де бәсеңдеп морен-доға¹ ауысты. Ол айтып болған соң Лиза әнге мақтау айтты; Марья Дмитриевна «көркем» деді, ал Гедеоновский даурығып, «ғажайып! Поэзия мен музыка бірдей тамаша» деген еді. Леночка балалық табынғыш жүзбен әншіге қарады. Қысқасы, мұндағылардың бәріне де жас дилетанттың шығармасы ұнап еді, бірақ, қонақ үйдің сыртында жаңа кірген бір қарт адам тұр екен, оған Паншиннің романсы тәп-тәтті көрінсе де, бет ажарына қарағанда оншалық жақсы әсер етпегендей. Ол адам біраз тұрып, етегінің шаңын қалыңдау қол орамалмен қағып түсіріп, көзін қысыңқырап, ернін мұңая жымырып, өзінің онсыз да күдірейген жауырынын бүгілте түсіп, жай басып қонақ үйге кірді.

— А, Христофор Федорович, амансыз ба!— деп Паншин жұрттың бәрінен бұрын үн қатып, орнынан атып тұрды. — Мен сіздің мұнда екеніңізді сезбедім, болмаса романсымды сіздің көзіңізше айтуға әсте батпас едім. Білем, сіз жеңіл музыканы сүймейсіз ғой.

— Мен тындағам жоқ!— деп жаңағы кірген кісі орыс тілін шала сөйлеп, жұртқа бас иіді де, бөлменің ортасында тұрып қалды.

— Сіз, мусье Лемм, Лизаға музыка сабағын бергелі келдіңіз бе?— деді Марья Дмитриевна.

— Жоқ, Лисафет Михайловна емес, Елена Михайловнаға.

— Е, жарайды. Онда жақсы. Леночка жоғарыға Лемм мырзамен бірге бар. — Қарт кішкене қыздың соңынан кете беріп еді, Паншин оны бөгеп қалды.

— Сабақтан кейін кетіп қалмаңыз, Христофор Федорыч. Елизавета Михайловна екеуміз төрт қолдап, Бетховен сонатасын ойнаймыз.

Шал бірдеме деп міңгірлеп еді, Паншин неміс сөзін бұза сөйлеп кетті.

— Маған Елизавета Михайловна сіз ұсынған дұғалық кантатаны көрсетіп еді, әсем екен! Алда риза болсын. Сіз мені салмақты музыканы бағаламайды деменіз, қайта ол кейде іш пысырғанмен, пайдалы ғой.

Қарт құлағына шейін қызарды да, Лизаға қиыс көз тастап, асығып жүріп кетті. Марья Дмитриевна Паншиннен романсты тағы бір айтуды сұрап еді, бірақ ол білімді немістің құлағын қажамайын деді де, Лизаға

¹ Музыка тілінде бәсеңдеп, баяулап тынған үнді солай айтады.

Бетховен сонатасын ойнайық деді. Бұдан соң Марья Дмитриевна күрсінді де, Гедеоновскийге өзімен бірге бақшаны аралап қайтуды ұсынды.

— Менің сізбенен, әлі де біздің байғұс Федя туралы ақылдасып, сөйлеспегім бар-ды!— деді.

Гедеоновский жымып иілді де, қос саусағымен шляпасын ұстап, перчаткасын алып, Марья Дмитриевнамен бірге кетті. Бөлмеде Паншин мен Лиза қалды. Қыз сонатаны ашты, екеуі де үндемей, фортепьяноға қатар отырысты. Жоғары үйден Леночканың әлсіз саусақтары тартқан гамманың үндері шала естіліп тұрды.

V

Христофор-Теодор — Готлиб Лемм 1786 жылы Саксон корольдығында, Хемниц шаһарында туған. Әке-шешесі кедей музыканттар болатын. Әкесі валторнда, шешесі арфада ойнайтын; бала бес жасында үш түрлі аспапта ойнауға машықтана бастаған. Бірақ сегіз жасында жетім қалып, он жасынан бастап өз өнерімен нан тауып жүруші еді. Көп заманнан қаңғыма өмір кешіп, трактирлерде, жәрменкелерде, крестьян тойларында, балда да ойнайтын; бір уақыт оркестрге кіріп, саты-саты көтеріліп, дирижерлыққа да жетіп еді. Өз ойыны нашар болатын, бірақ музыканы аса жақсы білуші еді. Жиырма сегіз жасында Россияға келген. Оны жаздырып алған бір үлкен мырза музыканы өзі жек көрсе де, оркестрді мақтан үшін ұстайтын. Лемм оның қолында капельмейстер болып жеті жыл тұрып, кейін құралақан шықты. Мырзасынып, бұған вексель бермек еді, кейін онысын да орындамады, қысқасы бір тиын төлемеді. Бұған еліңе қайт деген маслихат берісіп еді, бірақ үлкен Россиядан қайыршы боп қайтуға көне алмады, артистер алтын қазына деп санайтын ұлы Россияда ол қала тұрып, әлі де бағын сынамақ болған.

Сорлы неміс сол бағын жиырма жыл сынады: Москвада, губерниялық қалаларда талай мырзаларға қызмет етіп, көп кемшілік көрді, мұқтаждықтан қысылып, қайрандаған балықтай болғаны да бар: не қорлықтар көрсе де, ол өз Отанына қайтпақты мұрат ететін: сүйеніші сол еді. Ал тағдыр мұның ең соңғы тілегін де орындатпады. Елу жасқа келгенде, ерте қажыған жан, ауру күйінде осы О... қаласында мәңгіге қалып қойды, осы өзі жек көрген Россиядан құтылармын деген үміт болмаған

сон, ендігі тірлігін сабақ беріп, соны болымсыз талшық етумен өткізіп келеді.

Леммнің өңі мұны сүйкімді жан дегізе алмайтын. Бойы аласа, жауырыны қисық та күдіс, іші жабысқан, аяғы үлкен еді; сірескен саусақтарының тырнақтары көкшіл, қолы қызыл болатын: бетінде әжімі көп, жағы солған: шүңкиген жұқа еріндерін үнемі қозғап, бірдеме шайнап отырғандай, әдетте, соншалық сүйкімсіз, жексұрындау көрінетін; ағарған шаштары тар мандайына төгіле салбырайтын: сөніп бара жатқан көмірдей, кішкентай қозғалысы аз көздері де бір алуан; көңілсіз денесін зорға сүйрегендей аяғын ауыр басатын; кейбір қозғалыстары торда отырған жапалақтың сөлекет түрде сыланғаны сияқты; жапалақ өзіне біреудің қарағанын сезіп, үлкен сары көзімен шошына қараса, осындай қозғалыстар жасайтын. Кешірімі жоқ кәрі уайым, сорлы күйшіге өзінің өшпес таңбасын басып, мұны бүкшитіп, сумитып қойған; онсыз да көңілсіз бойын соншалық ажарсыз еткен; бірақ, алғашқы алған әсерге қарамауды білген адам болса, осы жанның тозған күйінде де мейірімділік, адалдық, бір өзгешелік барын байқайтын. Бах пен Гендельдің өнеріне табынған, өз ісіне берік бұл адамда сезгіш қиял, өткір ой да бар: тұқымының мінезі сондай, Леммді кім біледі? Заманы келіссе, ол өз отанының ұлы, композиторының бірі болар ма еді, тек бұл жұлдызы жанбаған пенде болды. Өз өмірінде жазғандары көп еді, жалғыз-ақ бірде-бір шығармасын бастыра алмады, батыл қимылдап, біреуге жағынып, біреуден өтініп іс етуді ол білмеді. Бір заманда, оған да көп жыл болыпты, мұның досы және өнерін бағалаушы кедей бір неміс өз қаражатына Леммнің екі сонатасын бастырып еді, бірақ олар да, музыка магазиндерінің подвалында жатып қалды, үнсіз, із-тозсыз жоғалды, түн ішінде біреу апарып суға тастап жібергендей. Ақырында Лемм күдер үзді, жасы болса да жетіп қалды: сезім тұтқырланып, қазіргі сірескен саусақтарындай боп өзі де қасаң тартты. Өмір бойы үйленген жоқ еді, кем-кетіктер арасынан тауып, жалдап алған бір кемпір қызметкермен О... шаһарында, ол Калитиндер үйіне жақын бір кішкене лашықта тұрады; өзі ұзақ уақыт серуен етіп жүретін, оқитыны Інжіл және протестант дұғалықтары, онан соң Шлегльдің аударуынан Шекспирді оқитын. Көптен шығарма жазған жоқ еді; тек мұның жақсы шәкірті Лиза Леммға қозғау салғандай екен; жаңағы Паншин

айтқан кантатаны ол Лизаға арнап жазып еді. Күйдің сөзін дін кітаптарынан алған, кей өлеңдерін өзі де қосып еді. Мұнысын екі хор айтатын, біреуі бақыттылар, бірі бақытсыздар хоры, кейін екі жағы табысып, бірге айтатын: «мейірімді тәңірім, біздей күнәкәрді кеше гөр, дүниенің үмітінен, бұзық ойларынан бізді құтқара көр» деген сөздер болатын. Бірінші бетке көркем, әшекей жазумен мынадай сөздер жазылған еді: «Тек күнәсыздар әділ. Дұғалық кантата. Бұл шығарманы менің сүйкімді шәкірт қызым Лизавета Қалитинаға арнадым, жазған оның оқытушысы Х. Т. Г. Лемм» деген. «Тек күнәсыздарға» және «Лизавета Қалитинаға» деген сөздерді күн шұғыласындай сызықтармен қоршап қойыпты. Сол беттің ең төменінде «тек өзіңе ғана» деп орысша да, немісше де жазыпты.

Жаңа Леммнің Лизаға қиыс қарап қызарғаны да осыдан; Паншиннің бұл жазған кантата туралы сөйлеуі оған аса ауыр тиіп еді.

VI

Паншин сонатаның алғашқы аккордын қатты соғып, батыл ойнай бастап еді /ол екінші қолды ойнайтын/, бірақ Лиза өз партиясын бастамады. Жігіт тоқтап қызға қарады. Лизаның бұған қараған көздері наразылық білдіреді: ернінде күлкі жоқ, жүзі салқын, тіпті мұнды сияқты.

— Сізге не болды?— деп еді, қыз жауап қатты:

— Сіз неге сөзіңізде тұрмадыңыз? Мен сізге Христофор Федорычтың кантатасын көрсеткенде, оған бұл туралы түк айтпаңыз дегенім қайда?

— Айыптымын, Лизавета Михайловна, бір орайы кеп қап еді.

— Сіз оны да, мені де ренжіттіңіз. Енді ол кісі маған да сенбейтін болады.

— Амалым қане, Лизавета Михайловна! Тырнақтай күнімнен неміс көрсем тек тұра алмаймын, мазақ еткім кеп құмарта берем.

— Сіз не айтасыз, Владимир Николаевич! Бұл неміс — бишара, және жалғыз, өлі жан тәрізді, аямайсыз ба, өлде қорлағыңыз келе ме?

Паншин қысылып қалды.

— Сіздікі рас, Лизавета Михайловна!— деді.— Бар айып менің ұдайы ойланбайтынымда. Жо-ға, дауласпаң-

ыз, мен өзімді жақсы білемін, осы ойланбайтыным маған көп залал келтіреді. Соның салдарынан мен өзімшіл де саналам.

Паншин үндемей қалды. Ол әдетте сөзді неден бастаса да, аяғын әкеп өзіне соғатын, сонысы және сүйкімді, майда боп өздігінен туғандай жайлы келетін. Ол сөйлеп кетті:

— Мысалы сіздің үйде де... Әрине, сіздің анаңыз маған мейірімді, осы кісі сондай мейірбан, сіз болсаңыз... сіздің мен туралы не ойлайтыныңызды білмеймін, ал бірақ, ана сіздің кәрі апаларыңыз мені мүлде жек көреді. Тегі мен ол кісіні де, қайда бір ойланбай айтқан ақылсыз сөзбенен ренжіткен болармын. Ол кісі мені сүймейді, рас емес пе?

Лиза біраз бөгеле отырып:

— Я, сіз ол кісіге ұнамайсыз!— деді.

Паншин клавиштерді жылдам басып өтті де, сәл жымып:

— Ал, сіз ше? Мен сізге де өзімшіл көрінемін бе?— деді.

— Мен сізді тіпті аз білемін, бірақ өзімшіл санамаймын; мен қайта сізге алғыс айтуым керек.

— Білем, білем, не айтатыныңызды да білем,— деп Паншин оның сөзін бөліп, тағы да клавиштерді жылдамдата басты.— Мен сізге әкеп жүрген ноталар, кітаптар үшін, нашар суретімді альбомыңызға салғаным үшін, тағы, тағы сондайлар үшін ғой. Мен соның бәрін істеп жүріп те өзімшіл болуым мүмкін. Өз ойымда сіз менімен бірге болуға жалықпайсыз, мені жаман жан деп санамайсыз деп ойлаушы едім; бірақ сонда да сіз мені, қалай деуші еді? Желік сөзде әкесін де, досын да аямас деп білесіз бе деймін.

Лиза баяу ғана жауап қатты:

— Сіз, барлық биік орта адамындай салқам және ұмытшақсыз, бары сол-ақ!— деді.

Паншин біраз күңгірт тартты. Артынан:

— Тыңдайсыз ба, енді менің жайымды қояйық, келіңіз біздің сонатамызды ойнайық,— деді.— Бірақ өтінішім бар,— деп жаюлы қағазды қолымен жаза түсті де,— мен туралы не тілесеніз де айта беріңіз, тіпті өзімшіл деңіз, солай-ақ болсын, тек биік орта адамы деменіз; ол атақ маған бәрінен ауыр. Мен де артистпін, жаман да болса артист екенімді қазір-ақ іс жүзінде көрсетейін. Ал бастайық!— деді.

— Бастасақ бастайық,— деді Лиза да.

Бірінші адажиода¹ Паншин бірнеше рет жаңылса да жалпы дұрыс шықты. Өз шығарғаны мен жаттап алғанды ол сүйкімді тартады, бірақ нотаға шорқақтау. Сондықтан сонатаның екінші бөлімі, жылдам ойналатын аллегро² тіпті шықпады: жиырманшы тактыда қыздан екі такт кейін қалған Паншин өзі де шыдамай күліп жіберіп, орындығын кейін сырғытты. Дауыстап сөйлеп:

— Жок, мен бүгін ойнай алмаймын, Леммнің естімегені де жақсы болды. Ол тіпті талып қалар еді,— деді.

Лиза орнынан тұрып, фортепьяноны жауып, Паншинге бұрылды.

— Енді не істейміз?— деді.

— Осы сұрағыңыздан өзіңізді танып тұрмын! Сіз қол қусырып, бос отыруды әсте білмейсіз. Несі бар, күн кешкірген жоқ, сурет салайық. Әлде, суретшілік музасы, қалай аталушы еді? Ұмытып қалыппын, маған мейірімдірек болар. Альбомыңыз қайда? Мен бітірмеген бір пейзаж бар секілді еді ғой?

Лиза екінші бөлмеге альбомға кетті, Паншин оңашада қалтасынан бәтес орамал алып, тырнақтарын сүртіп, өз қолына өзі қиыс қарады. Саусақтары аппақ, сұлу еді. Сол қолының бас бармағында бұрама алтын жүзігі бар. Лиза қайтып келді, Паншин терезе қасына отырып, альбомды ашты.

— Ага! Менің пейзажымды көшіре бастапсыз ғой, әсем шығыпты. Тіпті жақсы! Тек мына жері ғана, қарындашты беріңізші, көлеңкені айқынырақ салмапсыз. Көресіз бе!

Паншин еркін сызып, ұзын штрихтер салды. Ол әрдайым бір пейзажды салатын: алдыңғы қатарда үлкен ағаштар болады, одан әрі дала, содан әрі аспан күшқан таулар. Лиза мұның сыртынан суретке қарап тұр. Паншин біресе оңға, біресе солға қисая түсіп, сөйлеп отыр.

— Суретті жалпы өмірдегі сияқты жеңіл, батыл салу қажет!— дейді.

Осы кезде үйге Лемм кіріп, салқын ғана бас иіп, жөнеле бастап еді, Паншин альбом мен қарындашты қоя салып, Леммнің жолын бөгеді.

— Қайда барасыз, сүйікті Христофор Федорыч! Шайға қалмайсыз ба?

¹ Музыкалық шығарманың жай ойнайтын бөлімі (итал).

² Шапшаң (итал.). Бұл тұста музыканың ең үлкен бөлімі келеді.

Лемм жабыркау үнмен:

— Қайтамын, басым ауырып тұр!— деді.

— Ну, сөз бе екен, қалыңыз, екеуіміз Шекспир туралы дауласамыз.

Шал тағы да:

— Басым ауырып тұр!— деді.

— Біз сіз жоқта Бетховен сонатасына кірісіп ек,— деп Паншин қартты құшақтай түсіп, жымия қарады,— бірақ іс шықпады. Білесіз бе, менің екі нотаны қатар ала алмағаным.

— Сіз одан да өзіңіздің романсыңызды айтыңыз!— деп Лемм Паншиннің қолын белінен сырғытты да, шығып кетті.

Лиза оның артынан жүгіріп, басқышта қуып жетті де:

— Христофор Федорыч, білесіз бе,— деп немісше сөйлеп, қартты қақпаға шейін көк шөптің үстімен шығарып салып бара жатып:— Мен сізге айыптымын. Кешіріңіз!— деді.

Лемм үн қатпады.

— Мен Владимир Николаевичке сіздің кантатаны көрсетіп едім; ол орнымен бағалайды деп сенім көрсетіп ем, шынында да оған кантата қатты ұнады.

Лемм тоқтай түсті.

— Ол ештеңе емес,— деп әуелі орысша, кейін өз тіліне көшті.— Бірақ ол ештеңе түсіне алмайды ғой, соны қалайша көрмейсіз? Ол диллетант, бары сол ғана.

Лиза дауласып:

— Сіз оған әділ қарамай тұрсыз, ол бәрін түсінеді, және өзі де көп нәрсе істей біледі.

— Рас, көп, екінші номер, арзан пұл, асығыс жұмыс оның қолынан келеді. Сонысы жағады ғой, өзі де жағады, ол өзі де соған риза, ендеше қайыр! Мен ренжімеймін; кантата да, мен де кәрі ақымақпыз; мен азғана ұялып қалдым, бірақ ол оқа емес.

— Мені кешіріңіз, Христофор Федорыч,— деп Лиза тағы өтінді.

— Оқа емес, оқа емес!— деп шал орысша сөйледі,— сіз мейірімді адамсыз... эне, біреу сіздерге келе жатыр. Хош! Сіз өте мейірімді бойжеткенсіз.

Лемм асыға басып, қақпаға қарай тартты, бұған қарсы сұр пальто, кең салом шляпа киген таныс емес бір мырза келеді екен. Лемм ол адамға әдеппен амандасып, (О... шаһарына жаңа келген адамға ол әрдайым амандасқыш болатын, ал таныстарын көшеде көрсе, сырт

айналатын, бұл оның бір алуан мінезі еді) шығып кетті. Жаңа адам оған таңдана қарады да, енді Лизаға көз салып тұрып, тура, қасына келді.

VII

— Сіз мені танымайсыз ғой,— деп жаңағы кісі қалпағын алды.— Мен сізді соңғы рет көргеніме сегіз жыл болса да, танып тұрмын. Онда сіз бала едіңіз. Мен Лаврецкиймін. Анаңыз үйде ме? Көрісуге болар ма екен?— деді.

Лиза:

— Анам сіздің келгеніңізді естіген, қуанышпен қабыл алады,— деп жауап қатты.

— Сіздің атыңыз Елизавета ғой!— деп Лаврецкий жоғары жүрді.

— Я!

— Мен сізді жақсы білемін, сонау кезде сіздің жүзіңіз бір көргенде ұмытылмастай болатын, онда мен сізге конфет әкелетұғым.

Лиза қызарды да, ішінен «өзі қандайлық адам» деп ойлады. Лаврецкий алдыңғы үйде сәл тоқтап қалды. Лиза қонақ бөлмеге кірді, онда Паншиннің күлкі аралас сөздері естіледі, бұл бақшадан қайтқан Марья Дмитриевна мен Гедеоновскийге қаланың бір өсегін айтып, өз сөзіне өзі қатты күліп тұр. Лаврецкийдің атын естігенде Марья Дмитриевна қысылып, өңі сұрланды да, қонақтың алдынан шықты.

— Амансыз ба? Амансыз ба, менің сүйікті кузинам!— деп даурығып сөйлеп, көзінің жасы аралас үнменен,— көргенім қандай қуаныш!— деді.

Лаврецкий оның қолын дос пейілмен қысып тұрып:

— Амансыз ба, менің мейірімді кузинам, тәңірге сиынып жүрсіз бе?— деді.

— Отырыңыз, отырыңыз, қымбатты Федор Иванович. Ах, қандай қуанттыңыз! Рұқсат етіңіз, ең әуелі қызымды таныстырайын, Лиза...

Лаврецкий оның сөзін бөліп:

— Мен Лизавета Михайловнаға өзімді таныс еттім,— деді.

— Мусье Паншин... Сергей Петрович Гедеоновский!.. Я, отырсаңызшы! Түсіңізге қараймын да, өз көзіме сене алмаймын. Саушылығыңыз қалай?

— Көріп тұрсыз ғой, гүл жайнаймын. Өзіңіз де кузина, тек көзім тимесін, сегіз жыл бойында жүдемепсіз.

Марья Дмитриевна аз қиял еткендей:

— Сонша уақыт көріспеппіз. Қазір қай жақтан келдіңіз? Анау қайда қалды?.. Жоға...— деп сасқалақтап,— айтайын дегенім ол емес, қанша уақытқа келдіңіз?— деді.

— Қазір Берлиннен келдім, ертең қыстаққа жүрем, ұзаққа барамын.

— Сіз, әрине Лаврикте тұрасыз ғой?

— Жоқ, Лаврикте емес, осыдан жиырма бес шақырым жерде бір кішкене қыстағым бар еді, соған барамын.

— Ол сізге Глафира Петровнадан қалған қыстақ па?

— Сол еді.

— Оныңыз қалай, Федор Иванович? Сіздің Лавриктегі үйіңіз сондайлық тамаша емес пе?

Лаврецкий сәл ғана қабағын түйді.

— Рас, мынау қыстақта да бір кішкене үй бар, ал маған содан үлкен үйдің керегі де жоқ. Бұл әзірше ең жайлы орын болар.

Марья Дмитриевна тағы да қысылып, сасқалақтап, бойын түзеп, екі қолын жайды. Паншин мұның ыңғайсыздығын сезіп, Лаврецкиймен өзі сөйлесе бастады. Марья Дмитриевна енді ғана қалпына келіп, орындыққа шалқайып отырып, анда-санда бір сөз айтып отырды; бірақ өзінің қонағына соншалық аянышпен қарап, әдейілеп күрсіне береді; мұңайып, бас шайқап қоймаған соң қонағы шыдай алмай, қатқыл үнмен:

— Деніңіз сау ма өзі?— деп сұрап еді.

Марья Дмитриевна:

— Құдайға шүкір. Неге олай дедіңіз?

— Жай, маған сіз қысылып отырған көріндіңіз.

Марья Дмитриевна салмақтанып, сәл ренжігендей болды. Ішінен: «е, солай болса, маған бәрібір, байқауымша, мырзам, су жұқпастың өзі көрінесің, басқа болса қайғыдан солар еді, сен тіпті семіре түсіпсің» деп ойлады. Марья Дмитриевна өзімен-өзі болған кезде сыпайы сөйлемейтін; ол дауыстап сөйлегенде ғана сыпайы тілді болушы еді.

Лаврецкий шынында да тағдырдан сорланған кісі тәрізді емес. Бетінің қызылы қалың, ақ маңдайлы, таза орыс пішінді, мұрны кесектеу, жүзінде сахара адамының саушылығы бар, мықты, төзімділік байқалатын. Дене бітімі де мығым еді. Ақшыл сарғыш шаштары жас жігіттің шашындай бұйраланып тұратын. Тек, аз томпақтау келген қара көзінде ойдың ба, қажығанның ба аумастанай

белгісі бар және үні де өте бір қалыпты, баяу тәрізді.

Бұл кезде Паншин әңгімеге араласқан. Ол сөзді қант қайнату жайына аударып, өзі оқыған французша екі кітапты еске алып сөйледі; сабырлы, момын жүзбен кітаптағы мазмұнды өз пікіріндей баяндап отыр. Осы кезде көрші бөлмеде, есіктің аржағынан сөйлеп келе жатқан Марфа Тимофеевнаның дауысы шықты.

— Келген Федя ғой!— деп, кемпір үйге асыға кіріп,— Федя, дәл өзі!— деді.

Лаврецкий орындықтан тұрып болғанша кемпір мұны құшақтай алды:

— Кәне, көрсетші, көрсетші бойыңды?— деп шалқая түседі.— Е, қандай көрікті болғансың. Қартайсаң да ажарың тіпті бұзылмапты, тамаша! Немене өзің, менің қолымды сүйесің? Одан да, ажымды жүзімнен жиренбесең, өзімді сүйсеңші. Келгелі ғой мен туралы сұрамадың? Апам тірі ме демедің, ә? Ал сен менің қолымда өсіп едің-ау, тентек. Бірақ оны қайтейін, мені қайдан есіңе аласың. Тек келгенің үшін ақылдысың деймін.

Содан кейін Марья Дмитриевнаға бұрылып:

— Я, апасы, қонаққа не сый көрсеттің?— деді.

Лаврецкий асыға сөйлеп:

— Маған ешнәрсеңнің керегі жоқ!— деді.

— Жо-ға, тым құрыса шай іш, әкесі! Жасаған ием-ау, қаншалық жерден кеп отырса, бір шай бермес пе? Лиза, бар. Әзірле шапшаң бірдемені. Мен білемін, бала күнінде бұл сондайлық мешкей болатын, қазір де асты жақсы көретін болар.

Паншин көп сөйлеген кемпірге көлденеңнен тақап кеп бас иді де:

— Есенсіз бе, Марфа Тимофеевна,— деді.

Марфа Тимофеевна:

— Ғафу етіңіз, мырзам, мен қуанғаннан сізді байқамаппын!— деп Лаврецкийге тағы бұрылып,— жүзің апана, менің көгершініме көп тартыпты. Тек мұрының ғана, бұрын да әкендікі тәрізді еді, сол әкендікіндей болып қалыпты. Ал, ұзақ уақытқа келдің бе бізге?

— Мен ертең жүремін, апай.

— Қайда?

— Қыстағыма, Васильевскиге.

— Ертең бе?

— Ертең.

— Жарайды, ертең болса, ертең болсын. Тәңір жолыңды қылсын. Жөніңді өзің білесің. Жалғыз-ақ енді

байқа, кетерінде қоштасып кет,— деп жігіттің бетінен сипай түсіп сөйледі.— Сен келгенше тірі болармын демеуші едім; рас, өлгім келгеннен емес, әлі бір он шақты жыл тұрамын да; біз Пестов тұқымы төзімдіміз ғой, сенің үлкен әкең марқұм бізді қостарамыз дейтін; бірақ сені құдай біле ме, шет елде қанша жүретініңді кім білсін. Сонда да жігітсің, жігітсің, әлі де бұрынғыдай он пұтты бір-ақ қолыңмен көтересің бе? Әкең марқұм қанша задор адам болса да, саған швейцар тәрбиешіні жалдап бергені жақсы болды ғой, онымен екеуің қандай жұдырықтасушы едіңдер; «гимнастика» деуші ме едіңдер соларыңды. Бәтір-ау, мен неғып бытқылдап кеттім осы? Паншин мырзаның шешен сөзін бөлдім-ау!//Ол Паншиннің фамилиясын дәл айтпай, бұзып айтатын/. Бәрінен де шай ішейік: терраста отырып ішейік; біздің қаймағымыз сендердің Лондон, Парижыңдай емес, аса жақсы, жүріндер; ал, Федюша, сен маған қолыңды бер. О, қолың өзі не деген жуан. Сенімен жүрген жығылмас-ақ.

Барлығы орындарынан тұрып, террасқа беттеді, тек Геденовский ақырын ғана қайтып кетті. Лаврецкий мен Марья Дмитриевна, Паншин мен Марфа Тимофеевна сөйлесіп отырған кезде ол бір бұрышта үндемей ғана кірпігін қағып, ерінін балаша қызығып созып, сөз тыңдап отырған. Енді жаңа қонақтың жайың қалаға шапшаң таратпақ болып, асыға жөнелді.

Сол күні кешкі сағат он бірде Қалитина ханымның үйінде мынадай хал болып еді. Төменде, қонақ үйдің жанында оңаша бір мезгіл тауып, Владимир Николаевич Лизамен қош айтысқан, қыздың қолын ұстап тұрып:

— Мені бұл үйге тартатын кім екенін сіз білесіз, не себепті сіздің үйге дамылсыз келетінімді де білесіз, соншалық анық жайды сөзбен айтудың қажеті бар ма?— деген.

Лиза бұған жауап берген жоқ, күлімсіреген де жоқ, қасын сәл көтеріп, қызарды да, төмен қарады, бірақ қолын тартып алған жоқ; ал жоғарғы үйде Марфа Тимофеевнаның бөлмесінде, ескі икондар алдында жанған кішкентай шамдалдар жарығы бар еді, Лаврецкий кең орындыққа екі тізесіне шынтағын тіреп, алақанымен бетін басып отыр еді. Кемпір оның алдында тұрып, оқтатекте үнсіз ғана қозғалыс жасап, жігіттің шашын сипады. Үй қожасы әйелмен қоштасқан соң Лаврецкий мұнда келіп, сағаттан артық отырды; бірақ ол өзінің мейрімді қарт апасына ешнәрсе де баянды еткен жоқ. Апасы да

мұның жайын сұрастырмады. Нені сөйлеп, нені сұрастырсын? Апасы онсыз да жайды түсінетін, мұның жүрегінде бардың бәріне ол барынша тілеулес болатын.

VIII

(Біз бұрынғы әңгімеміздің желісін үзе тұратын болғандықтан, оқушыдан кешірім өтінемін.) Федор Иванович Лаврецкийдің арғы атасы, Пруссиядан шығып, Божецкіден мол жер сый алған болатын. Оның кейінгі нәсілі де әр түрлі мансапқа ие болысты, кейде князь қол астында, кейде шеткері өлкеде істеп жүргендері болды; бірақ ешбірі де стол басынан жоғарылап, мол мүлік те жия алмаған. Лаврецкийдің бар тұқымында ең көрнекті, ең бай болған кісі Федор Ивановичтің ұлы атасы — Андрей болатын, ол қатал, өр, ақылды, тәсілқой адам еді. Осы күнге шейін сақталған аңыздарда оның, сотқарлығы, бүлік мінездері туралы және орасан мырзалығы мен тойымсыз қомағайлығы туралы әңгімелер айтылатын. Өзі жуан, зор денелі, жүзі қара сұр, көсе, тілі быдық және ұйқышы кісі тәрізденетін; ол неғұрлым ақырын сөйлесе, маңындағылар соғұрлым қалтырап тұратын... Қатынды да өзіне сай тауып еді, онысы бадырақ көз, қаршыға тұмсық, тұрым сары, сыған текті әйел, кекшіл, ызақор болғандықтан күйеуіне дес бермейтін; сондығынан оны ері өлтіре жаздап жүрсе де, ақыры күйеуінен соң өлді. Бұлардың ұлы Петр, Федордың үлкен әкесі өз әкесіне тартпады; бұл сахараның жұбайы мырзасындай тәртібі аз, айғайшыл, тімтіңгіш, қатал мінезді, бірақ жауыз адам емес, қонақшыл және итпен аңшылық жасауды сүйетін кісі еді. Әкесінен қалған мұра отыз жасында қолына тиген, екі мың құл крестьян болатын, шаруа мығым еді; бірақ бұларын Петр еркінсітіп жіберіп, мүліктің біразын сатып та қойғанды. Мұның айналасына тарақанша жиналып жүретін ұсақ адамдар нөпірі көп болды; күтімсіз болса да кең, жылы үйлерінде қонақ мол болатын; ол адамдар аузына тигенді тоя жеп, мас болғанша ішіп, қонақуар байды мақтап, дүниелігін де жан-жаққа таратып алып кете беретін; бай ашуланған шақта өзінің қонақтарын арам-тамақтар, қулар деп ұрсады да, олар болмаса тағы іші пысатын. Петр Андреевичтің әйелі момақан болды. Мұны оған әкесі өзі таңдап, көршілес таныстардың бірінен айттырып берді; әйелдің аты Анна Павловна

болатын. Ол әйел ештеңеге араласпайтын, қонақтарға жүзі жарқын, өзі де қонаққа барғыш, бірақ бетіне опа жағуды өлердей жек көруші еді. Қартайған шағында бұл жөнінде әңгіме еткенде «басыңа киіз қаптап, шашыңды жоғары түре буып, майлап тастайтын, бетіне ұн жағып, темір түйреуіштермен өне бойыңды түйрейтін, кейін бетіңді жусаң тазара алмай жүретін ең, ал қонаққа опа жақпай барсаң ренжиді», «азап еді» дейтін. Өзі желіскер аттар жектіріп, сейіл құруды сүйетін, картаны ертеден қара кешке дейін ойнауға жалықпайтын; ойнап отырғанда күйеуі маңына барса, жалғыз тиын ұтқызса да, жасыруға тырысатын; өзінің үйінен әкелген еншісін күйеуінің еркіне түгел беріп қойған-ды. Бұдан екі бала туып еді, біреуі — Иван, Федордың әкесі, екіншісі қыз — Глафира болатын. Иван үйде тәрбиеленбей, княжна Кубинская деген, байлығы мол, кәрі апасының қолында өсті, ол апасы мұны өз мүлкіне мұрагер еткен /әйтпесе Иванды әкесі жібермес еді/; апасы Иванды қуыршақтай киіндіріп, оған неше алуан тәрбиешілер жалдаған; күтуші, тәрбиеші етіп, бұрын аббат болған Жан-Жак Руссо шәкірті Куртен деген бір французды жалдап алған; француз епті, сұңғақ адам болатын; Кубинская мұны жамандай жүрсе де, жасы жетпіске жетер кезде соған күйеуге тиді; бар мүлкін де соның атына шығарды; кейін бетіне қызыл бояу жағып, аля-Ришелье иісті майын сеуіп, айналасына қара құлдар жиып, бірақ көп жасамай, XV Людовик заманынан қалған жібек жапқан қисық диван үстінде, қолына насыбай сауытын ұстап жатып қайтыс болды; күйеуі тастап кеткен еді. Айлакер француз мырза Куртен мұның ақшасын алып, Парижге тайып кеткен. Иван княжна мүлкінен оның күйеуге тиюі арқылы қаза көріп айырылатын болғанда, жасы жиырмаға жеткен еді; кейін мұрагердің орнына апасының үйіне тек тамақ асыраушы боп қалуды ол өзіне ар көрді; Петербургта бұл араласып өскен қауымға енді барар жол қалмады; төмен шеннен, қиыншылықтан бастап, қызмет етуге ол жирене қарады (бұл халдың барлығы Александрдың патшалығының алғашқы кезінде болған еді); Иван амалсыз қыстаққа, өз әкесінің қолына келді.

Бірақ, туған ұясы енді бұған көрнексіз, кір, татымсыз болып көрінді: сахарадағы күй-тұрмыстың меңіреулігі мен құнарсыздығы мұны ыза қылатын; іш пысу да үлкен дерт болды; соның орайында, бір шешесінен басқасының

бәрі мұны да жақтырмады. Әкесіне оның үлкен қаладағы тәрбиеден алған әдеттері жақпады; үстіндегі фракі, кітаптары мен кернейі, тақтиған тазалығы — бәрі де жиренішті көрінді; баласына ашуланып, ұрсып сөйлейтін. «Бұған түк жақпайды, үстел басында шұқынып отырады, ас ішпейді, адамның иісінен, үйдің жылылығынан жиренеді, мастарды көрсе кейпі бұзылады, мұның көзінше кісіні ұруға да болмайды, қызметті және істемейді. Саушылығым нашар деген болады, қарасаңшы нәзік немені! Бәріне себебі, мұның басына Вольтер орнаған», — дейді. Шал Вольтерді, әсіресе, жақтырмайтын және қарғаған Дидерот та ұнамайды. Олардың кітаптарынан өзінің жалғыз жол оқымағанын және кітап оқуменен жұмысы жоқтығын ескермейді. Петр Андреевич қателескен жоқ-ты, оның баласының басында Дидерот пен Вольтер көп орын алатыны рас, олар ғана емес, Руссо, Рейналь, Гальвеций және соларға ұқсаған, өзге көп жазушылар да оның басында болатын, бірақ тек қана басында жүретін. Мұның тәрбиешісі болған аббат көп білімді адам, өзінің шәкіртіне жалғыз XVIII ғасырдың даналығын құйған да, бұл соны ғана сақтап жүретін; ол білім мұның қанына сіңбеген, жанына жайылмаған, өз ойындай боп қонбаған-ды. Әрине, бұдан елу жыл бұрынғы жігіттен оны талап етуге болмайды, біз бүгін де оған жетіп отырғанымыз жоқ қой?!

Иван Петрович әкесінің қонақтарына да жайлы емес-ті. Бұл оларды мазақ ететін, қонақтар болса бұдан қорқатын-ды, жігіт өзінен он екі жас үлкен апасы Глафирамен біржолата ұғыспады: қыз Глафира бір алуан жан еді, ол сұлу емес, арық, бүкір келген, көздері салқын болатын: жұқа еріндерін жымырып жүретін әдеті, даусы және шапшаң қозғалыстары — барлығына қарағанда, ол өзінің үлкен шешесі, Андрейдің әйелі, сығанға ұқсаушы еді. Қайратты, қажырлы болғандықтан байға тиюді де есіне алмады. Иван Петровичтің қайтып келгенін ол жақтырмаған. Княжна Кубинская інісін қолына ұстап жүргенде бұл кем қойса әкем мүлкінің жарымына ие болармын деуші еді: өзінің сараңдығы да үлкен шешесіне тартқан-ды; Глафира бауырына қызғанышпен де қарайтын; ол болса оқымысты: французша соншалық жақсы сөйлейді; Париж адамдарының нақысымен сөйлейді; ал, мұның білгені тек «бонжур» және «коман ву, порте ву?» сияқты ғана болатын. Рас, мұның әкесі, ше-

шесі французша тіпті түк білмейтін, бірақ оның бұған жұбаныштығы аз болды.

Иван Петрович болса іш пысып сарғаюдан қайда қашарын білмеді: қыстақтан шықпай бір жыл тұрғанда, сол мезгіл оған он жылға бергісіз болды. Тек шешесінің қасында ғана толас тауып, оның кішкене аласа бөлмесінде, болымсыз әңгімесін тыңдап, варенье жеп қана отыратын. Анна Павловнаның күтуші қыздарының ішінде бір көркем қыз болды, оның өңі нәзік, көзінде момындық бар, ақылды, Маланья дейтін қыз еді. Иван Петровичке сол қыз алғашқы көргеннен ұнады да, соған ғашық болды: қыздың сыпайы жүрісін, ұяң жауабын, ақырын үнін, үнсіз жымиюын бұл түгел ұнатты: күн санап қыз ыстық көрінді. Иван Петровичке қыз да, барлық орыс қызындай, өзінің бар жанымен берілді. Шынымен қосылып еді. Қыстақтағы бай үйінде ешбір сыр, ұзақ уақытқа жасырын боп қала алмайды. Аз уақытта жас мырзамен Маланья жақындығын жұрттың бәрі білді; сол хабар ақыр-аяғы Петр Андреевичке де жетті. Өзге уақыт болса, әкесі мұны болымсыз іс деп елемес еді, бірақ баласына көптен зығыры қайнап жүрген әкесі енді Петербургтың білгішсіген сәнқой жігітін жерлеп, ұялтуға бекінді.

Үлкен айғай, шаң-шұң шығып, Маланьяны апарып қараңғы үйге қамасты, Иван Петровичті әкесі шақыртыпты. Бұл дырдуға Анна Павловна да келген болатын. Ол күйеуін тоқтатпақ еді, бірақ Петр Андреевич енді сөз тыңдамайтын болды. Баласына қырғидай соқтығып, оны ұятсыз, алдампаз, құдайдан безген деп айыптады, Иван Петрович басында үндемей шыдап көріп еді, бірақ әкесі мұның намысына тиіп, жазалайтынын көрген соң шыдамады. Ішінен «құдайдан безген Дидерот тағы сахнаға шықты ма? Ендеше тоқтай тұрыңыз, мен оны іске жұмсап, сізді таңқалдырайын» деп ойлады. Сол арада іштей дірілдеп тұрса да, жай салмақты дауыспен әкесіне дау айтты; ұятсыз деген айыпты мойнына алмады; бірақ ол мүлде айыбы жоқ демейді; енді сол айыбын болымсыз сөздерді елемей, түземекші; қысқасы ол Маланьяға үйленбекші екенін білдірді; осы сөздерді айттып, Иван Петрович өзінің мұратына дәл жетті. Петр Андреевичтің жаңағы сөзге таңқалғандығы сонша, басында екі көзі бадырайып, үн шығара алмай қалды; бірақ артынан лезде есін жиып, үстіне тиін ішік киіп тұрған, жалаңаяқ аяғына башмақ киген қалпында жұдыры-

ғын түйіп, Иван Петровичке тап берді; жігіт бүгін әдейі де емес, шашын сыпайы тарап, үстіне ағылшын фрак киіп, шашақты етік, аса кербез ақ шалбар киген екен, Анна Павловна шошынғаннан айғай салып, бетін басты: жігіт зыта жөнелді, қашқан бойда бар үйден өтіп, қораға шығып, бақшаға қарай безіп, одан да өтіп жолға шықты: артына қарамай, зытып барып, әкесінің мұны қуған тысыры мен ауыр дем алысы басылғанша қашты. Әкесі ақырып: «Токта, бұзық, токта, теріс батамды берем» деп еді, Иван Петрович тоқтамай кеткен бойда бір көшенің үйіне тығылды. Петр Андреевич қиналып, терлеп, демін зорға алып, үйге келе бере, баласына бата бермейтінін айтты; оның барлық құраған кітаптарын өртетпек болды; ал Маланья қызды қолма-қол алыс қыстаққа айдап жіберуге бұйрық етті. Иван Петровичке дос-жар адамдар табылып, оған жайдың бәрін мәлім етті. Ол ұялса да қатты ызаланып, әкесінен кек алуға ант етті. Сол түнде, крестьян арбасына мінгізіп апара жатқан Маланьяны жолшыбай тартып алып, қасына отырғызып, жақындағы қалаға қашып барды да, өздерінің некесін қиғызды. Бұған ақша берген көршісі үнемі ішкіліктен босамайтын, бірақ мейірімді адам болатын. Ол өзі айтқандай осы алуандас ғажайып тарихтарға жаны құмар кісі. Иван Петрович келесі күні әкесіне шанышпа тілмен, сыпайылау хат жазды, ал өзі шөберелес жақыны Дмитрий Пестовтың қыстағына кетті; Дмитрий Пестов бізге мәлім Марфа Тимофеевна атты қарындасымен бірге тұратын. Бұларға Иван Петрович өзінің бар жайын айтып, енді Петербургқа қызметке баратынын білдірген және мыналардан уақытша мұның әйелін қолдарына ұстауды сұраған. Әйелім деген жерде бұл жылап та жіберген, өзінің үлкен шаһардағы оқу тәрбиесіне, философиясына қарамай, бишара ғана, мүл-әйім ғана орыстың бірі болып, туғандарының аяғына да жығылып бас иген, еденге маңдайын да тақ еткізген. Пестовтар қайырымды, мейірбан адамдар еді, мұның өтінішіне оңай ризалық білдірді; жігіт мұнда үш жұма тұрып, ішінен әкесінің жауабын күтіп еді, жауап келмеді, келуге мүмкін емес еді. Петр Андреевич баласының некеленіп қойғанын білгенде төсек тартып жатып ап, енді оның атын атаушы болмандар деген; тек шешесі ғана күйеуінен жасырып, поптан бес жүз сом алып және кішкене иконды келініне арнап жіберген болатын; хат жазуға қорғанған, бірақ баласына елші ғып жіберген жүрдек

мұжықтан сәлем айтыпты; «күйінбесін, құдай бұйырса бәрі ойдағыдай болады, әкесі ашуын тастап, мейірленеді» депті; ойлаған келіні бұл болмаса да, құдайдың жазғаны сол шығар деп, Маланья Сергеевнаға аналық батасын беріпті.

Хабар әкелген мұжық бір сом ақша алды, сонан соң жаңа ханыммен көрісуді өтініп, оның қолынан сүйіп жүріп кетті, Маланьяға бұл туыс есепті болатын.

Иван Петрович Петербургқа көңілді күйде кетті. Алдында белгісіз келешек бар; мүмкін, мұқтаждық та кезігер, бірақ бұл соншалық сұм көрінген қыстақ тірлігінен құтылды; онан соң, әсіресе, өзінің ұстаздарын қор етпеді; оларды шынымен іске жұмсап, Руссо Дидероттың аттарын ақтап, «адамның, азаматтың хақы турасындағы шартнаманы да» ақтап шықты. Кеудесінде қарыз ақтадым, жеңдім дегендей мақтаныш та бар еді, әйелінен айрылудан көп сескенген жоқ, бұған қайта онымен ұдайы бірге тұру қиын соғар еді. Бір іс істелді, енді екіншісіне кірісу керек.

Петербургта мұның ісі ойдағыдан тыс жақсы болып шықты. Княжия Кубинская мусье Куртен тастап кеткеннен әлі өлген жоқ еді, немересінің алдындағы өз айыбын ақтау үшін ол мұны көп достарына тапсырып және өзіндегі барын жиып, бес мың сом ақша берді, онан соң періштелер суреттерімен эшекейленген бір сағат сыйлады. Үш ай өтпестен жігіт Лондондағы орыс елшілігінің кеңсесінен орын алды. Сөйтіп, Англияға баратын кеменің (пароход ол кезде мүлде жоқ болатын) ең алғаш жүретініне мініп, теңіздің арғы жағасына кетті.

Осыдан бірнеше айдан соң ол Пестовтан хат алды. Мейірімді помещик Иван Петровичті жаңа туған ұлын бар деп құттықтапты: бала Покровскі қыстағында 20 августа 1807 жылда туыпты; атын әулие Федордың аруағына арнап, Федор қойысыпты. Торалып болмаған Маланья Сергеевна хатқа өз жанынан бірнеше жол ғана сөз қосқан екен, бірақ осы азғана жолдардың өзі де Иван Петровичті таңқалдырды; мұның әйелін Марфа Тимофеевнаның оқытып жүргенін ол білмеуші еді.

Бірақ Иван Петрович аталық сезімге соншалық балқыған жоқ, бұл кезде ол атақты сұлулардың біреуінің соңында жүретін; Таильвит бітімі жаңа ғана болған кез еді, жұрттың бәрі масайрап, бар дүние тыным-

сыз құбылып, шырқ айналып жатқан кез болатын, ерке сұлудың қара көздері сол кезде жігіттің де басын айналдырған еді. Рас, мұның ақшасы болатын; бірақ, картадан қолы қатты шығып жүрді, жаңадан таныстар тауып, қызық атаулының бәрін көрді; қысқасы өмір кемесі құлаш ұрып аққандай болатын.

IX


Шал Лаврецкий көпке шейін баласына оның айыбын кешпеді; егер Иван Петрович жарым жылдан соң мұның аяғына жығылса, кешірет ме еді, басында ұрсып, айбар шексе де басылар еді, бірақ Иван Петрович шет елде жүрді, мұндағыны елемеді.

— «Үндеме! Қысқарт! Ол күшік менің оны қарғамағаным үшін өмір бойы алғыс айтсын әуелі; марқұм әкем болса, ол есуасты өз қолымен өлтірет еді, бәрінен ақыл сол болар еді!»— деді. Анна Павловна мұндай сұмдық сөзді естігенде, тек ақырын ғана дұға оқитын. Иван Петровичтің әйелінің жайы болса, Петр Андреевич әуелі ол туралы тыңдағысы да келмеді, Пестовтың бір жазған хатына «менің келінім жоқ, қашқан қызды сақтау заңға қарсы, соны ескертемін!» депті; бірақ кейін немересі туғанын естігенде жұмсарып, әйелдің саушылығын сұрастырып, көлденең біреудің атынан азырақ ақша да жіберді. Бірақ Федя бір жасқа шығар-шықпаста Анна Павловна өлімші науқас болды. Өлерінен бірнеше күн бұрын төсектен тұра алмай, көзі жасаурап жатып, көптің көзінше күйеуіне соңғы бір арманын білдірді; келініне кешірім айтып, немересіне бата беруді арман етті.

Күйініп жүрген шал әйелін тыныштандырып, сол арада келініне өзінің ат-арбасын жіберіп, ең алғашқы рет Маланья Сергеевна деп атап шақыртты.

Келін баласымен және мұны ешкімге ренжітпеймін деп қорғаған Марфа Тимофеевнамен бірге келді. Маланья Сергеевна Петр Андреевичтің кабинетіне келгенде қорқып, құр сұлдері кірді. Артында күтуші әйел Федяны әкеле жатыр еді. Петр Андреевич келінге үнсіз қарады, келіні мұның қолын сұйді, дірілдеген ерні үнсіз ғана сүйіп еді.

Шал сөз қатып: «ну, шала піскен бекзада аман ба? Жүр ханымға барамыз» — деді, орнынан тұрып Федяға жақындады. Нәресте жымып, бұған ақшыл қолын созды. Шал бұған қатты өзгерді.



— Ох, жетімек! Әкең үшін кешірім алдың-ау! Сені тастамаспын, балапаным,— деді.

Маланья Сергеевна Анна Павловна бөлмесіне кіре бере есік алдына тізерлеп отыра кетті. Енесі мұны қасына шақырып, құшақтады да, немересіне бата берді; осыдан кейін қатты наукас кемірген, жүдеу көзін күйеуіне бұрып, бірдеме айтпақ болып еді. Петр Андреевич өзі сөйледі:

— Білемін, білемін, не тілейтініңді, уайымдама, келін осында қалады, бұл үшін Ваньканың айыбын да кешірдім! — деді.

Анна Павловна есін жиып, күйеуінің қолын ұстап, ерніне басты. Сол күні кешке ол қайтыс болды.

Петр Андреевич уәдесін бұзған жоқ. Баласына хат жазып, оның анасының өлім сағатында кішкене Федор үшін бұған кешірім білдіргенін және Маланья Сергеевнаны өз үйінде қалдырғанын айтқан. Келінін өз үйінде екі бөлмеге орналастырды; қадірлі қонағы соқыр бригадир Скурехин мен оның әйеліне келінін таныс етті; келініне қызметкер етіп екі қыз және бір жігіт жалдап берді; Марфа Тимофеевна жас келінмен қоштасып кетіп қалды; ол Глафираны соншалық жек көріп, жалғыз күн ішінде үш-төрт ұрысып алған еді.

Мұнда тұру жас әйелге әуелде қиын, ыңғайсыз болғанмен, кейін төзім тауып, қайын атасына үйреніп алды. Атасы да бұған үйреніп, тіпті жақсы көре бастады, бірақ тіл қатып сөйлеспейтін, бұған мейірленген кезде де әлдеқандай менсінбеушілік байқалушы еді. Маланья Сергеевна бар қиыншылықты күйеуінің апасынан көрді. Глафира шешесі барда да үйді өз қолына алып қалып еді; тіпті әкесі де бұған бағынатын, оның рұқсатынсыз жалғыз түйір қант та ұсталмайтын, енді басқа бір әйелмен келісіп, әлдекімді бұл үйге ие қылғанша Глафира өлгенін артық көріп еді. Інісінің үйленуі мұны әкеден бетер ашуландырған болатын; тәубесін ұмытқан келінді ол енді қысып ұстамақ; сонымен алғашқы күннен-ақ Маланья Сергеевна мұның күңі есепті болған-ды. Омырау, өзімшіл Глафирамен ол қайдан алыссын, өзі үнсіз, үнемі ұялшаң қорғаншақ және саушылығы нашар адам еді. Күн сайын Глафира мұның бұрынғы жайын айтып, сонысын ұмытпағанын мақтап қоятын. Маланья Сергеевна ол кекесіндерге зәредей болса да көнер еді, бірақ Глафира бұдан Федяны алып қойды, бәрінен сол батты. Маланья баланың тәрбиесіне айналыса алмайды деп

сылтауратып, енді өз баласына өзін жолатпай қойды, тәрбиені түгелімен өз қолына алды. Уайымды Маланья Сергеевна өзінің хаттарында Иван Петровичке тез қайт деп өтініш жазатын, Петр Андреевичтің де баласын көргісі келетін; бірақ жігіт құр ғана хат жазып, әйелі үшін, ақша жібергені үшін әкесіне алғыс айтады, тез келуді серт етеді; жалғыз-ақ келмейтұғын.

Тек он екінші жыл уақиғасы ғана оны шет елден еріксіз қайырды. Алты жылдай көріспеген әке мен бала құшақтасып амандасып, бұрынғы кейістер туралы бір ауыз сөз айтыспады; айтысар уақыт та емес еді, барлық Россия жауға қарсы көтерілген кезде, бұл екеуі де өздерінің тамырында орыс қаны ағатынын сезінетін-ді. Петр Андреевич өз пұлына бір полк әскер киіндірді; бірақ соғыс бітті де, қауіп кетті; Иван Петровичтің енді тағы іші пысты, тағы да өзі біте қайнасқан, өз үйіндей боп кеткен алысқа, басқа ортаға жетуге ынтықты. Маланья Сергеевна оны бөгей алмады, күйеуіне мұның салмағы аз болды. Одан күткен үміті де ақталмады. Федяның тәрбиесін әкесі де Глафираға тапсыруды мақұл тапты. Иван Петровичтің бейшара әйелі бұл соққыны көтере алмады, екінші айрылуды да көтере алмады; үн қатпай, бірнеше күнде өшіп сөнгендей болды. Өзінің бар өмірінде еш нәрсеге қарсылық ете білмеуші еді, аурумен де алыса алмады. Тіл аузын қойып, бетіне өлім көлеңкесі түсіп тұрған шақта да оның жүзінде мұлайым момындық, сабырлы таңырқау бар еді; үнсіз күйде бағынып, Глафираға қарап, Анна Павловнаның өлердегі мінезіндегі бұ да Глафираның қолын сүйіп, жалғзын тапсырды. Осылайша бір момын мейірбан жан жердегі тіршіліктен қол үзді, өзінің туған топырағынан жұлып алып, тамырын солдырып күн көзіне тастаған жас талдай сорлы жан ізі қалмай сөнді де, ғайып болды. Ол үшін қайғырған да жан болмады, аз өкініш білдірген күтуші әйелдер мен Петр Андреевич еді. Шалға оның мейірімді жүзі, үнсіз момын тірлігі қажет екен. «Кеш, кеше гөр, менің үнсізім, момыным!» — деп ол шіркеуде соңғы рет сыбырлап сөйледі. Қабіріне бір уыс топырақ салып жатып, жылап та алды.

Осыдан кейін өзі де ұзақ тұрмады, бес жылдан соң қайтыс болды. 1819 жылы қыстыгүні Москвада Глафира, немересі — бәрі тұрған шақта қайтыс болды, өзін Анна Павловнаның және Маланьяның қасына коюды сұрады. Иван Петрович бұл кезде өз қызығымен Париж-

де жүретін, ол 1815 жылы отставкаға шыққан. Әкесінің өлімін естіген соң Россияға қайтпақ болды. Мүлік, мекенді басқаруды ойлап және Глафираның хатына қарағанда Федя он екі жасқа шығыпты, енді оның тәрбиесін мықтап қолға алатын шақ та болған еді.

Х

Иван Петрович Россияға ағылшынкұмар болып қайтты. Шашын қысқа қырқады, крахмалдаған жабо, ұзын етік, шұбар сюртук киеді; қатырма жағалары көп, тыжырынғыш ажары бар, кісімен сөйлесе салқын; сөйлесе панданып сөйлеп, күлсе оқыс қарқылдап, бірақ қуанбай күледі; әңгімесі тек саясат пен шаруашылық жайы; етті шала пісіртіп жейді, портвейнкұмар әдегі бар; қысқасы, бар мінезінен Великобритания белгісі көрінетін, өне бойына со жақтың иісі сіңген. Бірақ бір ғажабы тағы бар! Ағылшынкұмар болумен қатар ол өзін патриот санайды, Россияда аз болса да, соның патриотымын дейді, бірақ орыс әдетінің біреуін де ұстанбайды; орысша сөзі біралуан болатын: жай әңгімеде сөзге олақ, салбыр және француз сөзін көп қосады; бірақ салмақты мәселені сөйлей бастаса Иван Петровичтің аузынан «өз талабыңның жаңа тәжірибесін көрсет» немесе «бұл жай табиғи жағдаймен үйлеспейді» деген сияқтылар шығатын. Иван Петрович мемлекетті оңдау, ретке қою жөнінде өзімен бірге бірнеше қолжазба жоспарлар әкелді; ол мұнда көргенінің бәріне де риза емес, мұнда тәртіптің жоқтығы, әсіресе, зығырын қайнататын. Апасымен көріскенде ең алғашқы сөзден-ақ бұдан былай жаңа тәртіп кіргізетінін, шаруаны өзінше жүргізетінін айтқан. Глафира Петровна жауап қатқан жоқ, тек тістеп тұрып қана ішінен ойлағаны «онда мен қайда кетеді екем?» деген ой еді. Сөйтсе де, қыстаққа інісі мен немересін ертіп қайтысымен тезінен көңілі тыныштанды. Үйде біраз өзгерістің болғаны рас: бұрынғы арамтамақтардың бәрі қуылды, сол ретте екі кемпір сорлап қалды. Біреуі — соқыр, екіншісі өнебойы сал болған сорлы еді; және баяғы заманнан тамақ асырап жүрген кәрі майор болушы еді; оны мешкейлігі үшін тек қана нанменен, көжеменен асырайтын, ол да қуылды. Және бұрынғы қонақтарды қабылдамасын деген бұйрық болды; олардың орнына жырақтау тұратын сарғыш шашты, дімкес барон келгіш болды; бұл өте жақсы тәрбие алған, бірақ өте ақылсыз адам еді. Москвадан үй ішіне жаңа жиһаз кел-

ді; әр жерге түкіргіштер қойылып, кішкене қоңыраулар мен бетжуғыштар орнады; таңертеңгі ас та жаңаша әзірленді, орыс арағының орнына шет ел шараптары кірді; қызметкерлерге жаңа ливрей тігілді; аталық мөрге латынша «өзгелік — шындықта» деген жаңа жазу қосылды.

Ал іс жүзінде Глафираның өмірі түк кеміген жоқ; алық-беріктің бәрін соның өзі басқарады; Эльзастан әкелінген камердинер мұныменен тайталасып көріп еді, мырза оны сүйемек болса да, шет ел адамы орнынан айрылды. Көп мүлікті басқару ісіне Глафира Петровна араласатын, бұл жөнінде Иван Петрович сан рет жаңа тәртіп орнатам десе де, барлық жай бұрынғы қалпында қалды: оның есебіне мұжықтардың міндетті еңбегі бұрынғыдан да молайып, ауырлап кетті және оларға Иван Петровичке тура келіп арыз айтуға рұқсат берілмейтін болды. Патриот өзінің отандастарына жирене қарайтын. Иван Петровичтің жаңа тәртібі түгелімен тек Федяға жаңалық әкелді: оның тәрбиесі шынында негізінен өзгеріп, әкесінің өз қолына көшті.

XI

Иван Петрович шет елден қайтқанда Федя тек Глафира Петровнаның қолында өсетін. Шешесі өлгенде бұл сегіз жаста еді. Анасын күнде көрмесе де, ол барынша сүюші еді: жүдеу жүзді, мұңшыл көзді, момын анасының бар бейнесі және мұны аялшақ күйде еркелетуі бала жүрегінен мәңгіге орын алған болатын. Бала анасының бұл үйдегі халін көмескілеу түсінетін; өзі мен анасы арасында бір кедергі барын, соны анасы бұза алмайтынын да сезетін. Әкесін үнемі жатырқайтын, Иван Петрович өзі де мұны еркелеткен емес; үлкен әкесі кейде мұның басынан сипап, өз қолын сүйгізсе де, әрдайым мұны ақымақ санап, жатбауыр бала дейтін. Маланья Сергеевна өлген соң, апасы мұны түгелімен өз қолына алды. Федя одан қорқатын, апасының көргіш, кекшіл көзінен, қатқыл үнінен де қорқатын; ол барда қыбыр етпейтін; кейде орындықта сәл қозғалса, апасы ысқырып, «не болды, тек отыр» деп қоятын. Жексенбі күні таңертеңгі намаздан соң бұған ойнауға рұқсат беріледі, ондағысы қолына қалың бір кітапты беретін; сыры мәлім емес кітапты Максимович Амбоди, кітап аты «Символдар мен реблемалар» делінген. Бұл кітапта мыңға жуық жұмбақ суреттер бар және бес тілде жазылған жұмбақ түсініктер

болатын. Суреттерде жалаңаш, мамық етті Купидон көп орын алатын. Бір суретте Шафран мен кемпірқосақ деген атқа берілген түсінік бар: «мұның әсері зор» деген; екінші бір суретте — тұмсығына гүл тістеп ұшқан акқұтанның астындағы жазуда «саған мұның бәрі мәлім» деген. Купидон мен кішкене баласын жалап тұрған аюдың суретіне «аз-аздап» деген түсінік жазылған. Федя бұл суретті көптен білсе де, тыңнан қарайды, кейбіреулері айнымаған бір қалыпта тұрса да, кейде мұның қиялын қозғап, ойға қалдырады, баланың өзге ермегі жоқ болатын. Мұны оқу оқытатын, музыка үйрететін кез болғанда Глафира арзан ақшаға бір кәрі қыз — швед қызын алды; бұл қоян көз әйел французша мен немісшені де шала біледі; фортепьянода сәл ғана ойнайтын, тағы бір қасиеті — қиярды жақсы тұздайтын. Осы тәрбиеші мен апасының және қартаң әйел Васильеваның жанында Федя төрт жыл болды. «Эмблемаларды» колға алып, бұрышта күнұзын отыратын; аласа бөлмеде герань иісі болады, май шам күнгірт жанады; іші пысқандай болып, шырылдауық шегіртке шақырады; қабырғадағы кішкене сағат асыға жүреді; ұрланып келген тышқан қабырғаны тықырлатады; ал үш кәрі қыз үнсіз отырып, тоқыма бізді шапшаң қозғайды, олардың қолының көлеңкесі біресе жүгіріп, біресе қалтылдап, баланың басына нешетүрлі күнгірт ойлар келтіретін; өні қуаң, бірақ денесі жуан, сөлекет біткен, Глафираның айтуышпа нағыз мұжықтай, таза әуеге жиі жіберсе мұның жүзінен жүдеулік кетер еді. Оқуды тәуір оқыды, бірақ көбінше жалқаулана беретін; өзі ешуақытта жыламайды, бірақ кейде бір жабайылықпен қыңырланатын шағы болады, онда ешкімнің бұған құдіреті жетпейтін. Федя маңындағы адамның бірде-бірін сүймейтін... Жасынан сүйе білмеген жүрек сорлы ғой!

Иван Петрович баласын осындай күйде тауып, енді уақыт өткізбестен оған өзінің тәртібін қолданды. Ол Глафираға «мен бұдан жақсы адам шығарамын!.. Жай адам емес, спартанец шығарамын» деген. Өз мақсатын орындауды Иван Петрович бастағанда, баласына шотланд киімін кигізді. Он екі жасар бала балтырын ашып, басындағы картузына қораздың қауырсынынан үкі тағып жүрді; швед әйелінің орнына гимнастиканы тамаша білетін жас Швеция адамы келді; музыканы еркекке лайық іс емес деп, мүлде доғарды; табиғат ғылымы, халықаралық право, математика және Жан-Жак-Руссо

өспеті бойынша ағаш ұсталығы, одан соң рыцарьлық сезімге үйрету үшін геральдикке сабақтары оқылатын болды; болашақ «адамның» кәсібі осы болды; баланы сағат төртте тұрғызып, суық суменен шомылдырып, биік дінгек айналасында жүгіртетін; күніне бір-ақ рет бір ғана тамақ жеп, салт атқа мініп, мылтық ата білетін болды; әкесінің үлгісімен әр кезде өзінің қайратын өсірмек болатын және әр күні кешке айрықша кітапшаға өткен күннің есебін, өзіне еткен әсерін жазып отырады; ал Иван Петрович баласына өз тарапынан француз тілінде өсиеттер жазғанда оны французша «менің ұлым» дейтін және баласына «сіз» деп сөйлейтін. Федя орысша сөйлегенде әкесін «сен» дейді, бірақ әке көзінше ылғи тік тұрады. «Тәртіп» баланың басын айналдырды, ойын шым-шытырық етіп, қыспаққа салды; бірақ саушылығына бұл жаңа өмір аса жақсы әсер етті; басында ол суық тиіп ауырып та қалып еді, кейін тезден оңалып, мықты азамат боп кетті. Әкесі бұған қарап мақтанып, «табиғаттың ұлы, мен жаратқанмын» дейтін. Федя он алты жасқа жеткенде, Иван Петрович әйел жынысынан алдын-ала жирентіп өсірмек болды, сондықтан жас спартанец қайраты мен қаны, қажыры мол болса да, жүрегі үркектеу болса да, сыртымен салқын, қатаң, тұрпайы болуға тырысатын.

Осымен мезгіл өтіп жатты. Иван Петрович жылдың көп мезгілін Лаврикте өткізетін (бұл оның ең үлкен ата мүлкі қыстағы еді), ақ қыс түсе ол Москваға жалғыз өзі келіп, трактирге түсетін: клубтарға дамылсыз барып, шешендік құратын: қонақ үйлерде өз пландарын айтып, мұндайда, әсіресе, ағылшынкұмар, паң мемлекет адамы боп көрінеді. Бірақ 1825 жыл келді де, көп қайғылар әкелді. Иван Петровичтің жақын таныстары, достары ауыр азанға түсті. Бұл кезде Иван Петрович қыстаққа жетуге асығып, өз үйінде тығылып отырып қалды. Енді бір жыл өткенде Иван Петрович жүдеп, әлсіреп, төмендеп кетті: денсаулығы да бұзылып еді. Еркін ойлы адам енді шіркеуге барғыш боп, діндар болды: европашы адам моншада шабынатын болды, түскі тамақты сағат екіде жеп, кешкі тоғызда жатарда кәрі қызметкердің ертегісін тыңдағыш болды: мемлекет адамы өзінің бар планы, бар жоспарын, сақтаулы хаттарын түгел өртеп, енді губернатордан қорқатын, исправникке жағымпазданатын болды: қайратты, берік адам түймедей сыздауық шықса, немесе салқын тамақ келсе, уайымдап күй-

зелгіш болды. Глафира Петровна барлық үйді тағы өзі баурап алды: тағы да артқы есіктен приказчик, малайлар, жай мұжықтар «кәрі саран» қызға келгіш болды. Иван Петровичтің өзгеруі баласын қайран қып жүрді: мұның жасы он тоғызға жеткенде, әр жайды ойлап, өзін сығымдап ұстаған қолдан енді босана бастады. Ол бұрын да әкесінің сөзі мен ісі қарама-қайшы екенін анғаратын: жүйесі либеральдық болса да, ұсақ, каталдық, өзімшілдік барын байқайтын: бірақ әкесі қазіргідей шұғыл өзгерер деп ойламаушы еді. Енді кәрі өзімшіл жан бір-ақ танылды. Жас Лаврецкий бұл күнде Москваға барып, университетке түсуді ойлады, осы кезде Иван Петровичтің басына жаңа сор пайда болды: ол бір-ақ күнде суқараңғы боп, қор боп қалды.

Орыс дәрігерлерінің өнеріне сенбей, ол шет елге баруды талап етіп еді, бұған рұқсат болмады. Бұдан соң қасына баласын ертіп, үш жыл бойына бүкіл Россияны кезіп, бір доктордан бір докторға барды. Өзінің шыдамсыздық, әлсіздігімен қызметкерлерін, баласын және дәрігерлерді қинап жүріп, бір қаладан бір қалаға келді. Ақыры жылауық, ренжігіш, мүлде қайратсыз адам болып Лаврикке қайтты. Енді бұдан маңындағының бәрі азап шегетін болды. Тек тамақ уақытында ғана тыныштық табады, бұрын ешуақытта, асты қазіргідей қомағайланып, көп ішпеуші еді, астан босаған уақыттың бәрінде де ол ешбір жанға тыным бермейтін. Біресе намаз оқып, бірде тағдырына күйінеді, өзін жерлеп, саясатты сөгіп, өзінің тәртібін де жамандайды: бұрын мақтаныш еткен жайларының барлығын кіналайды, баласына үлгі еткен жайларын да жамандайды, ешнәрсеге сенбеймін деп отырып, тағы да дұға оқиды, бір сәтке жиылып, әңгіме айтып, алдандырып отырсын дейді, ал әңгіме айтқандарға: «ылғи өтірік айтасындар, қандай сандырақ!» деп тағы жазғырады.

Әсіресе, Глафираға қиын болды: бір жағынан онсыз отыра алмайды, апасы мұның бар айтқанын орындап, үндемей кетуге тырысады: үндесе — оған деген ызасы дауысынан білініп қоятындай. Өстіп, екі жылдай қиналған Иван Петрович майдың алғашқы күндерінде балконда күн көзінде отырып, қайтыс болды. «Глаша! Глаша! Сорпа, сорпа, кәрі ах...» дей бере тілі күрмелді де, соңғы сөзін тауыса алмай үні өшті. Глафира Петровна малайдың қолынан жаңа алған сорпаны ұстап тұрып, бауырының жүзіне қарады да, жай салқын салмақпен

шоқынып, үндемей шығып кетті; әкесінің қасында отырған ұлы түк айтқан жоқ; ол балконға сүйеніп бақшаға қарап қапты; бақша иісі тамаша, қалың көк қаулаған көктемнің жылы күнінде алтын нұрға бөленген дүние көрінеді. Мұның жасы жиырма үште: қаншалық байқалмай, соншалық шапшаң өткен жиырма үш жыл! Енді өмір жаңа басталғалы тұр.

XII

Әкесін қойып болған соң тағы да Глафираға шаруаға бас-көз болуды тапсырып, жас Лаврецкий Москваға кетті, оны бір күнгірт, бірақ күшті сезім тартқандай болды. Ол тәрбиесінің кемшілігін біліп, бұрынғы олқысын толтырмақ еді. Соңғы бес жыл ішінде ол тек көп кітаптар оқып, көп нәрсені көргендей болатын, басынан көп ойлар да кешкен: кейбір саладағы тапқан біліміне профессор болса да қызғаныш етер еді; сонымен қатар, әрбір гимназист білетін жайлардан мұның білмейтіні де бар-ды.

Лаврецкий өзін еркін сезіне алмайтын; іштей ойланғанда өзін-өзі күлкі адамдай көретін. Ағылшынкұмар әке ұлын мазақ еткендей із қалдырды: айнымалы тәрбие өзінің жемісін бермей қойған жоқ. Әкесінің алдында көп жылдар ойсыз бағынумен болғаны бар еді; кейін жас жігіт әкесін танып болған кезде көп әдеті мұның бойына сініп, іс бітіп қалған екен. Ол ешбір адаммен жақындаса алмайтын: жасы жиырма үшке келіп, қорғаншақ жүрегінде асықтық құмарын сақтап жүрсе де, әлі күнге бір әйелдің көзіне тура қарап көрген емес. Мұның ашық, сергек, бірақ шабандау ақылына қарағанда және қыңырлық аралас баяу жалқаулығына қарағанда, ол ерте жастан қызу өмірге араласу керек еді. Ал, мұны ықтиярсыз оңашалықта ұстады...

Енді міне тұсау кесілді, бірақ бұл бір орыннан атай алмай, өз-өзінен түйілген бір халде жүр. Мұның жасында студент мундирін кию күлкі сияқты, бірақ ол сескенбеді. Жасынан алған қаталдық тәрбиесі бұл жерде керекке жарап, ол жұрттың сынын еске алған жоқ: ұялмай-ақ студент мундирін киді. Оқуда физика-математикалық бөлімге түсті. Сақалы шығып қалған қызыл жүзді, момын, балғын жігіт өзінің жолдастарын таң қалдыратын; сабаққа пар ат жеккен қыстақ шанасымен кешікпестен келіп жүретін салқын жүзді жігіттің іші

жас баладай екенін жолдастары аңғармайтын. Оларға бұл ұқыпты, ақылгөй тәрізді көрінетін; сондықтан олар бұған жоламаса, бұ да бойын жолдастарынан қашық ұстайтын. Университетте екі жыл болған шағында өзіне латын тілін оқытатын бір-ақ студентпен жақын болды. Бұл қызу қанды, өлең шығарғыш Михалевич деген студент. Лаврецкийді шын жақсы көретін. Және ойда жоқтан мұның тағдырындағы үлкен бір өзгеріске сол жолдасы себеп те болды.

Ол кез Мочаловтың сахнадағы атағы зор кез еді. Лаврецкий сол артист араласқан ойындардан қалмайтын. Бір күні театрда Бельэтаж ложасында отырған бір қызға жас жігіттің көзі түсті, әдетінде мұның түнерген бойына әйел болса да әсер етпей қоймаушы еді, бірақ мынау әйелді көргенде, оның жүрегі ерекше қобалжыды. Ложаның бархатында шынтақтаған қыз тапжылмастан отыр, сезімтал жас өмір оның қоңырқай келген сүйкімді дөңгелек жүзінде өзгеше көрініс береді; жіңішке қастарының астынан қараған сұлу көздерінде көркем ақыл бар сияқты: тез күлетін ұнамды еріндері бар: бар қозғалысы, қолы мен мойны, әсем киген киімі — бәрінде бір жұмбақ биязылық бар. Қыздың қасында жасы қырық беске келген, ажымы мол әйел отыр. Оның кигені иығы ашық қара киім, мағынасыз жүзінде тырысқан сүйкімсіз күлкі бар сияқты; ложаның артқы орнында орта жаста еркек көрінеді; оның үстінде кең сюртугі, кербез галстугі бар; топас тоқмейілдік аралас жағымпаздық кішкене көздерінен, бояулы сақал, мұртынан, мағынасыз кең мандайынан, тозған ажарынан танылады. Бар белгісіне қарағанда бұл отставкадағы генерал тәрізді.

Лаврецкий өзін қайран еткен қыздан көзін ала алмай отырған бір сәтте олар отырған ложаның есігі ашылып, Михалевич сонда кірді. Барлық Москвадағы жалғыз танысы бұған қатты әсер етіп отырған қыздың қасынан барып шыққаны Лаврецкийге ғажап көрінді, тағдыр белгісіндей танылды. Ложаға қарай отырып, байқаса Михалевич ол адамдардың бәріне үйреншікті ескі таныс тәрізді. Сахнадағы ойын Лаврецкийді алаң қыла алмады; бүгін Мочалов қызуменен ойнаса да, жігітке бұрынғыдай әсер етпеді. Ойынның аса бір күшті жерінде Лаврецкий ықтиярсыз өзінің сұлуына қарап еді, ол алға қарай еңкейіп, жүзі жанып отыр екен; бірақ жігіттің қадала қараған көзі әсер етіп, сахнаға қарап отырған

қыз жай бұрылды да, жігітке көз тоқтатып ұзақ қарап қалды...

Қыздың осы қараған көзі түн бойы жігіттің есінея кетпеді. Ақыры, сөйтіп, қолдан жасалған қорған, қамал бұзылды; ол бір қалтырап, бір күйіп, келесі күні Михалевичке барды. Жолдасының айтуынша қыз Варвара Павловна Қоробьина екен, ложада отырған кемпір мен шал — әкесі мен шешесі. Михалевич бұларменен осыдан бір жыл бұрын Москва түбінде граф Н-ның үйінде танысыпты. Қызу жігіт Варвара Павловнаны қатты мақтады.

— Ол қыз, шырағым, — әндеп сөйлейтін әдеті бойынша бастап, — ғажайып тамаша жан, толық мағынасында артистка және сондай мейірімді, — деді.

Лаврецкийдің сұрауларынан қыздың бұған қаншалық әсер еткенін аңғарыл, ол өзі жігітті қызбен таныстыруды мақсат етті, анау үйге өзінің аса жақын екенін айтты; генерал тәкаппар адам емес, шешесі болса ақылы жоқ, күлкі адам деп білдірді. Лаврецкий ұялғанынан қызарып, ұғымсыз бірдеме деп мінгірледі де, қаша жөнелді. Осыдан кейін бес күндей үркектеп жүріп, алтыншы күні жас батыр үстіне жаңа мундир киіп, Михалевичтің ықтиярына көнді, жолдасы тек шашын ондап та-рады да, қыз үйіне күнде барып жүрген қалпынша Лаврецкийді ертіп, Қоробьиндердің үйіне кетті.

XIII

Варвара Павловнаның әкесі Павел Петрович Қоробьин отставкадағы генерал-майор өзінің барлық өмірін Петербургта қызметте өткізген: жасында ыңғайлы биші, сәнқой атанған; кедейлік себебінен, екі-үш сәл ғана генералдардың адъютанты болып жүрді; олардың біреуінің қызына үйленіп, жиырма бес мың енші алып, кейін әскерлік оқудың көріністің барлық тетігін білді; сүйретіле-сүйретіле жүріп, ең аяғы жиырма жылдан соң генерал атағы мен бір полкты басқару жұмысын алды.

Осымен бір жағынан тыным алып, екіншіден, асықпай мүлік жинау керек еді, өзінің есебі де сол болатын, бірақ істі сақтықпен жүргізе алмады; қазынаның ақшасын іске жаратудың жаңа бір есебін ойлап тапқан еді — ол әдіс шебер болатын, бірақ орынсыз жерде сараңдық етіп қап, мұның үстінен шағым жүріп жатты; соның арты жайсыз, тіпті жаман уақиға болды. Генерал ша-тақтан зорға кұтылды, бірақ шен іздеу жұмысы талқан

болды. Бұған отставкаға шығыңыз деп мәслихат айтысты. Одан соң бір жыл бойы Петербургта тағы бір жылы орын табыла ма деп үміт етіп жүріп еді, ол орын табылмады. Қызы институттан шықты, күн санап расход артты... Генерал амалсыздан Москваға арзан нанға үміт етіп көшті де, ескі Канюшенный көшесінен бір кішкене аласа үй жалдап алды, сөйтіп Москваның отставкадағы генералы боп, жылына екі мың жеті жүз елу соммен өмір сүретін болды.

Москва қонағуар шаһар, келген мен кеткенді тең көреді, генерал десе, әсіресе, қонағуар: сондықтан Павел Петровичтің кесек бейнесі аз уақыт ішінде Москваның жақсы қонақ үйлерінің көбінде көрініп жүрді. Бояулы шашы салбыраған, тақыр желкелі генерал шендерін таққан кір ленталарымен, барлық үйреншікті бойымен, қонақ үйлерге де, карта үстелдерінің айналасында солғын жүзбен билеп жүретін жігіттерге мәлім боп алды.

Павел Петрович қауым ортасында өзін ұстай біледі; ол аз сөйлейді, ескі әдеті бойынша шені үлкен емес кісілерге сөз қатқанда мұрнынан сөйлейтін; картаны сақ ойнайды, өз үйінде тамақты шақтап ішеді, ал қонаққа барса алты кісінің асын бір өзі жейтін. Оның әйелі туралы айтар сөз де жоқ, аты Қаллиопа Қарловна болатын; оның сол көзінен ылғи жас ағып отырады, сол әдетін (неміс текті Қаллиопа Қарловна) өзінің сезімталдығынан деп ойлайтын: бұл әмісе асқа тоймаған кісідей ылғи қорғаншақтап жүреді, киетіні тек бархат киім болады, ажары кеткен қабартпа білезік киетін. Бұл екеуінің жалғыз қызы Варвара Павловна жаңа ғана он жеті жасқа толған кезінде Н. институтынан шықты; ол институтта бірінші қатар сұлу саналмаса да, бірінші қатар ақылды және музыкант қыз саналып шықты; Лаврецкий оны бірінші рет көргенде қыздың жасы он тоғызға тола қойған жоқ еді.

XIV

Қоробьиндердің сәлдеу қонақ бөлмесіне Михалевич ертіп келіп, үй иелерімен таныстырғанда жас батырдың буыны қалтырап тұрды. Бірақ алғашқы үркектігі оның бойынан тез тарады: генерал барлық орыс адамдарындай мейірімді болу үстіне, әрбір былғанған адамдарда болатын әдет бойынша, ашынажай; ханым тез уақытта елеусіз болып қалды; Варвара Павловна болса байыпты

және өзіне-өзі сенген күйде еркелеу болатын; мұның қасында кім де болса, өз үйінде отырғандай бойын ерке ұстайтын-ды: оның үстіне қыздың көркем денесінде, күлімсіреген көзінде, салбыраңқы иығында, ақшыл-қызылт қолында ерекше жұмсақ бір ажар бар; баяу жақсы жүрісі, әдемі ақырын үні сонша бір ұғымсыз, бірақ нәзік хош иістей леп беретін; мұның жарастығы әлі ұяң, биязылықта оның қасиетін бір сөзбен ұғындыру қиын: тек бар сипаты адамға қозғау салғанда үркіткендей болмайтын.

Лаврецкий әңгімені театрға, жақында болған спектакльге бұрды: қыз сол кезде Мочалов туралы өзі сөйлеп кетті, ол кұр ғана тамашалау, таңдау сөздерін айтқан жоқ, әйелдік қырағылықпен актер ойыны туралы бірталай дәл дұрыс пікірлер де айтты. Михалевич музыка жайын сөз қылып еді: қыз бәлсінбей фортепьяноға барып, сол кезде жаңа ғана модаға кірген Шопен музыкаларын дәл орындап берді.

Түскі тамақтың уақыты жеткенде Лаврецкий кетпек болып еді, үй иелері оны жібермеді, ас үстінде генерал бұған жақсы лафит ұсынды, ол арақты генералдың лакейі извозчикке мініп барып, Депренің лавкасынан әкелген-ді.

Сол күні түнде қайтқан Лаврецкий көпке шейін ұйықтамай, шешінбей, бетін қолымен басып, ынтығудың тұтқынында болды.

Мұның ойынша не үшін өмір сүру керек екенін ол жаңа ғана түсігендей; бұған дейінгі бар талабы, мақсаттары соншалық болымсыз тәрізденіп, біржолата жоққа шыққандай; енді бар жаны бір-ақ сезімге, бір ғана тілекке, бақытты тілеген, әйел махаббатын, тәтті махабатын арман еткен тілекке ауысты.

Сол күннен бастап ол Қоробьиндер үйіне жиі баратын болды. Жарым жыл өткен соң Варвара Павловнаға өзінің жүрек сырын ашып, бұған тиюін тіледі. Оның тілегі қыз үйінде қабыл алынды; генерал тіпті Лаврецкийдің алғашқы келмесінен бұрын Михалевичтен сұрап, әлдеқашан Лаврецкийдің қаншалық құл, крестьяны бар екенін біліп қойған; Варвара Павловна болса жігіт мұның соңынан жүрген кездерінде және ынтықтығын айтқан сағатында өзінің бірқалыпты салмақты күйінен ауыспағанды. Күйеуінің бай адам екенін Варвара Павловна да жақсы білетін; Қаллиопа Карловна болса «менің қызым өз теңін жақсы тапты» деп киім сатып алған.

Сөйтiп күйеудiң тiлегi қабыл алынды, бiрақ бұған бiрнеше шарттар қойылды. Ең әуелi Лаврецкий университеттен шығу керек, өйткенi, студентке кiм күйеуге тиедi және бай алпауыт жиырма алты жасында жас балаша сабақ алып жүрген деген не? Екiншi — Варвара Павловна өзiнiң жасауын өз тандауымен сатқызып алмақ. Қалыңдық iске шебер, жарастықты жақсылап сүйетiн, әрнәрсенi нәзiк танытын, өзiне әсем сән жасай бiлетiн боп шықты. Қалыңдығының сәнди өмiр құруға шебер екендiгi Лаврецкийдi таң қылған-ды, әйелдiң өзi сатып алған жақсы күймеге мiнiп, екеуi Лаврикке келгенде ол шеберлiк әсiресе байқалды. Варвара Павловна мұның өмiрiнде болатын жай-күйдiң барлығын қалайша алдын ала ұғынып, танып, ойланып шешiп те қойған! Әрбiр ұқыпты жиналған бұрыштарда тамаша қолсандықтар, өте сәнди айналар, кофейниктер пайда болыпты; күнде таңертең кофенi Варвара Павловнаның өзi қайнатқаны қандай сүйкiмдi Лаврецкий бұл шақта өздiгiмен бiр нәрсенi ойлайтын күйде емес; ендi оның өмiрi рахат, бар тiрлiгi бақыт тәрiздi боп, жiгiт сол халiне баладай барынша берiлген болатын... Жас Алкид шынында да баладай! Сүттей таза, түк көрмеген едi. Сондықтан жас әйелдiң барлық тұлғасы бұған ғажайып нұрдай көрiнетiн; бұл татып көрмеген тәттi рахаттың құпия сезiмдерiн ол бұған бермекке серт етсе, кейiн iс жүзiнде сол сертiнен де артық қуаныш бердi.

Лаврикке жаз ортасында келген соң, жас әйел ондағы үйдi кiр, қараңғы деп бағалады; күтушiлердi күлкi, түрлi көне заман адамдары деп таныды, бiрақ өз байқағанын күйеуiне сәл де болса сездiрген жоқ. Егер ол Лаврикте тұрып қаламын десе, онда үйдiң өзiнен бастап, барлық жайды жаңадан өзгертер едi; бiрақ сахараның мынадай бiр түкпiрiнде қалармын деген ойды ол басына келтiрген жоқ; далада шатырсыз тұрғандай боп мұндағы тұрмыстың жайсыз жақтарына амалсыздан уақытша көне тұрып, сол күйлердi қызық тiлмен әзiл етiп, күлкiге айналдыра жүретiн.

Марфа Тимофеевна өз тәрбиесiнде өскен жiгiттi көруге келген едi; Варвара Павловнаға ол аса ұнаса да, Варвара Павловна оған ұнаған жоқ. Жас әйел Глафира Петровнамен де келiсе алмады; бiрақ қартаң әйелге бұл тимей-ақ қояр едi, тек шал Коробьин күйеуiнiң iсiне

өзінің қолын созды; ол мұндай жақын адамның мүлкін басқару тіпті генералға да ұят емес дейтін болды. Шынға келсек, Павел Петрович тіпті бөтен адамның мүлкін басқарудан да қашарлықтай емес еді.

Варвара Павловна өзінің әрекетін үлкен еппен жүргізді; алға омыраулап шықпай, көбінше ерімен кешкен бақытты қызығына беріле жүріп, қыстақ тіршілігінің тыныштығына бой ұрып, музыкаға, кітап оқуға көңіл бөліп жүрді; бірақ сөйте жүре аз-аздап қысу арқылы Глафираны жетер жеріне жеткізген екен, бір күні таңертең Глафира Лаврецкийдің кабинетіне құтырған адамдай жұлқынып кіріп, көп кілтті үстелге лақтырып тастап, шаруаны енді басқаруға мұршасы жоқ екенін және бұл қыстаққа енді тұрғысы келмейтіндігін бір-ақ айтып салған-ды. Бұл халге алдын ала еппен әзірленіп қойған Лаврецкий апасының кетуіне сол арада ырзалық берген.

Глафира Петровна бұл мінезді күткен жоқ еді. Екі көзі қарауытып кетті, ол шыдай алмай: «Жақсы, мен мұнда артық адам екенімді көріп тұрмын, әке-бабам ұясынан мені кімнің қуып тұрғанын білемісің. Бірақ осы сөзім есінде болсын, бауырым, сен де ұя баспасың, өмірі қаңғырып өтерсің. Менің саған айтар соңғы сөзім осы-ақ», — деген.

Глафира сол күні өз қыстағынан кетті. Содан бір жұма кейін генерал Коробьин мұнда келіп, әр қозғалысымен, көзқарасында жабырқау салмағы бар адам боп, барлық мүліктің әмірін өз қолына алды.

Сентябрь айында Варвара Павловна күйеуін ертіп, Петербургқа кетті. Екі қысты қатарынан Петербургта өткізді (жаздықүні олар Царское селода тұратын), онда көркем, жарық және жақсы жиһаздалған пәтерлері бар; бұлардың орта қауым және жоғарғы қауымдар арасынан шыққан таныстары көбейді; өздері қонаққа барғыш, қонақ қабылдағыш болды, өз үйлерінде әсем қып күйдің, бидің сауық кештерін өткізгіш болды.

Варвара Павловна қонақтарды отқа ұмтылған көбелектей тартатын. Федор Иванычка мұншалық еркін өмір ұнай қойған жоқ еді. Әйелі оған қызметке түсуді мәслихат етті; бірақ Лаврецкий әкесінің әдетінше және өз ұғымы бойынша қызметке түсуді тілемеді, тек Варвара Павловнаға бағыну ретімен Петербургта тұра берді. Енді аңғарса, мұның оңаша болуына ешкім бөгет жасамайды екен, оның кабинеті Петербургтағы ең бір жай-

лы тыныш орын болыпты. Қамқор әйелі мұның өз бетінің оңаша болуына барынша жәрдем етіпті, содан әрі тірлік жақсы бір жай тапқандай болды. Енді ол өз ұғымынша жетіп толмаған тәрбиесін тереңдетіп, кітап оқығыш болды. Тіпті ағылшын тілін де оқуға кірісті. Жауырынды, батыр денелі тұлғасымен мұның жазу үстеліне жабысып, қызғылт жүзін әралуан сөздіктерге, тетрадьтарға үңіліп отырғанын көргенде, өзінше бір тамаша сияқтанатын. Әр күн таңертең ол осылай жұмыс істейді, түскі тамақты баппен ішеді (Варвара Павловна үй тұрмысын аса жақсы басқаушы еді), әрбір кеште жігіт соншалық жақсы иісті жарқыраған топтың ортасында болады; ол топта өңшең көңілді жастар жиылатын, бар жиын ортасында мұның әсем сәнді өз әйелі жүреді. Бір шақта әйелінен бір ұл да туып еді, бірақ бейшара бала аз өмір сүріп, көктемде қайтыс болды, жаздыгүні дәрігер мәслихаты бойынша Лаврецкий әйелін шет елге, ем суларымен емдеуге алып кетті.

Көрген қазадан соң әйелінің серігуі қажет болды және оның саушылығы да жылы ауа райын қажет етті. Жаз бенен күзді бұлар Германияда, Швейцарияда өткізіп, қысты ендігі қисыны бойынша Парижде өткізуге кетті.

Парижде Варвара Павловна гүлдей жайнады, Петербургтағы сияқты мұнда да тез уақытта үлкен еппен өзіне әдемі ұя жасап алды. Париждің дырдуы аз, бірақ сәнді көшелерінің бірінен көркем пәтер алды; күйеуіне бұрын ол әсте киіп көрмеген плафрок тіккізіп кигізді; сәнқой әйелден күтуші алып, жақсы аспазшы, жылпос лакей де жалдап алды; өзгеше сәнді күйме, әдемі пиаино да алған еді. Бір жұма өтпестен-ақ ол көшеге шыққанда, шәл тарту, шатырды ашу қолға перчатка киюде асыл парижанкалардың өздеріндей үлгі манер көрсететіндей болды.

Таныстарды да ол тез тапты.

Әуелгі келушілер тек орыстар еді, кейін француздар да келе бастады; олар ерекше әдепті, сыпайы, өңшең бойдақ, тәрбиелері өзгеше, фамилиялары да айтуға әсем болатын; бұлар көп сөйлейді, өздері шапшаң сөзді, иілуі сылқым, көздерін сәнмен сығырайта қарайтын әдеттері бар; қызыл еріндерінің арасынан ақ тістері ақсиып күлгендері қаншалық! Әрқайсысы өздерінің достарын да ала келетін, сөйтіп Лаврецкая сұлу Париждің бірталай көшелерінің мәлім адамы болды.

Бұл 1836 жылдың кезі еді, ол кез талқандаған илеуінде босып жүретін құмырсқадай қаптап жүретін фельетоншы-хабаршылардың аса көп кезі болатын; Варвара Павловнаның салонына келетін топтың ішіне мистер Жюль деген біреу келіп араласты; сырт кескіні жаман адам сияқты, бейілі арам, құнсыз жан еді. Варвара Павловнаға бұл кісі өте жиренішті көрінсе де, оны үйінде амалсыз қабылдайтын; өйткені бұл әрбір газеттерде сөз жазған сайын: «П. орамында тұратын аса көркем. аса қабілетті орыс ханымы Лаврецкая» дей беретін.

Осылайша жұртқа жайып, бірнеше жүз оқушыларының мадам Лаврецкая туралы ешбір жұмысы болмаса да оның жайын ақыл жағынан нағыз француз әйелі деп, қошаметтей беретін; француздардың ең үлкен мақтауы өзгелерді француздай деп мақтау болатын; соны айтып, әйелді сүйкімді, әдепті, ғажайып музыкаға шебер дейтін және вальсті тамаша билейді дейтін. Варвара Павловна вальсті билегенде өзінің киімінің етегіне талай жанның жүрегін ілестіре тартқандай болады...— деп жаңағы адам бұл туралы соншалық лақап таратты, ал ондай данқ не десеңіз де адамды қызықтырмай ма! Сұлу қыз Марс ол кезде сахнадан тайғанды, ал көркем Рашель әлі сахнаға шыққан жоқ еді; бірақ Варвара Павловна театрларға барғыш болатын. Ол Италия музыкасына қайран қалатын, Одри ойранына күлетін, француз комедиясында сыпайы ғана есінеп қойып, Дорваль ханымның сезімтал мелодрамадағы ойынына жас төгіп жылайтын; бәрінен қызығы мұның үйіне Лист келіп, екі рет күй тартты, ол сондай сүйкімді, сондай жағымды жан екен, тамаша болды!

Осындайлық жақсы жайлар арасында қыс өтті, көктем кезінде Варвара Павловнаны сарайға да таныс еткендер болды. Федор Иванович болса, оның іші пысқан жоқ, рас кейде өмір соншалық мағынасыз болғандықтан иығына ауыр салмағын салып қойғандай боп та жүруші еді. Ол газеттер оқитын және Сорбонно мел Кооледж де франсқа¹ барып лекциялар тындайды. Палатадағы таластарды бақылайды; ирригация турасындағы бір ғылымдық еңбекті аударып та жүрді. Кей кездер ойланғанда ол «мен уақытты текке өткізіп жүргем жоқ, мұның бәрі пайдалы іс, бірақ қысқа қарсы неғылса да Россияға қайтып, іске кірісу керек» дейтін. Бұл

¹ Париждағы жоғарғы дәрежелі мектептің аттары.

сөзінде оның ісі не екендігін өзі анық түсіне ме, оны айту қиын еді, құдай білсін, қысқа шейін Россияға қайта алар ма еді... Қысқасы, әзірше ол әйелін ертіп Баден-Баденға беттеп еді... Бірақ ойда жоқ бір уақиға мұның бар планын бір-ақ бұзды.

XVI

Бір күні Варвара Павловна жоқта оның кабинетіне кірген Лаврецкий еденде әдемілеп бүктелген қағазды көрді. Жерден жұлып алып, шапшаң оқып жіберсе, французша мынадай жай жазылған екен:

«Сүйікті періште Беци!

(Мен сені әлдеқандай Варвара деп атауға батпаймын.) Бульвардың бұрышында сені бекерге көп тостым. Ертең сағат бір жарымда біздің кішкене пәтерімізге кел. Сенің мейірімді сезімің әдетте бұл кезде кітапқа көміліп отырады. Екеуіміз қосылып, өзің маған үйреткен ақындардың, Пушкиннің «Кәрі күйеу, кәрі күйеу» дейтұғын өлеңін айтамыз. Қолдарың мен аяқтарыңа мың мәртебе сүйлер жолдаймын. Өзіңді тосам.

Эрнест».

Лаврецкий әуелде не оқығанын түсіне алмады; қайта оқыды, сонда барып басы айналандап, табанының астындағы еден толқынды теңіздегі кемедей шайқалды. Ол айғай да салып, булығып, бір сәтте жылап та жіберді.

Ол есінен шатасты. Әйеліне соншалықты соқырлықпен иланушы еді, алдау, азу деген ойына келмепті. Мынау Эрнест, мынау әйелінің ғашығы ақшыл жүзді, шырайлы, жиырма үш жасар бала жігіт болатын, мұрны шолақтау, мұрты жіңішке осы жігіт мұндағы таныстардың арасында ең құнарсызы еді. Бірнеше минут, жарым сағат өтті; Лаврецкий әлі күнге сұмдық қағазды қатты қысып ұстап, еденге тесіліп қарап тұрып қалды; әлдеқандай күңгірт құйын арасында жүдеу жүздер көрінгендей, жүрек қысылып мұздайды; бір сәт бұл құлап-құлап, тоқтаусыз құлап бара жатқандай. Осылайша жатқан күйінен мұның есін жібек киімнің таныс жеңінің сусылы жиғызды, шляпа мен шәлі тартқан Варвара Павловна сейілден асығып қайтқан екен. Лаврецкий қалтырап кет-

ті де, ыта жөнелді; дәл осы сәтте әйелді өлімші қып, мұжықша сабап, талқан етіп, өз қолымен тұншықтырып өлтіруі де мүмкін сияқты. Таңқалған Варвара Павловна мұны тоқтатайын деп еді; бірақ ол «Беци» деп сыбыр етті де, үйден қаша жөнелді.

Лаврецкий күймеге мініп, қаланың сыртына тартты. Күні-түні, келер таңға шейін тынымсыз сарп ұрды, қайта-қайта тоқтап, пұшайман күйде алақанын алақанына ұрды; біресе құтырғандай, кейде күлкі қысқандай, тіпті ~~жөңілденгендей~~ көрінді. Таңертең тоназып, қала сыртындағы бір жаман трактирге кіріп, бөлме алды да, терсе алдына орындық қойып отыра кетті. Денесі құрысып, есіней берді. Буынын зорға басқандай, өнебойы қажыған, ал өзі шаршамаған сияқты, бірақ талықсу бары анық еді; тыныш отырып, айнала қарағанмен түк түсінбейді; өзінің жөнін де түсінбейді, мұздаған денесі ме, бұнда қалай келді; аузының дәмі де ашығандай; бос, бөтен бөлмеде кеудесінде тас жатқандай осы отырысы не? Варяны да түсінбейді, сол французға не деп берілді! Және қалайша ғана қиянатшыл бола тұра бұған соншалық майда, сенгіш ерке де боп көрінеді? Кебірсіген еріндері «түк түсінбеймін!» деп күбірлейді. Петербургта тағы осындай болмағанға кім кепіл.. «Өз ойын аяқтатпай тағы да есінейді де, бар денесі құнысып, қалтырай түседі. Қараңғы мен жарқын естегілер қатар қинайды; бір сәт соңғы күндерде Эрнестпен мұның көзінше әйелі фортепяно тартып, әнге қосып «Кәрі күйеу, кәрлі күйеу» жырлағанын еске алды. Сондағы өз әйелінің жүзіндегі қызғылт ажарды, жұмбақтау көзқарасты еске алып, орнынан тұрды; бір есептен оларға барып: «Сендер менімен бекер ойнағансындар, менің үлкен атам мұжықтарды қабырғасынан ілгізіп асатын; үлкен әкем өзі мұжық болған деп тұрып, екеуін де өлтірсе» деп ойлады. Біресе оған осының бәрі түс тәрізді, немесе түс те емес, болымыз шатасу тәрізді көрінеді; сілкінсе, анықтап қараса, бәрі де тарқап кететін тәрізденеді; айнала қарап көреді де, ұстаған құсын қаршығаның сығымдағанындай болып, мұның жүрегінде шер де ауырлап бата түседі. Азаптың қиыны, енді бірнеше айда Лаврецкий әке болмақшы еді. Мінеки, өткені де, болашағы да, бар өмірі де уланып отыр. Ақыры Парижге қайтып, гостиницаға түсті де, Варвара Павловнаға Эрнестің хатына қосып, төменгі сөздерін жазып жіберді: *«Мынау қағаз сізге барды аңғартар. Ескерте кетейін, мен сізді танымай*

қалдым: сіз сондай ұқыпты едіңіз, сонша қажет қағазды қалайша түсіріп алғансыз» (осы сөйлемді сорлы Лаврецкий бірнеше сағат бойында өз ойында әзірлеп сақтаған еді). «Мен енді қайтып сізді көре алмаймын, менің ойымша сіз де қайтып көрісуді тілемегеніңіз мақұл. Сізге жылына он бес мың франк тағайындаймын; артық бере алмаймын. Адресіңізді деревнядағы конторға жіберіңіз. Не істесеңіз, тілегіңізше тұрыңыз, сізге бақыт тілеймін. Жауаптың қажеті жоқ».

Лаврецкий әйеліне жауаптың керегі жоқ деп жазса да, өзі сол жауапты күтіп, соған құмар боп, мынадай, түсініксіз ақыл жетпес істің шешуін тосып еді.

Варвара Павловна сол күні бұған французша үлкен хат жіберді.

Хат мұны мүлде сорлатты, соңғы күдіктері де жойылды, енді өзінің үміті үшін ұялып еді. Варвара Павловна ақталмапты: ол тек мұны көрмекші екен және мүлде өкім шығармауды тілеп жалыныпты. Хат қиналып жазылған болса да, кей жерінде көз жастың табы болса да, салқын жазылған екен. Лаврецкий ызалы мысқылмен күлді де, жіберген кісіден барлық жай жақсы деген боп, жауап жолдады. Үш күн өткен соң ол Парижден жоқ болды; бірақ Россияға қайтпай Италияға тартты. Италияны неге таңдағанын өзі де білмейді; тек үйге қайтпаса болды, одан әрі қайда барса бәрібір тәрізді. Өзінің қызметкеріне жазған хатында әйелінің пенсиясын атап жазды және генерал Коробьиннен мүлікті билеу жұмыстарын алып, ол бекзаданың есеп-қисапты аяқтамай-ақ Лавриктен кетуі қажет екенін айтты; қуғынға түскен паң генералдың қысылып, қиналуын бұл көз алдына келтіргенде, өзінің бар қайғысына қарамастан, ызалы ризалық сезгендей болды. Глафира Петровнаға да хат жазып, Лаврикке қайтып орнауы туралы доверенность жіберді. Бірақ Глафира Петровна Лаврикке қайтпады, доверенностіні жойғанын газетке де жазды, мұнысы бекершілік еді.

Италияның кішкене бір қаласына жасырынған Лаврецкий көпке шейін әйелінің жайын бақылаудан тыйыла алмады. Газеттерден білуінше әйел бұрынғы ниет бойынша Парижден Баден-Баденға кетіпті; баяғы мырза Жюль тағы да қол қойған кішкене мақалада оның аты жүр екен.

Дағдылы жеңілдіктің арасында бұл мақалада әйел-

ге сол жанашыр білінгендей; соны оқығанда Федор Ивановичтің жүрегіне жиреніш сезілді.

Кейін ол әйелінің қыз тапқанын білді; екі айдан соң қызметкері Варвара Павловнаның өзіне тиісті жалақыдан үштен бірін алдырғанын жазыпты. Осыдан әрі, бірінен-бірі асқан жаман сыбыстар келе бастады; ақыры, бар журналда даурыққан шатақай, мазақ күлкі бір хал баян етілді, онда мұның әйелінің ролі нашар аталыпты. Барлық іс біткені осы, Варвара Павловна енді «атаққа» ұшырады.

Лаврецкий бұдан әрі әйелінің жайын аңыстауды қойды, бірақ өз бойын тез жеңе алмай жүрді. Кейде әйелін сонша сағынып, ойлап, барын берсе де, тіпті кешірсе де, әйтеуір соның еркелеген үнін естіп, қолынан ұстап отырса дегенді де арман етті. Әйткенмен мезгіл текке өткен жоқ. Ол зар үшін туған жан емес-ті. Сау табиғаты өз правосын білдірді. Көп жай көңілге анықтала түсті. Мұны күйреткен соққының өзі де енді оқыс көрінген жоқ; әйелін анық аңдады,— тегінде жақын адамды одан айрылған кезде шақтану бар ғой. Бұл қайтадан жұмысқа, еңбекке ауысты, рас, бұрынғыдан жалын азайыпты; өмір тәжірибесі мен тәрбиесі әзірлеген скептик мінез мұның жүрегіне толық орнады. Көп нәрсеге елеусіз, салқын қарайтын. Төрт жыл өткен соң отанына қайтып, жақындарымен көрісуге әзірлігін сезді. Жолда Петербург, Москваға соқпастан, өзіміз айрылған О... қаласына келді, енді ардақты оқушыны да бізбен бірге, сонда оралуға өтінеміз.

XVII

Біз баяндаған күннің ертеңіндегі сәскеде, сағат он шамасында Лаврецкий Қалитиндер үйінің баспалдағына басты. Оның алдынан шляпа, перчатка киген Лиза шықты. Жігіт:

— Қайда барасыз? — деп сұрады.

— Ертеңгі намазға, бүгін жексенбі ғой.

— Сіз ертеңгі намазға барғыш па едіңіз?

Лиза бұған үндемей, тандана қарады.

— Алдарыза болсын, ғафу етіңіз! — деп Лаврецкий: — Мен, мен оны айтайын демеп едім. Сіздермен қоштасып, бір сағатта деревняға жүрмекші боп келіп ем,— деді.

— Ол бұ жерден алыс емес қой?

— Жиырма бес шақырым.

Есіктен күтуші әйелге ерген Леночка көрінді. Лиза баспалдақтан түсіп бара жатып:

— Ал, бізді ұмытпаңыз! — деді.

— Сіздер де мені ұмытпаңыздар. Я, және де...— дей түсіп,— шіркеуге барасыз ғой? Мен үшін де дұға оқыңыз,— деді.

Лиза тоқтап, бұған бұрылды да:

— Мақұл, мақұл,— деп мұның жүзіне тура қарап, — мен сіз үшін де дұға оқимын, жүр, Леночка!— деді.

Қонақ үйде Лаврецкий кіргенде Марья Дмитриевна жалғыз екен. Одан одеколон мен мятаның иісі келеді. Айтуынша, ол кісінің басы ауырып, түнді тынымсыз өткізіпті. Әйел өзінің дағдылы сыршыл сыпайылығымен қарсы алып, аздан соң сызыла сөйледі.

— Шын-ақ Владимир Николаевич сүйкімді жас жігіт емес пе?— деп сұрады.

— Ол қандай Владимир Николаевич?

— Әлгі Паншин. Қеше осында болды ғой. Сіз оған өлгенше ұнапсыз. Мен сізге сыр ғып айтайын, менің қымбатты туғаным, ол менің Лизама ынтығып жүр. Несі бар? Ол жақсы фамилиядан, қызметі де жақсы, өзі ақылды; каммер-юнкер болсын, қысқасы, тәңірі бұйыртса, мен өз тарапымнан аналық көңіліммен қуаныш етер ем. Әрине, жауаптылығы үлкен; әрине, баланың бақыты ата-анадан, солай болғанда да, осы күнге дейін жақсы ма, жаман ба, бәрін де бір өзім, жапа-жалғыз өзім атқардым ғой; тәрбиелеп оқытқан да жалғыз өзім; міне қазірде де Болюс ханымнан мамзельді алдырып отырмын..

Марья Дмитриевна өзінің қамқорлығын, аналық сезім талаптарын баяндауға кірісті. Лаврецкий оны үндемей тындап, қолындағы шляпасын айналдыра берді. Мұның ауырлау, салқын көзқарасы көп сөзді ханымды енді көп қысылдырғандай болып еді.

— А, Лиза сізге қалай көрінеді?— деп сұрап қалды.

— Елизавета Михайловна тамаша бойжеткен!— деп Лаврецкий орнынан тұрып қоштасты да, Марфа Тимофеевнаға кірді. Марья Дмитриевна мұның сыртынан жақтырмай қарап қалып, ойлағаны — «неғылған келеңсіз мұжық, енді түсінем, әйеліңнің қиянат қылуы да неден екені мәлім» деді.

Марфа Тимофеевна өзінің дағдылы қоршауымен

отыр екен. Бұлар оның бірдей жақсы көретін бес жан-иесі болатын: біреуі — жемсаулы, оқымысты, сайрауық торғай; ол ысқырғанын, су таситынын қойғаны үшін қадірлі, екіншісі — кішкентай және қорқақ жуас ит Роска; одан кейінгі — долы мысық Матрос; және тоғыз жасар, үлкен көзді, үшкір тұмсықты, тынымсыз қара қыз Шурочка бар. Олардан басқа елу бестер шамасындағы ақ орамалша тартқан күрең көкірекшелі, қара киім қоса киген Настасья Карповна Угаркова. Шурочка тұттай жетім мешанка болатын. Марфа Тимофеевна ол қызды Роскамен екеуін де көшеден тауып, жаны ашып қолына алған; екеуі де аш, арық күйде, күзгі жауын астында жүдеп тұрғанда бұған кездескен; Росканы ешкім іздеген жоқ; ал Шурочканы оның немере ағасы Марфа Тимофеевнаға қуана-қуана қосып берді. Ол тегі маскүнем етікші болғандықтан өзі де, мынау қарындасы да аш болатын, және Шурочканы қалыппен басқа ұра беруші еді. Настасья Карповнамен Марфа Тимофеевна монастырьда мінажат жолында танысқан; намаз уақытында оның сонша дәмді жалбарынуын ұнатқан Марфа Тимофеевна шіркеуде қасына өзі барып, сөз қатып, кейін шайға шақырған-ды. Сол күннен кейін екеуі айрылысқан жоқ. Настасья Карповна момын және көңілді мінезі бар, баласыз кедей дворяннан шыққан тұл әйел еді; басы үлкендеу, ақ шашты, жұмсақ аппақ қолы бар, етшең кесек жүзі мейірімді келген, тек мұрны ғана күлкілеу шошайыңқы біткен әйел; бұл Марфа Тимофеевнаға бар жанымен берілді; анау да мұны өте жақсы көріп, кейде оның нәзік жүректігін әзілдеп қана қоятын; өйткені ол әйел жас еркектің бәріне қызыға қарап, болымсыз әзілден де жас кыздай ұялып, қызара қоятын. Мұның бар сомасы мың екі жүз сом еді; сондықтан Марфа Тимофеевнаның есебінен күн көрсе де, екеуі теңдік дәрежеде болатын, өйткені Марфа Тимофеевна кішкентайлық мінезді барынша жек көретін.

— А, Федя! — деп, жігітті көре салысымен сөйлеп, Марфа Тимофеевна, — кеше кеше сен менің үй-ішімді көрмегенсің, ал тамашала! Біздің бәріміз шай ішкелі отырмыз; бұл біздің мейрамдық екінші шайымыз. Бұлардың бәрін де еркелетуіңе болады. Тек Шурочка көнбейді де, мысық тырнап алады. Сен бүгін жүремісің? — деді.

— Бүгін, — деп Лаврецкий аласа орындыққа отыра

бере,— мен Марья Дмитриевнамен қоштастым. Лизавета Михайловнаны да көрдім,— деді.

— Лиза де оны, әкем! Ол неғылған саған Михайловна! Өзің тыныш отыр, әйтпесе Шурочканың орындығын сындырасың.

— Ол ерте намазға барады екен,— деп Лаврецкий,— өзі сондай діндар ма?— деді.

— Я, Федя, өте. Сен екеумізден, тегі, ол әлдеқайда бұл жағынан артық.

— Сіз діндар емессіз бе?— деп сыбырлай түскен Настасья Карповна,— бүгін ертеңгі намазға бармасаңыз да, түстегіге барасыз ғой?— деді.

— Әй, жоқ. Сен жалғыз барасың. Жалқау тартып-пын, шешекем,— деп Марфа Тимофеевна,— өзімді шаймен бұзғам ғой,— деді.

Настасья Карповнамен тең дәрежеде тұрса да, оған бұл «сен» деп сөйлейтін, өйткені текке Пестова болсын ба: Пестованың үшеуі Иван Васильевич Грозныйдың шежіресінде де аталған, Марфа Тимофеевна оны бек білетін.

Лаврецкий тағы сөйлеп:

— Айтыңыздаршы, алдарыза болсын, маған Марья Дмитриевна, жаңа әлгі бір кім еді? Паншин деген туралы сөйледі. Сол неғылған мырза?

Марфа Тимофеевна жақтырмай сөйледі.

— Пай, неғылған тәңірі кешіргір мылжың әйел. Дәу де болса саған сыр қылып, осындай күйеу оралып тұр деді-ау. Өзінің анау бекзадасымен-ақ сыбырласпашы; ол аз болыпты, көресің бе? Еш нәрсенің елесі жоқ, тіпті, сонысына шүкір, ал ол болса оттап отыр.

Лаврецкий:

— Шүкіріңіз қалай?— деді.

— Себебі, азамат маған ұнамады. Тегі, қуанатын да несі бар?

— Ол сізге ұнамай ма?

— Е, жұрттың бәрін таң қылсын ба? Мына Настасья Карповна ынтық болыпты, со да жетерлік оған.

Тұл әйел барынша тыпырлап қалды.

— Сізге не болған, Марфа Тимофеевна?! Құдайдан да қорықпайсыз ғой!— деп, сөйлегенінде қызыл рең барлық бетіне, мойнына шейін жайылады. Марфа Тимофеевна оның сөзін бөліп кетті.

— Қудың немен қызықтыруды білгенін айтсаңызшы, сауытша сыйлапты. Сен бұдан иіскеуге насыбай сұра-

шы, сонда насыбай салғыш сауытшасын көресің, қақпағында салт атты гусарь бар. Шешекем, өйткенше ақталмай-ақ қой.

Настасья Карповна тек қолын ғана сілке берді. Лаврецкий тағы сұрап:

— Ал, Лиза қалай? Оған қызыға ма?— деді.

— Ол бұран ұнаса керек, бірақ анығын құдай білсін. Кісінің іші, өзің білесің, қараңғы орман ғой, қыздың көңілі одан да арман. Тіпті, мына Шурочканың ішін аңдап, танып көрші әуелі. Неге тығылады? Ал, сен келгелі қашпай отырғаны несі?

Шурочка күліп жіберді де, ыта жөнелді. Лаврецкий орнынан тұрып, жай сөйлеп:

— Иә, қыздың жанын танып болмас,— деді.

Ол қоштаса бастады. Марфа Тимофеевна:

— Немене, енді сені тез көреміз бе, жоқ па?— деді.

— Кім білсін, апай, жер алыс емес қой.

— Рас, сен Васильевскіге барасың ғой. Лаврикте тұрғың келмейді, ол өз жұмысың; бірақ шешеннің қабіріне қарап қайт! Және әжеңнің де басына бар. Сен анау шет елде көп ақыл тапқан шығарсың; бірақ кім білсін, олар өз қабірінде сенің барғаныңды сезінер әлде. Және, Федя, Глафира Петровнаға да дұға оқыт; мынау бір сомды алшы! Ал, ал! Бұл менің дұға оқытқаным болсын. Тірлігінде өзін жақсы көрмеуші ем, мінезі бөлек қыз еді, несін айтайын, ақылы мол болатын және сені де ренжіткен жоқ-ты. Ал енді жолың болсын, болмаса мен сені түңілте бастармын.

Сонымен Марфа Тимофеевна інісін құшақтап қоштасты.

— А, Лиза Паншинге тимейді, тынышсызданба; бұл күйеудің одан зорына да татитын қыз.

— Жо-ға, мен түк те тынышсызданбаймын,— деп барып, Лаврецкий жүріп кетті.

XVIII

Төрт сағат шамасы өткенде ол қыстағына қарай жүріп келе жатты. Күймесі қыстақ арасының жұмсақ жолында қатты жүріп келеді. Екі жұмадан бері құрғақшылық болатын; сүт тәрізденіп аспанды жапқан ақшыл тұман алыс тоғайларды да мұнарға бөлейді; аспанда өрттің иісі бар. Сансыз көп ұсақ қонырқай бұлттардың жиектері әралуан боп ақшыл-көк аспанда жиылып барады; қатқыл жел ыстықты сөйілтпесе де, үзілместен

күрғақ екпінімен соғады. Лаврецкий басын жастыққа қойып, екі қолын кеудесіне салып, қатарда ілесіп келе жатқан далаға қарайды; ағып өтіп жатқан бұталарға көз тастайды; кейде жүргіншілерге қырындап қарап, тонас сезікшілдікпен бақылайтын ессіз қарғалар мен ұзақтарды аңдады; бірауық ұзын бөліктер бойындағы жусан, көде және жабайы жемістерге ұзақ қарайды; мынадай жаңа күйдегі сахараның жалаңаш мейірімі, меніреулігі мынау көк, әлем, анау ұзын жоталар мен аласа мығым емен өскен сайлар қандай! Сұрғылт қыстақтар, сұйқыл қайындар қандай өзгеше! Осының бәрі бұл көптен көрмеген орыс табиғаты болғандықтан, мұның жанына әрі тәтті, әрі мұнды сезімдер толтырады; кеудесін сонша жайлы бір салмақпен қысқандай болады. Мұның ойы да жай кезеді; ол ойларының да аспандағы кезбе ұсақ бұлттардың қалпындай жиегі, шегі жоқ тәрізді. Бір уақыт жастығын, бала шағын, анасын еске алды, ол өлер шағында мұның басын кеудесіне басып, дауыстап жылай бастап еді, бірақ Глафира Петровнаны көріп, жым болған еді. Әкесін де есіне алды, басында ол ширақ бітімсіз қатқыл дауысты бола, кейін жылауық және ұйысқан ақ сақалды адам болды; біршақ әкесінің ас үстінде артық рюмка арақ ішіп, үстіне тұздық төгіп алып, оқыстан күлгенін еске алады; ол қызарған көк көзін жыпылықтатып, өзінің бұрынғы ер қайратын мақтан етіп еді; тағы бір шақта Варвара Павловнаны еске алды да, еріксіз көзін жұмып, іштей бір нәрседен ауырықсынған адамша басын сілікті. Содан соң мұның ойы Лизаға тоқтады.

Оның ойынша, міне, жаңа бір жан енді ғана өмірге кіреді.

Әдемі қыз, бірақ не боп шығар екен! Өзінің көркі де жақсы ғой. Ұыздай таза ақшыл жүзі бар, көзі мен еріндерінде соншалық салмақ бар, көз қарасы адал, жазықсыз жан. Жалғыз бір аянышы ол тез қуанғыш емес пе екен? Бойы да әсем, жүрісі жеңіл, үні де жұмсақ. Оның кейде бір тоқтай қап, ықыласпен сізді тыңдап, күлімсірей ойланып қалып, шашын кейін сілкіп тастағаны маған сонша ұнайды. Дау жоқ, өзім де аңғарам, Паншин оған татымайды. Дегенмен оның жамандығы қайсы? Рас-ау, мен нені қиялдап кеттім осы?! Көптің жүтірген, жортқан жолымен о да кетеді де, бәрінен де ұйықтап алайыншы,— деді де, Лаврецкий көзін жұмды.

Ол ұйықтай алмаса да, жолдың қалғу тыныштығы-

на кетті. Өткен шақ бейнелері мұның жанында қайтып ояғандай елес беріп, кейде басқа бір ойлармен араласып кетеді. Неліктен екенін құдай білсін, бірде Лаврецкий Роберт-Пилді еске алды. Француз тарихын ойлап, егер ол генерал болса, сол соғыста жеңер еді дейді. Біресе құлағына атылған мылтық даусы, айғай естілгендей болады... Басы жастықтан сырғып кеткен екен, ол көзін ашты... Сол дала, сол сахара бейнесі, толқыған шаң арасында шеткі аттардың тозған тағалары жарқылдайды; қызыл гүлді сары көйлегі бар жәмшіктің етек-жеңі желден қапайып желбіреді. Бір сәт Лаврецкийдің басына «туған жерге келісіп-ақ келем!» деген ой келді де, ол дыбыстап әмір етіп, «айда!» деді; өзі шинеліне орана түсіп, жастығына жабыса берді. Күймені сілкінткендей болған соң Лаврецкий бойын көтеріп, көзін ашып алды. Көз алдында, дөңесте кішкене қыстақ көрінеді; оңға таман терезе қақпағы жабылған, басқышы қисайған, ажары ескі, қожалық үй көрінеді; кең қораның қақпасынан бастап қалың жасыл қалақай өсіпті, тәрізі кендірдей; жақын тұста еменнен салынған мықты сарай тұр. Васильевское осы еді.

Жәмшік қақпаға жетті де, аттарын тоқтатты; Лаврецкийдің малайы козладан көтеріліп, секіруге бейімделді де, дауыс беріп: «гей!» деді. Мыңқ етіп үрген ит даусы естілсе де, иттің өзі көрінген жоқ; малай тағы да түсуге әзірленіп және айғайлап: «гей!» деді. Кәрі төбеттің тағы да үрген үні естілді. Содан соң қайдан шыққаны белгісіз, жұпыны кафтаны бар, басы қардан да аппақ бір кісі пайда болды: ол әуелі көзін күннен қалқалап, күймеге қарады, сонан соң екі санын салып қалып, сәл ғана бір орнында тыпырлады да, содан ентелей басып, қақпаны ашуға ұмтылды. Күйме қораға кіргенде дөңгелектері қалақай арасында сусылдап келіп, басқышқа кеп тоқтады.

Ақ бас адам өте ширақ екен, төменгі басқышта қисықтау аяқтарын талтита басып тұрып, асыққан күйде күйменің былғары алжапқышын ағытты және мырзаны қолтықтап жерге түсіріп, оның қолынан сүйді.

— Аман ба, аман ба, туған!— дей түсіп, Лаврецкий, — сенің атың Антон болса керек еді ғой? Әлі бармысың?— деді.

Шал үнсіз бас иді. Қілт іздеп жүгіріп кетті. Ол кеткеннен соң жәмшік тапжылмай қадалып, жабық есікке көз салды, Лаврецкийдің малайы жерге түскен бойда

бір қолын козлаға асып, сәнмен тұрғандай. Шал кілттерді әкеліп, орынсыз түрде жыланша иреңдеп, екі шынтағын көтеріп, есік ашты; өзі шетке тайқып және де төмендеп бас иді.

«Міне, мен үйдемін. Міне, қайтқаным осы» деген ойменен Лаврецкий кішкентай ғана алдыңғы үйге кірді; бұл кезде терезе қақпақтары тарсылдап, шықырлап ашылып, иесіз бөлмелерге күн сәулесі түсе бастады.

XIX

Лаврецкий келген кішкене үйде осыдан екі жыл бұрын Глафира Петровна қайтыс болған; бұл үй өткен ғасырда мықты қарағайдан салынған, сырты және көне тартқанмен, әлі де елу жылдай тұрарлық. Лаврецкий бар бөлмені аралап шығып, арқаларын ақшыл шаң басқан кәрі сылбыр шыбындарға үлкен беймазалық жасады; бар терезені ашуға бұйырды, олар Глафира Петровна қазасынан бері қарай ашылып көрмеген еді.

Үй іші баяғысындай екен; қонақ үйдегі сирағы жіңішке ақшыл диван тоза түссе де, Екатерина заманын еске түсіреді; сол қонақ үйде үй иесі әйелдің сүйікті жұмсақ орындығы тұр; оның арқасы биік те, тіп-тік, иесі қартайған шағында да бұл арқаға сүйенбейтін. Көрнекті қабырғада Федордың үлкен атасы Андрей Лаврецкийдің ескі портреті тұр; қарауытқан, сарғыштанған ызалы жүзі айналасындағы қоңырқай дүниеден бөлінбей тұрғандай; кішкене қатал көздері ісінгендей, салбыраған қабақ астынан күңгірт қарайды; ағы жоқ, қара шаштары айғыздалған маңдайының үстінде шөткедей тікиіп тұр. Портреттің бұрышында шаң болған дала гүлінен тоқылған гүл алқа тұр. «Глафира Петровна өзі тоқыған еді» деп мәлім етті Антон. Жататын үйде биік тар төсек бар; оның үстінде ескі, бірақ қымбат бағалы аладан тігілген шымылдық бар; тыстары оңған жастықтар, кішкене таудай үйіліп тұр, жұқалау жүн тартылған көрпе де сол төсек үстінде; бас жақта Марья ананың кұдай үйіне кіру сәтін көрсеткен икон тұр; осы төсек иесі кәрі қыз, өлер сәтінде салқындаған еріндерімен осы иконды соңғы рет сүйіп, өзін жұрттың бәрі ұмытқан өмірден жол кешкен еді. Қымбат ағаштан істелген кішкене столда қисық айна бар, бір кезде алтын жалатқан жері қазір қарауытқан. Жататын үйдің жанындағы кішкентай бөлме намаз орны; мұнда бұрышта

ауыр, үлкен киот-икон сандығы бар; жерде балауыз тамған тозған кішкене кілем жатыр; Глафира Петровна осы жерде сәжда қылатын. Антон мен Лаврецкийдің малайы атқора мен сарайды ашуға кетті. Енді Антонның орнына онымен жасы барабар кемпір кірді; маңдайына тартқан орамалы көзіне түседі; басы қалтақтап, екі көзі ажарсыз қараса да, бар бейнесінде қызметке әзір болған күйі бар; құрметінде сәл өкініш көрінгендей. Ол Лаврецкийдің қолын сүйіп, есік алдында тоқтап әмір күтті. Лаврецкий кемпірдің атын білмеуші еді, мұны тіпті көргені де есінде жоқ екен, кемпірдің аты Апраксея бол шықты; қырық жыл бұрын Глафира Петровна оны мырзалар үйінен айдап, құс бағушы еткен екен; бірақ сөзі азғана алжи бастағандай болса да кемпір жағына қарайды. Осы екі қартпен және қарындары қампиган, ұзын көйлек киген Антонның шөбересі үш баладан басқа мырзаның үйінде шолақ қол бір мұжық тұрады екен; ол кемдік себепті міндетті жұмыстан босатылған, өзі құрдай қырқылдап, мінгірлеп сөйлегені болмаса, қолынан түк келмейтін адам; бұдан гөрі болымсыз пайдасы бар қартаң ит, ол бағана Лаврецкийдің келісін қарсы алған; мұның өзін он жыл бойы ауыр шынжырмен ұстап, Глафира Петровна қалдырған күйде әлі сақтайтын, сол ауыр жүгін ол бүгін де зорға сүйреп тірлік етеді. Үйді көрген соң Лаврецкий бақшаға шықты да, оның көрінісіне риза болды. Қалың жапырақ, тікенек басса да, мұнда шие мен алша өседі екен; көлеңкесі мол, ескі жөке ағаштары өзгеше мол бұтақтарымен таң қылғандай; ағаштар жиі отырғызылған болса да, жүз жыл бұрын күзелген қалпынан өзгермепті. Бақша кішкене мөлдір көлшікке тіреледі, көл жағалай аласа қызғылт ағаш өсіпті. Адам ізі тез сөнеді ғой: Глафира Петровнаның мекен жайы мүлде тозбаса да, ерекше бір тыныштық күйде қалғандай, адамның мазасыздық дерті жұқарған дүниенің бәрі де жер үстінде осындай қалғуда тұрмақ. Федор Иванович қыстақты да аралап өтті; бұған өз үйлерінің есік алдарына шығып, жақтарын таянған қатындар қарайды; мұжықтар алыстан бас иеді, балалар бұдан қашып тығылады, иттер салмақпен үреді. Ақыры, Лаврецкийдің қарны ашты, бірақ оның қызметкерлері мен аспазшысы кешке жетуі керек; Лавриктен тартқан обоз әлі келген жоқ, сондықтан ол Антонға тамақ жайын тапсырды. Антон сол арада қимыл етіп бір кәрі тауықты ұстап сойып, жүндеп жатты. Апраксея тауықты киім

жуғандай ұзақ жуып барып, кастрюльге салды, тауық піскенде Антон стол әзірлеп, үш аяқты ескі тұз сауықты және жұмыр шыны пробкасы бар, мойны жіңішке қырлы графинді қойды; содан соң әндеткендей дауыспен Лаврецкийге ас әзірлігін мәлімдеді; өзі мырзаның орындығының сыртына тұрып, қолына орамал ұстап, қызмет етті; шалдың бойынан ескі кипарис ағаштың нісіндей айқын көне иіс келеді. Лаврецкий сорпаны ішіп, тауықты қолға алып еді; оның бар терісі бұжырайып, екі аяғы сіңірлі, еті ағаш иістенеді және ащының да иісі бар. Астан кейін Лаврецкий шай сұрады, «қазір, сәт ішінде әкелем» деді де, шал уәдесін тез орындады. Кішкентай қызыл қағазға оралған бір шөкім шай табылды; алып-ұшып шуылдаған кішкене самауыр және ерігендей ұсақ түйірлі қант табылды. Лаврецкий шайды үлкен шынымен ішті, бұл шыныны ол бала күнінен білуші еді: сыртына карта суреті салынған бұл шыны тек қонақтарға берілетін; әзір Лаврецкий де сол қонақ есепті ішті. Кешке қызметкерлер келді, апасының төсегіне Лаврецкийдің жатқысы келмеді. Өз төсегін ас ішетін үйге салғызды. Шамды өшіріп, айналасына ұзақ қарап, көңілсіз ойларға кетті; әрбір иесіз мекенге алғаш қонған адамның көңіліне келетін сезімдер бар; мұның ойынша, айналадағы қараңғылық жаңа адамға үйренбегендей, тіпті үйдің қабырғалары да бұған таңырқандай. Ақыры ол күрсінді де, көрпесін тарта түсіп, Апраксеямен көп сыбырласып, күрсіне береді, екі рет шоқынып та алды; мұның екеуі де мырзаны Васильевскоге келер деп күткен емес; жақында сондай әдемі мекен жайы бар, жақсы мүлкі тұрғанда мұнда келмес дейтұғын; ол мекеннің Лаврецкийге жиренішті жай екенін бұлар сезген де емес. Лаврецкийге ол орында ауыр естегілер азап салғандай болар еді. Сыбырға қанып болған соң, Антон таяғын алып, сарай жанындағы асулы тұрған тақтайды бірнеше рет қақты да, сол орынға қораның ішіне жайғасып жатып қалды. Өзінің аппақ басын бүркеген де жоқ. Майдың түні тыныш, әсем еді, шал тәтті ұйқтады.

XX

Келесі күні Лаврецкий ерте тұрып, старостамен сөйлесті, қырман басына барып, қорадағы кәрі итті шынжырдан босаттырды, ит сәл ғана үрді де, өз үйшігінен

ұзамады; Лаврецкий үйге қайтып тыныш бір меңіреу күйге батты да, күнұзын сол қалпынан аумады. Өзіне бірнеше рет қайталап айтқаны; «өзеннің дәл түбіне батқан шағым осы болар» деді. Терезе жанына қозғалмастан отырып, мұны қоршаған тыныш өмірдің ағымына беріліп, меңіреу қыстақтың сирек үндерін тыңдайды. Қалақайдың аржағында әлдекім жіп-жіңішке үнмен ән созды. оған маса ызыңы қосылады. Міне, ән басылды, бірақ маса тынымсыз, көп шыбынның беймаза ызыңының арасында үлкен сонаның төбе тақтайға соқтыққан күйдегі үні естіледі, тыста қарлыққан үнмен қораз айғайлайды; сәл дырлап арба өтті, қыстақтың қақпалары сықырлайды. «Немене?» деп бажылдаған бір қатын айғайы шықты, қолына көтерген екі жасар қызды әлдилеп Антон қарт «ох, менің сәулешім» деп қояды. Жаңағы қатын даусы «квас әкел!» деп бұйырады, содан әрі және өлім тыныштығындай жым-жырттық басады; бір тықыр, бір қыбыр жоқ; жел де жапырақты сілкітпейді, қарлығаштар ғана бірі артынан бірі жер үстінен үнсіз ағып өтеді; олардың дыбыссыз ағынынан да жанға уайым білінбеді. Лаврецкий тағы да ойлана түсті, «міне, өзен түбіне батқаным!» дейді. «Әр заманда, әрдайым осындай баяу, сылбыр өмірді көресің мұнда; мұның ауқымына кіресің, бағына бер; мұнда толқыну, електену қажет емес; мұнда тек қана өзінің өмір соқпағын диқан айдаған боразда тәрізді асықпай тарта берген жан ғана олжа табады. Бірақ қандай қуат, қандай саулық бар дәл осы әрекетсіз тыныштықтың өзінде! Анау жерде, терезе түбінде қалың шөп арасынан табақтай атқұлақ өсіп шығыпты; одан бойы асып, қурай сабағын созыпты; жіңішке шыбық та биіктен алқызыл шашағын атады; анау жырақ далада көкнайза жылтырайды, сұлы да бүркене бастаған; әр ағаштың жапырағы барынша кең жазылған, әр шөптің сабағы нығайған.» Лаврецкий ойлана түсіп: «менің жақсы жылдарым әйел махаббатына кетіпті; тарылу мен іш пысу, енді мені бардан айықтырсын, тыныштық тапқызсын; сонымен де асықпай, іс істеуге әзір болайын» дейді. Ол қайтадан жаңағы тыныштыққа құлақ салады; ешнәрсе күтпегендей болса да, бір жағынан тынбастан әлде нені тосқандай болады; бірақ тыныштық оны жан-жағынан құшағына алғандай; көкшіл тыныш аспанда түн баяу жылжып барады; ақырында бұлттар ауады, олар қай жаққа, не үшін маңып бара жатқанын білетіндей көрінеді. Дәл осы кезде жер үс-

тінде көп жерде тірлік қайнап, асығып дабыр салғандай; бірақ мұнда сол өмір үнсіз ағады; көп мая шөп арасынан су аққандай сезіледі; кеш батқанша Лаврецкий осы өтіп бара жатқан, ағып өтіп жатқан өмірді көз алмай тамашалай отырды; өткен шақ қайғысы мұның жүрегінде көктемгі қардай еріп жатқандай және бір ғажайып хал!— Ешбір заманда мұның жүрегінде отанын сезіну жайы дәл осы шақтай терең, күшті түрде аңғарылмаған тәрізді.

XXI

Екі жұманың ішінде Федор Иванович Глафира Петровнаың кішкене үйін ретке келтіріп, қора мен бақшалы да тазартты; Лавриктен бұған жайлы үй іші аспаптарын әкелді; қаладан шарап, кітап, журналдар әкелісті; атқорада жақсы аттар пайда болды; қысқасы Федор Иванович бар керегін жайғастырып алып, әлдебір алпауыттай немесе қашқын жалғыздай өмір кеше бастады.

Әрбір күні айнамаған бірқалыпта өтсе де және ешкімді көрмесе де, оның іші пысқан жоқ; шаруасын орнымен, ықыласпен басқарды; маңайға салт атпен сейіл құрады, кейде кітап оқиды, бірақ кітапқа көп сарылған жоқ; көбінше Антон шалдың әңгімесін жақсы тыңдаушы еді. Әдет бойынша, Лаврецкий трубкасын алып, салқын шайды шыныға құйғызады да, терезе жанына орналасады; Антон екі қолын артына ұстап, есік жанында тұрып, өткен замандар жайындағы өзінің ұзақ әңгімесін шертеді; ол ертегілік заманда сұлы қапшықтың екі-үш тиыннан сатады екен; ол заманда атыраптың бәрі қалың жыныс тоғай болып, қалаларды да түгел қоршайды екен, сахаралардың көбіне жан баспайды екен. Шал уайым етіп, сексен жылғы өмірінің ендігі жеткенін санағанда: «Енді болса, бар ағаш кесілген, бар жер жыртылған, тіпті аяқ басар орын жоқ!» дейді. Антон және өзінің иесі болған Глафира Петровна жайын көп айтады; оның ақылы, шаруаға ұстамдылығы қандай еді, осыны айтады; бір кез жас мырза жақын көрші оған келгіш болып алыпты; ол келерде әйел сары көйлегін киіп, басына мейрамда киетін лента таққан бөрікшесін киіп, қарсы алады екен; артынан әйел ол мырза көршіге бір жайдан ашуланып қапты; анау: «Ханым, сізде жиған ақша көп болу керек қой» депті; содан кейін оны үйге жолатпай қойыпты және сол күн-

дерде өзінен қалған бар мүлік, бар киім-бұйымды да түгелімен Федор Ивановичке табыс етіндер деп тапсырыпты. Айтқанындай апасының бар жиған-тергені жаңағы бөрікшесі, сары көйлегі — бәрі түгел бұл үшін сақталған екен. Лаврецкий қызық көріп, осыдан табылар деп күткен ескі қағаз, қызық документ атаулыдан мұнда ештеңе болмай шықты: тек бір ғана ескі кітапша бар екен, сонда мұның атасы Петр Андреевич жазған бір қағазда «Петербургта түрік патшалығы мен князь Александр Александрович Прозоровский жасаған бітім шеніндегі той туралы» депті: тағы бір жерде «өкпе науқасына ем жайы» айтылыпты: «Үшбу өсиет генерал катыны Просковья Федоровна Салтыковаға, Федор Авксентьевич ғажайып шіркеуінің ұстазынан берілген» деп жазылыпты; бір жерде мынадай саяси хабар да бар екен: «Жыртқыш француздардан хабар болмайтын боп кетті», депті, және соның қасында бір жазуда «Москва ведомості баяндауы бойынша, мырза ұлық майор — Михаил Петрович Қолычев өліпті. Петр Васильевич Қолычевтің баласы емес пе екен?» депті. Лаврецкий және бірнеше ескі календарь, түс жорығыш кітаптармен қатар Амбодиктің ғажайып шығармасын да тапты; көптен ұмытылған, бірақ соншалық таныс «символдар мен белгілер» бұған көп нәрселерді еске салды. Глафира Петровнаның айнасы тұрған столдың ішінде бір кішкене түйіншек бар екен, оны кара лентамен орап, кара сорғышпен желімдепті де, құнттап тығыпты. Сол түйіншектің ішінде мұның әкесінің жас күйіндегі бұйра шаш қалыптағы суреті бар екен; және жүдеу жүзді ақ киім киген, қолына ақ гүл ұстаған, тозыңқыраған бір сурет Лаврецкийдің анасының суреті екен. Глафира Петровна өз суретіне тартқызбайтын. Антон Лаврецкийге әңгіме айтып келіп: «Мен әкем Федор Иванович, мырзалар үйінде тұрмасам да, сіздің ұлы атаңыз Андрей Афанасьевичті жақсы білемін; қайда, ол кісі қаза болғанда мен он сегізге қарай басып ем. Бір күн бақшада кездесіп қап ем, бар сіңірім қалтырап кетті: бірақ ол кісі түк айтпады, тек «атың кім?» деп сұрап, содан соң үйден «орамал әкел, әкел!» деп жұмсады. Мырза болғанда қандай еді, өзінен жоғары бар деп білген емес. Мен сізге айттайын, оның себебі, сіздің ұлы атаңызда сондай бір ғажайып сауыт болған, әулиелік Афон тауында бір сопы сыйлаған екен. Сол монах айтыпты ғой: «Шырағым, мырзам, осыны қуанышыңа сыйлаймын, жоғалт-

пай сақта және ешбір соттан қорықпа!» депті. Әкем-ау, со заманның өзі қандай десеңші, мырзаның жаны нені тілесе соны істеген ғой. Тіпті басқа мырзаның біреуі көлденең бірдене десе де, бұл кісі тек бір қарайтын да, жалғыз-ақ сөз айтатын: «саяз жүзесің, шырағым» дейтұғын; бұл ең бір жақсы көретін сөзі еді. Марқұм сіздің ұлы атаңыз тұрғанда да кішкене ғана ағаш үйде тұрды; ал қалдырған қазынасын айтсаң, күміс пенен басқа байлықтың өзі де подвалда лық толы болушы еді. Ие болғанда нағыз иенің өзі еді. Әлгі сіз мақтаған графин сол кісінікі еді ғой, арақты содан ішетін. Ал енді сіздің атаңыз Петр Андреевич болса өзіне сарайды тастан салғызды, бірақ дүние жимады; ісінің бәрі қыңыр кетіп, әкесінен көп төмен өмір сүрді, өз басына рахатты да көп таппады; ақшаның бәрін таусып, өзіне ас берерлік те қалдырмады; жалғыз күміс қасық та қалған жоқ еді; тек Глафира Петровнаға рахмет, сол кісі кұрастырды ғой».

Лаврецкий оның сөзін бөліп:— Глафира Петровнаны «кәрі сараң» деп атандырғандары рас па?— деп еді.

Антон жақтырмай, жауап берді:

— Қай жөнді кісі айтады дейсіз?

Бір уақыт шал батылданып:— Немене, әкем? Біздің жас ханым қай жерде тұрып жатыпты?— деп сұрап еді.

Лаврецкий қиналып жауап қайырды:

— Мен қатыныммен айрылысқанмын, тілеуің берсін, ол туралы сұрама!— деді.

Шал мұнайып қана жауап қатып:

— Құп, құп!— деді.

Үш жұма өткеннен кейін Лаврецкий салт атқа мініп, О... шаһарына барып, Қалитиндерде бір кеш болып қайтты. Лемм сонда екен, ол Лаврецкийге қатты ұнады. Әкесінің кесірінен Лаврецкий ешбір музыка ойнай білмесе де, классикалық мағыналы музыканы өте жақсы көруші еді. Қалитиндерде бұл кеште Паншин болған жоқ. Оны губернатор қаланың сыртына бір жұмысқа жіберіпті. Лиза күйді жалғыз тартып, жақсы орындап отырды; Лемм көңілденіп, бой жазып, бір қағазды ширатып таяқша жасап ап, дирижерлық істеді. Марья Дмитриевна әуелде бұған қарап күліп еді, кейін ұйықтауға кетті; оның айтуынша, Бетховен жүйкесін қозғайды екен.

Түн ортасында Лаврецкий Леммді пәтеріне шейін ұзатып, соның үйінде таңғы сағат үшке дейін отырды.

Лемм көп сөйледі; оның күліс жауырыны жазылып, көздері жайнап, кең ашылып алыпты; шаштары да төбе тұсында тікірейе түскен. Көп заманнан бері мұның жайын ойлаған жан болмай кетіп еді, ал Лаврецкий бұл адамға қызыққандай, үлкен ықылас бейілмен жай-жапсарын көп сұрастырады. Сонысы қартқа қатты әсер етті. Ақыры ол қонағына өзінің жазып жүрген музыкасын көрсетіп, өлімсіреген дауыспен әндетіп айтып та берді; өзі Шиллердің «Фридолин» атты балладасына музыка жазған екен. Лаврецкий мұны мактап, кейбір шығармаларын қайтадан ойнатты; жүрерінде қонаққа шақырып, біраз күн мейман боп кетуін өтінді. Лаврецкийді далаға ертіп шыққан Лемм баруға көніп, жігіттің қолын қатты қысты; бірақ салқын дымқыл ауада жалғыз қалған соң айнала қарап, таң келе жатқанын аңғарып, бүрісе түсіп, әлденеге кінәлі кісідей сезінді, өз бөлмесіне күйбеңдей жөнеліп, немісше «мен есімнен айрылсам керек» деген сөзді мінгірлеп, әлденеше қайырып айтты да, өзінің әрі қатты, әрі қысқа төсегіне жантая берді.

Осыдан бірнеше күн өткенде, Лаврецкий күймеге мініп кеп шақырғанда Лемм ауруын сылтау еткісі келіп еді, бірақ Федор Иванович оның бөлмесіне өзі кірді де, еріксіз көндірді. Леммге, әсіресе, ерекше көрінгені, Лаврецкий бұған арнап өз қыстағына қаладан фортепьяно апарғызыпты. Екеуі кешке жақын Қалитиндерге барып еді, бірақ бұл кешті екеуі де алдыңғыдай көңілді өткізе алған жоқ. Паншин сонда екен, ол өз сапарын әңгіме ғып, кездескен алпауыттарды өте күлкі түрде мазақтап отырды; Лаврецкий күліп тындаса да, Лемм үндемей жымжырт отырды; бұрыштағы өрмекшідей ақырын ғана қозғалып, ойсыз мұңмен қарайды; тек Лаврецкий үй ішімен қоштаса бастағанда ғана ажары түзелді. Ол күйменің ішінде де тығылып бүрісе түскен болып еді, бірақ тыныш, жылы ауа, жеңіл жел, сәл көленке, шөптер иісі, жұлдызды айсыз аспанның сүлелеу жарығы, аттардың пысқыра түсіп, ентелеп жортқан дүбірі, қысқасы, бар жолдың, көктемнің, түннің әсері жиылып, сорлы немістің жанына төнгендей болды да, Лаврецкиймен әңгімені өзі бастады.

XXII

Ол музыка туралы, Лиза туралы сөйлеп, кейін тағы музыкаға ауысып отырды. Лиза туралы сөйлегенде әр сөзін жайырақ айтқан сияқтанады; Лаврецкий әңгімені

Леммнің шығармаларына ауыстырып, калжың ретінде, Леммге арнап либретто жазып бергісі келетінін айтты. Лемм дау айтты.

— Гм... либретто! Жоқ, ол маған болмайды; операға қажет болатын қиял өрісі мен оттылық менде жоқ қой, мен қазір қуаттан айрылғамын ғой. Егер қолымнан бірдене келсе, романс жазуды да қанағат қылар ем, әрине, сөзі жақсы болса дер едім...

Ол үндемей, көпке дейін қозғалмай, аспанға қарап отырды. Ақыры, айтқан сөзі:

— Мысалы, әлде мынадай ма екен: сіз жұлдыздар, о сіз пәк жұлдыздар!— деді.

Лаврецкий бұған сәл бұрылып, тура қарап қалды. Лемм сөйлеп кетті.

— Сіз жұлдыздар, пәк жұлдыздар. Сіздер айыптыға да, айыпсызға да бірдей қарайсыздар... бірақ тек қана жүрегі кінәсыздар... деген дей ме... сіздерді түсінетін, яғни, жоқ,— сіздерді сүйетін десе бола ма? Бірақ мен ақын емеспін, қайда бізге! Бірақ не де болса осы тәрізді биік сипатты бірдене болса.

Лемм шляпасын қалқита киді; жарық түннің жұқалаң қараңғысында, алакөленкесінде, оның жүзі ақшылданып, жасара түскендей. Барған сайын баяулай түскен дауыспен сөйлеп отыр.

— Сіз де сондай... кімнің сүйетінін сіз білесіз, сүйе білетінін де аңғарасыз. Өйткені сіз, таза жұбата білетін адамсыз. Жоқ, мұның бәрі ол емес! Мен ақын емеспін, бірақ не де болса осы тәрізді бірдене болсам екем.

Лаврецкий жауап қатып:

— Менің де ақын еместігім өкіндіреді!— деді.

Лемм:— Бос қиял ғой,— деді де, күйменің бұрышына тығыла түсті. Ұйқтағысы келгендей көзін жұмды.

Сәл мезгіл өткен еді... Лаврецкий тындаса «жұлдыздар, пәк жұлдыздар, махаббат» деген сөздерді шал сыбырлап айтып отыр екен. Лаврецкий өз ішінен: «махаббат!» деген сөзді қайталады да, ойланып қалды, жаны қысылғандай болды. Ол қатты дауыстап сөйледі:

— Христофор Федорович! Сіз Фридолинға тамаша музыка жазыпсыз. Қалай ойлайсыз, осы Фридолин оны граф өз әйеліне әкелгеннен кейін сол әйелдің ғашығы болды ғой, ә?

— Олай дегеніңіз, тегі, тәжірибеден мәлім бе?— деп Лемм сөз бастады да, артынан шұғыл тоқтап қап, өзінен-өзі қысылып сырт айналды.

Лаврецкий зорлықпен күлді де, солға қарады, бұл да сырт айналды.

Күйме Васильевскідегі үйдің алдына жеткенде аспан ақшыл тартып, жұлдыздар жүдей бастаған-ды. Лаврецкий қонағын оған арнаған бөлмеге апарып кіргізді де, өзі кабинетке қайтып кеп, терезе алдына отырды. Бақшада бұлбұл соңғы таңғы сазын шырқатып тұр. Қалитиндер бақшасында да бұлбұл сайрап қалғанын Лаврецкий есіне алды; Лизаның көзі баяу қозғалып, бұлбұл үні алғаш шыққанда қарауытқан терезеге бұрылған еді. Лизаны ойға алғанда мұның жүрегі тыныштық тапты. «Таза қыз» дей түсіп, «Таза жұлдыздар» деп ақырын ғана айтты да, сәл жымия түсіп, тыныш ұйқыға кетті.

Лемм көпке шейін ұйықтамай, төсегінің үстінде нотаның тетрадын тізесіне жайып, ұзақ отырды. Бұрын әсте оралмаған әсем ырғақ мұны енді табатын тәрізді, ол қызынып, толқына бастады; бойы балқып, жақсы бір туыс жақындағанына сүйсініп, ісінгендей болады. Бірақ солай тосқанымен, ол саз оралмады. Ақыры сыбырлап: «ақын да, музыкант та емеспін» деді.

Талып, қажыған басы жастыққа салмақпен сұлай түсті.

XXIII

Келесі күні қонақ пен үй қожасы шайды бақшада, қартаң жөке ағашының түбінде отырып ішті.

— Маэстро¹,— деп Лаврецкий сөз бастап,— сіз әлі жақында, «Қуаныш кантатасын» туғызатын боласыз!— деді.

— О қай себепті?

— А, Паншин мырзаның Лизамен қосылуы себепті. Кеше жігіттің қанша құрмет тұтып, қызға оралғанын көрмедіңіз бе? Істері піскен тәрізді ғой.

— Ол болмайды,— деп Лемм қатты айтып қалды.

— Неге?

— Ол мүмкін емес. Бірақ...— деп, сәл бөгелді де,— бұл дүниеде бәрі мүмкін. Әсіресе, осында, сіздерде, Россияда,— деді.

— Россияны мазаламай-ақ қояйық; олар үйленсе де не өрескелдік бар деп ойлайсыз?

— Бәрі өрескел, бәрі... Елизавета Михайловна әді-

¹ Оқытушы, өз ісінің шебері.

летті, салмақты жарқын сезімді қыз, ал ол!.. Ол, бір сөзбен айтқанда, дилетант¹.

— Бірақ қыз оны жақсы көрмей ме?

Лемм орнынан тұрды.

— Жоқ, ол оны жақсы көрмейді. Жо-ға... Оның жүрегі аса таза, ол махаббат дегеннің не екенін әлі білмейді. Мадам фон-Калитин ананы жақсы жігіт дейді, Лиза мадам фон-Калитинді тыңдаумен жүр, өйткені жасы он тоғызда болғанмен, ол әлі мүлде бала: таңғы намаз, кешкі намазды оқиды, мұнысы аса мақтарлық іс, бірақ ол ананы жақсы көрмейді. Өйткені, ол тек тамашаны ғана сүйе алады, ал жігіт тамаша емес, оның жаны тамаша емес.

Лемм бұл сөздерді шай столының жанында аяндап жүріп, екі көзі төмендеп, алаңдай түсіп, өзінше бір қызумен орынды қып айтты. Лаврецкий тез жауап қатып:

— Қымбатты маэстро, менің байқауымша, сол менің сүйікті туысымды сіздің өзіңіз жақсы көресіз бе деймін!— деді.

Лемм қалт тоқтай қалды. Даусы өзгеріп:

— Тілеуіңізді берсін, мені осылай әзіл етпеңіз. Мен ондай есуас емеспін: қараңғы көрге қарап тұрған адаммын, гүл атқан келешекті күткен жан емеспін!— деді.

Шалға Лаврецкийдің жаны ашып, одан кешірім сұрады. Шайдан кейін Лемм өзінің кантатасын қайта ойнап шықты, ал обед үстінде Лаврецкийдің қозғауымен тағы да Лиза туралы сөйлеп кетті.

Лаврецкий оның сөздерін ықыласпен қызығып тыңдады. Кейін барып:

— Қалай ойлайсыз, Христофор Федорыч, біздің бақшамыз толық гүл атып тұр. Мұндағы тәртібіміз оңдалған емес пе? Лизаны анасымен және менің кәрі апаммен қоса осында шақырсақ қайтеді? Сізге сол ұнар ма?— деді.

Лемм тарелкаға басын тұқырта беріп, сәл ғана естіріп:

— Шақырыңыз!— деді.

— Ал, Паншиннің керегі жоқ қой?

— Керегі жоқ!— деп шал балаша жымиды.

Екі күн өткен соң Федор Иванович қалаға Калитиндерге кетті.

¹ Дилетант — үстірт, ұшқалақ.

Бұл келгенде үй иелері түгел екен, бірақ ол өз ниетін тез білдірген жоқ; әуелі Лизамен оңаша сөйлеспек еді. Мұның орайы тез келіп, бір сәтке қонақ үйде екеуі оңаша қалды. Әңгімелері оңай басталды; қыз бұған үйреніп қалған еді және ол тегінде ешкімнен де үрікпейтін. Жігіт оған қарай түсіп, сөзін тындап, өз ішінде Леммнің сөздерін қайталап, құптап отырды. Тегінде, кей шақта өңі таныс, бірақ әлі бір-біріне жақын емес адамдар бір-ақ сәтте шапшаң жақындасатыны бар ғой; сондай жақындасу олардың көз қарастарынан, достықпен ақырын күлісуінен, сәл-ақ қозғалыстарынан аңғарылады. Дәл осы жай қазір Лаврецкий мен Лиза арасында байқалып қалды. «Бұл сондай екен-ау!» деп қыз ойлап, жігітке рақымды жүзбен қарады. «Сен осындай екенсің-ау!» деп жігіт те ойлаған еді. Сондықтан қыз біраз бөгеле тұрып, оған айтайын деп жүрген, жүрегінде сақтаған сөзі барын және оны айтуға өкпелетіп алам ба деп қорғанатынын білдіргенде Лаврецкий таңданған жоқ.

— Қорғанбаңыз, айтыңыз!— деді де қыздың алдына тақап келді. Лиза бұған өзінің ашық жарқын көздерін аударды.

— Сіз сондай мейірімді адамсыз,— деп бастады да, ол ішінен «рас, ол анық мейірімді адам» деп ойлап алып,— маған кешіріңіз, бұл жөнінен сөйлеуге батылым бармаса да керек еді... Бірақ сіз қалайша, неліктен осы әйеліңізбен айрылыстыңыз,— деді.

Лаврецкий дір еткендей болды да, Лизаға көз салып, қасына отырды.

— Қарағым, бұл жараға тимеңіз, тілеуіңізді берсің; сіздің қолыңыз нәзік екені рас, бірақ маған бәрібір ауыр тиеді!— деді.

Лиза оның сөзін түгел естімегендей сөйлей берді.

— Мен білемін, ол сіздің алдыңызда жазықты, ақтағым келмейді; бірақ тәңір қосқанды қалай айыруға болады?

Лаврецкий қатаңдау жауап қатты.

— Бұл жайға келгенде, Елизавета Михайловна, сіз екеуміздің иланышымыз екі басқа, бір-бірімізді түсінісе алмаймыз.

Лизаның өзі сұрқыл тартса да, бар денесі дір ет-

кендей боп тоқтағысы келмеді. Ақырын ғана үн қатып:

— Өзіңізді кешіргенді тілесеніз оған сіз де кешірім етуіңіз керек,— деді.

Лаврецкий тез жауап айтты:

— Кешіруге ме? Сіз әуелі кім үшін кешірім сұрап тұрғаныңызды білуіңіз керек емес пе? Ол әйелді кешіріп, сондай қуыс кеуде, рақымсыз жанды қайтадан өз үйіме жіргізу ме? Және оның маған қайта оралғысы келетінін сізге кім айтты. Мәлім болсын, ол өз халіне тіпті риза... Қысқасы, несін айтамыз, оның атын сіз атай көрмеңіз. Сіз аса таза жансыз, ондай затты сіздің, тіпті, түсінуіңіз де мүмкін емес.

— Неге қорлайсыз?— деп қысылып жауап қатқан Лизаның қолы дірілдей түсті.— Оны тастап кеткен өзіңіз емес пе, Федор Иванович?

Лаврецкий ықтиярсыз шыдамнан айрылды:

— Мен айттым ғой сізге, сіз ол заттың қандай екенін білмейсіз демедім бе?

— Ендеше неге үйлендіңіз оған?— деп Лиза сыбырлады да, көзін төмен салды.

Лаврецкий орындықтан шапшаң тұрды.

— Неге үйлендіңіз дейсіз бе? Мен онда жас едім, тәжірибесіз едім; сырт сұлулығына қызықтым да алдандым. Мен әйелді де және басқа ештеңені де білмеуші ем. Тәңір сізге бақыт берер жар кездестірсін! Бірақ иланыңыз, ешнәрсеге алдын-ала кепіл болуға мүмкін емес.

Лизаның даусы бөгелендеп, ақырын сөйледі.

— Әрине, мен де бақытсыз болуым мүмкін, бірақ онда көну керек; мен айта алмай тұрмын, егер біз көнбейтін болсақ...

Лаврецкий екі қолын аяқастырып, тақтайды теуіп қалды. Лиза асығыс сөйлеп:

— Ашуланбаңыз, маған кешірім етіңіз,— деді.

Осы сәтте Марья Дмитриевна кірген еді. Лиза орнынан тұрып кетуге айналды. Лаврецкий оған оқыс дауыстап:

— Тұра тұрыңыз, менің сіз бен анаңызға үлкен өтінішім бар: менің жаңа мекеніме рақым етіңіздер. Білесіздер ме, мен фортепиано тауып алдым, Лемм біздікінде қонақ боп жатыр; қазір сирень гүл атты, сахараның ауасымен дем аласыздар және сол күні-ақ қайтуға болады, мақұл ма?— деді.

Лиза анасына қарады, ал Марья Дмитриевна димкәс адамның жүзін көрсете беріп еді, Лаврецкий оның аузын аштырмастан екі қолын сүйіп алды. Марья Дмитриевна өзін сыйлағанды аса ұнататын, әсіресе, мынадай құрметті, өзі ибалық дейтін Лаврецкийден күткен жоқ еді, енді жаны елжіреді де, көне қалды. Ол қай күні жүретінді ойлап қалғанда, Лаврецкий Лизаға әлі де толқынып тұрған жүзбенен тақап келіп, сыбырлап сөйледі:

— Алдарыза болсын, сіз сондай рақымды бойжеткенсіз, мен айыптымын!— деді.

Қыздың ақшыл жүзі көңілденіп, қып-қызыл боп ұяң күлкі пайда болды, көздері де қоса күлгендей; мұның алдында ол жігітті ренжітіп алдым ба деп қорғанып қалған еді. Марья Дмитриевна сөз қатып:

— Бізбен бірге Владимир Николаевич бара ала ма?— деді.

Лаврецкий:

— Әрине, бірақ біз өз жақын тобымызбен болғанымыз артық болмас па еді?— деді.

Марья Дмитриевна:

— Бірақ сонда да!— деп сөз бастады да,— мейлі, еріктеріңіз білсін!— деді.

Бұлар Леночка мен Шурочканы да ертпекші. Марфа Тимофеевна бармайтын болды. Оның айтқаны:

— Маған ауыр ғой, жарығым. Кәрі сүйегімді қинама? Сендер жататын жер де жоқ шығар. Мен болсам, бөтен төсекте ұйықтай алмаймын. Анау жастар шапқылай берсін!— деді.

Лаврецкий бұдан соң Лизамен оңаша бола алмады, бірақ оған қарағаны соншалық еді, қыз бір жағынан аз ұялып, бір жағынан оны аяды да, сонымен қатар өте сүйгендей болады. Екеуі қоштасарда жігіт қыздың қолын қатты қысты; оңаша қалған қыз ойланып қалды.

XXV

Лаврецкий үйіне қайтып келгенде қонақ үйінде бұған қарсы шыққан ұзын бойлы, ашаң жүзді адамды көрді; оның үстіндегі көкшіл сюртугі тозған, ажымды көзі көңілді, бурыл тартқан бакенбардасы жиыла түскен, ұзындау тұмсығы тура кеткен, кішілеу көзі қызарыңқы адам еді. Бұл Лаврецкийдің университеттегі жолдасы Михалевич болатын. Лаврецкий басында та-

нымай қалды, кейін қонақ өзін атаған жерде жабыса құшақтай алды. Москвадан соң бұлар көріспеген еді Эр жайды кезектесіп сұрасып, талайдағыны еске ала бастады. Бір трубкадан соң біреуін тартып, шайын сирек ұрттап, ұзын қолдарын сермеп сөйлеп, Михалевич өзінің қандай өмір кешкенін баяндап кетті; ол әнгімесінде онша қызық ештеңе де жоқ, мақтанарлық олжасы және жоқ болса да, ол қайта-қайта күліп отырды. Күлкісі сырылдаған үнмен шығатын ұсақ күлкі. Осыдан бір ай бұрын бір бай көтермешінің конторынан қызмет алыпты, ол жерде О... қаласынан үш жүз шақырымдай екен. Жақында Лаврецкийдің шет елден қайтқанын естіп, әдейі бұрылып, ескі жолдасын көруге кепті.

Жас күндегісіндей Михалевич әлі де шапшаң, қатты үнмен қайнап сөйлейді екен. Лаврецкий өз өмір жайын айта бастап, Михалевич оның сөзін тез бөліп, міңгірлеп кетті:

— Естідім, шырақ, естідім. Бүйтер деп кім күткен!— деді де, сөзді басқа бір жайларға аударды.

— Мен ертең кетуім керек. Бүгін, туғаным, айып етпе, біз кеш жатамыз. Мұны менің сонша білгім келетіні, сенің ендігі нанымдарың, көзқарасың, кім болғаның, өмірдің саған нені үйреткенін білмекшімін,— деді.

Михалевич әлі отызыншы жылдардың үлгісінде сөйлейді екен.

— Мен болсам көп жайдан өзгердім, туған, өмір толқыны кеудеге соқты деп кім айтып еді? Рас, негізгі анық жай да өзгерген жоқ, мен бұрынғыша жақсылыққа ақиқаттыққа сенемін; бірақ мен сеніп қана қоймаймын, бүгін де, иланамын, дінге де иланам! Білесің бе мен өлеңді де жазып қоям; поэзиясы болмаса да, шындығы бар өлеңдер. Мен өзімнің соңғы жазғанымды оқиын; мұнда бар иланышымды баян еттім. Тыңдашы!— деді де, Михалевич өлең оқуға кірісті, онысы бірталай ұзақ өлең екен. Соңғы жолдары былай бітеді екен:

«Бар жүрекпен жаңа жайға ауыстым,
Жас балаша жаңғырғандай жаным да,
Бұрынғы бір өртенгенмен табыстым,
Табынғаннан тат қалмады жадымда.

Соңғы жолдарын оқи отырып, Михалевич жылай жаздады; үлкен толқын белгісіндей боп, еріндері дірілдеп, сүйкімді пішіні де өзгере жадырағандай болды. Лаврецкий көп уақыт тыңдаумен отырды... бірақ ішінде қар-

сылық оянып еді; Москва студентінің әр сәтте дайын тұратын алыпқашпа, қайнаған мінезі мұны ыза қылушы еді, ширек сағат өтпей-ақ екеуі таласып кетті, орыс адамдары құмар келетін өмірі бір аяқталмайтын, көп таластың бірі еді. Көп жылдар көріспей, шалғай дүниелерде өмір кешкен адамдар бірін-бірі түсіну былай тұрсын, өз ойларын да анық аңғармай, құр сөзге байланысып, құрғақ сөзбен ғана таласады; өте қиын, керек жайларды бақасқа салды; қызулары екеуінің өмірі мен өлімі үшін таласқандай болды; екеуінің күжілдеген айғайы ауладағы бар адамдарды үркітті.

Ал, Лемм бұйғұс Михалевич келгеннен бері өз бөлмесіне тығылған болса да, енді сасқалақтап, әлденеден қорқақтай берді.

Михалевич түнгі сағат бір шамасында айғайлап сөйлеп тұр:

— Сен кім болғаның сөйтіп? Торыққаның ба?

— Торыққан кісі осындай бола ма? Олар ауру, жүдеу келеді. Мен болсам, сені жалғыз қолыммен аспанға көтерейін бе!

— Торыққан болмасаң, скептик бопсың, оның мүлде жаман. (Михалевичтің кей сөзі оның туған елі Малороссия әдетінше айтылатын.)— Ал скептик болуға сенің қандай правоң бар? Айтайық, өмірде саған өкініш түскен болсын, өзіңде сенің жазығың да жоқ еді: сен құмарлығы күшті, махаббатшыл жан боп туған едің, ал сені әйелден жырақ етіп ұстапты, сондықтан саған бірінші кездескен әйел сені алдауы оп-оңай еді.

— Ол сені де алдады,— деп Лаврецкий жақтырмай жауап берді.

— Рас, рас, мен бұл тұста тағдырдың құралы боп кеттім; рас-ау, бекер айтады екем-ау, тағдыр мұнда жоқ қой; дәл сөйлемейтін ескі әдет. Ал бірақ бұл нені дәлелдейді?

— Дәлелдейтіні сол — мені бала шағымнан мертіктіріп өсірді.

— Ал сен... мертігінді түзе! Адамсын, еркексің, сол үшін міндеттісің, қайратты кісіден сұрайтын емессің! Бірақ қайткенде де жеке бір мысалды жалпылық заңға айналдыру, өзгермес жол деп ұғыну мүмкін бе екен? Лайық па екен сол?!

Лаврецкий дау айтып, «не қылған заң, мен ондайды білмеймін» дей берді.

— Жоқ, ол сенің жолың, сен жол деп тұрсын.

Енді бір сағат өткенде Михалевич айғайлап, қыза сөйлеп:

— Сен өзімшіл, білдің бе, сен тәттіні тіледің, өмірден бақыт күттің, бірақ бәрін өзің үшін ғана тіледің...— деді.

— Тәттіні тілегені несі?

—Тек бәрі сені алдады да, аяғыңның астынан сол жалғанды ғана көрдің.

— Тәттіні тіледің деген не деген сөз, мен соны сұраймын?

— Ол да ойран болды. Өйткені сен тірек іздегенде оны таба алмайтын жерден тіледің; өйткені сен үйіңді құмның үстіне салмақ болдың.

— Теңеусіз-ақ анық сөйлеші! Әйтпесе не дегеніңді мен түсінетін емеспін.

— Әйтпесе күле бер! Әйтпесе, сенде наным жоқ, жүрегінде жылау да жоқ, тек қана ақылсымақ, бір тиындық ақыл ғана бар. Сен жай айтқанда, өмірден қалып қойған бейшара вольтериянец боп қапсың, білдің бе?

— Кім? Мен вольтериянец пе?

— Я, өзің сезбесең де дәл өзіңнің әкеңдей вольтериянецсің.

Лаврецкий қатты үнмен:

— Бұлай болса, мен сені фанатик деуге хақым бар,— деді.

Михалевич мұңая түскендей, дау айтты:

— Бәрекелде, сортыма карағанда мен ондай ұлы атаққа татымаймын.

Сағат үште Михалевич тағы айғайлап жатты

— Мен енді кім екеніңді білдім. Енді айтсам, сен скептик те емессің, торыққан вольтериянец те емессің, сен кешесің. Ақыл санасы бар, түзелмес кешесің, аңқау кеше емессің. Аңқау кешелер пеш үстінде түк істемей жатады да қояды; олар ешнәрсе істей де білмейді, олар ойлай да білмейді; ал, сен ойлайтын адамсың, бірақ сен де жатып алғансың; қолыңнан бірдене істеу келер еді, соны істемейсің; тойған қарпыңды аспанға қаратасың да жатасың; жатпасқа шараң да жоқ; өйткені адам баласының бар әрекетін болымсыз, татымсыз деп түсінесің.

Лаврецкий әлі де дауласып:

— Мені жатып аласың дегенді қайдан шығардың? Осы айтқаныңдай олар менде бар дегенді қайдан таптың?— деді.

Бірақ тынымсыз Михалевич үдеп соқты.

— Бәрінен бұрын сендердің бәрің шетіннен кітапты көп оқыған кешесін. Сендейлер немістің қай аяғының ақсайтынын, ағылшын мен француздың неменесі жамаанын — бәрің білесіңдер; сол сорлы білімдерің сендерге жәрдем етіп, бойларындағы жалқаулықты, ұят түрдегі әрекетсіздікті қорғап отырады. Кейбіреулерін мақтан да етесіңдер ғой; «мен ақылдылықтан жатырмын, анау ақымақтар тыпырлай берсін» дейсіңдер ғой. Я... бізде тағы бір мырзалар бар, оларды дәл сен тәрізді демеймін; кейбіреулері іш пысудың өзін тамашалап, соған үйреніп, соған қаймаққа батқан саңырауқұлақтай, — деп өз теңеуіне өзі күлді де Михалевич, — белшесінен батады да отырады. О, сол ішпысуды тамашалау орыс адамының соры со ғой! Қуарған кеше және өмір бойына бірдене істеуге әзірленіп жүрген кісімсиді! — деді.

Лаврецкий де қызып сөйлеп:

— Ұрысатының не осы сенің? Қызмет... жұмыс... дейсін. Одан да дәл не жұмыс екенін айтсаңшы, өзіміздің Полтаваның ұрысқақ Демосфені-ау!

Ал Демосфен мұны мақтанып, дау айтты:

— Қара, талабың! Оны мен саған айтпаймын, шырақ! Не істейтінді әркім өзі табу керек. Алпауыт, ақсүйек өзі не істейтінді білмейді! Иланышың жоқ, ол болса білер едің, дінің жоқ, сондықтан табарың да жоқ.

Лаврецкий енді жалынып сөйледі.

— Тым құрса, дем алдырсаңшы, сайтан-ау; айналаны танып көруге мезгіл берсеңші! — деді.

Михалевич әмірлі қолмен сілтеп сөйлеп:

— Бір минут демалыс, бір секунд тыным керек емес. Ажал тоспайды екен, тірілік те тосуға міндетті емес, — деді.

Таңғы сағат төртте ол біраз қарлығып қалған дауыспен тағы айғайлап жатты:

— Қай шақта ғана, қай жерде ғана осылар кеше бола қалды? Бізде, осы күнде Россияда! Әр адамның құдай алдындағы, халық алдындағы, өз алдындағы қарызы сонша көп боп жатқан шақта, біз ұйқыдамыз, мезгіл өтіп барады. Біз әлі ұйқыдамыз..

Лаврецкий жай ғана ескертіп:

— Мен сенің есіне салайын, біз мүлде ұйқыда емеспіз; қайта өзгелерге ұйқы бермей тұрмыз. Екеуміз де қораздай көмейімізді керіп тұрмыз. Тыңдашы өзің, қораздың үшінші айғайлауы болса керек мынау, — деді.

Бұл мінез Михалевичті әрі күлдіріп, әрі тыныштық тапқызды.

— Ертеңге шейін,— деп ол жымыды да, трубкасын кисетіне салды.

— Ертеңге шейін!— деп Лаврецкий де айтып еді, бірақ екі дос әлі де сағаттан артық әңгімелесті. Тек ендігі үндері қатты шыққан жоқ. Бұл кездегі сөздері мұңды, ақырын, мейірімді сөздер еді.

Лаврецкий қанша тоқтатса да көнбей, Михалевич ертеңінде жүріп кетті. Федор Иваныч оны көндіре алма-са да, бірақ сөзге молынан қанып алды. Михалевичтің жанында қара тиыны да жоқ екен. Лаврецкий оның баяғыдан бойына сіңген жоқшылық белгісін алғаш көргенде-ақ байқап еді, етігі тозған, сюртугінің артында бір түймесі үзілген; қолы перчатка көрмегендей, шашына мамық ұйысып қапты; келген жерде жуынуды да тілемеді; ал кешкі астың үстінде етті қолымен жұлмалап, өзінің қарайып кеткен мықты тісімен тартқылап жегенде ашқарақ жайындай көрінді. Қызметтен ештене өндіре алмапты, енді соңғы үміті көтермеші бай екен; ол өзінің конторында бір оқыған адам ұстаймын деп осыны алған көрінеді. Соның бәріне қарамай Михалевич мұңнан аулақ, ұлы цинник, өзі идеалист, әрі ақын және адам баласының тағдыры, өз өнері туралы үлкен ойлар ғана ойлап жүреді; өзінің аштан өлмеу жайын тіпті аз ойлайды. Михалевич үйленбеген, бірақ ғашық болуында сан жоқ еді; және әрбір жақсы көрген әйеліне өлең жазатын; мұның әсіресе ынтық болғаны, әсем жырлағаны, ғажайып сыры бар қара бұйра шашты «панна» болатын. Рас, жұрттың арасында ол панна жай жабайы ғана жидовка деген өсек және оның жас офицерлерге аса мәлім ханым екені де сөз боп жүрді; бірақ, ойланып қарасаңыз оның бәрібір емес пе?

Лемм мен Михалевич екеуі келісе алмады. Михалевичтің қатты айғайлайтын сөздері, оқыс қимылдары бұрын бұған үйренбеген немісті үркіткендей болды. Уайымды жан өзі уайымдыны тез-ақ таниды, бірақ кәрілік те онымен қосыла алмайды; бірақ таңқаларлық ешнәрсе жоқ, екеуіне ортақ не бар? Ортақ үміт те жоқ.

Жүрер алдында Михалевич Лаврецкиймен тағы да көп әңгімелесіп, бұл сергімесе қаза табатынын айтты; крестьяндардың өмірін түзе деп жалынды; бір уақыт өзін мысал етіп, сордың арасында жүріп, мұның өзінің тазарғанын мысалға келтірді; бірнеше рет өзін «аспан-

ның азат құсындаймын, даланың еркін гүліндеймін» деп, «бақытты жан» деп те айтып өтті.

Лаврецкий гүлдің жайына тоқтап:

— Даланың тікен гүлі боларсың,— деді.

Михалевич ызасыз жауап қатты:

— Е, шырағым, аксүйексіме. Қайта өзіңнің бойында да құлдың қаны ағатындығына, тәңіріңе шүкірлік ет! Бірақ ендігі байқағаным бойынша саған бір асыл жан керек екен. Ол сені мынау жалқау күйден шығарар еді.

Лаврецкий сәл кекетіп:

— Рахмет, туғаным, маған ол асыл заттарың жеткілікті болған,— деді.

— Үндеме, цынык!

Оның сөзін Лаврецкий түзетіп:

— Циник!— деді.

Михалевич қысылмастан өзінікін қайталап:

— Дәл, цынык,— деді.

Тарантасқа мұның жұқа чемоданын салып, өзі жүруге әзірленіп, өне бойын испан плащымен қымтап жатып та сөйлеуден тыйылған жоқ; қолын аспанға созып, болашақтың игілігі ұрығын сеуіп жатқан кісідей боп, Россияның тағдыры туралы ойлар айтып жатты. Ақыры аттар қозғала берді. Жүріп бара жатқанда арбадан кеудесін созып, артқа бұрылып айқайлап:

— Менің соңғы үш сөзімді ұмытпа, ол: дін, прогресс, адамгершілік! Қош!— деді.

Көзіне төндіре киген фуражжасы бар басы осыдан кейін көрінбей кетті. Лаврецкий басқышта жалғыз қалып, тарантас көзден ғайып болғанша қарап тұрды. Үйге қайта бере ойланып қап: «Апырау, осының айтқаны рас-ау, мен шын кеше шығармын» деді.

Михалевичтің көп сөзі жөнінде бұл дау айтып қарсыласса да, соның сындары мұның жанына сіңгендей екен. Адам тек мейірімді болсын, сонысы шын боса, сыртқа тебу мүмкін емес.

XXVI

Екі күн өткеннен кейін Марья Дмитриевна уәде бойынша өзінің жастар тобын ертіп Васильевскиге келді. Қыздар лезде бақшаға жөнелісті, ал Марья Дмитриевна салмақпен бөлмелерді аралап, көргенін салмақпен мақтап қойды. Лаврецкийге келуін ол үлкен бір кеңшіліктей қарап, тіпті жақсылық деп те санағандай. Ан-

тон мен Апраксея ескі малайлар әдеті бойынша мұның қолын сүйіскенде ол жылы шыраймен жымыды да, әлсіреген үнмен күңгірт сөйлеп шай сұрады. Әдейілеп ақ перчатка киген Антонның көңіліне дақ салып, мұның орнына қонақ ханымға шайды Лаврецкийдің жалдама камердинері, Антонның айтуы бойынша түк тәртіп білмейтін адам берді. Оның орайына Антон обед кезінде өз дегенін өткізді: Марья Дмитриевнаның орындығының сыртында тапжылмай тұрып алды да, енді бұл орынды ешкімге берген жоқ. Көп заманнан қонақ келмеген Васильевскиге бұл қонақтардың келуі шалды қуантып та, қобалжытып та қойып еді: өзінің мырзасына жақсы жандардың араласуы оған жайлы көрінген. Тегі, жалғыз ол ғана емес, бүгін Лемм де толқуда болатын, бұл темекі түстес, арты үшкір келген шолақ фрагін киіп, мойын орамалын қыса байлап алып, дамылсыз жөткіріп үнемі жұртқа жол беріп, сыпайы биязылық көрсетіп тұр. Лаврецкийдің жұбанышына қарай Лиза екеуінің жақындығы әлі де байқалғандай: ол үйге кіре сала бұған дос ажармен қол созған еді. Обедтен кейін Лемм өзінің қолын қайта-қайта созып тұрған қалпында фрагіннің артқы қалтасынан ораулы нота қағаздарын алып, ернін үнсіз жымырып, сол ноталарды фортепианоға қойды. Бұл романсты Леммнің өзі жақында жұлдыз жайын айтқан ескі неміс өлеңіне жазған еді. Лиза тез ғана фортепиано қасына отырып, романсты ойнай жөнелді... Әттең бірақ! Музыка әлдеқандай жағымсыз, ауыр, түсініксіз болып шықты. Композитордың үлкен құмарлықпен терең бір нәрсе айтқысы келген болса да, ешнәрсе шықпағаны көрініп тұр: тырысуы тырысу болған да ғана қалған. Лаврецкий мен Лиза бұл жайды қатар сезді, соны Лемм де түсінді: ләм-мим деместен романсты қалтасына салды да, Лизаның тағы ойнайық дегеніне басын шайқап, мәнді ғана сөз қатып: «Енді — бітті!» — деді, сөйтіп, бүгіле түсіп құнысты да, тайқып кетті.

Кешке жақын барлық топ балық аулауға жөнелді. Бақшаның сыртындағы көлшікте аққайраң мен шабақ көп болушы еді. Марья Дмитриевнаның аяқ астына кілем төсеп, жағаға кресло қойып, көлеңкеге отырғызып, қолына ең жақсы қармақ берісті; ең тәжірибелі балықшы қарт Антон оған өзі қызмет етті. Бірақ ынтасымен қармаққа құртты шаншып, түкіре түсіп, сипалап суға да өзі тастап, бар денесімен ұмтыла түсетін. Марья

Дмитриевна сол күні бұл туралы Федор Ивановичке көнелеу француз тілімен: «бүгінде бұлардай баяғының малайы да жоқ» деді.

Лемм екі кішкене қызды алып арырақ, салға кетті; Лаврецкий Лизаның қасында. Балық сонша жиі қапқан еді; жұлып алынған аққайраңдар аспанда алтын, күміс бойларымен жарқылдап, қыздар қуана айғайлаудан дамыл алмады; Марья Дмитриевнаның өзі де екі рет нәзік үнмен шыңғырып қалды. Ең аз қапқан қармақ Лаврецкий мен Лизаныкі болатын, себебі бұлар ауға көңіл бөлмей, қалтқыларын жағаға айдап келгенше байқамай отыра беретін. Айналасында биік қызғылт қамыс ақырын сусылдайды, алдарында қимылсыз су да баяу жарқырайды, бұлардың сөзі де ақырын, баяу еді. Лиза кішкене сал үстінде тұр, Лаврецкий майысқан үйеңкінің үстінде отыр; Лизаның кигені белін кең ақ лентамен қынай бұған ақ көйлегі болатын; салом шляпасы оның бір қолында асылып тұр да, екінші қолымен ол майысқақ қармақ ағашын ұстап тұр. Лаврецкий мұның соншалық таза және сәл жинақы жүзіне, құлағының артына қайрылған шашына және жас баланың реңіндей қызыл шапақ атқан жүзіне қарап ойға қалды; «О, менің көлшігімнің жанында қандай көркем түрде тұрсың» деп ойлады. Лиза бұған бұрылған жоқ, суға қарап тұрды да, не көзін сығырайтқандай, немесе жымығандай. Жақындағы үйеңкінің көлеңкесі мұның екеуіне де түсіп тұр.

— Білесіз бе,— деп сөз бастады Лаврецкий,— біздің соңғы әңгімеміз туралы мен көп ойландым да, сізді соншалық мейірімді жан деген байлау жасадым.

— Менің ойымда мүлде ондай жоқ еді...— деп Лиза жауап қатты да, ұялып қалды.

— Сіз мейірімдісіз,— деп Лаврецкий тағы айтты.— Мен орашолақ адаммын, бірақ сеземін, сізді бар жан сүю керек. Мысалы, Леммді алыңызшы, ол сізге мүлде ғашық.

Лизаның қастары түйілмей сілкініп қалды; әр кезде жайсыз бір нәрсені естігенде осылай болушы еді.

— Өзіне бүгін қатты жаным ашыды,— дей түсіп, Лаврецкий,— романсы сонша жолсыз болып шықты. Жас болып дәрменсіз болуға шыдауға болады; ал әрі қартайып, әрі дәрменсіз болу — ол ауыр. Ең қиыны, реңішісі, күшінің қашан кетіп жатқанын аңғармайсың ғой, ондай соққыны қарттың көтеруі қиын!.. Байқаныз,

сіздікін қауып тұр...— деді сәл тоқтап барып,— Владимир Николаевич өте сүйкімді романс жазды деседі ғой?— деді.

— Я,— деп жауап қатты Лиза.— Ол болымсыз да болса, сүйкімді шыққан.

— Ол өзі жақсы музыкант па, қалай ойлайсыз?

— Менің ойымша, оның музыкаға үлкен зейіні бар, бірақ ол бүгінге шейін анықтап еңбек етпеген сияқты.

— Солай, ал өзі жақсы адам ба?

Лиза күліп жіберді де, Федор Ивановичқа жалт қарады.

— Қандай қызық сұрақ!— деді де қармағын суырып алып, қайтадан алысқа сілтеп қалды.

— Неге қызық дейсіз? Мен мұнда жаңа келген адам болғандықтан сізден оның жайын туысқанша сұрап тұрмын ғой.

— Туысқанша дейсіз бе?

— Я. Жаңылмасам мен сіздің ағаңыз емеспін бе?

— Владимир Николаевичтің жүрегі рақымды, ол ақылды адам, мамам оны өте жақсы көреді.

— Ал өзіңіз жақсы көресіз бе?

— Ол жақсы адам. Жақсы көрсем неменесі бар?

— А!— деді де, Лаврецкий үндемей қалды. Сәл мұңды, сәл мысқыл аралас бір ажар жүзінен белгі берді. Қадала қараған қалпы Лизаны қысылта түссе де, қыз әлі жымиып тұр. «Ендеше тәңірім оларға бақ берсін!» деп жігіт күбір етті де, бетін бұрды.

Лиза қызарып кетті.

— Сіз қателесесіз, Федор Иваныч, сіздің ойыңыз беркерлік. Сіздің өзіңізге Владимир Николаич ұнамай ма?— деп сұрай қалды.

— Ұнамайды.

— Неліктен?

— Мен білсем дәл жүрек деген онда жоқ болса керек.

Лизаның жүзінен күлкі кетіп қалды.

— Сіз адам туралы қатал ойлап үйренгенсіз,— деп бірталай үнсіз тұрғаннан кейін жауап қатқан еді.

— Олай емес-ау деп ойлаймын. Мен өзім жұрттың кешіріміне мұқтаж бола тұрып, өзгелер туралы қайтып қатал ойлай аламын? Ұмытқан ба едіңіз, мені тек жалқау ғана күлкі етпейді ғой?.. Айтпақшы сіз уәденізді орындадыңыз ба?— деді.

— Қай уәде?

— Мен үшін дұға оқыдыңыз ба?

— Мен, мен оқыдым және күнде оқимын. Ал сіз тілеуіңіз берсін, бұл жайды жеңіл сөз етпеңіз.

Лаврецкий Лизаға өзінде ондай ой жоқ екенін айтып, әркімнің ұжданын өзінің құрмет ететінін білдірді; содан әрі дін жайын, оның адам баласы тарихындағы мәнін және христианствоның мәнін сөйлей бастады.

Лиза біраз қинала тұрып сөйлеп еді.

— Христианин болғанда сонау алысты... аспанды, не жерді ойлап болмау керек, әр адам өзінің өлетінін ойлап болу керек.

Лаврецкий ойда жоқтан танданып бұрылғанда, Лизаның да оған қарап тұрғанын аңғарды.

— Қандай ғана сөз айттыңыз!— деді.

— Ол менің сөзім емес!— деді қыз.

— Сіздікі емес... Бірақ неге сіз өлім жайын қозғадыңыз?

— Білмеймін, мен ол туралы жиі ойланамын.

— Жиі дейсіз бе?

— Я.

— Сіздің қазіргі жүзіңізге қарап, мұны айту мүмкін болмас еді: жүзіңіз соншалық көңілді, жарқын, сіз қандай жымиясыз...

— Я, қазір мен аса көңілдімін,— деп Лиза жеңіл жауап айта салды.

Лаврецкий ішінен оның екі қолын алып, қатты қысқысы келіп еді.

— Лиза, Лиза!— деп сол кезде Марья Дмитриевна дауыстады да:— Бері кел, менің қандай аққайраң ұстағанымды көрші,— деді.

— Қазір, мама,— деп жауап қатты да, Лиза жүріп кетті, Лаврецкий өз орнында қалды. «Мен мұнымен әлде бір заманы өтпеген адамша сөйлестім-ау!» деп ойлады. Лиза кетерінде өзінің шляпасын бір бұтаққа іліп кетіп еді; қазір Лаврецкий сол шляпаға нәзік сезіммен қарап, оның ұзын және бүктелген лентасына көз салып тұрды. Лиза тез оралды да, сал үстіне қайта тұрды.

— Неліктен сізге Владимир Николаевичтің жүрегі жоқ көрінеді?— деп сұрап қалған еді.

— Мен сізге айттым ғой, қателескен болуым да мүмкін деп, түбінде уақыт бәрін танытар.

Лиза ойланып қалды. Лаврецкий өзінің Васильевскідегі тұрмысы жайынан, Михалевич жайынан, Антон жайынан сөз қозғады; бұл Лизаға барын айтып, өз кеу-

десіне сыйғанның бәрін оған білдіргісі келгендей болады: қыз болса соншалық сүйкімді ықыласпен тыңдайды, оның оқта-текте айтқан даулары мен ойлары бұған соншалық ақылды, орнықты көрінеді. Бұл сол жайды қызға айтып та салды. Лиза таңғалған еді.

— Шын ба?— дей түсті де,— ал мен өзім біздің қызметкер қыз Настя сияқты өз сөзім жоқ шығар деп ойлаушы едім,— деді. Ол бір күні өзінің күйеу жігітіне: сенің менімен отырғанда ішің пысатын шығар, өйткені сен маған сондай жақсы сөздер айтасын, ал менің өз сөзім жоқ депті.

«Онысы қандай шүкірлік!» деп Лаврецкий іштей ойлады.

XXVII

Сол шақта кеш те батып қап еді. Енді Марья Дмитриевна қайтуды ниет қылды. Қыздарды көлшіктен зорға қайтарып, жолға әзірлесті. Лаврецкий қонақтарды жарым жолға шығарып салмақ боп өзіне де ат ерттетті. Марья Дмитриевнаны күймеге отырғызып жатып ол Леммді іздеп еді, бірақ шалды ешқайдан таба алмады. Балық аулау біте салысымен ол жоқ боп кетіпті. Антон өзінің жасынан тыс қуатпен күйменің есігін серпе жапты да, қатқыл үнмен: «Ал, тарт, көшір!»— деді. Күйме қозғала берді. Артқы орынға Марья Дмитриевна мен Лиза отырған, алда қыздар мен күтуші әйел бар. Кеш тыныш, жылы өкен, күйменің екі жақ терезесі де ашулы. Лаврецкий күйменің Лиза жағында жортып келе жатып, жайлы, келісті атының мойнына тізгін шылбырын тастап қойып, қолын күйменің есігіне салып, оқта-текте қызбен бірер ауыз сөз қатысып келе жатты. Қызыл арай айықты да, қас қарайды; ал әуе тіпті жылына түскен тәрізді. Марья Дмитриевна аз уақытта қалғуға кірісті, қыздар мен күтуші әйел де ұйықтап қалды. Күйме шапшаң, майда жортып келеді; Лиза ілгері еңкейе түскен; жаңа ғана туған ай оның жүзіне түсіп, түнгі хош иісті жел лебі көзіне, жүзіне соға берді. Ол қазір шат көңілде. Мұның да қолы Лаврецкийдің қолымен қатар, күйменің есігіне сүйенген. Лаврецкий де қазір шат еді. Түннің жайлы тыныштығында жортып келе жатып, ол өзінің көзін мейірімді жас жүзден шетке бұрмайды. Сыбыр аралас сыңғырлай түскен жас үнді тындап, жай мейірлі сөздерге құлақ салады; жарым жолдан қалай асып кеткенін ол байқамай да

қалды. Марья Дмитриевнаны оятқысы келген жоқ, Лизаның қолын сәл ғана қысты: «Біз енді достармыз, солай емес пе?»— деді. Қыз бас изеді, Лаврецкий сонда тоқтады. Күйме ақырын ырғалып, сүңги түсіп, ілгері тарта берді; Лаврецкий аяңмен үйге қайтты.

Жаз түні мұны елтіткендей; айналаның бәрі де оқыстан ғажайып көрінгендей болады және сонымен қатар соншалық көптен бергі өзгеше тәтті тынысындай сезіледі; жақында да, жарықта да көз көп нәрсені көрмегенмен, анықтап ажырата алмаса да, бар дүние тыныштыққа шомылған; бұл гүл атқан жас өмір осы тыныштықтың өзінен де елес бергендей. Лаврецкийдің аты оңнан солға баяу ғана ырғала түсіп, сергек басып келеді; оның қап-қара көлеңкесі өзімен қатар ілесіп отыр. Сондайлық құпия бір рахат, ат тұяғының тықырынан да соншалық бір көңілді және ғажайып күй бұлдырлықтың бытпылынан естілгендей болады. Жұлдыздар әлде қандай жарық буалдырға шомылғандай, әлі толмаған ай батып жарқырайды; оның сәулесі аспанға көкшіл мұнардай жайылып, жұқалаң бұлттарға күңгірт алтындай сәуле шашып тұр; әуенің дымқылы бар дене мен көзге де салқындап білініп, кеудеге еркін лептей құйылады. Лаврецкий рахат күйде және сол рахатқа қуанады.

«Ну, біз әлі көреміз, әлі түгел жойылған жоқ болармыз» деп ойлады ол, бұл айтқаны кім туралы, не туралы екенін жеткізе айтқан жоқ... содан әрі ол Лиза туралы ойлап, Паншинді сүймейтін шығар деп топшылады; кейбір өзгеше жағдайда кездесе тәңір білсін не боларын; бұл Леммді түсінеді, «өз» сөзі болмаса да түсінеді. Сол жайдың өзі дұрыс та емес; оның өз сөзі бар... «бұл жайдан жеңіл сөйлемеңіз» дегені Лаврецкийдің есіне түсті, ол көпке шейін төмен қарап келе жатты да, бір уақыт бойын тұзеп алып жай ғана:

Бұрынғы бір өртегенмен табыстым,
Табынғаннан тат қалмады жадымда,—

дей сала атын қамшылап, үйге шейін шапқылаумен келді.

Атынан түсіп жатып ол айналаға алғыс айтқандай жымыя қарады. Үнсіз ерке бір түн тауларда, далаларда жым-жырт жайғасқандай, жырақтан, хош иісті алыс бір түкпірден, тәңір білсін аспаннан ба, жерден бе — тыныш қана, жұмсақ қана жылы бір леп келеді. Лаврецкий Ли-

заға соңғы сәлемін жолдады да, баскышқа жүгіре шықты.

Келесі күн сылбыр өтті. Таңертеңнен күн жауды. Лемм қабақ түйе қарап, ернін жымыра береді, енді қайтып аузын ашпасқа серт бергендей. Жатар алдында Лаврецкий төсегіне француздың көп журналдарын ала жатты, екі жұмадай столында ашылмай жатқан журналдар еді. Селқос күйде сыртқы орауларын жыртып, жөнді жаңалығы жоқ газеттердің беттерін шолып өтті, енді бұларды тастайын деп еді, сол шақта бір нәрсе шағып алғандай төсектен атқып тұрды. Бір газеттің фельетонында бізге мәлім мосье Жюль өз оқушыларына қасіретті хабар жазыпты: «Тамаша, ғажайып Москва ханымы, Париж салондарының көркі, моданың, бекзада ханымдарының бірі мадам де Лаврецкая тосыннан қайтыс болды» депті және осы хабар қайғылы болса да Жюль мырзаға жаңа жеткен дәл хабар. Содан әрі жазуында өзін өлген ханымның досы деп санарлық адам депті...

Лаврецкий киініп бақшаға шықты да, таң атқанша бір ғана жолмен әрлі-берлі жүріп қалды.

XXVIII

Келер күн таңертең шай үстінде Лемм Лаврецкийден қалаға қайтуға көлік сұрады. «Мен қайтып іске, сабаққа кірісуім керек, әйтпесе мұнда уақытты босқа өткізіп жүрмін»,— деді қарт. Лаврецкий тез жауап берген жоқ; ол салғырт сияқтанды: ақыры «жақсы, сізбен өзім де жүремін» деп қойды. Малайдың көмегінсіз кішкене чемоданын қинала жүріп, ызалана жүріп Леммнің өзі жиды да, нота жазған біраз қағазды жыртып, өртеп жіберді. Аттар әзірленді. Кабинеттен шығарында Лаврецкий кешегі газеттің номерін қалтасына салды. Жол бойында Лемм мен Лаврецкий аз сөйлесті: әрқайсысы өз ойымен болып, бірін-бірі сол ойдан бөлмегеніне риза болатын. Екеуі салқын ғана айрылысты, тегі, бұл Россияда көңілде адамдар арасында жиі болатын жай еді. Лаврецкий шалды үйіне әкелгенде ол чемоданын алып, қоштасуға қол да созбады (чемоданын екі қолымен төсінде ұстап тұр еді), жүзбе-жүз қараспастан да орысша: «Прощайте-с!» дегенде, Лаврецкий де «прощайте» деп қайталады да, көшіріне өз пәтеріне қарай жүруге бұйырды. О... қаласында жалдама квартира ұстайтын.

Бірнеше хат жазып, асығыс қана тамақ ішіп, Лаврец-

кий Калитиндерге қарай тартты. Қонақ бөлмеде бұған жалғыз Паншин кездесті де, Марья Дмитриевна қазір шығады деп, содан әрі өте қуанышты биязылықпен сөйлесе бастады. Бұдан бұрын Паншин Лаврецкийге асқақ қарамаса да, кешіріммен қарағандай болатын; бірақ Лиза өздерінің кешегі сапарын Паншинге айтумен қабат, Лаврецкийді өте жақсы, ақылды адам деген болатын; сол жеткілікті, Паншин: «өте жақсы адамды» өзіне қаратып алмақ болған. Ол Лаврецкийге қошамет көрсете сөйлеп, Марья Дмитриевнаның барлық үй іші Васильевскоены соншалық тамашалап қайтқанын айтты. Содан әрі дағдысы бойынша үлкен еппен өзіне қарай сөзді бұрып, өзінің қызметін айта бастады, өзінің өмірге, қауымға, қызметке деген көзқарасын баяндап, Россияның келешегі туралы да екі сөз айтып, губернаторларды қолда қалай ұстау керек екенін сөйледі; және сол сәтте өзін-өзі мысқылдап, Петербургта бұған кадастр¹ жайын үгіттеуді тапсырғанын айтты. Ол ұзақ сөйлеген уақытында көп доптармен ойнаған фокусшы сияқтынып, әрбір қиыншылықты салқамдық және өзіне сенгіштікпен шеше сөйлейді, ең ірі деген әкімшілік, саясат мәселелерін де ойлай шешеді. Сан рет «мен өкімет болсам былай етер едім», «сіз ақылды адам болғандықтан менің сөзімді, әрине, мақұлдайсыз» деген сөйлемдер аузынан кетпейді. Лаврецкий Паншиннің шұбыртпа сөздерін салқын тыңдады; оған мына тұрған сұлу, ақылды, орамды көркем жігіт өзінің жарқыраған күлкісімен де, сыпайы даусымен де, бақылағыш көздерімен де ұнамады. Паншин өзінің өзге адамдардың сезімін танығыштық әдеті бойынша Лаврецкийге жақпағанын аңғарды да, оны еліктіре алмағанын да танып, бір болымсыз нәрсені сылтау етіп, тайқып кетті; кетерінде Лаврецкий туралы өте жақсы болса да сүйкімсіз екен, французша «күңгірт» және «жалпы алғанда» біраз күлкі адам екен деп кетті.

Марья Дмитриевна Гедеоновскиймен бірге шықты, кейін Марфа Тимофеевна мен Лиза шықты. Өзге үй іші содан кейін келісті; кейінірек музыкақұмар Беленицына келді, бұл арық қана, кішкене бойлы, біраз шаршағандай, бірақ сұлу бала жүзді, судырлаған қара платье жиген, шұбар бедері бар және қолында жуан алтын біле-

¹ «Кадастр» деп, бағасы мен өніміне қарай алым салынатын мемлекет шаруаларының жерін тізімге алуды айтады.

зігі бар әйел; оның қасында күйеуі де бар, бұл қызыл жүзді, толықша, қол-аяқтары үлкен, ақ кірпік және қалың еріндерінен күлкі айықпайтын адам; қонақта болғанда әйелі онымен сөйлеспейтін, ал үйде нәзік сезім шақтарында күйеуім «кішкентай торайым» дейтін; Паншин енді оралды: бөлмелерде адам көбейіп, даурық молайды. Лаврецкийге жұрттың көптігі жақпады, әсіресе, бұған лорнетін кезеп қарай берген Беленицына ыза қылды. Ол Лиза болмаса тез жөнелмек еді, оңашада Лизаға екі ғана сөз айтпақ-ты, бірақ көпке шейін орайы келмей, қызға құпия қуанышпен ғана қарап отырған жайын қанағат қылды; ешуақытта оның жүзі бұған дәл қазіргідей сүйікті, қасиетті көрінген емес еді. Беленицынаның қасында Лиза өзгеше ұта түскендей, анау болса орындықта жиі қозғалып кішкентай иықтарын дамылсыз сілкіктіп, еркеленген үнмен күле түсіп, біресе көзін сықситып, тағы бірде көзін үлкен аша қалады. Лиза момын ғана жүзбен тура қарап күлместен отыр. Үй иесі Марфа Тимофеевнамен, Беленицынмен және Гедеоновскиймен карта ойнауға кірісті, Гедеоновский қайта-қайта жаңылып, көзін жыпылықтатып, бетін орамалмен сүрте беріп, картаны өте жай ойнады. Паншин енді күңгірт жүзге кіргендей, сөйлесе қысқа ғана мәнді етіп және мұңая сөйлегендей болады — айнымаған іші терең суретші дерсіз, бірақ бұған сонша пейіл берген Беленицынаның көп өтінішіне қарамастан ол өзінің романсын айтуға көнбеді: Лаврецкийден ол қысылғандай. Федор Иваныч та аз сөйледі; бөлмеге кірген жердегі оның жүзіндегі ерекше бір қалпы Лизаны қайран етті: мұның өзіне айтылатын бір нәрсе барын сәтте сезді де, соны сұрауға қыздың өзі қорыққан тәрізді. Ақыры шай құймақ боп залға қарай қозғалғанда, Лаврецкийге ол ықтиярсыз басын бұрды, жігіт сол сәтте мұның соңынан еріп еді.

— Сізге не болды?— деп, Лиза шайнекті самауырдың үстіне қойды.

— Немене, сіз бірдеңе байқадыңыз ба?

— Сіз бүгін менің бұл күнге шейін көріп жүрген қалпымнан басқасыз.

Лаврецкий стол үстіне иіле түсті.

— Мен сізге бір хабар айтайын деп ем, бірақ қазір мүмкін емес. Сөйтсе де мына қарындашпен көрсетілген тұсты мынау фельетоннан оқыңызшы,— деп, журналдың номерін беріп жатты да,— тек өтінемін, құпия болсын, мен ертең таңертең соғамын,— деді.

Лиза таң қалды... Есікте Паншин көрінген еді: қыз журналды қалтасына салды.

— Лизавета Михайловна, сіз Оберманды оқыдыңыз ба?— деп Паншин ойлана сұрады.

Лиза оған жүре жауап берді де, залдан жоғарғы үйге кетті. Лаврецкий қонақ бөлмеге қайтып, карта ойнаушыларға тақап келді. Марфа Тимофеевна баскиімінің лентасын шешіп, қызарған жүзбен өзінің одақтасы Гедеоновскийдің жүріс білмейтінін айтып, шаға бастады.

— Көрдің бе, карта ойнау өсек тарату емес көрінеді,— деді.

Анау болса көзін жыпылықтатып сүртіне береді. Лиза қонақ бөлмеге келіп, бір бұрышқа отырып қалды, Лаврецкий қарағанда ол да бұған қарап еді, екеуі де бір нәрседен қатты сескенгендей болды. Қыздың жүзінен Лаврецкий таң болғанын және құпия түрлі наз белгісін оқығандай. Қанша тілесе де сөйлесуге мұрша болмады; өзге қонақтар арасында қонақ боп, онымен бір бөлмеде қалу ауыр тиді: сонымен кетпек болды. Қызбен қоштасып тұрып, айтып үлгіргені — ертең келмекші және оның достығына үміт ететінін білдірді.

Әлі де қайран болған жүзбен қыз оған: «келіңіз!»— деді.

Лаврецкий кеткен соң Паншин сергіп қалды. Гедеоновскийге мәслихат бергіштеп, Беленицынаға мысқылдай биязылық көрсетіп, ақыр аяғы романсын да айтып берді. Бірақ Лизаға ол сөйлегенде де, көз салғанда да бұрынғыша: мәнмен және сәл мұңмен қарайды.

Лаврецкий болса бұл түнде де ұйықтамады, қайғылы емес еді, көп толғанған жоқ, бірақ барынша тыныштыққа бойлаған, бірақ ұйықтай алмайды, ол өткен шақты да ойлаған жоқ; өз өміріне баяу ғана қарағандай: жүрегі ауыр, ақырын соғады, сағаттар жылжып өтіп жатады, ұйқы оның ойында да жоқ. Қай шақта көңілінде бір ой оянып: «осы бекер, осының бәрі жалған»,— дейді де, сонымен тоқтап қап, басын төмен салып және де өз өміріне өзі қарап отырғандай болады.

XXIX

Марья Дмитриевна келесі күні Лаврецкий келгенде онша қуанып қарсы алған жоқ. «Көрдің бе дәндеуін» деп ойлады. Мұның өзі де оншалықты ұнамайтын және Паншин де өзінің бұл әйелге ететін әсері бойынша кеше жі-

гітті аса арам түрде және бір астамшылықпен мақтаған болған. Марья Дмитриевна Лаврецкийді қонақ санамай, туысы, өз адамы есепті болғандықтан, онымен көп отыруды да тілеген жоқ, сол себепті жарым сағат өтпестен Лиза мен Лаврецкий бақшаның ішіндегі жолмен оңаша келе жатысты. Леночка мен Шурочка бұларға жақын, гүлдер маңында жүгіріп жүрді.

Лиза дағдысы бойынша сабырлы, бірақ дағдысынан тыс ақшыл тартқандай. Ол қалтасынан көп бүктелген журнал қағазын алып, Лаврецкийге созды.

— Мынау сұмдық қой,— деді.

Лаврецкий түк айтқан жоқ.

— Әлде бұл тіпті өтірік те шығар,— деді Лиза.

— Менің сізге ешкімге айтпа дегенім де содан.

Лиза біраз жүрген соң:

— Айтыңызшы, сіз қапаланған жоқсыз ба? Түк қапаланбадыңыз ба?

— Мен не сезгенімді өзім де білмеймін.

— Бірақ сіз бұрын оны жақсы көрмеп пе едіңіз?

— Жақсы көргем.

— Аса жақсы көрдіңіз бе?

— Аса жақсы көрдім.

— Сонда да өліміне қайғырмадыңыз ба?

— Ол мен үшін бүгін ғана өлген жоқ.

— Бұл күнә ғой, не айтып тұрсыз... Маған ренжімеңіз.

Сіз мені досым дедіңіз ғой: дос бәрін айта алады. Мен, шыным, тіпті шошынғандаймын... Кеше сіздің жүзіңіз сондай жақсы еді. Есіңізде ме, жақында сіз оны кіналап едіңіз ғой? Ал ол, мүмкін, сол күндерде бұл өмірден кеткен болса қайттыңыз? Бұл сұмдық қой. Дәл бір сізге жіберілген жазадай.

Лаврецкий мұңмен күлді.

— Сіз солай ойлайсыз ба?.. Не болса да мен қазір азатпын.

Лиза сәл селк етті.

— Қойыңыз, олай сөйлемеңіз. Сізге азаттығыңыз неменеге керек? Оны ойлау емес, сіз кешірімді ойласаңызшы.

— Мен оған әлдеқашан кешіргем,— деп Лаврецкий жарыса сөйлеп, қолын сілікті.

— Жок, ол емес,— деп Лиза дау айтып қызарып кетті,— сіз мені дәл түсінбедіңіз. Сіз өзіңізге кешіруді талап етуіңіз керек.

— Кімнің маған кешіруін?

— Кімнің? Құдайдың! Бізді құдайдан басқа кім кешіруші еді?

Лаврецкий оның қолынан ұстай алды.

— Ах, Лизавета Михайловна, илансаңызшы,— деп даусы қатаң шығып:

— Мен онсыз да көп жаза шектім ғой. Иланыңыз, мен бар айыбымды өтегемін,— деді.

— Оны сіз білуіңіз мүмкін емес!— деп Лиза ақырын ғана айтты да:— Сіз ұмыттыңыз ба, жақында ғана, менімен сөйлескенде ғана сіз оның айыбын кешкіңіз келмеп еді ғой...— деді.

Екеуі де үнсіз басып аллеяда келеді.

— Ал, қызыңыз қалай?— деп Лиза шұғыл сұрады да, тоқтай қалды.

Лаврецкий сілкінгендей болды.

— О, қапа болмаңыз, мен бар жерлерге хат жазып жібердім, сіз айтқандай, сіз атағандай менің қызымның болашағы... қамсызданған. Қапа болмаңыз.

Лиза уайымды жүзбен жымиған еді.

Лаврецкий сөйлей түсті.

— Бірақ сіздікі рас қой. Мен өз азаттығыммен не істей аламын? Маған оның қажеті не?

Лиза оның сұрауына жауап бермей:

— Бұл журналды қашан алдыңыз?— деді.

— Сіз келген күннің ертеңінде.

— Япыр-ай, япыр-ай, сіз жылаған да жоқсыз ба?

— Жоқ. Мен таң қалдым; бірақ жас қайдан шықсын? Өткен үшін жылайым ба, ол менде түгел өртенген ғой! Оның айыбы менің бақытымды ойран еткен жоқ, тек менде сол бақыттың болмағанын ғана білдірді ғой. Нені жоқтап жылайын? Бірақ кім білсін? Бәлкі мен бұл хабарды осыдан екі жұма бұрын алсам, көбірек күйінген болар ма едім...

— Екі жұма бұрын дейсіз бе? Бұл екі жұмада сонша не болып еді?

Лаврецкий жауап бермеді. Лиза сәтте қып-қызыл боп кетті.

Лаврецкий шапшаң ғана:

— Ия, ия, сіз таптыңыз, осы екі жұманың ішінде мен әйелдің таза жаны нендей екенін білдім де, өткен шағым бұрынғыдан да алыстай түскенін аңғардым...

Лиза ұялды да, ақырын басып, гүлдер маңындағы Леночка мен Шурочкаға қарай жүрді.

Лаврецкий оның артынан келе жатып:

— Мен өзімнің осы журналды сізге көрсеткеніме ризамын; сізден ешнәрсені жасырмауға үйрендім де және сіз де маған сондай сеніммен өтеуін қайырасыз ғой деп үміттенемін!— деді.

— Сіз солай ойлайсыз ба?— деп Лиза тоқтай қалды.— Олай болғанда мен міндетім бойынша... Жоқ, олай емес! Ол мүмкін емес,— деді.

— Қалай дейсіз? Айтыңыз, айтыңызшы?

— Жо-ға, менің ойымша менің міндетім емес... Бірақ сөйтсе де,— деп Лиза Лаврецкийге жымия қарады.— Жартылаған шындық іс бола ма? Мен бүгін хат алдым,— деді.

— Паншиннен бе?

— Я, сол кісіден... Сіз қайдан білдіңіз?

— Ол сіздің қолыңызды сұрай ма?

— Я,— деп, Лиза Лаврецкийдің көзіне тура, салмақпен ғана қарады.

Лаврецкий де Лизаға салмақпен қарады. Сәлден соң:

— Сөйтіп сіз оған не жауап бердіңіз?

— Мен не айтарымды да білмеймін,— деді де, Лиза айқастырған қолдарын төмен түсірді.

— Қалайша? Сіз оны сүйесіз ғой?

— Я, ол маған ұнайды; байқауымша, ол жақсы адам сияқты.

— Сіз осы туралы, дәл осы сөзбен маған төртінші күні де айтқан едіңіз. Менің білмегім, сіз оны біздің әдеттегі махаббат деген берік, ыстық сезіміңізбен сүйесіз бе?

— Сіздің түсінуіңіз бойынша айтсам, жоқ деймін.

— Сөйтіп сіз оған ғашық емессіз бе?

— Жоқ және оның керегі бар ма?

— Қалайша?

— Маминкама ол ұнайды, өзі қайырымды адам, менің оған қарсы ештеңем жоқ.

— Сөйтсе де сіз екі ұдайсыз ғой?

— Ия... Мүмкін, бәлкі сіз, сіздің сөзіңіз соған себеп шығар. Үшінші күні айтқаныңыз есіңізде ме? Бірақ ол әлсіздік қой...

— О, жаным-ай!— деп Лаврецкий үн қатқанда даусына діріл кірді.— Құрғақ ақылға ермеңіз, махаббатсыз берілгісі келмеген жүрегіңіздің айғайын әлсіздік демеңіз. Өзіңіз сүймей тұрып берілмек болған адамыңыздың

алдында ондай қауіпті жауаптылықты өз мойныңызға алмаңыз...

— Мен өз мойныма ешнәрсе алғаным жоқ, тек айтқанға ғана көнемін,— деп еді Лиза...

Лаврецкий жарыса сөйлеп:

— Жүрегіңіздің айтқанына ғана көніңіз, сізге шынды айтатын жалғыз сол ғана. Ақыл, тәжірибе дегеннің бәрі жалған, тұман. Өзіңіздің жер үстіндегі жап-жалғыз, ең артық бақытыңызды жоймаңыз.

— Осыны айтып тұрған сіз — Федор Иванычсыз ба? Ғашық болып үйленген сіз емес пе едіңіз, содан бақыт таптыңыз ба?

Лаврецкий таң болып бір қолын бір қолына соқты.

— Ах, айтпаңыз менің жайымды! Өзі жас тәжірибесіз және сорақы түрде тәрбиеленген бала нені махаббат деп білгенін сіз түсіне де алмайсыз!.. Және несіне өзім үшін жалған айтам, мен жаңа сізге бақыт дегенді білмедім деп едім ғой... жоқ! Мен бақытты болғам!

— Мен білсем, Федор Иваныч,— деп бастаған Лизаның дауысы баяу шықты. (Сөйлескен кісімен келіспеген уақытында оның даусы осылай баяу шығатын және ондайда ылғи толқып, киналатын.)— Жер үстіндегі бақыт біздің ықтиярымызда емес қой!..

— Ықтиярымызда, ықтиярымызда, иланыңыз маған,— деп жігіт қыздың екі қолынан ұстай алды. Лиза аппақ боп кетті де, үрке тұрып, Лаврецкийге бар ынтамен қарады:— тек біз өз өмірімізді өзіміз бұзбасақ екен. Кейбір адамдарға махаббатпен қосылу, бәлкі, бақытсыздық болар, бірақ сіздей салмақты мінезі бар, сіздей ашық жанды адамдарға ол бақытсыздық әкелмейді. Жалынамын, тек қана қарызды ойлап, бардан безіп, махаббатсыз күйеуге тие көрмеңіз... Бұл да бір дінсіздік, бұл да бір есеп, немесе тіпті одан да жаман. Иланыңыз, менің осыны айтуға правом бар, мен сол право үшін көп төледім. Және, егер сіздің тәңіріңіз...

Осы сәтте Лаврецкий байқаса Леночка мен Шурочка Лизаның қасына кеп, бұған үнсіз түрде таңдана қарап қалған екен. Лаврецкий Лизаның қолдарын босатты да, жылдам ғана сөйлеп «маған кешірім етіңіз, тілеуіңізді берсін»,— деді де, үйге қарай жөнелді.

Кейін Лизаға қайта оралып:

— Тек сізден бір-ақ нәрсе сұраймын, шапшаң шешпеніз, сабыр етіп, менің айтқанымды ойлап қана алыңызшы. Тіпті менің айтқанымға сенбеген болсаңыз, ерге

тигенде есеппен тиер болсаңыз, сонда да сіздің тиетіңіз Паншин мырза емес; ол сіздің еріңіз бола алмайды... Шын емес пе, сіз маған асықпауға уәде бермеп пе едіңіз?

Лиза Лаврецкийге жауап берейін деп еді, бірақ бірауыз сөз айтпай қалды, онысы «асығуға» бекінгеннен емес, жүрегі сонша қатты соғып, қорқыныш сияқты бір сезім тынысын тарылтқандай болып еді.

XXX

Калитиндерден кете беріп Лаврецкий Паншинге кездескен еді; екеуі біріне бірі салқын ғана бас изесті.

Лаврецкий өзінің пәтеріне қайтып, есігін бекітіп алды. Бұрын басына түсіп көрмеген сезімдер толқытқандай. «Тыныштықпен сірескендей» күй кеше ғана мұның басында емес пе еді? Кеше ғана өзі айтқандай, бұл өзін су түбіндемін демеуші ме еді? Енді мұның жайын не өзгертті? Не нәрсе тұңғыықтан алып шықты? Кәдімгі дағдылы, әр кезде оқыс көрінетін өлім бе? Я, бірақ бұл әйелінің өлімін, өзінің азаттығын ойлаудың орнына Лизаның Паншинге беретін жауабы туралы ойланды. Өзінің сезуі бойынша соңғы үш күн ішінде Лизаға бұл басқаша қарай бастады; түн тыныштығында үйіне қайтып келе жатып ол туралы ойланып, өзіне өзі «егер де...» дегенін есіне алды. Сондағы «егердесі» өткеннің түзелмес бір түйініне арналған болса да, өз ойындай боп шықпаса да, енді мұның өзінің азаттығы жеткілікті емес екен. Ішінен ойланып «қыз шешесінің тілін алады»,— деп және «Паншинге тиеді; егер тимей, көнбей қойса да мен үшін бәрібір емес пе?»— деп ойлады. Айнаның алдынан өтіп бара жатып өз жүзіне көз тастады да, иығын көтерді.

Осындай ойлармен күн тез өтті де, кеш те батты. Лаврецкий Калитиндерге жөнелді. Жүрісі шапшаң болса да, үйге жақындағанда баяу басты. Сыртқы есік алдында Паншиннің ат-арбасы тұр екен. «Ну, өзімшіл болмайын» деді де, Лаврецкий үйге кірді. Үйде ешкімді кездестіре алмады, қонақ бөлме де тыныш екен; сонда кіргенде пикет ойнап отырған Марья Дмитриевна мен Паншинді көрді. Паншин бұған үнсіз бас иді, үй қожасы әйел дауыстап «бәрекелді, күтпеген сый!»— деді де сәл қасын түйді. Лаврецкий оның қасына отырып қарай бастады.

— Сіз пикетті білуші ме едіңіз?— деп әйел бұдан сұрады да, құпия мұң аралас ажармен өзінің ұтылғанын білдірді.

Паншин тоқсанға дейін санап, сыпайы салмақпен өзіне тиісті алымын ала бастады; жүзінде салқын маңғаздық бар. Дипломаттар осылай ойнау керек; тегі, Петербургта әлдеқандай мықты ұлықпен ол осылай ойнап, өзінің салмақты адам екенін осылайша танытатын шығар. Жүз бір, жүз екі қызыл айыр, жүз үш,— деп санаған дауыс қана естіледі; сол дауысының үнінде кіна бар ма, ризалық бар ма, оны Лаврецкий айыра алмады. Паншиннің және де салмақтанып, карта сапыра бастағанын байқады да Лаврецкий:

— Марфа Тимофеевнаны көруге бола ма?— деді.

Паншинде қазір суретші дерлік елес те қалмаған-ды.

Марья Дмитриевна Лаврецкийге жауап қатып:

— Көруге болатын шығар деймін. Ол жоғарыда, өзінде, біліңіз,— деді.

Лаврецкий жоғарыға кетті. Марфа Тимофеевна да карта ойнап отыр екен, ол Настасья Карповнамен бескарта ойнап отыр. Роска Лаврецкийге үрсе де, кемпір мұны көңілді қарсы алды; әсіресе Марфа Тимофеевна жақсы күйде екен.

— А, Федя, рахым ет, отыр менің әкем! Біз қазір бітіреміз. Варенье жейсің бе? Шурочка, бүлдірген банкесін әкелші. Жегің келмей ме? Ну, онда жай отыр, тек темекі тартпа; сол темекілеріңе төзе алмаймын және одан Матрос та түшкіре береді.

Лаврецкий темекі тартпақ ниеті жоқ екенін шапшаң мәлім етті. Кемпір бұған қарап сөйлеп отыр.

— Төменде болдың ба? Онда кімді көрдің? Паншин әлі секиіп отыр ма? Лизаны көрдің бе? Жоқ дейсің бе, ол осында келмекші еді, ә, әне өзі де: «кімді айтсаң сол келеді».

Лиза бөлмеге кіріп, Лаврецкийді көрді де, қызарып кетті.

— Мен сізге бір-ақ минутке, Марфа Тимофеевна,— дей беріп еді...

Кемпір жарыса сөйлеп:

— Неге бір минутке?— деді.— Бұл немене, осы сендер, жас қыздар сондай орнықсыз боп кеткенсіздер. Көресің бе, менде қонақ отыр: мұнымен бірдеме десіп алдандырсаңшы.

Лиза орындықтың шетіне ғана отырып, Лаврецкийге

қарағанда өзінің Паншинмен кездесуі немен тамам болғанын бұған айтпасына болмайтынын сезді. Бірақ қалай істесе екен?

Ол бір ұялып, бір қысылды.

Бұл адаммен танысқанына көп болды ма, мұның өзі болса шіркеуге сирек баратын, әйелінің өліміне салқын қарайтын адам, енді оған Лиза өзінің құпия сырын айта ма... Рас, ол бұған ниеттес; бірақ сонда да өзінің таза, жас қыз бөлмесіне әлде бір бөтен жан кіргендей ұяла береді.

Марфа Тимофеевна енді жәрдемші болды.

— Мұны сен алдандырмасаң, сорлы жанды кім алдандырады? Мен бұған кәрімін, ол маған тым ақылды. Ал Настасья Карповна үшін ол кәрі, жас болмаса ондайды тілемейді.

— Федор Иванычты мен немен алдандырамын, ол тілесе мен әлде фортепиано ойнайын ба,— деп Лиза қорғана сөйледі.

— Өте тамаша, сен менің ақылдымысың ғой,— дей түсіп Марфа Тимофеевна,— төменге барыңдар, қарашықтарым, кейін қайта келіңдер! Ал мен болсам қалып қойдым, соған өкінгеннен ұтқым келеді,— деді.

Лиза түрегелді. Лаврецкий оның соңыннан ерді. Басқыштан түсіп келе жатып Лиза тоқтай қалды.

— Жүрек толы қайшылық деп дұрыс айтысады екен. Сіздің мысалыңыз мені махаббатпен қосылған өмірден сескентсе керек еді, ал мен...

Лаврецкий жарыса:

— Сіз одан айныдыңыз ба?— деді.

— Жоқ, бірақ көңем де жоқ. Мен оған бар сезгенімді, барымды айттым да, тоса тұруын сұрадым. Сіз ризасыз ба?— деп, ол шапшаң ғана жымиды да, жүгіріп түсті. Фортепиано қақпағын көтеріп жатып ол:

— Сізге мен нені ойнасам екен?— деді.

— Не тілесейіз, соны!— деді де, Лаврецкий қызды анық көріп отыратын жайға орналасты.

Лиза ойнай бастағаннан ұзақ уақыт бойына өз сауақтарынан көз алмады. Бір шақта Лаврецкийге қарап еді, оқыс тоқтай қалды; жігіт жүзі сондай ғажайып және таң-тамаша боп көрінді.

— Сізге не болды?— деп еді.

Лаврецкий:

— Жай, маған сонша жақсы; сіз үшін шатпын, сізді көруге шатпын, ойнай беріңіз!— деді.

Сәлден соң Лиза сөйлеп:

— Менің байқауымша, ол мені анық жақсы көрсе анау хатты жазбас еді, менің оған енді жауап бере алмайтынымды сезуге міндетті еді,— деді.

— Онда мән жоқ,— деп сөйлеп Лаврецкий,— мәннің бәрі сіздің оны сүймейтіндігіңізде!— деді.

— Қойыңызшы, осы неғылған сөз! Маған ылғи сіздің марқұм әйеліңіз елестейді де, өзіңізден шошынамын!

Осы кезде Марья Дмитриевна Паншинге:

— Байқаңыз, Вольдемар! Қандай жақсы ойнайды, қызым Лизет!— деді.

— Я, өте сүйкімді!— деді Паншин.

Марья Дмитриевна ойнаушы жігітке нәзік жүзбен қарағанда анау бұрынғысынан да қоразданып, салмақпен зілденіп, он төрт каролиді жариялады.

XXXI

Лаврецкий жас адам емес-ті; ал бұған Лиза әсер еткен сезім жөнінде алдануға мүмкін емес еді; осы күні өзінің қызға ғашық болғанына анық көзі жетті. Бірақ бұл наным әкелген қуаныш шағын еді. Өзінің ойында: «Тағы да отыз бес жаста басқа іс таба алмай, жанымды әйел қолына берем бе, бірақ Лиза анау емес: бұл менен ұят құрбандық тілемейді, менің кәсібімнен де жырақтатпайды; ол мені адал, салмақты еңбекке шабыттандырап еді; сөйтіп екеуміз де алға, ғажайып мақсатқа қарай беттер едік. Я,— деп ол өзінің ойын қорытып,— мұның бәрі жақсы-ау, жалғыз-ақ маған тигісі келмейтіні мәңгілік байлау ғой. Менен шошынамын деп текке айтты дейсіз бе. Соның орайына ол Паншинді де сүймейді... Әлсіз жұбаныш!»— деді.

Лаврецкий Васильевскіге қайтты; бірақ онда төрт күнге де төзе алмай, соншалық іші пысты. Бір нәрсені күту қажытқандай: Жюль мырзаның айтқан хабарын анықтауды тілейді, бұл болса бірде бір хат та алған жоқ. Сөйтіп қалаға қайтып келіп, кеш бойы Калитиндерде отырды. Марья Дмитриевнаның әлденеден бұған қарсы көңілде екенін байқау қиын болған жоқ; бірақ әйелді мейірлендіріп, пикет ойыны кезінде он бес сом ұтқызды да, Лизамен жарым сағаттай оңаша болуға үлгірді, қызға шешесінің осыдан бұрын сондай күлкі жайлары көп адаммен оңаша ашына болуға қажет

емес дегені бұл екеуіне бөгет бола алмады. Қыз бірәз өзгеріп қалғандай екен: бұрынғыдан көбірек ойланатын тәрізді, мұның келмегенін кінә қып сөйледі және келесі күні таңертеңгі намазға шіркеуге бірге бармайсыз ба деп сұрады (келесі күні жексенбі еді).

Жігіт жауап бергенше ол өзі сөйлеп:

— Барыңыз, екеуміз қаза болған адам үшін дұға оқиық!— деп тұрып, содан әрі Паншинді енді мұның өз байлауын күткізу керек пе, жоқ па, сол туралы өзінің не істеуге білмейтінін айтты.

— Неліктен?— деп сұрап еді Лаврецкий.

— Себебі байлаудың не болатыны мәлім сияқты!— деп қыз жауап берді.

Содан соң басым ауырды деп Лаврецкийге баяу түрде саусақтарының ұшын ғана созды да, жоғарыға кетті.

Келесі күні Лаврецкий таңертеңгі намазға барды. Бұл кезде Лиза шіркеуде екен. Сырт айналмай-ақ ол мұның келгенін байқап қалды. Ол ынтасымен жалбарынып тұр екен, көзінде баяу шұғыла бар, басы да жай ғана иіліп, жай ғана көтеріле түседі. Жігіттің байқауынша қыз бұл үшін де жалбарынып тұрғандай, сондықтан жанын ғажайып бір мейір кернегендей болды. Өзі бір жағынан рахаттанып, екіншіден ұялғандай. Сапта тұрған халық, таныс жүздер, үйлескен ән, ладан иісі, терезелерден түскен мол сәуле, шіркеу қабырғаларының биікке созылған қоңырқай күйлері — бәрі де жүректі шіміркентеді. Бұл көптен шіркеуде болмаған, тәңірісін де көптен ойламаған болатын, қазірде де ешбір дұғалық сөз айтқан жоқ, тіпті жалбарынған да жоқ; бірақ көңіл қалпында денесімен болмаса да, ойынтасымен бір сәтке басын сәждеге қойып, мүләйымдыққа түскендей болды.

Бала күніндегісі есіне түсті, бұрын шіркеуде ол маңдайына бір леп соққандай болғанға дейін жалбарынатын; ол кезде қамқор періште өзімді кінәсыздар қатарына қосты деп ойлайтын. Бір сәтте Лизаға қарап... Ішінен «мені мұнда өзің әкелдің ғой», «жанас-саңшы, жаныма жанасшы» дегендей болды.

Қыз әлі де баяу ғана жалбарытуда; жігітке оның жүзі қуанышты тәрізді; сол мұны елжіретті де, оның жанына тыныштық бер, өзіме кешірім ет деген тілек айтты.

Екеуі шіркеу баспалдағында кездесті; қыз бұған көңілді және еркелі салмақпен амандасты. Шіркеу қорасында жас шөпті және шұбартқан көйлектер мен әйелдер орамалдарын күн әсем жарқыратып тұрды. Биікте жақын шіркеудің қоңыраулары қаңғырлайды, құймаларда торғайлар шырылдайды. Лаврецкий бас киімін кимей күле карап тұр; баяу жел оның шашын қыбырлатып, Лиза шляпасының ленталарын қозғайды. Лиза мен оның қасындағы Леночканы күймелеріне апарып отырғызып, қалтасындағы бар ақшасын қайыршыларға беріп, Лаврецкий жай басып үйіне қайтты.

XXXII

Федор Иванычка ауыр күндер туды. Ол үнемі безгек ауруы бұған кісідей. Әр күн ертемен почтаға барып хаттар мен журналдарды асығып, ақтармалап қараса да, бірде-бір кезде анау суық хабарды растаған белгі болмады. Кей уақыт өзіне өзі жиренішті көрінетін: «Бұл немене, мен бір кара қарғадай өз әйелімнің өлімін, қанын тілегендей болғаным ба?» деп ойлайтын.

Қалитиндерге ол күнде барады, бірақ онда да жеңілдік таппады: үй қожасы әйел бұған наразыдай, амалсыз қабылдаған тәрізді; Паншин өте-мөте әдепті жүзбен қарағандай болады; Лемм болса бір мұңға батқандай, мұнымен зорға амандасады, ал бәрінен қиыны Лиза бұдан қашатын тәрізді. Кейде екеуі оңаша қалса, бұрынғы иланғыштық орнына енді бір қысылу пайда болғандай; қыз бұған не айтарын білмегендей, бұл болса бірденеден ұялғандай. Ал аз күн ішінде Лиза бұған мәлім қалпынан өзгеріп кетті: оның қозғалысында, дауысында, тіпті күлкісінде де жасырын бір мазасыздық, бұрын болмаған өзгеріс бардай.

Марья Дмитриевна анық өзімшіл адам болғандықтан түкті сезген жоқ; бірақ Марфа Тимофеевна өзі сүйетін қызға қадалып қарай бастап еді. Лаврецкий Лизаға анау журналдың номерін көрсеткені үшін өзін сан рет кінәлады: мұның көңіл күйінде таза сезімі бар адамды түршіктіргендей жағдай болғанын ол сезбеске мүмкін емес еді.

Лизаның өзгерісін ол өзімен өзінің алысуынан және Паншинге қандай жауап беру жөнінде күдіктенуден болған деп ойлады. Бір күні бұл берген Вальтер

Скоттың романын қыз мұның өзіне әкеліп берді. Жігіт:

— Бұл кітапты оқыдыңыз ба?— деп сұрап еді, қыз:

— Жоқ, кітапсыз да маған жеткілікті!— деп кеткісі келді.

— Бір минут тоқтаңыз, мен сонша көптен бері сізбен оңаша бола алмадым. Өзіңіз менен қорыққан тәріздісіз ғой?

— Я.

— О, неден жаным-ау?

— Білмеймін.

Лаврецкий сәл үндемей қалып, кейінірек:

— Айтыңызшы, сіз әлі бекінген жоқсыз ба?— деді.

Қыз көзін төмен қаратқан қалпында:

— Сіз не айтпақ боласыз?— деді.

— Сіз мені түсініп тұрсыз ба?..

Лиза тез қып-қызыл боп кетті. Қызына сөйлеп:

— Менен ешнәрсе сұрамаңыз, мен түк те білмеймін, мен өзімді өзім де білмеймін!— деді. Және ол сол арада жөнеліп кетті.

Келер күні Лаврецкий Қалитиндерге түстен кейін келгенде олардың кешкі намазға әзірленіп жатқанын білді. Ас ішетін үйде төрт бұрышты стол үстінде таза ас-жаулық үстінде қабырғаға сүйелген, алтын қоршауы бар, асыл таспен безендірген, кішілеу икондар тұр екен. Сұр фрак пен башпақ киген қарт малай асықпай басып келіп, икондар алдында жіңішке шамдалдарға орнатқан шамдарды қойып шоқынды да, иіле түсіп, ақырын шығып кетті. Жарығы жоқ қонақүй бос тұр. Лаврецкий ас ішетін бөлмеде біраз жүрді де, біреудің туған күні ме?— деп сұрады.

Оған біреу сыбырлап, «жоқ» десіп, «кешкі намазды ұйғарған Лизавета Михайловна мен Марфа Тимофеевна» десті; ғажайып иконды көтермек екен, бірақ ол отыз шақырымдағы бір ауруға алып кетіліпті. Сәл уақытта дьякондар мен поп келді, бұл жас емес, үлкен қасы бар адам екен. Ауыз бөлмеде ол қатты жөткіргенде әйелдердің бәрі кабинеттен шұбатыла шығып, поптан бата алуға ұмтылысыпты; әйелдерге Лаврецкий үнсіз иілгенде, олар да бұған үндемей бас изесті. Поп біраз тұрып, тағы жөткіріп, жуан даусымен ақырын ғана:

— Бастауға бұйырасыз ба?— деді.

Марья Дмитриевна:

— Бастаңыз, қазірет!— деді.

Поп киініп, әзірлене бастады. Дьякон жағымпаздана сөйлеп, кішкене көмір сұрады; тұтанған ладанның иісі шықты. Ауыз бөлмеден қызметкер әйелдер, малайлар шығып, тұтасқан топ болып есік алдына тоқтасты.

Жоғарыдан әсте түспейтін Роска қазір ас ішетін бөлмеге кеп, қуса да кетпей қойды, бір малай оны қолтығына қысып алып кетті. Кешкі намаз басталды. Лаврецкий бір бұрышта тығылып тұрып қапты: көңіл сезімі ғажайып мұнды тәрізді, өз сезімін өзі дәлдеп айыра алмағандай.

Марья Дмитриевна жұрттың алдында тұр еді; ол нәзік солғын ғана қозғалыспен шоқынады да, біресе айнала қарап, біресе көзін жоғары қаратады, іші пысқан адамдай. Марфа Тимофеевна мазасызданған тәрізді; Настасья Қарповна сәжде қылып, мүләйым жүзбен ақырын сыбырлай көтеріледі; Лиза бір тұрғай қалпынан, бір орыннан селт етіп қозғалған жоқ; жүзінің салқындығына қарағанда, ол барынша ыстық жанмен жалбарынған тәрізді. Намаз біткенде кресті сүйіп, сонан соң поптың қып-қызыл қолын да сүйді. Марья Дмитриевна попты шай ішуге шақырды; ол сыртқы сәнді киімін шешіп, шырайы жылынып, әйелдермен бірге қонақ бөлмеге келді. Онша көңілді болмаса да сөз басталды. Поп төрт шыны шай ішті, маңдайының қасқасын сүрте бастады, Авошников деген көпестің шіркеу күмбезін бояуға жеті жүз сом бергенін айтты және беттің секпілін кетіретін емнің жайын сөйледі.

Лаврецкий Лизаның қасына отырып еді, бірақ қыз сонша қатал, салқын қалыпта, бұған бір рет қараған да жоқ. Әдейі байқамаған кісі сияқты, жүзіне бір паң салтанат, салқын күй жиғандай. Неліктен екені мәлімсіз, әйтеуір Лаврецкийдің күлкісі, әлде бір әзіл айтқысы да келіп еді, бірақ жүрегінде қысылу болғандықтан іштей таңданды да, ақыры кетіп қалды... Өзінің сезуінше: Лизаның басында бұл сырын біле алмаған бір күй болған тәрізді.

Келесі жолы Лаврецкий қонақүйде Гедеоновскийдің жағымпаз, бірақ икемсіз сөздерін тыңдай отырып, бір шақта артына айналып қарағанда, Лизаның бұған қарап отырған көзінде әлде бір терең, ықыласты сұрақ белгісін байқағандай болды... Ол жұмбақ көздер бұған ғана қадалғандай. Лаврецкий кейін түн бойы осы көзқарастың жайын ойлаумен болды. Ол балаша сүйген емес, күрсіне қиналу бұған қонбайды да және Лиза да

ондай сезім тудырмайды; бірақ махаббат әр жасқа өзінің ғазабын салады, бұл соны толығынан өз басынан кешіріп жүр.

XXXIII

Бір шақта Лаврецкий дағдысы бойынша Калитиндерде отыр еді. Адамға ауыр, ыстық күннің соңынан ғажайып кеш келді де, Марья Дмитриевна өзінің қарсы желді жек көретініне қарамай, бақшаға шығатын барлық есік-терезені ашқызып, карта ойнамайтынын айтып, мұндай шақта табиғатты қызықтамай, карта ойнау күнә,— деді.

Қонақ жалғыз Паншин болатын.

Кеш шабыттандырса да Лаврецкийдің алдында ән салғысы келмей, бірақ көркемдікті сүйген сезімін және де ірке алмай, Паншин поэзияға берілді: Лермонтовтың бірнеше өлеңдерін керексіз нәзіктікпен оқыса да, жалпы тәуір оқып шықты (бұл шақта Пушкин қайтадан модаға кірмеген кез болатын).

Паншин бір сәтте өзінің сезімталдығынан ұялғандай боп «ой» өлеңі турасында жаңа буынды сынап, кінәлай бастады және өзі болса әкімшілік қолына тисе, бар дүниені басқаша өзгертегінін де айтып үлгірді, өзінің сөзінде ол «Россия Европадан артта қалды; алдыңғыны қуып жету керек. Бізді жас дейді — ол жалған; бізде және тапқырлық жоқ; X-в-тің өзі айтуынша біз тіпті тышқан қақпанын да ойлап шығарған емеспіз. Ендеше біз амалсыздан өзгеге еліктейміз, Лермонтов біз дерттіміз дейді, мен сонысына қосыламын, дерттіміз — жартылай ғана европаландық; неден мерткісек, сонымен емденуіміз керек (кадастрмен ғой деп ойлады Лаврецкий). Паншин сөйлеп отыр: біздегі жақсы ойлаушылардың көбінің көзі жеткен; анығында бар халықтар бірдей, жақсы кеңселер ғана орнатыңызшы, іс тамам болады. Және халықтың қалыптанған салтына да үйлесу керек болар, ол біздің ісіміз (мемлекет адамының ісіміз дей жаздап барып), біздей қызметкерлердің ісі; бірақ қажет болғанда қорықпаңыздар, кеңселердің өзі сол салтты өзгерте алады,— деді.

Марья Дмитриевна Паншинге сүйсініп бас изеп отыр. Өз ішінен «менің үйімде қандай ақылды адам сөйлеп отыр» дегендей. Лиза терезеге сүйеніп үнсіз отыр; Лаврецкий де үндеген жоқ; бұрынғыша өзінің дос әйелімен карта ойнап отырған Марфа Тимофеевна бір нәрсеі

жақтырмай күбірлеп сөйлеп қалды; Паншин бөлме ішінде арлы-берлі жүріп, сұлу сөйлегенде ішінде құпия ыза бар сияқты; тегі бар буын емес, өзіне белгілі бірнеше адамды ғана кіналағандай.

Калитиндер бақшасында үлкен бір түп сирень арасында бұлбұл болатын. Жаңағы шешен сөздің араларында бұлбұлдың кешкі, алғашқы үндері естіле тұрған. Қабырғасы үйенкілердің биік бастарынан жоғарыда, қызғылт аспанда алғашқы жұлдыздар көрінді.

Лаврецкий түрегеліп, Паншинге қарсы сөйлеп: дау басталды. Лаврецкий Россияның жастығы мен өздігін қорғап сөйледі; өзімен өзінің буынын құрбандыққа берсе де, жаңа адамдар мен олардың жаңа наным, талабы турасын қорғай сөйледі; Паншин ызалана қатаң жауап берді, ақылды адамдар бар дүниені жаңғырту керек деді және шектен асып, өзінің камер-юнкер дәрежесін, чиновниктің шенқұмарлығын ұмытып, Лаврецкий артта қалған консерваторлар деп және де алыстан орағытып тұспалдап, мұның қоғам ішіндегі орнын жалған дегісі келді.

Лаврецкий ашуланған жоқ, ол Михалевичті есіне алып, соның да мұны артта қалған — бірақ вольтериянец дегенін еске ала отырып, салмақпен сөйлеп, Паншинді бар мәселеде жеңіп шықты. Ол секіріп өсудің мүмкін емес екенін айтты және өзіміңің чиновниктердің биікте тұрып асқақтықпен өзгертем дегеніне болмайтынды, өйткені ол чиновниктер туған жерін білмейтін, ешбір дүниеге сенімі жоқ жандар екенін айтты; мысалға өзінің тәрбиесін алып, халық шындығы барын және соған бағынудың талабын айтты; бұл бағыну әрбір батылдың, жалғанға қарсы батыл болатынын білдірді; және де уақыт пен қуатты жауапсыз жеңіл шығын ету жолындағы кінәның орынды болатынын айтуды да ұмытқан жоқ.

Кейін Паншин қапаланған күйде сөйлеп:

— Ал бәрі жақсы болсын! Мысалы, сіз Россияға қайттыңыз, сіз не істемек боласыз?— деді.

Лаврецкий:

— Жер айдаймын және шамам жеткенше жақсы айдауға тырысамын!— деді.

— Бұл өте мақтаулы, даусыз нәрсе. Бұл жөнде сіз үлкен өнер тапты деп те айтысты, бірақ білесіз бе, мұндай кәсіпке жұрттың бәрі қолайлы келе бермейді...

Осы кезде Марья Дмитриевна жартылай французша:

— Сізде ақын табиғаты бар, әрине, жер жырта алмайсыз және де, Владимир Николаевич, сіз ұдайы зор нәрселерді істеуге арналғансыз!— деді.

Бұл тіпті Пашинге де өрескел жай еді: ол қысылып қап, сөзді доғара берді. Әңгімені аспанның сұлулығына, Шуберт музыкасына бұрып көріп еді, ендігі сөздер жабыспады. Ақыры ол Марья Дмитриевнаға пикет ойнайық,— деді.

— Қалайша, осындай кеште ме?— деп әйел күдік айта бастаса да, ақыры қартаны әкелуге бұйырып еді.

Паншин жаңа калоданы қатты жұлып, жыртып ашып жатқанда Лиза мен Лаврецкий уәделескендей қатар түрегеліп, Марфа Тимофеевнаның қасына барысты. Бір сәтте екеуіне де ендігі жай сонша жақсы көрініп, бірақ онаша қалудан екеуі де қорқысқандай болып және сонымен бірге соңғы күндерде болған қысылу, ыңғайсыздық енді біржолата қайта оралмастай боп жойылғандай еді. Кемпір елеусіз түрде өзгеге байқатпай Лаврецкийдің бетін сипады да, көзін қулықпен қыса түсіп, басын шайқап сыбырлап: «ақылды немені сойдың ба, рахмет»— деді.

Бөлмеде тып-тыныш, оқта-текте балауыз шамның сытырлағаны және қолдардың столға соққаны, карта ұтысының сандары ғана естіледі және де терезелерге сырттан кірген дымқыл салқынмен аралас ғажайып қуатты, соншалық зор үнді бұлбұл жыры естіліп тұр.

XXXIV

Лаврецкий мен Паншин дауының кезінде үндемесе де Лиза бар ықыласымен олардың сөзін тыңдап, өзі Лаврецкий жағында болған еді. Бұл саясатпен аз шұғылданатын, бірақ бекзадасыған чиновниктің асқақ үнінен ол жиренетін (қазір сол чиновник бұрын көрінбеген бар қалпында байқалды); оның Россиядан жиренуі Лизаға қорлықтай көрінді. Қыз өзін отаншылмын деп ойлап көрген емес еді, бірақ орыс адамдарын ол жан тартатын; орыстың ойы оны қуантатын; ол өзін бекзадамын демей-ақ, паңсымай-ақ шешесінің мүлкін басқаратын староста қыстақтан келгенде бірнеше сағат бойында сөйлесе беретін. Лаврецкий осының бәрін сезуші еді; жалғыз Паншинге ол жауап та қатпас еді, ол Лиза үшін сөйлеген. Бұл екеуі бір-біріне ешнәрсе айтпаса да, тіпті көздері де сирек қарасса да, екеуінің түсінгендері,

сүйгендері мен сүймегендері бірдей екенін білісті. Бірақ нәрседе екеуінің шалғайлығы бар: Лиза жігітті құдайына да дұрыс табындырамын деп құпия үміт ететін. Екеуі Марфа Тимофеевнаның қасында оның қартасына қарап отыр, анығында оның ойынын да андып отырысқандай; ал шынында әрқайсысының кеуделерінде жүректері ұлғая түскендей; бұлар үшін бір нәрсе де мәнсіз жоғалып жатқан жоқ, бұлбұл бұлар үшін сайрап тұр, жұлдыздар бұлар үшін жанады, жаз рахатымен жылылықта ұйқыға қалғып бара жатқан ағаштар да бұлар үшін баяу сыбырлағандай болысады.

Лаврецкий өзін билеген толқынға барынша бағынып, қуанады; бірақ таза жанды қыз кеудесінде не боп тұрғанын айтуға сөз жетпейді: ол қыздың өзіне де жасырын, құпия; ендеше өзгелер үшін де ол жасырын боп қала берсін. Тегінде тірлікке, гүлдеуге арналып нәр жиып жер құрсағында пісе бастаған дәннің қалай өзгергенін ешкім көрген, ешкім ешбір шақта білген емес еді ғой.

Сағат онды соқты. Марфа Тимофеевна мен Настасья Карповна жоғарыға кетісті; Лаврецкий мен Лиза екеуі бөлмеде сәл жүрісіп, бақшаға шығатын есіктің алдында тоқтасып, қараңғы тартқан жыраққа, содан бір-біріне бұрыла қарасты да, қатар жымиысты; бір-бірінің қолын ұстап, барды айтысып, ұғысар тәрізді еді. Екеуі де Марья Дмитриевна мен Паншинге келгенде пикет ойыны ұзаққа созылған екен. Соңғы «король» біткенде барып, үй қожасы орнынан қозғалды да, айналасын қоршаған жастықтарды жерге төге түрегелді. Паншин шляпасын алып, Марья Дмитриевнаның қолын сүйіп, кейбір бақыттылардың ұйықтауына, немесе түнді тамашалауына бөгет болмаса да, мұның таңға шейін қырсық қағаздармен айналысуы міндет екенін айтты. Лизамен салқын амандасып (өзінің тілегіне қыз тоса тұруды сұрайды деп ойлаған жоқ еді, сол себепті Лиза өкпелі болатын), енді жүріп кетті. Оның соңынан Лаврецкий де кетті. Екеуі қақпа алдында айрылысқан еді; Паншин өзінің көшірін қолындағы таяқпен мойынға түртіп оятып, күймесіне мініп, жортып кетті. Лаврецкий үйге қайтқысы келмеп еді, ол қаладан шығып далаға қарай тартты.

Түн тыныш, ай болмаса да жарық екен; Лаврецкий шық түскен шөпті басып ұзақ жүрді; бір уақытта тарғана жалғыз аяқ соқпақ кездесіп, соған түсіп кетіп еді, сол соқпақ бір ұзын күймаға, содан қақпаға әкелді; не

үшін екенін өзі білместен, бұл қақпаны түртіп еді, қақпа сықыр етті де ашыла берді, дәл бір мұның қолы тиюін тосқандай. Лаврецкий бақшаға кірді. Бірнеше қадам жер жүріп, жөке ағаштың арасымен келе жатып, қайран боп тоқтай қалды. Мұнысы Қалитиндер бақшасы екенін енді ғана білді.

Бұл жаңғақ ағашының қаракөленкесіне шапшаң тайды да, өзіне өзі таң болып, ұзақ уақыт қозғалмай тұрып қалды, «мынау тегін емес-ау!» деп ойлады.

Айнала тып-тыныш; үй жақтан ешбір дыбыс білінген жоқ. Бұл ақырын ғана ілгері басты. Аллеяның бұрырлар жерінде енді барлық үй бұған өзінің қарауытқан бойымен түгел көрінді, жоғарғы екі терезеде ғана әлсіз жарық бар екен: біреуі Лизаның бөлмесінде, ақ перденің аржағында шам жанғандай және Марфа Тимофеевнаның бөлмесінде икондар алдындағы кішкене шамдар қызыл сәуле төгіп, икондардың жиегін жарқыратады, төменде балкон есігі шалқасынан ашық екен. Лаврецкий ағаш орындыққа отырып, қолын бүйіріне таянып, сол ашық есіктен Лизаның терезесіне қарап қалды. Қалада түн ортасының сағаты соқты. Үйде кішкене сағат жіңішке үнмен он екіні соқты, күзетші тақтайын тықылдатып жатыр. Лаврецкий ешнәрсені ойламай, ештеңені тоспай, тек қана Лизаның жақында екенін сезіп, оның көп отырған орындығында отырудан рахат тапты...

Лизаның бөлмесінде шам өшті. Лаврецкий сыбырлап «қайырлы түн, менің сүйіктім» деп қараңғы тартқан терезеге көз алмай қадала қарап отырды.

Бір шақта жарық төменгі бір терезеден көрініп, одан екінші, үшіншіге ауысты... Біреу шам ұстап бөлмелерді аралап келе жатқандай. «Лиза ма, батыр-ау? Мүмкін емес...» дей түсіп Лаврецкий орнынан тұрды... Мәлім жүз жылт еткендей болып, қонақ үйге Лиза шықты. Ақ көйлек киген, тарқатылмаған бұрымдары екі иығынан асылған қалпында ол столға ақырын басып тақап келіп, шамын қойып, еңкейіп бір нәрсені іздеп жүр; осыдан соң жүзін бақшаға бұрып, ашық есікке тақап, барынша аппақ, жеңіл ғана сымбатты қалпымен табалдырыққа басып тоқтай қалды. Лаврецкийдің бар денесі дір еткендей болды.

— Лиза!— деген шалажансар сөз аузынан амалсыз шыққандай болды.

Қыз дір етіп қараңғыға қарай қалды.

— Лиза!— деп Лаврецкий қаттырақ айтты да, ал-
лея көлеңкесінен шыға келді.

Лиза шошыған күйде басын созып кейін серпіле қалды да, жігітті тани қойды. Жігіт қыздың атын үш рет атап, соған қарай қол созып еді, Лиза есіктен бері шығып, бақшаға қарай басты.

— Сіз бе, сіз мұндасыз ба?

— Мен... Мен, тек қана тыңдаңызшы,— деп сыбыр-
лап Лаврецкий қыздың қолынан ұстап, орындыққа қарай бастады.

Қыз мұның соңынан қарсылықсыз ерді; оның ақшыл жүзі, қозғалыссыз көздері, бар қимылы ғажайып таңданғанын білдіруші еді, Лаврецкий мұны орындыққа отырғызып, өзі алдында тұрды.

— Менің келем деген ойым жоқ еді. Мені әкелген... Мен, мен... Мен сізді сүйемін,— деп ол ықтиярсыз шошығандай сөйледі.

Лиза бұған ақырын ғана қарап, енді ғана, осы сәтте ғана өзінің қайда екенін, не болғанын аңғара бастағандай. Оның тұрғысы кеп еді, бірақ тұра алмай, екі қолымен бетін басты.

— Лиза, Лиза,— деп екі айтты да, Лаврецкий оның аяғына шейін иілді.

Лизаның иықтары дірілдеп, аппақ болған саусақтары бетіне барынша жабыса түскендей.

— Сізге не болды,— дей тұрып, Лаврецкий қыздың ақырын еңіреп жылағанын естіді, жүрегі тоңазып кетті... Бұл жастың мәні не екенін ол түсінді.

— Шынымен мені сүйесіз бе?— деп сыбырлап барып, қыздың тізесіне қолын тигізіп еді:

— Тұрыңыз,— деген қыздың үні естілді,— тұрыңыз, Федор Иванович. Бұнымыз не сіз екеуміздің?

Жігіт тұрып орыдыққа, қыздың қасына келді. Қазір қыз жылаған жоқ, бірақ жігітке өзінің жасты көзімен бар ықыласымен қарады.

— Мен қорқамын, біз не істедік?— деп қайта айтты.

— Мен сізді жақсы көремін,— деп бұл да өз сөзін қайталап,— мен сізге өз өмірімді беруге әзірімін,— деді. Қыз және дір етіп, бірнәрсе оны шаққандай болды да, аспанға қарады.

— Мұның бәрі тәңірімнің әмірінде,— деген еді.

— Сіз мені сүйесіз бе, Лиза! Біз бақытты боламыз ба?

Қыз көзін төмен түсірді; жігіт ақырын ғана қызды

өзіне тартқанда, Лизаның басы мұның иығына құлай сүйенді... Лаврецкий өзінің басын сәл бұрды да, қыздың қазірде қаны қашқан ерніне сүйе жабысты.

Жарым сағат өткенде Лаврецкий қақпаға келіп еді, ол жабық екен, сондықтан қақпадан секіріп түсті. Қаланың ортасына қарай беттеп, ұйқылы көшелерді аралап келе жатты. Ойда жоқ ұлы қуаныш жанын кернегендей, бар күдік өшкендей. Өз ойында «бұрынғының сұм елесі, өш көзімнен, ол мені сүйеді, менікі болады» дейді. Сол сәтте аспанда, жоғарыда ғажайып бір әсем күй тәгілді; бұл тоқтай қап еді, күй аспандап серпетті; сондай-ақ көркем, күшті тасқын тәрізді және барлық күй бұның үн салып тұрған бақыты сияқты. Жігіт жалт қарап еді, кішілеу үйдің жоғарғы қос терезесінен тәгіліп тұрған күй екен.

— Лемм! Лемм, Лемм!— деп қайта-қайта қатты айғайлаған Лаврецкий үйге қарай ұмтылды.

Күй басылып қалды да, жеңіл киінген шалдың бойы ашық терезеге тақап келді. Кеудесі ашық, шаштары үрпіген бойда төмен қарады.

— Ага! Бұл сіз бе едіңіз!— деп шал салмақпен сөйледі.

— Христофор Федорыч, жаңағыңыз не деген ғажайып күй! Құдай үшін мені үйге кіргізіңізші.

Қарт бір ауыз сөз айтпастан салмақты қимыл жасап, сыртқы есік кілтін терезеден лақтырып тастады.

Лаврецкий жоғарыға жүгіре шығып, үйге кіре бере Леммді құшақтай алайын деп еді; бірақ анау бұған әмір еткен жүзбен орындықты көрсетті де, орыс тілінде шолақ қайырып: «садитесь и слушать» деді де, өзі фортепиано қасында отырып, айналаға асқақ салқын жүзбен қарап, ойнай жөнелді...

Бұған ұқсаған нәрсені Лаврецкий көптен естіген жоқ еді. Құмарлығы күшті тәтті күй ең алғашқы үннен-ақ жүректі қармайды; бұл сондай жарқыраған және бір шабыттан елтіген бақыт пен сұлулыққа толы күй; өсе түсіп еріп жатқандай, жер үстіндегі барлық қымбат дүниеге, құпия мінажатқа— бәріне де арналғандай; мәңгі өлместік мұнымен тыныс алады да, өлмек үшін аспанға шырқап кетіп жатқандай. Лаврецкий тік басып тұрып алып, шаттанғаннан аппақ болып тоңазығандай. Мынау үндер бұның жанына жармаса араласады, ол

махаббат бақытымен елтіген жан еді, бұл күйдің өзі де махаббатпен лаулағандай. Соңғы аккорд біте сала Лаврецкий сыбырлап, «тағы тартыңызшы» деді. Шал бұған қыранша көз тастап, кеудесін қақты, өз тілімен сөйлеп: «бұны мен шығардым, мен ұлы музыкантпын»— деді де, өзінің ғажайып шығармасын қайта ойнады. Үйде шам жоқ, жаңа көтерілген ай сәулесі терезеден киғаштай түсіп тұр; сергек әуе үн салып аласұрады; кішкентай кедей бөлме мінажат орнындай, күміс араласқандай көкшіл сәуле арасында шалдың басы шабытты, сергек күйді білдіреді. Лаврецкий бұған тақап келді де, құшақтап алды. Лемм әуелі бұның құшағына шіміркенбей қайта шынтағымен қаға берді. Қыбыр етпей тұрып, бір қалыпты салқын, қатаң қарап, екі рет қана «ага!» деді.

Кейін оның қатты құбылған жүзі тыныштық алып, бәскіл тартты. Лаврецкийдің жаңағы қуанышты құттықтауына орай қазір ол әуелі жымыды да, кейін балаша әлсіз өксіп жылап жіберді.

— Бұл ғажап,— дей түсіп,— дәл қазір келгеніңіз ғажап қой; бірақ мен білем, бәрін білем,— деді.

Лаврецкий қысылып қалды.

— Сіз бәрін білесіз бе?

— Сіз жаңа мені тыңдадыңыз, мен барды білетінімді түсінбей қалдыңыз ба?

Лаврецкий түн бойы ұйықтай алмай, таң атқанша төсек үстінде отырды. Лиза да көз ілмей дұға оқумен болды.

XXXV

Лаврецкий қалай өсіп, есейгенін оқушы біледі; енді Лизаның тәрбиесі туралы біраз сөз айталық. Әкесі өлгенде бұл он жаста болатын, тегінде әкесі бұған айналысқан да емес еді. Жұмыс басты, баюға салынған, өзі ызақор, шыдамсыз, қатал әке оқытушылар мен тәрбиешілерге деген ақшаға сараң болмайтын, балалардың киімі мен өзге керегін де іріклейтін, бірақ өз айтуынша, «шіңкілдектерді әлдилеуді» өлердей жек көретін, оларға алдануға уақыты да жоқ болатын; өйткені жұмысы көп, ұйқысы аз, оның үстіне карта ойнап тағы жұмысына жөнелетін; бұл өзін молотилкаға жегілген атпын дейтін. Ол өлім сағатында кебірсіген еріндері қайғылы жымып, «менің өмірім шапшаң шауып өтті-ау» деген еді.

Марья Дмитриевна жалғыз өзім балаларымды асырадым деп Лаврецкийге мақтанғанмен, Лизаға ол да аз айналысқан болатын, бұны қуыршақтай киіндіріп, қонақтар көзінше басынан сипап, көзінше ақылдысың, жаным деген болатын, бірақ бары сол ғана: жалқау ханым ұзақ қамқорлықтан қажі беретін. Әкесі барда Лиза Парижден келген Моро деген губернантика қыздың қолында болды; ал әкесі өлген соң Марфа Тимофеевнаның қарамағына ауысты. Бұл әйелді оқушы біледі; ал қыз Моро кішкентай ғана, торғайдай құбылған, торғайдай ғана ақылы бар құрысқан жан болатын. Ол жас шағында еркінше жүріп, қартая бере екі құмарлықты ұстап қалды: біреуі — тамақсаулық, біреуі — картақұмарлық. Ток кезінде карта ойнамайтын, көп мылжындайтын да — жүзі өлі кісідей тынышталып, тек қана отырып, қарап, тыныс ала беретін — басында бірде-бір ой қыбыр етпейтін тәрізденетін. Мұны тіпті қайырымды деп айтуға да келмейтін, өйткені құсты кім қайырымды дейді. Әлде жас шағын желікпен өткізгеннен бе, болмаса бала кезінде Париждің әуесін жұтқаннан ба, әйтеуір бұнда бір арзан сенімсіздік ұялаған, соның белгісі французша айтылған: «оның бәрі ақымақшылық» деген сөзден көрінетін. Теріс сөйлесе де Париждің таза жаргонымен сөйлесуші еді, өсек айтпайтын, көп құбылғыш болмайтын — ендеше губернантикаға одан артық не керек? Лизаға оның әсері аз тиді, сондықтан оның асыраушысы Агафья Васильевнаның балаға деген әсері молырақ болды.

Ал, бұл соңғы әйелдің тағдыры тамаша болатын. Өзі крестьян ортасынан шыққан, он алты жасында күйеуге беріліп еді, бірақ өзінің құрбылас крестьянка қыздарынан бұл мүлде бөлек болатын. Әкесі жиырма жыл старостан болып, көп пұл жиып, қызын ерке қып өсірген. Бұл өзі тамаша сұлу және бүкіл өлкедегі бірінші кербез, ақылды сөзуар, батыл қыз болды. Бұлардың мырзасы, Марья Дмитриевнаның әкесі, жуас, момын Дмитрий Пестов бір шақта, егін басу үстінде бұл қызды көріп, барынша құмартып қалды. Бірақ әйел тез тұл қалды! Пестов үйленген әйел болғанымен бұны өз үйіне кіргізіп, үй қызметкерлеріндей киіндірген еді. Агафья мәңгі осылайша тұрғандай өзінің жаңа халіне оп-оңай үйлесе кетті. Өзі ағарып, семіріп алды. Жұқа жеңінің астынан білінген қолдары көпестер әйелінің қолындай аппақ, жұп-жұмыр боп алды, үстелінен самауыр кетпеді, жібек пенен барқыттан басқаны кигісі де келмеді, жатқанда құстөсекке

жататын. Осындай балқыған өмір бес жылға созылған соң Дмитрий Пестов қаза болды, оның тұл әйелі мейірімді ханым еді, күйеуінің аруағын аяп, күндесін қыспады, өйткені Агафья бұның алдында кішіліктен жазған еместі. Бірақ үлкен ханым бұны бір малайына күйеуге тигізді де, көз алдынан аулаққа жіберді. Содан үш жыл өтіп еді. Жаздың бір ыстық күнінде ханым өзінің мал қорасына келген еді, Агафья мұны сондай тамаша салқын қаймақпен сыйлап, өзін момын ұстап, бір жағынан тазалық танытып, барына риза көңілді көрінді, бұнысына ханым мейірленіп, кешірім айтып, енді үйге келіп жүруге рұқсат етті: одан алты ай өткен соң Агафья қайтадан қуат алып, тағы да семіріп, ағарып алды, ханым бұған біржолата сенді. Осылайша тағы бес жыл өтіп еді, бірақ Агафьяның басына тағы да сор орнады. Өзі лакей дәрежесіне жеткізген бұның күйеуі ішкілікке салынып жоғалып кете беретін болды, ақыры мырзалардың алты күміс қасығын ұрлап, соңғы кезі жеткенше деп әйелінің сандығына тыққан еді. Бұл сыр білініп қалды. Еркектің өзін малқораға қайта айдап, Агафьяға да айып салысты, оны үйден қуып шықпаса да «экономикалық» орнынан алып, тігінші етті және қалпақ орнына басына жай орамал тартқызды. Жұрттың бәрін таң қылып Агафья өзінің бұл қорлығына мүләйім күйде көне қалды. Бұл шақта ол отыздан асып еді, бар баласы өлген, енді күйеуі де көп жасамады. Ой түсетін шақ жетті: оған ой түсті, ол үнсіз және намазқой болып алды, таңғы, түскі намаздың бірін босатпай, өзінің жақсы көйлектерінің бәрін жұртқа сыйлады, сөйтіп он бес жыл бойында жуас, момын, салмақты боп, ешкіммен ұрыспай, бар адамға жол бергіш болды. Біреу қатты айтса да, ол иілетін де алғыс айтатын. Ханым бұны кешіріп жазасын жойып, тіпті өз басындағы қалпағын да сыйлады. Бірақ Агафья орамалын алғысы келмей, үнемі қоңырқай көйлек киетін, ал ханым өлгеннен кейін ол тіпті момын, мүләйім боп алды.

Орыс адамы қорқып барып, тез үйреніседі, бірақ оның құрметтеуін табу қиын. Ол тез келмейтін және кім болса соған кез келмейтін мінез еді. Агафьяны үйдегінің бәрі қадірледі, оның бұрынғы күнәсін еске алған жан жоқ, тек қарт мырзамен бірге ол жайларды қабырға қоса қойғандай.

Марья Дмитриевнаны алған соң Калитин Агафьяны үй шаруасын басқарушы етпек еді, бірақ ол қызығудан аулақ деп көнбеді. Калитин бұған ақырса да әйел бас

ніп, төмен иіліп болды да шығып кетті. Ақылды Қалитин адамды түсінуші еді. Ол Агафьяны да түсініп, оны ұмытпайтын болды. Қалаға көшкен соң Агафьяның ризалығы бойынша Пестов Агафьяны Лизаға күтуші етті. Бұл кезде Лиза беске қарай басқан-ды.

Әуелі Агафьяның салқын салмақты жүзі Лизаны қорқытып еді, бірақ ол артынан тез-ақ жаңа күтушіні аса жақсы көріп, бұған үйреніп алды. Лиза өзі де байыпты бала болатын: оның жүзі тура салқын қалпында Қалитиннің өзіне ұқсайтын, тек көзі ғана әкесінікіндей емес, балада сирек болатын мейірімді, момын ықыласты сәулесі білініп тұрды. Ол қуыршақ ойнамады, ақырын күлетін де, паңдықты білмейтін. Жиі ойланбаса да, тегін ойламайтын: кейде үндемей қалып, ақыры үлкендердің біреуінен кейбір жайды сұрағанда сезгені туралы бұның басында ой бар екені білінуші еді. Тілінің сақаулығы ерте қойылып, төрт жаста таза сөйлейтін болды. Әкесінен қорқатын: шешесіне деген сезімі анық емес, одан қорықпаса да, еркелемеуші еді: тегі, өзінің жалғыз жақсы көрген адамы Агафья болса, оған еркелемек. Агафья бұдан айрылмайтын, екеуін оңаша көру ғажап болушы еді. Агафья бастан-аяқ қара киім киіп, балауыз шамдай аппақ жүдеу, бірақ, әлде де тамаша сұлу жүзіне, басына қара шалы жамылатын, солайша тіп-тік отырып, байпақ тоқитын: бұның аяқ тұсында кішкентай орындықшада Лиза орналасып, о да бірдемені істеп, өзіне әңгіме айтқан Агафьядан көз алмай тыңдаумен болатын; Агафья бұған ертек айтпайтын: біркелкі, ырғақты даусымен ол әулие қыздардың өмірін айтады, құдайшыл, діндар, сопылар өмірін, әулие қыздар жайын Лизаға айтып, жапаң түзде аштық, жоқтыққа шыдап, патшалардан қорықпай, Ғайсаның жолын тұтқанын айтатын. Оларға аспан құстарының азық әкеліп, жабайы аңдар бағынғанын баяндайтын; сол әулиелердің қаны тамған жерде гүлдер өскенін әңгімелейтін. Бір шақта Лиза өзінің гүлдерді жақсы көретін әдеті бойынша «ол сарфиол ма» деп сұраған еді... Агафья Лизамен момын салмақпен сөйлесетін, өзі айтқан әулиелер, қасиетті сөздерді өзіне көпсінгендей болатын. Лиза бұны тыңдағанда бар жерде бар, барды білетін тәңірі сондай бір тәтті қуатпен бұның жанына кіргендей еді. Сөйтіп бұны тазартып, тазалық қорғанышын ойлайтын. Ал Ғайса болса бұның сондай жақыны, танысы, туғанындай көрінуші еді; Агафья бұны дұға оқуға да үйреткен; кейін Лизаны таңсәрісінен оятып,

шапшаң киіндіріп, жасырын түрде таңғы намазға әкете-
тін. Лиза аяғының ұшынан басып, демін де жасырып,
оның соңынан еруші еді; алакөлеңкедегі таң салқыны,
шіркеу ішінде адам аздығы және өздерінің жасырын жө-
неліп, үйге сақтанып қайтуы, төсекке қайта жатуы —
осындай барлық тыйым салынған жай мен діндарлық
күйдің бәрі кішкентай қызды қобалжытып, оның өне бо-
йын билегендей болатын. Агафья ешкімді кіналамаушы
еді, Лизаны да тентектік үшін сөкпейтін. Бірдемеге риза
болмаса үндемей қалушы еді, Лиза сол үндемейтін мәнін
түсінетін; сезімтал баланың жүрегімен Агафьяның
Марья Дмитриевнаға немесе Калитиннің өзіне кейде на-
разы болған жайын да жақсы танитын.

Агафья Лизаны үш жылдан аса күтті, кейін оның ор-
нына Моро қыз келді; бірақ өзінің дағдылы «оның бәрі
ақымақшылық» дейтін сөзімен, бар сөлекет әдеттерімен
бұл жеңілтек француз әйелі Лизаның жүрегінен оның
сүйікті күтушісін ұмыттыра алмады: Агафьяның еккен
ұрықтары бұның жүрегінде терең тамыр жайған еді.
Агафья Лизаға күтуші болмаса да, осы үйде қалғандық-
тан кішкене қызбен көрісіп жүретін, бала болса оған
бұрынғысынша сенетін.

Бірақ Калитиндер үйіне Марфа Тимофеевна келген
соң, Агафья онымен сыйыса алмады. Шыдамсыз, өзімшіл
кемпірге бұрынғы бәйбішесымақтың салқын салмақты-
лығы ұнамады. Агафья құдай жолына құлшылыққа ба-
рам деп бір жолы сұранып кетті де, содан қайтқан жоқ:
кейбір қараңғы сыбыстарға қарағанда оны әлдебір со-
пылар тобына кетті десті. Бірақ Лизаның жанына ол
салған із жойылмады. Ол бұрынғыша түскі намазға
мейрамға барғандай барып, өзінше ұяң бір сабырмен
рахаттанып жалбарынатын, бұнысына Марья Дмитриев-
на іштей таңқалатын, Марфа Тимофеевна болса Лиза-
ны қыспағанымен оның өзгеше діндарлығын ірке беріп,
болмаса жиі сәжда қылудан бөгей беретін, бұл ақсүйек-
тер әдеті емес дейтін. Лиза жақсы оқыды, бірақ сабақ
соңында көп отырушы еді: үлкен ақыл, үлкен зейінді бұ-
ған тәңірісі бермегендей, нені алса көп еңбекпен ала-
тын. Ол фортепианоны жақсы ойнайды, бірақ сол ой-
науы қаншалық еңбекке түскенін жалғыз Лемм ғана
білетін. Кітапты аз оқушы еді, оның «өз сөзі» болмаса
да, өз ойлары болатын, сондықтан өз жолымен жүріп
келе жатыр еді. Әкесіне текке ұқсамаған, ол да өзінің
не істейтіні жөнінде кісі ақылын сұрамаушы еді. Осы-

лайша жай, баяу ғана өсіп он тоғыз жасқа жетті. Өзі байқамай, тамаша сүйкімді жан боп шықты. Әрбір қозғалысында өзінен өзі ыңғайсыз туғандай болса да, нәзік сұлулық болушы еді: даусы кінәсіз жастықтың күміс қоңырауындай шығатын, сәл ризалық белгісі сүйкімді түрде жымиған қалпын көрсететін, шамдай жанған көздерінде құпия еркелік пен терең бір сәуле байқалатын. Бар жаратылысында қарыздарлық сезім күшті болғандықтан ешкімді ренжіткісі келмей, мейрімді мінезді жүрек танытатын, ол жұрттың бәрін жақсы көргенмен ешкімді ерекше бөліп сүймейтін: оның ең нәзік қорқынышпен, қуанышпен сүйетіні жалғыз тәңірісі еді. Сол қыздың тыныш қана ішкі өмірін ең бірінші рет қобалжытқан Лаврецкий болды.

Лиза сондай болатын.

XXXVI

Келесі күні сағат он екіге қарай кеткенде Лаврецкий Қалитиндерге қарай жүрді. Жолда ол бұның қасынан салт атпен өткен Паншинді көрді. Бұл жігіт шляпасын көзіне түсіре киген екен. Қалитиндер бұл үймен танысқалы ең бірінші рет Лаврецкийді қабыл етпеді. Лакейдің айтуынша Марья Дмитриевна «жантайып жатыр» екен, «ол кісінің басы ауырады» екен. Марфа Тимофеевна мен Лизавета Михайловна үйде жоқ боп шықты. Лаврецкий әлсіз үмітпен Лизаға кездесермін деп бақша жанында біраз жүргенмен ешкімді көре алмады. Екі сағаттан соң қайта оралып соғып еді, алғашқы жауапты тағы да алды, енді лакей бұған қиғаш қарағандай. Лаврецкий бір күнде үш мәртебе соғуды лайық көрмей, біраз жұмысы болғандықтан Васильевскоеға барып қайтпақ болды. Жол бойында бірінен-бірі тамаша пландар ойлап еді, бірақ апасының қыстағында бұған уайым түсті; Антонмен сөйлесіп еді, әдейілегендей шалдың ойының бәрі де көңілсіз боп шықты. Оның айтуынша Глафира Петровна өлерінде өз қолын өзі тістеп өліпті дей отырып ол күрсінді де: «...әр жан өзін жеуге бұйырылған ғой, мырза»,— деді. Лаврецкий қайта шыққанда мезгіл кеш еді. Кешегі күй бұның ойын тағы кернеп, кеудесінде Лизаның елесі сондай момын, жарқын білінеді; қыз өзін сүйеді деп ойлағанда елтігендей болады, сөйтіп өзінің қаладағы үйіне барынша тыныштанып, бақыт сезіп оралды.

Алдыңғы алаңға кіре бергенде пачуля иісті майының бұл өте жек көретін лебі келді, қарсы алдында әлдебір биік сандықтар мен сөмкелер тұр, өзіне қарсы жүгіре шыққан қызметкерлерінің жүзі бұған таң көрінеді. Сезгеніне есеп берместен қонақ үйіне кіре беріп еді... Диваннан бұған қарсы қара жібек киген әйел тұрды да, бәтес орамалын жүдеу жүзіне басып, бір-екі аттады да, әдемі таралған хош иісті шашы бар басын төмен иіп, бұның аяғына құлай қалды... Енді ғана таныса — бұл ханым, өзінің әйелі екен.

Лаврецкийдің тынысы біткендей болды... Ол қабырғаға сүйене беріп еді:

— Теодор, мені қумаңыз!— деп әйел французша сөйлегенде, оның үні Лаврецкийдің жүрегін пышақтай тіліп өткендей көрінді.

Ол мағынасыз қарап тұрған әйелдің бұрынғыдан жүдеп, ағарып және ісінген қалпын аңғарды. Әйел кейде көзін жалт еткізіп, өзінің сәнді қызғылт тырнағы бар, тамаша сұлу саусақтарын қысып, қинай түсіп сөйлеп тұр.

— Теодор! Теодор, мен сіздің алдыңызда айыптымын, өлгенше айыптымын;— одан да әрі айтайын, мен қылмыстымын, бірақ сіз мені тындап өтіңіз: мені өкініш қинайды: өзіме өзім жиреніштімін, бұл халіме ендігәрі төзе алатын емеспін! Сан рет сізге айтайын десем де ашуыңыздан қорықтым, мен өткеннің барлық ілігін үздім, мен сондай қатты ауырып едім,— деп қолын маңдайына, жүзіне тигізді де,— сол кезде мені өлді деп тараған сыбысты пайдаланып, бардан безіп қаштым, аял етпестен, күн-түн бойы осында жетуге асықтым; менің өкінішім — сіздің алдыңызға келуден көп іркілсем де, ақыры сіздің айнымас мейірімділігіңізді еске алып, өзіңізге келуге бекіндім: адресіңізді Москвадан білдім. Иланыңыз,— дей түсіп, ол еденнен ақырын көтеріліп, орындықтың шетіне ғана отырып:— Мен өлім туралы көп ойладым және өзімді жоярлық қайратты табар да едім — ах, өмір мен үшін қазір тек азап, жүк!— бірақ менің қызым, менің Адочкамның жайы бөгей берді, ол осында, көрші бөлмеде, сорлы нәресте ұйқыда. Ол шаршаған еді, сіз оны көресіз, не болса да ол сізге жазықсыз, ал мен сонша сорлы, сондай сорлымын,— деп қатты үн шығарған ханым Лаврецкая еңіреп жылап жіберді.

Енді ғана есін жиған Лаврецкий қабырғадан серпілді де есікке қарай жөнелді. Әйелі қапаланып үн салып:

— Сіздің кеткеніңіз бе, бұл қаталдық қой! Маған жалғыз сөз айтпастан, жалғыз ауыз кінә тақпастан... бұлайша жирену мені өлтіру ғой! Бұл сұмдық қой!— деді.

Лаврецкий тоқтап қалды. Үнсіз бір дауыспен:— Сіз менен не естімек боласыз?— деген еді.

— Түк-түк тілемеймін!— деп әйел шапшаң ғана ентелеп:— Мен білемін, менің ешнәрсе талап етуге хақым жоқ, иланыңыз, мен есуас емеспін, мен сіздің кешіріміңізді үміт етуге де бата алмаймын, үміт етпеймін, батылым барып өтінетінім, сіз маған әмір етсеңіз екен, мен енді не істейін, қайда тұрайын? Енді мен күң болдым, қандай да болса бар бұйрығыңызды орындайын,— деді.

— Мен сізге бұйыратын түк те жоқ,— деп Лаврецкий бұрынғы үнмен,— біздің арамыз үзілген, оны білесіз... Және қазір әсіресе солай. Сіз қайда тілесекіз сонда тұрыңыз; егер алатын пенсияңыз аз болса...— дей беріп еді. Варвара Павловна онымен жарыса сөйлеп:

— Ах, айтпаңыз ондай сұмдық сөзді, аяңыз мені тым құрыса... Тым құрыса мынау періште үшін аяңыз!— дей салып, Варвара Павловна екінші бөлмеге ұшып барды да, тамаша сәнді киінген кішкентай қызды қолына алып, шапшаң жетіп келді. Қоңырқай, бұйра шашы әдемі қызғылт жүзіне және ұйқыдан жаңа оянған үлкен қара көзіне түскен кішкене қыз жарықтан ұялып, көзін сығырайтып жымияды да, томпиған қолын шешесінің мойнына тірейді. Варвара Павловна қызының бұйра шашын оның көзінен кейін қайыра түсіп, қатты сүйіп алып, французша сөйлеп:

— Ада, көресің бе, мынау сенің әкен, менімен бірге сұрашы, — дегенде қыз сақаулана сөйлеп «папам осы ма?»— деді.

— Я, менің жарығым, сенің оны жақсы көретінің рас емес пе?

Лаврецкий бұны бұдан былай көруге төзе алмады:

— Дәл осындай сахна қай мелодрамада болушы еді?— деп күбірледі де, шыға жөнелді.

Варвара Павловна сол орнында біраз тұрып, иығын сілікті де, қызын екінші бөлмеге апарып, шешіндіріп қайта жатқызды. Содан кейін кітап алып, лампа жанына отырып, сағатқа жуық тосып, ақыры өзі де төсекке жатты.

Бұның Парижден ертіп шыққан күтуші француз әйелі хапымның корсетін шешіндіріп жатып, «ал қалай болды, мадам?» деп еді, әйел,— «Жай, Жюстина,— дей түсіп,—

ол қатты қартайыпты, бірақ байқауымша әлі бұрынғыдай мейірімді. Түнге қарай менің перчаткамды беріңіз, ертеңгі күнге омырауы жабық сұр көйлегімді әзірлеңіз және Адаға қой етінен котлет әзірлеуді ұмытпаңыз... Рас, оны бұнда табу қиын, бірақ тырысып көріңіз!»— деді.

Жюстина шамды өшіріп жатып, «соғыс кезінде соғыстағыдай» деген француз мақалын айтты.

XXXVII

Қаланың көшесінде Лаврецкий екі сағаттан аса сенделді. Париж айналасында өткізген бір түн есіне түсті. Жүрегі қиналады, мең-зең болып, бос қуыстай көрінген басында қайта-қайта бір қараңғы нәрсіз ызалы ойлар орала ереді. «Ол тірі, ол мұнда» деп үнемі қайран болып сыбырлай береді. Бұл Лизадан айрылғанын сезеді. Ызадан тұншыққандай; мынау соққы сондай оқыстан кеп ұрды; сондай біржапырақ қағаздың жалған, былшыл фельетонына қалай ғана сендім екен!— деп және біркез: «Ал мен сенбеген болайын, сонда қандай айырма бар, Лизаның мені жақсы көретінін білген болар ем, оның өзі де соны білмес еді» деп өзінің қазіргі ойынан әйелінің кескінін, үнін және көзқарасын кетіре алмай қойды... сөйтіп өзін және бар дүниені қарғаумен болды.

Таң алдында барынша талған күйде Леммге келіп еді, көпке шейін есік қағып оята алмады; ақыры терезеден шалдың қалпақ киген басы көрінді, қазір оның бейнесі көңілсіз құрысқандай, осыдан жиырма төрт сағат бұрын шабытпен көркейген, биіктен қараған ұлы суретшінің ұлы кескіні мүлде жоқ.

— Сізге не керек? Мен түнде ойнай алмаймын, өзім декокт іштім,— деп тұрып шал Лаврецкийге қарағанда жігіт жүзі сондай таңқаларлық еді. Шал күн салып қарап алды да, түнгі қонағының жүзіне анықтап қарап, оны кіргізіп алды.

Лаврецкий үйге кіріп, орындыққа отыра кетті; шал өзінің жыртық шапанының етегін қаусыра түсіп, құнысқан ерінін жыбырлатты, Лаврецкий:

— Менің әйелім кепті,— деп басын көтере беріп бір сәтте ықтиярсыз күліп жіберді.

Леммнің жүзінде таңдану бар, ол жымиған да жоқ; шапанын қымтана түсті.

— Сіз әлі білмейсіз ғой, ол менің ойымша... газетте оқығаным бойынша, мен оны бұл дүниеде жоқ деп жүр ем ғой,— деді Лаврецкий.

— О-о, сіз соны жақында оқыдыңыз ғой, ә?

— Жақында.

— О-о,— деп шал қасын жоғарылата көтеріп,— енді ол келді ме?— деді

— Келіп қалды, ол қазір үйімде; ал мен... мен сорлы адаммын.— Лаврецкий және күле түсті.

— Сіз сорлы адамсыз,— деп Лемм баяу ғана қайта айтты. Лаврецкий бұған:

— Христофор Федорыч, сіз бір хат апаруды мойынға аласыз ба?— деген еді.

— Гмм. Кімге екенін білуге бола ма?

— Лизав...

— А, ия, ия түсінемін. Жақсы. Ал хатты қашан апару керек?

— Ертең ертерек.

— Гмм, менің ас пісірушім Катринді жіберуге болады. Жоқ, мен өзім барам.

— Және маған жауап та әкелесіз ғой?

— Және жауап әкелем.

Лемм күрсінді.

— Я, менің бейшара жас досым; сіз анық бақытсыз жан екенсіз.

Лаврецкий Лизаға екі сөз жазды: әйелінің келгенін айтып, енді бұнымен кездесуді сұрап еді. Содан соң диванға құлай кетіп, бетін қабырғаға бұрды; шал төсегіне жатып, көп аунақшып, өзінің декоктын ішіп, жөтелумен болды.

Таң атып, екеуі де тұрған еді. Бір-біріне таңданған жүздерімен қарасады. Лаврецкий бұл сәтте өзін-өзі өлтіргісі келгендей. Ас пісіруші әйел Катрин бұларға жаман кофе әкелді. Сағат сегізді соқты. Лемм шляпасын киіп, Қалитиндерге сағат онда болса да қазір сылтау табамын деп жүріп кетті. Лаврецкий тағы да диванға құлағанда жүрегінің түбінен және де өкінішті күлкі тұғандай болды. Ол өз үйінен әйелі қуып шыққанын ойлайды; біресе Лизаның халін есіне алып, көзін жұмып, екі қолын желкесіне қояды. Ақыры Лемм қайтып, кішкентай ғана қағаз әкелді, Лиза қарындашпен «біз бүгін көрісе алмаймыз, болса ертең кешке болар. Қош болыңыз» деп жазыпты.

Лаврецкий Леммге салқын ғана алғыс айтып, үйіне кетті.

Әйелі таңертеңгі ас үстінде екен. Аданың шашында бұрамалар, ол көкшіл лента таққан ақ көйлек киіп, қой етінен котлет жеп отыр. Лаврецкий үйге кірісімен Варвара Павловна атып тұрып, барынша бағынған жүзбен бұның қасына тақады. Жігіт оған өзінің соңынан ер деді де, кабинетке тартты. Есікті жауып алып, арлыберлі жүре берді; әйел бір қолын бір қолына салып, момын жүзбен қарап, әлі күнге сұлу көрінген, сәл боялған көзін аудармайды.

Лаврецкий көпке шейін сөйлей алмады: ол өзін билей алмайтын сияқты; Варвара Павловна бұдан түк қорықпайтынын бұл анық көріп тұрса да, әйел қазір-ақ талып жығылатын кісі боп көрінбекші. Ақыры ол ауыр тыныс алып, кей шақта тістене түсіп, сөз бастады:

— Тыңдаңыз, ханым, біздің бір-бірімізге аярсуымыз қажет емес; мен сіздің өкінішіңізге сенбеймін; ол шын болған күнде де сізбен қайта табысып тұру маған мүмкін емес.

Варвара Павловна ернін жымырып, көзін сығырайтты, ішінен: «бұнысы жирену әрине, мен оған әйел де емеспін» деп ойлады. Лаврецкий бір түймесін салып:

— Мүмкін емес, білмеймін, сіздің мұнда неғып рахым еткеніңізді түсінбеймін: тегі сіздің ақшаңыз болмай қалған шығар!— деді.

Варвара Павловна сыбырлап:

— Япыр-ай, сіз мені қорлайсыз ғой,— деді.

— Бірақ қалай болғанмен, сорға қарай, әйтеуір сіз менің әйелімісіз. Сізді мен қуып тастай алмаймын ғой... Ендеше ұстанатыным мынау. Сізге бүгін-ақ Лаврикке жөнелуге болады; сонда тұрыңыз, онда өзіңіз білесіз ғой, жақсы үй бар; сіз бар керегіңізді аласыз, (пенсиядан тысты айтам)... соған разысыз ба?

Варвара Павловна жібек шеккен орамалын жүзіне тақады, ішкі толқыннан дірілдеген ернімен сөз қатып:

— Мен сізге айттым ғой, өзіме не бұйырсаңыз да ризамын деген ем ғой, ендігі сұрайтыным бір-ақ нәрсе: тым құрыса сіздің осы қайырымдылығыңыз үшін сізге рахмет айтуыма рұқсат етесіз бе?— деді.

Лаврецкий асыға сөйлеп:

— Өтінемін, алғыстың қажеті жоқ, сол жақсы. Сөйтп...— деді де, есікке тақап барып,— мен сене аламын

ғой,— дей бергенде Варвара Павловна құрмет көрсетіп, орнынап атып тұрды.

— Мен ертең-ақ Лаврикте боламын. Бірақ Федор Иванович... «қазір ол Теодор деп атауын қойыпты...»

— Сізге не қажет?

— Мен білем, мен әлі кешірім тілей алмаймын; бірақ тым құрыса мезгіл жеткенде үміттенуіме бола ма?— дегенде Лаврецкий жарыса сөйлеп:

— Ех, Варвара Павловна, сіз ақылды әйел болсаңыз, шынында мен де ақымақ емеспін ғой; мен білем ғой, сізге түк қажеті жоқ. Ал сізді мен әлдеқашан кешіргем, бірақ екеуміздің арамыз әрдайым түпсіз терең жар болатын,— деді.

Варвара Павловна басын иіп:

— Мен бағына білемін, мен өз айыбымды ұмытқам жоқ, тіпті сіздің өлді деп естігенде қуанған жайыңызды білсем де танданбас едім,— деп момын жүзбен сөйледі де, қолымен нұсқап, стол үстіне Лаврецкий ұмытып қалдырған журналын көрсетті.

Федор Иванович селт етті: фельетон айналасы қарындашпен сызылған-ды. Варвара Павловна бұрынғыдан да мүләйімсіп қарады. Ол бұл сәтте тамаша сұлу еді. Париждің сұр көйлегі оның талдырмаш, дәл он жеті жасар қыздай бойын әсем көрсетеді; оның жіңішке, нәзік мойнын ақ жағасы қоршай түскен. Кеудесі баяу тыныс алады, қолында жүзік, білезіктер жоқ, жылтыраған шашының сәл ғана ұшы көрінген, ботинкасына шейін барлық бойы соншалық көркем...

Лаврецкий бұған ызалы көз тастады да, «браво» деп айғайлап жібере жаздады. Ызасынан жұдырықпен бір қойғысы келді де бірақ тұра жөнелді. Бір сағаттан соң Васильевскоеға кетті. Ал екі сағаттан кейін Варвара Павловна бұл шаһардағы ең жақсы күймені жалдап алып, басына жай ғана салом шляпа киіп, қара вуаль салып, биязы ғана монтилия киіп, қызын Жюстинаға тапсырды да, өзі Қалитиндерге тартты; малайлардан сұрап білуі бойынша, бұл үйге күйеуінің күнде баратынын аңғарған еді.

XXXVIII

Лаврецкийдің әйелі О... шаһарына келіп, жігіт үшін көңілсіз болған күн Лизаға да ауыр күн болған. Ол төменге түсіп, шешесімен амандасып үлгергенше терезе

түбінде ат дүбірі естілген; сонда қыз құпия қорқыныш сезе отырып, Паншиннің қораға кіріп келе жатқанын көріп еді. Ішінен «бұл бүгін байлаулы жауап естігелі әдейі ерте келді-ау» деп ойлаған-ды, сонысы бекер болмады; қонақ үйде сәл айналып, енді ол Лизаны бақшаға шақырды да, өз тағдырын анықтап шешуді талап етті. Лиза бойына қайрат жнып алып, оған жар бола алмайтынын жариялады. Жігіт бұның бар сөзін қырын тұрып, шляпасын көзіне түсіре киген қалпында тындап алды да, сыпайы, бірақ өзгерген үнмен бір жайды сұрай қалды: сұрағаны қыздың жаңағы жауабы соңғы сөзі ме және бұның өз мінезі қыздың осындай байлануына себеп болмады ма деген сұрау болатын. Содан кейін бір қолын көзіне басып, қысқа қатаң ғана күрсінді де, қолын бетінен тез түсірді. Енді күңгірт үнмен сөйлеп:

— Мен тақ-тақ болған жолмен жүрмесем деп ем, өмірлік серігімді жүректің әмірі бойынша алсам деген ем; бірақ тегі ол бұйрылмаған екен. Бақыл бол, хиялі— деп төменшілікпен иіліп, үйге қарай кетті.

Лиза оны сол сәтте кетер деп ойлап еді; бірақ ол кабинетке — Марья Дмитриевнаға кіріп, сонда сағатқа жуық отырды. Кетерінде Лизаға французша «сізді анаңыз шақырады, мәңгі бақыл болыңыз» деп атына мінді де, тура есік алдынан-ақ шапқылай жөнелді. Лиза үйге кіре бере шешесінің жылап отырғанын көрді: Паншин оған өзінің бақытсыздығын баяндаған екен.

Қапаға түскен анасы өзінің мұңын шағып, қызына: — Мені не үшін ойран еттің, не деп мені өлтірдің. Бұдан артық кім керек еді саған, саған ер болмастай несі бар еді. Өзі камер-юнкер, жетпеді ме. Ол Петербургта таңдаған бекзадаға үйлене алады... Мені айт, менің үмітімді айтсаңшы. Бұдан қашан айнып едің. Бір жақтан бұлт айдап келген пәле ме, өздігіңмен бүйтпесен, әлде әне бір дүлей ме. Тапқан екенсің ақылшыңды,— деп тағы сөйледі.— Ал, мынау қайғысының өзінде қандай әдепті, биязы еді, қарағым!.. Мені ұмытпауды серт етті. Ах, мен өлермін бүйткенше. Ах, менің басым өлердей ауырып барады. Палашаны жіберші. Қайта ойланбасаң сен мені өлтіресің, ұқтың ба.— Сөйтіп Лизаны екі мәртебе қарызды ұмыттың деп кінәлады да, жөнелтіп жіберді.

Лиза өз бөлмесіне кетті. Паншиннен жауаптасудан, шешемен сөйлесуден енді тынығармын дегенде, тағы бір соққы мүлде күтпеген жағынан кеп соқты. Марфа

Тимофеевна бұның бөлмесіне кеп кірді де, есікті жауып алды. Кемпірдің жүзі сұрланған, қалпағы қисайып кетіпті, екі көзі жарқырап, қолы мен ерні дір-дір етеді. Лиза қайран қалды: өзінің сондай ақылды, салмақты апасын мұндай күйде көрген емес еді.

Марфа Тимофеевна қобалжып, салмақпен сыбырлап сөйледі.

— Бұ не қылғаның, ханым, не қылғаның... Бұл қылықты сен кімнен үйрендің, шешекем-ау... Су бер, сөйлей алмай отырмын.

— Тынышталыңыз, апатай, сізге не болды,— деп Лиза стаканмен су беріп жатып:

— Паншин мырзаны өзіңіз де жақтырмаушы едіңіз ғой,— деді.

Марфа Тимофеевна стаканды шетке қойды:

— Іше алмаймын: ең соңғы қалған тістерімді сындырамын. Паншинің не. Паншинде не жұмыс бар. Сен одан да маған айтшы, саған түнде жігітпен кездесуді кім үйретті, а шешекем.

Лиза аппақ боп кетті.

— Сен, тілеуің берсің, таңба. Шурочка бәрін өзі көріп маған баян етті. Мен оған аузыңнан шығарма дедім, ал ол өтірік айтпайды.

Лиза шала ғана естіртіп:

— Мен таңбаймын, апатай,— деді.

— А. Солай ма еді, шешекем, сол бір кәрі күнәкарға, жалған монтыға оңаша көрісейік деген өзің бе едің.

— Жоқ.

— Енді қалай?

— Мен төменге қонақ үйге кітап іздеп барып едім, ол бақшада екен, мені шақырып алды.

— Сөйтіп сен бардың ба. Тамаша. Сен немене, ғашықсың ба, өзіне?

Лиза ақырын ғана дауыспен жауап қатып:

— Ғашықпын,— деді.

— Ой, жасаған, бұл оған ғашық бопты,— деп Марфа Тимофеевна өз басындағы қалпағын жұлып алып,— әйелі бар еркекке ғашық бопты, а, ғашық болған,— деді.

— Оның маған айтуынша...

— Немене, оның айтуынша қандай екен ол сұңқар?

— Оның айтуынша әйелі қаза болыпты.

Марфа Тимофеевна шоқынып алып:

— Бетінен жарылғасын,— деп сыбырлады да,— нәр-

сіз қатын еді, қара жер айта бармасын. Сөйтiп, бұл тұл еркек болған екен. Тегі, байқасам бар нәрсе қолынан келеді екен ә, бір қатынды серейтiп, тағы біреуін қамдапты ғой. Қара, момынсынған немені. Бірақ, туғаным, мен саған айтайын, мен өзім де жас болғамын, біздің заманымызда бұндай қылықтардың арты қыздарға аса ауыр соғатын. Сен маған ашуланба, шешекем, шын сөзге ақмақ қана ашуланады. Бүгін оны кіргізбеген де мен. Мен оны өзім жақсы көрем, бірақ мынау ісін ешуақытта кешпеймін. Қара, тұл еркекті. Су берші маған... Ал анау Паншинді мұрнынан жетелеп айдап тастағаның үшін, жігітсін деймін; жалғыз-ақ түн баласында сонау теке текті еркектермен отырушы болма. Қинама мендей қартты. Болмаса мен тек еркелетпей, тістеп алуды да білемін... Қара, тұл еркекті, — деді.

Марфа Тимофеевна кетті де, Лиза бұрышқа отыра қалып жылап жіберді. Бұндайлық төменшік хал оның жанына ащы тиді, бәрі орынсыз еді. Махаббат бұған әлі шат көрінген жоқ, кешегі кештен бері екі рет жылап алды. Өзі күтпеген жаңа сезім жүрегінде жаңа ғана туысымен бұл сол үшін ауыр жапа шегеді, бөтен қолдар бұның құпия сырына қатал сұғынады, әрі ұялып, әрі қиналып аурысынғандай, бірақ ешбір күдігі де, қауіпі де жоқ және Лаврецкий бұған бұрынғыдан да қымбат бола түсті. Өзі түсініп жеткенше ғана қобалжыған еді: бірақ кешегі кездесу, кешегі сүйісуден соң ол енді күдіктене алмады; өзінің сүйгенін біледі, сүйі адал, бұл ойын емес, мәңгіге барынша берілген еді және ешбір қауіптен сескенбейді; ешбір зорлық бұл табысуды үзе алмайтындай сезеді.

XXXIX

Варвара Павловна Лаврецкая келді деп мәлім еткенде Марья Дмитриевна сескеніп қалды, оны қабыл алар-алмасын да білмеді: қорыққаны Федор Ивановичті қорлағандай болам ғой деген еді. Бірақ сыбысқумарлық бойды жеңді. Өз ішінен: «несі бар, о да туыс қой» деп орындығына жайғасты да, малайына: «шақыр» деді. Келесі сәтте есік ашылған еді; Варвара Павловна дыбыссыз басып, Марья Дмитриевнаға шапшаң келіп, бұны орнынан тұрғызбастан алдына тақап тізесін иді.

— Кешіре көріңіз, апатай, — деп қобалжыған ақырын дауыспен орысша сөйлеп, — мен сіздің мұндай

кешірім етуіңізге үміттене алмап едім; сіз періштедей мейрімдісіз,— деді.

Осы сөзді айтып Варвара Павловна Марья Дмитриевнаның бір қолын өзінің сарғыш перчаткелі қолымен қысып ұстап алып, барынша жағынған күйде сол қолды қызғылт, толық еріндерімен сүйе бастады. Марья Дмитриевна осыншалық сұлу, тамаша киінген әйелдің бұның аяғында отырысынан сасып қалды; өзінің не қыларын да білмеді, қолын тартып алайын деп еді, оны қатарына отырғызбақ, бір жылы сөз айтпақ та болып еді, ақыры сәл көтеріліп, Варвара Павловнаны хош иісті жазық маңдайынан сүйіп алды. Варвара Павловна бұл сүюден еріп кеткендей болды.

— Есенсіз бе,— деп Марья Дмитриевна сөз бастап,— әрине, мен күткем жоқ... бірақ мен, әрине, сізді көргенге қуанамын. Сіз түсінесіз ғой, сүйіктім, ер мен әйел арасына қазы болатын мен емес...— дей берді.

Варвара Павловна бұнымен жарыса:

— Менің күйеуім бар жайда айыпсыз, кінәлі жалғыз мен, мен,— деді.

— Бұл өте мақтарлық сезім, аса мақтарлық. Келгеніңізге көп болды ма? Өзін көрдіңіз бе? Я, отырыңызшы, тілеуіңізді берсін.

Варвара Павловна орындыққа баяулап қана отырып жатып:

— Мен кеше келдім, Федор Ивановичті көрдім, мен онымен сөйлестім,— деді.

— А. Ну, ол қалай?

— Мен өзімнің оқыстан келуім оны ашуландыра ма деп қорқып ем, бірақ ол мені жалғыз қалдырған жоқ.

— Сөйтіп ол онша... Я, я түсінемін. Ол тек біраз сырттай ғана көрінеді, ал оның жүрегі жұмсақ қой.

— Федор Иваныч маған кешірген жоқ; оның мені тыңдағысы келген жоқ... Бірақ ол соншалық рахым етіп, маған Лаврикті үнемі тұратын мекенім етті.

— А. Ол ғажап мүлік.

— Мен ол кісінің бұйрығын орындап, ертең-ақ сонда жөнелемін; бірақ ең алдымен сізге соғып кетуді өзіме міндет санадым.

— Сізге өте-мөте ризамын, менің сүйіктім. Туғандарды ешуақытта ұмыту керек емес. Ал білесіз бе, мен сіздің орысша сонша жақсы сөйлейтініңізге қайран қалдым,— деп, французша,— бұл ғажап қой,— деді.

Варвара Павловна күрсінді:

— Менің шетелде аса көп жүргенім рас, Марья Дмитриевна, оны мен білемін, бірақ мен жүрегіммен орыс едім, өз Отанымды ұмытқаным жоқ.

— Солай-солай, бұл бәрінен тамаша. Ал Федор Иваныч сізді мүлде тосқан жоқ еді... Я, менің тәжірибеме иланыңыз, бәрінен қасиеттісі туған жер ғой. Ах, көрсетіңізші, тілеуіңізді берсін, мынау мантилияңыз не деген тамаша еді.

Варвара Павловна сырт киімін нығынан шапшаң ғана түсірді.

— Сізге бұл ұнай ма, тек әншейін ғана, мадам Баудран тіккен еді.

— Ол салғаннан-ақ көрініп тұр. Мадам Баудран... қандай сүйкімді, қандай тауып істеген. Әрине, сіз талай тамаша нәрселер әкелдіңіз ғой, мен тым құрса көрсем екен.

— Менің бар бұйымым сіздің құрметіңізге, мейрімді апатай. Рұқсат етсеңіз сіздің күтуші әйеліңізге кейбірін көрсетуіме де болады, менің Парижден әкелген қызметкер әйелім — тамаша тігінші.

— Сіз сонша мейрімдісіз, менің сүйіктім. Бірақ шынында мен ұяламын.

— Ұяламын...— деп Варвара Павловна кінәлай қайталады да,— мені бақытты етем десеңіз, өз мүлкіңіздей бұйыра беріңіз,— деді.

Марья Дмитриевна ерігендей болды.

— Сіз ғажайып жақсысыз,— дей түсіп,— шляпаңызды, перчаткеңізді неге шешпейсіз,— деді.

Варвара Павловна сәл ғана қуанғандай боп, қолдарын майыстырып:

— Қалайша. Сіз рұқсат етесіз бе?— деді.

— Әрине, мен сізді бізбен ас ішесіз ғой деп үміттенемін. Мен... мен сізді қызыммен таныстырамын...— деп Марья Дмитриевна біраз күдіктенсе де, «ну қайтушы еді» деп ойлап:— Бүгін ол біраз сырқаттау еді,— деді.

Варвара Павловна қуанғандай:

— О, сіз қандай мейрімдісіз, апатай,— деп орамалын көзіне апарды.

Малай Гедеоновскийдің келгенін білдірді. Кәрі мылжың қайта-қайта иіліп, күлімсірей кірді. Марья Дмитриевна оны қонақ әйелімен таныстырды. Басында ол қысылып қалып еді, бірақ Варвара Павловна сон-

шалық ойнақы құрмет көрсеткендіктен, құлағына шейін қызып алып, әралуан өсектер мен жалған сыпайылық сөздер бұның аузынан балдай тамды. Варвара Павловна бұны тыңдай отырып, тартына жымиса да, кейін өзі де аз-аздап сөзге араласты. Ол момын түрде Париж жайын айтты, өзінің Ваденге барған сапарын баяндады: бір-екі рет Марья Дмитриевнаны күлдіріп алып әр кезде сәл ғана күрсініп, өзінің орынсыз шаттығын өзін кінәлағандай болады; Аданы әкелуге рұқсат сұрап алды: перчаткесін шешіп, өзінің жылтыраған қолымен әр түрлі әшекей шілтер, бүрме, бастырмаларды қай жерге орнату керек екенін көрсетіп отырды: ағылшын иісті майы бар бір сауытты әкелуге уәде қылғанда Марья Дмитриевна бұл сыйды алатынын айтып еді, соған жас баладай қуанды: бірінші мәртебе орыс шіркеулерінің қоңырауын естігенде, өзінің қатты толқығанын еске алып жылап жіберді.

— Жүрегіме соншалық терең сезілгендей болды,— деді.

Осы сәтте Лиза кірген еді.

Таңертең Лаврецкийдің сәлемін оқыған минуттағы шошынып, тоңазыған кезден бері қарай Лиза осы әйелге кездесуге әзірленген: бұны көретінін сезгендей еді. Өзінің айтуынша, қылмысты үміттеріне жаза есебінде сол әйелмен кездесуден қашпауға бекінген. Бұның тағдырындағы шұғыл өзгеріс барын ойран етті: барлығы екі-ақ сағат ішінде жүзі сонша жүдеп қалса да, ол бір тамшы жас тамызған жоқ, «Саған керегі сол» деп, кеудесіндегі бұның өзін шошытқандай әлдебір ащы, ызалы толқындарды баса сөйлейді.

Лаврецкий әйелінің келгенін біле салысымен «ну, бару керек» деп ойлады да келіп кіргені сол еді...

Қонақ үйдің есігін ашар алдында ол ұзақ тұрып қалып, өз ойында: «мен бұған жазықтымын» десе де, табалдырықтан аттаған соң әйел жүзіне қарап, жымиюды өзі бұйырғандай болды. Варвара Павловна бұны көре салысымен қарсы жүріп, сәл ғана, бірақ сыпайы түрде иіліп қалды. Ол тартымды дауыспен үн қатып, «менің өзімді сізге таныс етуге рұқсат етіңіз, сіздің анаңыз маған сонша мейрімді болғандықтан сіз де рахымды боларсыз деп үміттенемін,— деді. Осы соңғы сөзді айтқандағы Варвара Павловнаның бар жүзі, аяр күлкісі, әрі салқын, әрі майда көзқарасы, қолдары мен иығының қозғалысы, тіпті үстіндегі көйлегі және бұ-

ның бар жаратылысы Лизаға соншалық жиреністі көрінгеннен, ол тек жауап айта алмай, зорлықпен ғана қолын созды. Варвара Павловна ішінен «бұл бойжеткен менен жиренеді» деп ойлады да, Лизаның салқын саусақтарын қатты қысып қойып, Марья Дмитриевнаға бұрылып, ақырын ғана сөйлеп французша:

— Қандай ғажайып, — деді.

Лиза сәл қызарып кетті: жаңағы сөзде бұны ренжітерлік мысқыл бар сияқты; бірақ өлексе сенбеуге бекініп, терезе жанына барып тоқымаға қол созды. Варвара Павловна оны бұл жерде де тыныш қоймады: қасына келіп, оның өнерін биязылығын мақтай бастады... Лизаның жүрегі қатты бір ренішпен соғады: өзін зорға жеңіп, осы орында зорға отырғандай. Бұның көңілінше Варвара Павловна барды біліп, іштей асқақтық жасап, мысқыл етіп тұрғандай көрінді. Лизаның бақытына қарай Варвара Павловна мен Гедеоновский сөйлесіп кетіп, әйелді Лизадан бұрып алды. Лиза тоқымаға үңілгенмен андаусыз түрде үнемі әйелді бақылаумен болды.

«Осы әйелді сүйді-ау» деп ойлады. Бірақ сол сәтте өз басынан Лаврецкий жайындағы ойды жойып жіберді: ақырында, басы айналып тұрғанын сезіп, өзін билейтін еркінен айырылып қалам ба деп қорықты. Марья Дмитриевна музыка жайынан сөз бастап:

— Менің естуімше, сіз тамаша шебер ойыншы болсаңыз керек, ә, сүйіктім, — деп еді.

Варвара Павловна шапшаң ғана фортепианоға отырып, саусақтары клавиштардың бойына батыл жүгіре беріп:

— Мен көптен ойнаған жоқ ем, бұйырасыз ба, — деді.

— Рахым етіңіз.

Варвара Павловна шын шеберлікпен Герцтың сондай бір жарқыраған қиын этюдін ойнап шықты. Өзінде сонша күш пен шапшаңдық бардай.

Гедеоновский қуанып:

— Сильфида, — деді.

Марья Дмитриевна да қостады.

— Өзгеше, — дей түсіп, бірінші рет ол әйелді өз атымен атады, — ну, Варвара Павловна, шын айтам, сіз мені қайран еттіңіз; сіз концерт беруге де әзірсіз. Біздің осында бір музыкант бар, өзі неміс шалы, күлкі, бірақ, аса білімді адам; ол Лизаға сабақ береді, сіздің ойыңыздан ол есінен танар еді.

Варвара Павловна сәл ғана бұрылып:

— Лизавета Михайловна да күйші ме?— деді.

— Я, ол тәуір ойнайды, музыканы өте жақсы көреді, бірақ сізбен салыстыру қайда. Тек мұнда бір жас жігіт бар, сіздің танысатыныңыз сол. Оның жаны артист — өзі сонша сүйкімді күй шығарады. Сізді толық бағалайтын сол ғана.

— Жас жігіт дейсіз бе? Ол кім? Кедей адамның бірі ме?

— Кешіріңіз, біздегі, тіпті біздегі ғана емес Петербургтағы да бірінші әсем жігіт. Камер-юнкер, ең жақсы қауым қабыл еткен адам. Сіз әлде естіген боларсыз ол туралы; Паншин Владимир Николаич, ол бұнда қазына ісімен келген... болашақ министр деп біліңіз.

— Және артист пе?

— Жаны артист және сондай сыпайы. Сіз көресіз. Соңғы кездердің бәрінде ол менің үйіме жиі келетін; мен оны бүгінгі кешке де шақырып едім, ол келер деп үміттенемін,— деді де, Марья Дмитриевна ақырын күрсініп, кейіспен езу тартты. Бұл жымнюдың мәнін Лиза түсінсе де, көңіл бөлген жоқ.

Варвара Павловна саусақтарымен әр тонды теріп талғап:

— Өзі жас дедіңіз бе?— деді.

— Жасы жиырма сегізде, жүзі де сондай келіскен. Тамаша жас жігіт.

Гедеоновский де үн қосып:

— Нағыз жігіт деуге болады,— деді.

Варвара Павловна оқыстан Штраустың бір үнді вальсін ойнай жөнеліп, соншалық бір күшті шапшаң құбылыстар төгілте бергенде, Гедеоновский селк етіп қалды; бірақ вальстің дәл ортасында әйел тез ғана мұнды күйге ауысып, «Лучияның» бір ариясын ойнап аяқтады... Өзінің қаліне ойнақы күй дәл келмейтінін енді аңғарған еді. Сезімтал кездеріне көп бейіл берген «Лучия» ариясы Марья Дмитриевнаны қатты қобалжытты.

Ол Гедеоновскийге күбірлей сөйлеп:

— «Қандай жан»,— деді.

— Сильфида,— дей түсіп, Гедеоновский көзін аспанға қаратты.

Обед кезі болып еді. Марфа Тимофеевна келгенде сөрпа стол үстінде тұрған-ды. Варвара Павловнамен ол өте салқын ғана кездесті. Бұның биязы сөздеріне болымсыз ғана жауаптар айтып, жүзіне қараған да жоқ. Варвара Павловнаның өзі де бұл кемпірден түк шығара

алмайтынын аңғарып, оған орала беруін қойған еді; оның орайына Марья Дмитриевна қонағына өзгеше мейрімді болды: апасының әдепсіздігіне ол ызаланған болатын. Марфа Тимофеевна болса Варвара Павловна ғана емес, көзі соншалық жалтылдап отырса да, ол Лизаға да қараған жоқ. Қыз өзі іштей сарғыш тартып, ернін жымырып, тастай боп отыр. Лиза сырттай тыныш сияқты, анығында да оның жаны тыныштала түскендей; ғажайып бір сезімсіздік, жазаға бұйырылғанның сезімсіздігі бұған оралғандай. Обед үстінде Варвара Павловна аз сөйледі: ол тындап сескенген кісідей боп, өз жүзіне мұңды уайым кейпін жиған. Жалғыз Гедеоновский ғана әңгімені созып, әр түрлі жайды сөз ғып отырды; әр кезде өтірік айтарда Марфа Тимофеевнадан жасқанып жөткіре беретін әдетіне басып, қазір де жөткіреді де кемпірге қорқа қарай береді, бірақ қарт әйел оның сөзін бұзып бөгеген жоқ. Астан кейін Варвара Павловна преферансты жақсы көретінін білдірді; Марья Дмитриевнаға бұнысы соншалық ұнаған еді, ол мейірленген бойында іштей: «тіпті Федор Иванович не деген ақмақ еді. Осындай әйелді түсіне білмегені несі екен» деп ойлады.

Сөйтіп бұл қонақ әйелмен, Гедеоновскиймен карта ойнауға кірісті, ал Марфа Тимофеевна Лизаға сенін басың ауырып отырған болу керек, өң-түсің жоқ деп жоғарыға ертіп әкетті. Марья Дмитриевна көзін құбылтып, Варвара Павловнаға қарап:

— Ия, оның басы қатты ауырады, менің өз басымның сондай сақинасы болатын,— деді.

Варвара Павловна «солай ма еді» деп қана қойды. Лиза апасының бөлмесіне кіре бере талықсыған күйде орындыққа зорға отырды. Марфа Тимофеевна бұған ұзақ уақыт үндемей қарады да, ақырын ғана тізерлеп тұрып, қыздың екі қолын үн қатпай сүйе бастады. Лиза ілгері ұмтыла түсіп, қызарды да, жылап жіберді; бірақ Марфа Тимофеевнаны тұрғызған жоқ, қолын да тартып алмады; оны тартып алуға өзін ықтиярсыздай сезді; өйткені кемпірдің кешегі үшін кешірім сұрап отырған жайын ойлап, оған бөгет болуға өзінің хақысы жоқтай көрді; Марфа Тимофеевна да мынау жүдеген, аппақ, әлсіз қолдарды сүйеге тоймайтындай, оның өз көзінен де, Лизаның көзінен де үнсіз жастар төгіледі; ал Матрос атты мысық жердегі түйіншек жанында пырылдап жатыр, икон алдындағы кішкене шырақтың ұзынша оты

әлсіз ырғалып жанады, көрші бөлмеде есік сыртында Настасья Карповна түйіншектелген шұбар орамалымен көз жасын ұрлап сүртеді.

XI

Ал бұл шақта төменде, қонақ үйде преферанс жүріп жатты. Марья Дмитриевна ұта бастап көңілді болатын. Бір уақыт малай кіріп Паншиннің келгенін мәлімдеді.

Марья Дмитриевна карталарын түсіріп алып, қозғалақтай бастады; Варвара Павловна бұған сәл мысқылмен қарап, енді көзін есікке бұрды. Бір сәтте Паншин кіріп еді, қара фрак киген, ағылшынның биік жағасын салған, тамағына шейін түймеленген қалпы бар. Оның жаңа ғана сақал қырған жүзі, күлкісіз кескіні: «менің көнуім ауыр болса да, көріп тұрсыз, келіп тұрмын» дегендей.

Марья Дмитриевна дауыстап:

— Мархамат қылыңыз, Вольдемар, бұрын сіз мәлімдемей келуші едіңіз ғой,— деді.

Паншин Марья Дмитриевнаға тек көзқарасымен ғана жауап беріп, әдеппен иіліп қойды, қолынан сүйген жоқ. Жігітті Варвара Павловнамен таныс еткенде ол бір адым кейін шегініп, зор әдеппен иілді де, биязы тағзым танытты, енді карта столына келген еді. Преферанс тез бітті. Паншин Лизавета Михайловна туралы сұрастырып, оның сырқат екенін біліп, көңілқостық айтты; содан соң Варвара Павловнамен сөйлесіп, оның әр жауабын ақырына шейін құрметпен тыңдап, өзінің әр сөзін дипломаттық қалыпта өлшеп, салмақтап айтып отырды. Бірақ дипломаттық сәні, паңдығы Варвара Павловнаға әсер еткен жоқ, сезілмеді. Керісінше, әйел жігіт жүзіне күлкілі пейілмен қарап, сөйлегенде селқос сөйлейді, өзін күлгіден зорға тыйып отырғанын жұқалаң танауының жиі қозғалысы білдіріп отырды. Марья Дмитриевна бұның талантын мадақтай бастап еді; Паншин оның биік жағалары мүмкін еткен дәрежеде сыпайылап бас ізеп «бұл жөнде күмәнсіз иланған болатынмын» деді де, енді тіпті Меттернихтың өзі туралы сөйлегендей болып кетті.

Варвара Павловна өзінің қоңыр көздерін сығырайта түсіп, ақырын ғана «сіз де артист туғансыз ғой» деп бастап, тағы да баяулай түсіп «бері жүріңіз» деп, басын фортепиано жаққа изеді. Осылай тасталған: «бері жүріңіз» деген жалғыз сөз сиқырдай құбылтып Паншиннің бар жүзін өзгертіп жіберді. Оның салмақтаған қал-

пы жоғалып, енді жымыып, көңілденіп фрагінің түймелерін ағытып:

— Увы, мен қайдан артист болайын, ал менің естуімше шын артистка сіз ғой,— дей түсіп, Варвара Павловнаның соңынан еріп, фортепианоға қарай басты. Марья Дмитриевна дауыстап, оның «Ай қалай қалқиды» деген романсын айтқызыңыз деді. Варвара Павловна өзінің жігітке бұрылып жалт етіп жарқыраған көзқарасымен оның бойын шұғыламен жапқандай болды да: «Сіз ән саласыз ба, отырыңыз» деді.

Паншин тартына бастап еді, әйел орындықтың сыртын бұйырған белгімен қаға түсіп және де «отырыңыз» деді. Жігіт енді отырып, жөткіріп, жағасын ағытты да, өзінің романсын айтты. «Тамаша» деп Варвара Павловна сүйсініп және де: «Сіз өзгеше айтасыз, сізде үлгі бар, тағы айтыңыз»,— деді.

Ол фортепианоны айналып Паншиннің қарсы алдына шықты. Жігіт романсын айтқанда өзінің даусын дірілдетіп, әсіресе сезімділік бергісі келді. Варвара Павловна өзінің аппақ қолдарын еріндерінің тұсына көтеріп, фортепианоға шынтағын сүйеп, жігітке қадала қарап тұр. Паншин ән салып болған еді, әйел: «Тамаша, идеясы тамаша»,— деп білгір адамша салмақты сөйлеп: «айтыңызшы, сіздің әйел даусына арнап, мецсопраноға жазғаныңыз бар ма»,— деді.

— Жоқ, мен ешнәрсе жазбаймын, мынау әншейін жұмыс арасындағы бірнәрсе ғой...— деп Паншин:— Немене сіз ән салушы ма едіңіз,— деді.

— Ән саламын.

— О-о, бізге бірнәрсе айтыңызшы,— деп Марья Дмитриевна өтінді.

Варвара Павловна қызарыңқыраған жүзінен шашын кейін қайырып, басын сілке түсіп, Паншинге қарап:

— Біздің даусымыз үйлесетін болар, дуэт айтайық,— деп итальянша сөйлеп, өлеңнің атын айтты:— «Айдың әлсіз сәулесін» білесіз бе,— деді.

Паншин әннің атын қайта айтып:

— Мен бұны бұрын айтушы ем, бірақ көп уақыт болды ұмытып қаппын,— деді.

— Оқа емес, біз ақырындап репетиция жасайық, кәне, мен отырайыншы,— деп Варвара Павловна фортепиано жанына отырды. Паншин бұның қасында тұрды. Әуелі дуэтті ақырын айтысып еді, бұл кезде Варвара Павловна бір-екі рет жігіт әнін түзеп берді, кейін жаңа-

ғы әнді екі рет қайталап бірге шықты. Варвара Павловнаның даусы жастық сәнінен айрылса да, ол өз даусын тамаша билей біледі екен. Паншин басында қорқақтап фальші айтып тұрды, кейін екіленіп онша әсем жырламаса да, нықтарын қозғап, денесімен ырғалып, нағыз әншілер құсап, қолын да сермеп айтты.

Варвара Павловна Тальбергтің екі-үш нәрсесін ойнап және көңілді түрде французша бір ариетка айтты.

Марья Дмитриевна өзінің ризалығын қалай танытарын да білмеді; бірнеше рет Лизаны шақыртайын деп еді: Гедеоновский де айтарға сөз таба алмай тек қана басын шұлғи беріп, бірақ оқыстан есінеп қалып, аузын басуға әрең үлгерді. Бұл есінеуді Варвара Павловна байқамай қалған жоқ: фортепианоға сырт айналып, французша: «Музыка жеткілікті, одан да әңгімелесеміз» деп, екі қолын бір-біріне айқастырды. Паншин де французша: «Я, музыка жеткілікті», — деп көңілдене костап, енді француз тілінде ойнақы жеңіл әңгімелесе жөнелді.

Марья Дмитриевна бұлардың орағытқан, қиялағыш сөздерін тындап отырып: «дәл бір Париждің салонындағыдай» деп ойлады. Паншин барынша көңілді болатын; көздері жарқырап, жымия түседі, әуелгі кезде Марья Дмитриевнамен көздері ұшырасқанда бетін сипап, қабағын түйіп, шұғыл күрсіне қалушы еді; бірақ кейін оның бәрін ұмытып, мынадай жарқын көркемдік әзіл әңгімеге барынша мәз бола кірісті. Варвара өзін үлкен философ қып танытты: оның бар мәселеге өз жауабы бар; ол ешбір жайда күдіктенбейді, іркілмейді; кезінде әралуан ақылды адамдармен көп те, жиі де әңгімелесіп жүргені байқалады. Оның бар ойы, сезімдері Париж айналасында. Паншин әңгімені әдебиетке ауыстырып еді: әйел де бұның өзі сияқты тек қана француз кітаптарын оқитын боп шықты, Жорж-Санд бұны ыза қылады екен, Бальзак қажытса да, оны бұл сыйлайды екен. Сю мен Скриб анық жүрек шеберлері екен; аса құрметтейтіні — Дюма мен Феваль болып шықты; іштегі шынын айтса бұл аталғандардың бәрінен де оның артық көретіні Поль де Кок болса да, әрине бұл жерде оның атын атамады. Анығына келгенде бұны әдебиет онша алаң етпейтін. Варвара Павловна өзінің халін еске түсіргендей жайлардың бәрінен, үлкен еппен жалтара біледі; бұның сөздерінде махаббат жайынан белгі де жоқ; қайта әр алуан құмарлық атаулыға қатал қарайтын, түңілген, тоқтаған жан тәрізді. Паншин бұнымен дауласа берді; әйел оған

көнген жоқ... бірақ бір ғажап хал бар, бұның сөзімен, аузы кіналап, сынап сөйлесе де, дәл сол сөздерді айтқан үні еркеленіп, биязыланып шығады және бұның көздері... сондай тамаша көздері басқаны айтады, бірақ негі айтқанын білу қиын, тек байқалатыны, шын қаталдық жоқ, мәлімсіз тәтті жай дегендей. Паншин осы көздің анық мәнін білгісі кеп, өзі де көзімен сөйлеп көріп еді, бірақ оныкінен түк шықпады; бұның байқауынша Варвара Павловна анық шетелде тәрбиеленген ұрғашы арыстандай, бұдан әлдеқайда шебер, жоғары сезіледі де, жігіт өзін ондап билей алмады. Варвара Павловнаның кейбір әңгіме кезінде сөйлескен адамының жеңіне сәл қол тигізетін әдеті болушы еді; сондай сәт жанасулары Владимир Николаичті қатты қобалжытты. Варвара Павловна кіммен болса да тез жақындасуды білетін; енді екі сағат өтпестен Паншин бұл әйелді бір ғасырдан бері білетіндей сезінді. Ал бұның жақсы көретіні және жар болуын сұрағаны Лиза болса ол қазір бұл үшін тұманға батқандай болды. Шайдың үстінде әңгіме бұрынғыдан да еркіндей түсті. Марья Дмитриевна малайын шақырып, Лизаның басы тәуір болса төменге келсін деп еді. Паншин Лизаның атын ести сала құрбандыққа еркек пен әйелдің қайсысы төзімді екенін сөз қып еді.

Марья Дмитриевна тез қобалжып, әйел төзімдірек деп және соны екі сөзбен дәлелдеймін деді де шатасып барып, бір қолайсыз теңеумен тоқтады. Варвара Павловна нотаның тетрадын алып сонымен өз бетін жартылай бүркеп, Паншинге қарай иіліп бисквитті асай отырып, көзі де, еріндері де жымынып, ақырын ғана французша: «бұл сүйкімді ханымның дәрісі от алмай қалды»,— деді.

Паншин сәл шошып, Варвара Павловнаның өжеттігіне таң қалды; бірақ ол бұндай оқыс шыншылдықта бұның өзіне қаншалық жирену арналғанын түсінген жоқ; ол қайта Марья Дмитриевнаның бұған деген адалдығын, бұны сан рет әдеппен сыйлағанын, қарызға ақша бергенін — бәрін ұмытты; енді бұ да жымия түсіп, французша: «мен де солай ойлаймын деп» бірнеше қайтарып айтты.

Варвара Павловна бұған достықпен көз тастап орнынан тұрды. Осы кезде Лиза кірген еді; Марфа Тимофеевна жібермеймін десе де ол бүгінгі сынды барынша көтеріп көрмек. Варвара Павловна бұған қарсы қозғалғанда Паншин қасына ерді, жігіттің жүзіне бұрынғыша

дипломаттық шырай пайда болған еді. Ол Лизадан: «саушылығыңыз қалай?»— деп сұрады.

— Алғыс айтамын, қазір жақсы.

— Ал біз мұнда азырақ музыкаға айналыстық; сіздің Варвара Павловнаны естімегеніңіз аяныш болды. Бұл кісі тамаша айтады, анық, толық артистка.

— Бері келіңізші, менің сүйіктім,— деп Марья Дмитриевна дауыстады.

Варвара Павловна сәтті, тіл алғыш жас баладай жетіп барып, аласа ғана орындыққа төмендеп отыра қалды. Марья Дмитриевнаның бұны шақырғаны қызының қасында оңашада, бір сәтке болса да, Паншин қалса екен деп еді: бұл ішінен әлде болса қызы қайта ойланар деп үміттенетін және қазір басына бір ой келіп, соны дәл осы арада айтып қалмақшы боп еді.

— Білесіз бе,— деп ол Варвара Павловнаға сыбырлап,— мен сізді күйеуіңізбен татуластырсам деймін; ойдағыдай шыға ма, көзім жетпейді, бірақ талап етемін. Ол, білесіз бе, мені құрметтейді,— деді.

Варвара Павловна көздерін Марья Дмитриевнаға баяу ғана көтере қарап, қолдарын сондай әсем ғып айқастырды. Қайғылы ғана үнменен сөйледі.

— Сіз менің қорғаным болар едіңіз, апатай. Маған деген рахымыңызға қайтып алғыс айтарымды білмеймін; бірақ мен Федор Иванычқа соншалық айыптымын; ол маған кешіре алмайды.

Марья Дмитриевна сыбысқұмарлықпен ентелей түсіп:

— Әлде сіз... шынымен-ақ...— дегенде Варвара Павловна оның сөзін бөліп:

— Оны менен сұрамаңыз. Мен жас едім, ақылсыз болдым... бірақ мен ақталғым да келмейді,— деді.

Марья Дмитриевна бұның бетін сипай түсейін деді де, жүзіне бұрыла қарап, сескеніп қалды. Ішінен «момын-момын, ал өзі ұрғашы арыстандай» деп ойлады да:

— Бірақ байқаса неменесі бар, түңілмеңіз,— деген еді.

Бұл кезде Паншин Лизаға:

— Сіз аурусыз ба?— деген.

— Ия, мен сау емеспін.

Жігіт бірталай үнсіз тұрып:

— Мен сізді түсінемін, ия, мен сізді түсінемін,— деді.

— Қалайша?

Паншин жаңағы сөзін салмақтап, тағы да мен сізді

түсінемін десе де, не айтқалы тұрғанын өзі де білмеуші еді.

Лиза басында қысылды да, кейін ішінен «мейлі» деді.

Паншин бір сыры бар кісі тәрізденіп үндемей қалып, шетке таман салқын қарады. Бұл кезде Марья Дмитриевна дауыстап:

— Осы, сағат он бірді соқты-ау,— деді.

Қонақтар бұл емеурінді түсініп, қоштаса бастады. Варвара Павловна келер күн обедке келуге және Аданы ала келуге уәде берді; бұрышта отырып ұйықтап қала жаздаған Гедеоновский әйелді ұзатып салуға әзірлігін білдірді. Паншин жұрттың бәрімен сәнденіп қоштасып, басқыш алдында Варвара Павловнаны оның күймесіне мінгізіп қолын қысты да, французша «көріскенше» деді.

Гедеоновский әйелмен қатар отырған еді. Жол бойында байқамаған боп әйел бұның аяғының үстіне өз аяғының ұшымен баса берді. Анау бұдан ұялып, әйелге ылғи тағзым сөздер айтады; онысына әйел күле түсіп, күймеге көше фонарінің жарығы түскен сайын көзін күбылтып, ойнақылана қарайды. Бұның өзі тартқан вальс көкейінде сайрап тұрғандай боп қобалжытады; ол қай жерде болса да жарық оты жайнаған музыкаға бағынып, айнала билеген балдардың залын есіне түсірсе — сол сәтте жаны жалындағандай болатын. Көзі тұмантып, әлденеден жымиып, бар бойына сиқырлы биязылық, келісім, сең тарағандай болушы еді. Үйге жеткенде Варвара Павловна күймеден лезде ытқып түсті. Осылай түсу тек ғана ұрғашы арыстандарда болады, енді Гедеоновскийге айналып қарады да, оның дәл мұрнына тақай беріп, өте үнді дауыспен сақылдап күліп жіберді.

Статский советник өзінің пәтеріне келгенде бұның малайы сауытқа құйған аподельдокты ұсына берді, бірақ бұл ішінен: «сүйкімді ханым... менің салмақты адам болғаным да тәуір екен... бірақ ол неге күлді?»— деп ойлады.

Марфа Тимофеевна түн бойы Лизаның бас жағында отырды.

XLI

Лаврецкий бір жарым күн Васильевскоеде болғанда бар уақытын айналаны кезумен өткізді. Ол ешбір жерде байыздай алмайды: уайым кеміргендей; бұны айық-

пас ағыны бар, бірақ байлаусыз бір талаптар дамыл-сыз қинайды. Қыстаққа алғаш келген күннің ертеңінде ойлаған сезімін еске алып еді, сондағы ниеттерін де ескертіп, өзіне қатты наразы болатын. Бұның болашағының жалғыз міндетінен, өзінің қарызы деп білген жайынан бұны кім айырушы еді. Бақытқұмарлық, тағы да бақытқұмарлық. «Михалевичтікі рас» деген де бір ой келді. Өзіне өзі: «Сен өмірде екінші рет бағынды сынамақ болдың, сен бақыттың адам өмірінде бір оралуының өзі де ойда жоқ сый екенін ұмыттың. Ол толық болмады, жалған болды дейсіз ғой, ендеше толық, анық бақытқа қандай қақың барын білдірші. Айналаңа қарап, кімнің рахатта, бақытта жүргенін көрші, аңдашы. Әне, шөп шапқалы мұжық кетіп барады, мүмкін, ол өз тағдырына риза шығар... несі бар. Бірақ сен онымен өз жайыңды айырбастар ма ең. Анаңды есіңе алшы; оның талабы қандай аз еді, бірақ тағдыры не болды. Сен Паншинмен сөйлескенде Россияға келіп жер жыртпақ болдым деген сөзді мақтан үшін айтқан боларсың; қартайған шағыңда қыздар соңынан сүйретілгелі келген жоқпысың. Сенің азаттығың туралы еміс хабар келе сала, барды тастап, барды ұмытып, көбелек қуған баладай болмадың ба...»

Осы ойларының арасында Лизаның бейнесі оған үнемі елестейтін; бұл сол елесті қинала тұрып жырақтатқысы келеді және тағы соңынан қалмас бір елес, қысылмайтын аяр сұлу, бұған соншалық жиренішті емес боп және де ойына келе береді. Шал Антон мырзасының көңілі жадау екенін біліп, есік сыртында бірнеше рет күрсініп, ақыры бұған келіп, жылырақ бірнәрсе ішкенді кеңес етіп еді, Лаврецкий әуелі бұған ақырып шығарып жібермек боп, артынан одан кешірім сұрады; Антон оған бұрынғысынан да қайғыра түсті. Лаврецкий қонақ үйде отыра алмады; бұған суреттегі үлкен әкесі Андрей ездiгiн мазақ етiп қарап тұрғандай көрiнедi. Атасының түйiлген ерiндерi бұған «әх, сен дәрменiң жоқ» дегендей, өзiнiң iшiнен «шынымен-ақ өзiмдi билей алмаймын ба, бағынам ба осы... болымсызға» дейдi (соғыста ауыр жараланғандар өз жарасын әр кезде «болымсыз» дейтiн. Адам өзiн алдамаса жер үстiнде тұра да алмайды ғой). Кiшкене баламын ба, не болды осы. Ну, рас, жақыннан көрдiм, бар өмiрiме жетерлiк бақыт мүмкiншiлiгiн қолыма ұстап тұрғандай болып ем, бiрақ ол сәтте жойылды; лотерейде де дөңгелек сәл ай-

налып, кей кедей сәтте байып та шығушы еді ғой. Бұйырмаса болмайды, бітті де. Іске кірісем де, тістеніп ап, өзіме-өзім үн шықпа деп бұйырамын; бір тәуірі өзім қолға алуым бірінші рет емес қой. Осы қашуымның өзі немене. Осы араға келіп ап, түйекүс тәрізденіп, басымды жапырақ арасына сұғып тығылып отырғанымның өзі не. Сордың жүзіне қарауға қорқам ба — болымсыз, — дей түсіп, «Антон» деп қатты айғайлады да, — тез ат жеткіз, — деді. Ендігі ойлағаны «өзіме үн шықпауды бұйыруым керек, өзімді тастай қымтап ұстауым керек...» — деді.

Осындай ойлармен Лаврецкий өз қайғысына ем іздеді. Бірақ ол қайғы мол, ауыр еді; оны ақылдан айрылмаса да, бар сезімнен ажыраған Апраксея да байқады, басын шайқап, мұнды көзбен қарап, тарантасқа мініп жатқан Лаврецкийді ұзатып салды. Аттар жортып келеді; ол табжылмастан тура қарап, табжылмастан алдағы жолға қарайды.

XLII

Лиза Лаврецкийге хат жазып, кеше өздеріне келсін деген еді; бірақ Лаврецкий әуелі өзінің пәтеріне келді. Үйінде әйелі де, қызы да жоқ екен үйдегілерден білгені — олар Қалитиндерге кетті десті. Бұл хабар оны таң қылумен бірге, жынын келтірді. Жүрегінде ыза толқыны қайнап, «Варвара Павловна тегі маған өмір сүргізбейін деген екен», — деп ойлады. Ол арлы-берлі жүріп, кейде қолымен немесе аяғымен жолында кездескен баланың ойыншығын, кітапшаларын, әр түрлі әйел заттарын лақтырумен болды. Жюстинаны шақырып алып, жаңағы бар «қоқсықты» жинауға бұйырды. Жюстина французша «я, мырза» дей түсіп, қылмиып бөлменің ішін жиыстыра бастады, әрбір сәнді қимылында Лаврецкий оның сонша тозған, бірақ өзгеше мысқылшыл париждік жүзіне, ақ қолғабына, жібек алжапқышына, жеңіл қалпақшасына да жирене қарады. Әйелді жөнелтіп жіберіп, көп толқудың соңынан (Варвара Павловна әлі қайтқан жоқ еді) енді Қалитиндерге баруға бекінді, бірақ Марья Дмитриевнаға бармайды (өзінің әйелі отырған қонақ үйге ол ешуақытта кірмекші емес), бармағы Марфа Тимофеевна болатын; бұның білуінше қыздар кіретін есіктің артқы басқышы тура кемпірдің үйіне апарушы еді. Лаврецкий сол есіктен кірді. Сәті келіп,

қорада Шурочка кездесті де бұны Марфа Тимофеевнаға қарай ұзатып салды. Қарт әйел дағдыдын тыс жалғыз отыр екен. Ол бұрышта, шашы жайылып, бүкшиіп, екі қолын кеудесіне айқастырып отыр.

Лаврецкийді көріп, кемпір қысылып қалып, бөлмесінде арлы-берлі қозғалып, өзінің қалпақшасын іздегендей. Жігіттің көзіне қараудан жалтарып, саскалақтап:

— А, бұл сенбісің, кеше сен қайда болдың? Ну, ол келді, ну, ия, ну, енді сөйтіп... бірдеңе ету керек қой,— деді.

Лаврецкий орындыққа отырды. Кемпір әлі де сөйлеп:

— Ну, отыр, отыр, сен тура үске тарттың ба. Ну, ия, әрине, солай ғой. Несі бар, сен мені көрейін деп келдің бе? Рахмет,— деді.

Кемпір енді үндемей қап еді, Лаврецкий не айтарын білмеді, бірақ мұны қарт әйел түсінді.

Қол сумкесін бір жауып, бір ашып отырып, Марфа Тимофеевна сөйлеп отыр.

— Лиза... ия, Лиза қазір осында болған еді. Ол оншалық сау да емес. Шурочка, сен қайдасың? Бері келші, шешекем, немене сен отыра алмайсың. Менің де басым ауырып отыр. Тегі, әне біреу ән мен музыкадан болса керек.

— Қандай ән?

— Е, бар емес пе, мұнда әлгі не деуші едіңдер, әне бір дуэттерің басталған жоқ па. Үнемі және итальянша: чи-чи мен ча-ча, айнымаған сауысқандар. Көтеріп айта бастаса, жаныңды бірге суырғандай болады. Анау Паншинің, сенің мынауың. Және қандай тез үйлесті десеңші: дәл бір туысқан жандардай, қысылу да жоқ. Бірақ тағы ойласаң, ит екеш ит те бас пана іздейді, өлсін бе, жұрт болса қумайды.

Лаврецкий дау айтты:

— Шынымды айтайын, не десеңіз де, мұны күткен жоқ ем, бұл үшін үлкен батылдық керек қой.

— Жоқ, жаным, бұл ерлік емес, есеп. Е, құдайы жарылқасын сен оны Лаврикке жібереді дейді, рас па?

— Ия, мен ол мекенді Варвара Павловнаға бердім.

— Ақша сұрады ма?

— Әзір сұраған жоқ.

— Ну, онысы кешікпес. Ал мен сені жаңа ғана анықтап, көріп тұрмын, өзіңнің денің сау ма?

— Сау.

Марфа Тимофеевна дыбыстап:

— Шурочка. Барып Лизавета Михайловнаға айтшы, а, жо-ға, сұрашы... Ол төменде ғой.

— Төменде.

— Ну, ия, ендеше сұрашы, менің кітабымды қайда қойды екен, ол біледі.

— Мақұл.

Кемпір және де қозғалақтап, шкафының тартпаларын аша бастады. Лаврецкий орындықта қозғалмай отыр.

Бір шақта басқышта жеңіл басқан аяқ дыбыстары білінді де, үйге Лиза кірді.

Лаврецкий тұрып иілген еді, Лиза есік алдында тоқтап қалды. Марфа Тимофеевна асыға сөйлеп:

— Лиза, Лизочка, сен менің кітабымды қайда қойдың? — деді.

— Қандай кітапты, апатай?

— Е, кітапты ше, тәңірім-ау, айтпакшы, сені мен шақырғам жоқ... Ну, бәрібір немене, сендер ана аста не істеп жатырсындар. Мұнда, міне, Федор Иваныч келді. Сенің басың қалай?

— Жай.

— Сен ылғи жай дейсің де тұрасың. Немене анау аста, тағы музыка ма?

— Жоқ, карта ойнап жатыр.

— Е, ол өзі төрт тарап екен ғой. Шурочка, сенің бақшада жүгіргің келсе керек. Баршы.

— Жоқ, Марфа Тимофеевна...

— Қой, тілеуің берсін, бар. Настасья Карповна бақшаға жалғыз кетті, сен қасында бол. Күтсеңші, кемпірді,— Шурочка сонымен кетіп қалды.— Бұл менің қалпағым қайда кетті? О, қайда кетті екен шынымен,— деп еді, Лиза араласып:

— Рұқсат етіңіз, мен іздейін,— деді.

— Отыр, отыр. Менің өз аяғым да әлі үзіліп қалған жоқ; тегі ол жататын бөлмеде шығар.

Сөйтіп Лаврецкийге қырынан көз тастап, Марфа Тимофеевна кетті. Басында есікті ашық қалдырып еді, бірақ тез оралып жауып қойды.

Лиза орындықтың аркасына сүйеніп, екі қолын жүзіне ақырын ғана көтерген еді; Лаврецкий бұрынғы орнында отыр. Ақыры ол:

— Біз енді міне осылай көрісетін болдық,— деді.

Лиза қолдарын бетінен алды да, күңгірт үнмен:

— Я, біз тез жаза шектік,— деді.

— Жаза шектік, сіз неліктен шектіңіз?

Лиза бұған өзінің көздерін көтере қарады. Қайғы да, қобалжу да жоқ сияқты; бірақ көздері шікірейіп, мұнарланғандай. Жүзі сұрланып, сәл ашыла түскен еріндері де қансыз.

Лаврецкийдің жүрегі аяныш пен махаббаттан қалтырағандай болды; ол сыбырлап қана:

— Сіз маған баршасы тамам болды деп жаздыңыз, я, басталмай жатып баршасы тамам болды.

— Бұның бәрін ұмыту керек, келгеніңізге қуанамын, мен сізге жазайын деп едім, бірақ осының өзі артық. Жалғыз-ақ осы минуттармен тез пайдалану керек. Сіз екеуміз де қарызымызды ада қылуымыз шарт. Сіз Федор Иванович, әйеліңізбен татуласуыңыз керек.

— Лиза...

— Мен сізден осыны өтінемін: бар болғанды осының өзімен ғана жоюға мүмкін. Сіз ойланасыз да, менің өтінішімді тастамайсыз.

— Лиза, құдай үшін, сіз мүмкін еместі талап еттіңіз ғой. Мен сіз бұйырғанның бәрін істеуге әзірмін; бірақ қазір онымен татуласу деген не... Мен бәріне көнемін, барды ұмыттым; бірақ өз жүрегімді көндіре алмаймын ғой... Рахым етіңіз, бұл қаталдық қой.

— Мен сізден тілемеймін, сіз айтқанды тілемеймін, мүмкін болмаса онымен тұрмай-ақ қойыңыз, бірақ татуласыңыз,— деп, Лиза қолын қайтадан көзіне апарды.— Қызыңызды еске алыңыз, осыны мен үшін істеңіз.

Лаврецкий тістеніп отырып:

— Жақсы, бұны мен істейін дейін, ол менің қарыз өтегенім болсын, ну, ал сіз, сіздің қарызыңыз не болады? — деді.

— Оны мен өзім білемін.

Лаврецкий селк еткендей болды.

— Әлде Паншинге тимек боласыз ба?

Лиза сәл жымып қалды.

— О, жоқ.

Лаврецкий дабыстап:

— Ах, Лиза, Лиза, біз қандай бақытты болар едік.

Лиза бұған тағы да қарады да:

— Енді сіз өзіңіз де көріп отырсыз, Федор Иванович, бақыт еркі бізде емес, тәңірден екен, я, өйткені сіз...— дей бергенде көрші бөлменің есігі ашылып, қолында қалпақшасы бар Марфа Тимофеевна кірді. Ол Лаврецкий мен Лизаның екі арасына тоқтап:

— Зорға таптым, өзім тығып қойып ем, кәрілік деген осы екен, бір сор. Ай, тегі жастық та содан артық емес қой, сен немене әйеліңмен Лаврикке өзің де барасың ба? — деп Федор Ивановычка бұрылып еді.

— Онымен Лаврикке, мен бе? Білмеймін, — деп Лаврецкий жай жауап берді.

— Сен төменге бармайсың ба?

— Бүгін бармаймын.

— Ну, жақсы, өзің білесің; ал саған, Лиза, мен білсем бару керек, ах, жазған құдай-ай, мен әлі шымшығыма дән де сеппеппін-ау. Я, міне, тұра тұрындар, қазір... — деп Марфа Тимофеевна қалпағын киместен тұра жөнелді.

Лаврецкий шапшаң ғана Лизаның қасына келді, «Лиза! — деді жалынған үнмен сөйлеп: — біз мүлде айрылысамыз, жүрегім қақ жарылғандай, қоштасарда маған қолыңызды беріңізші».

Лиза басын жоғары көтерді. Оның талған, сөнгендей болған көздері бұған қадалған еді. «Жоқ, — деп, ол соза берген қолын алып, — жоқ, Лаврецкий, — деді. Ең бірінші рет осылайша атап еді. — Мен қолымды сізге бермеймін, не қыласыз, өтінемін, барыңыз, сіз білесіз ғой, мен сізді сүйемін... Я, мен сізді сүйемін, — деп ол қинала тұрып айтты да: — бірақ жоқ... жоқ», — деді. Сөйтіп орамалын өзінің ерніне тигізді.

— Тым құрыса мынау орамалды маған беріңіз.

Есік сықырлап еді... Орамал Лизаның тізесінен төмен сырғып кетті. Бірақ ол жерге түскенше Лаврецкий ұстай алып, қалтасына салып, сырт айналғанда, Марфа Тимофеевнамен көздері кездесті.

Кемпір:

— Лизочка, мен білсем сені шешең шақырады ғой деймін, — деді.

Лиза шапшаң тұрды да жүріп кетті.

Марфа Тимофеевна қайтадан өз бұрышына отырды. Лаврецкий онымен қоштаса бастап еді.

— Федя, — деді кемпір.

— Немене, апа?

— Сен адал адамсың ғой.

— Қалайша?

— Мен сенен сұраймен, сен адал адамсың ғой?

— Я, солай деп сенемін.

— Гмм... Ендеше адал адаммын деп маған ант етші.

— Бұйырыңыз, бірақ қажеті не.

— Не екенін мен білемін. Жақсылап ойлансаң, шырағым, сен оны өзің де білесің, сен ақмақ емессің ғой, неге сұрап отырғанымды түсінесің. Ал қазір қош бол, әкем. Жайымды білгеніңе рахмет; ал айтылған сөзді ұмытпа, Федя, мені сүйіп кетші. Ох, жаным, саған ауыр, білемін; бірақ ешкімге де жеңіл емес, мен бір шақта шыбынға қызығушы ем; дүниеде өмір кешу осыған рахат шығар-ау деп ойлаушы едім; бірақ бір түнде өрмекшінің қолына түскен шыбынның ызыңын естіп, оның да соры бар екен дедім. Не істерсің, Федя; ал бірақ жаңағы сөзді ұмытпа. Бар, бара бер.

Лаврецкий артқы есіктен шығып, қақпаға тақап қалғанда артынан малай қуып жетті. Лаврецкийге:

— Марья Дмитриевна сізді өзіне шақырғанын айтуға бұйырып еді,— деді.

Федор Иваныч әуелі:

— Айта бар, туған, маған қазір мүмкін емес...— дегенде, малай тағы сөйледі.

— О кісінің бұйырғаны, қатты өтінген, қатты өтінгенін айт деп еді, жалғыз боламын деген.

— А, қонақтар кетті ме? — деді Лаврецкий.

— Дәл, солай,— деп күтуші қалбаң қақты. Лаврецкий иығын қозғап танданды да, малайдың соңынан ерді.

XLIII

Марья Дмитриевна өз кабинетінде Вольтер креслосында одеколон искеп жалғыз отыр екен: апельсин қосқан бір стакан су стол үстінде, жанында тұр. Ол қобалжи түсіп, бір нәрседен қорыққандай, Лаврецкий кірді. Бұл салқын сөйлеп иілді де:

— Сіз мені көрмек пе едіңіз? — деді.

Марья Дмитриевна:

— Я,— дей түсіп, судан жұтты да:

— Сіздің апайға кеткеніңізді біліп едім; содан сізді келсе деп сұрадым: менің сізбен сөйлесуім керек. Отырыңыз, тілеуіңізді берсің,— деп Марья Дмитриевна біраз дем алып алды.— Сіз білесіз ғой,— деп сөз бастап,— сіздің әйеліңіз келді,— деді.

Лаврецкий баяу ғана: «ол маған мәлім» деген еді.

— Ну, ня, менің айтайын дегенім: ол маған келіп, мен қабылдап едім; осы жөннен сізбенен, Федор Иваныч, түсініспек болдым. Мен, тәңірге шүкір, бұл дүниеде, еш-

уақытта лайықсыз істеп көрмегендіктен барлық жұртың құрмет ықласын көріп жүрмін. Сізге жайсыз болатынын білсем де, мен оны қабылдамауға батылым бармады, Федор Иваныч, ол сіз тараптан маған жақын адам: менің халімді аңғарыңызшы, оны үйіме кіргізбеуге қандай хақым бар, ойлаңызшы.

— Сіз бекер қиналасыз, Марья Дмитриевна, өте жақсы істепсіз, мен титтей ренжімеймін. Варвара Павловнаны өзінің жақындарын көруден тыямын деп ойлаған емеспін. Бүгін сізге келмегенім, тек қана онымен көріскім келмегені, міне бәрі сол-ақ.

Марья Дмитриевна көңілденіп:

— Ах, бұны маған сізден есту қандай сүйікті, Федор Иванович, тегі, мен сіздің биік таза сезіміңізге сенгендіктен осыны тосушы ем. Ал менің қобалжығанымды айтсаңыз, ол ғажап емес, мен әйелмін, анамын ғой. Және сіздің жұбыңыз... Әрине, мен сіз екеуіңізді тергей алмаймын, мен оны өзіне де айттым; бірақ ол сондай тамаша ханум, адамға ризалықтан басқаны ойлатар емес,— деді.

Лаврецкий күлді де, шляпасымен ойнады.

— Жаңа сізге айтайын дегенім, Федор Иваныч,— деп Марья Дмитриевна бұған қарай сәл қозғала түсіп: — сіз оны көріп, биязылықпен өзін ұстауын білсеңіз, адамға деген тағзымын көрсеңіз етті — анығында бұл жанашырлық қой. Ал оның сіз туралы сөйлегенін естісеңіз. «Мен оның алдында айнала айыпты едім» дейді; «мен оны бағалай алмадым; ол адам емес, періште» деп сөйлейді. Анық солай деп отыр, періште дейді. Өкініші сондайлық... мен құдай біледі, мұндай өкінішті көрген емеспін,— деді.

Лаврецкий жауап қатып:

— Я, Марья Дмитриевна, қызықты сұрауға рұқсат етіңіз, Варвара Павловна сіздің үйде ән салды деді ме, ол немене, өзінің өкініші кезінде айтты ма, әлде қалай болды? — деді.

— Ах, сізге солай айту ұят емес пе! Ол ән салып ойнағанда тек мен үшін істеді, оған бұны бұйырып істеткен мен. Анық бұйырығым. Байқасам халы сондай ауыр екен, соны немен алаң етем дедім де, оның сондай ғажап талантты екенін естіп ем, рахым етіңіз Федор Иваныч, ол сондайлық қорлық шеккен, тым құрса Сергей Петровичтен сұраңызшы, қайғыдан мүлде өлген әйел, соны ойласаңызшы.

Лаврецкий иығын ғана көтерді.

— Онан соң, анау Адочка қандай періште, не деген ғажап, ол қандай сүйкімді және ақылды; французша сөйлегенін айтыңызшы, орысша да түсінеді — мені апатай дейді, әлгі оның жасындағы балалардың жатырқайтыны бар ғой, бұнда ол мүлде жоқ. Онан соң сізге ұқсағаны, Федор Иваныч, сондай өзгеше, көзі, қастары айнамаған сіз. Мен өзім ондай кішкене балаларды сүймеймін, шынымды айтайын, бірақ сіздің қызыңызға тура ғашық боп қалдым.

Лаврецкий шұғылынан бірнәрсе туралы сұрап:

— Марья Дмитриевна, сізден сұрауға рұқсат етіңіз, осыныңызды маған неменеге айтып отырсыз? — деді.

Марья Дмитриевна одекOLON иіскеп су жұтып алды:

— Неменеге дейсіз бе? Федор Иваныч, менің айта-тыным... мен сіздің туысқаныңызбын ғой, сіздің ісіңізге мен барыммен араласам, мен білем ғой, сіздің жүрегіңіз сондай мейірімді, тыңдаңыз, туғаным. Мен не десеңіз де тәжірибелі әйелмін, желге кететін шығасы сөз сөйлемеймін: кешіріңіз, кешіріңіз әйеліңізді.

Марья Дмитриевнаның көзі осы сәтте жасқа толып:

— Ойлаңыз, жастық, тәжірибесіздік... Ну, бәлкі жан үлгі әсер еткен болар, оны жолға салып отыратын ана да болған жоқ, оны кешіріңіз, Федор Иваныч, шеккен жазасы жеткілікті,— деді.

Марья Дмитриевна көз жасы екі бетінен тамшылап отыр, ол сүртінген жоқ: өзі жылағанды жақсы көруші еді. Лаврецкий қызыл шоқтың үстінде отырғандай, ішінен ол: «құдай-ау, бұл не ғажап, бүгін қандай күн туды маған?» деп ойлады. Марья Дмитриевна тағы сөйледі:

— Сіз жауап бермейсіз, мен қалай түсінейін. Шынымен сіз сондай катал ма едіңіз. Жоқ, мен оған сене алмаймын, мен өз сөзім сізге әсер етті деп сеземін, Федор Иваныч, сіздің мейірімділігіңіз үшін, құдай иеді, ал қазір, менің қолымнан әйеліңізді қабыл алыңыз.

Лаврецкий ықтиярсыз орнынан тұрды; Марья Дмитриевна да түрекеліп, шапшаң ғана ширманың аржағына барып, Варвара Павловнаны алып шықты. Өңі қашқан, көздерін төмен салған, құрсұлдері ғана бар әйел сияқтанып, өз ойынан, ықтиярынан түгел жұда болған әйелдей, Варвара Павловна барымен Марья Дмитриевнаға берілген сияқты, Лаврецкий бір адым кейіп шегінді де:

— Сіз әлі осында ма едіңіз?— деп айғайлап қалды.

Марья Дмитриевна шапшаң ғана сөзге араласып:

— Ол кісіні айыптамаңыз, мұнда тіпті қалғысы келмеген еді, бірақ мен оған бұйырдым да, осы ширманын ішіне отырғыздым. Бұл сізді әсіресе ашуландырады деп айтып еді, мен онысын тындамадым; бұ кісіден де сізді мен артық білем ғой, сөйтіп менің қолымнан жарыңызды қабыл алыңыз; бері келіңіз, Варя, қорықпаңыз, тізе бүгіңіз,— деп (әйелді қолынан тартты да), менің батам болсын дей бергенде, Лаврецкий оны бір күңгірт, бірақ қалтыратқандай дауыспен бөгей берді:

— Токтаңыз, Марья Дмитриевна. Сіз тегі сезімтал сахналарды сүйетін боларсыз (Лаврецкий қателескен жоқ еді: Марья Дмитриевна тіпті институт заманынан ақ кейбір театрлық халдерге құмар болатын); ол сізді қызықтырады ғой, бірақ бұл өзгелерге ауыр келеді, жә, мен сізбен сөйлеспеймін: бұл сахнада бас герой сіз емес қой,— деп әйеліне бұрылды да,— ханым, сізге менен не керек?— деді.— Қолымнан келгенді сізге мен істемедім бе? Мына кездесуді сіз істегенім жоқ деп дау айтушы болмаңыз; мен бәрібір сізге сенбеймін және сене алмайтынымды сіз білесіз. Сіз не тілейсіз. Сіз ақылды адамсыз, мақсатсыз ешнәрсе істемейсіз. Менің сізбен бұрынғыдай тұра алмайтынымды сіздің түсінуіңіз керек; ол сізге ашуланғанымнан емес, бүгінде мүлде басқа адам болғандығымнан. Мен осыны сіз келген күннің ертеңінде айтқамын, соны дәл қазір сіздің ішіңіз біліп тұр. Бірақ сіз көпшілік көзінде өзіңізді көтермек боласыз; менің үйімде тұруыңыз аз болғандай, менімен бір шатырдың астында тұрғыңыз келеді, солай емес пе?

Варвара Павловна көзін жоғары көтерместен:

— Мен сіздің кешіруіңізді тілеймін,— деді.

Марья Дмитриевна да бұл сөзді қайталап:

— Бұл кісі сіздің кешіруіңізді сұрайды,— деді.

Варвара Павловна:

— Өзім үшін емес, Ада үшін,— деп сыбырлай түсті.

Марья Дмитриевна тағы қостады:

— Өзі үшін емес, сіздің Адаңыз үшін.

Лаврецкий қиналып тұрып:

— Жақсы. Сіз осыны тілейсіз ғой. Бұйырыңыз, мен соған да разымын,— деді.

Варвара Павловна бұған қарап жалт етіп көз тастағанда, Марья Дмитриевна қуанып кетті.

— Я, құдай,— деп Варвара Павловнаны тағы да

колынан тартып,— қабыл алыңыз енді менен...— дегенде, Лаврецкий оның сөзін бөлді.

— Тоқтаңыз дедім ғой, мен сізбен тұруға көнемін, Варвара Павловна, яғни мен сізді Лаврикке апарып, мұршам жеткенше бірге тұрам да, содан соң кетемін, кейде соға жүремін. Көрдіңіз бе, мен сізді алдағым келмейді; бірақ бұдан көпті талап етпеңіз. Біздің мына құрметті туысқан әйеліміздің тілегін орындап, сізді мен құшағыма алсам, өткен істер болған жоқ десем, кесілген ағаш қайта гүлденеді десем, оған сіздің өзіңіз де күлер едіңіз. Бірақ, көріп тұрмын, көнуге қажет боп тұр. Сіз бұл сөзді басқаша түсінесіз... бірақ оның бәрібір. Тағы да айтайын, мен сізбен тұрамын... яки, жоқ, оны серт ете алмаймын... Мен сізге ораламын да, сізді өзімнің әйелім деп санайтын боламын...

Бұл шақта көз жасы әлдеқашан құрғаған Марья Дмитриевна:

— Тым құрса осы үшін өзіне қолыңызды беріңізші,— деді.

Лаврецкий көнген жоқ:

— Мен бұл күнге шейін Варвара Павловнаны алдаған емеспін, ол бұған онсыз да сенеді. Мен өзін Лаврикке апарамын; және есіңізде болсын, Варвара Павловна сіз ол жерден бір жаққа шығар болсаңыз, біздің шартымыз сол сәтте бұзылады. Ал маған кетуге рұқсат етіңіздер,— деп, екі ханымға илді де, асыға басып шығып кетті.

Марья Дмитриевна оның соңынан айғайлап:

— Сіз өзін ерте кетпейсіз бе?— деп еді.

Варвара Павловна сыбырлап:

— Оны қоя-ақ қойыңыз,— дей сала, енді үй иесін құшақтап, оған алғыс айтып, қолдарынан сүйіп, бұны өзінің құтқарушысы деп алғыс айтты.

Марья Дмитриевна оның құрметін пандықпен қабыл ала тұрса да іштей Лаврецкийге де, Варвара Павловнаға да және барлық әзірленген сахнаға да риза болмады. Сезімпаздық аз шықты; оның ойынша Варвара Павловна күйеуінің аяғын құша жығылу керек еді. Енді түсіндіріп:

— Сіздің мені ұқпай қалғаныңыз қалай. Мен тізе бүгіңіз дегенім қайда?— деді.

— Жаңағының өзі артық, сүйікті апатай, қиналманыз, бәрі де өте жақсы.

— Ну, бірақ ол мұздай салқын қанды ғой, рас, сіз

де жылаған жоқсыз, оның алдында мен ғана жас төктім. Сізді Лаврикте тұсап қоймақ, сөйтіп сіз маған да келе алмайсыз ба? Еркектің бәрі де топас,— деп сөз аяғында басын шайқап қойды.

— Мейір мен кешірімді бағалай білетін тек әйелдер ғана ғой,— деп Варвара Павловна тізесін бүгіп, Марья Дмитриевнаның толық бойын құшақтап, басын иді. Жүзінде үнсіз жымию бар еді, ал Марья Дмитриевнаның көзінің жасы аға жөнелді.

Лаврецкий өз үйіне келіп, күтушісінің бөлмесіне кіріп есікті жапты да, диванға құлай түсіп, таң атқанша тапжылмай жатып алды.

XLIV

Келесі күн жексенбі болатын. Таңғы намазға шақырған қоңырау үні Лаврецкийді оята алған жоқ, ол түн бойы көз жұмған жоқ-ты, бірақ кейін Лизаның тілегі бойынша өткен жексенбіде өзінің шіркеуге барғанын есіне алды. Ол шапшаң тұрып киінгенде жасырын бір дауыс «бүгін де қыз сонда» дегендей болып еді. Үйден ақырын шығып, әлі ұйықтап жатқан Варвара Павловнаға өзінің түскі тамаққа ғана оралатынын айтуды бұйырып, енді адымдай түсіп бір қалыпты мұнды қоңырау шақырған жаққа қарай беттеді. Ерте келген екен, шіркеуде әлі ешкім жоқ. Клироста дьячок дұға оқиды; анда-санда жеткіргені болмаса, зор даусы бір бәсеңдеп, бір дәуірлей түседі. Лаврецкий есікке жақын тұрды. Намазға келгендер бір-бірлеп кіріп, жай тоқтап, жан-жағына бұрыла шоқынысады. Бұлардың аяқ тықыры қуыс үйдің ішінде, тыныштықта, биік күмбез астынан жаңғырығып естіледі. Ескі бөрік, шапан киген алжыған бір кемпір Лаврецкийдің қасына тізе бүгіп тұрып, бар ынтасымен жалбарына бастады; оның тісі жоқ, сарғайған, құрысқан жүзінде барынша тырысқан мүләйімдік бар; қызарған көздері жалтармастан жоғары қарап, көп икондағы әулие жүздерге қарапалады; салдыраған сүйегі ғана қалған қолдары жиі қозғалып, баяу салмақпен үлкен кең крес жасайды. Қалың сақалы бар күңгірт жүзді бір мұжық шашы үрпиген, құнысқан қалпында шіркеуге кіріп, қос тізерлеп тұра қалып, салғаннан шоқына бастады. Әрбір сәждесінің артынан басын кейін шалқайтады. Бұның жүзінде, бар қозғалысында соншалық ащы зар білінгендік-

тен Лаврецкий қасына келіп, жөнін сұрады. Мұжық сескеніп, салқып тартып тайқи беріп, бұған қарады да... «балам өлді» деп шапшаң айта салып және де сәжде қылуға кірісті.

Лаврецкий ішінен «бұлар үшін шіркеуден басқа жұбаныш бар ма» деп өзі де дұға оқып көріп еді, бірақ жүрегі ауырлап, қатаң тартты, ойлары да тәңірісінен жырақ еді. Ол үнемі Лизаны күткен. Бірақ Лиза әлі келмей тұр. Шіркеуге халық тола бастады; ол сонда да келмей тұр. Ертеңгі намаз басталып, дьякон енді інжілді оқыды. Үлкен дұғалықтың қоңырауы да қағылды; Лаврецкий сәл ілгері қозғалып еді, сол сәтте Лизаны көрді, ол бұдан ерте келсе де, жігіт оны байқамаған екен. Қабырға мен клиростың арасына жабыса жайғасып, ол ешқайда қарамай, қыбыр етпей тұрғанды.

Лаврецкий намаз біткенше қыздан көзін алмай қарап тұрып, онымен іштей бақыл айтысып қоштасумен болды. Халық тарай бастаса да, ол әлі тұр еді, Лаврецкийдің кетуін тосып тұрғандай. Ақыры ол соңғы рет шоқынды да, бұрылмастан жүріп кетті; қасында бір ғана күтуші әйелі бар. Лаврецкий шіркеуден Лизаның артынан шығып, оны көшеде қуып жетті. Қыз басын төмен салып, бетіне вуалін түсіріп, аса жылдам басып барады екен.

— Есенсіз бе, Лизавета Михайловна,— деп ол өзін зорлап, қатаң үнмен,— сізді шығарып салуға рұқсат па?— деді.

Қыз түк айтқан жоқ. Бұл оның қасына ерді. Енді дауысын бәсеңдетіп:

— Сіз маған ризасыз ба, кешегі болғанды естіген шығарсыз,— деді.

Қыз сыбырлап сөйлеп:

— Ия, ия, бұныңыз жақсы,— деді.

Енді қыз бұрынғысынан да шапшаң басты.

— Сіз ризасыз ба?

Лиза тек басын ғана изеді. Енді жай әлсіз ғана дауыспен:

— Федор Иваныч, мен сізден өтінейін деп едім: енді бізге келмеңіз, тез жүріп кетіңіз; біз тек кейін көрісе аламыз, бір шақта, мүмкін бір жылдан соң. Ал әзір осыны мен үшін етіңіз, осы тілегімді орындаңызшы, тәңір үшін!— деді.

— Мен сізге бар жайдан бағынуға әзірмін, Лиза-

вета Михайловна, бірақ тек осылай ғана айрылысқанымыз ба? Маған бір ауыз да сөз айтпағаныңыз ба?

— Федор Иваныч, міне, сіз қазір менің қасымда келесіз, ал сіз бірақ менен енді соншалық жырақ-жырақсыз. Және жалғыз сіз ғана емес, а...

Лаврецкий дауыстап:

— Өтінемін, айтып бітіріңіз, не айтпақ боласыз,— деді.

— Сіз естірсіз бәлки... бірақ не болса да, ұмытыңыз... Жоқ мені ұмытпаңыз, мені есіңізде тұтыңыз.

— Мен бе сізді ұмытатын.

— Жетті, бақыл болыңыз, ермеңіз соңымнан.

Лаврецкий «Лиза» дей беріп еді, қыз вуалін төмен тарта түсіп, енді жүгіре басып, тағы да:

— Бақыл болыңыз, бақыл болыңыз!— деді.

Лаврецкий оның соңынан басын төмен салып қарап қалды да, енді көше бойлап қайта жүрді. Жолда Леммге кездесіп еді, ол да шляпасын мұрнына түсіре киіп, екі аяғының астына ғана қарап келеді екен. Екеуі бір-біріне үнсіз қарады. Ақыры Лаврецкий:

— Ну, не айтасыз,— деп еді, Лемм уайымды жүзбен жауап қатты.

— Мен не айтайын, мен түк айтпаймын, бәрі де өлді, біз де өлдік, сіз оңға бұрыласыз ғой.

— Оңға.

— Ал маған солға. Бақыл болыңыз.

XLV

Келесі күні Федор Иваныч әйелімен Лаврикке жөнелді. Әйелі Ада мен Жюстинаны алып алдағы күймеге мінгенде Лаврецкий арттағы тарантасқа мінді. Әдемі кішкене қыз барлық жол бойында күйменің терезесінен кеткен жоқ; ол бар нәрсеге таң қалады: мұжықтар, қатындар, жолдағы жаман үйлер, құдықтар, доға мен қоңыраулар да, жол бойындағы көп ұзақтар да оны таң қалдырады; Жюстина да осы балаша таңданды; Варвара Павловна олардың сөздері мен мінездеріне күліп келе жатты. Ол қазір көңілді, О... шәһәрінен шығар алдында ол өзінің күйеуімен арыла сөйлесіп алған. Бұл оған: «мен сіздің халіңізді түсінемін» дегенде, ол бұған ақылды көзінің ажарынан еркек халін анық түсініп отырғанын аңғарған-ды.

Сонда бұл әйел: «сіз тым құрыса менімен тұру жеңіл

екенін білуіңіз әділ емес пе? Мен сізге жабыспаймын, қыспаймын; менің тілегім тек қана Адамның болашағын қамсыз ету; содан өзге маған түк те керегі жоқ» деген-ді.

Бұған Федор Иванович:

— Ия, сіз бар мақсатыңызға жеттіңіз,— деп жауап қайырған.

— Ендігі менің жалғыз қиялым бар: қараңғы түкпірге тығылып, сіздің жақсылығыңызды мәңгі есіме тұту, бар қиялым осы.

— Фи, жетер,— деп Лаврецкий арғы сөзін жеткізе айтқызбаған. Әйел сонда да өзінің әзірлеген сөзін жеткізе түсіп:

— Сіздің азаттығыңыз бен тыныштығыңызды мен құрмет ете білермін,— деген болатын.

Лаврецкий ол үшін барынша иілген еді. Варвара Павловна күйеуінің бұған, іштей алғыс айтқанын түсінген болатын.

Лаврикке бұлар келесі күні кешке жетті; бір жұмадан соң Лаврецкий әйелінің ендігі тұрмысына арнап бес мың сом қалдырып, өзі Москваға жүріп кетті, ал Лаврецкий кеткен күннің ертеңінде, «оңашалық жайында мені есіңізден шығармаңыз» деген Варвара Павловнаның өтініші бойынша, мұнда Паншин келді. Әйел оны өте жақсы қарсы алды. Түн ортасына шейін биік бөлмелерде, бақшада музыка даусы мен ән естіліп, француздың жеңіл әзілдері орын алды. Варвара Павловнаның қасында Паншин үш күн қонақ болды; онымен қоштасып, әйелдің тамаша сұлу қолын қатты қысып тұрып, «тез уақытта қайта ораламын» деп еді ол, сол уәдесін орындады.

XLVI

Шешесінің үйінің екінші қабатында Лизаның жеке кішкене бөлмесі болатын, бұл таза, жарық, ақ төсегі бар, бұрыштар мен терезе алдында гүлдер қойылған, кішкентай жазу столы бар, бір топ кітап тұрған, қабырғада Ғайсаның суреті бар бөлме еді. Өзін бала бөлмесі дейтін; Лиза осында туған-ды. Лаврецкий көрген күні шіркеуден келісімен Лиза дағдыдан тыс, өз үйіне өзгеше тәртіп орнатты, бар жердің шаңын қағып, бар нәрсесін қайта қарап, жаңа жіңішке лентамен өзінің бар тетрадтарын және құрбы қыздарынан алған хаттарын қайтадан орады. Бар тартпаларын жауып, гүлдеріне су

құйып, әрбір жеке гүлді өз қолымен сипап өтті. Осының бәрін ол асықпай, дыбыссыз мейірленіп, қамқорлық жасаған жүзбен істеді. Ақыры бөлмесінің ортасына кеп тоқтады да, Ғайса суреті тұрған қабырғаға бұрылып қос тізерлеп, екі қолын басына қойып тапжылмай тұрып қалды.

Марфа Тимофеевна үйге кіргенде бұны осы халда көрді. Лиза оның келгенін байқаған жоқ еді. Қемпір есік сыртына аяқ үшімен басып қайта шығып, бірнеше рет қатты жөткіріп алды. Лиза сонда ғана шапшаң тұрып, көзінде тұрып қалған жарқыраған жас тамшыларын енді сүртті. Марфа Тимофеевна жас бір гүл бар құмыраға иіліп:

— Байқасам сен өзіңнің намаз үйінді тағы тазалапсың-ау, мынаның исі қандай жақсы,— деді.

Лиза апасына ойлана қарады. Сыбырлап қана:

— Сіз қандай сөз айттыңыз?— деді.

Кемпір жабыса түсіп:

— Қандай сөз, қандай! Сенің не айтқың келеді?

Бұл сұмдық деп ол қазір қалпағын жұлып тастап, Лизаның төсегіне отыра қап, сөйлей жөнелді.— Бұған менің қуатым жетпейді. Төрт күн болды қазанда қайнағандаймын. Түк байқамаған кісі боп енді күлгірсіп жүре алмаймын, сенің өңің жүдеп, түсің қашып, жылап жүргенінді, көре алмаймын, төзе алмаймын бұған!— деді.

— Оныңыз не, апатай, мен әншейін...

— Әншейін, оны сен маған емес, өзгеге айт, әншейін. Ал жаңа тізерлеп тұрған кім, кірпігінде іркіліп жас тұрған кім. Әншейін, сен өзіңе қарашы әуелі, жүзіңді білдің бе, көзің қайда жоғалды осы сенің, әншейін, мен барды білмейді дейсің ғой.

— Бұның бәрі жоғалды, апатай, тек тоса тұрыңыз.

— Жоғалады, қашан жоғалады. Жасаған ие-ау. Сен оны соншалық жақсы көріп қап па едің. Ол шал ғой, Лизочка. Рас, мен таласпаймын, ол жақсы адам, ол итше тістемейді: бірақ неменесі бар, біздің бәріміз де жақсы адамбыз. Жер, дүние бітті деп пе ең, ол мақұлықтар әр кезде мол табылады.

— Мен сізге айттым ғой, бәрі де тез бітеді, тіпті бітіп те қалды.

Марфа Тимофеевна Лизаны өз қасына төсекке отырғызып, оның шашы мен басындағы орамалшасын түзей отырып, сөйлей жөнелді:

— Мен бір нәрсе айтайын, тыңдашы, Лизочка. Сенің қайғыңа шығар жол жоқ сияқты боп, алғашқы қызу үстінде ғана солай көрінеді, эх, жаным менің, тек өлімге ғана дәрі жоқ. Сен өзіңе мынаны айтсаң-шы, «көнбеймін, берілмеймін, бара берсін» деші, сонан соң қандай жеңіл, оңай өткенін өзің де байқамай қаларсың. Тек қана шыдап көрші.

— Апатай, ол енді өтті, бәрі де өтті.

— Өтті, қайдан өтті. Мінекей, қазір мұрның да үшкірленіп қалыпты, а, сен өтті дейсің. Өткен-ақ екен.

Сол шақта Лиза шапшаң өзгеріп, Марфа Тимофеевнаның мойнынан құшақтай алып:

— Я, өтті деймін, апатай, тек сіздің маған көмек еткіңіз келсе екен, жаным апатай, менің досым болыңыз, жәрдем етіңіз маған: ашуланбаңыз, түсініңізші мені...— деді.

— О не, о немене, шешекем-ау, тілеуің берсін, қорқытпашы мені, өзің маған бұлай қарамашы, қазір айғай саламын: шапшаң айтшы, о не?

— Мен, менің тілегім...— деп өзінің жүзін Марфа Тимофеевнаның кеудесіне басты да, Лиза,— менің тілегім монастырьға кетпекпін,— деп соншалық күнгірт үнмен сөйледі.

Кемпір отырған жерінен ырғып түсті.

— Шоқына көр, шешекем. Лизочка, есінді жи: құдай сақтасын, бұның не?— деп сасқалақтай сөйлеп:— Жатшы, көгершінім, ұйықтап алшы кішкене: сенде бұның бәрі ұйқысыздықтан ғой, жаным!— деді.

Лиза басын көтере қарады, екі беті оттай жанып тұр екен.

— Жок, апатай, бұлай деменіз, мен бекіндім, мен жалбарынып, тәңірімнен ақыл сұрадым. Бәрі тамам, менің сіздермен кешкен өмірім тамам. Алғаш ойлағаным бұл емес еді, енді мына сабақ тегін емес: маған бақыт оралмады, бақытты үміт еткен шағымда да жүрегім шанша беруші еді. Мен барда білуші ем, өз кінәмды да, өзгелердікін де білемін. Сонын бәрі үшін жалбарыну-жалбарыну керек. Сізді де, апамды да, Леночканы да қимаймын: бірақ басқа шара жоқ, сеземін, бұнда маған тірлік жоқ: мен бар дүниемен, мұндағы үйдің бәрімен арыздасып, қоштастым, мені басқа дүние шақырады, жүрегім лоблып, мәңгіге бір жерге жабылып, бекініп қалғым келеді. Мені бөгемеңіз, айнытам деменіз, көмек етіңіз, болмаса өзім-ақ кете барам...

Марфа Тимофеевна «бұл ауырған ғой, сандырақтағаны шығар, докторға жіберу керек, қайсысын шақырсақ екен. Анада бір Гедеоновский әлдебірін мақтап еді: ол ыңғай өтірік айтса да, әлде осы жолы шын айтқан болар» деп ойлаған еді. Бірақ кейін Лизаның ауру да емес екенін, сөздері сандырақ емес екенін және Лизаның бұған берген әр жауабын айнымас бірқалыпты екенін көрген соң, Марфа Тимофеевна шошыды да, шынымен қайғыра бастады.

— Сен білмейсің ғой, менің көгершінім, монастырьдегі өмір қандай, ойлаймысың!— деді өз айтқанына көндіргісі кеп.— Сәулешім, сені жап-жасыл зығырмайын жегізіп, үстіңе қатты, қалың көйлек кигізіп, суыққа айдап салады. Сен бұның бәріне шыдамайсың ғой, Лизочка. Бұның бәрі саған Агашаның қалдырған ізі ғой, сол ғой, сені адастырып тұрған. Ол өзі өмірін қызықтан бастап, бар тәтті, дәмдіні көріп алған жоқ па еді: сен де әуелі өмір сүрсеңші. Тым құрса мен тыныш өлейін, содан соң ойдағыны істесеңші. Бүйткені, әлдебір, құдай сақтасын, әлдебір теке сақал еркектер үшін монастырьға кеткенді кім көріпті. Тіпті шыдамасаң сопыға барып, жалбарынып дұға қыл, тек басыңа анау шошайған қара пәлені кие көрме. Әкем менің, шешетайым менің...

Сөйтпін Марфа Тимофеевна егіліп жылап жіберді.

Лиза оны жұбатып, көзін сүртіп, өзі бірге жыласа да, дегенінен қайтқан жоқ. Марфа Тимофеевна қайғы үстінде шошытып көріп еді: барды шешене айтам деп еді... бірақ, оның да көмегі болмады, тек кемпірдің аса қатты жалбарынуы бойынша Лиза өз ниетін орындауды жарым жылға қалдыра тұратын болды: оның орайына Лиза өз ниетінен қайтпайтын болса, Марья Дмитриевнаның рызалығын өзі алып беруге Марфа Тимофеевна серт етті.

Қүздің алғашқы суығы түсе бере Варвара Павловна меңіреу түкпірде бекініп отырамын деген уәдесіне қарамай, ақшаны молырақ етіп алып, Петербургқа көшті. Бұдан бұрын О... губерниясынан қайтқан Паншин сыпайы, бірақ аса сүйкімді пәтер әзірлеп қойған екен, соған кірді. О... қаласында тұрған кезінің соңғы шағында ол Марья Дмитриевнаның құрметінен айрылған-ды. Бұл үйге бармайтын болып, көбінше Лавриктен шықпайтын да болған. Варвара Павловна оны құл ғып алды, анық құл етіп алды: әйелдің бұған деген шексіз, айнымас

жауапсыз әкімшілігін басқа сөзбен айтып болмастай еді.

Лаврецкий қысты Москвада өкізді. Ал келесі көктемде бұған Россияның жарық бір шетіндегі Б... монастырына барып Лиза сопылар қатарына қосылыпты деген хабар жетті.

ЭПИЛОГ

Сегіз жыл өткен еді. Тағы да көктем келді... Бірақ өзгеден бұрын Михалевич, Паншин және Лаврецкая ханымның тағдырлары туралы аз сөз айтайық та, олармен айрылысайық.

Михалевич ұзақ уақыт кезіп жүріп, ақыры дәл өзінің жұмысын тапты: бір қазыналық кеңседе бас бақылаушысының орнын алды. Ол өз тағдырына дән риза: бұның тәрбиесіндегілер сыртынан мазақ ете жүрсе де оны «құрметтейтін».

Паншин шен жағынан көп ілгеріледі, енді директор болғалы жүр: біраз өзі еңкіштеніп жүреді: тегі, мойнына ілінген Владимир кресі ілгері үңілте түскен болар. Суретшінің орнына бұдан нағыз чиновник шықты: оның әлі де жасаң түсі сарғайыңқырап, шаштары да сиреген және ол енді ән де шырқамайды, сурет те салмайды, бірақ жасырын түрде әдебиетпен айналысады: «мақалдар» деген тәрізді бір кішкене комедия жазады және жұрттың бәрі қазір біреуді бейнелеп жазуды машық еткен соң ол да бір жеңілтек әйелді бейнелеп жазып, өзіне тәуір қарайтын екі-үш ханымға сол жазғанын жасырып оқитын. Сан рет тамаша жағдайлар болса да, ол тегі үйленбеді: бұған айыпкер Варвара Павловна болатын. Бұл әйел болса баяғысынша ұдайы Парижде тұрады: Федор Иваныч оған өз атынан вексель беріп, әйелдің ойда жоқтан екінші рет қайта оралмауын ойлап, өз басын өзі сатып алды. Ол әйел бүгінде қартайып жуандаған еді, бірақ әлі де сүйкімді және сұлу. Әр адамның өз қиялы бар ғой, Варвара Павловна сол қиялын жас Дюманың драмалық шығармаларынан тапты. Ол театрларға ұдайы барып, сахнадағы сезімтал, бірақ көкірек аурулы ханымдарды көрді; Дош ханым тәрізді болу оған адам арманының зоры тәрізденді: бір шақта ол өз қызына осыдан зор ырысты тілемейтінін де айтқан еді. Бірақ илануға болады, бойжеткен Ада ондай рахат-

тан жырақ болар: себебі бұрынғы қып-қызыл толық баланың орнына, қазір кеудесі құнысқан, өңі жүдеу және нервлары тозған қыз болып еді.

Варвара Павловнаның сүйгендерінің саны азайған, бірақ олар жойылған жоқ: кейбіреулерін ол өз өмірінің ақырына шейін сақтайтын болар. Бұлардың ішіндегі ең бейілдісі соңғы кезде араласқан Закурдало-Скубырников дейтін біреу, өзі мұрт жіберген отставкадағы гвардеецтердің ішінен шыққан, жасы 38-де, ерекше кесек біткен адам еді. Лаврецкая ханымның салонына келетін француздар бұны французша Украинаның жуан бұқасы дейтін: Варвара Павловна өзінің сәнді кештеріне оны ешуақытта шақырмайтын, бірақ әйелдің мейірбандығын ол толық пайдаланушы еді.

Сөйтіп... сегіз жыл өтті. Тағы да аспаннан көктемнің жарқыраған бақыты аңқыды: ол көктем жерге, адамзатқа тағы да күле қарайды: оның еркелетуі арқасында айнала гүлдер махаббаттанып, жырлай бастады. О... шаһары бұл сегіз жыл бойында аз өзгерген-ді: бірақ Марья Дмитриевнаның үйі жасарған сияқты: жақында боялған қабырғалары көңілді түрде ағарып, кешкі шақта ашық терезелері қызара жасарып, жалтырай түседі. Бұл терезелерден көшеге қуанышты жастар үндері, үздіксіз күлкілер естіледі. Барлық үй ернеуінен асқан қуанышпен толқып, тірлік қазаны қайнап жатқандай көрінеді.

Үй иесі ханым әлдеқашан қара жерге кірген-ді. Лиза сопылыққа кеткеннен кейін екі жылдан соң Марья Дмитриевна қайтыс болған. Бұдан Марфа Тимофеевна да ұзақ тұрған жоқ, қала зиратында екеуінің қабірі қатар тұр. Настасья Карповна да қайтыс болған соңғы бірнеше жыл бойында бұл адал кемпір жұма сайын өзінің дос әйелінің басына дұға оқуға барушы еді... Мезгіл жетіп, оның да сүйегі қара жерге жайғасты. Бірақ Марья Дмитриевнаның үйі бөтен адамның қолына ауысқан жоқ, өз тұқымынан кетпеді; ұя бұзылмады; сұңғақ бойлы, сұлу қыз боп өскен Леночканың күйеуі ақсары шашы бар, гусар офицері; Марья Дмитриевнаның ұлы Петербургта үйленіп, осы көктемге өзінің жас әйелін және оның қызыл жүзді, сүйкімді көзді он алты жасар институтка сінлісін ертіп келген, Шурочка да ер жетіп көріктенген болатын. Калитин үйінің көркін енгізген күлкі мен кенес осы жастардікі еді. Бұл үйдің бар нәрсесі өзгеріп, барлық жайы жаңа

тұрғындарына бейімделген. Күлегеш, задор, сақалсыз малайлар бұрынғы салмақты қарт малайлардың орнына тұрыпты: бұрын семіз Роска салмақпен жүретін жерлерде екі тазы ит ойнақ салып, диванға шейін секіреді, атқорада жарау жорғалар, құтырып тұрған түпкі аттар және жалдары өрілген, жұлқынған шеткі аттар, салт мінетін Дон сайгүліктері пайда болған: таңертеңгі, түскі, түнгі тамақтардың бәрінің мезгілдері өзгеріп, ауысып кеткен; көршілердің айтуы бойынша «болмаған тәртіп» орнаған.

Біз сөз қыл отырған кеште Қалитин үйінің тұрғындары (бұлардың ең үлкені Леночканың күйеуі жиырма төрт қана жаста болатын) болымсыз ойынға айналысқан болса да, күлкілеріне қарағанда солары өздеріне сонша қызықты еді: бұлар бөлмеден бөлмеге жүгіріп, бірін-бірі қуып жүр: иттер де қоса жүгіріп, үре түседі. Терезелер тұсында ілулі тұрған тордағы ұнпаз торғайлар да үй ішінің даурығын күшейтіп, тынбастан шырқан сайрасады. Осындай аспанды басына көтерген қуаныш дырдудың қайнар кезінде қақпа жанына шаң басқан бір тарантас кеп тоқтап, соның ішінен жол киімін киген, жасы қырық бес шамасына келген бір адам шығып, хайран боп қарап тұрып қалды. Ол біраз уақыт табжылмай тұрып, үнді байыптап қарап алып, қақпадан кіріп, жай ғана басқышпен көтеріле бастады. Алдыңғы үйде ешкім қарсы алған жоқ, бірақ зал есігі шапшаң ашылып, қып-қызыл болған Шурочка жүгіре шықты және сол сәтте шулаған бойда барлық жастар тобы да қаптап келіскен еді. Шурочка оқыс тоқтай қап, бөтен адамды көріп тына қалды: бірақ қонаққа қараған көздер әлі де қуанышпен қадалып жүздерден күлкі де айыққан жоқты. Марья Дмитриевнаның ұлы қонаққа жақындап кеп, сыпайы түрмен бұл адамға не қажет екенін сұрады. Қонақ:

— Мен Лаврецкиймін,— деді.

Бұған жауап ретінде жастар шулай үн қатысты — бұнысы бұл күнде ұмытылған алыс туысқанның келуіне бар жастың қуанғаны емес, тек не жөнінен болса да шу етуге әзір тұрған жастық қана белгісі еді. Бұлар Лаврецкийді лезде қоршап алды: Леночка ескі таныс есебінде өзін алдымен атап, енді біраз болса, неқылса да таныр едім деді де, қалған қауымды түгелімен бәрінің аттарын кішірейтіп атап, соның ішінде өз күйеуінің де атын кішірейтіп атап таныс етті. Барлық топ ас үйден

өтіп қонақ үйге ауысты. Екі бөлменің де қабырға бояулары өзгерген екен, бірақ жасаулары бұрынғыдай.

Лаврецкий фортепианоны таныды. Терезе алдындағы өрмек те бұрынғы орнынша, тіпті сегіз жыл бұрын бітпей қалған тоқымасы да сол күйінде қалғандай. Лаврецкийді жайлы орындыққа отырғызып, өзгенің бәрі салмақпен бұны қоршай отырысты. Сұрақтар, танданулар, әңгімелер үзілмей айтыла жөнелді. Леночка аңқаулықпен сөз бастап, «біз сізді көрмегелі көп болды, Варвара Павловнаны да көрмедік»,— деді.

— Қайдан!— деді ағасы сөзге араласып.— Мен сені Петербургке әкеткенімде Федор Иваныч қыстақта тұрушы еді.

— Одан бері апам қайтыс болды ғой.

— Марфа Тимофеевна да,— деп Шурочка қостады.— Және Настасья Карповна,— деп Леночка сөйлеп,— мосье Лемм де,— дегенде Лаврецкий:

— Қалайша, Лемм де өлді ме?— деді.

Енді жас Қалитин жауап беріп:

— Ия, ол бұл жерден Одессаға кеткен еді; біреу сонда шақырып қызықтырыпты деседі, сонда ол қаза тауыпты,— деді.

— Сіздер білмейсіздер ме, оның музыкасы қалды ма екен?

— Білмеймін, қалды ма екен.

Жұрттың бәрі үндемей біріне-бірі қарасты. Барлық жас жүздерге уайымның жұқа бұлты төнгендей. Леночка сол кезде «ал Матроска тірі» деді. Ағасы: «Гедеоновский де тірі»,— деді. Гедеоновскийдің аты естілгенде жастар сақылдап күлісті.

Марья Дмитриевнаның ұлы:

— Я, ол тірі және өтірікті баяғысынша соғады, білдіңіз бе, мынау сотқар қыз,— деп, «ол өзінің» балдызын көрсетіп,— кеше оның шақшасына бұрыш сеуіп қойыпты,— деді. Леночка айғалап «оның түшкіргенін көрсеңіз» дегенде, жастар тоқтай алмай күле жөнелісті. Жас Қалитин енді біразда «біз жақында Лизадан хабар алдық» дегенде айнала жұрт тына қалды; «қазір жақсы екен, саушылығы аз-аздап түзеліп келе жатқан көрінеді»,— деді.

Лаврецкий қинала отырып:

— Ол әлі де сол, мінажат орнында ма?— деді.

— Әлі де сонда.

— Өзі сіздерге жаза ма,

— Жок, тіпті жазбайды: хабары кісі арқылы ғана жетеді.

Бір сәтке ауыр үнсіздік хал туды; бәрінің ойы «моын періште ұшты» дегендей. Қалытын Лаврецкийге бұрылып, бақшаға шыққыңыз келе ме, біз оны біраз күтімсіз етсек те, қазір тіпті жақсы боп кетті деді.

Лаврецкий бақшаға шыққанда көзіне алдымен түскені, біршақта Лизаның соншалық бақытты, қайта оралмас бір сәтті бірге өткізген орындықты көрді; ол қазір қарайып, қисайып тұр. Салған жерден танығанда бұның жүрегі теңі жок, тәттілік пен уайымның бірде-біріне ұқсамайтын күйге толды,— ол өтіп кеткен жастықтың бір заманда қолың жеткен бақыттың жайындағы жалынды уайым сезімі болатын. Жастармен бірге аллея бойларын аралады; жөке ағаштары сәл қартая түсіп, көлеңкесі қалындапты; оның орайына ұсақ бұталар тегіс көтеріліп, малина күшіне кіріпті, жаңғақ солған екен, айналаның бәрінен ағаштың, шөптің, сирень гүлінің иісі аңқиды.

Леночка оқыс айғайлай түсіп, ағаштар қоршаған жасыл алаңға шыға беріп:

— Төрт бұрыш ойнайтын жер мынау ғой, өзіміз дәл бесеу екенбіз,— деді. Бұның ағасы: «сен Федор Ивановичті ұмыттың ба, әлде өзінді санамай тұрмысың» делі. Леночка сәл қызарып қалды. «Федор Иванович бұл жасында ойнай ала ма» дей беріп еді, Лаврецкий оны қоспап:

— Рахым етіңіздер, ойнаңыздар, маған қарамаңыздар. Менің сіздерді қыспайтын болғаным өзіме бәрінен жайлы болады. Ал мені сіздер алдандыру қажет емес; біздей қарттардың әлі сіздер білмейтін және ешбір алданыш оның орнын баса алмайтын бір кәсібі болады, ол естегілер,— деді.

Жастар Лаврецкийді сыпайы, бірақ сәл мысқылшыл жүзбен, әлдебір оқытушының сабағын тындағандай естіп болысты да, жаңағы алаңға қарай жүгіре жөнелісті; төртеуі төрт ағаштың қасына тұрып, біреуі ортаға тұрды да, ойындары бастала жөнелді.

Лаврецкий үйге қайтып ас ішетін бөлмеге кіріп, фортепианоға жақындады да, бір тілін басып еді; әлсіз де болса сондай таза үн шыққанда, бұның жүрегінен жасырын бір орын тепкендей болды: осы нотадан Лемм марқұмның бұны сонау бақытты бір түнде тамаша қуанып тартқан шабытты күйінің алғашқы кезі басталушы еді. Кейінірек Лаврецкий қонақ бөлмеге ауысып,

көпке шейін содан шықпады. Лизаны ең жиі көрген бөлмесі осы болғандықтан, оның бейнесі осы үйде әсіресе айқын еске түседі: оның ізі айналасында айқын сезілгендей, бірақ уайым қинайды, ол жеңіл емес, бұнда өлім ойлататын тыныштық та жоқ. Лиза әлі тірі, әлдебір алыста, меңіреу шетте; бұл ол туралы тірі жандай ойлағанмен, бір шақта өзі сүйген қызын танымайды, ладанның түтін толқыны қоршап сопы әйелдер киімін киген жүдеу аруақ тәрізді бейне бұның көңіліне қонбайды. Лаврецкий ойша: Лизаға қараған қалпымен өзін сондай етіп қараса, дәл өзін де танымас еді.

Соңғы сегіз жыл бойында ақыры бұның өміріндегі қайта жаңғыру анық болып өтті. Бұндай жаңғыру көпшілікте болмаса да, онсыз адам анық жақсы адам да болмас еді: ол шынымен өзінің бақыты, өзімшіл мақсаты дегеннің бәрін ойлаудан безген. Ол жуасып, енді несін жасырамыз, жүзі ғана емес, денесі де, жаны да қартайды; кейбіреулердің айтысындай, өзі қартайса да, жүрегін жас етіп ұстау қиын да, күлкі де; өзіне риза болатындар жақсылыққа сенуін жоймаған, тұрақты еріктен айрылмаған және әрекет етуден қажымаған жандар болар. Лаврецкийдің өзіне риза болуға хақысы бар еді: ол анық жақсы шаруа иесі боп алды, шынымен жер жыртуды үйреніп және еңбекті бір өзі үшін ғана істемейтін болды; қолынан келгенше өзінің крестьяндарының тұрмысын да қамсыз етіп, күшейтуге тырысты.

Лаврецкий үйден бақшаға шығып, өзіне таныс орындыққа отырды; және осы қымбат жайды, өмірінде соңғы рет рахаттың алтын шарабы қайнап ойнаған бір шараны алсам деп қол созған үйдің алдында отырып, ол бүгіндегі жапа-жалғыз панасыз жолаушы екенін ойлады, бүгінде бұның орнына келген жас буынның қуаныш-дырдуын ести отырып, өзінің бар өмірін шолып өтті. Жүрекке уайым оралды, бірақ ол ауыр емес, ғазап емес: өкінетіні көп, бірақ ұялатыны жоқ екен. «Ойнаңдар, шаттаныңдар, өсіңдер, жас қуаттар» деп ойлайды және бұл ойында дерт жоқ. «Сендердің өмірін алдында, сендер бізден жеңілірек өмір кешесің, біздерше қараңғы тұман ішінде, өз жолың алысумен, бір жығылып, бір тұрумен іздеу болмайды; біз аман қалсақ деп тырысатынбыз және қанша жандар аман қалмай жойылды. Ал сіздер іс етуге, қайрат етуге міндеттісіздер, сонда біздей қарттардың тілек, батасы сендермен бірге болмақ. Ал мен бүгінгі күннен соң, мынау сезім-

дерден соң сіздерге соңғы рет қош айтып, мұнды болсам да, ешбір қызғанышсыз, ешбір қараңғы сезімсіз алдым-да тосқан тәңірімді және тірлігімнің соңын көре тұрып айтарым: «есен ба, жалғыздықтағы кәрілік, сөне бер пайдасыз тірлік».

Лаврецкий ақырын тұрып, ақырын жүріп кетті; оны ешкім байқаған жоқ, ешкім бөгеген де жоқ; шат дыбыстар бақша жақтан биік жөке ағаштарының арасынан бұрынғыдан да қатты естіліп жатты. Ол тарантасына мініп, көшіріне, атты қатты айдамай, үйге қарай тартуға бұйырды.

Қанағаттанбаған оқушы әлде бізден «осы соны ма?» деп сұрар. «Ал Лаврецкий кейін қандай болды. Лиза қайтті» десер, бірақ әлі тірі болғанмен жер мекенінен кеткен жандар туралы не айтамыз, оларға несіне ораламыз. Естуімізше Лаврецкий Лиза жай тапқан сонау алыс монастырьге барып, оны көріпті. Клиростан клиросқа ауысып, әйел мұның қасынан өтіп кетіпті; жүрісі баяу, барынша мүләйім табынған сопы әйелдің жүрісіндей өкөн, бұған қарамапты да, тек бұл жақтағы көзінің кірпіктері әнтек қана дір етіп, жүдеу жүзін бұрынғысынан да төмен иіп өте беріпті. Айқасқан қолдарын тәспік қоршаған бойда бір-біріне қыса түсіпті. Бұл екеуі не ойлап, нені сезісті. Кім білсін, кім айтсын. Өмірде мұндай сәттер, мұндай сезімдер бар ғой... Ондай күйлерге нұсқап қана қасынан өтуден басқа не бар.

ӘҢГІМЕЛЕР ЖӘНЕ ПЬЕСА

ТОЙ ТАРҚАР

— Сіздер адам өздігінен ешнәрсенің жақсы-жаманын айыра алмайды, мәселе ортада, ортасы оны билейді, илейді дейсіздер. Менің ойымша істің көбін кез билейді. Міне, мен өз жайымды айтайын...— деп Иван Васильевич сөз бастады. Бұл бәрімізге қадірлі адам еді. Арамыздағы әңгіме жеке адам ірілеп, бас қасиетін тапқанда немен табады деген жайдан болатын. Біз адамды өсіру үшін оның жағдайын өзгерту керек деп едік. Адам өздігінен жақсы мен жаманды айыра алмайды дегенді біздің ешқайсымыз да айта қойғамыз жоқпыз. Бірақ Иван Васильевичтің дағдысы: біреумен пікір алмасу ретінде туған өз пікіріне өзі жауап беріп содан өз өмірінің бір оқиғаларын айта отырушы еді. Көбінесе, ол жол әңгімесін неден бастағанын да ұмытып қалатын. Өз әңгімесінің қызығы жетектеп кетеді. Ал, әңгімелері, тегінде, шындықпен айтылған жанды әңгімелер болатын. Қазірде де сонысын істеді.

— Мен өз жайымды айтайын, менің өмірімнің осылай құрылуы ортадан емес, тіпті бір басқа нәрседен болды.

Біз:

— Ол не нәрсе еді? — дестік.

— Е, ол ұзақ тарих. Түсіндіру үшін көп әңгіме айту керек.

— Айтыңыз, олай болса.

Иван Васильевич ойланып қалды да, басын шайқады.

— Ия, барлық өмірімің басқаша болуына бір-ақ күн, жоқ тіпті бір күннің таңертеңі ғана себеп болды,— деді.

— Не болды сонда?

— Болғаны сол, мен ол кезде барынша асық едім. Тегінде көп рет асық болдым, бірақ мынау солардың ішіндегі ең күштісі еді. Өткен оқиға ғой. Қазір одан туған қыздар күйеуге де тиіпті. Ол В...ия, Варенька, В... еді, — деп Иван Васильевич бір фамилияны атады. Ол елу жасында да тым сұлу сұңғақ, нәзік және маңғаз, шыны маңғаз еді. Бойын тіп-тік ұстайды, басқаша ұстауға болмайтын сияқты. Иегі көтеріңкі, басы аз шалқалай тұрады. Сонысы ұзын бойы мен сұлу жүзіне сонша жарасып, біраз арықтығын, сүйектілігін білдірмей тұрады. Қайта барлық қалпына бір ханзаданың реңін береді. Маңғаздың реңінен жұрт қаймыққан да болар еді. Оған жібермейтін сұлу, нұрлы көзі мен езуіндегі ерке, ашық күлкісі және сүйікті жас тұлғасының барлық нәзік еркелігі.

— Иван Васильевичтің суреттеуі қалай еді!

— Қалай суреттесең де оның қандайлық екенін сендер түсінетіндей қып беру мүмкін емес. Бірақ мәселе онда емес. Айтайын деген әңгімем қырқыншы жылдарда болды. Мен бір өлкедегі университеттің студентімін. Жақсы, жаман дерімді білмеймін, бірақ әйтеуір ол кезде біздің университетте ешбір үйірме, ешбір жүйе деген болмайтын. Бәріміз де жас едік. Сол жастықтың заңы бойынша оқумен, сауықпен тіршілік ететұғымыз. Мен өте сауыққой, өжет жас едім. Және бай болатұғым. Судай қатты жорғам бар, қыздарды қасыма алып тауда салдыртам (шаңғы аяқ онда жайылған жоқ). Жолдастармен ішетұғым (ол кезде шампанскийден бөтенді ішпейміз; ақша жоқ болса — ішпейміз, бүгінгідей арақ ішу жоқ). Бірақ менің ең зор қызығым кештер мен тойлар болатын. Өзім жақсы билеймін, түсім де жексұрын емес-ті.

Мәжілісіміздегі бір әйел:

— Жарайды, момынсымай-ақ қойыңыз. Біз сіздің баяғы дагерратиф¹ суретіңізді білеміз ғой. Жексұрын емес қана дейсіз, нағыз сұлу емес пе едіңіз.

¹ Дагерратифие — сурет басудың ескі түрі. Дагер деген кісі 1839 жылы шығарған.

— Сұлу болмайын, сұлу болайын, ня, мәселе онда емес. Мәселе, сол әйелге барынша асық боп жүргенде масленканын¹ соңғы күні бір тойда болдым. Той иесі, губерния ақсүйектерінің басшысы, өзі бай, қонақшыл, өзі камергер² ақ көңіл шал еді. Қонақты қабыл алушы өзіне ұқсаған ақ пейіл бәйбішесі. Үстінде қызыл күред барқыт киімі бар, басында бриллиант орнатқан орамалы. Қартаң тартқан толық, ақ иығы, кеудесі ашық Елизавета Петровна³ суретіне ұқсайды. Той ғажайып болды. Зал тамаша. Музыка тартушы, сауыққой бір алпауыт байдың құл-крестьяндары; заманындағы атақты күштілер. Ас жақсы, шампанский шалқыған келдей. Мен шампанскийге тегі құмар болсам да, ішпедім. Үйткені арақсыз асықтыққа-ақ мас едім, естен тана билегенім неше алуан би болды. Оның ішінде вальс, кадрили, полькалар. Әрине, мүмкін болғанша, Варенькамен билеймін. Оның кигені ақ киім. Орай бұған алқызыл белбеушесі бар. Қолына ақ лайка перчатка киген. Мұның жиегі сүйірлеу ашаң шынтағына жетер-жетпес қана, аяғында ақ атлас башпағы бар. Мазурканың тұсында менен бұрын сүйкімсіз инженер Анисимов қағып әкетті. Мен оған сол кінәсын әлі күнге кешпеймін. Ол қыз келген жерде мазуркаға шақыра қойыпты. Мен шаштаразыға барып перчатка алам деп кешігіп қаппын. Сонымен мазурканы онымен билемей, бір кішкене неміс әйелімен биледім. Мұны да бұрын біраз айналдырушы ем. Бірақ дәл сол кеште оған әдепсіздік істесем керек; өзімен сөйлеспедім, жүзіне де қарамадым. Жалғыз көргенім ұзын, сұлу бой, ақ киім, қызғылт белбеу, күн сәулесі жарқыраған, қызарған жүз және ерке, сүйкімді көздері. Жалғыз мен емес. Оған жұрттың бәрі қарап, бәрі тамашалады. Еркек қана емес, әйел де тамашалады. Өздерінің барлығын оның нұры басып кетсе де, қызғаныспай, шын тамашалады. Үйтпеске шара жоқ.

Заң жолын айтсақ, мазурканы онымен билегем жоқ. Ал болған қалдың өзін алсақ, мен ұдайы сонымен билеймін. Ол қысылып, қымсынбастан бар залды басып маған қарай жүреді. Мен орнымнан атып тұрып, шақыруды күтпей-ақ қарсы барам. Ол менің сезгіштігіме жымыған

¹ Масленка — бұрынғы орыс тұрмысында ораза алдында болатын мейрам.

² Камергер — патша сарайының қызметкері.
Елизавета Петровна — қатын патша (1709—1861).

күлкісімен тәңір жарылқасын білдіреді. Екеумізге біраз бөгеуіл болып қалса, қолын басқа біреуге бере тұра, ашандау иығымен қысылып әрі өкінген, әрі жұбатқан пішінмен маған қарап жымияды. Мені көңіліне алмасын дегендей. Мазурканың өрнектерін вальспен келтірген жерде, мен онымен ұзақ билеп қалам. Сонда жиі дем алып, күліп қарап «энкор»¹ дейді. Мен вальсті тағы да билеймін. Өз денемді сезінуден танғандаймын.

— Қалайша сезбейсіз. Менің ойымша нақ сезген шығарсыз, әсіресе оны тал бойынан құшып жүрсіз ғой. Өз деңеңіз былай тұрсын, оның денесін де сезген-ақ шығарсыз,— деп қонақтың бірі сөз қатты. Иван Васильевич бұған тез қызарып, ашуланып, ақырыңқырап та жіберді.

— Ия, міне сендер солайсың, бүгінгі жас. Сендер денеден басқа түк көрмейсіңдер. Біздің уақытымызда олай емес болатын. Мен неғұрлым күштірек сүйсем, солғұрлым ол әйел тәнсіз көрінетін. Сендер аяғың, қалтасың, тағы әлде несін көре қоясың. Сүйген әйеліңді жалаңаштай сүйесің. Маған Альфонс Корр² айтқандай — ол жақсы жазушы еді — сүйгенімнің үстінде жеңілмейтін қоладай ауыр киім тұрады. Біз өзіміз шешу былай тұрсын, өзі жалаңаш тұрғанын қымтап Нухтың³ адал ұлындай болушы ек. Бірақ бәрібір сендер түсінбейсіңдер.

— Оны тыңдамаңыз, ия, сонан ары...— дедік біреуіміз.

— Ия, сонымен көбінесе мен Варенькамен биледім. Уақыттың қалай өткенін де байқамаппын. Музыкашылар талса керек. Бірақ тойдың аяқ кезінде болатын бір қалып бар ғой, талса да, қажыса да, ақырғы күштерін салып құлшынып тартады. Мазурканың машықты бір күйін әлі соқтыртады. Қонақ үйде, карта үстелінде отырған әке-шешелер де тұрыпты. Кешкі асты күтіседі. Даяшылар да бір нәрселерді тасып жүгірісе бастады. Сағат үшке қарай кетті. Соңғы минуттармен пайдаланып қалу керек. Мен оны қайта таптым да, залдан жүзінші мәртебе билеп өттім.

— Сонымен астан кейінгі кадрили менікі,— дедім орнына таман апара жатып.

Ол жымиып:

¹ Энкор (французша)— тағы дегені.

² Альфонс Корр — француз жазушысы (1808—1890).

³ Нухтың адал ұлы — дегені ескі дін ертегісінде, мас болған Нухтың жалаңаш денесін бір ұлы мазақ еткенде, екінші бір ұлы барып жапқан екен дейді.

— Әрине, мені алып кетпесе, солай болады,— деді.

— Мен сізді бермеймін,— дедім.

— Желпуіш берсеңізші...

Бір арзан, ақ желпуішті берін жатып:

— Беруге қимаймын,— дедім.

Ол:

— Аясаңыз, мынасын сіз алыңыз,— деді де, желпуіштің бір қауырсынын жұлып алып маған берді.

Мен қауырсынды қолыма алып, алғысымды, қуанышымды да көзіммен білдірдім. Құр көңілді, құр көтеріңкі ғана емеспін.

Мен бақытты, рақат күйдемін. Біртүрлі мейрімділік біткендей өзіме өзім де таңсықпын. Жер үстінің пендесі емес, жамандықты білмеймін, игіліктің ғана досы сияқтымын, қауырсынды перчаткаға сұғып, қасынан кете алмай тұрып қалдым.

— Қараңыз, әкеме биле десіп жатыр,— деп маған ұзын бойлы, сымбатты бір полковникті көрсетті. Әкесі сол. Иығында күміс эполеті¹ бар. Есік жанында, үй иесі мен бір топ әйелдің ортасында тұр екен.

Бір мезгілде маңдайында бриллиант тасы бар, Елизавета нықтас бәйбішенің зор дауысын естідік, ол:

— Варенька, бері келіңіз,— деді.

Варенька есікке қарай басты, артынан мен де келдім.

— Әкеңізді сізбен бір рет билеп өтуге көндіріңізші, ма шер²,— деді де, полковникке қарап,— қане енді, Петр Васильевич,— деді.

Вареньканың әкесі өте сұлу, сымбатты, зор, жас өнді шал екен. Оның беті қызғылт. Ақ мұртын Николай патшаша ширатып қайырып қойған. Жағының ақ сақалын мұртына жеткізе жіберіпті де, нек сақалын қырған екен. Самай шашы алдына тараулы. Жарқыраған көзі мен езуінде қызының күлкісіндей қуаныш күлкісі бар. Кең төсінде шен азғана, бірақ әскерлерше керіліп көстигендік бар. Иығы тұтас, аяғы ұзынша, сымбатты. Ол — Николай үлгісін алған кәрі қызметші, ескі әскер басы.

Біз есікке жақындап келгенде полковник көнбей тұр екен. Биді ұмытқан шығармын, дейді. Бірақ солай деп тұрып, жымиды да, бір қолын сол жағына жіберіп, бауынан қылышын суырып алды. Оны қасындағы әдепті жас

¹ Эполет — төренің иығына тағатын салпыншақ шені.

² Ма шер (французша) — менің қымбаттым дегені.

жігітке беріп, оң қолына замшы¹ перчатканы киіп жатып — «бәрі өз заңынша босын» деп күлді, де, қызының қолын алып, қырындай тұрып, күйдің ырғағын күтті.

Мазурка күйінің басы бастала бергенде, бір аяғын екпінмен тарс еткізіп, екіншісін соза бастады. Зор, ауыр денесі кейде жай, кейде қалып, кейде құлшынып, екіленіп кетеді. Бір аяғын бір аяғына соғып, немесе табанымен тақтай теуіп, зал бойымен жылжып берді. Вареньканың нәзік бойы қасында ілесе жүзіп келеді. Кішкене, ақ атлас аяғының адымын мезгілімен, кейде қысқарта басады. Барлық зал бұл пардың әрбір қозғалысына тесіле қарап тұр. Мен, сүйсіну былай тұрсын, ерекше бір қуанышпен елжірегендей де едім. Екеуіне солай қарадым. Мені әсіресе соның етігі жұмсақты. Жақсы опайке етігі жаңа мода үшкір тұмсық емес; ескі үлгілі бұзау тұмсық, өкшесіз екен.

Тегі оны тігуші батальон етікшісі болса керек. «Сүйген қызын киіндіріп, ертіп шығу үшін, жаңа мода етік сатып алмай, қолдан тігілген етік киеді екен-ау» деген ой келді. Ол бұзау тұмсық етік мені әсіресе мейірлендірді. Бір кезде бұл кісі жақсы билеген сияқты. Бірақ қазірде ауыр тартқан. Сұлу, жылдам оралатын ырғақты жақсы шығарам деп тырысса да, аяғы бұрынғысындай икемді болмайды. Сонда да екі кругты жақсы айналып шықты. Бір уақытта екі аяғын жазып жіберіп қайта қосты да, ауырлау тартқан салмақпен бір тізелеп шөге қалды. Қызы әкесі іліп кеткен көйлегін жымып түзей жүріп, қалғығандай боп, әкесін айналып шықты. Сол уақытта жұрттың бәрі тарс-тұрс қол соғып жіберді.

Әкесі қиналыңқырап көтеріліп, нәзік жарастықпен қызын басынан құшақтап маңдайынан сүйді де, маған ертіп келді. Менімен билейтін шығар десе керек.

— Жігіті мен емеспін,— дедім.

— Бәрібір ғой, енді мұнымен сіз билеңіз,— деп ерке жүзбен күліп қылышын бауына қайта салып жатты.

Бөтелкеден тамған бір тамшының артынан ішіндегі сұйық заттың қалғаны сорғалап жөнеледі ғой, сол сияқты менің ішімде Варенькаға арналған асықтық, бойымдағы жалпы асықтыққа арналған салақияттың бәрін ақтарып кеткендей болдым. Ол күні өз махаббатыммен бар дүниені құшып тұрғандай болдым. Мен бриллиант тасты Елизавета түсті бәйбішені де, оның байын да, қонақтарың да, даяшыларың да және тіпті маған бұртың

¹ З а м ш ы — жұмсақ сақтияң.

жүрген инженер Анисимовті де тұтас жақсы көрдім. Үйде тіккізген етігі бар, Вареньканикіне ұқсаған күлкісі бар әкесіне сол күнгі менің көңілім ерекше.

Мазурка бітті. Үй иелері қонақтарды асқа шақырды. Бірақ полковник В. асқа қарамады. Ертең ерте тұру керек — деп үй иелерімен қоштасып жүріп кетті. Мен қызын ала кетеді екен деп шошып қап ем, олай болмады, шешесімен екеуі қалып қойды.

Астан кейін мен онымен бірге уәделі кадрилиді биледім. Бұл күні бақытым шексіз мол көрінсе де, дүркін-дүркін өсе берді. Асықтық туралы біз ешнәрсе айтысқамыз жоқ. Ол мені сүйе ме, жоқ па, бұл туралы одан да сұрамадым; өзіме де сұрау қойғам жоқ. Өзім сүйемін, сол әбден жеткілікті сияқты. Бар қорыққаным — бір нәрсе осы бағымды бұзбаса екен деймін.

Үйге қайтып келіп, шешініп, ұйқыны ойлап көріп ем, ол тіпті мүмкін емес болды, қолымда желпуішінің бір қауырсыны мен тұтас бір перчаткасы бар. Бұны жүрер жерде пауескеге әуелі шешесін отырғызып, артынан өзін отырғызып жатқанымда берген еді. Осы екі нәрсеге қарап, көзімді жұмбай-ақ тұрып, оны көз алдыма келтіріп тұрмын.

Екі бозбаланы салыстырып тұрып, менің сипатымды таңдағандай болып, жан еріткен даусымен: «тәкаппар-ақ? Солай ма?» деп қолын маған қуана берді. Тағы бір минутті көремін, онда ас ішіп отырып бір пияла шампанскийді көтеріп салып, еркелеткен көзін маған төңкере қарады. Көбінесе әкесімен билеген кезін көремін. Қасында қалқып, қозғалып келе жатып, әкесін де, өз көркін де мақтан, қуаныш етіп, анталап тұрған жұртқа көз тастап қояды. Иіп талған нәзік сезімінде екеуі еріксіз тұтасып қосылып тұрған сияқты.

Ол кезде марқұм ағаммен екеуміз ғана тұрушы ек. Ағам жарқыраған топты сүймейтін. Той атаулыға бармайды. Және бұл уақытта кандидат экзаменіне¹ әзірленіп, бірқалыпты тыныш қана өмір өткізетін. Ол ұйықтап жатыр екен. Қарасам, басы жастыққа көмілген де, үстінде жұмсақ көрпе жабулы екен.

Қарап тұрып, махаббатты мейіріммен жаным ашыды. Менің бақытыма ортақ бола алмай, мақұрым жатқанына жаным ашыды. Құл-крестьяннан алған күтушіміз

¹ Кандидат экзамені — университет бітірген соң, төменгі басқыш ғылыми дәрежеге беретін экзамен.

Петруша мені шаммен қарсы алып шешіндірмекші болып еді, оны орнына жібердім. Маужырап ұйқы басқан бет-аузы мен ұйысқан шашына қарап тағы да мейірленіп жаным ашыды.

Дабырламаймын деп аяғымның ұшынан басып өз бөлмеме келдім де, төсегіме отыра кеттім. Жоқ, мен ерекше бақыттымын, ұйықтай алмадым. Пешін қыздыра жаққан үйде онан сайын отыра алмаймын. Қімімді шешпестен, ақырын басып алдыңғы үйге шығып сырт киімімді киіп, сыртқы есікті аштым да, көшеге шықтым.

Тойдан сағат беске қарай кеткенде қайтқамын. Үйге келіп, отырып қайта шыққанымша тағы екі сағаттай өткен. Қазір тыста таң атыпты. Әуе райы нағыз масленкаға лайықты, тұман. Су кеулеген қар жол үстінде еріп жатыр. Шатырлардан да тамшылап тұр. Бұлар қаланың шетінде бір үлкен алаңның жанында тұратын. Алаңның бір жағы сейіл орны да, екінші жағы қыздар институты болатын. Мен өзіміздің жүргінші аз көшемізден өтіп, үлкен көшеге шықтым. Жаяулар мен отын тасыған ломавайлар кездесе бастады.

Шаналарының табаны қар астындағы жайған тасты сызды. Жылтыр доғалардың астында суланған бастарын шұлғи басып келе жатқан аттар да, жүк жанында үлкен етіктерін салпылдатып басып келе жатқан жөке жамылған извозчиктер де, тұман ішінде өте биік көрініп тұрған үйлер де — бәрі де маған бір түрлі жақсы, бір түрлі мағыналы көрінеді.

Қыздың үйі бар алаңға шығып қарасам, сейіл болатын жақта бір үлкен қарағай көрінді. Сол жақтан күй, барабан үні келеді.

Менің ішім толған жыр сияқты, анда-санда мазурканың күйі де естілгендей болатын.

Бірақ, мынау естіліп тұрған әлдеқандай басқа, қатан, жақсы емес күй.

«Бұл не екен?» деп ойладым да, алаңның ортасындағы аяқ жолмен, сол күй естілген жаққа қарай жүрдім. Жүз қадамдай жер жүрген соң тұман ішінен көп қарауытқан адамды көрдім. Солдаттар боса керек. «Ойын үйреніп жатыр ғой» деп ойладым да, жүре түстім. Қасымда бір ұста келе жатыр екен. Май болған шолақ тоны бар, алдында алжапқыш, әкеле жатқан бірденесі бар, азырақ алдымда келеді. Жақындап келсек, солдаттар қара киім киген, ерсілі-қарсылы екі қатар боп тұрыпты. Мылтықтарын төмен, жерге сүйеген, тапжылмайды. Бұлардың

сыртында барабаншы күйшілер тұр. Төқтамай қайта-қайта тартатыны алғашқы бір сүйкімсіз, шиқылдаған жаман әуен.

— Бұл, не істеп жүр бұлар?— деп, қатарласып тоқтаған ұстадан сұрадым.

Ұста қатар тұрған солдаттардың бір шетінен қарап ашумен:

— Әскерден қашқан татарды айдап келеді,— деді.

Мен де қарадым. Байқасам, екі қатардың ортасында бір жан шошырлық нәрсе жақындап келеді екен. Ол жақындап келе жатқан белуарына дейін жалаңашталған адам. Өзін екі солдат мылтығына таңыпты да, жетектеп келеді екен. Қатарында шинель мен фуражка киген, биік бойлы әскери адам келеді. Тұлғасы маған таныс сияқтанды. Жаза тартушы екі жағынан тиген соққылардың арасында, бар денесімен құрысып қисаңдап, еріген қарды шалп-шалп басып келеді. Маған жақындап қалды. Әлсірегендіктен біресе шалқалап қалады. Онда мылтықпен жетектеп келе жатқан унтер-офицерлер¹ құлаамасын деп ілгері тартады. Бұлардан қалыспай, аяғын қалшылдатып нық басып, биік бойлы әскери адам келеді. Бұл, дәл қыздың әкесі боп шықты. Қызыл бет, ақ мұрт, ақ сақалы да дәл соныкі.

Әрбір таяқ тигенде жаза тартушы таңырқаған сияқтанып, сол таяқ тиген жаққа қарайды да, тістерін ақсита, бір сөздерін қайта-қайта айтады. Сөзін әбден жақындап келгенде ғана есіттім. Сөйлемейді, кемседеп жылайды: «туғандар, рақым етсеңіздерші, туғандар, рақым етсеңіздерші»,— дейді. Бірақ туғандар рақым етпеді. Жүргіншілер өзіме қатарласқанда, қарсы алдымда тұрған солдат нық басып алға шығып, татардың арқасына қолындағы шыбығын ысқырта кеп салып кеткенін көрдім. Татар ілгері сүрініп кетті, бірақ унтер-офицерлер ұстап қалды. Сондай шыбық екінші жағынан да тиеді, анадан тағы, мынадан тағы... тиіп жатты. Полковник қатарында келеді. Біресе аяғының астына қарап, біресе жазалыға қарайды. Демін ішіне тартып алып, екі ұртын толтырып, қайта шығарғанда еріндерін томпита шығарады.

Жазалы мен тұрған жерден қиып өте бергенде, қатар тұрған жұрттың арасынан жауырынын бір көріп қалдым. Бұл бір шұп-шұбар, дымы шыққан қып-қызыл, келенсіз бір түрге айналыпты. Адам денесі бұндай да болады екен-ау деп, көргеніме сене алмадым.

¹ Унтер-офицер — төменгі дәрежелі әскер бастығы.

Қасымда тұрған ұста:

— Аллай-ай,— деді.

Жүргіншілер ұзай бастады. Сүрініп-қабынып құрысқан адамға соққы екі жақтан жауып жатты. Барабан мен күй бұрынғысынша лепіріп тұр. Полковниктің биік, сымбатты бойы да әуелгісіндей нық басып, жазалының қатарында жүріп барады. Бір уақытта полковник тоқтады да, солдаттың біріне жетіп келіп:

— Мен саған көрсетемін жұмсақтауды?!

— Мә жұмсақ! Мә жұмсақ!— деген ашулы дауысын естіп тұрдым.

Соны айта тұрып, сақтияң перчатка киген мықты қолымен аласа бойлы, үрейсіз әлсіз солдатты бетке-бетке ұрып-ұрып жіберді, Жазығы татардың арқасына оның шыбығы жұмсақ типті.

— Әпкел, жаңа шыбық!— деп ақырып жіберіп, артына айнала қарай беріп, мені көрді. Бірақ мені танымайтын кісі болып, түйіліп, ызамен түксініп, тезінен ары қарап кетті. Мен жерге кіргендей ұялдым. Бір маскара қылмыспен ұсталған адамдай боп, қайда қарарымды да білмедім. Ақыры көзімді төмен салып тезірек үйге жөнелдім. Жол бойы құлағым барабан дүрсілдеп, күй сартылдап тұрған сияқты. Біресез «туғандар, рақым етсеңдерші» деген сөз келеді. Тағы біресе, өзіне сенген полковниктің ашулы дауыспен ақырған: «мә жұмсақ, мә жұмсақ» дегені келеді. Сонымен қатар жүрегімді шаншып қысқан, қатты лоблытқан бір уайым пайда болды. Қысылғанымнан жолға бірнеше тоқталдым. Қөргеннен алған әсер ішіме бір дерттей жабысып, қазір құстырып жіберетіндей көрінді. Үйге қалай жетіп, қалай жатқанымды да білмеймін. Көзім ілініп бара жатқанда әлгінің бәрін тағы көріп, тағы естіп, орнымнан атып тұрамын.

Полковник туралы ойлағаным «тегі ол мен білмейтін бірдеңені білетін шығар» дедім. «Егер ол білгенді білсем, мына көргенім мені қинамас еді»,— дегендей едім. Бірақ, қанша ойласам да, полковниктің білгені не екенін таба алмадым, Содан бір жолдасыма барып мас бола ішіп алып қайтып кеп, кешке ғана ұйқыға кеттім.

— Жә, сіздер не ойлайсыздар? Мен сол көрген нәрсеменді жаман іс деп ойлады дейсіздер ме? Тіпті де олай емес. «Егер олар, сондай істі соншалық сенімділікпен істеп, соншалық рақат» деп көпшілік түсініп отырса, онда олар, мен білмейтін бірдеңені білгені ғой дедім де, соны білуге тырыстым. Бірақ қанша тырысайын бәрібір кейін

де біле алмадым. Соны біле алмағандықтан әскери қызметке де түспедім, бұрын оған түскім келуші еді. Кейін тіпті әскери ғана емес, басқа ешбір қызметке де түспедім. Ақыры, міне көресіндер, түкке жарамайды екем.

— Жарайды, түкке жарамауыңыз қандайлық екенін біз білеміз. Одан да сіз болмасаңыз қанша адам, шын-ында түкке жарамай қалар еді, соны айтыңыз,— деді бізден біреу.

Иван Васильевич шын түңілген пішінмен:

— Бәрекелді, бұлардың тіпті бос сөз,— деді.

— Ал, махаббат не болды,— дестік.

— Махаббат па? Махаббат сол күннен бастап бұзылуға айналды. Қыз өзінің дағдысы бойынша, жымия отырып ойға кетсе-ақ болды, мен алдыңғы полковникті есіме түсірем. Сол өзіме жайсыз ауыр тиеді. Сондықтан сирек көрісе бастадым. Ақыры махаббат құрып бітті. Міне осындай іс болады екен де, содан адамның барлық өмірі өзгеріп, бақыты да басқа боп кете барады екен. Ал, сендер бүйдейсіндер,— деп әңгімесін тамам етті.

1931.

Л. Толстой.

БУДДА

Ғайса пайғамбар дүниеге келместен 5 жүз жыл бұрын Гималай тауының етегінде бір Саки деген халық тұрыпты. Патшасы Сүдхүдана деген кісі екен. Патшаның екі қатыны болыпты. Бірақ ешбірінен де бала болмады. Кәрілік алқымдап қалып, артында бала қалмайтындығы уайым болып жүрген уақытта патшаның зор қуанышына үлкен қатыны Хасадан бір еркек бала туды. Баланың аты Сейдхарта болды.

Сейдхарта 19 жасқа келгенде әкесі бір ағайынының Базугар деген сұлу қызын баласына алып берді. Баласы мен келінін бір тамаша бақшаның ішіне салынған салтанатты сарайда тұрғызды. Жас Сейдхартаның бақшасы жүректің бар тілегі табылғандай жан саясы бір көрікті орын еді. Сүдхүдана жанындай көретін жалғызы мехнат көрмесе екен деп, баласының нөкерлеріне «баламның көңіліне уайым түсіріп, күңгірт ой ойланарлық көзіне ешнәрсені көрсетпендер» деп қатты тапсырып қойды. Бақшасының ішінде не кірлеген, не тозған, не бұзылған ешнәрсені көрмейді. Қасындағы нөкерлері баланың көзіне ешбір жаман нәрсе көрсетпейміз деп, ағаштың сарғайған жапырақтарын да жұлып тастап, оған кәртайған хайуандарды да тұрғызбай орындарына жас, сау хайуандардан әкеліп қойып жүрді. Маңындағы нөкерлері ылғи жас қыз, жас жігіт болды. Осымен баланың көргені өзінің жас бітіміндей сауық, қуаныш, қызық, жарастық қана

болды. Осылайша бұл бақшаның ішінде үш жыл өмір өтті. Бала бұл қалыпты өмірден жалығып басқа адамдардың да өмірін көргісі келді. Бір күні таңертең ерте тұрып, Шанна деген көшіріне ат жеккізіп қалаға келді. Қаладағы үйлер, көшелер, барша халық, лавке, бұлдар — бәрі де көруге қызықты нәрселер болып, Сейдхарта көңілін көтеріп жүрді. Бір уақытта Сейдхарта адам суретті бір кейіпсіз нәрсе көрді. Бұл көргені беті албырап, ерні кезеріп, дем алысы бұзылып, ыңқылдап, күрсілдеп қораға сүйеніп отырған бір ауру адам еді. Сейдхарта көшіріне:

— Мына кісіге не болған? — дейді.

— Бұл ауру, — дейді көшір.

— Ауру деген не?

— Ауру деген: адамның денесі бұзылып мекнат тартады.

— Бұл неге мекнат тартып отыр? Біздің ортамызда мұндай кісі неге жоқ?

— Жоқ, бұл адамның бәріне де келеді.

— Бұл ауру маған да келе ме?

Көшір жауап бере алмады. Сейдхарта да қайырып сұрамады. Біраз жер жүрген соң, Сейдхартаның пәуескесінің жанына қайыр сұраған бір шал келді. Белі бүкірейген, денесі можа болған, буыны қалтылдап, жыртыған көзінен жасы аққай, беті бейне өңсіз қырысқан, аузы опырайған бір жан еді; Сейдхартаға жақындап былдырлап ұғымсыз бірдеме айтты.

— Мынау да ауру ма? — деді Сейдхарта.

— Жоқ, бұл — шал.

— Шал деген не?

— Шал деген: кәрілік.

— Не себепті мұндай болды?

— Дүниеде көп ғұмыр сүргендіктен,

— Адамның бәрі қартая ма?

— Бәрі қартаяды.

— Мені үйге алып жүр, — деді Сейдхарта. Көшір аты айдап үйге қарай келе жатыр еді, алдынан көп адам килікті. Бұлар бір өлікті табытқа салып көтеріп әкеле жатыр еді.

— Мынау не? — деп сұрады Сейдхарта.

— Бұл өлген кісі, денесін отқа жаққалы әкеле жатыр.

— Өлген деген не?

— Өлген деп өмірдің біткенін айтады.

— Өмір бітуші ме еді?

— Өлген соң өмір бітеді.

Сейдхарта арбадан түсіп өлген кісінің түрін көрді. Көзі ақшиған, жақтары тістескен, денесі сірескен бір адам жатыр.

— Бұл неге жалғыз осындай болып қалды?— деді Сейдхарта.

— Бұл әркімнің басына да келеді. Жұрттың бәрі де өледі.

— А! Бәрі де өледі??— дейді де пәуескесіне мініп терең ойға түсіп үйіне келген. Бақшаның ішінде бір оңаша жерге барып күні бойы қадалып, көргендерін ойлап отырды:

— Адам біткен ауырады, қартаяды, өледі. Ендеше несіне бұл адам өмір сүріп жүр? Бір сағатта ауырып қалатын болса, сағат сайын әлі азайып, сиқы бұзылып қартайатын болса, болжаусыз бір сағатта өліп қалатынын біліп отырғанда не қуаныш, не жұбаныш бола алады? Бұны біле тұра қызық көріп қуануға бола ма? Бұл жөн емес, бұдан құтылу керек. Мен бұған жол табамын, тапқан жолымды жұртқа ұқтырамын деген ойға Сейдхарта бекінді.

Түн болды. Сейдхарта Шаннаға атын ерттетіп, қапаны ашуға бұйырып, өзі қатыны жатқан үйге кірді, қатыны ұйықтап жатыр екен. Қатынын оятпай жүрегімен қоштасып, нөкерлеріне тықырын білдірмей әке-шешеден, елден безіп атына мініп жүріп кетті. Көп жер жүрді. Қалжыраған соң атын да қоя берді. Бір кез келген сопымен киімін ауыстырып, адамды адасқан жолдан құтқару дауасын іздеп жүре берді. Әуелі бетінде халқына ұқтырып жүрген тағлымын білу үшін быраһманидардың (будқа табынушылардың) данышпандарына келді. Бірақ олардың ұғуындағы адамның жаны өлген соң хайуанға көшеді және нәфсіден тазаруға денені әртүрлі азапқа салу керек дегені Сейдхартаға ұнамады. Бұлардан кетіп қалың орманның ішіне барып алты жыл тұрды. Мұнда ғұмыры ылғи оразамен, ауыр мехнатпен өтті. Ақырында бұл жолды да ұнатпады. Денені азапқа салып, аштық бейнетін тартып, арып-ашып жүруге жарай алмай да қалып жүрді. Құр азаппен жанды құтқара алмаған соң өмірін терең ойға, өкінішке жіберуді мақұл көрді. Бұл мақсаттың жолында бірталай қызмет қылған соң, атағы зорайып жұрт ғалым деп құрметтеп, алдына көп шәкірт жиналды. Жұрттың мақтауынан, құрметінен қашып, мақсаттан тайып, әке-шешесі, қатынына қайтқысы келді. Бірақ бұл ойы мінезінің бұзылайын дегені екенін біліп

көтермешілерінен, шәкірттерінен қашып ешкім білмейтін оңаша жерге кетті.

Оңашада көп заман нәфсі жауымен алысып, бір күні ағаштың түбінде әуелгі тыныштығын бұзған ойды қуып отырғанда адасқан беттен құтылудың анық жолын тапты. Ол айқын жолдары мынау еді: дене деген уақытша ғана нәрсе, уақыт бітсе күйремек, адам денемен тірлік қылып тұрғанда бейнетке де, тозуға да, өлімге де кіріп-тар. Бұдан қалай құтылу керек? Адамның жаны нәфсімен байланысып тұрғанда өмір сүргісі келеді. Ал өмір қанағатсыз тілекпен өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады. Сондықтан нәфсінің тілегін жоғалту керек деген Сейдхартаның үміті төрт түрлі хақиқатқа тірелді. Бірінші хақиқаты: адам баласы ғазап көрмек. Екінші хақиқаты: ғазап нәфсіден туады. Үшінші хақиқаты: адам нәфсіні жойса, ғазаптан да құтылады. Төртінші хақиқаты: нәфсіден құтылуға төрт саты бар: 1) жүректің оянуы, 2) бұзық мінезден, кекшілдіктен құтылу, 3) шұбаланудан, жаман тілектен, азадан құтылу, 4) жалғыз адамға емес, барлық жан несіне рахымды, махаббатты болу. Жанның ағаруы ұрғашықұмарлықты жоғалтумен болмайды, жаман, бұзық ойдан құтылумен табылады. Жанның нағыз тазарып ағаруы, бостандығы махаббатта, нәфсіні махаббатқа жеңгізген адам надандық шынжырын үзіп, өлім ғазабынан құтылады, деген.

Сейдхартаның бұл хақиқаты 10 фарызға бөлінеді:

1. Өмірді өлтірме, қор қылма, сыйла.
 2. Ұрлама, тонама, еңбегіңнің пайдасын әркімге тигіз.
 3. Арамдықтан сақтан, әйелден аулақ бол.
 4. Өтірік айтпа, шынды айтуға қорықпа, бірақ ақиқатпен айт.
 5. Жаныңнан өсек шығарма, біреудің айтқанын біреуге айтпа.
 6. Ант ішпе.
 7. Бос сөзге уақыт бөлме, орынды сөйле, әйтпесе үндеме.
 8. Мақтан қума, күндеме, жақыныңның жақсылығына қуан.
 9. Жүрегіңді ашудан тазарт, дұшпаныңды жек көрме. Бар жан несіне махаббат көзіңмен қара.
 10. Сенімсіздіктен құтыл, хақиқатты ұғуға тырыс.
- Осындай тағлымды Сейдхарта адам баласына

насихат қылды. Әуелде шәкірттері бұл жолына түсінбей артынан қайта алдына жиылды. Быраһмандар Сейдхартаны бұзғыш көріп қуса да, Сейдхартаның тағлымы халыққа жайыла берді.

Будда қажымастан 60 жыл бір жерден бір жерге көшіп жүріп халықты үгіттеді. Ақыры бір-екі қыстақтың арасында келе жатқанда ажал сағаты келіп жетті. Сол уақытта жасы 80-де еді. Әбден нашарланып әлсіресе де үгітін қоймап еді. Шәкірттерімен бір асуда келе жатып, «мен қатты шөлдеп тұрмын» деді. Шәкірттері су ішкізді. Аз дамылдап тағы жүрді. Кішкене жүріп Харане Абад деген өзеннің жағасында бір ағаштың түбіне келіп отырып шәкірттеріне айтты: «Шәкірттерім, маған ажал уақыты таянды, менің өмір бойы айтқан насихатымды естеріңнен шығармандар» деді. Өзінің бір жақсы көретін Ананда деген шәкірті бұ сөзін естігенде шыдай алмай, қырындап аулағырақ барып жылап жіберді. Сейдхарта шақыртып алып: «Сабыр қыл, Ананда, жылама, уайымдама! Ертелі-кешті бұ дүниенің қызығынан айрылмақпыз. Дүниеде мәңгілік не бар дейсің, достарым!— деп басқа шәкірттеріне қарап — Менің үйретуімше өмір сүріңдер, нәфсінің тозағынан құтылыңдар, мен нұсқаған жолмен жүріңдер. Әрдайым естеріңде болсын: тән ойран болмақ, бұзылмайтын мәңгілік жалғыз хақиқат, сол себепті хақиқатқа жабыссаңдар, жандарыңды құтқарасыңдар».

Данышпан Будданың ақырғы сөзі болды. Сонан кейін көзін мәңгілікке жауып, ақырын дүниеден көшіп жүріп кетті.

БУЛЬКА

Менің бір бульдог¹ итім болды. Аты Булька еді. Түсі бір тегіс қап-қара болатын. Жалғыз-ақ, алдыңғы екі аяғының ұшы кішкене ақ бақайлау еді.

Бульдог атаулының иегі ұзын келеді де, төменгі тістері сойдынып, ілгері шығып тұрады ғой. Ал, Булька тіпті аузын жауып тұрғанда да, төменгі тістері мен жоғарғы тісінің арасына саусақ сыйғандай, алшақ болатын. Өзінің бет-аузы жалпақ, көзі үлкен де және қап-қара боп

¹ Бульдог деген иттердің тұмсық көркі жамаң, ұсқынсыз келеді. Бірақ, жағы мықты, тістеген жерінде қатып қалатын бір мықты тұқым.

жарқылдап тұратын. Азу тістері әппақ боп сыртына шығып тұрады. Түсі зәңгілердей еді. Булька кісі қаппайтын, жуас еді. Бірақ тіпті мықты болатын. Тістесе қатып қалады. Бір нәрсеге ауызды салып, жағын айқастырып аласа айрылу жоқ. Кенедей жабысып салбырайды да тұрады. Әсте айырып ала алмайсың.

Мұны бір жолы аюға жібергенімізде, құлағынан алды да сүліктей қадалып, асылып тұрып алды. Аю мұны алдыңғы аяғымен ұрып та көрді, бауырына да қысты, лақтырып та байқады. Бірақ құтыла алмады. Сонан соң аю басымен жер тіреп жата кетті. Бульканы жерге жаныштамақшы еді. Булька сонда да болмады. Ақыры мұны үстіне суық су құйып зорға айырып алдық.

Өзін күшігінен асырап, өсіріп ем. Кавказға жүрерімде, үйде қалдырып кетпек боп, бір жерге қаматтым да бұған білінбей кеттім. Сонымен алғашқы бекетте ат ауыстырып жегіп, енді жүрейін деп жатсам, арттағы жолдың үстінде бір нәрсе домаланып қап-қара боп, жылылдап, ағызып келеді екен. Қарасам, мойнында жез қарғысы бар Булька. Бекетке аққан күйінде келді де, өзіме жетіп қолымды жалап алып, арбаның астындағы қолөңкеге құлай кетті. Тілі алақандай болып, салақтап кетіпті. Біресе аузының ішіне тартып ап, сілекейін жұтады да, біресе қайта салақтатады. Қабынып кеткен екен. Демін де ала алмады. Екі бүйірі аттай тулайды. Жата қалып, аунап, түсе беріп, құйрығымен жер сабайды.

Артынан білсем: мен кетісімен терезені сындырып шығып, ізіммен салған екен. Тұнып тұрған ыстықта жиырма шақырым жер жүгіріпті.

БУЛЬКА МЕН ҚАБАН

Кавказда бір күні қабан аулай шықтық. Булька қасымда еді. Бір арадан тазы иттер қабанды қуып жөнелгенде, Булька да сондарынан салып, ағаш арасына кіріп кетті. Ноябрьдің іші еді. Бұл кезде шошқаның қабаны да, мегежіні де семіз келеді.

Кавказдың сол қабан жүретін тоғайларында тәтті жеміс, дәмді дән көп. Жабайы жүзім, алма, нәк, жидек, ит мұрын, қарағай ұрығы, емен дәні сияқтының бәрі де шошқаның жемі. Осылар пісіп алып, енді біраз аяздаған кезде қабандар өлердей жейді де майланып алады.

Семіруі асқан қабан ит қуған уақытта ұзап та каша алмайды. Бірер сағат қуған соң, жыныстың ішіне кіріп

алады да, тұрып қалады. Аңшылар осы араға ұмтылысын кеп, атқылай бастайды. Иттердің үрісіне қарай, қабанның тоқтаған, тоқтамағанын біліп отырасын. Қашып келе жатқан қабанға ит біреу ұрғандай боп, қаңсылап үреді. Ал, тоқтаған қабанға жай кісіге үргендей қып, кейде ұли үреді.

Мына жолы мен ағаш ішімен көп жүгірсем де, қабанға көлденеңінен киліге алмадым. Ақырында иттердің үруі өзгерді. Тазылар ұлып үре бастады. Солай жүгірдім. Бір кезде қабанға жақындаппын. Жыныстың ішінен сытыр да естілді. Иттер мен қабан алысып жатыр. Ит үндеріне қарағанда қабанды талап жүрген сияқты емес, құр қамап жүр. Бір мезгілде бір нәрсе сыбдырлағанға артыма қарасам, Булька екен. Бұл тазыларға ілесе алмай, ағаш ішінде адасып қап, енді үндерін естіп, мен сияктанып асығып келеді екен. Бір алаңды басып, қалың шөптің ішімен ағызып бара жатыр екен. Мен оның қарайған басы мен әппақ тістерін ғана көріп қалдым. Тілін тістеп алыпты. Дауыстап ем қарамады. Қасымнан айналып өтіп, жыныстың ішіне батып кетті. Мұның соңынан мен де салдым. Бірақ ілгері басқан сайын, жыныстың іші қиындай берді. Бұтақтар бөркімді түсіре берді, бетке сабайды. Тікен атаулы киіміме ілініп қалады. Ит даусы жақын-ақ, бірақ әлі ештеңені көргенім жоқ.

Сол шақта иттер өршеленіп үре бастады. Бір нәрсе сынған сияктанып, қабан күрсілдеп қырылдай бастады. Мен ендігі Булька жетті де ұстасып жатыр деп ойладым. Жыныстың ішімен барымды салып соларға қарай жүгіріп келе жатыр ем, қалың жыныстың дәл ортасынан тұрған ала тазыны көрдім. Бір орыннан қозғалмай, үріп те, ұлып та тұр екен. Солдан үш қадамдай жерде бір нәрсе қарауытып, бүлініп жүр.

Жақындай түскенімде қабанды да көрдім және сол сәтте Бульканың қаңқ еткенін де естідім. Қабан қорс етіп, тазыға тап беріп еді, тазы құйрығын қысып ап атқып түсті. Маған қабанның бүйірі мен басы көріне берді. Бүйірін нысанаға ала беріп атып қалдым. Көрдім, оқ тиді. Қабан қорс етіп, маңайын сытырлатып, менен қашып, жыныс ішімен жөней берді. Иттер қаңсылап үріп соңына түсті. Арттарынан жыныс ішімен мен де салдым. Сүйткенше болмады дәл аяғымның астында бір нәрсенің үні де есіттім, өңін де көрдім. Қарасам Булька. Вүйірінен түсіп, қаңсылап жатыр. Астының бәрі қан. Итім өлді ғой дедім, бірақ оған айналуға болмады ілгері ұмтылдым.

Қабанға тағы жеттім. Иттер артынан жұлып жүр екен. Айналып анасына бір, мынасына бір ұмтылады. Мені көрген жерде, тура маған қарай салды. Екінші рет аттым. Бұл жолы тіпті жақыннан атып ем, үстіндегі қолының күйгеніне шейін көрдім. Қабан қырылдап, сандалақтап, тұрып барып, жерге дөңбектей боп күрс ете түсті.

Қасына жеткенімше өліп те қалыпты. Жалғыз-ақ денесінің әр жері тартылып, дірілдей түсіп жатыр екен. Иттердің жота жүні үрпип апты. Шабынан, аяғынан жұлмаласып жатыр. Кейбір иттер жарасынан аққан қанды жалайды.

Сол арада Булька есіме түсіп, соған қарай жүрдім. Итім ыңыранып өзіме қарай сүйретілді. Қасына кеп отырып, жарасын көрдім. Қарнын жарып жіберіпті. Қу жапырақтың үстінде ішегі шұбатылып жатыр. Жолдастарым келген соң Бульканың ішегін ішіне тығып, қарнын тігіп қойдық. Етін тесіп, қарнын тігіп жатқанда Булька ылғи менің қолымды жалап жатты.

Қабанды аттың құйрығына байлап ап, Бульканы аттың үстіне салып үйге алып келдік. Содан Булька алты жұмадай ауырды да, ақыры жазылып шықты.

МИЛЬТОН МЕН БУЛЬКА

Қырғауыл аулауға мен тағы бір аушы ит тауып алдым. Мұның аты Мильтон еді. Түсі теңбіл сұр, өзі биік, сүйекті ит болатын. Ұрты, қабағы салбыраған, аса мықты да, есті де ит еді. Булька екеуі тату. Тегі Булькаға ешбір ит соқтықпайтын. Езуін азырақ ыржитып, тісін көрсетсе болды, иттер құйрығын қысып ап тайқап кетеді. Бір күні Мильтонды ертіп қырғауылға шықтым. Тоғай ішінде келе жатыр ек, бір кезде артымыздан Булька жетіп келті. Қайта қуып жіберейін деп ем болмады. Үйге апарып тастайын десем алыс. Сонымен бөгеті болмас дедім де ілгері жүрдім. Бірақ шөп арасында отырған бір қырғауылды Мильтон енді сезіп, жаңа жүре бастап еді, Булька шауып барып алдынан түсіп ап, әрлі-берлі далақтай бастады. Мақсаты қырғауылды Мильтоннан бұрын ұшыру. Шөп арасынан бір дыбысты құлағы шалды ма дейім секіріп, шыр айналды. Бірақ өзі иісшіл емес. Ізді өздігімен таба алмайды. Содан Мильтонға қарап алады да, бұл жүрген бетіне қарай ағыза жөнеледі. Мильтон ізге түсті болды. Бұл барады да алдына түседі. Шақырып алып ұрсам да болмады. Мильтонды бөгеп қойды. Соны-

мен «енді құс аулатпас» деп үйге қайтпақ болып ем, Мильтон мұны алдаудың есебін менен артық тапқаны. Ендігі іс былай болды: Булька жүгіріп кеп алдына түскенде, Мильтон ізді тастай береді де, басқа жаққа жалт беріп, өтірік бірдемені тіміскіген бола қояды. Булька солай ағып кеткен уақытта Мильтон маған қарап құйрығын бұлғандатып ап әуелгі ізіне түседі. Булька тағы жетіп келсе, Мильтон әдейі шетке қарай бір он шақты қадам басып, Бульканы алдап тастап өзі тағы мені ертіп ізбен кетеді. Сүйтіп күн ұзын Бульканы алдап, бөгет жасатпай қойды.

БУЛЬКА МЕН ҚАСҚЫР

Мен Қавказдан кетер кезге шейін бұл жақтың соғысы басылған жоқ еді. Түнде әскерсіз жүру қауып болатын. Таң атысымен ерте жүремін деп, түнде ұйықтағам да жоқ.

Мені шығарып сала келген бір жолдасым екеуміз түн бойы станицаның¹ көшесінде, менің пәтерімнің алдында отырдық. Түн біраз тұмантқан, айлы түн еді. Айдың өзі көрінбесе де түн аса жарық, тіпті қағаз оқуға да болғандай.

Түн ортасы боп қалып еді. Бір мезгілде көшенің арғы бетіндегі бір қорада торай² шыңғырды. Біреуміз: «Мынау торайды қасқыр талап жатыр ғой?» дедік.

Мен жүгіріп үйге кіріп, оқтаулы тұрған мылтығымды ала сала тысқа шықтым. Жаңағы торай шыңғырған қораның қақпасының алдына жиылғандар маған айғайлап: «Мұнда кел!» деді. Мильтон, мені аңға барады деп ойласа керек, ере жүгірді. Ал, Булька шолақ құлағын едірейтіп ап, әрлі-берлі ұмтылып жүр. «Кімге жабысайын?» деп сұрау салып жүрген сияқты. Мен шарбаққа қарай жүргенімде қораның ар жағынан тура маған қарай бір нәрсе салып келеді екен. Байқасам нағыз қасқыр. Шарбаққа жетіп келді де, үстіне атып шықты. Мен шегіне беріп мылтығымды өзірлеп алдым. Сонымен қасқыр мен жаққа түсе қалғанда, нысанаға алып қақ қасында тұрып басып қалып ем, мылтығым «шырт» етті де от алмады. Қасқыр бөгелместен, көшені көлденеңдей кесіп жөнеліп берді. Мильтон мен Булька қуа жөнелді. Қасқырға Миль-

¹ Казак-орыстың поселкасын станица дейтін.

² Торай — шошканың күшірі.

төн жетіп те қап еді, бірақ ауыз салура бата алмады. Ал, аяғы шолақ Булька қаңда тырбандағанмен ілесе алмады. Біз де қасқырдың соңынан барды сала жүгірдік. Бірақ аздан соң қасқыр да, иттер де көрінбей кетті. Жалғыз-ақ станицаның шетінде бұрышта бір арық бар еді. Сол жерде иттер қасқырмен айналысып, қаңсылап шулап жатыр. Тұманды түн ішінде сол арадан шаң көрінеді. Біз арыққа жеткенде, қасқыр кетіп қапты.

Екі ит күйрықтарын көтеріп, ызаланып келді. Булька ызаланып кеп мені басымен сүзе береді. Бір нәрсені айтпайын десе де айта алмай тұр.

Иттерді сипалап қарап ек, Бульканың басынан бір кішкене жара таптық. Арықтың тұсында қасқырға жеткен тәрізді. Бірақ ауызды салғанша қасқыр мұны тісімен сызып, қашып кеткен сияқты. Жарасы қауыпсыз, кішкене екен.

Біз орнымызға қайтып кеп, болған жайды әңгіме ғып отырдық. Мен мылтығымның от алмағанына өкініп, от алса қасқыр сол орнында қалар еді-ау деп отырдым.

Жолдасым қасқырдың қораға кіргеніне таң еді. Бір кәрі казак-орыс: «ол келген қасқыр емес, сиқыршы. Мылтықты да сол сиқырлады. Таң қалатың дәнене жоқ»,— деді. Осылай сөйлесіп отыр ек, бір мезгілде иттер тағы ұмтылды. Қарасақ көшенің ортасында бағанағы қасқыр тағы келеді. Бірақ бұл жолы біздің даусымыздан шошып тез жөнелді, иттер ілесе алмай қалды.

Кәрі казак-орыс бағанағы сиқыршы дегенін енді даусыз деп алды. Мен бір қуылған қасқырдың адам бар жерге сол арада тағы келгенін естіген де, көрген де жоқ едім. Құтырған қасқыр болмаса игі еді дей бастадым.

Сақтық үшін Бульканың жарасына мылтықтың дәрісін салдым да от қойып жібердім. Дәрі бүрк өтіп жанып, жараның бетін күйдіріп қойды. Қанына тарамай тұрып, қасқырдың сілекейі күйіп кетсін деп едім. Егер сілекейі иттің қанына ілініп, бойына тарап кетсе, онда мұны жазып алуға болмайтынын білуші ем.

БУЛЬКАНЫҢ ПЯТИГОРСКИДЕГІ УАҚИҒАСЫ

Станицадан Ресейге тура қайтқам жоқ. Әуелі Пятигорскке барып, сонда екі ай тұрдым. Милдтонды бір аншы казак-орысқа сыйлап, Бульканы өзіммен бірге Пятигорскке әкеттім.

Пятигорский деп қала «Бес-тау» деген тауда тұрғандықтан аталады. Бұл таудан күкірті бар ыстық су ағып

жатады. Ыстықтығы қайнаған судай. Таудың осы шығатын жерінде ылғи самауырдың буындай бу шығып тұрады. Қаланың тұрған жері тамаша. Жоғарыдан ыстық сулар ақса, төменде Подкумоктың өзені сарқырап жатады. Тауды басқан тоғай. Айнала егіндік. Ал, алыста Кавказдың үлкен таулары көрінеді. Олардың қары ерімейді. Үнемі әппақ қанттай боп жатады. Бір үлкен биігі Эльбрус. Ол ашық күндерде бір бас қант сияктанып айналаның бәріне көрініп тұрады. Ыстық сулы арасанға жұрт емделуге келеді. Әр бұлақтың басында жеңіл үйлер, қоршаулар салынған. Айналасы бақша, көп тараулы жол болады. Таңертең музыка ойнап тұрады. Халық суды ішіп, кейде шомылып сейіл құрады. Қаланың өзі таудың басында да, бір кішкене шашырандысы етекте. Мен осы етектегі бір кішкене үйде тұрдым. Үй қораның ішінде. Терезе алды бақша. Бұл бақшада қора иесінің аралары бар. Бірақ ара тұратын жері Ресейдегі сияқты емес, дөңгелек тоқыма үйшік. Арасы мазасыз емес, сондықтан күнде таңертең Булька екеуміз бақшада, осы араның үйшіктерінің ортасында отырамыз.

Булька үйшіктердің жанына барып, араларға танданып, сыртынан иіскеп, гүжілдеп жатқан әндерін тыңдап та қояды. Бірақ араларды үркітпей еппен ақырын жүргендіктен, бұған аралар тимейді.

Бір күні таңертең суға түсіп қайттым да, бақша ішінде кофе ішіп отырдым. Булька құлағын қасимын деп мойнындағы қарғысын сылдырлата берді. Мұнысы араларға жайсыз тиген соң, мен қарғысын алып қойдым. Осымен отырғанда бір кезде таудан, қала жақтан бір өзгеше, жайсыз шу естілді. Үріп, ұлып, қаңсылағандай иттер дауысы, айғайлаған адам үні де естіледі. Осы шу таудан төмен түсіп, біз жаққа қарай сырғып келеді. Булька қасынғанды қойып, өзінің үлкен басын ақ бақайларының арасына салып, ақ тісі жарқырап, тілін де жинақы ұстап, менің қасымда тыныш жатты. Бірақ шуды анықтап тыңдап алған соң, бұл мәнін ұққан сияқты. Құлағын едірейтіп, тісін ақситып, атып тұрып ырылдай бастады. Шу жақындап қалды. Тегі бір қаланың иті жиылып ұлып, қаңсылап үріп жатқан сияқты. Мен не екенін көрейін деп қақпа алдына шықтым. Үй иесі әйел де шыққан екен, «Бұл не?» — деп сұрап ем:

— Бұл абақтыдағы жазалылар ғой, ит қуып жүр. Ит көбейіп кетіпті, соған қаланың ұлықтары, барлық қаладағы итті қыр деп бұйырыпты, — деді.

— Бұл қалай, қолына түссе Бульканы да өлтіре ме?— деп ем:

— Жок, қарғысы бар итке тимейді,— деді.

Дәл осы кезде ит қуғандар біздің қораға да кеп жетті.

Алдында солдаттар бар, арт жағында бойлары шынжырлаулы төрт жазалы. Мұның екеуінің қолында ұзын темір ілмегі бар, қалған екеуі шоқпар ұстапты. Біздің қақпаның алдында біреу ілмегімен бір кішкене итті іліп тартып алғанда, екінші біреуі шоқпармен ұра бастады, Ит өлердей қаңсылап жатқанда, аналар бірдеме деп айғайлап күлісіп жатты. Ілмегі бар жазалы итті аударып салып қарап, өлгенін көрген соң, ілмегін шығарып алды. Сүйтті де ит іздеп айнала қарады. Дәл осы кезде Булька жаңағы жазалыға қарай, аюға ұмтылғандай құлшынып, тап берді. Мен мұның мойнында қарғысы жоғын еске алып:—«Булька, тоқта»,— дедім. Және аналарға тимендер деп едім. Бірақ жаңағы ілмегі бар жазалы Бульканы көріп, қарқылдап күліп, мынаны артқы аяғынан жыпжылдам іліп алды. Булька жалт бере жөнеліп еді, анау өзіне қарай тарта беріп қасындағысына: «ұр!» деді. Онысы шоқпарды көтеріп алды. Булька енді болмаса өліп еді. Бірақ жұлқи жөнелгенде борбайының терісі жыртылып кетіп сытылып шықты. Сол бетінде аяғын қып-қызыл жара ғып ап, құйрығын қысып, ағып кеп қақпадан өтіп, үйге қашып тығылып, менің төсегімнің астына кіріп кетті.

Ілмек ілінген жердің терісі жыртылып кеткендіктен ғана аман қалды.

БУЛЬКА МЕН МИЛЬТОННЫҢ ӨЛІМІ

Булька мен Мильтон бір кезде өлді. Кәрі казак-орыс Мильтонды күте алмапты. Оны құсқа ғана алып шықпай, қабанға да қосыпты. Сол мен кеткен жылы күзде бір жарғыш қабан¹ ішін тесіп кетіпті. Жарасын тігетін кісі болмай, Мильтон өліп қапты.

Булька да ит қуарлардан құтылған соң көп тұрмады. Сол уақиғадан кейін, біраздан соң жабығып кетті. Және кез келген нәрсені жалай беретін болды. Менің қолымды да жалаушы еді, бірақ бұрынғы еркелеген уақытындай жадамайды. Тілін батыра-батыра ұзақ-ұзақ жалап кеп, кейін тісін де тигізе бастады. Қолға қызығып жүрсе де,

¹ Жарғыш — деп екі жасар қабанды айтады. Мұның аузы нмек емес, тіп-тік және өткір болады.

қапқысы келмейді ғой дейім. Мен қолымды жалатпайтын болдым. Сонан соң менің етігімді, столдың сирағын жалауға кірісті. Аздан соң оларды тістелей бастады. Осымен екі күн өтті де, үшінші күн жоқ боп кетті. Қайда кеткенін көрген, білген кісі болмады.

Оны ұрлап алуға болмайды. Сау болса өздігімен, менен кетпес те еді. Бұл уақиға оған қасқырдың тісі тиген соң, алты жұмадан соң болды. Тегінде анау қасқыр, шың құтырған қасқыр екен. Булька да құтырғандықтан кетті. Аңшылар бұл ауруға өзінше ат қояды. Олардың айтуынша, құтырған уақытта мал болсын, ит болсын тамағы құрыса береді дейді. Құтырғандар шөлдеп, су ішкісі келеді. Бірақ іше алмайды. Ішсе тамағы онан сайын құрыса береді. Әрі ауру, әрі шөл қысқандықтан бұлар ызаланып тістелей бастайды дейді. Осы рас. Булька менің қолымды жалап, столдың сирағын тістелеп жүргенде жанағыдай құрыстай беруші еді.

Мен атқа мініп, маңайдың бәрін кезіп, Булькаға сұрау салсам да, оның қайда кетіп, қалай өлгенін біле алмадым. Егер ол өзге құтырған иттердей жортып жүріп, әркімді қауып жүрсе, ол жайын естір едім. Тегі бір аулаққа шығып ап, жалғыз жатып өлді ме дейім. Аңшылардың айтуынша: есті ит құтырса далаға, тоғайға безіп кетеді. Сонда өзіне керек бір шөпті іздейді, шыққа аунайды, сүйтіп өзінен өзі емденеді дейді. Булька жазыла алмаған болды. Қайта оралып келмей, өліп кетті.

А. П. Чехов.

АҚҚАСҚА

Аш қасқыр аңға бару үшін орнынан тұрды. Үш бөлтірлігі бірдей үйме-жүйме болып, бірін бірі жылытқан күйі қатты ұйықтап жатыр. Аш қасқыр оларды бір-бір жалап алып жүріп кетті.

Көктемгі март айы, алайда түнде, декабрьдегідей, ағаштар шытынып тұратын еді де, тіліңді болар-болмас шығарсаң-ақ қатты шымшып әкететін-ді. Қасқырдың ден саулығы нашар, әрі өзі сужүрек. Болар-болмас дыбыстан селк ете түсетін, үнемі біреу-міреу келіп бөлтіріктерімді жәбірлемесе игі еді деп ойлайтын. Адамдар мен жылқылардың іздерінің иісінен, ағаштың түбірлерінен, үйілген отындардың, малдың қиы түсіп қарауытқан жолдан қатты қорқатын. Ағаштардың сыртында қара-көлеңкелерде адамдар тұрған сықылданатын, орманның бір шетінде иттер үріп жатқан тәрізденетін.

Қасқыр қартайыңқырап келген-ді, сондықтан сезімі нашар тартқан еді. Жас кезінде алданып, жолдан адасу деген өмірі болмайтын ғой, міне қазіргі кезде ара-тұра жолдан адасып та кетіп отырады, түлкінің ізін иттің ізі деуі де болып қояды. Денсаулығының нашарлығынан ол, бұрынғыдай бұзаулар мен ірі қойларды аңдуды қойған, үйірлі жылқыны көрсе анадай алыс жерден орағытып өтетін, содан тек өлексені ғана азық қылатын. Жас етті де сирек жейтін, жас етті тек көктемде үстінен түсіп қалып қоянның жас көжектерін ұстап алғанда ғана,

болмаса, қозылары тұрған мұжық қорасына ұрланып түскенде ғана жейтін.

Апаннан төрт шақырым жерде почта жолының үстінде қыстау бар. Осында үнемі жөтеліп қойып, өзімен өзін сөйлесіп отыратын, жетпіс жасқа келген Игнат атты шал тұратын. Дағдысы — түнде ұйықтайтын да, күндіз болса колына мылтық алып орманды кезіп, қоян аулайтын. Заты, бұрын механик болып қызмет етуі керек, өйткені қашанда болса, бөгеліп тоқталмас бұрын өзіне өзі: «Тоқта, машина!» — деп айғайлайтын да, жүрер алдынан: «Барынша сілтел!» — дейтін. Қасында тұқым заты белгісіз Арапка дейтін тайыншадай зор кара иті болатын. Бұл ит жүгіріп ілгері алыстап кеткен кезде шал оған: «Кейін сілтел!» — деп айқайлайтын. Кейде шайқалақтай теңселіп тұрып, ән салатын да, көбіне: «Рельстерден шығып кеттім!» — деп айғайлаған күйі барып жығылатын. Қасқыр мұны желден ғой деп ойлайтын.

Өткен жаз бен күздігүні қыстаудың жанында ылғи бір қошқар мен екі қойдың жайылып жүретіні қасқырдың есінде еді, тағы осы жақын арада жанынан жортып өте бергенде қорадан маңырағандай да болып естілді. Қазір де енді қыстауға жақындап келе жатып, үстіміздегі март айы ғой, уақытқа қарағанда қорада қозылар сөзсіз болуға тиісті, — деп толғады қасқыр. Өте ашыққан, содан ол қозыны бір мейлінше жесем деп ойлады. Осы секілді ойлардан тістері сақылдап кетті де, көздері қараңғыда жылтыраған екі от секілді жаңып тұрды.

Игнаттың үйі, сарайы, қорасы, құдығы айнала биік жота-жота қармен қоршаулы. Тып-тыныш, Арапка заты сарай артында ұйықтап жатса керек.

Қасқыр жота қармен қора төбесіне шықты да, тұмсықты салып жіберіп, аяқтарымен сабан шатырды боратып талқандай бастады. Қасқыр құлап кете жаздады, өйткені сабан әрі шірік, әрі нашар, борпылдақ еді. Бір кезде қасқырдың мұрнына жылы бу аңқып қоя берді, қойдың қиының, сүтінің исі келді. Суықты сезініп төменнен нәзік дауыспен қошақан маңырап қоя берді. Тесіктен ырғып кетіп, алдыңғы екі аяғы, кеудесімен барып жып-жылы бірдемеге түсті, заты қой болу керек. Бұл кезде қорадан тұтқиылдан бірдеме жіңішке дауыспен үріп қоя берді, қойлар үркіп қабырғаға тығылды. Содан қасқыр шошынып кетіп, шүү деп тістене түскенді ұстай алды да, қаша жөнелді...

Қасқыр ышқына-ышқына қашты. Қасқырды сезген

Арапка бұл кезде өршелне, шабална үрді, қыстаудағы шошынған тауықтар шақыруда болды. Ал Игнат басқышқа шыға келіп:

— Барынша тарт! Ысқырған жаққа қарай жөнел!— деп айғайлап тұр.

Машина секілді пысылдап ысқырды да, кейін — го-го-го-го!— деп жөнелді. Осы шу айғайдың бәрін орман жаңғырығып қайтара айтып тұр.

Осының бәрі бірден-бірге барып басылған кезде, қасқыр азырақ тиыштанды да, аузына тістеп алып, жерге салып сүйреп келе жатқан олжасының осы кездегі қозылардан көрі ауырырақ, қатқылдау екенін байқай бастады, исі де өзгеше еді, дауыстары да жат-ты... Тынығып алып, жеуге кірісу үшін қасқыр тоқтады да, олжасын қарға қойды. Сол-ақ екен, жиіркеніп ырғып кетті. Бұл қозы емес, сүйекті зор тұқымнан шыққан, ұзын аяқты, үлкен басты, қап-қара келген Арапканың қасқасы секілді, аққасқасы бар күшік еді. Жүріс-тұрысына қарағанда надан жабайы қара иті. Өзінің езіліп жараланып қалған жонын жалап-жалап қойды да, ол түк болмағандай құйрығын бұлғап-бұлғап жіберіп, қасқырға үріп қоя берді. Ит сықылды қасқыр ыр ете түсті де, жортып жөнелді. Артынан күшік жөнелді. Ол бұрылып қарады да ыр ете түсті, күшік аңырып тоқтай қалды, сонан соң, анау менімен ойнап тұр деп білсе керек, тұмсығын қыстау жаққа қарай созып көтерді де, шешесі — Арапканы қасқыр екеуімізбен келіп ойна деп шақырғандай, қонырауша сылдыраған көңілді дауыспен үріп жіберді.

Таң ата бастаған кез. Содан қалың ну терек арасымен қасқыр апанына қайтып келе жатқан кезде әрбір теректер айқын көрінетін еді. Құрлар оянып, күшіктің үруімен оқыс басқан сыбырдан тиышсызданған әдемі қораздар әлсін-әлсін дыр етіп ұшып-қонуда еді.

Қасқыр кейіп:— «Не үшін бұл менің соңымнан жүріп келеді?— деп ойлады.— Заты, мені жесін дейтін шығар».

Бөлтіріктер мен бұл қасқыр тайыз шұқырда тұратын. Осыдан үш жыл бұрын үлкен күшті дауыл ұзын қарт қарағайды тамыр-тамырымен жұлып әкеткен де, содан міне осы шұқыр болып қалған еді. Түбінде оның қазір де ескі жапырақтар мен мүк жатыр, бөлтіріктер ойын қылып жүретін снырдың мүйіздері мен сүйектері де жатқанды. Бір-біріне ұқсас үш бөлтіріктің үшеуі бірдей оянып алып, шұқырдың жиегінде, қайтып келе жатқан шешесіне қарап, құйрықтарын бұлғап тұр. Күшік көрді де ана-

дай жерде токталып, ұзақ уақыт оларға аңыра қарады. Көз алмай олардың да қарап тұрғанын көріп күшік бөтен біреуге үргендей, ашуланып үре бастады.

Таң әбден атты, күн шықты, айналада қар жалт-жұлт етеді. Міне, осы уақытқа шейін күшік анадай жерде үріп тұр. Арса-арса болған қарнын аяқтарымен төпкілеп, илеп-илеп қойып, бөлтіріктер шешесін сорып жатты. Ал бұл кезде шешесі жылқының кеуіп қалған ақ сүйектерін кеміруде болды. Өте қатты ашыққан еді. Содан үруден басы ауырып кетті, шақырусыз келген қонақты тарпа бассалып дал-далын шығарсам ба екен деп ойлады.

Ақыры күшік қалжырады, даусы қарлықты. Одан қорықпады. Көрек болса, ешкім назарын да салмады, міне осыларды көрген соң күшік біресе отырып, біресе ырғып, жүрексінген күйде бөлтіріктерге жақындай бастады. Қазір, күндізгі жарықта күшікті түгел көріп алу оңай еді... Мұның ақ маңдайы үлкен-ді, өте ақымақ иттердікіндей маңдайында дөңесі бар болатын көздері күңгірт ақшыл, көк, кіп-кішкене еді. Бүкіл кескіні өте ақымақ кейіпте еді. Бөлтіріктерге жақын келіп, ілгері қарап жалпақ аяқтарын созды да, басын салып:

— Ау-ау-ау-ауу-ауу!— деп үре бастады.

Бөлтіріктер түк ұқпады, алайда құйрықтарын бұлғап-бұлғап қойды. Сонан соң күшік тұрып аяғымен бөлтіріктердің біреуін үлкен маубасынан салып жіберді. Күшік бір бүйірін беріп жанап келді де, құйрығын бұлғаған күйі бір мұрттап бөлтірікке қарады. Сонан соң тұрған жерінен кенет ырғып кетті де, қатты қардың үстімен бірнеше рет айналып шықты. Бөлтіріктер қуа жөнелді, күшік шалқасынан жата қалды да, төрт аяғын жоғары тарбита қойды, бөлтіріктер жабылып, қуанғаннан ыры етіп, тістей бастады, бірақ ауыртпай, ойнап қана тістейді. Биік қарағайда отырған қарғалар бұлардың күресіне жоғарыдан қарап отырып өте тиышсызданды. У-шу, бір түрлі көңілді-ақ. Күн көктемдегідей жылытып тұр. Дауыл соғып, құлап жатқан қарағайдан әлсін-әлсін ұшып өтіп жатқан құр қораздары күннің нұрына шағылысқаннан жауһар секілді болып көрінді.

Қасқыр бөлтіріктерін аңға үйреткенде қолға түскен нәрсемен ойнатып барып үйредеді. Сондықтан бөлтіріктерінің қатты қалың қармен күшікті қуалап, алысып жүргендеріне қарап отырып: «Мейлі, үйренсе үйренсін» деп ойлады қасқыр.

Ойнап болғаннан кейін бөлтіріктер шұқырға қайтып

барып ұйықтауға жатты. Аштықтан біраз ұлып-ұлып қойып, кейін күшік те керіліп күнеске жата кетті. Оянғаннан кейін тағы да ойнай бастады.

Қасқыр күні бойы, кеш бойы өткен түні қорадағы қозының маңырағанын есіне алумен болды, қой сүтінің иісінің аңқып тұрғанын есіне түсірді. Шабыты өте өршеленеді, содан тістерін сарт-сарт еткізіп, ескі сүйекті аузының суы құрып, кемірумен болды. Ойынша оны қозы деп кеміріп жатты. Бөлтіріктер сорып еміп қояды, ал тамақ жегісі келген күшік айнала жүріп, қарды искелейді.

«Осы күшіктің өзін жеп қойсам ба екен...» деп ойлады қасқыр.

Қасқыр күшікке келеді, сол-ақ екен күшік оның тұмсығын жалап жіберді де, өзіммен ойнайын деп тұрған шығар деген оймен дүрдіп тұра қалды. Өткен уақыттарда ол иттерді жейтін-ді, ал күшіктен ит иісі қатты мүңкіп тұрған еді, сондықтан ден саулығының нашарлығынан ол қазірде бұл иісті жақтырмайтын. Жиреніп кетті де, сырт айналып жүріп берді.

Түнге қарай суық болды. Кешеден өзінің жылы орнын сағынған күшік ауылға қарай сапар шекті.

Бөлтіріктері әбден ұйқыға кірген кезде, қасқыр тағы да аңға жөнелді. Өткен түндегідей, ол болар-болмас дыбыстан тиышсызданып елең қақты, ағаш түбірлерінен, отындардан қорықты, алыстан адам секілді болып көрінетін жеке-қара тұрған қара баран, арша шоқтары да оны қорқытып отырды. Жолдан сырт, қатты қармен жорытып отырды. Кенет алдынан алыста жол үстінде бірдеңе қараңдады.. Көзін тігіп, құлағын түріп тындай қалады: шынында да алдында бірдеңе кетіп бара жатқан еді. Тіпті бір қалыппен маң-маң басқан дыбысы да естіліп тұрды. Борсық емес пе екен? Қасқыр өте сақтанды, демінің өзін әрең-мәрең алған күйі бірден-бірге сырттай отырып, озып алдына түсті. Содан соң қарап жіберіп еді, тани кетті. Бұл — жай-бәзір аяндап, қыстаққа қайтып келе жатқан Аққасқа күшік екен.

«Ол тағы да маған кедергі болып, кесір қылмаса игі еді» деп қасқыр ойлады да, тездете басып ілгері жорытып жөнелді.

Қыстақ жақын еді. Тағы да ол жота қарды басып қораның төбесіне шықты. Кешегі тесік сабанмен бітелген еді де, төбесіне жаңадан екі сырғауыл бастырылған-ды. Күшік келе жатпады ма екен деп қарап қойып, қасқыр тұмсығы мен аяқтарын салып, бората бастады. Содан

жылы бу мен мал қыйының исі жаңа ғана аңқи бастаған кезде, артынан өршеленген иттің қуанышты үруі естілді. Бұл келген күшік еді, төбеге қарғып қасқырға келеді, сонан соң ырғып тесіктен түсті де, өзінің үйіне келіп жылынып, қойларын таныған соң бұрынғыдан да әрі қатты үріп қоя берді. Сарай артынан Арапка оянды да, қасқырды сезініп, қыңсылап қоя берді, тауықтар шақырды. Содан қолында мылтығы бар Игнат басқыштан көрінген кезде, шошынып қорыққан қасқыр қыстактан алыстап кеткен еді.

— Жөнел!— деп Игнат ысқырды.— Жөнел! Пәрмендете ку!

Серіппені басып жіберді, бірақ мылтық атылмады және басты — тағы атылмады. Сонан соң үшінші рет басты, сонан барып мылтықтың аузынан үлкен бір будақ от ұшып шықты да, адамның құлағын жарып, «бу-бу!» деген дауыс естілді. Иығына өте қатты тепті. Содан бір қолына мылтық, екінші қолына балта алып, айғай-шудың неден екенін көруге жөнелді...

Аздан кейін үйіне қайта оралды.

Осы түні үйінде қонып жатқан жолаушы айғайдан оянып кеткен күйі:

— Немене?— деп сұрады қарлыққан дауыспен.

— Түк емес...— деп Игнат жауап берді.— Ешнәрсе емес. Біздің Аққасқа қойлармен бірге, жылыда ұйықтайтын болып алды. Жалғыз-ақ, есіктен жүрудің орнына, үнемі төбеден, шатырдан шығуға аңсары ауып тұрады. Өткен түні төбені бұзып шығып, серуендеп кетті, антұрған қазір қайтып келіп тағы да төбені талқандап тастапты.

— Ақымақ.

— Иә, миындағы пружина үзіліп кеткен ақымақтарды өмірі сүймеймін!— деп Игнат пешке шыға беріп күрсінді де:— Әу, құдайы мейман, тұруға әлі ерте, кел мықтап тұрып ұйықтайық...— деді.

Танертен Аққасқаны шақырып алып, екі құлағынан қатты жұлқып-жұлқып жіберді де, кейін шыбықпен зекіп отырып:

— Есіктен кіріп жүрі!— деп үш рет қайталап айтты.

Джек Лондон

ҚАСҚЫР

— Қасқыр! Қасқыр! Кәһ! Кәһ! Қасқыр!— деп Меджитін шақырып тұр еді.

Ирбин екі саусағын аузына сұғып тұрып, қатты ықырып жіберді.

Бұлар тұрған жерден аз жоғарыда, шөп-шары қалың шыққан, бір жүндес төбешік бар еді. Соның жота жағына шөп судырлап, қурай сынғандай болды да, бір кезде төбе басында Қасқырдың басы мен кеудесі көріне қалды. Шығысымен бір кішкене тасты аяғымен түртіп домалатып жіберіп, сол Медждің алдына барып түскенше, құлағын тігіп тұрды. Содан соң Қасқыр өзінің иелеріне қарап, аузын ашып, жоғарыдан тұрып жымығандай болды.

Мына екеуі де дауыстап:

— Әй, Қасқыр, Қасқыр, неткен жақсы Қасқырсың сен!— десті.

Бұл үндерді естігенде ит құлағын жымитып, басын төмен салды. Бір көзге көрінгісіз қолға өзін сылатып, сипатып тұрған тәрізді.

Қасқырдың бұлар келе жатқан соқпаққа түспек болып қиялап кеткенін, иелері көріп қалды. Бірер минуттан соң ол бір мүйістен сумаң етіп шыға келіп, жолға түсті. Сырғанай түскен ізінен ұсақ тас пен топырақ қоса ағылған еді. Иелерінің еркегі мұны арқаға қағып, құлағының түбін қасығанда, әйелі одан ұзағырақ ерке-

летті. Аздан соң Қасқыр соқпаққа түсіп ап, алға қарай шауып жөнелді. Аяғы жерге тиер-тимес боп ешбір күш салмай, нағыз қасқырша жүгіреді.

Дене бітіміне, жүндестігіне қарағанда да бұл нағыз үлкен, орман қасқырының өзі еді. Ит дегізетін жалғыз-ақ жүнінің түсі. Қасқыр жүні бұл өңдес болмайды. Мұның сырты қарақоңырлау да, бауры мен шап тұсы қызғылт-жирендеу. Бүйірі шабдарлау еді. Мойыны ақ мойнақтау болса да, онысы айқын емес. Көзі алтын іренденіп тұратын.

Әлгі еркек пен әйел бұл итті аса жақсы көрісетін. Тым жақсы көрулеріне бір жағынан, иттің бұларға тез үйір болмауы себеп болған сияқты. Қасқыр бұлардың таудағы үйіне әлдеқайдан, өздігінен келді. Ашығып, бұралып келісімен, бұлардың көзінше бір ұй қоянын жеп қойды. Содан өзенге қарай бұралып барып, бір қарақат түбірінің көлеңкесіне жатып қалды. Артынан Вот Ирбин шақырусыз келген қонақтың жайын білейін деп барып еді, ырылдап маңайлатпады. Біраздан соң Воттың әйелі Медж үлкен тегешті сүт пен нанға толтырып сыбаға апарып еді, оған да жаңағыдай ырылдады.

Қасқыр кісіге үйір болмайтын қияс төбет боп шықты. Еркелеткенің керек емес. Бір жерін сипайын десе, тісін ақситып, жүнін үрпите қоя береді. Бірақ сүйтсе де кеткен жоқ. Өзен жағасында жатады да ұйықтай береді. Әкеп қойған тамақтан түк қоймайды. Бірақ өзі жалғыз қалғанда ғана жейді. Бөгелгені қатты арығандықтан болу керек.

Сонымен біраз күн өтіп, әл жиып алған соң, жоқ боп кетті.

Осымен іс бітуге де мүмкін еді. Бірақ осы штаттың Терістік жағында Ирбиннің бір шаруасы боп, соған жолға шықты. Жолда Калифорния¹ мен Орегон арасындағы шойын жолдың бір станциясында терезеден қарап тұрса, өздерінің энеугі қонағы жол жағалап жортып келеді дейді. Қасқыр бітімдес, қоңырқай ит. Өзі шаршаған, үстін шаң басып былғанған, бірақ қажу жоқ. Екі жүз шақырымдай жол жүріпті.

Келесі станцияда Ирбин поездан түсіп, қаланың шетіндегі қасапшыдан ет сатып алып, жаңағы қаңғыбасты ұстап апты. Қайта қайтқан сапарда Қасқыр багаж вагонына мініп қайтыпты.

¹ Калифорния, Орегон — Солтүстік Американың өлкелері.

Сонымен таудағы үйге Қасқыр қайта оралып келді.

Бұл жолы оны бір жұмадай шынжырлап қойысты. Ері мен әйелі кезек-кезек күтіп барынша құштар болды. Бірақ бұлар барынша жақсы көріп сөйлесе де, ол ылғи ырылдай қоя береді. Бөтенсіп бойына дарытпайды. Өзі еш уақытта үрмейді. Мыналар бірде-бір үрген дыбысын естімеді.

Оны бойға үйір қылу өте ауыр болды. Бірақ Ирбин осындаймен арпалысуды жақсы көруші еді. Ол қарғы жасатып, соған: «Калифорния, Сонома өлкесі, Глин Елендегі Вот Ирбинге қайтарылсын» деген жазу жаздырып, иттің мойнына кигізді. Содан кейін шынжырдан босатып еді, ит сол сәтте жоқ болды. Арада бір күн өткен соң, Мендошино өлкесінен телеграмм келді. Жырма сағат шамасында Қасқыр жүз шақырым жерге кетіпті. Беті ылғи Терістік. Жолда ұстап алмаса кете беретін.

Оны жүк поезымен тағы қайта әжелді. Үш күндей шынжырда тұрып, төртінші күн босатқанда тағы қашты. Бұл жолы Орегонға жеткен жерден ұстап қайтарыпты. Келесі жолы қашқанда бұл қаңғыбас Калифорнияның жарымын кесіп өтіп, Орегон штатынан асып, Вашингтон штатының да көп жерінен асқанда барып ұсталыпты. Жүрісінің жылдамдығы тіпті ғажап!

Тынығып, тамақтанып, әл жиып алған сайын шырқап жөнеледі. Қашатыны ылғи Терістік. Бірдеңе бастағандай, ұдайы солай тартады.

Ақыраяғы бір жыл бойы қаша-қаша құтылмайтын болған соң, әйтеуір кеп көнді. Бір кезде терезесінің түбіне кеп, асыранды қоянын жеген, таудағы үйді енді мекен етті. Сонда да еркелетуге көп заманнан соң барып көнді. Ирбин мен әйелі бұған жеткенде қатты қуанысты. Үйткені бұлардан өзгені маңына дарытпайтын. Өзі кісіні талғайды. Бұл үйге кеп жүретін адамның бірде-біріне жылы ұшырамайды. Бөгде кісі маңайласайын десе, ырылдай қоя береді. Кейбіреулері ерленіп жабыса берсе, Қасқыр ернін ыржитып азу тісін көрсете бастайды. Гүрілдей бастайды. Бұдан көрші ферманың барлық иті қорқатын. Үйткені олар жай иттің ырылдағанын естігені болмаса, Қасқырдың үнін естіген емес еді.

Ирбиндер Қасқырдың бұрынғы иесі кім екенін біле алғаш жоқ. Бұларға сүт әкеп тұратын көрші әйел миссис

Джонсон бұл Қлондайкадан¹ шыққан ит дей беретін. Оның сол жақта тұратын ағасы бар еді де, бұл әйел ол өлкенің барлық жайын білетін кісі боп сөйлеуші еді.

Бірақ онымен бұл жөнінде дауласқан кісі де болған жоқ. Шынында Қасқырдың екі құлағының үші бір кезде қатты үсіген екен. Сол жарасы әлі күнге жазылған жоқ. Түсіне қарағанда да бұл газет, журналдарға суреті басылып жүретін Аляска иттеріне ұқсайды. Вот пен Медж мұның Қиыр Терістікте өткен бұрынғы өмірін, өздерінше әңгіме ететін. Иттің сол жақты сағынатынына бұлар күдіктенбеуші еді. Үйткені ол кей түндерде ақырын жылайтын да. Кейде теріскей жел соғып, күн суыта бастаса, мұның тынышы кетіп, үн салып, мұңайып ұли бастаушы еді. Бірақ ешбір уақытта үрмейтін.

Өздеріне үйір қыла жүріп Ирбин мен Медж, Қасқыр бұлардың кіміне тиісті, кімін жақсы көреді деген жайда көп таласатын. Екеуі де өз жағын жақтап, Қасқырдың азғантай жылы ұшырағаны болса, соған маз болып айтысатын. Әуелде Ирбин жағы басым болды. Оның себебі — мұның еркектігі. Тегі Қасқыр өз өмірінде әйел күтімін көрмеген болу керек. Тіпті әйел дегенді түсінбейтін. Сондықтан Медждің ұзын көйлегі оған бір ырабайсыз нәрсе боп танылды. Оның судырының өзінен де Қасқырдың жота жүні үрпиіп кететін. Ал, желді күні Меджді тіпті маңайлатпайтын.

Бұған тамақты ылғи Медж береді. Медж ас үйде жүрген сағаттарда Қасқыр есік алдында мұны ұдайы тосып тұрады. Сонымен келе-келе ұзын көйлекті жақтырмайтынын қойды. Осыны байқаған соң, Вот өзі жазу жазып отырғанда, Қасқырды қасына жатқызып қоятын болды. Соған үйретем деп жұмысына бөгет тауып алса да, ол Қасқырды еркелетіп, оған тіл қатып та отыратын. Ақыраяғында не болса да Вот жеңді.

Бір күні бұлар сейіл құрып, соқпақпен келе жатыр еді. Қалың түп тоғайдың арасымен бір жіп-жіңішке су ағып жатыр екен. Сол судың соқпақты кесіп өтіп жатқан жеріне бұлар жете бергенде, төмен жақтан бір дыбыс естілді.

Аяғын дүріс-дүріс басып келе жатқан жаяудың дыбасы екен. Анда-санда тас та салдырайды. Бір мүйістен кісінің өзі де көрінді. Тер басқан, жалаң бас. Бір қолына жаңа шляпісі мен ақ жағасын ұстап, бір қолымен бе-

¹ Қлондайка — Терістік Американың ең шеткі суық өлкесінің бірі.

тін сүртіп келеді екен. Жағасын жаңа шешіп қолына алған сияқты. Денесі сұлу, кесек адам екен. Бұлшық еттерінің қайратты қозғалыстарынан жаңа костюмі тырсылдап айрылып кететін сияктанады.

Вот амандасу ретінде тіл қатып:

— Күн ыстық,— деді.

Жүргінші тоқтап бас изеп:

— Мен ыстыққа үйренгенім жоқ,— деп, ақталайын деген кісіше, маған жайлысы аяз,— деді.

Вот күліп:

— Бірақ біздің жерде аязды таба алмайсыз,— деді.

Жүргінші:

— Өзім де солай ойлаймын. Табам деп дәмеленіп тұрғам жоқ. Жалғыз-ақ қарындасымды тапсам болар еді. Оның қайда тұратынын әлде сіздер білмес пе екенсіз? Аты-жөні Джонсон, Вильям Джонсон деген әйел,— деді.

— Япырау, сіз әлде оның Клондайкадағы ағасысыз ба?— деп Медж бұған қадала қарап,— ол сіз туралы бізге көп әңгімелер айтып еді,— деді.

— Сол ағасы менмін,— деп жүргінші баяу ғана жауап қатып,— менің атым Миллер, Скайф Миллер. Хабар-шарсыз бір-ақ келіп қарындасымды таң қалдырмақ едім,— деді.

— Сіздің бетіңіз тура. Мынау жаяу соқпақ апарады,— деп Медж сайға нұсқап,— анау найзағай сындырған ағашты көрдіңіз бе? Соның қасынан жол оңға бұрылады. Қарындасыңыздың үйіне ең жақын жол сол. Адаспайсыз,— деді.

Ана кісі:

— Үлкен рақмет, ханым!— деп бұрылып енді жүрмекші болды да, бірақ қайтадан тоқтай қалды.

Медж:

— Біз сізден Клондайканың жайын естісек жақсы болар еді. Қарындасыңыздікіне біз бір күн баруға болар ма екен? Әлде, тіпті дұрысы, біздікіне түскі тамаққа келсеңіз қайтер еді?— деді.

— Үлкен рақмет, ханым!— деп жүргінші қысылғандай боп тағы алғыс айтып, артынан жедел,— бірақ мен көп тұрмаймын. Менің Терістікке қайтуым керек. Түнгі поезбен кетемін. Билетім де әзір,— деді.

Медж оныңыз жайсыз екен дегендей жауап қатқан да, ана кісі өз бетіне қарай жүре берді.

Бағанадан бері тоғай арасында жортып жүрген Қас-

қыр дәл осы кезде көрінекке шыға кеп еді. Скайф Миллердің жүзі жарқ еткендей болды. Ол итке қадалып қарап қалғанда, барлық денесі бір нәрсеге қатты ғажаптанғанның белгісін білдіргендей еді. Жай, салмақты үнмен:

— Міне, ғажап!— деді.

Мұның үні шыққанда Қасқырдың екі құлағы жымып, езуі күлгенге ұксап ыржия бастады. Ол жүргіншіге таман жүгіріңкіреп кеп, қолын иіскелеп, жалап алды.

Скайф Миллер иттің басын сипап қойып, тағы да жай салмақты үнмен:

— Міне ғажап!— деп тұрып,— ғафу етіңіз, ханым! Мен бек қайран болдым. Білдіңіз бе?— деді.

— Біз де аң-таңбыз — деп Медж үн қатып,— біз Қасқырдың бөтен кісіге бұйткенін көріп тұрғанымыз осы!— деді.

— Сіздер мұны Қасқыр атандырғансыз ба?— деді Скайф Миллер.

— Ия, бірақ мен түсінбеймін, осы сізге неге еркелеп тұр? Әлде сіздің Клондайкадан келгеніңізден бе екен? Білесіз бе, мұның өзі де Клондайкадан шыққан ит.

Миллер салғырт қана:

— Ия, ханым,— деді де Қасқырдың алдыңғы бір аяғын қолына алып, табанын басып-басып қарап тұрып,— жұмсап кетіпті, көптен мұз баспағаны көрініп тұр,— деді.

— Бәтір-ау, Қасқырдың осыншаға ерік беріп тұрғаны несі?— деп Вот таң қалды.

Скайф түрегелді. Жаңағы дөкірлік пішіннен із де қалмапты. Енді іскер адамша қысқа қайырып:

— Сіздерге қашан келді?— деді.

Дәл осы уақытта мұның аяғына сүйкеніп тұрған ит, тұмсығын көтеріп үріп қоя берді. Қуанып үрген тәрізді. Шолақ-шолақ қайырып, жат түрде үрсе де, мұнысы нағыз үру.

— Міне, мынауың бір жаңалық екен,— деді Скайф Миллер.

Вот пен Медж біріне-бірі қарай қалды. Таңғажайып Қасқыр үріп тұр.

— Мұның ең алғаш үргені осы,— деді Медж.

— Рас, мен де үргенін естіген емен!— деді Миллер. Медж күлді. Мынау адам қалжыңбас кісі екен,— деп ойлап кеп:

— Әрине, естімесіңіз! Сіздің ең алғаш көріп тұрғаныңызға бес-ақ минут болды ғой!— деді.

Скайф Миллер Меджге байқастап бір қарап қойды да:

— А, мен сіздер ұққан шығар деп ем,— деп саспай ғана,— мұның мені көрген жердегі мінезіне қарап сіздерге түсіну керек еді. Ит менікі. Аты Қасқыр емес, Жирен!— деді.

— О, Вот!— деп Межд қысылғанынан байына қарады.

Вот тікесінен омырауға салып:

— Бұл иттің сіздікі екенін қайдан білдіңіз?— деді.

— Менікі болған соң, менікі сол?— деді анау.

Вот қатаң үнмен:

— Оны немен дәлелдейсіз?— деді.

Скайф Миллер бұған салмақпен көзін салып тұрып, Медж жаққа иек қағып:

— А, сіз мынау кісінің өз әйеліңіз екенін қайдан білесіз? «Өзімдікі болған соң өзімдікі сол» дейсіз. А, мен сізге: «дәлеліңіз не десем, қайтесіз? Ит менікі. Өзім асырап өсіргем. Танымай қоям ба? Қазір міне көресіздер,— деді де:

— Жирен!— деп қалып еді, ит құлағын жымитып еркелегендей болды. Сонымен анау — ги!— дегенінде шыр айналып оңға қарап тұра қалды.— Енді тура тарт деп еді, ит басында қалт етіп тұра қап, артынан түп-тура ағыза жөнелді. Содан несі айқайлағанда бір-ақ тоқтады.

— Ысқырсам да сүйтеді,— деп Скайф нығыз сөйлеп,— ол менің жегін иттерімнің басшысы,— деді.

Медж дауысы қалтырап тұрып:

— Бірақ енді алып кетпейсіз ғой?— деп еді, анау болмайды дегендей қып басын шайқады.

— Сонау, сұмдық Клондайкаға шын әкетесіз бе? Ондағының бар көргені қорлық қой?..— деді.

Миллер тағы да басын шайқап:

— Онда, оншалық жаман емес. Мені көрсеңізші, мығым емеспін бе, ә?— деді.

— Бірақ иттің күні қандай? Ұдайы қиыншылық қой! Бейнет ауыр. Аштық, аяз... Мен кітаптан оқығам, білем.

— Болуын болады. Бір уақыт «Кіші балықты» деген өзеннің жағасында мен мұны жеп те қоя жаздадым,— деп түнеріп тұрып, Миллер,— бірақ мен сол күні бір тышқан ұстап алдым да, мынау аман қалды,— деді.

— Мен ұйткенше өлер едім!— деді Медж.

— Мұндағы өмір басқа. Итті жеп не қыласыз? Бірақ, ана жерде, шегіне жеткенде, сөз басқа болады.

Медж барынша күйініп:

— Бәсе десеңізші. Калифорнияда ит желінбейді. Қалдырсаңыз неіз кетеді? Мұнда жемі жеткілікті, оны білесіз. Аяздың да азабын шекпейді, жұмыс та істемейді. Бұнда жылы да майда. Адамы да, табиғаты да солай. Ешбір жан қол да тигізбейді. Күні рақат, қар да болмайды.

— Бірақ айыпқа бұйырманыз, жаздарыңыз тозақ,— деп Скайф Миллер күліп жіберді.

Медж жанын сала сөйлеп:

— Сіздің мұныңыз жауап емес. Терістікте сіз оған не жақсылық көрсетесіз? Не бересіз?— деді.

— Бар болғанда ас берем. Ас көбінесе болып тұрады.

— Болмағанда қайтесіз?

— Болмағанда — жоқ.

— Жұмысты қайтесіз?

— Жұмыста тыным жоқ,— деп Миллер шыдамсызданып,— Жирен маған ерсе тыным алмай жұмысты істейді, ашығады да, тонады да, басқа бейнетті де көреді. Бірақ ол сонысын сүйеді, үйренген. Оған сондай өмір жағады. Сонда туып, сонда өскен. Сіз онда болған жоқсыз, біздің тіршілікті білмейсіз. А, ол өз жеріне ырза дегенде, Вот нық байлап:— Ит мұнда қалады. Таласатын сөз жоқ,— деді.

Миллер қып-қызыл болып кетіп, қабағын түйіп ап:

— О не деген сөз?— деді.

— Мен ит мұнда қалады деймін. Байлау сол. Бұл ит сіздікі дегенге мен сенбеймін. Болса бір жерде көргеніңіз бар болар. Әлде иесінен бір жолға жегінге де алған боларсыз. Сіздің даусыңызды тыңдағаны ешнәрсеге дәлел емес. Аляскеде жұрттың бәрі солай дауыстайды. Ол жақтан келген иттің бәрі де ондай дабысқа бағынады. Тегі Қасқыр қымбат бағалы ит шығар да, сіздің текке алғыңыз кеп тұрған шығар. Иесі екендігіңізді анықтамай болмайды,— деді.

Скайф Миллер бойын тежеп кең ұстап, шытырайған ақынға сызданып бір қарап алды. Жалғыз-ақ қабағы бұрынғысынан да түйіле түсіп, беті де қызара берді. Қара пиджактің астынан бұлшық еттері ойнай сірескен сияқтанады.

Жүзіне жирене қарағанның белгісі шығып:

— Шынын айтқанда, осы итті қазір алып кетсем кім бөгейді?— деді.

Вот қып-қызыл болып ап, жұдырығын түйе бастады. Бірақ Медж араға түсіп:

— Мүмкін, Миллер мырзаныкі дұрыс шығар,— деп бастап,— оныкі тіпті шын болу керек. Қасқыр оны танитын сияқты. «Жирен» деген атқа шынымен елең етеді. Миллер мырзаға тоқталмай салып барды. Бүйткенін өзің білесің, ешқашан көрген емеспіз. Үргенін қайтесің! Тіпті қуанғаннан есі шығып кетті. Неменеге қуанды? Тегі Миллер мырзаны көргеннен болу керек.

Вот күдерін үзіп, қолын бір-ақ сілтеп:

— Сенікі рас, Медж,— Қасқыр, Қасқыр емес, Жирен. Және Миллер мырзаға тиісті екені рас,— деді.

— Әлде Миллер мырза оны бізге сатар? Біз сатып алайық,— деп Медж бір ұсыныс жасап еді, Скайф Миллер басын шайқады. Бірақ жауласқан кісі сияқтанбай жұмсақ мінезге о да жұмсақтық істеп, жылы шыраймен белгі етіп:

— Менің бес итім бар еді. Жирен аш боп жүрді. Аляскедегі ең жақсы жегін менікі еді. Жарысқанның бәрі қалатын. 1898 жылы бес итіме бес мың сом берсе де сатқам жоқ. Рас, ол жылы ит тегі қымбат еді. Иттерімді өзім де жақсы көруші ем. Сол бес иттің ең жақсысы Жирен болатын. Соңғы қыста оның жеке басына мың екі жүзді берісті, сатсам сонда сатар ем, ал қазір сатпаймын. Жиренді жақсы көруім ерекше. Іздегеніме үш жыл болды. Біреулер ұрлап әкетіпті дегенде, дертті бола жаздадым. Пұлы үшін емес, өзін жақсы көруім ерекше еді. Жаңа көргенде өз көзіме өзім сенбедім. Түсім сияқтанды. Білесіз бе асырап жетілкен өзім ғой. Қеш сайын төсегіне жатқызып, қымтап салатұғынмын. Шешесі ерте өліп қалған соң, сауытын екі сомға сатып алып, қою сүтпен асырап ем. Өзім кофені сүтсіз ішіп осыған беруші ем. Шешесіндей болғамын. Ылғи саусағымды сорушы еді, мына саусағымды,— деп, Скайф Миллер өзінің мұнды сөзін тоқтатып сұқ қолын көтерді.

— Осы саусағымды,— деп зорға айтып, өзінің меншіктілік правосын және итке өзін жақсы көргізетін правосын даусыз етіп көрсетіп тұрғандай болды.

Медж сөйлей бастағанда да, бұл сол саусағына қапаумен тұр еді.

— Бірақ итті қайтесіз? Иттің қамын ойлаңызшы!— деді Медж.

Скайф Миллер бұған танданып қарай қалғанда, ол тағы да:

— Оның да қамын ойлаңыз,— деді. Миллер:

— Сіздің не айтқалы тұрғаныңызды түсінбедім!— деді.

Медж өз сөзін аяқтатпақ боп:

— Иттің де таңдайтын правосы бар емес пе? Оның да өзіне жайлысы, өз тілегі бар ғой. Сіз оның жайын ойламайсыз, оған таңдатпайсыз. Аляскеден Калифорнияны артық көрсе қайтесіз? Сіз өз қамыңызды ғана ойлап тұрсыз. Ал, оны бір қап картоптай, я бір құшақ шөптей ғана көресіз,— деді.

Бұл бір тың мәселе еді. Миллер ойланып қалды. Медж сол халмен пайдаланып:

— Егер сіз оны шын жақсы көрсеңіз, оған жайлы болғанды, өзіңізге де жайлы деп санар едіңіз,— деді.

Скайф Миллер өзімен өзі алысқан адам сияктанып тоқырап қалды. Медж женген адам сияктанып күйеуіне қарағанда, күйеуі де мұны қостап бас изеді.

Сүйткенде Миллер кенеттен:

— Ия, ал несі бар?— деді.

Бұл жолы Медж қысылыңқырап қап:

— Не айтпақшы боласыз?— деді.

— Сіздің ойыңызша, оның Калифорнияда қалғысы келеді деп білесіз бе?— деді.

Медж басын изеп:

— Даусыз солай,— деді.

Скайф Миллер иттен көзін алмай ойланып тұрып:

— Қызметі қандай еді? Маған зор еңбек етті. Ақылы қандай! Қандай ақылды десеңізші! Жалғыз-ақ сөйлемегені болмаса, бар нәрсені ұғады. Қазір міне, көресіз бе? Осының жайын сөз ғып отырғанымызды түсініп жатыр,— деді.

Ит Скайф Миллердің қасында, тұмсығын алдыңғы аяқтарының үстіне салып қойып жатып, сөйлесіп тұрған адамдарға кезек-кезек қарайды.

Скайф Миллер бір-екі рет әлде бір нәрсе айтайын деп аузын ашса да, сөйлемей тоқтады. Ақырында бекінді білем:

Енді былай болсын. Ханым, сіздің сөзіңіз тіпті дұрыс та шығар. Бұл иттің өз өмірінде көп қызмет қылғаны рас. Әлде ол да шынымен жұмсақ төсек тілей-

тін болар. Олай болса өзі таңдасын. Өзі не тілесе сол болсын. Сіз екеуіңіз осы арада отырып қалыңыз, мен қоштасып кетейін. Егер маған еріп кетсе, кеткені болсын. Бірақ мен шақырмайын, сіздер де шақырмаңыздар,— деді де Меджге күдіктеніп қарап ап:

— Бірақ ойын таза болсын!— Мен кеткен соң мұны бірдеме деп айналдырмаңыздар,— деді.

Медж:— біз де таза ойнайық. Мұныңызға рақмет, Миллер мырза,— деді. Оған Миллер:

— Маған несіне рақмет айтасыз? Әлі Жирен қалай шешеді... Сіздер маған ренжімеңіздер. Мен ақырын басып кетемін. Жүз кадам барған соң, қарам да көрінбейтін болады,— деді.

— Біз оны бөгемейік, мен соны сізге уәде қылайын!— деді Медж.

— Дұрыс. Ал, мен кеттім,— деді Скайф Миллер.

Осыны естігенде Қасқыр басын жұлып алды да Медж бен Миллердің қол алысып жатқанын көрісімен атып тұрды. Ол артқы екі аяғымен тұрып, алдыңғы аяқтарын Меджге тіреп тұрып, Скайф Миллердің қолын жалап алды. Еркектер қоштасып жатқанда тағы соны істеді.

Скайф Миллер бұрылып ап, сокпақпен жүре берді.

Қасқыр басында қайта оралар дегендей ғып оған қадала, дәмелене қарап еді, аздан соң ақырын ғана қыңсылап ап, тұра жөнелді. Барып қуып жетісімен, ананың қолын ернімен қысып, барынша жалынып, жабысып тоқтатқысы келді.

Онысы болмаған соң ағызып отырып мыналарға кеп, Вот Ирбинді жеңінен тістеп, тартып Миллердің артынан жүргізбек болды.

Қасқырдың қысылуы ұлғая берді. Мұның бір уақытта екі жерде бірдей болғысы келеді. Бұрынғы иесін де, жаңа иесін де қимайды. Ал, бұл екеуінің арасы болса, алыстап барады. Иттің тынышы кетіп аласұрды. Бекіне алмай қиналғаннан, біресе онысына, біресе мұнысына ұмтылады. Қайсысын таңдарын білмегендіктен қыңсылап, өкпесін соқты. Ақырында шоқиып отыра ғап тұмсығын аспанға көтерді. Аузын бір ашып, бір жауып кеп, ақырында қылғынған сияқтанып аузын араңдай ашты. Тамағының қарысуы күшейе берген сияқты еді. Бір мезгілде көмейі дірілдеп әлдеқандай үн шыға бастады. Басында құр ысқырып шыққан өкпесінің желі сияқты еді. Артынан өте ащы үн естілді.

Адамның құлағын жарғандай ащы үн еді. Мұнысының бәрі ұлудың алдындағы әзірлік еді.

Бірақ Қасқыр сонда да ұлымады. Арандай ашылған аузын тез жаба қойып, кетіп бара жатқан адамға қадала қалды. Аздан соң Вот жаққа бұрылып, оған да сондай қадалды. Тілегіне жауап болмады. Қасқыр өзін қалай ұстау туралы не бір сөз, не бір нұсқау, не бір белгі естімеді.

Бұрынғы иесіне бір қарап еді, мүйіске жақындап қапты. Қасқырдың қайтадан тынышы кетті. Қыңсылап атып тұрғанда, енді бір жаңа ой келді ғой дейім Меджге бұрылды. Бұл уақытқа дейін оны тіпті елең қылған жоқ еді. Енді екі бірдей иесі жәрдем қылмаған соң, жалғыз үміті Медж болды. Соның алдына келіп, екі тізесінің арасына басын салып, тұмсығын қолдарының арасына тықты. Бұрын бір нәрсені сұрағысы келгенде осылай ете беруші еді. Аздан соң шетке таман жүгіріп барып секіріп, бұралып, ойнап кеп, алдыңғы екі аяғымен жер тырмалап, құлағын жымитып, құйрығын былғандатты. Қысқасы, барлық қалпымен өзінің тынышы кеткендігін білдірмек сияқты еді.

Аздан соң онысын да тастады. Бұрын ешуақытта мұндай салқын боп көрмеген адамдардың мынандай суықтығы оған қатты батты. Ешқайсысы үн қатпайды, жәрдем етпейді, тіпті елемейді. Өлі жандар сияқты.

Аз уақыт бұларға сырт қарап тұрып, ескі иесіне қадалды. Скайф Миллер мүйіске жақындап қалыпты. Енді бір сәтте ол көзден ғайып болады. Бірақ солай болса да ол артына бір қарамастан, салмақпен жай басып кетіп барады. Артында не боп жатқанымен жұмысы жоқ сияқты.

Сүйтіп барып, мүйістен бұрылып кетті. Қасқыр тағы да көрінбес пе екен дегендей ғып бір минуттай күтіп тұрды. Үндемей, тапжылмай тастай қатып тұрып күтіп еді. Бір рет ақырын үріп қалып, тағы күтті. Сонан соң Вот Ирбинге жетіп кеп, қолын иіскеледі де мүйістен көзін алмаған бойында, жанына жата қалды.

Майда тастың арасымен ағып жатқан жіңішке су енді бір қатты сарқырап аға бастағандай көрінді. Торғайдың сайрағанынан басқа тыныштық бұзған ешбір дыбыс жоқ, үлкен сары көбелектер үнсіз ұшып, күн көзінде жарқылдап барып, көлеңкеге батып жатыр. Медж күйеуіне қуана қарады.

Бірақ енді бір азда Қасқыр қайта тұрды. Барлық

қозғалысында бекінгендік белгісі бар. Еркек пен әйелге көз де салмады. Барлық ықыласы соқпаққа ауған тәрізді. Ол бекінді. Мыналар да түсінді. Сынның енді басталғанын ұққан еді. Қасқыр жүгіре жөнелді. Медж үйреншікті ысқыруына салып қайтарып алмақ боп, ернін соза бастап еді. Бірақ ысқырмай тұрып байына көз салғанда ол кіналай қарап тұр екен. Медж қатты күрсініп отырып қалды.

Қасқыр басында жортақтап бара жатыр еді, енді шаба жөнелді. Артына бір де бір қараған жоқ. Бұйығы қасқыр құйрықтанып созылып кетіпті. Мүйістен бір-ақ секіріп айналғанда, көзден ғайып болды.

Проф. Ю. Вагнер.

ЖЕРДІҢ ЖАРАТЫЛЫСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕР

ТАУЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ

Бір жылы Солтүстік Кавказдағы бір немістің отарына тамаң кешке жақын, жақындап келе жаттым. Жеккен аттарымыз болдырып қалып еді. Арт жағымыз талай шақырым жерге созылып жатқан дала еді. Біздің арбамыз жүріп келе жатқан почтаның шаңды жолы ең далада ұзын сұр жыландай болып айрылып жатты. Жол, біздің артымызда әлдеқайдағы алысқа созылып көкжиекке жеткендей еді. Алдымызда отардың кішкене үйлерінің көз-көз болған қызыл шатырлары көріне бастады. Оның ар жағында иректеліп созылған асқар таулар көрініп тұрды. Бірінен бірінің басы асып қарлы биіктер ақ бұлттай көк жібектің үстіне асылып тұрған сияқтанды. Мен алыста тұрған көк тауларға қарағанда, жарқыраған сиқырлы биіктері өзіне көңілімді тартқандай болды.

Менің оң жағымда күн төмендеп қып-қызыл дөңгелек болып, жазық далаға батып бара жатты. Арба мен аттан түскен ұзын көлеңке бізбен бірге жүгіріп отырды. Көлеңке ұзарып кештің қоңырқай түсіне араласып, бір-бірлеп жоғалып жатты.

Аздан соң күннің көрініп тұрған жалғыз шеті де жоғалып, қалың таулардың қарлы басы алтынды қызғылт түспен бояла бастады. Жалпақ дала кеш қараңғылығы-

ның күңгірт құшағына кірген уақында, күннің ақырғы шұғласы таудың ағарған басында көрікті түспен ойнап бәсеңдеп ұшып бара жатыр еді.

Отарға жақындап келгенде менің көңіліме: көрікті суреті мол тау мен артта қалған мұңлы ұзақ даланың арасындағы үлкен айырмасы байқалғандай болды.

Ертеңінде жатқан үйімнің терезесінен асқар таудың ұлы шынжырын тағы көрдім. Бірақ бұл кеше кештегі көрген тау сияқты емес. Қазірде таудың жотасы жарық күннің сәулесімен жарқырап, көкшіл-сұрғылт аспанда айқын көрініп тұрды. Таудың ақ жотасынан төмен, сұрланып жартасты таулар көрінді. Одан төмен қалың тоғай басқан, қарауытқан беті көрінді. Әрине таудың өзі өзгерген жоқ еді. Өзгерген оған түсіп тұрған жарық пен содан көрінген суреттер ғана еді. Суреті кешегіден қазірде тіпті басқа сияктанып тұрды. Таулар да өз суретін теңізше өзгертеді. Бұл өзгеру оның көркін, түсін көбейтеді. Бірақ бұдан басқа жай өзгерсе де таудың өзі өзгеретіні де бар. Табиғатта өзгермей қалатын ешнәрсе жоқ.

Тауды өзгертуге алдымен еңбек қылатын оның бетінде ағып жатқан сулар. Су оны еседі. Бетіндегі құм, топырақты ағызады. Сол ағызған нәрселерімен таудың ішіндегі алаптарды толтырады. Сумен бірге тауды өзгертетін ауа. Бұл әсте су мен ауаның ынтымағы күшті. Біріне бірі үлкен көмектес. Ауа судың жалықпайтын серігі, жәрдемшісі.

Судың әлі жетпейтін жерде ол ылғи өз көмегін дайын қылып тұрады. Мәселен, су жолында кездескен үлкен тас болса, оған судың әлі келмеген уақытта дымқыл ауа оя тасты жұмсатады. Тас жарылады. Оның жарығына содан кейін барып су кіреді. Суықта сол су қатады да әлігі жарықты ұлғайтады. Бөтелке толған суды аузын мықтап бекітіп, суыққа шығарсақ су қатуға айналғанда бөтелкені сындырады. Сол сияқты су қатуға айналғанда су қатты тасты да сындырады. Осылайша таудағы қиыр жартас су мен ауаның күшінен жеңіле бастайды.

Жартас бір заманда қаншалық майыспайтын мықты сияктанып тұрса да, уақыты келгенде құлап талқан болып орнында үйілген ұсақ тас кен қалады. Бір заманда ол ұсақ тасы да жоғалады. Ол ұсатылып-ұсатылып барып қиыршық болады. Оны су қағып ағызып әкетеді.

Рас бұл өзгеріс өте жай болады. Бірақ су мен ауа тынықпайды. Олар өз ісін демалыссыз, мезгілісіз істейді.

Тауды күйретеді. Жер жүзін тегістейді. Егерде олардың қызметіне басқа бөгет болмаса, барлық құрғақты бара-бара дастарқанның үстіндегі тегіс қылып шығареді.

ШАШЫРАНДЫ ТАСТАР

Сумен таудың бәрі оңай бөліне бермейді. Таста: жар, қабат тесік көп болса, жаңбыр суы кіретін жол болса, тас ауаның әсерінен тез өзгертін болса — тау сол уақытта оңай бұзылады. Ондай таулардың беттері толған я ұсақ, я кесек тастар болады. Бұл тастар сумен жұмырланбаған, үштері үшкір болады. Ондай жерді шашыранды тастар, я қорым дейді.

Мен сондай шашыранды тастарды көп көрдім. Тау басына шыққанда солардың үстімен де шыққан жерлерім болды. Кей жерде бұл тастар өте ұсақ қиыршық тас болып, ілгері басқан аяқты кейін тайғызып, сырғанатып отырады. Егер таудың беті тік болса бір жерден домалаған тас басқа тастарды ертіп, секіріп, қарғып жайдақ жерге жеткенше домалайды. Кей уақытта шашыранды тастар үлкен де болады. Ондайлардың сұлу болып кездесетіні де бар. Бізде Қырымның оңтүстік жағында сондай тастар көп. Ішіндегі ең сұлуы «хаус» — шашыранды тас. Бұл теңіз жақ күнгеде Аюдақ тауының жанында.

Қырым тауларының биіктері теңізге тіп-тік биік жар-тас болып асылып тұрады. Оңтүстік жағадағы жолмен келе жатқанда күн жарығымен шағылысып тұрған, кейде қызыл, кейде сұр түсті тас қабырғалардың көркіне көз қуанғандай болады. Бір жақта биік аспанға созылып кеткен сұлу жартас, екінші жақта теңізге қарай созылған егіс. Бұның бәрі толған бау, бақша, жемістер. Осы жерлерге су құлатқан тастар домалап анда-санда келіп жатады. Кей уақытта бұл тастардан тас өзен құралғандай болып, жартастан теңізге шейін созылып жатады. Кейбір үлкен тастар теңіздің ішіне де түсіп түбіне кетіп жатады.

Осы күнгі Петроградта көшеге жайған тастардың бәрі де бұрынғы «Фин» тауларының бөлімдері еді. Табиғаттың өзі жартастарды сындырып, ұсатып солардан көшеге жаятын жұмыр тастарды жасап шығарды. Фин жартастары әншейін тастан, яки (тау жынысы) граниттен құралған болатын. Петроградтағы Айса шіркеуінің басқыштары, биік дуалдары сол граниттен жасалған. Нева өзенінің жағасына қалаған тастар, бұрынғы кре-

пост (қорғандар) және байтақтың көп үйлерінің іргелері де сол граниттен жасалған. Сол керектерге жаратқан тастар мықты болса керек еді, шынында ондағы қызыл гранит мықты тас. Бірақ сол да ауаның әсерінен аз-аздап өзгереді.

Бұдан басқа граниттің басқа түрлері де бар. Олар ауаның әсерінен тез өзгереді. Граниттің сондай бір тұқымын финдер «Раффакиби» дейді, біздіңше шірік тас деген сөз. Олар үй салудың керегіне жарамайды. Себебі ауаның салдарынан тез өзгеріп, жұмсарып, ұсатылып кетеді.

Әрине сырт жағы жел қақты болған тасты жұрттың бәрі де көрген шығар. Сол тастардың сыртында жұмсақ қабыршақ болады. Бір нәрсені тигізсе тез үгіледі. Тастың қатты, мықты заты сол қабыршақтың астында болады.

ТАУ ЖЫНЫСЫ МИНЕРАЛДАН ЖАСАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ. СУ МЕН АУАНЫҢ БІР ТАУ ЖЫНЫСЫНАН ЕКІНШІ ТАУ ЖЫНЫСЫН ЖАСАЙТЫНЫ ТУРАЛЫ.

Жұмыр тастың бірін алып сындырып ішіне қарайық. Алдымен көрінетін нәрсе: қолымыздағы үлкен тас кішкене ұсақ тастардан, ұсақ ұрықтардан құралғаны білінеді. Ол ұсақ ұрықтың да бәрі бірдей емес. Сіздің қолыңызға қызыл гранит түскен болса, соның ішіндегі қызыл қиыршықтармен аралас жүрген жылтырауық сұрғылт тас та, өте ұсақ жарқыраған қара тастың да қиыршығы, ұрығы көрінеді, сол әрбір ұрықтың бәрі де өз бетінде жеке минерал. Қолындағы үлкен тас яки тау жынысы сондайлық бір жерге құралған әртүрлі минералдан жасалған.

Граниттің ішіндегі қызыл минерал, сахара шпаты, жылтырауық сұрғылт ұрық хрустигі, ал ұсақ қара ұрық слюданікі болып шығады. Сахара шпаты граниттің түсі де соның түсіне қарай болады. Егер ол қызыл болса, гранит те қызыл, ол ақ болса гранит сұрғылт болады. Осы сияқты сахара шпаты басқа көп тау жынысының да ішінде болады. Тау жынысы бұзылғанда алдымен сол сахара шпаты бұзылып өзгереді. Одан өзіне ұқсамайтын екі түрлі зат шығады. Біреуі су ішінде тұз секілді болып іріп кететін зат, екіншісі суда ерімейді. Бірақ ұсақталып үгіліп кетеді. Судың екпінді ағыны болса, бірге ағып кетеді. Жер үстіндегі су да, аспаннан жауатын жаңбыр да соны жуып-шаюдың әрекетінде болады.

«Тамшы тас теседі» деген мақалды есіткен шығарсыздар. Бір тамшының артынан бір тамшы бйік жерден дамылсыз бір жерге тамып тұрса, астында қандай қатты тас болса да ояды. Терең шұңқыр жасайды. Рас тасты тесу, ою үшін ондай тамшының көп тамуына керек. Жеке бір тамшының қызметінің бізге білінбейтіні рас, ондай ойылған тастарды кейде ескі үйлердің шатырларының астынан көруге де болады. Оларға талай жылдар тамшы тамған болады. Сол тамшылар граниттің ішінен барлық сахара шпатын жуып, айдап шыққан болады. Бірақ егерде сахара шпаты жоғалған болса, барлық тау жынысы да гранитта бөлінеді, слюда, хрустик бөлімдері тау жынысында тоқтамайды. Соның артынан тау жынысы да бітеді.

Бұл өзгеріс өте жай болады. Көпке созылады. Байқалмайды. Аз-аздап сахара шпаты жоғалады. Біртіндеп кварц, слюданың ұрықтары жоғалады. Бірақ табиғат уақытты білмейді. Граниттен жасалған бір жартастың бүлініп күйреуіне бұрын мың ғасырлар өтер, бірақ өйткенмен сол жартас бүлінеді. Су сахара шпатын әкеткендей слюданың қиыршықтарын да әкетеді. Кварцтың ұрықтарын да әкетеді. Жаңбырдың тамшыларынан бұлақтар, өзендер құралады. Сол өзендер граниттен жаңбыр тамшысы айырған бұйымдарды алып кетпек.

Және сол тастан жасалған лайды өзен суы қайда апарарды? Мұны білу үшін қатты жаңбырдың артынан су жайып кеткен жылғаны қараңыз. Оның түбін ұсақ таза құм басқанын көресіз. Соның бетін шұқысаңыз астынан кесегірегін табасыз. Су жылғадан атқанда құмның ұсағын да, кесегін де бірге ағызған. Жаңбыр саябырлағанда су ақырын ағады. Сол уақытта кесек құмдар отырып қалады. Жаңбыр біржола тоқтағанда ұсақ құмдар отырады.

Бұлақ кішкене өзеннен қаттырақ ағады. Кішкене өзен ірі өзеннен қаттырақ ағады. Кішкене өзендерден үлкендері құралады. Су жай аққан сайын ұсақ лай түбіне отырады. Сондықтан ағыны қатты өзеннің түбінде ірі құм болады да, ағыны жай суда ұсақ құм болады. Сонымен өзен суының басқа жерден ағызып шыққан нәрселері түбіне отырады. Сол өзен ағызып келген құм топырақтарды іркінді құм деп атайды.

Жазғытұрым, болмаса күзді күні қар тез ерігенде яки жаңбыр жиі жауғанда әрбір өзенге көп бұлақтар келіп құяды. Олар маңайдағы дала мен тоғайдан жуын

ағызып кетуге болған нәрсенің бәрін алып кетеді. Өзен сол нәрселерден лайланады.

Бірақ белгілі уақыт өткен соң өзен суы қайтадан тынық болады. Барлық лайды өзен аяғына таман ағызып барып іркінді қылып тастап кетеді.

Өзгеден бұрын өзен кварцтің кесектерін тастайды. Жай құм сол кварцтің қиыршықтарынан құралады. Әрбір қиыршық бұрын тау жынысының бірінің ішінде болса, артынан ол тау жынысы үгіліп ағып кеткен соң қиыршық содан түсіп сумен ағып кеткен. Қиыршықтанған соң су слюданың бөлімін тастайды. Бұның бәрінен алысқа әкететін сахара шпатынан жасалған лай болады. Ол лай кәдімгі өзімізге белгілі топырақ. Ол өте ұсақ, өте жеңіл болғандықтан нағыз тынық, ағынсыз суда ғана жерге отырады. Ондай жерлер теңізде, көлдерде ғана болады.

Сонымен бүлініп қираған граниттан жаңадан үш түрлі тау жынысы шығады: кварц, слюда және топырақ. Ауа гранитті жеке-жеке минералға бөлді. Ал су осылардан тау жынысының екінші ұсақ бір түрін жасап шығарды.

ЖЕР ІШІНДЕГІ ҚЫЗУ ЖӘНЕ ЫСТЫҚ СУЛЫ КӨЗДЕР ЖАЙЫНАН

Дүние жүзінің бәрінде де ескі тау жынысы бұзылып, солардан жаңа жыныстар жасалып отырады. Ауа мен су барлық жерде өз қожалығын жүргізіп, бұрынғы ағызып келген құм мен топырақтың қарасын молайтып үлкейте береді.

Су жер үстін тегістемекші болады. Бар тауды жуып, шайып кетуге шамасы келмейді. Қайта кейде судың өзі әкелген іркінді құмынан жер тағы да тау жасайды. Бір жерде су тауды ерітіп, шайып, бұзып жатса, екінші жерде жаңа тау жасалып жатады. Бірақ ескі таулар да су әрекетінен біржолата талқандалып қалмайды: кейбір таулардың көтерілетіні болады. Сонда бұрынғы жел мен ауа бұзған тау жынысының орнына екінші тау жынысы шығады.

Осымен жер, суменен ылғи алысуда болады.

Бұл алысу жер ішіндегі тауды көтеретін, жаңа тау жынысын жасайтын күшті қуат жоғалып біткенше тоқтамайды.

Жер ішіндегі сол қуат немене?

Ол қуат жердің ішіндегі ыстығы. Жердің үсті суып, қызып жылынса, күн қызуымен ғана жылынады. Бірақ жердің іші бұндай емес. Ішінде адам баласы көріп білмеген үлкен қызу бар.

Сондықтан жердің ішіне тереңдеп барған су қызады. Қызуы өте көбейгенде су қайнайды. Аяғында бу болады. Осындай сулардан жерден атқып шығып жататын ыстық көзді бұлақтар жасалады. Егер сол көздердің суы ылғи шықпай анда-санда мезгілімен шығып тұратын су болса ондайды «Арасан» дейді. Арасанның сулары жердің ішінде қайнаған болады.

Егер бөтелкені суық суға толтырып қайнатсаңыз, аздан соң су көбейген сияктанып асып төгіле бастайды. Бұдан ыстық судың суық судан көп орын алатыны білінеді, су ысытса ауданы үлкейіп кеңейеді дейді. Міні осы себептен жерге сіңген су да ыстықтан қайнаған соң кеңейіп таси бастайды. Қызу болса, судан да тез кеңейетін бұйым бар. Ол бу мен газ. Бірақ жер ішінде бұның бәріне сыя беретін орын жоқ. Су әуелде жер ішіне жарық-жарықпен келсе, қазірде ол жолмен қайта шыға алмайды. Себебі онда су бар. Басқа шығатын жол тағы жоқ. Содан кейін, жылыған бу яки қатты қайнаған су жерді түртіп қатты итере бастайды. Су мен будың қайнауы күшті болған сайын итеретін күші де мықты болады. Ақырында сондаймен жиылған күш әбден ұлғайып жеткенде ешнәрсе қарсы тұра алмайтын болады. Жерді жарып, үстіндегі, жарықтардағы барлық суларды ытқытып айдап шығады. Су жер үстінде фонтаннан шыққандай болып шапшып тұрады. Арасан суының шығысы осындай болады.

ЕРІГЕН ТАУ ЖЫНЫСЫНЫҢ ҚҰСУЫ ЖӘНЕ ВУЛКАНДАР ХАҚЫНДА

Егер суды аузы тығындаулы бөтелкеде қайнатсаңыз, аздан соң судан шыққан бөтелкені сындырып кетеді. Ешбір ыдыс будың қуатына шыдай алмайды. Ыдыс қаншалық мықты болып қалың болса, будың да қайнаған сайын қосылатын күші мол болады. Аяғында бу әбден күшейіп келіп сол ыдысты да сындырады. Жарылған даусы да қатты болады. Сондай жарылу судың буы шығатын жол таба алмағанда жерде де болады.

Жарылудың алдында жер астынан күн күркірегендей болып дүңкілдеген дыбыс естіледі. Кейде жер дірілдейді.

Жер астындағы дүңкіл қатайып жиілене бастайды. Ақырында бу өзіне жол табады. Жер үсті жарылып судан қайнаған бу ысқырып атқып шығады. Бұл бу жолында кездескен нәрсенің бәрін де алып кетеді. Егер жердің жарығы берік болса, бу жер ішіндегі еріп балқыған тау жынысын да ала шығады. Тау жынысының жер ішінде түрі қандай екені бізге мәлім емес. Бірақ жер үстіне бұлар тас сияқтанып шықпайды, еріп балқыған, сұйық от болып шығады. Оны лава дейді.

Әрбір қатты нәрсе орташа қызуға ерімейтін болса, қатты күйдірумен ерітуге болады, сұйық су сияқты қылуға болады. Ал сұйық бұйымның бәрін де бу қылуға болады.

Бір түйір темірді қыздырса әуелі қызарады. Содан қызуды күшейткен сайын ағара бастайды. Жанғандай болып жарқырайды. Қызу тіпті күшейгенде көз қарай алмайтындай аппақ болады. Соның артынан темір ериді. Жарқыраған салмақты бір сұйық бұйым болады. Қызуды соның үстіне тағы күшейтіп тоқтатпай ұстай берсек сұйық бұйым қайнайды. Одан темір буы деген бу шығады.

Темірді еріткендей тасты да ерітуге болады. Жер ішінде барлық заттар сол еріген күйде болуға мүмкін. Себебі жер ішінің қызуы тау жынысының қайсысын болса да ерітуге жарайды. Және сол тау жыныстары жер ішінен бу айдап шықса жер үстінде олар от өзен болып ағады.

Сонымен су шайған тау жынысының орнына жер ішінен екіншісі шығады. Осы күнгі тауларды жасап тұрған жыныстардың бірталайы бұрынғы кездерде әлгідей болып жер астынан шыққан.

Олар жердің құсығы сияқтанып шыққан, сондықтан құсық жынысы деп аталынады.

Жер астынан шығып келе жатқан бу кейде құсық жынысының түйірлерін аспанға ытқытады. Түнде жарқырап аспанға ұшып бара жатқан, толып жатқан тастар өте сұлу көрінеді. Аспанға созылған будың өзі де от дінгек сияқтанып тұрады. Анығында бу жарқырамайды, оған түсіп тұратын сұйық лаваның жарығы болады. Күндіз ол дінгек қара сұр түсті болады. Себебі бумен бірге көп қара құм, күл ытқып шығады. Сол ұсақ қиыршықтың бәрі де қатып қалған лаудың кішкене тамшылары болады. Ұсақ қиыршықтары жиылып аспанда бұлт жасайды. Кесектері қайтадан жерге түседі.

Бұлар жерге жаңбыр суындай болып түсіп аздан соң құсық шыққан жердің айналасында әлігі құмнан, басқа тастардан үйілген төбе жасалып қалады.

Сол төбелер өсе-өсе бір заманда үлкен тау болады, ондай таулар жанартау яки вулкан деп аталады. Басындағы бу шығатын шұңқыр тесігін вулканның некратері дейді. Кратер бізінше кесе деген сөз.

ЕСКІ РИМ ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ГЕРКУРАNUM, ПОМПЕИ ДЕГЕН ЕКІ ҚАЛАСЫ ЖОҒАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Вулкан жер үстінде көп, бірақ соның көпшілігі баяғы заманда өзінен бу, лава шығаратынынан тоқталған. Осы күнде олардың түсінігіне қарап бір заманда бу шығатын жол болғандығын білуге болады. Мұндай вулкандардың бірталайын су шайып жер жүзінен жоғалтып жібергені де бар. Олардан қалған бұрынғы лавадан шыққан, қатып қалған тас өзендер әлі бар. Біз сондай вулкандарды сөнген вулкан дейміз бірақ олар шын сөнді ме, жоқ уақытша дем алыс қылып жатыр ма? Оны білу қиын. Олардың ұйқысы қаншалық ұзақ болса, оянуы сондайлық қорқынышты болады. Мен өзім көрген бір вулкан жайынан әңгіме айтайын: Италияның Неаполь деген қаласынан жиырма шақырым жерде тұратын Везувий деген қара тау бар. Бұл вулкан. Оның бас жағында ылғи бір кішкене ақ бұлт үйіріліп жүреді. Ал түндерде Неапольдан әлі күнге шейін сөнбеген лаваның жарығы көрініп тұрады. Олар таудың жарығы. Олар таудың бетіне жайып тастаған қызыл көмір сияктанып жадады.

Сол таудың дәл түбінде Италияның Резина деген қыстағы бар. Қыстақтың кейбір жерлері қатып қалған лаваның үстіне салынған. Баяғы ескі заманда дәл осы орында римнің Геркуранум деген бір бай қаласы болған екен. Ол кезде Везувий қалың ұйқыда болған. Қаланың халқы басына келетін бақытсыздық күнін сезген жоқ еді. Олар қаланың жанында тұрған тауды вулкан деп те ойламаған. Ойлағаны болса сөнген вулкан деп ойлайды. Вулканның беттері толған рим байларының бау-бақшасы, жан тұратын үйлері екен. Таудың қақ басында және кратердің түбінде неше жүз жыл өмір сүрген қалың тоғай бар екен. Рим халқы бұл тауын Сумма деп атайды екен. Мұның кратері тіпті үлкен болғандықтан өзі жан-

жағы тау-таспен қоршалған үлкен-үлкен алқап, шатқа ұқсаушы еді.

Соның ішінде байынан қашқан құлдар, ел талаушы ұрылар жүреді екен. Тақ осы вулкан бір заманда еш күтпеген уақытта ояна бастады. Жер астынан күшті дүңкіл шықты, оның артынан жер дірілдеді. Қаланың неше жылдар аман тұрған үйлері ауытқып құлай бастады. Халық қаласын тастап таудан алысқа қаша бастады.

Бұл жер сілкіну үлкен қауіптің алдындағы белгісі ғана еді. Ол басылды. Қайтадан тыныштық болды. Қала тұрмысы бұрынғыдай болды. Осымен тыныштықта он алты жыл өткен соң бір күні жер тағы да дірілдеді. Жер ішіндегі бу шығатын жол іздеп қыса бастағаны белгілі еді. Тағы да бұрынғыдан гөрі қаттырақ дүңкіл естілді. Жер жеңілді. Үлкен қорқынышты болып жарылып, үйілген тастар, биік жартастар аспанға ұшты. Тау басына қап-қара дінгек сияктанып күл ытқып шықты. Сол күл аспанды, тауды да көзге көрсетпей қойды. Тау айналасы қараңғы түндей болып күңгірттеніп кетті. Күл мен құм таудың бетіне және жақындағы айналаға түсіп қара көрпедей басып алды, аспанда қалың бұлт шығып, күн жарқылдап үлкен нөсер құйды. Осы судан үлкен өзендер ақты. Су күлмен ұласып бір сұйық қара батпақ болып, үлкен өзендер таудың бетінен аға бастады. Бұл батпақ жолында не кез келсе соның бәрін басып қалды. Соның ағыны римнің Помпей деген қаласына да жетті. Бұл қала Сұмманың екінші жағында болушы еді. Бірнеше минутта қаланы батпақ тегіс басып кетті. Сұйық батпақ барлық жерге де кіре бастады. Көшелерді, үйлерді басып, қаша алмай қалған адамдарды да өз ішіне батырып жатты. Бұл батпақты өзеннің артынан екінші ең қауыпты өзен келе жатыр еді. Ол еріген лавадан жасалған от өзен еді. Лава ақырын жай ағады. Бірақ өзінің ауырлығы мен ыстығының арқасында жолындағы нәрсенің барлығын күйретеді. Сол лава Геркуранумды батырып теңіздің дәл өзіне шейін жеткізді.

Құсық тоқталып, көлден жасалған қара бұлтты жел қуып кеткен соң рим халқы бұрынғы Сұмманың орнында екінші бір қара тауды көрген. Ескі Сұмманың бір-ақ шеті ғана жаңа таудың солтүстік жақ жағында көрініп қалған екен. Одан басқа теңіз жақтағы шетінің бәрі жоқ болып кеткен: ол тауды әуелгі атылғанда талқандап кет-

көн екен. Оның орнында кішкене кратері бар. Жаңа тау жасалыпты. Бұның да кратерінен ақ бу дінгек сияқтынып аспанға шырып жатты.

ВЕЗУВИЙГЕ ЖАСАҒАН СЕПИЛ

Ноябрьдің кезі. Күн ашық жылы еді. Мен бір жолдасыммен Неапольдан шығып Режина қыстағына таман келе жаттым, Резинаға жетпей-ақ жолда вулкан істеген істің ізін көре бастадық. Вулканнан қалған күл көшенің бапшағына араласып қап-қара болып жатыр екен. Кей жерде құлап жатқан баяғы заманның ескі үйлері көрінді. Бірталайын лава басқан екен. Резинаға жеткей соң біз жаяу кеттік. Қыстақтың үлкен көшесінен бір қалтарыс көшеге бұрылып тауға қарай шыға бастадық. Аяғымыздың астында бұрынғыдай қолдан жасалған тас көшеге емес, қатып қалған лаваның тас өзені еді. Бұл жерде тас көшені табиғаттың өзі адам қолынан шеберірек қылып жасағандай. Везувийдің басына баратын үлкен қара жол бар екен. Біз онымен жүрмей бақшалардың арасымен төте жолмен кеттік. Аздан соң ескі лаваның өзенінен өттік. Өтіп кеткен көп жылдар бұл өзеннің бетін тегістеп кей жерлерін топырақ басқан екен.

Үстінде өскен апельсин, хурманың және басқа жемістердің жуан ағаштары бар екен. Тағы біраз жүрген соң соңғы заманда шыққан лаваның ішіне кірдік. Бұл лава Везувийдің кратерінен 1872 жылы шыққан екен. Сырты әлі күнге өзгермеген.

Бұның түсі қарағайдың сыртына шығып, қатып қалған қарамай сияқты бұдыр-бұдыр. Лава қатқанда сыртынан катады. Әуелде сыртқы жұқа қабыршақ қатып іші сұйық күйінде ақырындап-ақырындап жылымжып ағып отырады. Бірақ сыртқы қабық қатуға айналса да жұмсақ болғандықтан және лаваың ішінен шығатын газдардың салдарынан кей жері көтеріліп, қабарып, томпиып, кей жерлері жарылып тұрады. Сондықтан лавка қатқанда бұдыр-бұдыр болып, әр жері әр түсті болып қатқан екен. Сыртқы түсі маған бұйраланып, толқындынып тұрған сияқты көрінді.

Бұл толқынның арасымен жүру ауыр болғандықтан біз аз жүрген соң үлкен жолға шығып лаваның бір үлкен кесегінің қолғабына отырып дем алып, азғана тамақ жедік.

Бұл жерден бізге барлық Неаполь және айналасы жасыл бақшаға батып тұрған Неаполь қолтығының көгеріп жатқан суын көрдік. Бірталай қызықты суретті көріп тынығып алған соң ілгері жүрдік.

Лаваның ендігі суреті бұрынғыдан да ерекше болып көрінді. Осыдан төрт-ақ жыл бұрын аққан лаваның өзеніне кездестік. Бұның сырты қап-қара еді. Беті жылтыр болмаса да күнге шағылысып жарқырап жатты. Дәл беті тегіс емес шұбар еді. Шұбартып қалған лава қатарда шыққан газдардың шұрк-шұрк қылып тесіп кеткен жерлері еді. Көбінде үшкір болып шығып тұрған шеттері бар екен. Мен қолыммен сипап көрем деп екі рет қолымды кесіп алдым. Сондайлық өткір екен.

Бұдан жоғарғы жерде жаңа өзен қара жолды басып қалған екен. Біз енді соның өзінің үстінен өтіп ар жағында тағы бір жарым шақырымдай жерге баратын қара жолға түспекші болдық.

Біз ілгері жүріп отырып бұрынғы Сұмма мен Везувийдің арасындағы белең жарыққа шықтық. Содан әлі күнге қатып болмаған лаваның құрғақ жерлерін аттап басып, лаваның дәл өзі шығатын ауызға келдік. Лава кратердің өзінен шықпайды, вулканның төмендегі бір жарығынан шығады екен. Кратерден қазірде түйірленіп бу шығып жатты. Түбіндегі жарық вулканның осы күнгі аузы екен. Содан сұйық от үлкен қызумен құйылып жатты. Бұл жер өте ыстық қызу болғандықтан тұруға қиын болды. Бірақ азғантай ғана от шығып жатқан ауызға қарауға шамамыз келді.

Төменде от өзен ақырын қозғалып ағып қалың қара батпаққа араласып жоғалып жатты.

Қайтыста сол жердің бір-екі адамы бізге азғана ақша төлегендігіміз үшін ұзын бақырмен (шелекпен) бір терең тесіктен бізге әлі күнге қатпаған жұмсақ лаваны алып берді. Мен лаваның ішіне бір ұсақ ақшаны батырып тығып, Везувийге барғанымның белгісі қылып сақтап жүрмін.

Везувий оянған кезінде қаншалық қаһарлы болса, Италия халқы бұл вулканын жақсы көреді. Барлық суреттерде алдымен бусанып тұрған Везувийді көресің. Себебі бұл вулкан өзінің күлімен Италия халқын асырап тұр. Маңайдағы егіндік жерді бұл күл жаңартып жасартып отырады. Және Везувий тауының бетінде ең жақсы жемістердің бау-бақшалары бар.

ЖЕР ІШІНДЕГІ ЫСТЫҚ ҚАНШАЛЫҚ

Ыстық бұлақтар, вулкандар бізге жер ішіндегі ыстық барлығын білдіріп отыр. Егер сол ыстық болмаса адам баласы жердің ішіне де тереңдеп кіріп кетер еді. Ыстық тоқтатып отыр.

Кен қазатын жерлерде жер ішінде талай терең жолдар салынады. Бұл жолдарды шахта яки ошақ дейді. Бұл жолдар кейде тау ішінде, тастың ортасында салынады. Ол да тас үңгірлерге ұқсайды. Осы сияқты үңгірлерде, тар жолдарда қолында жарық ұстап әрлі-берлі жұмысшылар, кен қазушылар жүреді. Олар өмірінің тең жартысын жер астында, қараңғыда өткізеді. Бұл ең ауыр жұмыс, көбі ерте қартайып, ерте өледі. Бірақ өлгендерінің орнын екінші кедейлер басады. Сонымен жер астындағы жолдар көбейіп ұзарудан тоқталмайды. Ошақ тереңдеген сайын кен қазушылардың жұмысы ауырлай береді. Ауа дем алысқа ауыр болып, ыстық болып қинай бастайды. Аяғында жер ішінің ыстығы 40 градусқа жететін уақыт болады. Бұл кезде ең мықты деген адамдар бірнеше минут қана тұруға жарайды.

Америкада күміс мол шығатын бір кен бар. Бұрынғы уақытта қазушылар жылына 30 миллионның күмісін табады екен. Бірақ күннен-күнге ошақ төмендеген. Осы күні ең терең ошақтары жер астына бір жарым шақырымдай жерге кірген екен, қазірде сол ошақтарда қызмет қылушылар 10 минуттан артық тұра алмайтын болған.

Кейде мұндай тереңдікке жеткен ошақтарды машинамен қазады. Солай қазатын терең ошақ Германияның Рибиль деген қаласының жанында бар. Тереңдігі екі шақырымдай болыпты. Оның түбіндегі ыстық 48 градусқа жетсе керек. Егер одан арғы жерде осындай болып ұлғайып отырса жердің дәл ортасындағы ыстық 15 мың градус болуға керек.

Мұндай ыстықтың ішінде ешбір нәрсе шыдауға мүмкін емес. Барлық нәрсе еріп сұйық болумен де тұра алмайды тұрса у болып қана тұра алады.

Мұнымен біз тұрған жердің іші толған от болып еріген сұйық заттар. Жердің сыртқы қабығы ғана қатқан. Бұл қабық қалың, қатты болғандықтан біз өмір сүріп тұрмыз. Бұл қабықтың қалыңдығы қанша екенін біз білмейміз. Бірақ жердің барлық қарасымен өлшегенде бұл тым жұқа болуға керек.

ЖЕРДІҢ САЛҚЫНДАУЫ ЖӘНЕ ПЛАНЕТТЕР ТУРАЛЫ

Жердің ішіндегі өз қызуы қайдан шықты?

Бұл мәселе туралы көп білгіштер ойланған. Қазіргі уақытта айтатын нәрсеміз: жер заман өткен сайын аз-аздап салқындап келеді. Бұдан бұлай талай замандар өткенде жерге жаңадан бір қызу қосылмаса жердің әбден салқындап тоңазып қалатыны даусыз хақиқат. Ол уақытта жер үстінде ыстық бұлақ та, вулкан да болмайды. Жердің ішіне кірген су қайта шықпайтын болады. Су жер ішінде қатып қалатын болады. Себебі күн қызуы жер ішіне жетпейді, сондықтан арғы іші суық болады.

Аз-аздап барлық су жердің астына кетуге мүмкін. Өзен, көл, теңіздер түгелімен қуарып қалады. Барлық жер суық шөл болады, ол уақытта өсімдік те, басқа жан иесі де қалмайды.

Сонымен жердің тағдыры қалай болатындығы белгісіз. Бізге жердің алысқа өтіп кеткен күні қаншалық мағлұмсыз қараңғы болса, алдымыздағы күн де соншалық қараңғы белгісіз.

Бірақ жер тағдыры турасынан басқа жұлдыздарға басқа жерлерге қарап белгілі мөлшер айтуға болады.

Біз бұл арада басқа жерлер деп сөйлеп отырмыз, оның себебі дүниеда дәл осы біздің жер сияқты талай жер бар. Мысалы біздікі сияқты жердің бірі бәрімізге белгілі ай. Айдың жарығы өзінікі емес, күннен алады. Күн біздің жерді жарық қылып тұрғандай айды да жарық қылып тұрады, сондықтан түнде ай бізге жарқырап көрінеді.

Жер сияқты ай да домалақ, доп сияқты. Бұрынғы замандағы адам жерді жалпақ деп түсінген, сондықтан бір жолдан бетінді аудармай жүріп отырсаң жердің шетіне жетесің деп түсінген. Олар жердің шеті теңіз болып кетеді екен, су түпсіз дүнияға ағып жатады екен деп білген. Сондықтан теңіздердің жағасынан алысқа жүзіп бара алмайды екен. Қорқатыны түпсіз дүнияға түсіп кетіп қайтадан шыға алмаймыз деп түсінеді. Барлық жерді үлкен мол судың ортасында тұрған биік арал деп білген. Бірақ бұл арал не нәрсеге тіреліп тұр, не себепті су түбіне батып кетпейді, оны ешкім де білмеген.

Бұл күнде ол ертегіге ешкім де сенбейді. Жұрттың бәрі жердің домалақ екенін біледі.

Жер судың үстінде тұрған жоқ, су жердің үстіндегі шұқырларда тұрғанын да біледі. Жер су үстінде тұра алмайды. Себебі жер судан ауыр. Және түлсіз теңіз ешбір дүниеде жоқ. Барлық теңіздің түбі бар да, құрғақ жағасы бар. Және бұл күнде біздің білетініміз бір жерден шығып тұра жүре берсек айналып келіп өуелгі кеткен жеріңнен шығасың. Бірақ бұған екінші жақтан келесің. Осы күнде адам баласы кемемен, пароходпен жерді әлденеше айналып жүр. Жерді айналып шыққан жиханкездердің әңгімелері жұрттың көбіне мәлім.

Біздің жердей айда да тау мен дала бар. Кейде айдың жарық болған түнінде бетіне қарасаңыз, жерінің сұрғылт, қоңырқай болып теңбілденіп тұрғанын көреміз. Бұл қоңырқай жерлер: күн жарығы аздау түсіп тұрған далалар. Ағарып тұрған жерлері биік таулар.

Бұрынғы уақытта айдың сұрғылт жерін теңіз деп түсінген екен. Ол осы заманда қата пікір болып шықты.

Айдың үстінде су да, бұл та, ауа да жоқ, онда өмір жоқ. Не өсімдік, не жан иесі жоқ шөл. Егер ай бізге жақын тұрса, тауын да, даласын да көруге болар еді. Бірақ алыстан барлық нәрсе кішкене болып нашар көрінеді. Сондықтан ай да нашар көрінеді.

Егер жерден айға қарай сапар шеккен жан болса, ол ең жүйрік отарбаға мініп дамылсыз жүргенде жарты жылда жетер еді. Айдың алыстығы сондайлық, сондықтан кішкене көрінеді.

Бұдан басқа планет деп аталатын жерлер бізге айдан да әлдеқайда алыс тұрады. Сондықтан олар тіпті кішкентай көрінеді.

Оларды түнде ғана көруге болады. Себебі олар да ай секілді, жарықты күннен алады. Түнде планет те жұлдыз сияқты көрінеді. Бірақ айырмасы: жұлдыздар күн сияқты өзі жарқырайды, жұлдыздардың алыстығы болмаса олар да күн сияқты жарық болар еді.

Дүрбімен қарамаған уақытта планетті жұлдыздан айыру қиын. Үйтсе де көп жұлдыздың ішінде жарығы дірілдемей бір қалыптан айнымай жарқырап тұрған жұлдыз болса, ол планет болады. Сондай жерлер біздің жерден үлкендігі кем болмаса да бізден өте алыс

болғандықтан талайы ең үлкен дүрбімен қараса да көрінбейді.

Планет кіші болса, тез суынады. Үлкен пештің ішіндегі қызу көп уақыт тұратыны сияқты үлкен планеттердің де салқындауы жай болады.

Мәселен, ай біржолата салқындап қалған. Біздің жердің ішінде әлі күнге бітпеген қызу бар. Ал үлкен планеттердің бәрінде әлі жер қабығындай қабық та жасалған жоқ. Әлі қызуы күшті, от күйінде. Үлкен дүрбімен қарағанда солардың бетінде әлі күнге қатпай ағып жүрген тас өзендерді көреміз. Солардың ағыны, түсінің өзгергені бізге білініп тұрады. Бір заманда біздің жердің үсті де сондай болған. Содан неше мың жылдар өткенде сырты салқындап қабық біткен.

ЖЕР ҮСТІНЕ ТАУ ҚАЙДАН ШЫҒЫП, ҚАЛАЙША ӨСКЕНІ ТУРАЛЫ

Жер қабығы көпке шейін ыстық болған. Сондықтан ол кезде тау да, теңіз де болмаған. Жер үстіне тоқтаусыз жауған жауындар ыстық жерге түсе салысымен бу болып қайта аспанға кетіп жатқан. Сондықтан ол заманда жер үстінде ылғи қалың қою бұлт айықпай тұрған болу керек. Осы күнгі жер үстіндегі барлық өзен, көл, теңіздер ағып жүрген сулар ол заманда ылғи бу болып жердің айналасында жүрген. Барлық ауа моншаның ішіндегі жылы буға толған болу керек. Және ауада бұл күнгіден тіпті басқа болған. Оның ішінде неше түрлі газдар болған. Осы күнгі вулканның кратерінен шыққан судың буында қандайлық газдар болса, ондағы ауада да сондай болған.

Жер ауасы өсімдік пен жан иесіне залалды заттардан кейіннен тазарған. Бұлттың ішінде болған су бір есептен жылы киім сияктанып жердің салқындауын кешендеткен. Бірақ жерге түскен жаңбыр суы аз да болса қызуды әкетіп отырған. Сонымен жердің салқындауы қалайда болса, күшейе берген. Салқындауға айналған сайын сырты да өзгере бастаған. Мұны оңай ұғу үшін мысалға бір қыздырған домалақты алайық. Соның сыртына жапсырылған жұқа қатты қабық болса аздан соң домалақты салқындата бастасақ қарасы кішірейіп, тартыла бастайды. Сонда сыртындағы қабық домалақтан айрыла алмайтын болғандықтан онымен бірге тартыл-

маса да бұрынғы қалпында қалмайды. Ол да жиырылып қатпарлана бастайды. Түсі күнге кептірген алманың сыртқы түсіндей болып қуырылып қалады. Алманың іші семгенде қабығы да қуырылады. Қуырылатын себебі ол алманың өзі сияқты болып кішірейе алмайды. Міні, жердің қабығы да сондай болған. Қабық қатая бастаған соң-ақ жиырылып қатпарланып кей жерлері жарыла бастаған. Жарылған жерінен вулканнан шыққан лавадай болып қайтадан еріген ыстық зат шыққан. Ол да салқындап қатқан. Сонымен жер қабығы қалыңдап қатпары көбейе берген.

Сол қатпарлар біздің жер үстіндегі алғашқы жасалған таулар болатын. Бұл таулар бізге қаншалық үлкен көрінгенмен барлық жердің қарасымен салыстырғанда апельсиннің үстіндегі болмашы қыртысы, қатпары ғана сияқты болады. Сондықтан таулар жердің қатпары ғана болады. Сол себепті таулар қатарланып созылады. Сол себепті, бір жер биік тау болса, екінші жер аласа жазық болады.

Жер суыған сайын қатпары көбейіп, тауының да саны молая берген.

Жердің салқындауы әлі тоқталған жоқ. Сондықтан тау жасалуы да тоқталған жоқ. Тау жасалуы тоқталмаса су жердің бетін тегістеп жауып кете алмайды.

ҚҰРҒАҚ ПЕН СУДЫҢ АЛЫСУЫ ТУРАЛЫ

Құрғақ пен судың алысуы ертеде басталған. Бұл алысу жер үстіне қабық біткеннен бері қарай созылып келеді. Бұрын жаңбыр суық су болып кетіп отырса, жер үсті құрғаған соң, өзендер, ағын сулар қаптаған. Судан шығып тұрған ешбір арал болмаған. Бұл жағасы жоқ ыстық сулы теңіз болып, үстінде үйіріліп ылғи ақ бу жүрген жер суға орын бергісі келмесе де аяғында су жеңіп басып алған.

Су мезгілімен қайнап азайып отырса да, жаңа жауатын жаңбыр молайтып отырған. Теңіздер тереңдеген. Ол уақыттағы аспаннан аққан сел өте күшті болған. Жер жеңілгендей болып судың астында қалған. Барлық дүниеде бұлқынып қайнап жатқан су болған.

Бірақ бұл жердің судан әбден жеңілгені емес еді. Жер күшін жиып келіп сілкініп жиырыла бастаған, бүк-

тетіліп үйірілген толқындардың астынан көтеріліп жердің қатпарлары шыға бастаған. Жаңбыр қаншалық сел болып құйса да оларды жеңе алмаған. Теңіз сулары алғашқы тауды сонда көріп, толқындары алғашқы жағаға сол уақытында соғыла бастаған, жаңа шыққан тасты құлатпақшы, ерітпекші болған, бірақ таулар бұған қарамай өсе берген. Саны көбейген. Көп жерлерден суды айдап орын алған. Сонымен алғашқы жерлер шыққан. Су жол беріп сабасына түсе бастаған.

ТЕҢІЗ ЖАСАҒАН ІРКІНДІЛЕР, ТАС БОЛЫП ҚАЛҒАН ЖАНУАРЛАР, ӨСІМДІКТЕР ҒӘМ ЖЕР ҚАБЫҒЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ

Құрғақ көтеріліп шыққаннан бері қарай су шайып жердің сыртын аз-аздап өзгерте бастады. Үлкен жерлер шыққан соң жауған жаңбырдың суынан өзендер жасалып сол құрғақта аға бастады. Олар ағызуға, ерітуге көнген нәрсенің бәрін ағызды. Олардың жұмысы талмайтын жұмыс, солардың әкелген заттарынан теңіздер екінші тау жынысын жасай бастады. Жаңа жыныстар ескілерін басып үлжейіп жатады. Жаңадан түскен жыныстар ескінің үстіне іркіліп түсіп отырады. Сондықтан мұның бәрін іркінді деп атайды.

Қазіргі заманда барлық жерді сондай теңіздердің іркінділері басқан. Су жерді түгелімен батырып жібере алмаса да іркінділерімен басқан. Бұл іркінділердің қалыңдығы кейде жүз, кейде мыңдай кез де болады. Мұның қалыңдығы бізге баяғыдан бері қарай қаншалық көп замандар өткенін білдіреді.

Сол іркінді болып отырып қалған жердің ішінде кей уақыттарда бұрынғы заманда көміліп қалған жануарлардың, өсімдіктердің таусыншығы табылады. Сол ретпен балықтың, бақа, шаянның, құстың, аңдардың сүйектері әлденеше рет табылған; бұл таусыншықтар бұрынғы уақытта бор сияқты, известь сияқты қатты заттардың арасына түскендіктен өздері де қатайып тас болып қалған. Сондықтан оларды «тас болғандар» деп атайды.

Жоғарыда айтқандай теңіз іркіндісі осы күнгі біз тұрған жерлерді де басқан. Бір заманда бұл жерлерде су болған, бұлардың құрғақ болып шығуына талай-талай заман керек болған. Құрғақтың кейбір жерлері

әлденеше рет судан шығып, әлденеше рет қайта батқан, жер қабығы толқынданып қозғалып тұрған, ол қозғалуы осы күнге шейін де басылған жоқ. Кей жері ақырын көтеріліп жоғарылап, кей жері ақырын төмендеп келеді, бұл қалыпты болса неше мың жылдар өткенде осы күнгі біз тұрған жер суға айналып, теңіздердің түбінен жаңа жерлер шығуға мүмкін. Тауды жарған жер ішіндегі күш жердің барлық қабығын да қозғайды. Бірақ ол қозғалыс өте жай болғандықтан білгіштер талай жылдар зерттеумен ғана зорға білген.

Сол зерттеумен қазірде бізге мағлұм болып отырған нәрсе: Россияның барлық солтүстігі көтеріліп келеді. Кей жерлерінде жүз жылдар шамасында жеті вершоктей көтерілгені бар. Бірақ көп жерінде бұдан да жай көтеріледі.

ЖЕРДІҢ ТАУ ЖАСАЙТЫН ҚЫРТЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Теңіз іркіндісі биік таулардан да табылғаны бар. Бұдан, таулар да бұрын теңіздің түбі болып артынан көтеріліп тау болып шыққаны білінеді. Қазіргі таулардың көбі сол іркінділердің қатпарлануынан жасалған. Таулардың бәрінің де іші қыртыс болады. Бұлардың кейбірінің түсі бөлек, кейбірінің өзгелерінен заты бөлек болады. Қыртыстардың түрі бірінің үстіне бірін салып, екіншісі жанынан қысып тұрған әр түсті қағаздарға ұқсайды. Солардың затына қарап, тас болғандарына қарап әр қайсысының, әр заманда, әр түрлі себеппен жасалғанын білуге болады.

Мәселен: кейбір қыртыста тас боп қалған су хайуандары кездессе, екіншісінде тас болған құрғақтың хайуандары табылады, соның үстінде үшінші қыртыстан тағыда су хайуандары шығады. Мұның алғашқысы қазіргі құрғақ, су түбінде болғанда жасалған, екінші құрғақ судан көтеріліп шыққанда жасалған, үшіншісі қайта батқан кезде жасалған.

Бұл қыртыстар, кейбір құлап жар болған жерлерден қарағанда сұлу болып көрінеді.

Петроградтың маңайында Юпофка деген кішкене өзеннің, екі жағы терең жар болып, теңіз іркіндісінен жасалған қыртыстарды жарып ағады. Сол өзеннің ең төменгі жиегінде көк балшықтан қалың қыртыс көріме-

ді. Одан жоғары жасыл құмайт, одан кейін топырақпен араласқан құм, одан жоғары қап-қара болып жатқан «жанатын сланец» қыртысы. Олардың әр жағы тағы сондай сор, жасыл сары қыртыстар.

Тауда қатпар қаншалық көп болса, қыртыстардың толқыны да сондай көп. Таудың сұлулығы да арта береді. Альпі, Кавказ сияқты үлкен тауларда кейде екі қыртыстың бойына — бірі қарсы келіп тіресіп тұрғанын көреміз. Бұндайда олар бірінің үстіне бірі шығып кетеді. Кейбір қыртыс майыса алмайтын заттардан жасалған болса жарылып тайып кетеді, ол уақытта қатпар мен қыртыстар былығып араласып кетеді.

Бұлардың былығып араласып жатқан түріне қарап осының бәрін қозғап шайқап араластырып жүрген күштің қаншалық ірі күш екендігіне таң қаласың.

ӨСІМДІКТЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ ЖЕР ІШІНДЕ ТАС КӨМІР БОЛЫП КЕТЕТІНІ ТУРАЛЫ

Жануар мен өсімдіктің таусыншығы жердің барлық қыртысында, барлық іркіндінің бәрінде бірдей қала бере алмайды. Мәселен: ұсақ құмның ішінен ондай нәрселер табылған емес. Ол құмның ішіндегі нәрсенің бәрі ашық ауада жатқандай болып бұзылады. Себебі оған су да, ауа да оңай кіреді.

Үлкен жануарлар өсімдіктер шіріп суға ағып таусылады, із қалмайды. Егер іркінді зат тығыз болса, таусыншықтары аман қалады. Сондықтан известен жасалған іркінділерде таусыншықтары көп табылады. Кей уақытта известің барлық қыртысы толған тас болып қалған жануарлардың таусыншығы болып шығады.

Жануарлардың сүйектері бір жерге жиылғандай, өсімдіктердің де су астында қатты заттары бір араға жиылады. Солардан талай замандар өткенде тасқа ұқсаған ауыр, тығыз тас көмір жасалып шығады. Тас көмірмен үлкен қалаларда пеш жылытады. Үлкен завод, фабрикаларда, пароход, шойын жолдардағы бу шығаратын қазандар астына сол көмірді жағады. Ол көмірден жанатын газ да, тағы басқа нәрселер де жасайды.

Қай жерде тас көмір көп табылса, сол жер бай деп аталады. Себебі тас көмір адам баласына, жылу береді, жарық береді, барлық завод-фабрикаларына арзан күш

береді. Мәдениетті европаның ешбір патшалығы тас көмірсіз күн көре алмайды.

Жыл сайын неше миллион пұтын жағып жатса да тас көмірдің кені әзірше мол, аз заманға таусылатын емес, жер баяғы ескі замандарда үстінде өскен өсімдіктің бәрін бізге көмір қылып сақтап қойған сияқты. Сол ретпен тас көмірдің жер ішінде жасалып жатуы осы күнде де тоқталған жоқ.

Тоғай ішімен ағатын өзеннің бәрі де теңізге тоғай ішінен көп қоқым алып келеді. Су жағаға шығып жайылады. Содан соң су үстінде қалқып жүруге жарайтын нәрсесінің бәрі ағып жүре береді. Құлап қалған бұтақтар, кейде тамырымен құлаған биік ағаштар да өзеннің ағысымен кете барады. Кейде сондайлық қоқымдардың өзінен жасалатын аралдар да болады. Саяз жерлерде қоқым тоқтайды. Үстін мүк басады. Шөп шығады. Сонымен нағыз жасыл аралға ұқсайды. Бірақ бұларды да ағын су бір күні ағызып әкетеді де теңізге алып шығады. Сібірдегі үлкен өзендердің бәрінің де теңізге құятын мойнында сондай қоқымдардан жасалған аралдар көп болады. Аяғында су сіңіп кіріккен ағаш ауырлап түбіне батады. Бір ағаштың үстіне бір ағаш түседі. Жылдар өткенде судың түбінде толып жатқан ағаш, бұтақтар болады. Бұлардың жартысы шіриді, жартысы бұрынғы түрін сақтап қалады.

Міне, осындай затпен неше жүз жыл жиылған ағаштардың үстінде бір уақыттарда іркінді топырақ түсіп молайып басып алса, ағаштар аз-аздап өзгереді. Суменен кеуек болып қалған ағаштар ауыр топырақ басқан соң жаншылып қысылып біріне бірі жабысып қалады. Ағаштың өзі ауасыз жерде қыздырғанда болып, жанбастан көмір болып қалады. Тас көмір бара-бара сол көмірден жасалып қалады.

АҒАШТЫҢ АУАСЫЗ ЖЕРДЕ ЖАНУЫ ЖӘНЕ КӨЛ¹ ГАЗЫНЫҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ

Ауада қыздырғанда ағаш жанады. Бұған ауаның кейбір бөлімдері қосылып бірге жанып кетеді. Ал ағашты ауасыз жерден қыздырса оның барлығы жанбайды, бірақ көмір болады. Бұлайша жанғанда ағаштан көмір де бас-

¹ Көл. Фаріп Досмұхамедовтың табиғат тануында батпақ газы дейді.

қа тағы сұйық заттар, газдар шығады. Газ деп ауаға ұқсасқан нәрселерді айтады. Газдар көп, бұлардың түсі бір-біріне ұқсаса да, бәрінің бөлек-бөлек сипаты бар.

Мәселен, көмір ауада жанғанда сол екеуінің қосылғанынан қышқыл көмір деген газ шығады.

Бұның исі де, дәмі де жоқ болса да ден саулыққа өте залалды болады. Жұмыртқа шірігенде сасық газ шығады, оның аты «күкірт су туым». Көшедегі фонарьларда жарқырауық газ жанады. Ол да бірақ газ емес әлденеше газдан құралған болады.

Мінеки осымен ағаш та шала жанғанда, ауасыз жерде жанғанда осындай араласқан газ шығады. Сондай араласқаннан шығатын газдардың ішінде ең қызығы көлдің түбіндегі шіріп жатқан өсімдіктерден шығатын газ. Оны «көлдің газы» дейді.

Жаздың аяқ шенінде түбі салынды мүк болып қалған көлге бір ұзын ағашты тығып көрсеңіз судың бетіне шаңбырақ атып газдар шыға бастайды.

Рас бұл «көл газының» таза өзі емес, оның ішінде араласқан қышқыл көмір де және сасық иісті «күкірт су туым» да болады. Бірақ шаңбырақтардың ішінде ең көп газ «көл газы» болады. «Көл газының» таза өзі болса ауада жарық болып үлкен жалынмен жанады. Егер бұған ауаны араластырып жақса, онда тарсылдап атылып кетеді.

Тас көмірдің бәрінің ішінде сынған жарығы болады. Сол жарықтарда бұрын өсімдіктер көмірге айналған кезде шыққан газдар тұрады. Тас көмірдің ошақтарында көмір құлатып жүргенде сол көл газы көп жиылып қалады. Көмір ішінен бұл газ шыққан соң ауамен араласады.

Бұл екеуінің араласқан жерінде от жағу қауыпты болады. Ауамен араласқан газ барлық ошақтарға толып тұрғандықтан атылып кетуге мүмкін. Осы ретпен талай күйінішті уақиғалар болған. Кейде сол атылудың күшінен жер сілкініп ошақтардың төбесі құлап, ішінде жұмыс қылып жүрген көміршілерді талай басып қалған.

ТОРФ (ШЫМТЕЗЕК) ТУРАЛЫ

Тас көмірдің бәрі бірдей ағаштан жасалған жоқ. Кей жерлерде шөп нәсілді өсімдіктерден жасалғаны да бар.

Дымы көп солтүстікте, онан соң Петроградтың маңа-

йында тоғай ішінің көлі деген көп көлдер бар. Вұлар тасты қыртыс көп болғандықтан жерге сіңе алмай қалған сулардан жасалған. Сол көлдерді жылдан жылға қалың болып басатын мүк болады. Осы мүктен тас көмірлер жасалып жатады. Көңілге бұл сыйымсыз сөз сияқтанса да сол жұмсақ былқылдақ мүктен қатты тас көмір жасалады.

Тоғай көлдерінің бәрінің де жағасы қалың мүк болады. Ол көл суының жағасына ұстаған көк жиектей болып ашық күнде тынық көлді жасыл шілтерге оралған айнадай қылып көркейіп тұрады. Сол көкжиек ылғи өсіп кеңейіп отырады.

Аздаң соң жағадан шығып судың бетінде біріне-бірі жабысып өсе беретін болады. Бара-бара барлық көлдің бетін мүк қаптап алады.

Бірақ бұның астында су болады. Мүктің батпайтын себебі оның бүрі тұтасқан, бірақ киіздей болып жабылады. Және шеттерінің бәрі де жағада тұрады.

Егер сол шеттерін үзіп жіберсе мүк тұтасымен суға батаар еді.

Жылдан жыл өткен сайын сол мүк суды жеңе бастайды. Жыл сайын мүктің үстіңгі жағы өсіп қалыңдай береді. Аяғында әбден молайғанда судың түбіне жететін болады. Көлді жеңіп алады. Вұдан мүк көлдері шығады. Вұрынғы уақытта солардың бәрі көл болған, осы уақытта мүк болып отыр. Көлдің бұрынғы суы мүктің ішінде болады.

Әуелгі көзге байқалмаса да оның мүктің тарауларының ішінде жүргені білінеді. Мүкті ұстап алып қисса су ағады.

Мүк суды өз ішіне сорып алады. Сондықтан жаңбыр жауғанда мүктер ісініп қабара бастайды. Кейде мүк көлдері шарасынан асып тасығандай болып жататыны осыдан.

Тоғай көлі мүкті көл болған соң мүк төмен қарай қалыңдай бере алмайды. Себебі мүктің астыңғы жағы судың түбіне барып тіреледі. Үсті жылдан жылға жасырып өседі. Астындағы мүк шірі бастайды. Үстіндегілердің салмағынан жаншылады. Сонымен бара-бара тығызданып, қатайып торф яки шымтезек деген бір қыртыс жасайды.

Сондықтан ескі мүкті көлдерді торфты яки шымтезекті көл дейді.

Көл қаншалық ескі болса, шымтезек қыртысы соншалық қалың болады.

Кейде бұл қыртыс төрт, бес саржан да болады. Ескі заманда кеуіп қалған көлдерден торфты үлкен қылып ойып алып соны, кептірген соң пешке отын қылып жағады, оның қызуы мол болады.

Петерборға сол торфты Финляндиядан әкеледі. Онда торф көлдері көп, шойын жолдың бойында талайы кездеседі. Вагондардың терезесінен қарағанда кейбір саяздау шұңқырларда торфты қазып алып жатқан қара шекпендерді көресін.

Сондай шұңқырлардың жанында торфтың қара яки күрең түсті кесектері көрінеді. Бұлардың жанында кішкене үй, торф кептіретін сарай және жақындағы бекетке баратын кішкене жол болады.

Бұл торф табушылардың мекені. Солардың жолы.

Торфтың тағы бір пайдасы оның ішінде нәрсе шірімейді. Торф күлінің ішіне ағаш түссе де, жануар түссе де неше жүз жылдар, не мың жылдар өтсе де соны шірітпей сақтай алады.

Өте ерте заманда жасалған торф көлдері бар. Соның ішінен әлігідей ескіліктің белгілері табылған. Сол белгілерге қарап бұрын бұл жерде қандай ағаш өскен, қандай аңдар жүрген, қандай құстар ұялаған соның бәрін де білуге болады.

Бір торф көлінің ішінен баяғы заманның бір соғыс кісісін атымен, барлық қаруымен тауып алған. Бұлардың еттері ағып кетіпті, бірақ сүйектері, қарулары неше жүз жылдар өтседе бұзылмаған. Бұл бақытсыз адам көлден атымен жалдатып өтемін дегенде батып өлген жан болса керек. Ауыр сауыт, ауыр қалқан көлден шығуына бөгет болғанға ұсайды.

Басқа, бір жерде торфты қазып бір саржандай тереңдікке жеткенде ескі Римның бір көпірін тапқан. Бұл көпір көл үстінен салған жол болса керек. Жолдың ізі де қалған жоқ.

Көпір әбден тозып көлдің ішіне құлап қалса да біздің заманымызға шейін жоғалып бітпей аман келген.

Ескі торф көлдері заман өткен соң кеуіп, құрғап қалудың үстіне, көбінесе іркінді топырақпен де басылады. Сонан соң бұрынғы көл болған жерде қайтадан ағаш шығып дала болады. Бірақ жер ішінде, тереңде торфтың қалың қыртысы жатады. Осымен неше мың жылдар өткенде сол торфтан бұрынғы ағаштан жасалғандай болып қалған өсімдіктердің түріне қарап, тас көмір, ағашты өсімдіктен шықты ма, шөпті өсімдіктен шықты ма, соның екеуін айыруға болады. Тас көмір қаншалық ескі замандікі болса, соншалық тығыз болып тасқа ұсай береді. Оның ішіндегі қосымша заттар азайып таза көмірдің өзі қалатын болады. Көмірлердің түсіне қарап та қайсысы бергі, қайсысы арғы ескі замандікі екенін айыруға болады. Өте ескі көмір қарарақ болады. Жаңадан жасалған көмірлер күрендеу, қоңырлау болады.

Таскөмірден жарқырауық газ шығарарда көмірді ауа кірмейтін үлкен пештің ішінде қыздырады, соның артынан «кокс» деген ең таза көмір қалады. Осындай қыздыруда таскөмір адам қолына түспесе де табиғаттың өзінен көретіні де болады. Одан жарқыраған сұр түсті жұмсақ кокс сияқты бір нәрсе жасалады. Оны графит дейді. Графиттен кәдуескі қарындаштар істеледі.

Жер жүзіндегі графиттің бәрі бірдей тас көмірден шыққан емес те шығар, бірақ соның кем болса, жартысы жоғарыда айтылған жолмен шыққан. Графит таза көмір. Бірақ үлкен қызуда болғандықтан жанатын сыпатын өзгерткен. Көмірдің мұндай болып өзгеруі тамаша сияқтанса, бұдан да тамаша өзгеріс те болады.

Жұрттың бәріне белгілі, ең қымбаты, ең сұлу тас бриллиант. Бриллиант деп қырлап сұлулаған алмасты айтады. Бұл өте қымбат бағалы тас. Кейде мұны жерден қазып алады да, кейде қатты тау жыныстарының ішінен айырып алады.

Біз, көмір мен графиттың арасында ұқсастық аз да болса бар дер едік. Екеуінің де түсі қара, екеуі де қағазға жұғады. Бірақ көмір мен алмастың арасында ешбір ұқсастық жоқ. Сөйтседе алмас та көмірден шыққан. Оны пиялаға ұқсатуға болады. Сол сияқты жылтыр. Бірақ ол тас көмірден пияладан һәм барлық басқа заттардың бәрінен де қатты.

Көмірдің бұлай өзгертін өзгерісін ұғу үшін күкіртпен тәжірибе істеп байқау болады. Күкірт те өзінің түсін өзгертіп, өзінің сипатын тез жаңартады. Бұл өзгеруі тас көмірдің өзгерісінен оңай болады. Күкіртті қай аптек-тен болса да тауып алуға болады.

Бір құманға суық су құйып қойыңыз. Сонан соң бір құм шынының ішіне күкіртті салып құмды оттың үстінде қыздыру керек. Күкірт аз-аздап ериді, сұйық болады. Сол бетімен қайната берсеңіз аздан соң күкірт қайтадан қоюлана бастайды. Түсі қарауытып күреңітеді. Бірақ тоқтамай тағы қыздырсаңыз ол тағы сұйық болады. Бұл уақытта ауада өзінен өзі жанатындай болады. Сондай болмас үшін ыдыстың бетін бір қақпақпен жауып қою керек. Содан плитадан күкіртті алыңыз да ішінде мұзы бар суық суға тез құйып жіберіңіз. Сонда сіз бұрынғы сары күкірттің орнына қоңыр жылтыр, жұмсақ, қолда былпылдап майысып тұратын балауыз сияқты нәрсені көресіз.

Күкіртте қандай өзгеріс болды?

Күкірт бұрынғы күкірт қалпында қалды. Бірақ қатты қыздырып, тез суытқандықтан оның түсі өзгерді, сипаты өзгерді. Бірақ сол күкіртті бір жерге сақтап қойсаңыз түсі өзгере бастайды. Ақшылданып содан сарғаяды. Аяғында кәдуескі омырылғыш сары күкірт болады. Сондықтан табиғатта жұмсақ күрең күкірт кездеспейді. Ылғи омырылғыш сары күкірт кездеседі. Алмастың өзінен өзі барып көмір болып кетпесе де, оны да күлдей қылып ұсатып сол күлін қыздырса, оның түсі өзгеріп қарайып, өзі жұмсақ болып көмір сияқтанады.

КӨМІРДЕН АЛМАС ҚАЛАЙ ШЫҚҚАНЫ ТУРАЛЫ

Алмас дүниедегі ең қымбат тастардың бірі. Сондықтан талайдан бері жұрттың көбі арзан көмірден алмас шығарып алудың айласын, барын салып, іздеп жүр. Бірақ бұл уақытқа шейін олар алмасты кесек қылып шығара алған жоқ. Олардың көмірден шығарған алмасы өте ұсақ, өте кішкене қиыршық болады. Одан әріні шығара алған жоқ. Тіпті ұсақ болғандықтан мыналарының бағасы жоқ. Сонымен бұл турада табиғат істеген шеберлікке адам өнері өлі жете алған жоқ.

Бірақ табиғаттың сырын білумен бірге біз ол табиғаттың қуатымен пайдалануды да біліп келеміз.

Сондықтан бір күндерде сол арзан көмірден кесек алмас шығару да жазап жұмыс болмайды.

Жұрттың бәріне де белгілі: су ішінде әр түрлі нәрселердің еритінін, су кепкенде сол нәрселердің қайтадан бірігіп кристалданатыны, нәрселердің көбі ыстық судың ішінде суық судан көрі тезірек ериді. Егер ыстық суға сол нәрсені күшті қылып еріткен болса, су салқындағанда кейбір заттары судан бөлініп кристалдана бастайды.

Бірақ су ішінде барлық нәрселер еріп кетпейді. Пияла, қарамай сияқтылар су ішінде бітеді де ерімейді. Бұлардың еритіні басқа сұйық заттар болады. Су ішінде ерімейтін қарамайды алып, ағаш майына тастасаңыз қарамай қазір еріп кетеді. Қатты нәрселердің бірде бірі де ерімейтін сұйық зат жоқ. Бір сұйық затта бір қатты нәрсе, екіншіде тағы бір қатты нәрсе еритін болады. Біз тас көмірді ерітетін сұйық затты тапсақ көмір еріп болған соң су түбіне отырғанда кристалданар еді. Сол кристалдан алмас шығару оңай болар еді. Бірақ істің ең қиыны көмір, ешбір сұйық заттың ішінде ерімейді. Оның жалғыз-ақ еритіні от болып еріген сұйық темірдің іші, соның ішінде көмір ериді.

Бұл сұйық зат салқындауға айналғанда қоюланып барып аяғында қатты болып қатады. Темір мен көмір араласып кетеді. Бұрынғы жұмсақ темір қатты болып, омырылғыш болады. Сондай болған темірдің кейбірін біз «шойын» дейміз. Кейбірін «асыл темір» дейміз. Бұл күнгі біз ұстап жүрген темір нәрселердің бәрінің ішінде де сондай көмір бар.

Көмірдің темір ішіне біржолата сіңіп кетпей қалған бөлімдері, темір салқындаған сайын соның ішінде кристалданып ұсақ-ұсақ графит, алмастың кристалдарын жасайды. Еріткен темір қаншалық көп болып, соның салқындауы қаншалық жай болса, солардың ішінде кристалданатын алмас та соншалық үлкен болады.

Жер шары салқындаған уақытта дүниеде от болып еріген көп темір де аз-аздап күннен күнге жай салқындай берген. Соның ішінде көмір де еріген, сол көмірдің кей бір бөлімдері бұл еріген сұйық заттан бөлініп алмас болып қалған. Су мен ауа көп-көп замандар өткенде темірді тоздырған, күйреткен, бірақ алмастар өзгермей қалған. Олар бұдан әлденеше мың ғасырлар бұрын қандайлық таза жылтыр болса, қазірде де сол күйінде қалған.

**ЖЕР ҮСТІНДЕГІ ЗАТТАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ. БІР ТҮСТІ,
ЗАТТАР ҒАМ ҚЫШҚЫЛТЫММЕН АРАЛАСҚАН
ЗАТТАР ТУРАЛЫ**

Өсімдік пен жануарлар жер үстіне пайда болғанына аса көп заман болған жоқ. Жер ыстық болып теңіздердегі судың бәрі суымай тұрған кезде жер үстінде өмір болған жоқ. Өмір сүрген жалғыз жердің өзі ғана. Оның өз ішінде жиі-жиі, үлкен-үлкен өзгерістері болып жатқан. Ол өзгеріс бұл күнде де бар. Бірақ қазірде бұрынғыдай жиі емес. Өзгерістің жүрісі өзгеше жай.

Жер шары суынғанша соның ішінде болған заттардың бәрі де өзгеруде болды. Бұл нәрселердің көбі күшті қызуды көтере алмай, еріген күйде де тұра алмаған. Бұл күнгі көріп жүрген нәрселердің көбі ол күнде жоқ болған. Жердің ол замандағы қызуы қаншалық күшті болғанын біз білмейміз, бірақ бізге белгілі нәрсе: ол уақытта бұл күнгі толып жатқан неше түсті заттардың бәрі бірдей болмаған. Ол күнде болған. Бірақ затты нәрселер, бұл нәрселердің ішіне бөлек жыныс араласпаған, өздері бір-ақ заттан құралған. Сондықтан оларды «бір туысты» заттар дейді. «Бір туысты» заттар көп емес. Бір туысты заттардың бірі күкірт таза көмірлер болады. Одан басқа бір туысты заттар деп барлық металдар саналады. Мәселен, темір, қорғасын, цинк, мыс, күміс, алтын, сынап және бұдан басқалардың бәрі де бір туысты нәрселер деп саналады. Қатты жердің көп бөлімі металл болады. Бұл металдардың бәрі де бұрын бірінен бірі бос болған, ешбір басқа нәрселерден қосылмай оңаша болған. Содан кейін талай ғасырлар өткен соң жердің сыртқы үстінде де, терең ішінде де бір туысты нәрселердің бірімен-бірі қосыла бастаған. Бірімен-бірі қосылған соң олардың түстері өзгеріп, сыпаттары да өзгерген. Екі жердегі бір туысты нәрселерден бір «көп туысты» нәрсе жасалған. Біз егерде мұның ішіне кірген жыныстарды бөліп, айырып алсақ, көп туысты нәрсенің неден жасалғанын білеміз.

Мәселен кәдімгі өзіміз көріп жүрген су екі газдың қосылуынан жасалған. Бұл екі газды құр ғана араластырсақ су шықпайды. Су шығару үшін бірін біріне сіңдіріп, жұтқызып, қосып жіберу керек. Бұл уақытта екі газдың араласуы болып қана қалмайды. Екеуінен сыпаты бөлек, айрықша зат шығады. Оның аты су.

Кейбір заттар бірімен бірі оңай қосылады. Кейбіреу-

лері қиыншылықпен қосылады. Кейбіреулері тіпті қосылмайды. Тегінде бір түйісті заттардың кейбіреулері ғана, азғанасы ғана, басқа заттардың барлығымен қосыла алады. Ол зат ауаның бес бөлегінің бірі болып тұрған «қышқылтым» деген газ, қышқылтымның басқа заттарға қосылуын таттану яки қышқылдану деп атайды. Бұлардың қосылуынан жасалған жаңа затты «тат» дейді. Мәселен, темір, су болса, қышқылтым араласқан соң үстін сары тат басады. Қышқыл көмір, көмірдің таты, известь айрықша бір металдың таты. Егер мыс ақшаны қып-қызыл қылып отқа қызартып, артынан салқындатсаңыз беті қарайып қалады. Бұл мыстың таты, мыс қышқылданады. Қышқылтыммен араласады. Осылайша күкірт жанғанда да күкірттің таты болып айрықша бір зат шығады. Сонымен барлық бір туысты заттардың бәрінің де өзінше таты болады. Металдар таттанған соң бұрынғы жылтыр түсінен, көркінен айрыла бастайды. Металл күйінен өзгеріп, кеуектеніп топыраққа ұсап кетеді. Сондықтан металдардың татын топырақ заты деп атайды.

Мәселен, темірдің таты сары түсті топырақ заты сияқты. Жер салқындаған уақытта металдар алдымен қышқылтыммен қосылған болса керек. Солар топырақ сияқтанып кеткен олардың бәрі де қышқылтыммен оңай қосылады. Басқа заттардың бәрі де сөйтіп таттанған, өзгермей қалғандары азғана болғанға ұсайды.

МИНЕРАЛДЫҢ ІШІНДЕГІ МЕТАЛДАР ТУРАЛЫ

Барлық заттар таттанумен бірге тағы өзгерілуден тоқталып қалмайды. Көп нәрселердің татының өзі бірімен бірі қосылады. Бұрын бір түсті заттың қышқылтыммен қосылғанындай енді таттар бір-бірімен қосылады. Осындай қосылудан әртүрлі минералдар шыққан. Бұлардың бәрінің араласуынан жер қабығындағы тау жыныстары жасалған.

Біз минералдың ішінде қандай минералдың барлығын байқаймыз. Бірақ шындап қарасақ металл топырақта, құмда, известь, барлық тастардың ішінде түгелімен бар болып шығады. Рас, көбінен оны айырып алу қиын, металдардың кейбірі басқа заттармен мықтап байланысып қалады. Бірақ қалайда болса, бір металды екінші металдан айырып алуға болады. Кейде бір ме-

талды екіншісі айдап шығатыны болады. Оны білу үшін: сірке мен қорғасынның қосылғаны болады. Атын қорғасын қанты дейді. Сонымен аптектен сатып алыңыз. Бұның түсі ақ болады. Азырақ тұзға ұсайды. Бірақ темір затты қорғасынға да, сіркеге де ешбір ұқсастық жоқ болады. Бірақ екі заттың қосылғанында онан да жажабырақ өзгерістер болады. Сондықтан бұран таң қалу керек емес. Енді сол қорғасын қантының ішіндегі қорғасынның анық бар жоғын білу керек болса, оны басқа бір металмен айдап шығуға болады. Қорғасынды айдап шығатын металл цинк қорғасын қантының бір бөлімін стаканға су құйып соның ішінде ерітіңіз де бір көлденең таяқтың бетіне жіп байлап, сол жіптің ұшына бір түйір цинк байлап, соны стакандағы судың ішіне кіргізіп асып қойыңыз. Сол қалінде қозғамай қойсаңыз бірнеше сағаттан соң бұнда болған өзгеріске таң қаласыз. Бұрынғы бір түйір цинк жоқ болады. Оның орнында жеке бір түп ағаштай болып жарқырап түптеніп тұрған жапырақтарды көресіз. Бұлар жан-жаққа тарауланып, сұлу болып жарқырап тұрады. Цинкке ұсамайды. Анығында бұл цинк емес, қорғасын. Қорғасыннан жасалған түп болады. Ол еріткен судан бөлініп шыққан. Оны цинк айдап шығып өзі оның орнына сіркемен қосылып кеткен.

Енді стаканыңызда сірке мен қорғасынның қышқылы емес, цинк пен сіркенің қышқылы қалған болады.

Осы сияқты, темірдің мысты айдап шыққанын байқаңыз. Бұл үшін бір көк түсті, жылтыр, қатты мыс купорос деген нәрсе болады. Соны алыңыз. Мұның ішінде қышқыл күкіртпен қосылған мыс бар. Ол көзге көрінбесе де барлығы хақиқат. Суға сол мыс купоросын қою қылып езіп, соның ішіне әбден тазартылған пышақтың үшін тығайық. Екі-үш минут сонда ұстап тұрып қайта суырып алсақ, пышақтың үші қызарып мыс сияктанып қалғанын көреміз. Бұл мысты темір айдап шыққан.

Сол ретте әлігінің ішінде пышақты ылғи ұстап тұрсаңыз, бірталайдан соң темір пышақ мыс болып шыққанын көресіз.

Мыс купоросының ішіне бір, екі күнге бір темір шегелерді салып қойыңыз. Бір түннен соң сұйық заттың түсі өзгереді. Бұрынғы көк түсінен айырылып жасыл бола бастайды. Бұл бұрынғы көк түсті мыс купоросының орнына қазірде жасыл түсті еріген темір тұрғандығын білдіреді. Барлық мыс стаканның түбіндегі шеге-

лерге келіп отырған. Олардың үстінек мыс қабығын жиып алуыңызға болады.

Осы ретпен басқа минералдың ішінде болған мысты оңай айырып алады. Әуелі оларды қышқыл күкірттің ішінде ерітіп барып мыспен қосады. Бұлардың қосылғанынан баяғы мыс купоросы шығады. Оның ішінен мысты жоғарыда айтқан кесек темірді тастап отырып айырып алады.

РУДАЛАР ҒАМ ОЛАРДЫҢ ІШІНЕН МЕТАЛДАРДЫ ШЫҒАРЫП АЛУ ТУРАЛЫ

Заводтағы машиналармен ішінен металдар айырып алатын минералдарды руда дейді. Сондықтан темір руда, мыс руда, қорғасын, цинк рудасы дегендер бар. Темір рудалары кейде тұтасқан биік тау болып жатады. Ондай таулар әсіресе Орал тауында көп. Сондықтан баяғы заманнан бері қарай Оралда өлденеше жүз темір заводтары бар. Заводтарда руданы қорытады, шойын мен темірді айырып алады да соларды барлық Рүссияға таратып отырады. Заводтардың айналасында қалың тоғай болса да, биік тау болса да қалалар өсе бастайды. Қаланың барлық жайы үлкен-кішісіне қарамай сол заводтың қызметінде болады. Заводтар соларды асырайды. Кішкене қалалар үлкен сауда қалалары болып байи бастайды.

Темір заводтарының қызметі қыста, жазда тоқтамайды. Күндіз де, түнде де мұнараға ұсаған үлкен «домна» пештері тоқтамай үлкен қызуды жанып тұрады. Сонда руданы ерітіп шойын шығарады. Тарсылдаған машина даусы, жұмысшылардың айқайы барлығы қосылып таңертеңнен кешке шейін басылмайтын у-шу болып жатады.

Егер темір рудасы біздің Оралдікіндей жалғыз ғана татпен араласқан болса, оны тазартып, темірді айырып алу оңай. Бұл үшін домна пешіне бір рет үстіне көмір салады, соның үстіне бір қабат руданы салады. Одан тағы отын, оның үстінен тағы руданы салады. Сонымен пештің іші әбден толғанша кезек-кезек отын мен руданы салып қойып астынан жаға бастайды. Астыңғы отын қызған кезде машинамен көрік басады. Сонымен отты қыздырып лаулатып жандырады. Көмір қатты қызып жанып, ауаның қышқылтымының бәрін көмірге сіндіріп, өзі таза темір болып қалады. Темір күшті қызудан

еріп, ішіндегі көмірінің жартысынан айрылып шойын болып қалады. Шойын өзінің ауырлығының арқасында төмен қарай ағып пештің түбінде жиылып қалады.

Ерітіп алған шойынды пештің тесігінен мезгілмен ағызып алып, пештің үстіңгі жағына жаңа көмір, жаңа руданы үзбей салып отырады. Сонымен жұмыс тоқталмай жүреді. Шынында жұмыс тоқтатудың көп залалы болар еді. Себебі жұмысқа кіріскен сайын пешті қайта жағып, қайта қыздырып отыру керек. Оған артық уақыт, артық отын кететін болады.

Бұл мысалдан, қыздырған көмірдің темір рудасынан қышқылтымды айырып алатын қасиетін білдіріңіз. Басқа металдардың ішіндегі қышқылтымды да осылайша айырып алады. Сондықтан өзге металдарды айырарда да көмірмен пайдаланады.

Кейбір металдар үшін көмірді аса қатты қыздырмаған пайдалы, кейбірі қатты қыздыруды керек қылады. Бірақ бәрінде де қызған көмір қышқылтыммен оңай қосылады.

Сахара шпаты сияқты көп туысты тау жыныстарының ішінде «калий» деген бір қызық металл болады. «Калий» қышқылтым мен көмірден де оңай қосылады. Мысалы: «калийдің» бір түйірін суға тастасаңыз ол судың ішіндегі бөлімдерін айыра бастайды. Қышқылтымды өзіне тартып алады. Және бұрын қышқылтыммен араласқан екінші газ судан шығып кетеді.

Көп минералдардың татының ішінен қышқылтымды калий оңай айырып алады. Бірақ қыздырған уақытта калий да қышқылтымын көмірге береді.

Калий ең жұмсақ металдың бірі. Оны пышақпен кесуге, балауызша илеуге де болады. Өзінің түсімен, жылтырлығымен ол күміске ұқсайды. Ауада тез қарайып кетеді. Себебі қышқылтыммен қосылады. Содан ауаға калийдің аппақ болып таты шығады.

Өзге металдардың бәрі бірдей калийше қышқылтыммен тез қосыла бермейді. Бұндай металдар көп минералдың ішінде болса да, оларды қосымшасынан айырып алу қиын. Және металл күйінде де ұзақ тұра алмайды. Сондықтан калий мыс, темір қорғасын, қалайы, күміс, алтын жараған іске жарамайды.

АЛТЫН ТУРАЛЫ

Өзге металдардың ішінде алғы бір қалыпта тұратын алтын. Ол ауада да, дымды жерде де бұзылмайды. Сондықтан егер ол қымбат болмаса бүгінгі темір деп жүрген нәрселердің көбін содан істер еді.

Алтынды әртүрлі тау жыныстарының ішінен айырып алады. Айрықша алтын рудасы болмайды. Басқа тау жыныстарының ішінде ұсақ-ұсақ түйір болып кездеседі.

Неше ғасырлар әртүрлі заттардың түрлі-түрлі болып өзгергені алтынға әсер бермеген. Ол өз басы бөлек еркін қалған. Таттанған да емес, басқа бір туысты заттармен де қосылған емес. Әуелгі жер қабығы қата бастаған кезде бір тау жынысының ішінде отырып қалған бойымен осы күндерге шейін сақталып келген. Тау жыныстары одан беріде судан бұзыла бастаған. Алтын да ұсақтанған. Ұсақ құм, ұсақ топырақ болып, солардың арасында көрінбей кеткен. Таудан қатты сулар аққанда оларды ағызып жайдақ өзендердің жағасына шығарып кеткен. Сол соңғы отырған жерінде де алтын жарқырап сұлу күйін жоғалтпайды. Осы күнде өзен ертінділерінің ішінен сондай алтындар көп кездеседі. Кейбіреулер сол қиыршық алтынды жиып құмнан, басқа минералдан айырып алады.

Алтын шыққан ертінділері «алтын шашырандысы» дейді, алтын қазып алатын жерді «приск» дейді. Алтын шашырандысы көбіне Сібірде кездеседі. Барлық орыс алтыны түгелімен Сібірден шығады. Алтын табу үшін бұнда әр жерден келетін кен қазушылар көп болған.

Олар елсіз, есіз тауды, қалың тоғайларды аралап бір даладан екінші далаға түсіп кезіп жүріп, өзен ертіндісін қазып қарап алтын іздеген.

Алтын табыла салысымен бұрынғы адам, дыбыс естімеген, тағы аңнан басқа ешнәрсені көрмеген елсіздер ұйқыдан ояңғандай болып жандана бастайды.

Шашыранды алтын көп көрінсе, жеңіл табыс таппақ болған байлар шұбырады. Олардың артынан топ-топ жұмысшылары барады. Темір заводтарының айналасындай болып бұл кішкентай өзендердің айналасында да қалалар салынады.

Ағашты кесіп жылдамдатып үйлер сала бастайды. Алтынды топырақтан тазартатын «шайқауыш» машиналар жасалынады. Әр жерден шұңқырлар қазып, арықтар жүргізеді. Бір алтын заводының артынан екін-

шісі шығып өзеннің жағасы өзгере бастайды. Өзен жағасы көркінен айрылып бұзылады. Жердің бәрі шүрк-шүрк тесік болады. Маңайдағы тоғай өртелген, кесілген, жағаның бәрі үйілген тас болады. Өзеннің бұрынғы мөлдір таза суы лайланып сұрланған болады.

Бұнда да шек білмейтін адам (...) пайданы қуып жанына жем беретін табиғаттың сұлулығын жоғалтады. Оны ойламайды, ескермейтін болады. Бірақ адам баласы әншейіндегі өмірінде байқалмаса да, ауырып тұрған уақытта табиғаттың қадірін ұғады. Ауырып тұрған адам табиғаттың сұлу көркінен басқа ешнәрсені қаламайтын болады.

Бұл әңгімені оқып шығып, жердің жаратылыс тарихы жайынан біраз мағлұмат алған соң сіздер де табиғатқа білім көзімен қарап, жаратылыстың сұлулығына ықылас бөлерсіз деймін. Сонда сіздерге: мұнартқан көгілдір тау, жасыл дала, күміс өзен, толқынған көк теңіз сұлу көркімен қызықты, жарастықты көріне бастар. Сіздер де сүйерсіздер деп үміттенемін.

Н. Погдин

АҚСҮЙЕКТЕР

Үш актылы пьеса

ҚАТЫНАСАТЫН АДАМДАР

Громов
Начальник
Тәрбиеші
Садовский } Мамандар
Боткин }
Шеркеуші инженер
Костя-капитан
Соня
Лимон
Митя
Дама-Нюрка
Берет
Алеша
Цыган
Таңбалы әйел
Нинка
Тамара
Карась
Петин
Пыжов
Душечка
Требушка
Барпаламей-поп
Днякин
Саша
Құлақ қатын
Пепела
Махно
Комендант
Дәрігер
Садовскийдің шешесі
Маргарита Ивановна — Садовскийдің хатшысы
Сызық сызушы
Пароход капитаны
Повар
Завхоз
Десятник
Үй тазалаушы әйел
Санитар
Қарауыл
Екінші қарауыл
Тізімші

шетінен: бандит, ұры, қылмысты-
қаныпезер, құлақ, тағы сол сияқты
болған адамдар.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші эпизод

‘Күн лайсаң, қамаудағылар шығады.

Қарауыл. Көңілден, көңілден.

Алеша. Кәдімгі, лайсаң күн.

Цыган. Жаным-ау аспанға қарасаңшы, тастай тылсымдай ғой. Жерін көрші қойыртпақ. Сүйел, басқан беттей. Цыган-ау, сені қайда айдап салды? Не үшін? Екі ақ ат үшін бе? Не деген аспан!.. Өзі ұры...

Карась. Осы шетте он жыл... Бірақ өлтірмей, жылдар созылатын ұзақ өлімге бұйырды.

Алеша. Кәдімгі лайсаң дүние.

Қарауыл. Көңілден, көңілден!

Карась. Жер-ақ... қар да қар... Желі мынау ышқына, ышқына соғады. (*Садовскийге.*) Осы қай губерня?

Садовский. Карелия.

Карась. Карелия, естіген емен.

Диякин. Қадімнен мәлім, бірақ кітап сөзіне қарағанда сұм жер...

Алеша. Кәдімгі қарлы боран, одан зоры да болады.

Карась. Осы шетте он жыл... Бірақ өлтірмей, жылдар созылатын ұзақ өлімге бұйырды. (*Көрінбей кетеді.*)

Берет (*шыға бере*). Румба рахат би, румба менің арманым... Румба келген испаннан, румбаны билей қалғаным... Қандай бұйым, береді екен. Петровка Кузнецкийдің бұрышы. Жасыл от жандыршы, жолдан өтпекпін...

Лимон (*попқа*). Рақым етіңіз! Міне, мұнда. (*Ұрлайды.*)

Берет. Айырбас, айырбас: жақсы шулки, құйма қант, сап күмістей өже дұғалығы — крестьянның жаңа дамбалы, Павел Буре сағаты да бар...

Лимон (*ұрланған нәрселерді қарап*). Інжіл. (*Попқа*). Гражданин, мынадан айрылмаңыз, сіздің товар, сізге алтын ғой. Берет, отынды берші.

Берет. Рақым етіңіз! Лимон.

Лимон. Әрқашан маған сүйен.

Берет. Шәк қылма.

Лимон. Буре... іші толы шойын...

Берет. Мынау мозер ме? Одесса ғой.

Комендант. Садовский Юрий Николаевич! Инженер!..

Садовский. Ия.

Комендант. Начальникке жүріңіз.

Берет. (Садовскийге). Сіз маған шляпаңызды сатпайсыз ба?

Садовский. Жоқ.

Берет. Құдай ұрсын сізге шляпа жараспайды. (Ананың шляпасын алып өзі киіп ап.) Мен Петр үшін туғанмын.

Садовский. Қойыңыз қалжақты.

Лимон. Сыйлаңыз шляпаңызды. Аяйсыз ба?

Берет (шляпамен сәнденіп жүріп). Мені көріңізі өзіңіз. Сұр қалпақтың астынан мынандай көз, тун қиялындай. Қысқасы шляпа менікі.

Садовский. Бұл не бұл? Мен қарсымын.

Лимон. Не дейсің? Әр құдай таптаған адам кімге қарсысың, бізге қарсымысың? Қара, бізге қарсы.

Садовский. Бұ не бұл?

Комендант. Немене? Ну? Иесі кім?

Лимон. Берет, бер шляпаның шляпасын.

Берет. Гражданин комендант, бұл кісіде жүрек жоқ — өкпе бауыр колбасасы ғана бар.

Комендант. Сөйлемем.

Лимон. Ал шошыдық, қалтырадық, сөйлемедік.

Комендант. Инженер Садовский сіз бе?

Садовский. Ия, мен...

Комендант. Менімен начальникке жүріңіз.

Садовский. Жүрейін, жүрейін.

Капитан. Ғафу өтінем бұл портсигар менің ата мұрам. (Жұртта үн жоқ.) Сіздер әлде танымай тұрсыздар ма мені?

Лимон. Таныдым.

Капитан. А, таныдыңдар ма, бек жақсы. Менің ойымша біз мұнда уақытты онша жаман өткізбеспіз.

(Сырылып.) Лимон, маған сүйек.

Тізімші. Бәрі түгел ме?

Қарауыл. Түгел.

Тізімші. Ал кірсейік. Фамилиясы, өз аты, әкесі, статьясы.

Құлақ қатын. Әрмен әрі.

Санитар. Қонақтарды алғашқы сыйға шақырамын. Нәрселеріңізді алып маған еріңіздер, граждандар. (Жұрт шыға береді.)

Капитан (Соняға). Соня! Соня! Осы сізсіз бе, жоқ көлеңкеңіз бе? Сіз бұл курортқа қалайша соқтыңыз?

Соня. Дәл өзіңізше соқтық.

Капитан. Ханымдар өтінемін, жоғалыңыздар. (Әйелдер кеткен соң Соняны дос адамша құшақтап, оның перчаткалы қолын қысып.) Есенсіз бе Соня, қай жерде ұстады?

Соня. Қырымда. Сені ше, Костя?

Капитан. Батумда. Турцияға беттеп ек, міні енді Финляндия шегіне келдім... Асау өмір.

Соня. Бұл жер жаман Костя, өте жаман.

Капитан. Ойың не Соня.

Соня. Қашам.

Капитан. Қашық қой... Мурманка... тоғай... қиын.

Соня. Білемін. (Кеңседен Громов пен Садовский шығады.)

Громов. Қазір ат келеді.

Садовский (қалталарын қарап). Менің портсигарымды ұрлап әкетіпті.

Громов. Байқаңыз. Бұл детдом емес, сіз жеке бөлме аласыз. Айтпақшы сіздің ісіңіз қандай еді?

Садовский. Менің ешбір ісім жоқ еді. Істі болған институтта бірге оқыған жолдастарым еді. Солар ұсталып мойнына алды да, мені қоса әкетті.

Громов. Инженер Боткинді білесіз бе?

Садовский. Жоқ. Ә, Боткин, не білем, ол менің институттағы ескі жолдасым еді.

Громов. О да осында. Біздің қандай құрылыс жасап жатқанымызды білесіз бе, жоқ па?

Садовский. Естігем... Түрмеде.

Громов. Ондағы, жаман мағлұмат қой. Қазір іс басына барамыз.

Садовский. Құп.

Громов. Мұнда гидро-техникке жұмыс көп. Жартасты шауып, тосқауыл қойып дарияны бұрып сап теңіздерін теңселтеміз; менің учаскемдегі істі бүгін қолға алыңыз.

Садовский. Бұл қалайша?

Громов. Қәдімгі инженерше, құрылысты қолға алыңыз. Сіз белгілі гидро-техниксіз. Тартыңыз, папиросыңыз бар ма?

Садовский. Сіз көп сый жасайсыз. Мен тіпті тү-

сінбеймін. Мен мұнда он жылға айдалған кісімін. Қамаудағы адаммын. Қылмыстымын.

Громов. Бізде қамау уақытын көп қысқартуға болатынын естіппеңіз?

Садовский. Оны да естігемін.

Громов. Ал қосымша уақыт алатыны тағы да болады.

Садовский. Ол қалай?

Громов. Жаңа қылмыс болса, әрине он жылға тағы он жыл жамалады, жүріңіз іске кірісейік.

Садовский (*шеле*). Жаксы. Бұйрыңыз.

Громов. Ертең сіз бұйыратын боласыз.

Садовский. Күп. (*Бұлар кетеді.*)

Капитан. Ең бір жек көретінім осылар... чекистер, ромбылар... жұмысқа жеге ме?

Соня. Тегісінен жегеді.

Капитан. Осылар осы немене шұқып жатыр дейді.

Соня. Әлде нендей бір, Беломор-Канал дейді.

Капитан. Не қылмақшы?

Соня. Білмеймін.

Капитан (*қарқылдап күліп*). Тамаша, жұмыс істейтін кісі мен болам. Мен Костя-капитан совет өкіметінің күнделік жұмысшысы болам... Сонька сен бұлардың социализмін құрысуға жазылдың ба, жоқ па?

Соня. Мен бе?.. Жазылдым...

Капитан. Бәсе, біздің ақсүйектер мәлім ғой. Дұрыс, Соня намысымызды жіберме. Сонька байқа, қасымда бол. Өлмейміз, жуликтер бірлесу қажет.

Тізімші. Жазылмағандар бар ма, жоқ па?

Соня. Костя ұмытпа... Біргеміз.

Капитан. Люкс Манжурия, қайта сапар. (*Соня кетеді.*) Тізім бе! Мені қай фамилиямен соттады екен осы? Гребесков?.. Жок. Иван Иваныч Палтников... Ол Ярославтағы кесім. Барлық өмірбаяным шатасқан. Бірақ не паркы бар? Өз әкемнің фамилиясымен Костя Дорохов болып жазылайын. Он жыл қамау... Және төрт рет үйлену...

Тізімші. Гармошка үнінді өшір...

Капитан. Бұл ұжмаққа жазатын сізсіз бе? Өзі тегін бе екен, жоқ гербовой маркы керек пе? Бала, осы сізбен бір жерде іштім-ау мен! Сіз Ленинград — Тифлис жолының вагон ресторанына бастық едіңіз. Сіз де мұнда екенсіз ғой.

Тізімші. Тап-таза бес жылым бар.

Капитан. Қаліңізге түсінем. Өмір ол құбылған ойын ғой. Сонымен жазыңыз. Фамилиям былық араласпасын — Дорохов, атым Костя, әкемдікі де сол. Кәсібім күннен түнге, түннен күнге дейін жортуыл. Тіпті болмаса көр маманымын.

Екінші эпизод

Капитан. Аман ба жортарлар?!

Саша (орнынан). Кет әрі, тұқымынды ұрайын.

Капитан (шебер түрде таңданып). Әй, бұ қайсының? А, сізсіз бе сүйдеген?

Требушка (әндетеді). Қаныммен сүймеймін...

Капитан. Есіңізді жиған соң — келіп ғафу өтініңіз... Аман ба жортарлар?

Көп дауыс. Капитан! Костя!.. Капитан!.. Капитан!..

Дауыстар. Аман ба хозяин?

Капитан. Мен тәрбиелі, биязы, таза адамды сүйемін. Дұрыс па Лимон?

Лимон. Біз тәрбиелі, биязы және өл-өлгенше өзіміздік адамды сүйеміз, шешін капитан.

Цыган. Бұл капитан не қылған адам? Айнала қазайын.

Лимон. Оның әдеті сол. Абақтыға да, банкаға да хозяин бола кіреді. Ұмытпа атағы капитан. (Берет пайда болады).

Берет. Капитан менің сағатымды ұрлаған қай оңбаған.

Лимон. Ал менікін ұрлаған жынды, құнсыз, сүмелек ит кім?

Берет (жуасып). Қысқасы, сенің ұсынысың не?

Лимон. Шарт бұзылсын. Сағатыңды өзің ал да, менікін өзіме қайыр.

Берет. Сағатың не? Мен сыпайы адам.

Лимон. Әйтпесе текке қан төгіледі.

Капитан. Лимон, сен кесек ұрысын. Бірақ панасыздарша менің көзімше біріңді-бірің ұрлауың не? Мағынасыз жұмыс.

Берет. Еркектер келіңдер тура айтысайық. Е Лимонның сағатын ұрлапты. Мозермеді?

Лимон. Мозер.

Берет. Бұл жолдасқа қиғаш қарау.

Капитан. Үгіт пе! Тамаша, сіздерге үміт керек пе?

Требушка. Ханым, мұның бәрі түк емес...

Капитан. Іш пысты. Карта бар ма?

Лимон. Бар.

Цыган. Не ойнайсың, не тігесің?

Капитан (цыганға). Мен сенің етігінді тігемін.

Өй, мына етікті кімнің ұтқысы келеді?

Лимон. Костя ұста... Бұл біздің кісі, жарамайды.
(Маргарита Ивановна мен комендант кіреді.)

Маргарита. Жақсысыздар ма. Бізге қандай мамандар келгенін сіз білесіз бе?

Комендант. Иә мамандар-ақ.

Маргарита Ивановна. Сіз технический управлениеге мағлұмат беріңіз.

Комендант. Жарайды. Жүріңіз екінші бараққа барайық.

(Екеуі кетеді.)

Капитан. Осы бір серуендеп жүрген қыз кім? Осы өзі маған ұнайды. Кім өзі?

Саша (алдында Костядан жығылып қалған, енді жағына). Ол жас қыз технический управлениенің іс жүргізушісі, аты Маргарита Ивановна.

Капитан. Мен сол жас қызды банкеге қоям. Кімнің ұтқысы келеді! Маргарита Ивановнаны. Ал, Маргарита Ивановнаға менімен кім ойнайды.

Лимон. Ал, мен бастым қызға қарай.

Капитан. Не тігесің?

Лимон. Төлеуі табылады.

Саша. Зекс. Келіп қалды.

Алеша. Қыстың бір суық күнінде.. (Карта жасырылады.)

Завхоз. Әкел картаны, шығар картаны. (Шу басылады.)

Лимон. Сен қайдан шықтың? Ол, дүниеден бе?

Комендант. Қорқытпа. Жігіттер, мен өзім де қамаудағы адам. Беріңдер картаны.

Лимон. Ізде.

Комендант (ізден). Маған айтқаны кәні, жұтып қойдыңдар ма, немене?

Лимон. Ақымақсың, тәлкек еткен ғой. Біз картаны қайда ойнайтынын да білмейміз.

Комендант. Мені де үйтіп оңай көрме. Мен өзім де... (Іздейді). Жоқ па, сонымен. Мен үйтіп...

Капитан (бұған). Гражданин ғафу өтініңіз. (Үн

жоқ.) Мен сізге маслиқат етем — ғафу өтініңіз. (Үн жоқ). Мен үшінші рет...

Требушка Ханым, мен сүймеймін...

Комендант. Ғафу өтінем. (Кетеді. Күлкі).

Капитан. Біз оның көйлегіне, тоқымаларына, чулкилеріне, барлық кәкір-шүкірлеріне ойнаймыз, ең ақырында оның махаббатын коньге қоямыз. Кім ұтқызса сол, қызды тірідей алып келеді. Байлау сол ма?

Лимон. Тұрақты байлау сол.

Капитан. Таза ойын ғой.

Лимон. Даусыз.

Капитан. Пальто!

Лимон. Және!

Капитан. Және пальто...

Лимон. Болды. Пальто сіздікі. (Күрсіну, тынышсыздық).

Капитан. Қалпағы.

Лимон. Бастым. Және, және қалпақ сіздікі.

Цыган. Капитан еңсерді. Капитанға мээ қойдық.

Берет. Мээ қоюға бола ма?

Лимон. Ақырын.

Капитан. Банкеге қыз қойылды.

Лимон. Бастым. Және, және болды. (Үн жоқ).

Цыган. Үш... жеті... он бір. (Тегіс күрсіну). Капитан!

Лимон. Қыз сіздікі. (Топ ішінен тер басқан будыраған жүзбен атып шығады).

Саша (мээ болып). Көзі тірі қатынды ойынға салады. Бұл неткен адамдар?

Үшінші эпизод

Комендант. Жолдас Громов.

Громов. Не айтасыз, гражданин комендант.

Комендант. Таңертеңгі поезбен начальник кепті.

Громов. Қазір қайда екен?

Комендант. Стансадағы агент аппаратпен мәлім етті: «шықты, қарсы алыңдар» дейді. Біз міне күтіп тұрмыз.

Громов. Тағы не бар?

Комендант. Тағы бір хабар, ұрылар технический управленненің қызметкері Маргарита Ивановнаны картаға ұтқызыпты.

Громов. Ер жұрт, кімдер екен?

Комендант. Естуімізше ұтқызушы жаңа келген топтың адамдары. Өздерінің айтуынша бұнда бұлардың құдайы кепті. Кесек шелер, қасқыр ұры дейді. Атағын жасырады. Сырлары берік.

Громов. Бірен-саранды мобилизовайть етіп міндет тапсырыңыз. Тәрбие бөлімін хабарландырыңыз. Тағы не бар?

Комендант. Басқа оқиға жоқ.

Громов. Жақсы... Әр комендант, комендант осыны-ақ қоздыра алмай қойдым. Қамаудағы адам. Әмір жүргізуден қорғанады.

Маргарита Ивановна. Гражданин начальник, мені картаға ұтқызыпты.

Громов. Отырыңыз.

Маргарита Ивановна. Бұл даусыз, анық.

Громов. Бекер демеймін, отырыңыз.

Маргарита Ивановна. Жоқ, сіз әлде сенбейтін шығарсыз. Бандиттер кеше мені картаға ұтқызыпты. Сонымен кеше кешке клуб жанында мені бір жігіттер шетке қағып пұшпақта, жолға, батпаққа қарай қақпайлады. Біреуі менің аузымды баспақ болды. Ал екіншісі... Бірақ мен айқай салған соң, үн қатпай тайып кетті.

Начальник. Сәлемет пе жолдас Громов? Айта беріңіз.

Маргарита Ивановна. Мен қамауда-ақ болайын, бірақ пана қайда, зорлық қой!

Громов. Комендант! *(Маргарита Ивановнаға.)* Мен сізге, бөгелмей жұмысқа баруға бұйырамын. Кеш сайын клубқа барыңыз. Бірақ шығарып салушылар болмасын. Барыңыз, жыламаңыз.

Комендант. Әзірмін жолдас начальник.

Громов. Жеті сутка.

Комендант. Кімге?

Громов. Сізге

Комендант. Қазірден бе?

Громов. Ертеңнен.

Маргарита Ивановна. Сонымен жалғыз жүруге бұйырасыз ба?

Громов. Солай бұйырамын.

Маргарита Ивановна. Рақмет. *(Кетеді.)*

Громов *(начальникке)*. Бұл торксиннің кассасынан отыз мың соққан кісі. *(Комендантқа.)* Мынау қағазды тиісті орнына тапсырыңыз. «Басқа оқиға болған

жоқ». Өзің қандай чекист болып ең? Огоротын басқарып пең әлде? Жеті сутка, барыңыз, қимылдаңыз.

Н а ч а л ь н и к. Бұл қалай Громов, сенде карта базары ашылған ба? Ойын үлкен ғой.

Г р о м о в. Сіз маған ылғи зиянкестерді жібересіз, өншең гүлді, нәрлі.

Н а ч а л ь н и к. Ісмеріне қарай аспабы, бағалай біл.

Г р о м о в. Бағалаймын.

Н а ч а л ь н и к. Бұл мырзаларды қалай түзер екенсің, қызығынды көрейік.

Г р о м о в. Ә, түзеу қажет.

Н а ч а л ь н и к. Қаналды да қазу қажет.

Г р о м о в. Қаналды да қазу қажет.

Н а ч а л ь н и к. Әрқашан, бізді мұнда неге жібергенін ұмытпау керек. Бағытыңды ұмытсаң құладым деп біл.

Г р о м о в. Мен сүйеу болатын жігіттерді екшеп алдым.

Н а ч а л ь н и к. Көп пе?

Г р о м о в. Әлі көп емес. Бірақ көбейеді. Менде салт жөніндегі қылмыстылар аз. Мүмкін болса соны төгіңкіреңіз.

Н а ч а л ь н и к. Төгеміз. Талантты адамдар бар.

Г р о м о в. Соны беріңіз.

Н а ч а л ь н и к. Көмек бер дейсің, ә? Өз адамыңды танысың ғой?

Г р о м о в. Іздеймін, көтеремін, бет берем.

Н а ч а л ь н и к. Мұның дұрыс жолдас Громов. Ну, инженерлеріңді әкел. Қандай халық. Мен әлі көргем жоқ.

Г р о м о в. Инженерлер... тым құрыса осы тұста болыссаңыз етті. Кімді жіберіп отырсыз? Инженер деген таза праволы контрреволюция емес пе? Комендант! Мен мың банданы темірші қып шығара алам. Бірақ бір. *(Комендант кіреді)*.

К о м е н д а н т. Әзірмін жолдас начальник.

Г р о м о в. Инженерлерді жиыңызшы.

К о м е н д а н т. Мақұл.

Н а ч а л ь н и к. Немене сен жылай бересін Громов? Қажуың ба, неменең?

Г р о м о в. Кейде көп түйіннен бас қаңғиды.

Н а ч а л ь н и к. Бас қаңғығанда маған кел. Громов, мұның сөз емес. Маған мұндай сөз жақпайды, жолдас Громов.

Г р о м о в. Менікі жолдас көргендік еді.

Н а ч а л ь н и к. Маған бұл түрдегі жолдастық сөз де жақпайды. Егер жолдас Громовтың шамасы бала бақшасында ғана болса, біз мұнда жібермес едік. 22-сі күні главный управлениюге келуге бұйырам. Таңертен менің пәтеріме келерсің, шайға.

Г р о м о в. Мақұл.

К о м е н д а н т. Зиянкестер әзір.

Г р о м о в. Инженер Иванов — шеркеу салғыш маман. Бұзық, қазына жегіш.

Н а ч а л ь н и к. Отырыңыз.

Б о т к и н (шляпасын алады).

Г р о м о в (начальникке). Инженер Боткин.

Н а ч а л ь н и к. Қиіміңіз мезгіліне лайықсыз екен.

Б о т к и н. Мен кабинет қызметкерімін.

Г р о м о в. Ғалым, тапқыр... өнерлі дворян, контр-революционер және зиянкес.

Н а ч а л ь н и к (Боткинге). Отырыңыз.

С а д о в с к и й. Есенсіздер ме?

Г р о м о в (начальникке). Инженер, Садовский — ірі маман және ірі зиянкес. Бұнда келгенде де ашық саботаждан бастады.

Н а ч а л ь н и к. Бәріңіз жиылдыңыз ба?

С а д о в с к и й. Бәріміз.

Н а ч а л ь н и к. Сіздер, участкелеріңіздің орасан артта қалғанын байқайсыздар ма, жоқ па? Көрмейсіздер ғой. Сводка оқымайсыңыздар. Бұнда жиылған өңшең ірі инженерсіздер. Аппарат мығым, оны жақсы білесіздер, отырыңыздар. Неғып олқылықта қалып отырсыздар? Бұл тура істен қашу ғой. Бұл саботаж. Мен үш сұраққа дәл жауап тілеймін: дамбыны қашан жасайсыздар, платинаны қашан орнатасыздар, ағаш шлюздің проектісін қашан тапсырасыздар?

Б о т к и й. Менің қолымда материалдарым жоқ. (Жымиып). Соны алып келуге рұқсат етіңіз.

Н а ч а л ь н и к. Пожалуйста, бірақ тезірек.

Б о т к и н. Құп.

Ш е р к е у ш і и н ж е н е р. Менде барып, қарап келуім керек еді.

Г р о м о в. Пожалуйста, жалғыз-ақ тез қайтыңыз. Сіздің де барып келетініңіз бар шығар, солай ма?

С а д о в с к и й. Ие.

Г р о м о в. Ашық жұмыс.

Н а ч а л ь н и к. Сөз байласқалы кетісті.

Громов. Шімірікпейді тегіс.

Н а ч а л ь н и к. А, сен бүлінбе. Біз оларды ұстадық, отырғыздық, он жылдан бердік... Енді не тілейсің олардан? Бірақ қандай бағалы адамдар. Маған ұнайды. Ерлікпен үндемейді. Істері батым. Осындай азаматтармен өз өндірісінді мезгілінде орындамасаң мойныңды жұлып алам. Садовский, Боткин үшін тура өзің жауаптысың.

Громов. Мен жұмысшы, қызыл әскер, чекист бола тұрып, маған, біреу, жұмысшы табының жауларының тағдыры үшін жауап бересін десе;— үш ұйықтасам да ойыма алмас ем. Айтса сенбес те ем.

Н а ч а л ь н и к. Сонымен ойлан, ұғын да іске бас жолдас Громов.

Громов. Мақұл.

Төртінші эпизод

Құлақ қатын кеп ән салады.

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Ермен басты жол-жорығын, сәулем жүрген сапардың.

Н и н к а. Әндетесің тәте!

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Әндетем.

Н и н к а. Но әндет.

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Көде менен мүк бастың, сәулеммен серуен еткен жерлерді.

Н и н к а. Сүйтіп, әндетесін. Ал қайда қонақтайсың.

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Мен қонақтаран кісі.

Н и н к а. Ендеше отыр.

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Ермен басты... Сүйгенімнің аяғын.

Н и н к а. Тәте, а тәте. Сен колхозға неге өрт салдың осы.

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Ақымақ сұрауыңа жауабым жоқ.

Н и н к а. Әлде өрт салғаныңа өкінемісің?

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Өкінемін, бәрі өртенбеді.

Н и н к а. Қолхоз жанбай қалды ма?

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Жанбады.

Н и н к а. Бірақ сен жандың ба?

Қ ұ л а қ қ а т ы н. Әрине мен жандым.

Т а н б а л ы ә й е л (*кіріп*). Нинка мың рет айттым ғой, кісіні ұрғың келсе жымия бер деп, қытықтайын ба осы.

П е п е л а. Я, рақман раһим, я, тәубе...

Таңбалы әйел. Нинка сен балапансың. Адамша түкіру де қолыңнан келмейді. Сен кісіден титтей қан шығара алмайсың.

Нинка. Қапа болмаңыз. Бұрын екі рет сотты болсам, үшіншіде Ташкенде 5 жыл алдым.

Таңбалы әйел. Қарашы зорын, Магдалина ғой өзі, екі рет сотты, 5 жыл. Соня мен шошыдым, қорықтым мынадан.

Нинка. Тілесем егескен кісіні жарып та тастайым.

Таңбалы әйел. Шіркін жазықсыз балалық-ай! Қайтып жарар едің?

Нинка. Адамша... ашуланар едім де, салар ем кеп.

Таңбалы әйел. Әне, ақымақсың.

Нинка. Өзің...

Таңбалы әйел. Қайта айтшы.

Нинка. Өзім білем.

Таңбалы әйел. Байқа, көрпені қабымасаң қытықтаймын.

Нинка. Соня, осы неге мені күн ұзын қинайды?

Таңбалы әйел. Мен адам қылайын деймін, ақымақ. Сенің өмірің алдында. Тыңда, тоқып ал, ашулану керек емес. Біреуге қылмақ болсаң... Ұқтың ба, өр жануар... немене көзінді жалп-жұлп қағасын... Мысалы мен сені буындырып өлтірем десем, сені ашуландырмай-ақ өлтірем де қоям. Ақырын моп-момын болып жымып тұрам да пәледен де ап-аман шығам. Жап аузыңды, жымы.

Нинка. Пожалуыста...

Таңбалы әйел. Адам қылам сүйтіп. Келші ақымағым. Бір сүйейін. Жақсы көрем, балапанымсың...

Барлығы. А-а, Дама-Нюрка...

Нинка. Бонжур!

Дама-Нюрка. Ал қыздар, бір романс айтыңдаршы.

Барлығы (джаз). Ермен басты... (Жырлайды.)

Дама-Нюрка. Ей, бір заманда пелдеперіс болған еді... Италия пароходтарынан алушы едім. Одесса, туған жер (Пепелаға) дұға қыл.

Соня. А менше... Мәскеуде менің әдемі ішігім болушы еді. Нюрка мына бір түйемді қадашы. Мен сол ішігімді әпиінге айырбастадым. Нюрка тілеуің берсін, қадашы түйемді. Екі-ақ жыл өмірім қалды, содан соң бір аяқ әпинді ішем де өлем.

Пепела (әндетіп). Ия, көрім, ия, тәубе. (Соня

теуін қалады, Пепела сырғып бара жатып әндете береді.)

Соня. Танертен газетте жарнама шығады. Бақшада, скамияда, қар үстінде өліп жатыр екен. Танертен тауып алып өліктер мекеніне апардық деп жазады. (Орындықты лақтырып.) Жоғал... оһ, дерт. Тіпті қанда да жоқ. Тазалық сақтайды, Дама-Нюрка, айтшы, осында неге тазалық сақтайды.

Дама-Нюрка. О не дегеніңіз. Гигиена.

Соня (айғайлан). Немене, неме керек гигиена? Өлікке музыка керек пе? Жалған бәрі. Бала күнімнен білем. Мен жетімдер үйінде көк кереуетте жататынмын. Бұршаққа жалаңаш тіземізбен отырғызатын. Он төрт жасымда мадам Аглая қатын болуды үйретті. Мен жиренемін.

Барлығы. Соня! Соня!

Соня. Бала күнімнен бері осы бір тап-таза төсеніштер. Бәрі де жалған. Түзеу, тәрбиелеу, қайта тудыру газеттері... Кімді алдамақшы сволочьтар. Абақты болған соң абақты, Салапки, не қылған сөз?..

Таңбалы әйел. Сонька, зекс!

Нинка. Начальниктер, чекистер.

Начальник. Көнбейтіндер ме?

Громов. Көнбейтіндер.

Соня. Тағыда сөздің майын тамызар деп едім. Кәтіржанның жаны желіммен жамалмайды, шырақтар.

Начальник. Мен сенің жайынды естігем. Өзің жас екенсің-ау.

Соня. О да ретіне қарай...

Начальник. Өмір сүрудің ретін айтам.

Соня. Кіммен?

Начальник. Ерсің.

Соня. Жасырмаймын.

Начальник. Жұмысқа отказ бергелі екі ай болды ма?

Соня. Қателесесіз, мен отказ бергелі он бес жыл болды.

Начальник (темекі тұтатып ап). Тартасың ғой, эрине.

Соня. Ну, ну, ну жамбастама, мен ұры, мен,— бан- дит. Совет жандаралдары бізбен шылым шекпейді.

Начальник. Рас, сөзге дауа жоқ, сен ұрысын. Кесігің неше жыл.

Соня. Қоңырауға шейін.

Н а ч а л ь н и к. Ниетің қашу ғой.

Соня. Мәслихатыңа қарай...

Н а ч а л ь н и к. Керек емес. Бәрібір ұстаймыз.

Соня. Ия, сендердің істерің мырым.

Н а ч а л ь н и к. Нанды текке жемейміз.

Соня. Көрініп тұр.

Н а ч а л ь н и к. Жасырмаймыз. Сен тарт, шылымың жоқ қой. Қаңсып отырсың ғой. Тарт..

Соня. Рақмет.

Н а ч а л ь н и к. Әкең жұмысшымеді? Қрестьянбеді?

Соня. Жұмысшы.

Н а ч а л ь н и к. Темірші ме.

Соня. Шойын жолшы. Бір апатта қаза тапты.

Н а ч а л ь н и к. Түсінікті... менің әкем де жұмысшы еді. Құрт аурудан өлді. Бәрі де түсінікті. Қош әзірше.

Соня. Не түсінікті оған? Менікі де жұмысшы еді дегені несі? Нюрка, құдай үшін түсіндірші, не айтты әлгі маған? Нюрка сен бәрін білесің. Сен жеңгесің ғой.

Т а м а р а. Соня, Соня!

Д а м а - Н ю р к а. Тамара.

Т а н б а л ы әй е л (*Нинкаға*). Бұлар шатасқандар, құлақ қойма, жүр.

Соня (*Нинкаға*). Нинка, отыр үйде.

П е п е л а. Я карим... я карим...

Соня. Доғар, буындырамын.

Т а н б а л ы әй е л. Сонька сен аурусың. (*Пепеланы көрсетіп.*) Мына, мына әулиеден де жамансың. (*Кетеді.*)

Д а м а - Н ю р к а (*Соняға*). Былай кетейік, мына бір бекзада қорольге арнап бал ашып берейін бе, сізге.

С о н я. Аш...

Д а м а - Н ю р к а (*картаны береді*). Жаңағы әскери жігітке ашыңыз. Сізге ойда жоқ қызық шығармекен, жоқ құр ғана құмар таратумекен? Ойланыңызшы?

Соня. Ойлансам сенің қуыс құрай құрым санаң жоқ, аулақ кетші. Кетіндерші менен, жоғалындаршы. Білмеймін бұл не...

Д а м а - Н ю р к а. Сонечка, құдай ақын, сен у ішіп өлесің. (*Кетеді*).

Соня. Нинка бері келші. Жүгір, Қостя капитанды шақырды, Соня арақ сұрайды деші. Таппаса поездың астына құлап өледі де, шыным. Айт осыны, жанымды шырмайын.

Бесінші эпизод

Садовский. Құдай-ау, неткен батпақ? Сонымен, кімнен дейсіз.

Капитан. Мен туралы естімеуіңіз ғажап екен. Мен геологпін. Достарым былғады. Папирос сыйлаңызшы.

Садовский. Айыпқа бұйырманыз, фамилияңыз кім?

Капитан. Валентин Иванович Берк.

Садовский. Садовский.

Капитан. Естімеді ем. Жәшігіңізді мен ұстай тұрайын, беріңіз.

Садовский. Міне енді, мен сізге папирос бере аламын.

Капитан. Посылка. Қітап қой. *Садовский жәшігін беріп, папиросын алып жатады.*) Жақсы екен.

Садовский. Не жұмыстасыз коллега.

Капитан. Кендерді зерттеймін, асыл тас іздейміз.

Садовский. Міні.

Капитан. Мен сізді шығарып салайын, қарсы болмайсыз ба? Әйтпесе тым ылайсаң, батпақ. Іш пысады. Жалғыздық.

Садовский. Сіз де еріксіз адамсыз ғой.

Капитан. Ия, солай... Оңға қарай басыңыз, енді солға, оңға.

Садовский. Қалайша? Сіз геологсіз. Осы жуликтермен шын бірге істедіңіз бе? Рас-ау, айтпақшы өкеліңізші, посылкамды, мен өзім алып жүрейін. Геолог!.. Гражданин Берк!.. Қайда әлгі. Анамнан келген посылка. Тоқта... Оңбағандар, сендерге кісен керек, каторгы керек. Қамшы, дүре керек.

Капитан. Бапты закуске, достың сыйы.

Соңя. Ойнайсың, байқа.

Капитан. Жәй, уақ-түйек. Сүрлеген колбаса. Азық-түлік бөлімі, қабыл алдық. Мынау не мәселе? Әйелінің суреті. Кісі өміріне қол сұқпаймын, бірақ неғып мұнша қартайып қалған. *(Суретті қарап оқып.)* «Менің Юрочкама, анасынан». Ана, шеше, туған ана.

Соңя. Немене Костя! Аурумысың?

Капитан. Соңя, менің де анам бар ғой. *(Шіміргіп.)* Сол менің әжем өзінің азын-аулақ дәмін жіберіп, оның сыйына әлдеқандай сволочь қол тигізсе қайтер ем?.. Менің өз заңым бар. Адал ұрымын. Соңя, түсіндің бе?

Со н я. Түсіндім Костя, бірақ мынадағы папиросты кара.

Ка пи та н. Не дейсің? Әлдеқандай Юрочка папирос тартады да, біз махоркесіз отырамыз. Ал, папиросын.

Со н я. Костя, менің анам жоқ, сүрлеген колбасасын мен алайын ба?

Ка пи та н. Айтарсын, зыянкестер колбаса жейді... Ал барлық азық-түлік бөлімін. Мен қарын үшін қол көтерем, кім қарсы? Тамақ бізге де, анаңыздың суреті сізге. Жылы дамбал. Еһ, Со н я, ананың қолынан келген. Кемпірдің суреті мен барлық тоқымасын өзіне апарып берем. Со н я, ішейік.

Со н я. Арақ, жаман іш жүргізгіш қой, мың шақырым кезсең де әпиін жоқ. *(Комендант кіреді.)*

Ка пи та н. Зекс. Бастық, айтыңызшы, Садовский қайда тұрады?

Ко ме н д а н т. Потапова. Сіздің баракта отыруыңыз керек.

Со н я. Мен тыныс алуға шықтым. Өкпем нашар.

Ко ме н д а н т. Начальникке барыңыз.

Со н я. Қайсысына?

Ко ме н д а н т. Барған соң көресіз.

Со н я. Ендеше бетімді опалайын.

Ко ме н д а н т. Керек емес.

Со н я. Ақырма. Әдеп қайда?

Ко ме н д а н т. Но барыңыз, барыңыз.

Ка пи та н. Бастық, айтыңызшы, Садовский қайда тұрады?

Ко ме н д а н т. Оны не қыласыз?

Ка пи та н. Менің жақын туысқаным еді.

Ко ме н д а н т. Иә, қайтпек ең?

Ка пи та н. Екеуміздің фамилиямыз ұқсас болғандықтан оның анасы, менің тәтем, жіберген посылканы маған әкеп беріпті.

Ко ме н д а н т. Сіз мамандар тобынансыз ба? Инженерсіз бе?

Ка пи та н. Жоқ мен летчикпін. Арктиканы бағындырушы — Шухновский шебердің досы болғам.

Ко ме н д а н т. А, Шухновский, ендеше Садовский оң қолдағы бірінші үйде тұрады.

Ка пи та н *(чест беріп)*. Рақмет.

Алтыншы эпизод

Громов кабинеті. Начальник, Соня.

Н а ч а л ь н и к. Кел, Соня, адамша сөз қатысайық.
С о н я. Қай баптан?

Н а ч а л ь н и к. Сен мені совет жандаралы дедің.
Рас, бұрынғы чиндерге жалғастырсақ, мен толық жандаралмын. Бірақ туысымызға қарасақ, сен екеуміз қаны бір, жақынбыз. Ал сенің осындай болуыңа кім кінәлі?

С о н я. Ия, ия мен ұры. Мен бір өлексе.

Н а ч а л ь н и к. Тыныштал. Ұры екеніңді мен өзім де білем ғой.

С о н я. Біз сендерге өшпіз. Біз қасқырмыз. *(Күледі, көзінде жас. Бірақ шарасыз.)* Бізді түсініп керек емес. Со, сол... түсінбей-ақ қойыңдар. Біз біткен кісі, ештеменді тілемейміз, өздеріне өшпіз. Маңдайымыздан сипамандар, маған суыңыз да қажет емес. Қайта у бер де, қыр бізді. Улат мені, бірақ кинама.

Н а ч а л ь н и к. Ақмақ. Сомадай болсаң да әлі ақмақсың. Кімді қорқытасың өзің? Кімге ақырасың? Шығарма үніңді. Қаршадай қыз. Мен өмірлік каторгіге кесілгенде сен емізік еміп жүргесің. Мен колеткімен жүріп, колеткімен ұйықтайтұғым. Басыма қап кигізіп тұншықтыратын надзирательдер. Сол кім үшін деп білесің? Үндеме... Сұрт жасыңды, қояншық. Сен айыпты емессің, білемін... Сенімен адам тіл қатып тұр, бала емес. Атың Соня деймісің?

С о н я. Соня.

Н а ч а л ь н и к. Соня... Нағып мұнша бұзған сені, уақа емес, бәрі де кетеді.

Садовскийдің үйінде.

Капитан послыканы ұстап әндете кіреді, амандасады.
Садовский бұл кіргенде послыканы көріп орнынан тұрады.

К а п и т а н. Пожалуйста, күдіктенбеңіз. Тізімімен тексеріңіз.

С а д о в с к и й, Иә, иә, бәрі орнында ғой. Рақымет.

К а п и т а н *(тұрып)*. Тынышсыздық келтірдім, ғафу етіңіз. Бір оқыс қаташылық, жаңылыс.

С а д о в с к и й. Әлде, кім екеніңізді енді айтарсыз?

К а п и т а н. Менің кәсібім тым көп.

С а д о в с к и й, Қалай, қалайша?

К а п и т а н. Қалайша? Көрмедіңіз бе, артық сөзді

жек көрөм мұнда анаңыздың суреті мен хаты бар. Кісі өміріне қол сұққым келмейді.

Садовский й. Рақмет.

Капитан. Тоқымаңыз да бар. Қалғанына жауапты емеспіз. Қиыр шет қой, өзіңіз білесіз.

Садовский й. Иә, иә, әрине.

Капитан. Азық-түлік магазині алыста.

Садовский й. Ұрлап, тонап алып, енді тәлкек қыласыз.

Капитан. А, сіз наразысыз ба?.. Ұрлығым таза емес пе? Онда таза түрде талап та алалам.

Садовский й. Кетіңіз, мен айғайлаймын.

Капитан. Бекер етесіз, ішіңізден шарап ағып жүрмесін. Сау болыңыз, тағы айтам — сау болыңыз.

Садовский й. Өзіңіз де сау болыңыз.

Капитан. Е, бәсе! (*Кетеді.*)

Громов кабинеті

Начальник, Соня, үй тазалаушы әйел.

Үй тазалаушы әйел. Не бұйырасыз?

Начальник. Шай әкеліңіз.

Соня. Мүмкін болса қоюрақ болсын.

Үй тазалаушы әйел. Жәрәйді. (*Кетеді.*)

Начальник. Ну, Соня, айт, өмірбаяныңды.

Соня. Несін айтайын. Менің өмірім біреудің түсіне кірсе, шошып оянар еді... Иә, иә, мен ұрымын, мен өлексе.

Начальник. Мен тергеп отырғам жоқ.

Соня. Түсінемін.

Начальник. Талауға да қатынастың ба. Өзің де таладың ба?

Соня. Қару ұстап та таладық...

Начальник. Кісі де өлтірдің бе?

Соня (*іркілместен*). Иә, әрине.

Үй тазалаушы әйел. Міне, қою шай.

Садовскийдің бөлмесінде

Садовский (*посылканы ақтарып, шешесінің сүтін алып, жазуын оқып, сүйеді*). «Менің Юрочкама анасынан ескерткіш» сорлы анам көрермін бе, жоқ па?»

Үй тазалаушы әйел. Есенсіз бе, мені еденіңізді жууға жіберіп еді.

Садовский й. А, Виктор!

Боткин. Бала күндегі досым. Сіз, Юрий Садовский, оңбағансыз.

Садовский. Тындаңыз, ана жақтан бастаңыз.

Үй тазалаушы әйел. Жәрәйді.

Боткин. Садовский, сіз қаншаға сатылдыңыз? Ойынды қойыңыз. Сізді келер-келместен бас инженер сайлайды. Мәжілісте даурыға сөйлейсіз. Сіз қызулы өндірісші болыпсыз. Жағынасыз. Мен сені жаққа ұрғалы келдім...

Садовский (үй тазалаушы әйелге). Ана жақтан жу... мен өндірісшімін бе? Мен қызулымын ба? Витя, ол былық, сандалу, жалған. Ол елес, досым.

Боткин. Ол, міні.

Садовский. Есіңді жи. Сөз емес. Ұмытқанбысың?

Боткин. Білмеймін. Садовский, мен қиналамын. Мен білушем ғой сені... Білемін. Осы сен Юркамысың. Жаным, Юрка... түсінші, мен жарты жыл бойы тұңғықтамын. Дүниені көрмеймін, уақытты сезбеймін. Бұл өмір — құбыжық.

Садовский. Құбыжық па?

Боткин. Құбыжық.

Садовский. Шешемнің посылкасы.

Боткин. А, менің үй-ішім де жоқ... Бір әйел бар еді... ол бір жағым... өзім қуыс кеуде.

Садовский. Тамақ жейік. Не деген?..

Боткин. Менде үн жоқ. Инженерлері бір қаңғырғандар, әне бір шеркеуші тура бұзық. Мынау қай газет? А, «Түзеуші». (Оқиды.) «Инженер» Боткинге ағаш шлюздің жоспары «тапсырылады». Рас, тапсырылады.

Садовский. Жоспарлаймысың?

Боткин. Жоспарлаймын.

Садовский. Еріккенің салдары. Мағанасыз талап. Мындаған адамның өмірін күл ету.

Боткин. Олай емес... Адамды капитал ласынан тазартады. Бұлардың қиялы күн нұрындай жарқын ғой. Міні, «Түзеуші» дейді. Қиялдарының бар жиыны осында ғой. Ойлашы Садовский, неткен есуастық сені мен мені қайта тудырады. Ә, іш пыстырады, санасыздық. (Начальник пен Соня. Үй тазалаушы әйел босаған стакандарды алып өтеді.)

Начальник. Жоқ, сен маған анық, тура, берік уәде бер!

Соня. Уәде бермеймін... Тачкені бәрібір тасымаймын... істей алмаймыз.

Н а ч а л ь н и к. Тоқта, тыдашы.

С о н я. Жыл бойы айтсаңыз да, бәрібір. Бұл бір бос шығын. Ешуақытта істегем жоқ, істемеймін.

Н а ч а л ь н и к. Сен үлкеннің тілін ал, өмірді мен сенен артық білем.

С о н я. Әй, білмеймін... Қаны, айтыңызшы.

Н а ч а л ь н и к. Айтшы, сен кімді талаймын дейсің? Талайтының кім ғой дейсің?

С о н я. Кәдімгі таза жұрт ше...

Н а ч а л ь н и к. Олар кім, айтшы.

С о н я. Онда не ақым бар? (*Үй тазалаушы әйел шеткерек жерде.*)

Үй тазалаушы әйел. Үш ромбы тағып ап, бір салдақымен үш сағат сөйлескені несі? Мемлекетке одан да жаңағы шай қымбат қой...

С о н я (*тұрып сілкініп*). Бұ не? Шын ба, жаным-ау? Маған сіз шын-ақ қол создыңыз ғой. Жақсы, рақмет баршасына да. Ендеше уәде бердім, берік уәде. Арақ ішпеймін. Жұмысқа шығам, үйренем. Қош болыңыз.

Қ а п и т а н. Соня!

С о н я. Костя!

Қ а п и т а н. Тосып тұрмын. Бірге ішейік. Закуска қайда? (*Үн жоқ.*) Сонька, сені мыналар... Соня, сені ренжітті ме, әлде!

С о н я. Жоқ.

Қ а п и т а н. Ендеше ішейік.

С о н я. Костя, мен ішпеймін.

Қ а п и т а н. Соня, саған не болды, аурумысың?

С о н я. Костя, мен серт бердім. Өздігімнен, шынмен бердім. Түсіндің бе мені?

Қ а п и т а н (*кейін басып*). Жақсы адамдар көз алдымда бітіп барады. Жердің нәрі жойылады. (*Скрип-кашыны тоқтатып*). Осылардың мені қайта тудырғанын бір тамашаласам екен..

Шымылдық түседі.

ЕКІНШІ АКТ

Бірінші эпизод

Тоғай іші, каналдың арнасы. Дама-Нюрка мен Соня тачкеде жүр. Қолында арасы бар Днякин шығады, қасында поп Барфолей.

Д и я к и н. Ал, бастайық қазірет Барфолеймей! Иман-дым дұға қылыңыз.

Барфолемей. Пәлеге сабыр әкелген қазірет
Дәуітті еске алайық. Айналамызда зинахорлар неткен
көп.

Диякин. Зинахорлар көп.

Барфолемей. Қадим замандағы сияқты, бұл
күнде де шетінен сұлу.

Диякин. Ия, сұлу қатындар көп. (*Жұмысқа
кіріседі.*)

Тамара. Соня, поп маған көз қысады. Үш сомның
шетін шығарады, құзғын!

Барфолемей. Қадимдегі пел қаумын һәләк ет-
кен бұзықтық мұнда да толық.

Диякин. Ия, ойнас көп шығар.

Барфолемей. Сұбықан, ойнас қыламекен?

Таңбалы әйел. Жаңа әулие, байқа, сақалын
жұлынып жүрмесін.

Громов. Тачкені қалай айдауды үйретсеңдерші.
Бос қиналып жүр ғой өздері. Және жұмыс киімін бергі-
зіндер.

Садовский. Ей, туған.

Карась. Иә, ваше благородие.

Садовский. Ана әйелдерге тачкені ұстауды үй-
ретші.

Карась. Иә, мақұл, бикештер, начальник сендерге
үйрет дейді.

Соня. Үйрет.

Карась. Ия, құдірет, сендерді не үшін азаптайды.
Араларыңда гимназисткелер де бар, ә?

Соня. Тура гимназиядан алды, үйрет.

Карась. Тозақ күн ғой, шет мемлекеттер білмей-
ді... Білсе соғысар еді. Бастық қайсының! (*Дама-Нюрка-
ға.*) Қалқатайым, жалаңаш қолыңмен ұстайтын болсаң
ұялмай, әуелі алақаныңа түкіріп ал. Онша көп бүгілме.
Әйтпесе машықтанбағандықтан барлық он екі мүшең,
жұлын тұтаң қаңғақсап ауырады да, ұйқыдан да, ты-
ныштықтан да айрыласың. Тозақтың азабы ғой.

Дама-Нюрка (*жылап*). Таза әуеде еңбек дейді,
жарыс дейді. Осы ма еңбегі? Мынау дерт қой.

Соня. Оттама енді. (*Громов келеді.*)

Громов. Ну?

Соня. Мынау не оттап зар қақсайды?

Громов (*Карасьқа*). Сен кім едің!

Карась (*жүресінен отыра қалып*). Ғафу етіңіз.

Г р о м о в (ашулы). Тұр. (Карась атып тұрады.) Сен кімсің?

К а р а с ь . Құлақпын... Курскийдің құлағы.

Г р о м о в . Немене сен, өмір бойы құлақ боп қалғаның ба? Бар, ойлан. Үгітті доғар, ұқтың ба.

К а р а с ь . Ой... ойланайын. (Шегініп, басын шұлғып жоғалады.)

Г р о м о в (әйелдерге). Қиын ба? (Соняның тачкесін алып қалай ұстауды көрсетеді.) Дұрысы осылай, тәсілі бар. Түсіндің бе? Жүкті мына араға сал. Ұстайтын жағың жеңіл болсын. Сонда салмақ түспейді. Сүйемелеп отырсаң болады. Тақтайына құм себіндер.

С о н я . Түсіндім.

Г р о м о в . Уайымды қойындар қыздар, пайда жоқ. Біздің отанымызда жұмысты бәрібір істейсің. Сендермен шартымыз таза. Біз өз уәдемізді орындаймыз. Сендер де орындандар. Ал қолайлы киім бергізу — біздің міндет.

Д а м а - Н ю р к а . Бәрі де тәтті түндегі түстей өтер де кетер.

Г р о м о в . Дұрыс-ақ. (Кетеді.)

Т а н б а л ы әй е л . Ей, сен офицер қолыма бостандығымды ғана берші, аржағын көрермін. (Тачкені ұстайды). Ал өмір путевкесі, артист Баталов сәулетайым тарт...

С о н я . Жөнел, айтпесе жеті қат көгіне құдайынды тіркеп, бәрінді қоса боқтармын.

Н и н к а . Қазірет, патика!.. Әлде жайша бата бересің.

Г р о м о в . Гражданин, мұнда келші.

Д и я к и н . Мен бе? (Жақындайды.) Ие.

Г р о м о в . Дәрежең қандай еді гражданин.

Д и я к и н . Диякин едім.

Г р о м о в . Басқа кісімен одақтас бол.

Д и я к и н . Үйте алмаймын.

Г р о м о в . Неге?

Д и я к и н . Қазірет екеуміздің маһалламыз бар еді. Бірге сотталып, бірге айдалдық, бірге өлеміз.

Г р о м о в . Бәрекелде-ай сізден жақсы қызметкер шығар еді. Сіздейлер бізде үлкен паек алады, үй ішімен хат жазысуға да рұқсат алады.

Д и я к и н (сақалын сипап Барфолемейге қарап). Ал, келіңіз қазірет Барфолемей, келіңіз. Тіпті өзі Крыловтың

мысалы болып барады ғой. «Акку, Шаян, Шортан» дегендей.

Барфолемей. Ә, ә! Құлқының үлкен паекке тартты ма?

Диякин. Пайғамбарым да тірлігінде ішіп, жеуді ұмытпаған.

Барфолемей. Кеткенің бе?

Диякин. Енді қайтейін.

Барфолемей. Оңбағансың сен.

Диякин. Шынын айтқанда қазірет сіз арам тамақсыз.

Барфолемей (*шоқындырып*). Тәңірім бетіңнен жарылқасын.

Капитан. Соня, сен жынданыпбедің? Соня, кім болғансың, қайдасың. Соня, ойланшы. Бетің су, қолың қап-қара.

Соня. Әй, кетіндерші әрі...

Екінші эпизод

Садовский (*макетті қарап*.) Сұлу істелген ұлы жұмыс. Қашан үлгіргенсің?

Боткин. Ұйқы қашты. Түндер ұзақ.

Садовский. Бәсе, Боткин шайға неге бір келмейді десем, тіпті шынымды айтайын ақ теңіздің қорлығайынын тапты ма деп ем. Бұл, сүйтсем, Эдиссон болты. Мақтарлық іс. Беріктігің, түрің тап оқу бітіріп шыққан күндей. Жасырмаймын, ірі іс өте ірі... Табыс. Инженерлігіңді құттықтаймын. Шыным — тіпті қызғанамын. Ерекше ақыл... Ер шеберсің, итім. Мұндай іске Новель бәйгесі беріледі.

Боткин. Маслихат берші, қайтейін? Сырын аштым, байладым. Енді нетпек керек?

Садовский. Қазаншының еркінде!

Боткин. Осының іс болғанын көрсем деймін.

Садовский. Әрине.

Боткин. Юрий, бұл үніңді қой, ойың не, көзге айт.

Садовский. Мен Боткиннің маған кеп, жақтан ұрмақ болғанын, «қаншаға сатылды, ит болдың» дегенін еске алып тұрмын. Солай еді-ау, ә? Көзге айтсақ көзге.

Боткин. Оның жөні бір басқа. Мен бояуынды өзгерттің бе деп едім. Ал мен...

Садовский. Сенікі елес еді... Мен көз алдымда

чекістердің бұйрығымен сен істеген тамаша істі көріп отырмын.

Боткин. Мен инженермін, өзінің дұғалығынан басқа түкті білмейтін әлдеқандай поп емеспін. Түсінемісің бұны? Істің көрнектісін сүйемін. Ойласам өнер табамын. Толғанбай, ізденбей, өнер таппай өткізген өмірді ит жесін. Онда өзім-ақ атылып өлем. Сенбеймісің?

Садовский. Сенемін, бірақ инженер бол, құл болма.

Боткин. Өртейім бе мынаны? Солай ма? Айтшы барынды.

Садовский. Басқа табарың болмаса, тіпті сүйт.

Боткин. Садовский, сен не айтып тұрғаныңды түсінемісің, мынаның ұлы табыс екенін көріп отырсың. Сен екеуіміз жабайылық күйіне кетіп барамыз, қаңғымайық.

Садовский. Еркін тіршілікте сен қаңғуды айтпаушен, тілегенінді істеушен.

Боткин. Еркіндікте мен түк істемеушем, енді сол бос жүріс қажытты. Миым, ойым қарсы. Басқа келешекке дәмеленуден шаршадым. Енді тұңғыққа кете алмаймын.

Садовский. Тура, артты ұмытып — кешірім алғалы жүрмін десенші.

Боткин. Ақымақ.

Садовский. Қош туған. *(Кете бастайды.)*

Боткин. Юрий...

Садовский. Орыс оқығаны — өзінің қорлығын бүркейтін сұлу сөзді әрқашан таба алатын. Құл бол, Боткин. Қызыл мансап та мақтанмен қарынға азық бере алады. Бетің түзу. *(Кетеді.)*

Боткин *(терезені ашып)*. Ал сол айтқаны шын болса қайттім. Мен қорқақтардай өзіме-өзім жалғая айтып жүрсем ше? Кешірім үшін істеген болсам не болғаны?

Соня. Химик, екі папирос сыйлаңызшы.

Боткин. Химигің не?

Соня. Терезеден көріп ем, түн бойы отырасыз, жаңа тұз таппақсыз ғой. Мен де түн бойы тұз мәнін ойлаймын. Түн қысқарады, өмір онан да қысқара түседі. Ей, уайым... *(Кете береді.)*

Боткин. Алыңыз, қанша керек?

Пепела. Досым, тажалдың ісіне қол тигізбе.

Соня *(уайымды)*. Құдай-ау, осы сен кімсің?

Пепела. Мен таза сәуегеймін.

Соня . Тәйт, қыртпай.

Пепела . Мен әулие Пепела.

Соня . Мен тіке сабаймын сені. Ұқтың ба? Төпелеймін.

Пепела . Саба мені, саба.

Соня . Мертіктірермін сені.

Пепела . Мертіктір, сінлім мертіктір, мен сені таспен... сүйтіп құдайдың алдына тартармын.

Соня . Ә, сен сондаймысың, ендеше мә! (Соняны Митя ұстай алады.) Неге сонымнан қалмайды. Мен үшін кімге жалбарынады? (Митяға.) Сен кімсің? (Танып.) Митя бұл не? (Пепела дағдылы мін салып, кете барады.)

Митя . Тыныштал. Ол долы қыз, дін жөнінде екі пионерді өлтірген. Тыныштал. Соня, қарашы көкке. Ай жарық. Жүр серуендейік.

Соня (босанып ап). Митя жаным, капитанды жұмысқа көндірші. Егер капитан істесе, мен де істеймін, ұқтың ба, Митя? Енді төзімім бітті. Жанымды жаралады.

Митя . Саған ант берейін — Костя-капитан адам болады. (Кетіседі. Боткин үстелге кеп, телефонды алып.)

Боткин . Енді төзімім бітті. Жанымды жаралады. Жолдас Громовтың пәтерін... Гражданин начальник қазір мені қабыл алуыңызды сұраймын... Сөйлеп тұрған инженер Боткин.

Үшінші эпизод. Рур.

Рур қатаң тәртіптің ротасы. Терезе, төбе тақтайдың аз астында, биікте, жұрт нарда. Бұл арада лагерь ішінде қылмыс істегендер отырады. Қазірде капитан, Лимон және солар тобы.

Берет (әндетеді). Иығың неге түседі...

Часовой . Доғар, бұл рур — қатаң тәртіп орны, демалыс үйі емес.

Берет . Отырдық, отырған соң, сүйтіп, отырамыз. Қартаны, бәрібір нені тіксем де ойнаймын. Ұрлықты істеймін, бұзамын да жарамын. (Әндетеді.)

Әні . Жыл қаза ма, жиырма ма? Жұмысым жоқ, тұғаным, тіпті ойыма алмаймын. Ыбырайым, жұмысқа жоқ, шырайым.

Часовой . Тоқтат, бұл рур, қатаң тәртіп орны.

Капитан . Қажама нервімді, жоғал. (Лимонға.)

Мені ұстатқан кім? Қарта ойнайды деп кім айтты? Әлде маған жер шұқы деп үгіттеп жүрген Митка ма?

Л и м о н . Қартаға қыз тігуіміз керек емес еді. Жа-
зықсыз қылжақ үшін шатасуымыз жалкі...

Б е р е т . Костя, келші, жұмысқа шығайық.

К а п и т а н . Атама.

Б е р е т . Костя, ойланшы, сүйтсек мынадан шығара-
ды ғой.

К а п и т а н . Мен бұл қуысты өртеймін. Не өлем, не
қашып кетем.

Ц ы г а н (Алешаға). Неге дөңбекшисің, шайтан? Он-
сыз да тар.

А л е ш а (ойнап). Қайда жатырмыз.

Т р е б у ш к а . Сонда жатырмыз.

А л е ш а . Түсімде...

Д у ш е ч к а . Алеша түске сенбе. (Тынышталысады).

Л и м о н . Костя, басты қатерге салма, қашқанда
мені ала кет.

К а п и т а н . Сытыламыз.

Л и м о н . Костя мен сенімен жүрсем өлмеймін. Бі-
рақ, өзім де саған бір өнер көрсетем.

К а п и т а н . Көрсет.

Л и м о н . Ол қыбланама. Қандай дүм тоғай болсын,
жеті түнде де адаспаймыз. Өзін ұрлап ап ем, жеті тін-
туден өттім, тапқызбадым.

К а п и т а н . Сендей адамға миллион жылдық тірші-
лік берер ем.

Л и м о н . Үйткені, мен өз ісіме артиспін. Пушкин
айтпаппеді «Мен өзіме ескерткіш орнаттым, дұға қылың-
дар сұмдар, Пушкинді қайтып көрмейсіңдер» деп. Мы-
нау рурда біз текке өлеміз. Біз емес, паразиттер жасай-
ды, үйткені біз ақсүйектер.

К а п и т а н . Оның рас.

М и т я Аман ба, Костя?

А л е ш а . Аман баш...

М и т я . Менің ойымша жұмысқа көнетін уақытта-
рың әрине, болды. Рурда отырған деген не?

К а п и т а н . Митя, бұ сіз қайдан шыққан марксист
боласыз? Сіз атақты бандит едіңіз. Міне енді, мәңгі
бұзылыпсыз.

М и т я . Қырланғанды қой, тындашы.

К а п и т а н . Митя, мен сол жер шұқиды деп шыны-
ңызбен ойлайсыз ба? Мен?

М и т я . Жалған айтасың, Костя, істейсің.

Капитан. Митя, сіз бір-екі тетіктен айрылыпсыз. (Маңдайын қағып.) Митя, сіздің медалыңыз бар-ау! Сіз ферғауынсыз ғой.

Митя. Бұл ударниктің значогі.

Капитан. Оның өмірге не мағанасы бар?

Митя. Кесігім он жыл еді, енді алтыға түсті. (Капитанға книжкесін ұсынады.) Көр, міні. (Капитан оқиды.) Каналды қазамын да босанамын.

Капитан (книжкені қайта беріп). Мен ішін ұрамын да қашамын.

Митя. Сені ұстап ап қайта әкетеді, а мен азат граждандан боп кете барам.

Капитан. Митя, жөнелсеңізші. Осы сөздер құлағымды сасытты. Өтінемін Митя, менен аулақ кет.

Митя (шегініп). Тыңдашы капитан...

Капитан. Біз бір кезде қабакпен ұғысатынбыз.

Митя. Қош. (Кетеді.)

Капитан (жалғыз). Сволочь... Сөзінің ұтымдысын қарашы.

Лимон. Зекс.

Капитан. Мен үйде жоқпын.

Лимон. Хозяйн үйде жоқ.

Митя. Қой, Костя, қойдың ба енді?

Капитан. Жуликтер, тұрындар төсектен. (Жуликтер бар жақтан жүгіріп кеп капитанды қоршайды.) Қырандар, маған қайсының қосыласындар — қол көтер. Анаған кім? Көтереді? Сіз ұтылдыңыз.

Митя. Сен кім болдың Костя, байқа. (Капитанды лодыр қыл салған суретті көрсетіп.) Мынау саған арналған.

Капитан. Мен суретке қарамаймын.

Митя. Қырланбай тоқта, оқы.

Капитан. Үгіт менің көзіме жәйсіз тиеді. (Плакатқа қарап.) Мұны кім салды. Мен білем, кім екенін. Қайда пышақ?

Пантомима

Капитан. Әкетіндер мынаны. Бұл сатылған.

Митя. Костя, сен жұмыс қылам деп уәде беріппек?

Капитан. Тағы, тағы кеп жанымды тырнадыңыз ба?

Митя. Досым, мен де бұзық ем ғой.

Капитан. Мен бұзықпын, бұзық боп қалам. Түзелгім келмейді, мен кісі өлтіргішпін.

Митя. Ал несін айтасың?

Капитан. Мен жұмыс істемеймін. Істемеймін. Кетіңіз... Бәріңді пышақтаймын... Өзімді де жарам... кет. *(Екінші біреуіне.)* Кет... *(Жалғыз.)* Спирттен бір ғана жұтып, көрге кірсем екен.

Соня. Костя, саған не болды? *(Айнала қарап.)* Шақыр, дәрігерді.

Капитан. Бұлар қан көрмей маған жабысуын қоймайды. Егер енді мен...

Соня *(қатаң)*. Сен мені білемісің?

Капитан. Сені білемін.

Соня. Маған сенесің бе?

Капитан. Саған сенем.

Соня. Ендеше қазір сен ақымақсың.

Капитан *(таңданып)*. Қойшы.

Соня *(дәрігерге)*. Таңа беріңіз... Қорықпаңыз. *(Дәрігер капитанның қолындағы пышаққа нұсқайды. Соня пышақты алады.)* Таңа беріңіз. Мен білсем, мұнда қарайтын дәнеңе жоқ.

Капитан. Дәрігер айтыңызшы, осы бір қағалды қайдан тапты осылар?

Дәрігер. Сабыр.

Капитан. Дәрігер сіздің әлде бір тамшы капліңіз жоқ па?

Дәрігер. Қазір тамызамын.

Капитан. Тамызғаны несі? Барыңыз дәрігер, пожалуйста, барыңыз. Бұларға жуликтердің жұмыс істегені неге керек?

Төртінші эпизод

Громов кабинеті. Шлюздің макеті стол үстінде, Боткин соны айналдырып жүр.

Боткин. Дворян, ақсүйек, зиянкес болсам да менен проект сұрады. Нормылар өзгерген. Айналаң қым-қуыт, сен жас күшіктей түк ұқпайсың.

Садовский. Енді сені жақтан ұрсақ жауапқа да тартылармыз. *(Громов кіреді.)*

Громов. Құтты болсын айтам. Сіздің проектіңіз Ленинградта сыннан өтті, міні...

Боткин. Мүмкін бе?

Громов. Пожалуйста, аурусыз ба? Әлде тұмау ма.

Садовский. Жоқ.

Громов (Садовскийге). Инженер, су сабасына қашан түседі?

Садовский. Әуе райы білетте.

Громов. Сүйтіп, сіз білмейсіз бе?

Садовский. Мен метеоролог емеспін.

Громов. А, мен кім? (Үн жоқ.) Инженер Боткиннің шлюзіне қанша ағаш керек екенін білдіңіз бе?

Садовский. Шамалауға болады.

Громов. Кешіккенсіз.

Садовский. Жаңа іс қой.

Громов. Маған ше? (Үн жоқ.) Ағашты қайдан алатынды білесіз бе?

Садовский. Осы маң шығар.

Громов. Сүйтіп, қанша ағаш керегін, қайдан алатынды, қашан ағызатынды да білмейсіз? Онда сізбен сөйлесетін сөзім жоқ. Ағаш ағызуға сіз барасыз.

Боткин. Кіммен?

Громов. Ұрылармен. Күлесіз бе? Проект проект болсын. Бірақ бір жұмада су кемиді. Ағаш болса әзір, жоғарыда бір аралда жатыр. Керек саны маған мәлім. Бірақ қандайы керек екенін менен сіз жақсы білесіз. Осы бүгін жөнелесіз...

Боткин. Бір жұма дейсің бе? Онда үлгерерміз...

Тәрбиеші. Бұйрығыңыздың бәрі орындалады, жолдас начальник.

Громов (Митяға). Иттер отыртып кетіп жүрмеспе?

Митя. Түк етпейді. Мынандай әзірліктен сон, түк етпейді.

Громов (Боткинге). Сіз мына кісіні білесіз бе?

Боткин. Танысқанымыз жоқ, бірақ естігем: жуликтерді түзеуші маман ғой.

Громов. Отыр. Бұл адамның өмірбаяны граф Монте Крестонікіндей.

Митя. Графты қойшы! Әшейін ғана жулик.

Громов. Сен Ростовта банкіні талағаныңды айтшы.

Митя. Өткен іс қой.

Громов. Айт, ұялма.

Митя. Баяғы сол күндіз, маскі киіп, банкеге кірдік: «жат» деп әмір қылдым. Отырғандар тегіс жата қалды. Жай қызметкер ғой бәрі, әртүрлі кооперативші-

лөр маскеден өлердей қорқады. Қолымда бір-ақ қана бұзылған брауниг бар, тіпті қорықпаса сыя сауыттың өзімен-ақ ұрып жығар еді. Бопса.

Г р о м о в . А, сендермен бір үлкен жыртқыш бірге барады. Айтпақшы, Қостя, капитанды келтіріңдерші. Жалғыз кірсін. Комендантқа айтыңдар, екі қарауылшының аспабын әкелсін. Және Петин мен Пыжовты тез жіберіңіздер, уақыт тар... Көрдіңіз бе? Тамаша сүңгуір, басына баға жетпейді. Еспронға әзірлеп жүрмін.

Б о т к и н . Шын-ақ істей ме? Сену қиын-ақ.

Г р о м о в . Неге? Сізде істеп жүрсіз ғой.

Б о т к и н . Мен ұры емеспін ғой.

Г р о м о в . А, ол зиянкес емес қой.

Б о т к и н . Бәлкі, дұрыс шығар. *(Петин мен Пыжов.)*

Г р о м о в . Сендер қызыл әскерде болдыңдар ғой?

П е т и н , П ы ж о в . Болдық.

Г р о м о в . Ұрлық қылдыңдар, ә?

П ы ж о в . Азырақ...

Г р о м о в . Петин, Пыжов!

П е т и н . Петин!

П ы ж о в . Пыжов!

Г р о м о в . Сендер, ағаш ағызатын экспедицияның мүлкін күзетесіңдер.

П ы ж о в . Күзет. Немен? *(Комендант кіреді.)*

Г р о м о в . Қолдағы қарумен.

П е т и н . Жолдас, серт берем.

Г р о м о в . Болды.

Б о т к и н . Ия, ғажап.

К а п и т а н . Ал.

Г р о м о в . Қызды картаға тігетін сенбісің?

К а п и т а н . Тұтқынмен сыпайы сөйлеу шарт, сен демеуіңізді сұраймын.

Г р о м о в . А, мен сенімен жайша сөйлеспекпін. Қарсымысың?

К а п и т а н . Сіз начальниксіз ғой.

Г р о м о в . Мен сенің күрдасыңмын. Қай жылы тұдың?

К а п и т а н . Тоқсан сегізінші.

Г р о м о в . А, мен тоқсан тоғызыншы жылы тұғанмын.

К а п и т а н . Ромбы бергендері аз ба?

Г р о м о в . Картаға қыз тігесің, отырасын, бұның не? Ұсақ бұзақылық. Ақылды адамсын, қалай төменде-

генсің. Бойыңа қарашы. Құнсыз, мазақ қой... Міні, ин-женер. Сен үшін мен ұялам.

Капитан. Атып таста, апар да бітір.

Громов. Өмір оқ үшін дейсің бе? Арзан желік. Жастықты 21-ге саласың. Қырланған боласың. Қуаныш, намыс, дос, отан дегеннен түк жоқ. Былғаныш, арак, жезөкше... а, сенде қайрат, қажыр да, ақыл талант та бар.

Капитан. Қояйық, начальник. Сұрағыңызды беріңіз.

Громов. Отыр. Сен ағаш ағызатын экспедицияның начальнигі боп сайландың. Мынау шлюздерге ағаш керек. Су қайтқанша ағашты ағызып алмасақ, жер болғанымыз. Комендант саған сенеді. Жағалатып, сипалайтын түк те жоқ. Доктор, сіз экспедиция начальнигінің қарамағында боласыз. Уақыт кетпесін, барып, керек затты түгендеп алындар. Сүйтіп, осы бүгін жөнеліңіздер. Болды...

Бесінші эпизод

Ағаш ағызуға кетерде

Завхоз. Алыңыз... атыңыз кім? Бір жәшік темекі. Бұл жақта байлық. Неменесін ұстайсыз. Сәндеп ораған. Міне, бұл пұл десеңіз пұл-ақ емес пе, «Мостроптікі». Айтпақшы «Мостроптың» барлық басқармасы осында отыр... Бұншалық сенбейтін адамды көргенім осы.

Капитан. Ей, сарсүйек завхоз. Сенімен істес адамның бәрі мендей болса, көп балалардың әкелері айдалмас еді, үйлерінде отырар еді. Сіз ұрлық та істемеген болар едіңіз.

Завхоз. Е, рас, айтасың, ал, тағдыр, қол қой.

Капитан. Тоқтаңыз, пысықай Испания емес. Мен сылдыр күйге сенбеймін. Екі баланы шақырып ем, әне келе жатыр. Түсіндіңіз бе?

Лимон. Түсіндім.

Алеша. О не Костя? Кісі жинап жүргенің не, сенің?

Лимон. Бұ не запас?

Берет. Сырынды ашшы.

Капитан. Қазір ашам. (*Жәшікке шығып сақтана.*)

Паек алғыларың келе ме?

Берет. Бұ не сұрау?

Лимон (*айқайлап*). Жұмыс қой, Ә?

Капитан. Сендер менімен таласпақпысыңдар? Сендер сөзге ұмытшақсыңдар. (*Лимон шегінеді.*) Балалар мен былшылды сүймеймін. Маған сенесіңдер ме?

Лимон. Саған бәріміз де сенеміз.

Капитан. Мен сендерді жақсы көрем балалар, ойлансам, жаным ашиды. Ден саулықтарың қымбат қой, жойылып барады. Сенерге таза ауа мен өзен бойынын серуені қажет. Бірақ сендер тәжірибелі адамсыңдар. Бұл ара больница емес. Егер сендерге қараңғы іс істесем талқанымды шығарасыңдар, білемін. Ғұрып пен намыс — езгілік жұмыс. Бізге әмірші жоқ. Бұл істің жалғыз иесі менмін. Түсіндіңіздер ме? Білсем деймін, сіздерге қолдарыңызды көтеру қиын болмасбекен? (*Тымтырыс*).

Алеша. Әзірмін капитан.

Капитан. Крейсерге рақым етіңіздер. Старосталар темекіге список түсір. Обед бір қазаннан, а, темекі әркімнің бас-басына. Немене, сіздер переселенсіздер ме? Әлде құлақсыздар ма? Жүкті ертегінің перісіндей көз жұмғанша тиеулеріңізді сұраймын. Айну, алдау, уа мен бармаймын. Сізді неге маған қосты? Начальникпісіз?

Боткин. Досым, менде өзіндей қамаудағы адам. Менің, ешбір правом жоқ.

Капитан. Ендеше неге барасыз?

Боткин. Сіз ше?

Капитан. Жұмысқа.

Боткин. Менде соған. Мен ағашты өзім таңдап алам.

Капитан. Егер бірдеңеңізді ұрласа ренжімеңіз, маған айтыңыз. Бәрін де қайырып береді. Кемеге мініңіз (*Боткин кетеді.*)

Тәрбиеші. Ей, Дорохов. Оқып ал... көп жәйді түсінесің. (*Кітаптар береді.*)

Капитан. Менің пайдаланатыным ақ қағаз, жазулысын жауып қой.

Тәрбиеші. Шыныңды айт, оқымаймысың?

Капитан. Ашық айтам, оқымаймын.

Тәрбиеші. Өзіме бер. (*Кітаптарды алып, бір газетті бітіріп қаран*). А, мына мақаланы не қылсаң да оқы. Не істейтініңді қазір ұғасың. Громовтың бұйрығы.

Капитан. Оқиын, шын айтам.

Тәрбиеші. Ал.

Капитан. Жалғыз-ақ, үгіттеме мені. Оған шыдамаймын.

Тәрбиеші. Ал, мақтанып қайтуларыңызды тілеймін.

Капитан. Егер менің орныма бір тал түгім ғана қайтса, онда шешеме хат салыңыз. Білсем екен, бірінші свистокты неге бермейсіз?

Пароход капитаны. Асығыс жоқ.

Капитан. Капитан, сіз бұл суға шомылмағалы көп болды ма? (*Жымылып*). Менің жігіттерім жас, сізді шомылдыра алады. Капитан (*газетін сілкіп тұрып*) мен мемлекет тапсырмасын орындамақпын. Шомылғыңыз келмесе екінші свистокты беріңіз.

Пароход капитаны. Мені қорқытпауыңызды сұраймын.

Капитан. Капитан менің өкінерім жоқ. Қаны, қыбыр етпей тұрып, жөнелтіңіз пароходты. Ал енді бір тал түгіңіз шығын болмайды.

Пароход капитаны. Но, пассажир, но, бандит!..

Алтыншы эпизод

Ағаш ағызатын өзен жағасы, тоғай елсіз. Капитанның тобы.
Ортасында өзі, мұңайғандық, панасыздық уайымы бар.

Цыган. Аспаны ылай су тәрізді... Боп-боз.

Алеша. Кәдімгі шет аспаны.

Цыган. Жері ше?

Алеша. Кәдімгі шет жер.

Цыган. Кәдімгі, кәдімгі... Осы сен неден жаралғансың?

Берет. Келдік! Арасан курорты ғой.

Алеша. Кәдімгі, шеттегі курорт.

Лимон. Мұнда енді әрине ұрлайтын дәнене де жоқ. Тыныштық.

Капитан. Дәрігер, білсем екен, мына халықтың ішінде ауруы бар ма, осы.

Дәрігер. Бәрі де сау.

Капитан (*барлығына*). Ендеше не бар? Ойларың не, уайымды жоюға бұйырамын. Маған шаштаразы керек. Повар керек. Аспен шаштаразы болмаса, адам су түбіне балтадай батады. Шатыр тігіндер, бастандар тіршілікті. А, тіршілік рақат, әзіл ғой бозбалалар. Цыган, тік шатырды. Ужин... иісі Финляндияның шегіне білінсін. (*Шаштаразыға*). Мына ұйқы басқан ұсқындарға

адам пішінін беріңіз. (*Душечкаға*). Қолыңызды көрсетіңізші, жарықтық. Түсінікті. Өнерлі қол. Барып, ағаш тасыңыз. Ұялмаңыз, бәрі өзіміз ғой. Жарықтығым, барыңыз.

Боткин (*жүгіріп кел*). Бұлары несі? Ағаштың ылғи ұсағын алады. Менің шлюзіме жарайды ғой. Үлкен ағашты алғысы келмейді.

Капитан. Абыржымаңыз, бала ғой. Бала емес пе бұлар. Өмірде жұмыс қып көрмеген ғой. Әлі бәрін де алады. Адамға еппен келу керек қой... Жоқ, бұлай істеу түкке тұрмайды. Бұл іс емес, құр еліктеу. (*Жүгіріп өтіп бара жатқан Лимонға*). Әй, бәйгебоз. Маған, бұрын драма жазушы болған біреу керек.

Лимон. Мұнда ондай жоқ қой.

Капитан. Қап. (*Боткинге*.) Бұ қандай жұрттың ортасына түстім? Әлде сіз драматург болған шығарсыз?

Боткин. Жоқ, болған емен.

Капитан. Сіз үндеу сөз жаза аласыз ба?

Боткин. Жоқ, жаза алмаймын.

Капитан. Құдай-ау, маған қалай тартқансыз. Ал ендеше барыңыз. Бірдемені соқалау керек. Жолдас жортарлар, жолдас шпана, жолдас сұмдар, бұрынғы жуликтер! Жоқ, мына жуликтер жұмыс істемейді. Бәрі бірін-бірі қостайды. Жұлқыс пен жұлысты, мақтанып қайтамыз. Жасасын Беломор канал. Ура! Аз боп жатыр. Жұмыс қылмайтындарға тамақ жоқ. Сеземіңдер. Факт... Осы чекистердің басқаша емі болады деуші еді-ау. Олар адамды жік-жікке бөледі. Бірақ сөзбекен? Мен чекист емеспін ғой. Менің туған ортам мынау бандиттер ғой. Жұмыстан қашқанға тамақ та, темекі де, етік те жоқ. Ол бұл ұжмақта Хауа анадан айрылған адамдай сандалады. Түсінікті ме? Бүлінбендер?.. Саша, сал суретті. Тезінен. Болмаса мойнынды үзем. Білсем екен, сіз биші әйел емессіз бе?

Берет. Менің бауым.

Капитан. Сіз мұнда «Балет биін» билемексіз бе? Сіз әлде биші Гельцер ханымсыз ба?

Берет. Жоқ, мен оның өнерін сүйшімін.

Капитан. Білсем екен, сіз саясат адамы емессіз бе? Әлде бітім конференциясына келгенбедіңіз? Әлде сізге ақ перчатка керек шығар?

Лимон. Біздің сүйетініміз гражданин Бизеннің тақпақтары. (*Әндетеді*.)

Капитан. Алеша, сіз тақ он бес минут отырды-

ңыз — сіз қиялға берілгіш адамсыз. Алеша, бұл жер сізге кітапхана емес.

А л е ш а. А, өзің істеп жүрмісің? Начальник болғансың!

К а п и т а н. Алеша, сіз менімен ұрыспақсыз ба?

А л е ш а. Қойшы капитан ескі машығыңды... Үйтіп ісіміз оңбайды.

К а п и т а н. Алеша, сіз аңқау жігітсіз.

А л е ш а. Ойлан, капитан. *(Керәді.)*

Б о т к и н. Жолдас начальник. Өздері тамаша халық. Істері өндіп барады.

К а п и т а н. Бұлар дүлдүл емес пе. Аттың құлағында ойнайтын сайтандар ғой.

Жетінші эпизод

Садовский баяндамасы.

Г р о м о в. Отырыңыз, Юрий Николаевич, солаймеді?

С а д о в с к и й, Иә, бір кезде солай атаушы еді.

Г р о м о в. Ағаш келіп жатыр, Юрий Николаевич. Ғажап па? Қалай ойлайсыз? Бұ қайдан келіп жатыр? Әлде тәңір жібере ме?

С а д о в с к и й. Инженер Боткин ағызып жатыр.

Г р о м о в. Біздің инженерлер қалай ағаш ағызады, тырысады. Осы үшін бір тартайықшы. Ал өзендер қалай Юрий Николаевич, су азая ма?

С а д о в с к и й. Иә.

Г р о м о в. Мен сіздің баяндамаңызбен таныстым, инженер Садовский, қосарыңыз бар ма, жоқ па?

С а д о в с к и й. Баяндамада мен барды айттым.

Г р о м о в. Айттыңыз ба, құр тердіңіз бе?

С а д о в с к и й. Олай деуге де болар.

Г р о м о в. Құлаттыңыз... Олай деуге бола ма?..

С а д о в с к и й. Мен, айыптағыш сөздерге үйрендім ғой. Атуға бұйырылып ем, егер өлім жазасын айдауға түсірген кешірімді қата десеңіз, мен сіздің әміріңіздемін, еркіңіз білсін.

Г р о м о в. Біз сотта отырғанымыз жоқ. Совет үкіметінің тапсыруы бойынша канал қазып жатырмыз. А, сіз бұған әлі күнге сенбейсіз.

С а д о в с к и й. Сіз екеуміздің туысымыз екі басқа ғой.

Г р о м о в. Сол себепті сіз маған қалжақ доклад жа-

засыз. Инженер, сізді менің түсінетінімді көптен бері білесіз. Қалжақты қояйық. Доклад... қағаз... мың жарымдай шет жұрттың сөзі... Громов түк түсінбейді. Жок. Шет тілге тығыла алмайсыз, Юрий Николаевич, ұятқа ұшырайсыз. Мен барлық инженерді жиям да, өзімнің шешуімді қосып, оқып берем. Сонда сіз мазақ боласыз. Сүйтіп не білмей жаздым, не әдейі жаздым деп біреуін мойынға аласыз. Түсіндіңіз бе? Сіз, мемлекетті билеп жүрген надан, шалағай адамдар дейсіз ғой. Сіз айналадай ешнәрсені көрмейсіз. Білімді адам болсаңыз да біз каналды неге қазамыз, сізге кешірімді неге береміз, қолыңызға үлкен істі неге табыс қыламыз, және мен чекіст сізбен неменеге сөйлесем — осының бәрін де түсінбейсіз. Қайта маған қалжақ доклад жазасыз. Өзін тіпті латын тілмен жазасыз... Әлде сіз әйел ауруының дәрігерісіз бе? Тіпті бәрі де уайым болмас еді. Бірақ сіз дәуірден қалып барасыз, өмірде бір өлі жан боп барасыз...

Садовский. Осы өңгіме де начальник пен қамаудағы адамның арасын белгілейтін программаға қосыла ма?

Громов. Большевиктердің әрқашан программамен іс қылатыны сізге мәлім. Инженер, ерік өзіңізде. Капитан. Экспедиция ісін тамам етті.

Громов. Білемін, сенің еңбегің үшін, кесігіңнен бір жылың кеміді.

Капитан. Мақұл.

Громов. Отыр. Мұнда рапорт жаз. Жалғыз-ақ, ұры сөздерін қоспа. (Садовскийге.) Не айтасыз инженер?

Садовский. Мен, мен докладымды өзім жойдым. Мүмкін болса, бұл оқиғаны ұмытыңыз. Қазір бар мәселені екі-ақ бет қып жазып берем.

Громов. Отырыңыз, жазыңыз. Бірақ шет тілдер болмасын. (Капитанға.) Сені атақты күйші дейді ғой.

Капитан. Бұрын тартушем... Вагнер сарынын.

Громов. Мәскеуден баян жаздырып алдырам. (Садовскийге.) Бірнәрсені айтпақсыз ба?

Садовский. Зор өтінішім. Артымда анам қап еді. Жалғыз еді, соны осында алғызуыма бола ма?

Громов. Бір-екі күнде жауабын аласыз. (Шығады.)

Садовский. Осы сіз кімсіз? Айтыңызшы.

Капитан. Мен — Костя капитан ғой.

Садовский. Сіз кемешісіз бе?

Капитан. Мен ұрымын.

Садовский. Ашық сөйлесейікші.

Капитан. Пожалуйста.

Садовский. Сіз, міні, ұрысыз... Ренжімеңіз.

Капитан. Ренжімейтін болғаным 18 жыл болды.

Садовский. Ұры, сіз айтыңызшы осы, жұмысқа қалайша шықтыңыз? Қайтып осылай өзгердіңіз?

Капитан. Менен сұрайтыныңыз не? Мен Достоевский ме екем?

Садовский. Ұғыныңызшы, маған өте қажет. Бірақ сіз түк ұқпайсыз...

Капитан. Мен сіздің жүрегіңіздің соғуын байқасам, өзіңіз түк ұқпайсыз. Чекистер әр адамның алдына баспалдақ қояды да: көтеріл, өрле, неғұрлым биіктесең солғұрлым өмір сұлулана береді дейді. Бір сатыда сіз жақсы киім аласыз, екіншіде азық, содан ударниктік басқышы бар, сүйте-сүйте сіз тіпті лагерьде отырғаныңызды да ұмытасыз. Сізге әйеліңізді алдыруға рұқсат береді. Сонымен тағы бір саты бар, оған жеткенде барлық он жылдық кесіміңіз, бір-ақ өшіріліп, ұйқыда көрген түстей айыға салатыны да болады. (Садовский сөйлемек болады.) Жо, тұра тұрыңыз, бірақ чекистер сіздің көтерілуге бекінген, бекінбегеніңізге қарап отырмайды. Олар біздің мінезімізді біледі. Біреуіне бет нұсқаса, екіншісіне айдаушы болады, үшіншісі — мысалы сіз болсаңыз екі-үш рет түймештеп қойса, сонда жаңағы басқышпен сіз жүрегіңіз лүпілдей соғып өзіңіз де жөнелесіз.

Садовский. Сіз мұны оқып алдыңыз ба? Осының бәрін қайдан білдіңіз?

Капитан. Менің біраз көңілсіз оқиғаларым болған еді және тегінде ұры өмірді суреттей алмайтын болса онда ұры болмай тіс дәрігері болғаны әбзәл. Мен тағы бір жайды білем. Сыр. Егер сіз, ең жоғарғы сатыға шығып ап, зәуі сайтан содан төмен құдисаңыз, иланыңыз ол өте қайғылы сапар болады.

Садовский. Рас, рас сіздің сөзіңіздің көбі шын.

Капитан. Мен Достоевский емеспін, бірақ тетігін түсінемін. Бұл баланың әдемі берік қаламы бар екен-ау, паркер.

Садовский. Сіз не дедіңіз?

Капитан. Жай, көңілдің бір өз күйі.

Сегізінші эпизод

Костяның барағы

Громов. Адал еңбектерің үшін бәріңе де үш айдан шегердік.

Дауыстар. Көтер начальникті!

Громов. Тоқтандар. Ал дамбыға тас тасуға барамысындар?

Дауыстар. Барамыз.

Громов. Ендеше көтере беріңдер. *(Көтеріседі.)*
Тоқта, моншаға неге бармайсындар. Тазалық комиссиясы қайда?

Душечка. Біз.

Громов. Бит бассын ба? Штраф керек пе?

Душечка. Моншаға әзірміз, гражданин начальник.

Громов. Ендеше бөгелме.

Душечка. Мақұл бөгелмейміз. Сен қайдан шықтың.

Махно. А, сен өзіңнің көкірекшенді көрсетші.

Дәрігер. Тезінен мынаны моншаға жіберіңдер, бөгелмесін.

Душечка. Бас аяқты.

Тоғызыншы эпизод

Үстелдер

Соня. Костя, сенің жайың газетке жазылыпты. Сен еңбек геройысың. Қазір біз сенің тойынды тойлаймыз.

Костя. Ол жаңсақ басылған... Өмірімдегі бір көңілсіз қателесу. Соня, ұрының адал сертін берейін. Мынау шпана істесе істесін, бірақ мен мүлде жоқпын.

Соня *(шаршағандай)*. Сүйтіп, айтар сөз де жоқ па?

Капитан. Жоқ.

Соня. Бақыл бол.

Капитан. Неге?

Соня. Мен, осы жалған геройды социалдық жарысқа шақыра кеп едім.

Капитан. Сіз қалай айттыңыз? Көзіме бұлдыр көрінесіз-ау.

Соня. Осындай сімтікті газетке жазып... Түсінбеймін.

Капитан. А, сіз қызғанамысыз.

С о н я. Сен үшін басқалар істеген, А, сен мансап-
қор — нахалсын.

К а п и т а н. Соня, мен әйелді ұрмаймын, таптай-
тұғым.

С о н я. Жарысқа түсі!

К а п и т а н. Түстім.

С о н я. Жүз он!

К а п и т а н. Жүз жиырма!

С о н я. Жүз елу!

К а п и т а н. Екі жүз!

С о н я. Қабыл алдым!

К а п и т а н. Пожалуйста!

Ш ы м ы л д ы к.

ҮШІНШІ АКТ

Бірінші эпизод

Д е с я т н и к. Социалды құрылыстың қорытындысын
жариялаймын. Шамалағанда.

К а п и т а н. Ей, Ескендер Зұлқарнайын, тездетсең
қайтеді.

Д е с я т н и к. Шамалағанда, шамалағанда әйелдер
бригадасы — жүз елу процент толтырған, а сендер...

К а п и т а н. Сіз қаны азайған жансыз. Бала күні-
нізде балық майын бермепті ғой. Иістеніп кетпесе
едіңіз.

Д е с я т н и к. Қалжынды қойсақ нетеді?

К а п и т а н. Қалжынға сіз қол емессіз?

Д е с я т н и к. Шамалағанда, әйелдер бригадасы жүз
елу процент толтырған, а сендердікі (*капитанға*) жүз
жиырма.

Д а м а - Н ю р к а. Қарауыл! Талады мына ұятсыз.

Н и н к а. Туды ұрлады.

Т а н б а л ы ә й е л. Ұр өзін.

Д а м а - Н ю р к а. Әй, сүмелек ит.

Т а н б а л ы ә й е л. Үндемей ұр.

Д а м а - Н ю р к а. Әй, у жеген.

Т а н б а л ы ә й е л. Бер, тұмсықтан.

Д а м а - Н ю р к а. Көнің құрғыр, ит жемес, сайтан-
ның сапалағы бұл, туға біздің қалай жеткенімізді біле-
місің сен? Қатырайын ба, осы?

Берет. Ханым, бұныңыз өрескел ғой. Ханым, мен сізге сенемін.

Соня. Бұл өлексе. Тастандар оны.

Берет. Менікі қалжың ғой, ханым.

Д а м а - Н ю р к а. Кет, исінді мұнкітпей. Жолдастар, ура!

Берет (*Соняға анадайдан*). Өлексе... а, сенің өз атың кім? Біз ниет қылсақ мұндай туды дюжиналап аламыз.

Б а р л ы ғ ы. Ура! Ура!

К а п и т а н. Мен осында неге отырмын, ойымша өзім Стенка Разин босам керек.

А н а. Сен маған не айтасың? Неменеге иландырмақ боласың? Қаторгының аты қаторгы. Оған құдай қарған жерді әдейі тандап алады.

А л е ш а. Сіздің іздегеніңіз кім, апай?

А н а. Іздегенім балам.

А л е ш а. Ей, апай, мұнда бала көп қой. Қайда екен өзі?

А н а. Лагерьде.

А л е ш а. Ей, апай, лагерь үлкен ғой. Фамилиясы кім?

А н а. Бұрын инженер болған — Садовский.

А л е ш а. Ә-ә! Ол кісіні біз білеміз.

А н а. Білесіздер ме?

А л е ш а. Апай, инженер Садовский үлкен кісі.

А н а. Үлкен кісі?

А л е ш а. Инженер Садовский — бар жұмыстың начальнигі.

А н а. Жұмыстың начальнигі?.. Онда кешірім жасаған ба? А, сен өзін кімсің, шырағым?

А л е ш а. Бандитпін.

А н а. Құдай шебер... Қойшы, қарағым.

А л е ш а. Несін жасырайын апай-ау. Бандит болған соң, бандит сол.

А н а. Апыр-ай, кісі де өлтірдіңіз бе?

А л е ш а. О да болды. Қәдімгі іс қой.

К а п и т а н. Амансыз ба апай, мен сізді көптен білем.

А н а. А, мен сізді, көрмесем керек.

К а п и т а н. Иә, апай, өмір деген — қызық түйін. Сіз күйзелмеңіз. Балаңыз үлкен істің командирі. Біз мұнда Панамский каналды қанжығаға бөктердік.

А н а. Сізге мына портцигар қайдан келді?

Капитан. Мен бұны Мәскеуден... Торгсиннен сатып алдым.

Ана. Гафу етіңіз. Бұл менің байымның портцигары ғой.

Капитан. Қап, байыңыздың бұны торгсинге сатуы бекершілік болған екен.

Ана. Менің байым ерте қайтыс болған.

Капитан. *(кетіп бара жатып)*. Онысы тіпті өрескел екен.

Ана *(нәрселеріне ұмтылып)*. Қатыржан, бандит өңшен.

Капитан. Митя, не болғанын көремісің.

Митя. Мен саған ойлан дегем. Өзің істеуің керек.

Капитан. Біздің жуликтерден коммуна шыға ма?

Митя. Кезін өткізбе.

Капитан. Бақасыңызды доғарыңыз. Бұрынғы ұрылардан коммуна құрастырамын. Түсінікті ме? Ішкілік үшін арадан аластаймыз. Таңбалаймыз. Осы шартқа алдымен өзім көнем. Ұрлық үшін арадан аластаймыз, таңбалаймыз. Тәшкені мен өзім ұстаймын. Есте тұтыңыз. Менің фамилиям Дорохов — ұры аттың бәрі жойылады, сонымен шырақтарым, менің атым Константин Константинович.

Алеша. Алексей Егорович.

Капитан. Константин Константинович.

Саша. Александр Христафорович.

Капитан. Константин Константинович.

Лимон. Мен бұл көрініске сенбеймін.

Капитан. Әй, Берет, адамша атыңыз кім?

Берет. Коля.

Капитан. Коля... Константин Константинович.

Берет. Николай Васильевич.

Капитан. Жаным-ау, Гогольмін де. Коля, біздің баракқа тәрбиешіні шақырыңыз. Біз коммуна жасайтын болдық, соған ережелерін айтып, кеңес бересің де. Жолдастар, барыңыздар, ойланыңыздар, бұл өмірлеріңіздегі үлкен іс болады. Көп сөздің не керегі бар?

Громов. Сіз жолаушысыз ба?

Ана. Иә.

Громов. Балаңызға келдіңіз бе?

Ана. Иә.

Громов. Фамилияңыз кім?

Ана. Садовская.

Громов, Менің машинамен апарып салыңдар.

Комендант. Машинамен? Мақұл. Маған еріңіз. Маргарита Ивановна. Қиыр түстікке қалай ұштыңыз, соны айтыңызшы.

Капитан. Мен көп ұштым. Бірақ ұшқан сайын отыра бердім. Бүгін енді отырмайтын боп ұшармын деп шамалаймын. Әлде бұл биіктен де құлармын, ондай күн болса сіз маған достың майда қолын ұсыныңыз. Мен сізге ғашық болдым, Маргарита Ивановна. Жүректі қак жарғандай бір кезде ұшырасып ғашық болдым.

Маргарита Ивановна. Сіз жұмбақпен сөйлейсіз.

Капитан. Өткеннің тұманын сүйесіз бе, жоқ келешектің таңын сүйесіз бе? Осыныма жауап беріңізші?

Маргарита Ивановна. Келешекті сүйем, өрине.

Капитан (*құшақтап сүйіп*). Біздің болашағымыз үшін! Өмір аспанына самғау үшін!

Маргарита Ивановна. Сіз менің жанымсыз, өмірімнің ең бір бақытты бір кеші осы.

Капитан. Несін айтасыз, сөз қажет емес.

Екінші эпизод

Громов. Комендант, кемпір қайда?

Комендант. Кетті.

Громов. Сіз анаңызбен көрістіңіз бе?

Садовский. Қашан? Тоқтаңыз... шешем осында ма?

Комендант. Начальник, мен шешесін көлікке мінгізіп жібердім. Машина, не ғой деп ем...

Громов. Сіз чекист емессіз.

Садовский. Уақа емес, нетпеңіз... көрісеміз ғой...

Громов. Сіз түсінбейсіз, инженер. (*Комендантқа*). Бір айға қара жұмысқа барасыз. (*Комендант кетеді.*)

Ана. Анда апарды, мұнда апарды, әлі баламды тапқам жоқ. Осынысы бір тыныш жер екен. Отырайында, тосайыншы.

Садовский. Мен тыңдап тұрмын.

Ана. Юрочка...

Садовский. Қайда жүр әлгі Боткин.

Ана. Юрочка.

Садовский. Апа-ау, мұнда қайтіп келдің? Иә, иә... Мұнда не істеп жүрсің?

Ана. Білмеймін,

Садовский. Көпірді салды деймісің? Жақсы!
Ана. Юрочка, осы сенбісің?.. Уақа емес, уақа емес.
Ол бос емес, жұмыс, жұмыс. (Қоңырау.)

Садовский. Иә, иә, солай.

Ана. Аман, сау, аяғында етік, жұмыстың начальнигі.

Садовский. Александров бригадасын тез жіберіңіздер.

Ана. Начальник.

Садовский. Алло, Громовтың нұсқауын күтемін.
А, сіз біздің. Иә солай... Қазір, жазып алайын, апа, ұста.

Ана. Ұстауды қойшы, Юрочка, мен саған өзің сүйетін, майға пісірген алма салған самса әкелдім, Юрочка, келші бетіңнен сүйейін.

Үшінші эпизод

Капитан. Коммуна, ә? Қызыл тулы коллектив, ә? Өндірісшілер. (Үн жоқ.) Дәуірлейміз. Факт. Тұр, жолдастарыңа жауап бер, кеше жұмысқа шықпадың, поселкадан арақ алыпсың, қайда болдың?

Берет. Бозбаланың бір келіншекпен жүргісі келіпті.

Цыган. Бір жолға кешіріледі.

Берет. Мұнда ақымағың жоқ. Бірінші жол... (Ашуланып.) Мен барып стансаны талап астын-үстіне шығарып, талқандасам да, сонан соң бірінші жол деп шарт жаза тілесем.

Саша. Біз нәзік бойжеткенбіз... Солай ма? Нәзіктік күйректік... солай ма? Кім деп білесіндер? Председатель сөйлесін.

Капитан. Жолдастар, дауысқа саламыз ба?

Берет. Сал, дауысқа.

Капитан. Коммунадан шығару жайын дауысқа қоямыз.

Алеша (ақырын). Қиыр бір шеттен... Қатыным келген енді. Мен оған жаңа өмірге кірістік деп жазып ем... жолдастар, бауырлар, адамсыздар ғой... Қиыр шеттен қатыным келді. Мен оған жаңа өмірге кірістік деп жазып ем.

Капитан. Серт ше?

Алеша. Ударниктің адал сөзімен серт етем...

Капитан. Жолдасқа адамша қарау жөнін дауыс-

қа қоямын. (*Жұрттың бәрі әуелі қолдарын түсіріп, артынан қайта көтеріп алысады.*)

А л е ш а . Коммуна, ә?

К а п и т а н . Жаңа өмір, ә. Ойнап көр. (*Өзінің ерекше сырлы бір күйін ойнай жөнеліп, кенеттен тоқтай қалады. Баянның бір тілі үзіліп жерге түседі.*) Бір жансыз сволочь істеген екен мына баянды. Жүріндер, үйге қайтайық, достар. Ал ертең плотинада іс қайнайды.

С а д о в с к и й . Ну қалай, Константин Константинович.

К а п и т а н . Мынау менің өмірімдегі ең соңғы ұрлығым еді, алыңызшы осыны. Ал ертең плотинада біз өнер алдын көрсетеміз.

С а д о в с к и й . Қандай кісі еді, қандай адам болып келеді.

Төртінші эпизод

Садовскийдің конторы

К а п и т а н . Есенсіз бе, Маргарита Ивановна. (*Анау болар-болмас бас изеген сияқты.*) Менің басыма қайғы түсті, бір-екі тамшы желім беріңізші. (*Үн жоқ.*) Сіз мені ұмытып қалғансыз ба?

М а р г а р и т а И в а н о в н а . Мен сіздің қаныпезердің бірі, ұры екеніңізді білмеппін. Сіз мені, жақсы адамның, жас қызын қор еттіңіз... Қор еттіңіз. Ұшқыш... деп сендім, неткен масқара... Сіз қаныпезердің бірі, ұры... (*Сызықшыға.*) Не болдым, Макс.

К а п и т а н (*жымияды*). Сонда да бикеш, екі тамшы желім беріңізші. (*Үн жоқ.*) Мен қайғыдамын бикеш. Баянымның бір тілі түсіп қалды.

М а р г а р и т а И в а н о в н а . Макс, біз жұрттың бәріне желім бере бермейміз деңіз, ана гражданинге.

М а к с . Гражданин бұл жер Мәскеу емес. Сатып та, ұрлап та ала алмаймыз, түсінесіз ғой.

М а р г а р и т а И в а н о в н а . Мен болдым, Макс.

М а к с . Жүрейін. (*Олар кетеді.*)

К а п и т а н . Ей, бикеш, сіз неткен құнсыз, сұм едіңіз, бикеш! Күлкі ғой. Мен ескі ұры, коммунаға председатель — атакты ударникпін, дүниеге даңқы шыққан істің қайраткері боппын. Қандай сұлу тәрбие алдым. Өле-өлгенше алғыс айтам сіздерге. Ураландар. (*Ақырындау.*) Ура! (*Сыбырлап.*) Ура. (*Еңіреп қоя береді.*)

Бесінші эпизод

С о н я . Костя қайда?

Б е р е т . Білмейміз.

С а д о в с к и й . Дорохов қайда?

Б е р е т . Босқа іздейсіндер.

С а д о в с к и й . Неге?

С о н я (*Беретке*). Капитан құлады ма?

Б е р е т (*Соняға*). Сүйткен болар, көктем... жол кепті... капитан қашқан...

С а д о в с к и й . Кім айтты?

Б е р е т . Мен айтам.

С о н я . Егер Костя біздің туды былғаған болса, аңтым міні, оны мен өлтірем.

Б о т к и н . Не болды?

С а д о в с к и й . Мыналар Костя қашты дейді.

Б о т к и н . Граждандар, мүмкін, ал, достарың шынымен.

А л е ш а . Онда бұның бәрі жалған, керегі жоқ. Мен көнбеймін. (*Жығыла кетеді.*)

С о н я . Костя капитан үшін... Бір тамшы терімізге татымайтын сволочь үшін қайта басамыз ба? Бұзықтар мекеніне, абақтыға мәңгі қорлыққа қайта кетеміз бе?

А л е ш а . Ал, Костя неге бізді сатты. Біз оған сеніп ек...— Одан үлгі алып ек. Оны сүйошек.

С о н я . Жоқ. Костя өлді. А, біз тірі қаламыз. Осы ұсынысты кім қостайды. Қол көтеріндер.

Алтыншы эпизод

Түн. Каналдың елсіз бір шеті. Капитан мен Лимон киімдерін бастарына байлайды.

Л и м о н . Түн емес, қарақат қой. Ал, Костя, каналдан өтіп ай қашамыз ғой.

К а п и т а н (*үндемейді*).

Л и м о н . Костя, таста, бәріміздің де барарымыз сол ғой. Ешкіміне сенбе, ұрының жанын арзан ойыншық ету ғой. Үмітті қой, жүзейік капитан.

К а п и т а н . Ей, бикеш, сіз неткен құнсыз, сұм едіңіз, бикеш!

Л и м о н . Жүзейік ілгері. Жүзейік капитан, әйтпесе бұл жерде тағы екінші кесік кеседі саған. Сенің ісінді мен білем ғой.

Капитан. Менің ісімді ешкім білмейді.

Лимон. Қойшы Костя, сен өзінді коммунаның бастырымын деп ойлап ең, а саған ұрысың дейді. Жүзейік капитан. Біз Ленинградта үш гастроль береміз де, Сухумға тартып, гүл иіскеп жүреміз әшейін. Қайттың ба? Аздың ба? Қой, соңғы банкенді! Бақыл бол, капитан.

Капитан (*ыңыранып*). Неліктен осының бәрі, неліктен? Ең, бикеш, сіз неткен құнсыз, сұм едіңіз, бикеш!

Жетінші эпизод

Кеш. Громовтың пәтері.

Громов. Немене бір тамшы желім табылмап па?
Тәрбиеші. Білмеймін міне, оқыңыз.

Громов. «Мен сіздің қаныпезердің бірі, ұры екеніңізді білмедім». Осыны істеген кім?

Тәрбиеші. Маргарита Ивановна.

Громов. Маргарита Ивановнаны он бес күнге өреске ал! (*Телефон.*) Иә... А, барамысың?.. баяғы капитан жайы. Әлгі Дорохов туралы. Немене, қиналма, қиналма деп! Мен мұнда неге отырмын. Ол адамдарды маған тапсырды. Мыңдар, мыңдар,— ол сан ғой маған тапсырды, а мыналар — адам.

Громов (*есік қағады*). Тұра тұр Варя. Қашқаның рас па!

Капитан. Иә.

Громов. Қайда қаштың?

Капитан. Сіздерге қарай.

Громов. Мына суың не?

Капитан. Каналда, өмір үшін алыстым.

Громов. Кіммен?

Капитан. Әлгі мені еркіндікке бастаған адаммен.

Громов. Сөйле.

Капитан. Сіз маған тамаша баян сыйладыңыз. Сол баянымның бір тілі түсіп қап, ол менің өмірлік қуанышымның мәселесі, соған желім сұрай барып ем, маған...

Громов. Одан арғысын мен білемін.

Капитан. Гражданин начальник, менің өмірімді түсініңізіші. Және айтыңызшы, мен су түбіне кеткен мәңгі бұзық мәңгілік ұрымын ба?

Громов. Зарланба, сопы қыздардың институты емес.

Тәрбиеші. Әкетейік пе?
Громов. Жоқ. Былай. Жазадан азат, баяны өзіне қайтарылсын, желім берілсін.

Сегізінші эпизод

Уақиғаға қатынасушылардың барлығы

Громов. Юрий Николаевич, сізбен және Виктор Михайлович сізбенен де, менің біраз сөйлесуім керек.

Ана. Мен бөгет етпейім бе?

Громов. Жоқ, бөгет етпейсіз.

Садовский. Иә.

Громов. Сізге сөйлеуге тура келеді. Митингі болады. Мен сіздерді алдын ала хабарландыра келдім. Сіздер мен біз көп істедік. Бастан көпті кешірдік. Мәскеуден радиомен хабар келді. Юрий Николаевич, сіз және Виктор Михайлович сіз де бұдан былай лагерьдің есебінен шығарсыздар, сіздер мезгілден бұрын босатылыпсыздар. Онан соң, Боткинге және сізге де үкімет орден сыйлапты.

Ана. Бәсе, менің балам сол уақиғаға араласқан жоқ деп, мен ұдайы айтушы ем.

Громов. Мен ерте білдірейін дедім, әйтпесе митингте жариялайды... Біз нервный халықпыз ғой, бастан көпті кешірдік...

Садовский. Кетпеңіз. (Анасына.) Апа, шыға тұршы.

Ана. Жоқ, енді мен бәрін тындаймын.

Садовский. Жақсы. Гражданин Громов мен сізге бірнеше рет хат қып жаза бастағам да, ойдағыдай шықпады. Мен қорқып, шатасып, сізді де, өзімді де алдаған уақыттарым болды. Тамырын құртайын енді, мен нағыз зиянкес, нағыз қылмысты адам болғамын.

Ана. Юрий, сен не айтып тұрсың?

Громов. Иә.

Садовский. Сүйткен маған орден.

Громов. Иә.

Ана. Немене, сен өзіңе жала жауып? Жолдас Громов сенбеңіз бұған. Сандырақтайды әшейін. Өзі осында жылап, маған сенбейді деп түн ұзын.

Садовский. Қойшы, апа.

Ана. Жоқ, бұл шын болғандықтан қоя алмаймын.

Садовский. Боткин, бері келіңіз. Осында, қанал-

да жүріп ағаш, шлюздердің проектерін жой, көзін жоғалт деп, мен саған айттым ғой, Боткин, ә?

Ана. Жынданған екен мынау.

Садовский. Боткин?

Боткин. Не демеуші еді...

Садовский. Сен менің жауымсың деп айттым ба, жоқ па?

Боткин. О, нес екен?

Ана. Бәсе, эне, о нес екен?

Садовский. Бұл дарақылану емес. Ол менің арыла алмай келген жүгім еді. Егер жазып білдіру керек болса, мен толық етіп дәл атап, жазып та бере аламын.

Громов. Керек емес. А, біз оның бәрін білетінбіз. Бұл жерге сіз, шын жалынды қызметкер болып келген болсаңыз, ол ғажап болар еді. Онда бәлки біз сізге сенбес те едік. Шынында біз сізді соттадық, айдадық, жаза-ладық... Біз ертегіге сенбейміз. Бәрін де білушек. Бірақ ол күйлер сізге де, бізге де өткен күй боп қалды. Құттықтаймын, жолдас Садовский, құттықтаймын, сізді, жолдас Боткин.

Ана. Табысындар, сүйісіндер, жоқ тоқта, кешірім сұра. Анаңнан жасырғансын, анаңнан жасырғансың. Тізеңмен тұрып кешірім сұра. Әйтпесе шықпыртамын сені. Жаман неме.

Громов. Дорохов!

Капитан. Мен.

Громов. Мен митингіде саған сөз беремін. Айтарыңды даярлап ал. Өзіңді қалай өзгерттің, жарық дүниенің неден басталды, бізсіз тіршілік не боп көрінеді? Осының бәрін халыққа толық қып дос бейілмен, шынымен айтып бер. Чекистерді мақтама. Адамды қайта тудыратын өмірді айт. Трибунаға саспай шық. Сөйлегенде әрбір сөзің жұртқа қымбат болатын болсын. Ал саспа, ойлан, жалғыз қала тұр.

Капитан. Мен осы сөзді нақ жарты жыл ойлағам. Сөзім гармонның тілінде тұрған әндей әп-әзір тұр жолдас Громов. Менің айтар сөзім аз ба? Шертіп бір көрейін, бәлем, ер көрмеген кәрі қызға, шейін еңіресін.

Громов. Қой, сыр ақтарма.

Капитан. Оны білмеймін.

Громов. Менің ойымды ұқтың ба?

Капитан. Бағаладым.

Громов. Жолдастар, Беломор каналдың бітуіне

арналған ең соңғы митингті ашық деп жариялаймын. Сөз Юрий Николаевич Садовскийге беріледі.

Садовский. Митингте алғаш сөйлеуім осы еді, қиын боп тұр. Бірақ барды айту керек. Осында, маған зор шындықтай болып, үш нәрсенің сыры ашылды. Бірінші адам баласына, білімдінің еңбегі, жалғыз социализм уағында ғана таза, толық, нағыз пайда келтіре алады екен. Екінші коллектив ортасы — жеке адамды жақсыға айналдырып, көркейтіп көтереді екен. Үшінші — адам қайта туып, жаңғырып өмірге екінші рет қайта қосыла алады екен. Мен бұл арадан, жас отанымның жас адамы болып шыққалы тұрмын. Және сол отаным үшін енді өмірді құрбан етуге әзірмін. Барды айтайын дегенім осы еді.

Громов. Сөз Соня Потаповаға беріледі.

Соня. Әлгіде сіз... Әлгіде маған Громов, қарындасым деп... мемлекет маған орден жіберді деп... Әлгіде қарындасым деп...

Громов. Айт, айта түс...

Соня. Түсініңіздерші.

Капитан. Соня, сіз жыладыңыз ба, әлсіз әйел деген сол деңіз...

Соня. Мен барымды айттым сіздерге...

Громов. Сөз Константин Константинович Дороховқа беріледі.

Капитан. Мен бір кісіден кейін сөйлейін, рұқсат беріңізші.

Громов. Шешен әзір емес екен. Мен бұрын дегеннің өзі болғандарды шығарам, рапорт беріндер тынышталыңдар...

Берет. Мен шашымды да басқа түрлі тарайтын болдым.

Алеша (*өлеңдетіп*). Мен рақымсыз бандит едім, әрине... Ел таладым, еңбекті де сүймедім, қара түндей болған еді өмірім, каналға сол әкелген еді әрине, өткен өтті, жаман түстей сазарып. Міне тұрмын, туғандай боп тазарып. Еңбекпен өмір кешіп жыр айтам, қуаныштан жас тамады бозарып. Әрине мен қойдым...

Громов. Ал Дорохов.

Капитан. Әлде бір шақта бала күнімде бір залда скрипка үнін естіп ем, скрипкашы ақ манжеті бар, ақылсыз еврей еді. Мен: басында оны босқа туған жан деп ата-ананың бір қаташылдығы деп қана тауып ем... Бірақ сол бала скрипкаға көзін салған жерде, мен оны

сұлу суреттерге бөленіп кеткендей көрдім. Мен сондай бөгде адамның еңіреуін көп білемін. Чекистерді мақтайын демеймін. Бірақ олар менің өз жанымның шегіне смычок тауып берді.

Сондықтан мен сіздерге баян етейін. Гафу етіңіздер... Бір минут... көріп тұрсыздар жылайын деген ойым жоқ еді. Келіңіздер, бұны бір-бірімізден жасырайық...

Г р о м о в . Музыка енді бізге жылаусыз бір күй тартыңыз.

Ш ы м ы л д ы қ.

**КӨРКЕМ АУДАРМА
ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙЛАР**

«ДВОРЯН ҰЯСЫ» РОМАНЫНЫҢ АУДАРМАСЫ ТУРАЛЫ

Орыс халқының ұлы классиктерінің бірі Иван Сергеевич Тургеневтің «Дворян ұясы» атты романын қазақшалап, біздің оқушыға ұсынуды мен көптен мақсат еткен едім. Қазір осы аударманы бастырумен қатар, роман туралы және өзімнің осы романды аудару жөніндегі іздену мақсат, талаптарым туралы кейбір пікірлер айтуды қажет деп білдім. Біздің әдебиетімізді қай салада болса да байытып өсіруге көмекші боп келе жатқан істің бірі аудармалар екені мәлім. Біз поэзиялық, көркем прозалық және драматургиялық үлгілердің талайын орыс тілінен қазақшылап аударып алып жүрміз. Бірақ әлі күнге «көркем аударма қалай істелсе ойдағыдай шығады» деген әрі ғылымдық, әрі творчестволық жауапты сұрақтарға нақтылы шешу сөз айтылмай келеді. Әрбір аударушылық әрекеттеріміз табыстарымен, кемшіліктерімен де ескеріліп, тексерілмей жүр. Неғұрлым аудармалық еңбектеріміз көбейе түссе, солғұрлым аудармалық тәжірибеге қорытынды, тиянақты жетекшілік пікірлер айту қажет бола түседі.

Бірақ сондай байлаулы ойларды түйю үшін жеке тәжірибелердің әрқайсысы өздерінің табыс жаңалығымен ортаға түсіп талқыға алынуы керек.

Орыс әдебиетінің классикалық үлгілері мен совет әдебиет мұраларының да біраздарын аударған менің де тәжірибем болушы еді. Тургеневтің осы романын аударуда сол бұрынғы тәжірибелеріме, өзімше жаңалық ретінде қостым ба деген іздеулерім бар. «Дворян ұясы» романын бастырумен қатар сол жаңағы, соңғы жай туралы оқушы көпшіліктің сынына салмақ болған

ойларым болғандықтан осы кіріспені әдейілеп жазып отырмын.

Тек сол аталған мәселелерге көшуден бұрын И. С. Тургеневтің осы «Дворян ұясы» романы туралы көпшілік оқушымызға таныстыру ретінде біраз сөз айтып өтейік.

Көркем сөздің шын шебері, жалғыз орыс әдебиеті ғана емес, дүниежүзілік көркем әдебиет классиктерінің қатарында аталатын Иван Сергеевич Тургеневтің (1818—1883) «Дворян ұясы» атты романы 1859 жылы жазылған. Автордың аз жылдар ішінде жазған бір топ ірі романдарының ең көрнекті, көркемінің бірі осы «Дворян ұясы» болып таныған-ды. Бұл романның айналасында туған Тургеневтің үлкен шығармалары «Рудин» 1856 жылы жазылған. Өзге барлық басқа романдарыменен және көп көркем әңгімелерімен зор атаққа ие болған Тургенев өзінің «Дворян ұясы» романымен де зор шеберліктің үлкен өріне шыққанын танытып еді. Сондықтан да өзі туған отанында үлкен атаққа ие болумен қатар ол өзінің көзі тірісінде-ақ Батыс Еуропаның да көп елдеріне аса мәлім, даңқты жазушы болып үлгірген-ді. Солайша танылып бағаланудың нәтижесінде ол 1878 жылы Оксфорд университетінен докторлық атағын алған, 1878 жылы Париждегі халықаралық әдебиеттік конгрестің бастығына орынбасар боп сайланған. Батыстың ұлы жазушыларының бірталайы Тургеневті өздерінің ұстазы деп таныған. Тургеневтің қабірінің басында Эрнест Ренан: «Тургенев бар адам баласына тиісті жан» деген болатын.

Орыс әдебиеті көлемінің тарихтық орнын алғанда «Дворян ұясы» романы — Пушкин дәстүріне жақын, нақтылап айтқанда «Евгений Онегин» дәстүрімен жалғас шыққан шығарма. Романда да, поэмада да орыс табиғатының көрініс, уақиға баянына да және геройлардың ішкі сезімдеріне де үнемі оралып, аралас суреттеледі.

«Дворян ұясы» да — тарихтық роман емес. Бірақ бұл әлсіреп, солғын тартып бара жатқан орыс дворяндарының тағдырымен байланысты болған тарихтық процесті көрсететін роман. Көркемдік жағынан қарағанда романның геройы Лаврецкийдің Васильевское сияқты қаңырап, құлазып қалған ұяға қайтып оралған сапарын сипаттаған және туып-өскен мекенін бейнелеген жерлері көркем прозаның аса шебер үлгісінің бірі

болып саналады. Бұл жолдарда Тургенев өзінің де туған жерін сағынған сезімін танытады. Ол сезімде, көп ырғақты толқындар, жарқын мұндар жазушының өз басынан кешкен сан жырлардай көрінеді. Енді дворяндар жолы Россияның жанғыруына бөгет болмаса, көмекке жарамайтын кез жеткен еді, сондықтан да романның геройы Лаврецкий кітаптың соңғы жағында өз жайын баяндап кеп: «Амансын ба, құлазыған кәрілік! Сөне бер пайдасыз тірлік» дейді. «Дворян ұясына» күз қайғысы оралған, кешкі қызық шапақ — өтер шақ нұры түскен. Романда сол өткен шақ пен өлім жайы негізгі бір құлақүйдей үн салады. Бұл романда Тургенев өзі шыққан дворян ортасына, өзінің замандастарына олардың дәурені өткенін сарын етіп танытады және Россияда оянып келе жатқан жас қуаттарға орын босату қажет екенін өкінішсіз, қынжылсыз қабыл алады. Бұл дворяндар өмірі, халық тілегінен, қоғам тірлігінен жырақтап, түгелімен қарақан қарабастың: не шаттығына, не шер-зарына ғана бойсұнып кеткен еді. Сондықтан романдағы дворяндар — заманы өтіп бара жатқан адамдар болып бейнеленеді, мұның айқын белгісін үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген Лиза Қалитина бейнесінен байқауға болады.

Пушкиннің Татьянасымен қатар Лиза да орыс әдебиетіндегі көркем бейненің бірі боп қалыптанған. Лиза да Татьяна сияқты «орысжанды» қыз еді, бұған да ата-анасынан көрі өзін асыраған күтуші апасы жақын болатын, сол апасы Агафьядан ол халық шындығын тануды үйреніп еді. Татьяна Ларина сияқты бұл да құрбандыққа эзір, тірлігіндегі ең ұлы нәрсе: адамдық қарызды ада қылу деп түсінетін. Ол өзінің бар болмысымен зор мейірбандыққа бейімделген. Әрбір адамға да таза орыс мінезімен қарай біледі. Бұл мінезінде сыртқы жалтырақ жоқ, бірақ жүрегіне терең орнаған рақым мол болатын. Қыз өзі діндар әйел тәрбиесінде өскендіктен көне Россияның мистикалық болмысына да бейім еді. Лаврецкийді ол ақылымен түсінбей жүрегімен түсінген-ді. Оны сүйгенде де орыстың сол замандағы осындай топтарының махаббатымен сүйген болатын. Бұларша, махаббат ең алдымен «есіркеу» боп танылатын.

Лаврецкий де өз буынының басы артық адамдар екенін жақсы түсінеді. Жаңа адамдардың, бұлардың өз орнына келуін әділет деп біледі. Геройларындағы осындай ерекшеліктер — тургеневтік қасиет болатын. Осы-

лайша, туған жеріне қайта оралуды аңсау, әлдебір «халықтық шындықты» аңсау — «Дворян ұясы» романының арқауы есепті, түбегейлі тақырыбы.

Өз дәуірінің барлық басқа адамдары сияқты Тургенев те әйелге арналған махаббатқа ерекше зор мән берген. Махаббатты ірі бағалау Белинский, Станкевич, Герцен — бәріне де ортақ ерекшелік болатын. Бұлар үшін махаббат өзі де бір өзгеше туыс және әрбір туыспен табыста болатындай, махаббаттың да өзіне арналған таланты болады деп ұғынысады. Тургеневтің қыздарында осындай махаббатқа таланттылық бар деп танылатын. Сондықтан да Тургенев Лаврецкийдің айыбы не дегенге тура жауап бермесе де, махаббатқа татитын затты, Лиза сияқты оңай тани білмегендігін мін санайды.

Тургеневтің бұл романын орыс әдебиет тарихында қарасөзбен жазылған поэма деп бағалаған. Роман лирикаға толы, басқа романның ешқайсысында да Тургенев дәл осы «Дворян ұясындағыдай» боп өзінің авторлық ішін ашқан емес. Мұнда өзгеше көркем лирика табиғат көркіне арналған, табиғат та Лаврецкийдің жүрегіндегі күйдей, үн салып күңіреніп тұрғандай болады. Роман геройы мен табиғат бірге, қос өрімдей боп қатар тірлік еткен тәрізді.

Осы қасиеттеріне қарап бұл романды орыс халқының оқымысты қауымы «елтігендей құмарлықпен» оқыған. Салтыков-Щедрин осы романды тамашалап бағалаған кезінде: «романның әрбір дыбысынан жарқын поэзия аңқып тұрады» деген. Добролюбов Тургеневтің қасиеттерін бағалай келіп, «қоғам тірлігінің заңды пернесін баса біледі» деген.

«Дворян ұясы» романы үлкен герой жайындағы роман емес, бұл роман енді ғана жаңа тәсіл туғызып өсіргелі келе жатқан Россияның аналық топырағы жаңғыруы жайындағы роман деп танылады.

Осы айтылған азын-аулақ түсінік сөздерден соң бұл романды аударудағы өзім қолданған әдіс туралы айтайын. Мен шамам келгенше ең алдымен романды дәл аударуға тырыстым. Тек дәл аудару ғана үлкен жазушының тіл, стиль, сөйлем ерекшеліктерін бере алатын болады, бұл жөніндегі дәл аудару дегенді мен сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару деп түсінемін. Сондықтан қанша ұзын болса да, романның өзіндегі сөйлемі үзіліп, бөлшектеніп, бірнеше сөйлем боп берілмейді. Соның орайына орысша тексттің өзінде болған тыныс белгілері-

нің (пунктуацияның) көбі қазақша тексте де мол қолданылады. Сөйтіп Тургеневтің сөйлемдері қазақшасында да өзінің ұзынды-қысқалы көлемімен дәл беріледі. Бұлай өтудің себебі бар. Орыстың ұлы классикалық әдебиет үлгісін аудару арқылы аударушы-жазушы мен өзім сол асыл нұсқаның шеберлігін үйренуге тырысамын. Және, әсіресе, Тургеневті өз қалпында дәл беру арқылы сол шебердің анық, нақтылы өзгешеліктерінің бәрімен өзіміздің оқушы жұртшылығымызды дәл таныстыруға тырысамын. Сөйлемін дәл беру жазушының стилін дәл беруге төтелей себепші болады. Стилін білсе сол жазушының өзгешелік, ерекшелік қасиеттерін де толық танытын болады. Олай болса, Тургеневті өзінің тургеневтік сөйлемдерімен, Гогольді гогольдік периодтарымен, Л. Толстойды оның өзінің, басқыштап келетін сөйлемдерімен, сол сияқты Шолоховты және де өзінің сөйлем ерекшеліктеріменен дәл беруге тырысу керек.

Осылай жасалған тәжірибе оқушыға қонымды, көркем болып шыға алса, біз әуелі орыс классигін өз қалпын бұлжытпай, толық берген боламыз. Өзіміздің тіл мәдениетімізді орыс әдебиетінің жоғарғы сапа — тіл, сөйлем жасау мәдениетінің үлгісімен байыта түскен боламыз. Бұл мақсаттардың бәрі де қазақ совет әдебиетінің бүгінгідей көркем прозасы үдеп өсіп келе жатқан қарсаңында, үлкен негізгі мақсаттар болса керек. Әсіресе осы мәселе, біз сияқты жазба әдебиет мәдениеті, соның ішінде көркем прозасы кешендеп туып, кенжелеспектен, туысқан елдер үшін — аса зор мәні бар мәселе сияқты көрінеді.

Тургеневтің романы өз тіл, стилімен дәл беруді мақсат еткендіктен біз романның геройларының аузына, немесе автордың аузына қазақтың мақал-мәтелі сияқты және тағы басқа талай түрлі тіл кестесі, сөз айшығы, өрнегі сияқты ерекше, қазақша әшекей бояуларды салмауға тырыстық, Себебі ондай қазақ әдебиеті тілінің өз көлемінде заңды болатын, қазақ адамының немесе жазушысының сезуіне, ойлауына, айтуына қонымды боп келетін, осы тілдің өз көлемінде ғана заңды, бірақ өзге тілдерде орасан өзгешелік түрінде сезілетін сөз құрамдары, мұндай орынға қолдануға қолайсыз болады деп білдік. Қысқасы қазақ тіліне аударылғанмен, Тургенев шығармаларына қазақтың тон-тымағын кигізу керек емес дейміз. Міне, құрметті оқушыларға ұсынып отырған осы аударманың азын-аулақ, осылайша өзге-

шеліктері бар екенін және ол өзгешеліктер белгілі дәрежеде ізденудің нәтижесі екенін ескертеміз. Әрине сол жайларды оқушының есіне салумен қатар жәрдемші, сын көмектеріне үлкен үміт ететінімізді және де ескертеміз.

1952

КӨРКЕМ АУДАРМАНЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Осыдан жиырма жылдар бұрын аударманың теориялық және тәжірибелік мәселелерін жүйелейтін жеке кітаптар, зерттеулер, аударма ісі жайында монографиялар пайда бола бастады. Ал қазір социалистік реализм әдісінің принциптеріне негізделген советтік реалистік аударма өнегесінің заңдылық жайларын ғылыми, теория тарапынан түсіну міндеттері тіпті ұлғая түсіп отыр.

Аударма мәселесінің теориялық ой-пікірі қадамының әжептәуір ілгері басқандығын, оның жылдан-жылға мәнді, мағыналы жаңалықтармен өрістеп келе жатқандығын айта отырып, алайда аударма теориясы ғылымның бір саласы болып әлі жетілмегендігін, әлі төл күйінде, әрі кеткенде қалыптасып, есею күйінде ғана екендігін біліскеніміз мақұл. Солай болғандықтан да аударма теориясы өзі қамтырлық ауқымы мол мәселелерге қарыштай алмай келеді. Оның үстіне бұл жүйедегі теория өзінің кейбір шешуші, анықтаушы негіздері тарапында жемісті түрде өрістеу жолына әлі де түсе алған жоқ.

Аударма теориясы еліміздегі саналуан тілдерден орыс тіліне және орыс тілінен көптеген өзге тілдерге аударылудағы ерекше үздік үлгілерді, таңдаулы аудармаларды жобалы, жүйелі түрде зерттеп, парықтап отыру жолына да түсе қойған жоқ. Бұл айтылған күрделі, шешуші және түрлі пікірлерге өзек боларлық жәйттер аударма жайындағы ғылымның түбегейлі негізі болмақ.

Барлық теориялық ғылымдармен сабақтас аударма жайындағы Совет ғылымы да өзінің тұйықтап, негіздеп айтатын пікірлерін ең алдымен тек аударма дүниелігімен терең, мұқият танысу арқылы, Совет Одағының бү-

кіл социалистік әдебиет қозғалысындағы аударма тәжірибелерін талдап, зерттеу арқылы ғана қорытуға тиісті.

Алайда, Одақ көлеміндегі біздің аударма білімпаздарымыз өздерінің зерттеу істерін бүкіл советтік аударма тәжірибесінің ішінен тек орыс тіліне аударылған шығармаларға ғана және ең алдымен батыс еуропалық тілдерден аударылған бұйымдарға ғана негіздейді. Талас жоқ, орыс тіліндегі аудармалар алдымен зерттелуге, үлгі тұтылуға тиісті. Бұл, шүбә жоқ, өзге аудармалардан аса мәнді, зерттеп, талдауды да осы тілдегі аудармадан бастау жөн. Сонымен бірге, бір ғана бұл тәжірибенің жеткіліксіз екенін де мақұлдауымыз керек. Орыс тілінен аударылған материалдардың мәнділігін, оның теориялық түйіндер жасау үшін әр қилы, мол деректер беретінін ескеру қажет. Біздің советтік аударманы бүтіндей алғанда өзіне тән өзгеше, жаңа сапа барлығын құптасақ, мұны ескермеуге әбден мүмкін емес. Бұл тың сапалар отанымыздағы туысқан халықтардың әдебиет, тіл қасиеттерінен туады.

Аударма өнерін зерттеушілер өздерінің теориялық дербес пікірінің маңызды, дәлелді болуы үшін бір-біріне алшақ, қалыңқы тіл жүйелеріндегі келелі аудармаларды тереңірек, толығырақ талдап сипаттағаны пайдалы болар еді. Мысалы, аударуға қиын тиетін және де бұл реттен жақсы аударма үлгілері бар, өте-мөте жеке қиын сөйлемдердің аудару тәжірибесін ортаға салса, айталық сөз сипаты жағынан, сөздің түбірлік, туындылық құрылыстары жағынан бір-бірінен мүлде өзгеше орыс тілінен бурят-монгол тіліне, немесе түркмен тіліне аударылған қиын сөйлемдердің аудармасын, оның аса бір халыққа тән жайларын талдап көрсетсе, өте игі іс болар еді. Немесе, зерттеушілеріміз, орыстың тоникалық өлеңін силлабикалық, силлабика — тоникалық және метрикалық өлең жүйелеріне сіңістіре, орайластыра берілген аудармалардың жақсы үлгілерін сипаттаса, зор тәлім болмақ. Бұл түйіндерді керісінше орыс тіліне аударылған шығармалар арқылы да кеңейте түсуге мүмкіндік мол.

Аударма теориясының басты кемшіліктерінің бірі, жоғарыда айтылғандай жақсы, үлгілі аударма тәжірибелерін жеткіліксіз үстірт зер салу, шетендеп қана зерттеу болып отыр. Ал асылында, ондай аудармаларды бүкіл егжей-тегжейіне жете, жан-жақты талдау аса мәнді шарт, талданғанда шығарманың идеялық-көркем-

дік қасиеттерін аударманың бойына қалай сіңіргендігін образдылығын, түп нұсқаның ырғақтық, үндестік, шумақтық, ұқсастық нәзік ұтымды тетіктерін, авторларының сөз өнеріндегі өзіне тән ерекшелігін, тарихи нышандарын беруде аударма өнерінің, бұрынғы-соңғы аударма істерінен мүлде басқаша екендігін дәлелдеу әбден керекті міндет. Бұл байқаулар мен қорытындыларды біздің совет әдебиетіндегі аударма өнерінің ең таңдаулы жетістіктері арқылы түйіндеуге болар еді. Бұл ретте біз мәні орасан зор, шеберлігі тамаша — М. Лозинскийдің, С. Маршактың, Н. Тихоновтың т.б.-дың аудармаларын тиянақты түр де, жан-жақты терең зерттеу қажет екендігін айтпақпыз. Совет аудармасының таңдаулы үлгілерін, жақсы тәжірибелерін түйіндеу, талдау жөнінен зерттеулердің болмауы — әдебиеттік теориялық пікірдегі бір зор кемістік деп білу керек. Мұндай күрделі, ғылыми терең зерттеулер болмағандықтан, аударма теориясы бұл шаққа дейін шала жүйелі, үзінді-қиынды күйде, кейде кенет қана қозғалатын мәселе сынды болып отыр.

Аудармалар жөніндегі сын-пікірлердің екінші бір ақауы — тәуір аудармалардың, тіпті жалпы аударманың тек бірбеткей көлеңке жақтарын, сұрқай иішіндерін ғана байқастырудан туады.

Аудармалардың жетістік жайларын көрмеу, немесе оны бағалау бүкіл аударма теориясының игі және нәтижелі қасиеттеріне нұқсан келтіреді. Кемістіктер жайында мәселені тіпті кең ауқымда, қилы-қилы кескіндерін қарастыра қою да керек-ті, алайда бұл әңгіменің ұшы-қиырсыз болуы ықтималдығын да ескергеніміз жөн, үйткені әрбір осал аудармалар өзіне тән осал белгілерімен өзінше осал келеді. Ал ылғи тек кемістіктер мен кінәларды теріп айтылған пікірдің өркендеген әдебиет қозғалысына пайдалы әсері кем болмақ.

Аударма теориясындағы тағы бір ірі ақау — аударманың ұлттық түрлері жайындағы мәселелерден байқалады. Әлбетте, бұл тақырыпқа арналып теориялық мақалалар жазылып, пікірлер айтылмады демейміз, қайта проза аудармасына байланысты бұл мәселені айрықша көтеру талаптары бар. Алайда, әзірге бұл байқаулар бұл жайындағы кейбір сындар, соны пікірлер сол зор мәселенің тек шет-пұшпағын ғана қамтыған сияқты. Ал асылында, бірыңғай совет шындықтарының мол көріністері, бай деректеріне сүйене бұл мәселедегі теориялық

тапқырлықтың, баршаға пайдалы түйіндердің құлашын кең сермеуге әбден мүмкін еді. Бұл үшін ұлттық форманы, аударма жайындағы қазіргі зерттеулердегідей тұйық, санама күйде қарастырмай, оны өрістеп, қалыптастып отыратын тарихи категория яки құбылмалы категория деп ұғыну керек.

Совет ақын-жазушылары орыстың әдеби-сөз мәдениетіне өздерінен бұрын өткен сөз иелерімен анағұрлым тығыз байланысты. Біздер үшін орыстың әдебиет тілі екінші ана тіліміз болып табылады.

Солай болғандықтан да біздің ақын-жазушыларымыз өздері мирас еткен ұлттық дәстүрлік формаларға өз творчествосы арқылы және аударма арқылы өздерінің ұлғайған әдебиетінен көптеген тың, жаңа қасиеттер, жаңа сезім, жаңа пікір, сөз туындыларын әкеліп қосады. Бұл жаңалықтарды шын өнегелі түрде кәдеге жарата білсе, онда бұл өркендеп келе жатқан жаңа ұлттық формаға қосылған ізгі, соны игілік болар еді. Біздің теорияшыларымыз ұлттық форма жайында міне осыларды ескергені мақұл.

Маяковский шығармаларын аударуда бұл айтылған жаңалықтардың көп жайларда айқынырақ көрініп жүргендігін атай кеткен жөн... Әдебиеттегі ұлт формасының бұл секілді құбылысты қасиеттерін орыс тілінен туған аудармаларды және керісінше аударылған шығармаларды байқап қарастырғанда, әрдайым айрықша еске сақтау қажет, бұл шарттың өзі Горькийдің «Орыс сөзі түрінде әр кітаптың өз рухын сақтау керек» деген ақылына дәл келетін шарт.

Аударма теориясын жекелеп, жіктеп қарастырғанда, кейінгі кезде біздің одақ көлеміндегі әдебиетте екі түрлі өзгеше бейім барлығы анықталды, бірі — аударма тіл зерттеу ғылымның ауқымына енетін сала болғандықтан, аударма ісінің мәнісін ұғына отырып, бұл мәселені лингвистикалық әдіспен зерттеу жағына қарай тартады, екіншісі — біздіңше, дұрыс бейім, — аударманы сөз өнерінің бір түрі деп ұғынады да эстетикалық принциптерді, көркемдік таразыны алғы талапқа қояды, сондықтан бұл бейім аударманы әдебиет таныту теориясын зерттейтін объект деп қарайды.

Совет ғылымының бір саласы болып табылатын бұл екі ағымның екеуі де алдымен бір ғана принципті — қандай да болмасын, әдебиет шығармаларын бір тілден екінші тілге аударуға мүмкін деген принципті қол-

дайды. Сөйтіп советтік аударма мектебі әдебиет сөздерінде аударуға көнбейтін ежелден қарысқан өзгешеліктері бар деген ескі нанымды қабылдамайды. Керісінше реалистік аударма әдісі кейбір буржуазияшыл аударма білгіштерінің пікірлеріне қарсы шығып, бір тілден бір тілді айыру үшін және рухани мәдениеттің негізгі түрлерінің арасына әдейі қойылған бұл жалған және жасанды кедергілерді сырып тастап отырады. Мұндай жағдайды совет аудармашылары мен теорияшылары бірыңғай идеялық тұрғыдан қарап, социалистік реализм әдісімен шешеді.

Ал аударма саласындағы көптеген міндеттер нақтылы түрде, түп нұсқаның түрлі қасиеттерін толық беру үшін аудармашы қолданған құрал-тәсілдерді зерттеумен анықталады, ол қасиеттерге: интонация, ырғақ, образдылық (синонимдердің, идиомдардың, мақал-мәтелдердің, афоризмдардың түрліше астарларымен бірге) секілді элементтер жатады және бұған ұлттық форманың әрқилы өзгешеліктері, тарихи сипаттары да келіп қосылады.

Аударылатын шығарманың сөз, стиль өрнегіндегі осы көрсетілген қасиеттер, бүтіндей алғанда, алуан түрлі болып келеді де аударуға оңай ырық та бере қоймайды, түп нұсқаның сөз образдылық тәсілінің өзгешелігіне байланысты: бұл аудармашыдан сол қиын жайларға төтеп берерлік творчестволық зор тапқырлықты талап етеді.

Туысқан халықтар әдебиетінің орыс тіліндегі аудармаларында орыстың көркем сөздің байырғы сөз сапасы өте-мөте жадау болып көрінеді. Ілуде ғана болмаса, проза шығармаларының аудармашылары орыстың өте мол сөз байлығын, әсерлі көріктерін онша пайдалана қоймайды. Жолма-жол аудармадан көшіре аударған бұлар түп нұсқаның өзіндік қасиетін жүдетіп, тіпті кейде қораш етіп те жібереді. Сондықтан аудармалы прозаның орыс сынында әдебиет тілінің арзанқол, шалағай пішіндері болып мысалға алынуы бекер емес. Мұны мойындау ауыр тисе де, бұл бізді күйіндіретін жағдай, біздің көп жылғы аударма тәжірибеміздегі әлі арылмаған қырсық. Түп нұсқаның орыс тіліне аударылғанда сытылып түсіп қалатын көркемдік-өзіндік өзгешеліктерін, образдылық-стильдік қасиеттерін, немесе ұлттық ерекшелік сипаттарын атай кетуге де болады. Мысалы, аудармаларда — заман алшақтығы, кейіпкерлердің сөз

әлпетіндегі немесе авторлық ремаркадағы тарихи үндестілік секілді әуендер сезілмей қалады, түрліше әлеумет топтарынан алынған бейнелердің сөз ерекшеліктері де айырым берілмейді, дін иелерінің де, өздеріне тән сөз өзгешіліктері де көрінбей, көмескі жатады.

Аудармаларда сөзді жас айырымына қарай өзгешелігі — бала мен үлкеннің, бала мен бала арасындағы сөздердің айрықшалығын жақсы бере білген сәтті жағдайды кездестіру де қиын. Өте қынжыларлық бір жәй, түп нұсқа авторы сәтін келтірген ділмәр тапқырлықтар, сөйлем кестесінің гүл көріктері, прозаға берілген өлең сынды үндестілік қасиеттердің бәрі де дарымай, тыс қалады. Белгілі бір кейіпкер үшін автор әдейі ойлап шығарған, халық мақалынан мүлде өзге, тың нақыл сөздер де әлсіз аударылады, сөз құрамының ырғағы, әуені сезілмейді, көптеген шебер тілді жазушылардың шығармаларындағы сөз ойнақылығы да өшіп кетеді.

Ұлттық көркем прозалардың аудармаларында орыс тілінің соншалықты кедей, әсерсіз, сұрқай пішіндеріне қайран қаласың. Орыстың сөз сұлулықтарының, сөйлем өрнектерінің, алуан қырлы, әсерлі екпіндерінің орасан мол қазынасынан аудармаларда, түп нұсқаның сорына қарай, тіпті дерлік сыбаға алынбайды, пайдаланылмайды. Бұл өкініштің бастысы сол, аударма орыс тіліне түп нұсқадан емес, дарынсыз, олақ қолдан шыққан әлгі бір жолма-жол аударма (подстрочник) дегеннен аударылады, — бұл өзі өзге тіл оқушысы мен түп нұсқа арасындағы, бұл ретте, аудармашы арасындағы бір берекесіз дәнекер. Бұл жөнде қуанарлық ілу-қағыл көріністер — орыс жазушыларының қаламынан шыққан кейбір жақсы сирек аудармалар ғана. Бұлардың еңбектерінің, басты қасиеті, — олар Добролюбов айтқан шығарманың «ішкі өмірін» жақсы бере біледі. Түп нұсқаның негізгі қасиетін осылай көрсету арқылы олар үздік шығармалардың ұлттық үнін шығарып, аудармадағы басты мақсатқа жетеді. Творчестволық жолмен шешу арқылы олар бір кезде Тургенев, Гоголь, Белинский талап еткен аударманың жақсы нәтижелеріне ие болады. «Аударма бізге, неғұрлым аударма болып көрінбей, өзінде төл-тума шығарма болып көрінсе, онда оның тамаша болғандығы» — деген Тургенев. Белинский «Аударма автордың өзі орысша жазған секілді болып көрінсін, көркем шығарманы ондай етіп аудару үшін художник болып туу керек» — деп талап еткен.

Бұл секілді аудармаларда кейіпкерлері қазақ, өзбек, латыш, татар, армян т.б. бола тұра, олар шын орысша сөйлейді. Біз бұл аудармашы автордың жақсы орыс жазушысы екенін, оның өзіндік түбегейлі шығармаларында ерекше стилист, ділмәр сөздің шебері екенін білеміз, солай бола тұрса да ол, аударылатын шығарма авторының стиліне өз стилін байланыстырмайды. Сонымен бірге бұл аудармашы негіз шығарма авторының тіл ойлау дүниесіне айрықша ықтият болып, мұқият зер салады. Ол аудармаға сол шығарманың барлық материалын жақсы біліп алып кіріседі, шығармада суреттелетін халық тарихын зерттейді, кейіпкерлердің дәуірімен, ортасымен терең танысып алады. Әрі үлкен жазушы, әрі талантты аудармашы болып өнеге көрсететін бұл секілді игіліктер, бір өкініші, өте сирек кездеседі.

Орыс тіліне аударылатын шығармалардың көбінесе әсерсіз жүдеу жолма-жолдықтан аударылатынын жоғарыда аңғартып өттік. Солай болғандықтан ұлт тілдерін білетін, немесе оқып үйренген аударманың маман кадрларын әзірлеудің қажеттілігін дәлелдеп жатпаса да болады. Ал аударма теориясын совет аудармаларының күнделікті шындықтарына — орыс тілінен ұлт тілдеріне, ұлт тілдерінен орыс тіліне аудару мәселелеріне тығыз жақындастыру қажет.

Біздің елімізде шын мәнісінде ғылыми ұйымдасқан, аударма өнерінің бірыңғай әдісіне бағынған бір аударма түрі бар. Бұл істі беделді ғылым орталығы басқарады, бұл мекеменің әрбір республикада филиалдары, облыстардың денінде бөлімшелері бар, — олар марксизм-ленинизм классиктерінің маңызды еңбектерін біздің Одақтың көптеген халықтарының тілдеріне аударуда. Мен ИМЭЛ-ді (Маркс-Энгельс-Ленин институтын) айтып отырмын. Москва институты басқарған республикалық филиалдар бірнеше жылдар бойы үздіксіз, тарихи терең мәнді ғылыми жұмыстар жүргізіп келеді. Бұл ғылыми орындар аударма жөнінде орасан зор тәжірибеге ие болды, бұл жайларды біздің еске алып отырғанымыз орынсыз емес, өйткені шығармаларды аудару мәселесіне қатысты сол тәжірибелердің прозалық ерекше мәні бар.

ИМЭЛ өзінің жер-жердегі барлық мекемелерімен бірге аудармадағы теориялық және тәжірибелік мәселелерді творчестволық жолмен шешуде. Марксизм-

ленинизм классиктерін біздің Одақ халықтарының барлық тілдеріне және демократиялық елдердің тілдеріне аударуда терең толғанылған ғылыми-тәртіпті жүйенің жасалуы қазір мол нәтижелер беріп, бірнеше жылдық тәжірибелерді түйіндейді. Міне, соның нәтижесінде көркем проза үлгілерін аудару жайынан қойылған бірқыдыру теориялық мәселелер де ойланып-толғанып, ИМЭЛ арқылы дұрыс шешіліп отыр. Біздің көркем аудармаға сай келетін бірқатар ортақ мәселелерді аңғарта кетелік: көркем аударма теорияшылдарды сөзбе-сөздікті мансұқ етеді. Ал, сөзбе-сөздік, түп нұсқаның мәнісіне, немесе аударылған тілдің дұрыстығына нұқсан келтірді деп танылып,— оны Маркс те қатты сынаған болатын. Бұл жайында Энгельс: сөзбе-сөздіктен «неміс ой-пікірін ағылшындық мағынасыздыққа айналдыру» болмақ деген. Энгельс өте-мөте сөзбе-сөздік аударма түбегейлі шығарманың стиль өзгешелігін және тіл көркемдігін жойып жібереді деп ескерткен. Аударма жайында В. И. Лениннің де айтқан пікірлері көп. Ленин шығарманың интонация және ырғақ қозғалысын дұрыс беру қажет деген пікірде болған.

Аударма мәселесіне байланыстыра, марксизм-ленинизм классиктерінің мұраларында сөз образдылығының ерекше мәнділігін еске түсіре кетелік. Көркем прозадағы бұл секілді ең әсерлі тәсілдер олардың еңбектерінде де орасан зор қызмет атқарған. Мәселен, Ленин шығармаларынан біз тілдің образды әсерлі құралдары есебінде пайдаланылған көптеген тенеулерді, қанатты сөздерді, синонимдерді, идиомдарды, әсем сөздерді, эпитеттерді, славянизмдерді — шіркеулік славянизмдерді, архаизмдерді, көптеген неологизмдерді, қысқартылған сөздерді, тағысын тағыларын жиі кездестіреміз. Орыс және шетел әдебиетінен Лениннің алған мысал цитаттарының өзі тоғыз жүзге тартады екен. Мәселен, Ленин Гоголь сөздерінен жүз жиырма бес рет, «Ақылдың азабынан» сексен сегіз рет мысал келтірген, Ленин шығармалары халықтық мақал-мәтелге де толы.

Марксизм-ленинизм классиктерінің бұл секілді образдылыққа, эмоциялық екпінділікке толы шығармаларын аудармада толық, жете беру, интонациясын, ырғағын дәл келтіру — зор мәселе болып табылады. Әлбетте, бұл пікірлерімізбен көркем проза мен маркс-

изм-ленинизм классиктерінің еңбектері арасына теңеу белгісін қоймақшы емеспіз, бірақ социалистік реализм әдісіне негізделген біздің шыншыл аударамыздың бұл саладағы аудармаға қатысты көптеген ортақ мәселелері бар. Ал аударма теориясы өзіне өте жақын, бұл туыс салада, ілгеріде айтылғандай, бірқатар пайдалы тәжірибе барлығын біле тұра, оған зейін қоймай, зер салмай отыра алмайды.

ИМЭЛ және оның филиалдары да аударманы айрықша жікке бөледі, көркем әдебиет аудармашылары сияқты, олар да аударманың үш түр-түрі бар деп біледі, бірінші — сөзбе-сөздік — әріпқойлыққа негізделген аударма, мұны көркем сөз аудармашылары секілді, марксизм-ленинизм классиктерін аударушылар да мансұқ етеді. Аударманың екінші бір түрі — еркін аударма дегенді олар да қабылдамайды, бұл аударма шынында, аудармашының өзіншелеп әңгімелеп отыруына өте ұқсас келеді.

Аударманың өте-мөте қонымды ғылыми дәлелденген түрі деп олар — шығарманың мазмұнын да, формасын да толығырақ беретін ғылыми дәл, балама аударманы есептейді. Марксизм-ленинизм классиктерін аударушылар аударылатын шығарманың лексикасын да, синтаксисін де, олардағы ой-пікірлерді, эмоциялық және образдық көріктерді толығымен сақтауға, түпнұсқаның мазмұны мен формасының бүкіл нәр-қуатын толық беруге талаптанады. Осы айтылғандарға, марксизм-ленинизм классиктерін аударудағы ең басты бір шарт — марксистік-лениндік идеяларды таза сақтау үшін, марксизм — ленинизмнің революциялық теориясын түрлі бұрмалаушылықтар, бұлдіріп қадірін түсірушіліктерден аман сақтау үшін — берік ұстаған ғылыми дәлме-дәл аудару тәсілдерін қоссақ, онда, біз мұнда, советтік реалистік аударманың нық негізі барлығын ұғынуымыз керек. Ал бұл ұйымдасқан, ғылыми дәлелденілген және өз жетістіктерін үнемі өркендетіп келе жатқан игі қызмет — біздің, көбінесе үстіртін, парықсыз және жекелене әрекет етуші көркем проза аудармашылары үшін көп өнеге болатындығы сөзсіз.

Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын біздің елдің туысқан халықтарының тілдеріне аудару тәжірибесінен біз сол аударған тілдің жаңа сөздермен молыға түскенін байқаймыз. Мысал үшін айтсақ,

Лениннің шығармалары қазақ тіліне аударылуына байланысты, қазақтың әдебиет тіліне орыс және шетел терминдерінен екі мыңдай сөз еніпті. Ғылыми терминдік сөздерді қабылдаумен қабат, ұлт тілінің мүмкіндіктерінен байыту жолында үлкен жұмыс жүргізілуде. Бұл талап — жаңадан сөз байланыстарын жасау, бар сөздер мен ұғымдардың мағыналарын тереңдету, жаңарту, жеке сөздердің ұғымдық ауқымын кеңейту, ұлт тілдерінің сөз негіздерін пайдалана отырып, жаңадан сөз тұлғасын жасау секілді шаралар арқылы жүзеге асырылмақ.

Орыс тіліндегі әдебиеттің туысқан халықтарымыздың тілдеріне аударылуы сол халықтардың тілдерін байыта, дамыта түспекші, аударма арқылы орыс тілінің ойлау формасы, сөз мәдениеті және бүкіл әдебиеттік өнегелері біздің халықтарымыздың тілдеріне бірте-бірте сіңісіп, қалыптаса бермекші. Тек осы жолдар арқылы ғана әр халық өзінің әдебиет тілін молықтырып, өркендете түседі, сөйтіп өзінің төл-тума әдебиетінде біздің отанымыздың өміріндегі орасан ұлы қозғалыстарды кеңінен толық сипаттауға зор мүмкіндік алады.

1955

ПУШКИНДІ ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

1937 жылы Пушкиннің өліміне жүз жыл толады. Адам баласының мәдениет тарихында, өз атының өлмес, өшпесіне көзі әбден жеткен кемел ақын, келешекті болжай кеп:

«Дабысым Ресейге кетер жалпақ,
Тіл біткен жүрер менің атымды атап.
Славян, фин жұртының паң ұрпағы,
Талайғы тағы тұңғыс, қырда қалмақ»,¹—

деген еді. Бұл өлеңнің басында «Менің ескерткішіме жаңағы халықтардың келіп-кетер соқпағын ермен баспас» дегені тағы бар. Өзі тудырған саналы, сәнді, мұңды сөздің шын қасиеттерін анық сезген Пушкин келе-

¹ Аударған Ғали Орманов.

шек замандардың халқына өзінің ат-атағы даңқты болатынын білсе де, бұның шын кәдірлі болатын, шын көрікті болатын заманы қай тарихта, кімнің дәуірінде екенін білген жоқ еді.

Бұл күнде Пушкиннің ескерткішіне баяғы «тағы тұңғыс та, сахара досы қалмақ та», ол кездегі жарым жабайы қазақ та соқпақ салды. Ақынды танып ағыла бастады. Бұл жағынан қарағанда ақын үміті ақталды.

Бірақ, сол кім арқылы болып отыр? Оған даусыз, қалтқысыз бір-ақ жауап бар — жалғыз ғана Октябрь арқылы болды. Әйтпесе, Пушкин өлгеннен кейін де 80—90 жыл өткенше қазақ, қалмақ былай тұрсын, тіпті орыстың қалың еңбекші бұқарасы да Пушкинді анықтап білген жоқ еді.

Октябрьден бері Пушкин дүниеге қайта туды. Шынымен жалпақ еңбекші елдің, саналы, сапалы қауымының, көп тілді, бірақ бір тілекті боп бауырласқан қауымның керек етіп, қадірлейтін адамы боп қайта туды.

Сондықтан, мына келе жатқан жүз жылдығына қарсы Совет Одағының барлық республикаларында, барлық алыс, жақын түпкірлерінде үлкен-үлкен әзірліктер істеліп жатыр.

Пушкиннің жүз жылдығын ойдағыдай етіп өткізу үшін партия мен үкімет осы күннен шаралар қамдап жатыр. Жүз жылдықты басқарып, ұйыстыратын зор авторитеті бар комиссия сайланды.

Одақтың өзге республикаларыман қатар, бұл іске біз де жұмыла әзірленуге міндеттіміз.

Пушкиннің жүз жылдығымен қатар біздегі өнерлі жұртшылықтың істейтін ең бірінші ісі, ең зор міндеті: сол ақынның үлкенді-кішілі шығармаларын қазақ тіліне жақсылап аударып беріп, қазақ оқушысы Пушкинді өзінің ана тілінде оқып, түсіне алатындай ету керек. «Социалды Қазақстан» осындай істің ең алғашқы ұйыстырушысы болып, қазақ ақынының көпшілігіне Пушкиннің өртүрлі өлеңдерін аударуды тапсырып отыр жәнне сол аудармалардың татымдыларын газет бетінде жариялап отырумен қатар, кейін жақсы боп шықпай аудармаларды құрастырып, жеке кітап шығармақшы.

Пушкиннің жүз жылдығына арналған әзірліктің бір үлкен түрі осылайша басталуы өте дұрыс, шын бағалы

іс. Бұған қазақ ақындарының қай-қайсысы болса да ат салысады.

Жалғыз-ақ, бұл іске енді кірісуді үстірт қарамай, мәдениеттілік, көркемдік, салт-саналық жағынан көп, зор жауаптылығы бар маңызды іс деп кірісеміз. Сондықтан бұл күнге шейін ертелі-соңғы уақыттарда Пушкинді қазақшаға аударуда қандай тәжірибелер болғанын еске алып, талдап қарай, сынай отыра кірісуіміз шарт.

Осы ретте, ең әуелі менің өзіме мәлім шамада Пушкиннен не нәрселер аударылғанын айтайын.

Қазақта Пушкинді ең алғаш рет аударғысы келген ақын — Абай. Оның қолға алғаны «Татьяна — Онегин». Бірақ, Абай қыз бен жігіт арасын қатарымен баян етуді түр ғып алып, Пушкиннен түр жағынан да, мазмұн ретінен де алыстап кеткен. Мұның жайынан толығырақ түрде кейінірек тоқтаймыз. Әзірше айтатынымыз Абайдың ол шығармадан анық аударғаны «Татьянаның хаты», «Амал жоқ қайттым, білдірмей» ғана.

Қазақтың ескірек ақындарының ішінде Пушкинді аударайын деген тағы бір кісі Шәкерім еді. Ол «Дубровский» және «Белкин» әңгімелерінің ішінен «Боранды» алған.

Соңғы жылдар ішінде қазақтың совет жазушыларының біразы да Пушкинді аударуға кірісе бастады. Бұлар бір жағынан Пушкиннің үлкен көлемді шығармаларын алса, екінші жағынан шағын өлеңдерінің ішіндегі революцияға жанасатын, не көркемдік жағынан айрықша келісті деген өлеңдерін тандап, аударып келеді. Біздің ақындарымызда Пушкинге көбірек көңіл бөліп келе жатқан Ілияс пен Тайыр және соңғы уақытта — Ғали, Ілияс аударғандар: «Жебырайылнама», «Чаадаев», «Сібірге хат», «Қара бұлт», Тайырдың аударғаны: «Кавказ тұтқыны», «Цығандар» және уәдесіне жетсе — «Мыс салт аттыны» аудармақ. Бұл соңғы аталған үш нәрсе мен «Жебырайылнама» — Пушкиннің көлемі үлкен, көркем поэмалары деп саналады. Дәл соңғы кездерде осыларға қосымша боп Ғали жазған: «Ескерткіш», «Қабырымның қақпағында» деген аудармалар бітіп отыр.

Бұл саналған аудармалардың қалпы қандай екенін тексеруді Абай аудармасынан бастайын.

Абай Лермонтов, Крыловтың жақсы аударушысы болса да және орыс классиктерінің Лермонтов үлгісін-

дегілеріне шын себеп аударушы бола алатындығын көрсетсе де, дәл Пушкин тұсында сондай еңбек етпеген сияқты. Пушкиннен оның жалғыз байқап көргені «Евгений Онегин» болса, Абай бұл шығарманы «Татьяна -- Онегин» ғып әкетеді. Пушкинде Татьяна мен Онегиннің бір-бір ғана хаты бар да, тағы екі рет ауызекі жауаптасуы бар болса, Абай осы төрт кездің барлығын да хат қып алады. Ол төрт хаттың ішінде Пушкиннен шын аударылған жері — Татьянаның алғашқы хаты. Содан басқа үш кездің үшеуін де Абай Пушкиннен аудармайды, соның сағасымен өзінше, Пушкиннен өзгеше өлеңдер жазып кетеді. Қыз бен жігіттің арасын, мінез-құлықтарында Абай Пушкиндікінен бөлек етіп, опасыз жігіт етпей, үлгілі жігіт, биязы қыз шығарды. Сүйіссең осылай сүйіс деген нәтиже шығармақ боп Пушкин шығармасының қонысын да, құбылысын да өзгертіп жіберді. Сондықтан тілдегі теңеулерінде де:

«Қаймақ еді көңілімде
Бізге қаспақ болды жем»,—

деген сияқты Татьянадай француз романын бойтұмар қып жүрген помещик қызына қазан қырғызып, қаспақ жегізіп қояды. Абай Татьянаның алғашқы хатының тұсында өзінің Пушкинге жақсы аударушы бола алатындығын көрсетсе де, анығында «Евгений Онегиннің» аударушысы болмай, өзгертушісі болып шығады. Сондықтан, әрине Пушкиннің бұл шығармасы аударылды деп санамай, бастан-аяқ қайта аудару керек. Және Абайдың бұл тұста қолданған әдісін теріс деп білу керек.

Пушкинге екінші жанасқан ақын Шәкерім болса, ол «Дубровский» мен «Боран» деген екі әңгімені алған да, қарасөзбен жазылған прозалық шығармаларды, жаппай өлеңмен баян етіп кеткен. Мұнда, әрине, Пушкиннің құрғақ әңгіме желісі ғана болмаса, басқа оның қарасөздері тіл кестесі, үлгі-өрнегі түгелімен ескерусіз боп, сыртта қалған. Қарасөзді әңгіме басқа тілге өлең боп құбылып түскен соң, онда, әрине, Пушкиннің тамтығы да қалмайды. Сондықтан бұл сияқты «аударманы да ылайықты әдіс, орынды үлгі деп айтуға келмейді. Бұл екі шығарма да қарасөзбен қайтадан аударылуға тиіс.

Алашорда жазушылары өздерінің салт-саналық, ұлтшылдық сарыны бойынша, Европа жазушыларын

қазақшылаудың орнына, қазақыландырмаса көңілдері көншімейтін. Мұның мысалы, Бөкейхановта өте көп. Бөкейхановтың Ленин еңбектерін аударғанда салт-саналық қаскөйлігінен басқа, оның сол кездерде Толстойды аударған істерінде де Толстой ат-тонын ала қашарлық «өрнектері» болушы еді.

Мұндай аударма жазушының айтамын дегеніне тілмаш болып, қазаққа өзімше түсіндірем деп, ойға келген зорлығын істеген, әзірге қазақыландыру болатын. Жазушының тың теңеу есебінде айтқан сөздерін, өрнегін қазақтың көпке мәлім болған, сонылығынан айырылған мақал-мәтелімен аудару.

Ол әр әдебиеттің, әр жазушының өзінше теңеуі, өзінше лұғаты, өзінше сөз мәдениеті, үлгі-стилі бар дегенмен есептеспей, оның бәріне жауап ұратын, қазақ тілінің көлемінде менің топас іске күшім бар деген сөз еді. Былайша аударғанда орыс, Европа жазушысының бәрі өздерінің стилі, ерекшеліктерінен жұрдай боп, бәрі де бір-ақ қалыпқа соғылып, бір-ақ меркамен шығар да отыра еді.

Енді Пушкиннен аударма жасап жүрген Қазақстанның совет ақындарына келсек, Ілияс, Тайыр, Ғали үшеуінде де бір ерекше айқын тұрған жақсы өзгешелік — жаңағы, жоғарыда айтылған қазақыландыру машығы жоқ. Бұлар өз шығармаларын орыс тіліне аударатын адамдарға «біздің теңеуімізді, біздің стилімізді өзімізше келтір» дейтін шарттарын Пушкиннен өздері жасаған аудармада естен шығармайды.

Олар поэзия тіліндегі (образ) теңеуді — жалғыз қазақ тілінде ғана мәлім болған теңеулермен «болды, бітті» деп есептемейді. Қайта Пушкин болсын, Демьян Бедный болсын, не басқа ілгері-соңғы өзге тілдерде жазған ірі ақындар болсын — бәрінің де теңеулерін өз түрінде келтіріп, сонымен жаңа қазақ тілінің орамдылық, көріктілік жағын байыта түсуге тырысады.

Бұл шынымен негізгі, үлкен мәселе. Осыны маңызды, іргелі мәселе ғып түсінгендіктен, шынында бір дәлме-дәл келген жер болмаса, өзге кездің бәрінде де Пушкиннің иә өзінде, иә орыстың жалпы тілінде жоқ «қазақы тон-тымақтан» бойларын қашық ұстайды.

Жалғыз-ақ, бұл ақындар осы жайды енді құр теңеу жөнінде ғана еске алмай, кеңейте, тереңдей түсініп, Пушкиннің өлең ұйқасы, лұғаты, терең ойшылдығы —

қысқасы барлық стиль ерекшелігін дәл түсіруді негізгі әдіс етіп қолдану керек.

Бұл жолдастардың әзіргі тәжірибесінде Ілиястың — «Чаадаевқа» дегені мен «Қара бұлты» болмаса, Пушкин ұйқасын қолданбау бар. Рас, ол ұйқасты үнемі, құр ұйқас үшін беру, дәл өз түрінен формалистікпен аумаймын деп, қатып қалу дұрыс болмас.

Бірақ, сонда да Пушкиннің өлеңдерін әрдайым қазақтың орыс поэзиясында жоқ төрт жолды «ақсақ» ұйқасымен аударма беру де дұрыс болмайды.

Ілияс «Чаадаевта» шалыс ұйқасты қолданыпты. Абай да «Амал жоқ қайттымда» сол шалыс ұйқасты қолданған. Бұл Пушкиннің көбінесе, өзі қолданған ұйқас. Аудармада соның сақталуы мін емес, қасиет болып көрінеді.

Онан соңғы бір қатты ескертетін жер — Пушкиннің лұғаты — сөздігі. Бұл ақын бір жағынан Муза, Апполон, Лира сияқты ескі Античный әдебиеттің белгілерін көп пайдаланса, екіншіден орыс тілінің ескірген сөз түрлерін, дін сөздерін де, өте көп қолданады. Мұндай жерлерін біздің бүгінгі әдебиет көлемінде көп қолданылатын жалпы ұғым тілімен ғана айтсақ, ол жеткілікті болмайды. Жүз жылдық тарихты ұмытуға жарамайды. Пушкиннің тілі мен революцияның тілі бір емес. Пушкиннің жаңағыдай сөзі орыс тілінің көлемінде қаншалық ескілік сияқты сезілсе, сол сөзді қазақшылағанда да, мүмкін болғанынша, сондайлық көне боп сезілетін, өзіне мазмұны, күйі сай сөздерден төлеу салуға тырысу керек. Осы ретте Пушкиннің көп айтатын «свобода» деген сөзін Ілияс «еркіндік» десе, Ғали «тендік» деп шалғай түседі.

Біздің кейбір ақындарымызға Пушкин текстісінің аса қиын соғатын бір жағы — кейде ескіше, өзгеше боп айтылған иә бір сөздің, иә сөйлемнің мағынасын жете түсінбей қалатын көрінеді.

Содан теріс мағыналы аударма туып кетеді. Немесе, Пушкин айтқан тереңдікке, толқындылық сөзімділікке жете соқпай, дөп келмей, бәсең түсіп қап отырады.

Осы кемшілікпен жалғас болып, өлең ішіндегі көңіл күйі де, суретті ырғақ тынысы да тараңдап кетеді. Орысшасында жалындай маздап, шарқ ұрып тұрған сөз келісімі, мынада жүдедеп кетеді. Соны сезген, аудармасының тең түсе алмағанын байқаған кейбір ақын,

осыдан соң барып, қазақша қат-қабатталған құр шешен сөзге өктейтіні де бар екен. Бірақ, бұл сөздердің иә үнділік жағынан, иә жеке мағына жағынан сырт сұлу болғанмен, Пушкин жолының сезім-сырын шеше алмағандықтан бос шығын сияқты тұратыны да болады.

Сондықтан аударма да бірен-саран кемшілікті шешен сөзбен бастырып жіберген деген әдістен де қашқан лайық. Мұның бәрінің түп себебі Пушкин жолдарын шала ұғынудан тұратын болса, ең алдымен асықпай, үстірттік қылмай, орысшаның мағынасын ұғынумен қоса, сезім ырғағын жете ұғынып, көкейге қондырып алу керек.

ХАН КЕНЕ

Бес перделі тарихи пьеса

«ХАН КЕНЕ» ПЬЕСАСЫ ТУРАЛЫ

Мұхтар Әуезовтің оқушы назарына ұсынылып отырған «Хан Кене» пьесасы бұрын-соңды баспасөз бетінде жарияланбаған. Алғашқы нұсқасы жиырма бесінші жылдардың соңында жазылған тарихи пьеса 1934 жылдың бас кезінде қазақ драма театрында бір рет көрсетіліп, әртүрлі сын-пікірлерге орай тоқтап қалған. Белгілі әдебиетшілер, мамандар (С. Сейфуллин, Ғ. Мүсрепов т. б.) драматург пен режиссерді ойландырар творчестволық кеңестерінде тек әдеби нұсқа төңірегінде сөз қозғап қоймай, негізінен спектакль кемшіліктеріне — режиссура шешіміне, сахналық көрініске, қосымшаларға, актерлер трактокасына елеулі сындар айтқан. «Хан Кенеден» біржола бас тарту емес, «Хан Кенені» түзету, жөндеу, спектакльді қайта қарап, әлі де жетілдіру талабы күн тәртібіне қойылған.

М. Әуезов өз пьесасын өңдеу үстінде сол пікірлерді ескерген. «Хан Кененің» жазушы мұрасында қазақ, орыс тілдерінде сақталған әртүрлі варианттарының ішінде машинкаға басылған, бөлек түптелген кейінгі бір қолжазбасы айырықша назар аударады. Бұл — 1934 жылғы спектакльге байланысты баспасөз сындарынан кейін автор өз еңбегіне қайта бір көз жіберіп, ой елегінен өткізіп, әбден шыңдалған, өз қолымен кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен пьесаның жаңа нұсқасы, жаңа редакциясы.¹ Мұнда алғашқы текстерде қатысатын кейбір адамдар, кейіпкерлер жас шамасын айқындайтын

¹. «Хан Кене» пьесасының жазылу тарихы, варианттары, өзгерістері жайында нақты мағлұматпен осы томның соңында берілген түсініктеме арқылы тапыса аласыздар.— Ред.

жазбалар, әр перденің өн-бойынан жеке-жеке көріністер, диалог-монологтар, соңғы алтыншы перде (акт) біржола қысқартылып, пьесаның әдеби тіл-баяуы біраз жетілдірілген. Кезінде кеңірек сын айтылған диуана кемпір әрекеттерінің, Кене, Наурызбай өлтірілетін желілердің, жарлы-жақыбайлар көріністерінің, қобыз сарыны, орынсыз ән-жырлар мен жалпы сахналық шешім құбылыстарының, режиссер жамауларының бәрін де драматург алып тастаған. Машинаға басылған пьесаның емле қателеріне дейін автор өз қолымен түзеткен: сызып, қосып, жеке сөздерге, сөйлемдерге өзгерістер енгізген.

Жарты ғасыр бойы уақыт сынын, тарих таразысын күтіп жатқан «Хан Кене» пьесасының осы ең соңғы нұсқасы енді, міне, тұңғыш рет жазушының жиырма томдық шығармалар жинағында жарияланып отыр. М. Әуезов Кенесары тұлғасы мен өткен ғасырдың қырқыншы жылдарындағы оқиғалар туралы сонау жиырма-сыншы жылдарғы көзқарастан анағұрлым тереңірек, парасатты драмалық туынды мүсіндеп шыққан. Араға тағы бір жиырма жыл салып, кейін жалпы тарих ғылымының жаңаша тұғырын, бүгінгі бағытын белгілейтін өзінің әйгілі «Абай жолы» эпопеясы сияқты, жазушы бұл пьесасында да белгілі бір кезеңнің қалыптасып қалған байырғы ұғымдарынан көш ілгері озып, дәл қазіргі тарихи түсініктермен, ғылыми көзқараспен саймасай келетін творчестволық тың шешім (трактовка) ұсынған. «Қазақ ССР тарихының» III томы мен осы мәселені мұқият зерттеген тарихшыларымыздың кейінгі еңбектерінде айқындалған тарихи деректермен, қортындылармен пьесаның идеялық көркемдік концепциясын салыстырып қарағанда, М. Әуезовтің тарихи шындықты қаншалықты әділ бейнелегенін бірден аңғару қиын емес. Пьесаның тарихи негізі мейлінше дәл, ал драматург тарих ғылымына кейінірек мәлім болатын, бірте-бірте танылатын қайшылықты оқиғаларға байыптап үңіліп, шын сырын ұғынып, көрегендік жасаған. Шығарма желісі — Кене хан мен оның серіктері, жалпы осы қозғалыс өзінің халық мүддесімен қабыспайтын трагедиялық сыпатын біржола ашқан соңғы санаулы жылдарды (1841—1847) қамтиды. Жазушы кейіпкерлерін барынша әлеуметтік-таптық, тарихи тартыстар өрісінде бейнелейді.

Автор Кенесарыны бейбіт халықтар арасына ірікті салып, өштестік, араздықты қоздырушы, шексіз билікті көксеген мансап құлы тұрғысында көрсеткен. Бұл

пьеса персонаждарының әрекет-қимылымен, күдікті пейілімен, сөздерімен, жалпы оқиғалар шешімімен, драматургтің бүкіл авторлық позициясымен жете әшкереленген. Кене — көршілік бауырмал қатнас заңын, салт-дәстүрін белінен басқан жаулық, қарақшылық жорықтың ұйтқысы. Мұны мүдделес сыбайластарының өзі де айыптай алады. Трагедия түйіні — талан-таражға түскен жазықсыз халықтың әділ жазасында жатыр. Бұл арада, сөз жоқ, тарихи шындыққа сай тарихи тұлғаның халық мұратымен кереғар болмысының бет-пердесі ашылған.

Пьесаның алғашқы нұсқасының жазылу мерзімі — жиырмамыншы жылдардың соңы (1928) жазушының жалпы таптық тартыстар мен тарихи қозғалыстарға айырықша мән берген кезеңі еді. «Қилы заманды», «Қараш-қараш оқиғасын», сәл кейінірек «Түнгі сарын» сияқты айтулы туындыларын еске алып көрелік. «Хан Кене» пьесасында драматург тарихи нақты тұлғаларға назар аударған да, ал мұның өзі «Абай жолы» эпопеясында, соғыс жылдарындағы пьесаларында заңды жалғасын тапқан.

«Хан Кене» — М. Әуезовтің суреткерлік, көркемдік шеберлігі ұшталу ерекшелігінің айқын бір көрінісі. Жеке адамдардың, жеке бір топтар өкілдерінің көңілі қалған күдікті, ызалы сөздері нақты кейіпкерді бірте-бірте әшкерелеп, қатыгез ханнан ең жақын сыбайластарының өзі барған сайын іргесін аулақ сала береді. Бұл принциптің мәні мейлінше зор. Бұл арада біз қалың қолдың, соңына ерген адамдардың Кенесарыға біржола берілген, табынған, тілеулес, мүдделес тіршілігін көрмейміз, қайта керісінше, дулаттар тобының, кейін әскери қолбасыларының ыдырауы, кетуі арқылы жазушы Кене ханның ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір соқа басы қалуға мәжбүр, серіксіз, тұрлаусыз тағдырының қаралы күйін жеткілікті сездіріп отыр. Пьеса финалында оны тіпті қорғарлық күш-қауқардың жұрағаты да қалмағандай. Кейіпкер жанын жегідей жеген арман-мұңын ақтарып, ең соңғы таусыла сөйлеуі — біржола өзінің іштей күйреуін жете сезінген ханның жалғыздық мотивін қоюлата түседі. Кене монологі, өзін-өзі әшкерелеуі, жазғыруы, өзгелер көңіл-күйімен, әрекетімен бағаланған хал-жағдай, сайып келгенде, түп төркіні тарих үкіміне тіреліп жатыр.

Жалпы, пьеса — тұтас алғанда, нақты, реалды тұл-

ға әшкереленетін, Кене ханның реакцияшылдық, кертартпалық мұрат-мүддесі жүзін жалаңаштап, шын сырын, шындығын ашатын трагедиялық тарих. Мұнда әсіресе оқиғалардың шапқыншылық сыпаты мен халықтар мүддесін қорғайтын, достыққа бауырмалдыққа шақыратын ізгілік мұраты мейлінше айқын көрінген.

Тарихи өріс, тарихи бағыт (перспектива) түсінігі көркем шығармада қашан да түрліше шешім таба беретіні заңды құбылыс. Драматургиялық туынды тарихтың жалаң иллюстрациясы емес. Мына пьесада ол жалпы осы Кенесары қозғалысының күндердің күнінде бәрібір баянсыз, сәтсіз аяқталатынын, бүкіл мақсат-мұратының мерт болатынын (ұлымен тілдесетін соңғы көрніске назар аударыңыз), бауырлас екі халық арасында өштестік отын тұтатар жаулық әрекеттің біржола күйрейтіні табиғи бейнелеу арқылы ашылып отыр. Мәселе тек бірыңғай тарихи шындықтың дәлдігінде, Кенесары төңірегінің шынайы көрнісінде ғана емес, бұл арада әсіресе трагедиялық тартыстар мен халықтық кейіпкерлер тағдырының, олардың тұлғалық, адамгершілік болмысының көркемдік шешімдеріне ден қоюдың мәні зор. Наурызбайдың ұрда-жық, дарақы, қанқұйлы қимылдарын қатыгез Кененің өзі де айыптайды. Үйткені ол көрсоқыр-оспадырлығымен, жүрек жұтқан көзсіз батылдығынан гөрі жалаң білек, жуан білек жауыздығымен айлакер хан саясатының астарын жете ұқпай, қулық есептің желісін бұзып, нұқсан келтіріп ала береді.

«Хан Кене» тарихи трагедиясы өз халқын Россияға көзқарастың, Россиямен қарым-қатынастың мүлдем басқаша арнасына бұрған ұлы ағартушы Абайға дейінгі кезеңді бейнелейді. Жазушы, бір жағынан, хан мен оның іштей іріген серіктері ортасын тану, түйсіну арқылы, екінші жағынан, пікірлері, ұғым-түсініктері табысатын екі халықтың — қазақтар мен қырғыздардың көзқарасы, бағасы арқылы нақты, реалды кейіпкерлер әрекетінің тарихи, психологиялық мотивировкасы суреткерлік шыншылдықпен дәл берген. Бүгінгі күн түсінігімен тікелей үндес драматург шешімі, міне, осылай айқындалған. Автор кейіпкерлерін әдейі құлдыратып, бірыңғай, сыңаржақ қаскөйлік, жауыздыққа айналдырып жібермей, олардың мұрат-мүддесін, табиғатын ханшылдық, билік-құмарлық, мансапқорлық лейтмотивтерінен өрбитін сан қилы әрекет-қимылдар арқылы жеткізеді. Жазушының бұдан былайғы творчествосында бірте-бірте-

те берік орныға беретін баянды дәстүрлердің бірі — трагедияның осы сұсты реализмінде жатыр.

М. Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы тарихи нақты тұлғалар мен халық өмірінің белгілі бір кезеңдеріне, қайшылықты ауыр оқиғаларға айырықша мән берген жазушының жиырмамыншы жылдар аяғы, отызыншы жылдар бас кезіндегі творчестволық ізденіс жолдарының айқын бір сыпаттамасы болып табылады. Қайталап айтсақ, нақты деректер мен прототиптер М. Әуезовтің жоғарыда біз еске алған сол жылдары екі повесінің де («Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы») арқауы еді. «Хан Кене» пьесасы арқылы реалист-суреткер өмір шындығына өз ұғымы, өз көзқарасымен үңілген, тарих ғылымының сол тұстардағы түсініктерінен де әрірек, тереңірек бойлап, көрегендік жасап, тарихи тұлғаның шын сырын жете таныған, халықтар мұратына қарсы бағытталған тарихи зұлымдықтың қалай күйрейтінін әділ аңғарған.

Драматургтің көркемдік концепциясын тек Кенесары бейнесінің өн-бойынан біржақты іздемеу керек. Драма түйіні, мақсаты ханның қарабасы мен оның сыбайластарының әйтеуір сәтсіз жорықтарын бейнелеп шығу емес, басты мәселе — жалпы осы қозғалыстың қалың бұқара мүддесіне жат кертартпалық мәнісін ашуда, халықтық типтер қатынасы, көзқарасы арқылы мансапқорлық, баққұмарлық, таққұмарлық қиянатты әшкерелейтін тарих үкімінде, халықтар үкімінде.

Бай-патшадан, отаршылдық езгіден, қанаушылықтан қажыған халықтың белгілі бір тобы алғашында елдігімді қорғайды деп үміттенген жағдайда, Кенесарыны хан көтеріп, соңынан еруінің себебі де түсінікті. Алайда, шексіз билікті көксеген хан халық наразылығын өз мақсатына епті пайдаланып кетті. Қанды жорық, қаралы күй кештіріп, қасіретті қоюлатқан жылдардың ащы шындығы еркіндік, азаттық жолын таба алмай тұйыққа тірелген халықты қиналтып қана қоймай, ойлантуға да тиіс болды. Алданып барып, адаса жаздап, ақырында Кенесарыны мүлдем қолдамай, жападан-жалғыз қалдырған, сөгіле көшіп, іргесін ажыратқан қалың қолдың шешімінде терең мән жатыр. Бұл — саналы түрде әлі жете сезініп үлгермегенмен, болашақта бүкіл прогресс тізгінін өз қолына алатын, қашан да тарихтың қуатты қозғаушы күші — қалың көпшіліктің ұзақ даму, оң-солын тану жолындағы бір бетбұрысы, бас-

налдағы еді. Жазушы жалпы күрес жолының ауырлығын, міне, осындай қайшылықты, трагедиялық шырғалаң оқиғалар арқылы көрсеткен; қазақ халқының тағдырындағы тар жол, тайғақ кешу, азапты бір кезеңнің тарихи сабағын бейнелеген.

РЕДКОЛЛЕГИЯ

А Д А М Д А Р Ы:

Кене	
Наурызбай	— жас батыр. Кененің інісі, кіші шешеден.
Ержан	— Кененің немере ағасы.
Бопай	— Кененің апасы.
Қарашаш	— Ержанның қызы.
Ағыбай	} — батырлар.
Бұқарбай	
Жоламан	} — батыр, қолбасы.
Бұрыбай	
Құдайменде	} — төрелер, Кененің достары.
Көшек	
Шеген	— қария.
Мұса	— би.
Жантөре	} — Кенеге қас би, төрелер,
Шотай	
Балғожа	} — ақын.
Нысанбай	
Рүстем	} Дулаттың бастықтары.
Сыпатай	
Байұзақ	} — Қырғыз батырлары.
Кәрібоз	
Жаманқара	

Шалдар, әскерлер, қатындар.

ПРОЛОГ

Дала. Жасыл төбенің басы. Алыста тау. Көп ауыл суреттері.
Қасымның асы.

Бірінші көрініс

Асқа жиылған кісілер. Бір жақтан шығып, екінші жаққа өтіп жатады. Жыны осы төбеге келмек. Алғашқы шыққан үш кісі. Бәрі де орта жасты адамдар. Ақырын аяндап, әңгімелесіп келе жатады.

1 - кісі. Осы төбеге келеді деді ме?

2 - кісі. Осы болар, осы-ақ шығар.

3 - кісі. Бірақ, бұған мына қара құрттай қайнаған ел сыя ма?

2 - кісі. Сью қайда?

1 - кісі. Осының бір балақ жерінен, құлақ оты болатын жерден орын алайық.

3 - кісі. Қайыр, ел де жиналған-ақ екен. Құмырсқаның илеуі ме, немене?

2 - кісі. Не айтып отыр өзі?! Үш жүздің баласынын ру-руынан келмей қалған жан жоқ дегенді ұқтың ба? Жоқ па?

1 - кісі. Бәсе, бұл тілеуден кім жырылып қалды дейсің...

3 - кісі. Уа, осы өзі мына патсаға қарсы ғой, ә?! Өзге төрелер патсадан бақ, даража алып жатқанда, бұ неден бүйтті екен?!

1 - кісі. Өзге төре бір төбе, бұлар бір төбе ғой.

2 - кісі. Садаға кетсін өзге төре... Олар елдің де, елдік ойлаған жалғыз-жарым жақсының да жауы емес пе? Солар енді аяғынан алмаса қайтеді десеңші мынаның. *(Бұлар өтіп кетеді).*

Екінші көрініс

Төрт-бес жастау жігіттер шығады.

3-жігіт. Бұл қазақ ұранды халыққа біткен батырдан батыр, ақыннан ақын, балуаннан балуан қалмаған-ақ шығар, бәрі де осында-ақ білем.

2-жігіт. Билер мен қарияларды қайтесің? Әлде оларды менсінбеймісің? Санамаймысың?

1-жігіт (күліп). Әй, тәйірі-ай, шал дәрі ме?

3-жігіт (қоса күліп). Өлмелі шал өз үйімде де бар дел!

2-жігіт. Неге өлмелі болсын. Кенеге елді ел қып құрап беретін солар болар.

1-жігіт. Құрамайым десе де қалың ел өзі-ақ құралады. Кененің жолынан шал болмаса да, басын тартатын кісі жоқ.

3-жігіт. Солай деймісің? Бірақ осы аналар да төре, бұл да төре. Осы төре мен төре боп алып, неге тіркестесті осылар? Олар болса және ылғи ел билеп отырған ұлық. Аға сұлтан, пәлен сұлтан, түген сұлтан дей ме, әлде не! Түбі, көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады деп, соларыңның лебі тартып кетпесе дейім-ау осыны да.

1-жігіт. Е! Не қылар дейсің? Ол бесті, енді төрелер мен ұлықтың шеніне сатылған жалғыз-жарым шығар. Селдей болып ел беттесе, күлдей болып ұшып кетпей ме?

3-жігіт. Ел сорлы ерер-ау! Өйткені бұл ереуіл елдің өз тілегі ғой. Бірақ түбі сол мынаның артынан еремін деп шаң қуалап қалмаса дейім-ау!

2-жігіт. Әй, әне бір жақта қобыз ұстағандар келеді. Ақындар шығар. Жүріндер, солай баралық. (Шығып кетеді.)

Үшінші көрініс

Үш шал шығады.

1-шал. Баяғыда Абылайдың асына жиналған ел ерекше болды деуші еді. Мынаған сол таласпаса, бұл өңірде, қазақ баласы білген аста, бұдан үлкені болмаған-ақ шығар. Не деген көпшілік!

2-шал. Және жиыны қандай ажарлы. Өзіміз естігеміз де, көргеміз де жоқ бұндайды.

3-шал. Шабатын аттың санынан-ақ ойласаңшы. Үш жүз дей ме, төрт жүз дей ме?

1 - ш а л . Тігілген бәйгі қандай. Бар шығынды Кене-нің өзіне аудармай, кіші жүз бен орта жүз түгелімен өз мойындарына алып отыр ғой.

3 - ш а л . Тек жолдары болсын байғұстардың... Баяғы Абылай мен Тәукеден соң ұмытылып кеткен бір үлкен тілек қой. Жауы қалың, қайраты күшті. Тілектері болар ма, жоқ па?

1 - ш а л . Пәлі... рас айтасың. Бұның ниеті бір үлкен игілік екені рас қой. Тек ел еруге жарасын де.

3 - ш а л . Бәрінен де соны айт. Ел ерсе бірдене болар. Бүгін мына жиын неге байлар екен. Жә, осы бір жерден отырмаймыз ба?

БІРІНШІ ПЕРДЕ

К ө р і н і с

Сахнаға Кенелер шыққанда алдыңғы жақта қалың кісі. Жұрттың арты сахнадан әрі созылып тұр. Кенелердің арт жағы да сондай созылған көп халық. Ту артынан шынжырлы балуандар шығады. Тегіс, күресетіндей киінген. Арттарынан қобызды, сыбызғылы ақындар, әнші, күйшілер шығады. Солардың артынан өте сәнді киінген Кене шығады. Екі жақ жанында Шеген, Жоламан, Мұса. Бұлардың артында Ержан, Наурызбай, бәрі де сауыт киген, жеңіл қару асынаған, сапылы, қылышты. Сондай қаруы бар Болай шығады. Ден басында сандық тасқа кілем жайылған. Соған Кене мен Шеген, Мұса барып отырады. Өзге төрелер солай қозғалады. Сахнаға көп жиын ентелей қоршап келе жатады. Бір бөлек топ болып Шотай, Жантөре, Балғожалар шығады.

Жоламан (Шегендерге қарап дауыстап сөйлеп).
Уа, ел басшылары! Қалың қазақтың қара ордасы мінікі. Мынау қазақ баласына айтпақ сөздерің бар емес пе еді? Соған телміріп тұр. Бастаңыздар. *(Шегенге қарайды. Жұрттың арасында ентелеген, бірдеме күткендей сыбыр, жыбыр.)*

Шеген (жәйланып, айналасына қарап). Олай болса алты арыстың баласы мына сөзге құлақ сал! Қазақ — қазақ болғалы басынан қилы-қилы заман кешірген. Жақсы күні бір болса, асу-асу белдерден асамын деп аса алмай, қос қанаты қайрылып, ошарылған, күніренген күндері де болған. Басшыдан ми, қарашыдан күй кетіп, бет-бетімен тозып қайың сауып, қаңғып кеткен күні де болған. Бірақ, соның бәрі болса да, бұрынғы атабаба біз көргенді көрген жоқ еді. Көрініп келген апаттан жаман болып, іштен кернеп келе жатқан дерттер

бар. Соны бәрің де көріп, сезіп тұрсың. Көзі жасты, көңілі қаяу кәрің бар, жалын жұтып, іштен тынып шерменде болған жасың бар. Темір ноқта кигізіп, шектіргелі тұрған қолы қатты қасың бар. Ақ патсаның құлысың. Уа, ұлы емес, құлысың деп тұр, міне! (*Әр жерде кәрілер ортасында: «Уа, жалған»... «Уа, сұм дүние!!»*) Соны көріп, осы қазақ баласының қара өзегін қақ жарған жалынды арман бар. Елдігің, бірлігің, игілігің кеткен заманда, етек-жеңін түрініп, екіленіп шыққан ерді көксейсің. Қиялай қиқу шыққанда қаңтарыла кететін омыраулы басшыға құштарсың. Жоқ па сондай тәуекел қып, тас жұтып жүрген қазақтың қамқоры?... Арысы Абылай, берісі... Қасымның ұясынан ұшқан жез қанат балапаны мінекей. Алыстан тоят тіленіп, қасқарып ұшқан қырандарың осылар. Ел боламын, сілкінемін десеңдер, екі тізгін, бір шылбырды қолына беретін иен келді. Бұрынғы басшының барлығын байқамай қапы өткізсең, ендігі келген осылар. Алдыңғының сарқыны осы. Бұдан айрылсаң бойыңды жазғызбайды. Тас түйіндей бірік те, жолына тілеуінді қосып, осы ақ тілеудің үстінде, осы жиын, мына Кенені хан сайла. (*Аз тым-тырыс.*) Осындағы игі жақсының байлауы сол. Не айтасың, ел?

Ж о л а м а н. Уа, жұрт, сөйле. Сайлайтұнынды өз аузыңнан айт. Шығар үніңді, кәнікей.

(*Қалың жиын шу-шу етіп.*)

— Уа, сайлаймыз...

— Уа, аруақ қолдап, әулие жар болсын...

— Ханымыз Кене... Хан Кене... Абылайдың жолын берсін...

— Я аруақ... аруақ... ханымыз... ханымыз... Жолы болсын Кененің... (*Көпке шейін шу, дыр-ду, ылғи «хан», «хан» деген сөздер естіледі. Бір мезгілде Мұса түрегеліп, жұртқа қолымен ишарат қылып тоқтатып.*)

М ұ с а. Уа, жұрт, адал ниет, ақ тілеудің үстіне үйіріліп түскенің көрінді. Жолы болсын. Бетінен жарылғасын. Мен мына ел сүйген жас арыстан Кененің осы алты арыстың баласын бір тудың астына жиған тілегінің жолына бір көк қасқа айтамын. (*Тағы да шу, «жолы болсын», «аруақ жар болсын»... «Я аруақ, я аруақ»..*) Бірақ, ханды құр айғаймен сайламайды. Бұрынғы, соңғының жөрелгісімен ақ киізге отыртып, осы жұртты жеті айналдырып шығу керек... Әпкел киіз! Ұмытқан ба, бұл қазақ баласы... баяғы ханның жолын! Қайда киіз? (*Көп*

айғай, «әпкел киіз, киіз... хан көтереміз. Жолы... жолы болсын». Киіз әкеліп, көп жақсылар Кенені ақ киізге отырғызып алып, көтеріп алады. Сол арада қолындағы қобызын сілтеп, екіленіп сөйлеп Нысанбай ақын шығады.)

Көрініс

Нысанбай (шұбыртпамен).

Уау, ордалы казак, ортаңа
Өкіндірген заманда
Оралып келген бақ қандай?!
Өңменіңнен оқ тиіп,
Өлімші қып дөп тиіп,
Өлеріңе жеткенде
Өлтірмес дару тапқандай,
Қиялай қия шапқандай,
Ұраны шырқап аспандай,
Ала тулы жас ұлан
Аз едім деп баптанбай,
Сайланып та саптанбай
Қазақ көшін бастап ед.
Жылағанын уатты,
Жүдегенін жұбатты,
Қамалған шөлде жұртына
Тыңнан тапты суатты.
Кескілескен жауына
Қасарысып қасқарып
Әлі бермей келеді,
Кішірейген жұбатты.
Қасым ханның қырқына
Ағызды қанды бұлақты.
Сексен бектің келдесін
Бес құланда сұлатты.
Жалғыз салған ұранмен
Қырық мың үйін қазақтың
Бір атаның ұлындай
Іргелі елдік жолына
Жамыраған төлдей шұбатты.
Бұдан артық кім керек
Құдіретті де қуатты!?
Екі тізгін, бір шылбыр
Ұстат енді Кенеге,
Қамап тұрған құлдықтың
Тас қорғанын бұзатын
Ақ алмастай жебеге.
Түкіріп кет, қарама
Жауы болған төреге,
Ұлықсыған немеге!!
Жалыны бар кәрі, жас.
Ойнақтатып енді шық
Елдік бетін көрсетер
Кене тұрған төбеге.

Жасасын енді ханымыз,
Соңында шықсын жанымыз!
Ежелден келген селебе,
Қайрылатын орын жоқ,
Басымызды қосатын
Түстік міне кемерел!

Дауыстар. Баққа жетсін, Кенекем! Көп жасасын... Ердік соңынан. Мал, басымыз құрбандық... Баста... баста бізді.

Шалдар (дауыстары жыламсыраған). Я аруак, жар бола көр. Еріндер... Еріндер соңынан. Еркек тоқты құрбандық. (Бұл уақытта ханды көтергендер сахнадан алып шығып кетеді. Сыртта топты айналдырып жүрген болады. Сыртта у-шу, «аруак, аруак, иә, Абылай бабам, жар бола көр...» деген ұрандар, қуанышты, қызулы шулар. Бұл уақытта Кенеге жау төрелер өзара күбірлесіп, тыжырынып отырысады.)

Көрініс

Есеңгіреп қалғандай болып тұрған Нысанбайға Наурызбай жетіп келіп.

Наурызбай. Уай, жел ауызды ақынсыз, желді аяқты күліксіз, желпінтетін жан қайда... Көрмеймісің мына сенің сөзіңнен соң манадан кібіртіктеп отырған елдің бақсы болып кеткенін. Сенсіз жүрісте ажар жоқ. Айтқан уәдең уәде ме? Уәде болса ер, Кенекемнің соңынан! Ердің бе, жоқ па?

Шалдар. Қарағым Науанжан, бердік, қостық соны. Ертіп ал. Уа, ертіп ал.

Бопай. Ергенін өзі де айтқан жоқ па? Несіне қалды, Науан сен? Айтқан сөзін қайта жұтар деймісің?

Нысанбай. Есім ауып қалыпты, қарағым... Соған бөгеліп тұрмын. Ердім... ердім... Серкелерім...

Бір шал. Ергеменде бұл арттағы қу дүниеге нем бар деп қаласың? Батыр майданы — ақынның да майданы. Майданнан қашқан ақын тұлпар емес, жабы да... Қалсаң сөзің су татып кетер, барсаң бізге де жалын әкелерсің... Ер мен батырдың арттағы кәрі, жасқа жіберген сәлем хаты боларсың. (Науан күліп, Нысанбайды арқаға қағып ертіп кетеді. Бұл уақытта Кенені ақ киізде көтерген бойынша көп батырлар, билер қайта шығады. Алдында бос Шеген, Мұса, Жоламан келеді.)

Кене (орнығып отырып, жан-жағына қарап). Киіз туырлықты қазақтың баласы!! Соңа бір қысылған шағында ер деп етегінен ұстағаның менің атам Абылай еді. Ол сенімді ақтағандай, сен үшін жанын салып өтіп еді. Бірақ атаға берген дәуренді берер ме, жоқ па? Енді халық дәме қылып мені сайласа, кеудемде шыбын жаным тұрғанда, ақ тілеуінді ақтармын-ақ. Жетпей жығылсам көзің көрер. Жолыңа міне басым, міне жаным... Керегіне жарата бер... Содан басқа айтарым жоқ. Менің риза қошым осы. Енді ана тойларыңды тойлай бер. Біз ел басшыларымен аз сөйлесіп, орталарыңа келеміз.

Жұрт. Уа, жортқанда жолың болсын. Оң сапарын берсін. Жолың болсын... Жолын ондай көр... Я аруақ! (Кене билермен қарсы жаққа шығып кетеді. Науан, Ағыбай, Бұқарбай шығады. Бірнеше ойындар болып өтеді. Соның бірі хан, ханшалардың шығысы. Ортасында Бопай, Қарашаш. Арттарын ала әйелдер тобы шығып, хормен жырламаққа ыңғайланады. Араларында домбыра тартылады. Қатарында еркектер — жігіттер тобы, олар да бірнеше домбыраны гүжілдетіп қосып айтысқа ыңғайланып тұрады.)

Қарашаш (Науан мен Бопайға қарап). Осы бүгінгі күн, жақсы атамның асы еді. Жыл бойы қаралы едік. Ойын, сауықты біз ұмытпап па едік?.. Ойынымыздың жөні қалай болар екен, Науан, Әпіке?!..

Науан (күліп ойнақшып кеп, Қарашашты арқаға қағып тұрып). Бұның билігін Әпікем айтсын!

Бопай. Несі бар? Күні кешеге дейін қаралы болсақ, бүгін міні: өлгенің тіріліп, өшкенің жанды деген осы. Қаза күні кетті енді. Оның орнына міні бұрынғы бағымыз, дәуреніміз қайта келді. Мен айтсам (күліп), күлмейтін, ойнамайтын несі бар.

Науан. Төреңе құлдық, Әпіке, бәсе, соны айтшы!

Ағыбай. Алдияр, бәрекелді, Бопайжан, жақсы айттың...

Бұқарбай. Бізде біраз өнер көрсетейік...

Науан. Жоқ, әуелі сен тұра тұр. (Қыздар, жігіттер тобына паңдықпен қарап.) Е-е-й, ей, сен қыз бен жігіттер, тықыршып жер сүзіп тұрған сендер көрінесің! Деп жіберші, кәнікі!.. Уа, бол, түге, Қарашаштың нөкері. (Қарашаш екеуі күлісіп тұрады.)

Қыздар тобы (хормен домбыраға қосыла лепірге).

Жігіттің біз жақтаймыз ер көсемін,
Жібермес жатқа намыс, шетке есебін.
Қараша, хан нөкері жақсы атты боп,
Тілейміз болмасын деп өзге өсегін.

(Қайырма)

Жігіттер тобы.

Ендеше жігіт неге өрлемесін,
Жексен қып жауын неге жерлемесін.
Жалғыз-ақ орайына жар қуантсын,
Қайтқанда орнын сипап терлемесін.

Жігіт пен қыздар тобы.

Жолы болсын жігіттің, жау мұқатсын,
Жорық жолын жеңумен сауықтатсын.
Хан мерейін көтеріп ер еңбегі,
Дос күлің, дұшпанын да таңырқатсын.

(Қайырма)

Науан. Бәрекелде, Қарашашымның нөкері деген жерімнен шықты ғой. Уа, кел, жігіттер, біз де, сірә, қара жаяу емес едік қой. (Кенелер тобы қайта шығып, қарай қалысады.) Мынаның орайына біз де бір өнер көрсетейік.

Ағыбай. Ендеше біз ана жамбыны атамыз. (Науан мақұлдайды.)

Бұқарбай. Дұрыс айттың. Біз бассақ, сондай әнге басамыз. (Нөкер қыздарға.) Уа, қыздар, олай болса мына жігіт өнеріне қарай қал! (Садақтарын үшеуі де қолдарына алысады.) Әуелгі кезек менікі!..

Науан. Бердім кезек... (Бұқарбай атып қалады. Тимейді. Қыздар және басқа жұрт күледі.)

Ағыбай. Уай, тәйірі, былай тұршы, о несі!.. Жаңғыз қазық ұрмаса, оның сыбағасын мен берейін. (Шіреңіп тұрып тартып қалады. Тимейді. Жұрт тағы күледі.)

Дауыстар. Уа, Науан, Науан... Төренің өзі, өзі тартсын...

Жоламан. Пай, пай, қос батыр-ай, ырымың қалай еді?!

Науан. Уай, тәйірі, бері әкпеші садақты. (Бұқарбай ұстата береді.) Болар қума өзі сірә, болмас қума? (Тартып қалады. Тимейді. Жастар жағы күледі. Хандар, кәрілер ырым көргендей тіксініп, үндемей тынып қалады. Пауза.) Жаным-ау, шын-ақ дарыта алмай қалға-

нымыз ба? Айласын табар жан бар ма?! (Айналасына қарай беріп, Бопайға көзі түсіп, қасына жетіп кеп.) Әпкетай, өзің атпасан болмады. Қысылуға айналдық...

Қ а р а ш а ш (жамбыға қарап, Бопай, Наурызбайға.) Бақ сынағандай боп тұрғанын қарашы бар болғырдың.

Д а у ы с т а р. Бопай! Ханша! Ханша атсын.

Б о п а й. Жұрттың бәрі ырым қып кеткен екен. (Жігітке.) Әкпелші садағымды!.. (Аздан соң садағын алып келеді.) Несі бар еді бұ неменің сонша ырым қылатын. Ендеше ату олай емес, былай... (Жүріңкіреп кеп, табанын тасқа тіреп қалып тартып кетеді. Жамбы ұшып түседі. Жұрт маз-мәйрам. Хандар да, мырзалар да жүре береді. Қыздар топтары Қарашаш, Бопайлардың артынан кете береді. Науан Кенелердің арт жағынан кеп Жоламанды тоқтатады.)

Н а у р ы з б а й. Мен әлгі ақынға айналып, кеңесінің байлауын ести алмай қалдым. Не дестіндер? Айтшы кәні?!

Ж о л а м а н. Науан-ау, мұндай жиын үнемі бола бермейді, ел кісісі не ойлайтұнын түгел естісең болмаушы ма еді!

Н а у а н. Жә! Қой енді кемерленбей, мінемей-ақ қойсаңшы. Айт, не болды?!

Ж о л а м а н. Ел жақсыларының сөзі — ұлықтан астыртын тілхат жіберіп, үнемі хабарландырып тұрмақ болды. Қазақ ішінде дос кім, дұспан кім — оны да білдіріп тұрмақ.

Н а у а н. Кімді жазалап, кімді шабатынды өздері атап беретін болса тіпті жақсы. Әйтпесе ананы үйттің, мынаны бүйттің деп қыңқыл, сыңқылы қалмайды артынан.

Ж о л а м а н. Зекет деп, үнемі, елден салық жиып жіберіп тұрмақ болды.

Н а у а н. ...Онан соң?! Тағы не бар? (Сапысын ойнақшытып тұрады.)

Ж о л а м а н. Орынбор мен Омбы қазағын ұлық екі бөлсе де жігін ашпай тату сақтамақ. Ел-елді араздастырмай, ашындырмай басып тұрмақ...

Н а у а н. Оны қойшы, көнбеген қазақты өзім де көріп аламын. Тағы?!

Ж о л а м а н. Содан сендер не Сырға, не Алатау сияқты бір жерге ірге теуіп, қалың қазақтың тобын жиып елдік құрандар. Содан кейін Сарыарқа, Сыр, Ала-

тауды түгел қосып, патсаға келістіріп майдан беріп, ...қазақтың іргелі елдігін орнатамыз десті.

Науан. Е, бұның бәрі Кенекем мен сендердің ісін. Бәрі де алыстағы әңгіме ғой?

Жоламан (күліп). Е, енді қайт дейсің?

Науан. Іштеңе қыл демеймін. Дұрыс. Бірақ, одан беріде Науан істейтін істі айтпапсындар... Оны мен өзім көрсетермін. Жарайды... Тарт енді ана жиынға қарай. (Жүріп бара жатып Жоламанды жонынан ұстап ырғап.) Өзіңді батыр дейді, осындай жуан құрсақ батыр бола ма екен? Күшінді шек-қарнына жиған немерің әлде? Бір жекпе-жегің бар ма?! (Ырғағанда Жоламан тәлтіректеп қалады.)

Жоламан. Қой, қой, бала... Апырай, сені қайтер екем осы. Айтпақшы, бұл жиын Кенеге әрі серік жолдасың, әрі қолбасың болсын деп Бұғыбайды қосып берді. Онан соң ру-рудың батырларын қосып беретін болды.

Науан. Қол басы дейді? Қолбасыны өзіміз сайламаймыз ба? Бұл қалай? Жарайды, қолбасы бастай ма, Науан бастай ма, көрерміз. (Шығып кетіседі.)

Көрініс

Шотай, Жантөре, Балғожа шығады.

Шотай (Жантөреге күлімсіреген пішінмен). Сұлтан, бұл істі не дейсіз? Мына, мыналардың хан сайлағаны... Тағы жаңағы оңашаланып барып сөз байласқан сыбыр-күбірін деймін-ау?!

Жантөре. Ішіңе тоқи берсеңші. Сүйт дегенім қайда манадан саған?!

Шотай. Әйтседе, жаңа Кене, хан сайланды ғой. Жанның бәрі шұбырып, шулап лепіріп жүр. Осыны не дейсіз? Шынымен-ақ Кенесары хан болып қалғаны ма?

Жантөре. Хан! Не қылған хан-ау. Елдің шуы деген не? Ет пен терінің арасындағы, той үстінің бір желігі. Бір ұшықтағаннан қалар ма екен? Хандық құрып, іргелі ел болатын қазақ па екен?

Балғожа. Рас айтады. Осы елдің көбі өздері не айтып, неге байлағанын да білмейді. Әншейін қымыздың көп дырдуының бірі де.

Шотай. Ал, Кенесары осы қазақ ортасында жақсы атты, мақтаулы кісі сияқтанатыны қалай?

Жантөре (кекетін). Мақтаулы ма?! Адыра қалсын да... Ертең иығыма шен орнатып, сол Кенесарының

жауымын деп әскермен келіп осы елді жиып алайыншы, мені де, сені де хан көтеріп, ұлығы қылып алады. Бұл — ел байғұс жайдақ су емес пе? Ит те, құс та жайлайтын. Кенесары шалақтығымен: «жалғыз жалай білетін ит менмін» деп жүр ғой. Қайдан білсін көптің сыбағасы екенін. (Бәрі күліседі.) Елдің бәрін сол алып кетіп, мен, сен, Қоңырқұлжа, Баймағамбет, Жамантай бұт артатын тұғырсыз жаяу қаңғып қалады дейді ғой.

Шотай (күліп). Е, үйіп-төгіп кеткен деген сол болады да. Жаяу қалмай қайтеміз? Қыпшағыңыз бүгін қайда кетті десе не дейсіз тіпті, шынын айтқанда. (Күліп, Балғожаға көзін қысып қояды.)

Балғожа. Ой, ол сөз бе, тәйірі. Сұлтан айтты ғой.

Жантөре (Шотайға). Одан да бүгінгі көрген-білгендеріңді тізе бер. Хабар қыл. Құр қысыр кеңесті қой. Онан соң осыны бүгін хан сайлап тұрғанның өзінен де түңілме... Қармақты сал, сонау жердің өзіне сал деймін. Анау Мұса — Мұсаларға сал! Білдің бе?! (Сырттан айғай-шу: «Ат келеді... Ат келеді...» «Кененің тел қызылы алдында келеді... Тел қызыл... Тел қызыл!» деп шұбырып жүгіргендер дүсірі естіледі. Сахнадан да үш-төрт рет топ-топ кісілер шулап жүгіріп өтеді.)

Шотай (түрекеліп). Міні, құдай бергенге құлай бергені. Әні, аты да келе жатыр. Тағы бізден асты ма деймін. (Балғожаны түртіп қояды.)

Жантөре (тұрып кетіп бара жатып). Көрермін. Асар да, басылар да. Астаң-кестең жығылып, алдына келіп бас ұрар да. (Тағы шулар... Бұлар жылдам басып шығып кетеді.)

Шымылдык.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Ханның ордасы. Үлкен үй. Салтанатты, сәнді, қызыл-жасыл жібекті, жарқырауық күмісті. Қызыл жібекке бөленген төсек сияқты тақ. Есік алдында даяшы жігіт. Тақта Кене отырады, қасында, төмен жағында жерде Жоламан.

Көрініс

Кене (ақырындау). Тыныштық па?! Жақсы, жаманнан не естіп-білгенің бар?

Жоламан. Тақсыр, жүретін елшілер дайындалып жатыр.

К е н е... Қырғыз, Дулатқа жүретіндердің бәрі де бүгін жүре ме? Өзің қашан жүрмексің?

Ж о л а м а н. Өзім де бүгін жүрсем деп отырмын.

К е н е. Жүрсендер жүріндер. Аялдайтын дәнеңе жоқ.

Ж о л а м а н. Жүреміз, жүреміз, тақсыр. *(Аз отырып.)* Онан соң Көшек сұлтан мен Байқадам Мұсаны әкеле жатыр дейді.

К е н е *(селк еткендей көтеріліп қарап, кекеткендей)*. Келе ме екен Мұса? Менің бетімді көрерлік жүзі бар ма екен әлде болса...

Ж о л а м а н. Өзі іздеп келмес, алып келе жатқан шығар.

К е н е. Әттен, айналаның жаулығынан арқа, басым босаған күн болса, «Мұсалар», көрер едім... күшінді.

Ж о л а м а н. Тақсыр, бір есептен Мұсаны осы бетімен алып кетсек не етер еді?!

К е н е *(тікireйін)*. Алып кетіп не қылам? Неме дәрі болады. Достық шығар жан болса қойныма-ақ салып жүрмеппем... Кәні жылынғаны. *(Ойланьп)* Бір Мұса ма? Атқа мінген, тәуірмін дегеннің кімі Мұса болмай отыр?

Ж о л а м а н. Жақсы дегендердің жайдақтығы бар-ақ қой сорлының.

К е н е. Не қылған жақсы?.. Жақсы болса Шеген мен Жазы ғана жақсы. Одан басқаның жеріне жеткеміз жоқ па? *(Бәсеңсіп.)* Ажар менен намыстан бұндай топтың айрылғаны қашан? Ойнасшы қатынды баққан кәрі байдай сол Мұсамен ұялмастан жүз көріскелі отырмын міне тағы. *(Қатайып.)* Үстермедім. *(Тым-тырыс. Мұса, Көшек кіреді.)*

К ө р і н і с

М ұ с а *(босағаға қамшысын тастап, тағызыммен молдаша сәлем беріп, қол қусырып)*. Алдияр тақсыр!.. *(Кене ақырын сәлем алады.)*

М ұ с а. Тақсыр, аман-сау жүрсіз бе?

К е н е *(күлімсіреп кекетіп)*. Менің амандығым дәрі ме еді? Саған одан зияннан басқа не келеді. *(Үндемей отырып жанынан бүктеулі қағазды алып, Мұсаға көрсетіп тұрып.)* Міні, ақ-табан сойылдың табанына тығып, жиреп атты жансыздан Омбы ұлығына менің үстімнен жіберген шағымың. Танимысың, жоқ па? *(Тастай береді.)*

М ұ с а *(Кененің аяғын құшақтап жығылып)*. Тақсыр-ай, құрығы ұзын патса еді, бір күн болмаса бір күн

ісім түсер деп жіберіп едім. Әйтпесе: «Пәлен жерде жатыр, пәлендей қолы бар, сүйтіп келсең аласың» дегенім жоқ еді.

К е н е (*зорлықпен күліп, кекетіп*). Алдарсын... алдарсын... Кенесары патсаның кескілескен жауы, елді зорлықпен қорқытып алып, сонымен ғана артынан ертіп жүр деген сөз мін емес қой. (*Үңіліп.*) Осы сен кешегі мені хан сайлаған Мұсамысың? Жоқ, мен ұйқысырап отырмын ба? Ә-ә?!

М ұ с а. Тақсыр, адасқаным рас... Бірақ, алдына келдім ғой.

К е н е (*тікірейіп, қатты*). Тайжанды неге ұстап бердің? (*Ақырып.*) Тайжандай ер туып па еді Қаржастан?

М ұ с а (*сасып*). Тақсыр, құдай атын аузыма алып айтайын, мен емеспін ұстап берген. Наныңыз.

К е н е (*кекетіп күліп*). Жау ісін істеп отырып, еркекше жауласуға да жарамайсың. Танасың... Арзаннан табылатын бақ іздейсің. Мен ол жолда серік бола алмаймын саған. Мен бақ пен шен іздесем бүйтерме едім. Патса ұлығына мен де барып жағынар едім. Сүйтсем және сендерден кем орын алар ма едім?! Жамантай, Қоңырқұлжа, Баймағамбет алған орынды алар едім-ау мен де! Бірақ, мен оны ойлап жүрмін бе? Қалың қазақ баласының қамалған көшіне септігім тиер ме деп жүрмін ғой. Езіліп бара жатқан елдің жоғын жоқтап жүргем жоқпын ба? Бүлінгені бүтінделер деп бас қамын ұмытып жүргем жоқ па, сол ел үшін. (*Кекетіп, сұлқ күліп.*) Сондағы сенген сүйенішім сенбісің?! Сен өлтіруге де тұрмайсың. Бар, кете бер... Бірақ, енді қайтып маған кездеспе. (*Аз тым-тырыстан соң Мұса сүйретіліп шығып кетеді.*)

К ө р і н і с

К е н е (*аз тұнжырап отырып, ақырында шұғылынан басын көтеріп алып*). Жә! Болды! Әлі, қырғызға баратын елшіге еретін қол дайын ба, жоқ па? Тұр, Жоламан! Соларды біраз ойнатып көрелік.

Ж о л а м а н (*ұшып тұрып*). Күп, тақсыр. (*Кенет тұрады.*)

Көрініс

Көшек жалғыз қалады. Аз заманнан соң Ержан, Бопай, Қарашаш кіреді.

Көшек. Немене, не хабар бар!

Бопай. Орта жүз бен Кіші жүздің жапсарына кеткен қол келді.

Көшек. Науан мен Бұғыбай қайда? Олар да келді ме?

Ержан. Келді. Осылай келе жатыр. Тегіс аман. Олжалы қайтқан көрінеді. Басқа сөзін естігеміз жоқ. *(Науан, Бұғыбай кіреді. Сауытты, сайманды, найзалары сыртта қалған.)*

Көрініс

Көшекпен амандасады. Көшек Науанның бетінен сүйеді.

Ержан. Е, жол-жорықтарына ризамысындар, қолдың күйі қалай? Өздеріңді сүйсіндірді ме, қайтті, бұл жол?

Бұғыбай. Тақсыр, қайсыбірін сұрайсың, сүйіндіргені де, күйіндіргені де бар. Қолбасшы мен болсам, бел шешпестен келіп ханға айтайын деген арман да бар.

Бопай *(қасында отырған Бұғыбайдың жүзіне жылы ұшырай қарап)*. Е, ол қандай жұмыс? Бізге айтуға бола ма, болмай ма? Әлде ханнан басқаға айтпай бүркей тұрғың келе ме, батыр?

Бұғыбай. Неге? Сіздерден несін іркейін. Мұнда бөтен жан жоқ. Айтсам айтып та салам.

Көшек *(Науанға)*. Бұнысы не бұның, кібіртіктеп отырғаны?

Науан. Тәйірі-ай, не дейсің! Менің үстімнен шағым ала келіп отыр. Осы жорықта тапқан бір олжасы сол, бұл қолбасының. *(Отырғандар үрпиісіп қалады.)*

Көшек. Не дейді?

Ержан. Айтыңдаршы енді шім-шімдетпей. *(Күліп.)* Екі қошқар бір майданға сыймай келгенсің ғой, түгі... Менің бармағаным абиұр болған екен. Біреуіңмен мен де шектесіп қайтам ғой!

Бұғыбай. Бармағаның емес, барғаның-ақ абиұр болар еді, көзің көріп келер еді.

Науан. Жә! Енді ертегідей созбай айтсаңшы, әке, айтарыңды... мынау жұртқа.

Бопай. Қойшы, Науан, алдын орап алып ұшпай, жеңілсің-ау, жарықтығым,

Науан (*наразы пішінмен*). Ал қойдық. Алдын ала жапырыла бастапсыз ғой, Әпке!

Бопай. Бір сүт пісірім тақат болмас па? Қайда болсаң жарғыласпай отырмайсың.

Науан (*күйгелектеніп*). Қойдым, қойдым. Мен сіздің қаққыға көнген кісі. Өзгеге бірдеңе дер едім, сіз болған соң амал бар ма? Айтқыза бер анауыңа. (*Жұрт үндемейді.*)

Бұғыбай (*аздан соң өзгелерге*). Науан бала ер де, батыр да. Көп қала шапты. Көрсетті ерлігін. Осы жүрген қолдың үйдегі, түздегісінің ешбірі ол жағынан тең келмейді. Бұл ісіне қуанамын, сүйінем...

Науан. Шын сүйсінсең бүйтпес едің, айта бер...

Бұғыбай. Бірақ, ерлікті жұмсайтын да, жұмсамайтын да жер бар. Ерлікпен жауды мұқатып, елді артымызға ертеміз деп жүрміз. Қызуы үстеген шағында Науан жазығы жоқ, дос боларлық елді де егер қылып кетеді.

Науан. Жазығы жоқ елің кім?! Айт, санашы кәні.

Бұғыбай. Жазығы жоқ Тілеуқабак. Көрініп дос болмаса да, жаулық қылар ниеті жоқ еді. Болмай, егер қылып оны шапты.

Науан. Онан соң?

Бұғыбай. Онан соң бұзылғалы, жауға қосылғалы жүрген сезікті жандар бар. Бүгінгі күнде өзі бой көрсетіп жаулыққа шыққанша тимеу керек еді. Аққошқар Сайдалыны шаптың.

Науан. Қамын жеп отырған елінің түрін көріңдер, Тағы да?

Бұғыбай. Тағы да сондай елдің бірі Жаппас еді.

Науан. Осының бәрін істегенім рас, ондайларға әлі де болса істеймін. Өзі жау боп, өзімен бірге қыруар елді достыққа келтірмей адастырып отырған кісіні, әлі маған оқ атқан жоқ деп отырайын ба? Орайы келсе езіп жібермей, астына кірейін бе? (*Сапымен жер сабап отырып.*) Бұған белің сынса, ілгеріде беліңе қосып мойныңды да сындыратын іс істермін.

Бопай. Ақырын сөйле, Наурызбай! Бұғыбай сенің қарашың емес. Оғынды кімге жұмсап отырғаныңды ойлаймысың?

Науан (*Бұғыбайға*). Сен менің текпіме жараманыңмен қоймай, басыма мін тағайын деген екенсің? (*Ақырып, жүгініп алып.*) Өзім қойған текешік өз ба-

сыма секіруді ойладың ба? (Бұдан кейін ылғи ашулы шапшаң сөйлеседі.)

Б ұ ғ ы б а й (жұлып алғандай). Өй, Науан, менің алдыма сен бұл сөзді көлденеңдете берме! Бір емес, осымен екі айттың.

Н а у а н. Екі емес, жүз айтамын, қоймасан.

Б ұ ғ ы б а й. Олай болса мені сен сайлаған жоқсын. Кешегі Кенекемді хан сайлаған ел, мені қолбасы сайлаған.

Н а у а н. Ел сайламақ түгіл құдай сайласа да, қаламасам қағып түсірермін.

Е р ж а н. Қой, Наурызбай, қой, тоқтандар.

Б ұ ғ ы б а й (тоқтамай). Мені түсірсең ханды да түсірерсің. Өз тамырыңа өзің балта шаппа!!! Тастай алмаған шоқпар ғой бұл сөзің.

Н а у а н. Адыра қал... Әдінді білмей тантирай бастаған екенсің. Бұғыбай кететін күні хандық қоса кететін болса, абыройымнан садаға ол хандық.

Б ұ ғ ы б а й. Олай болса кешегі ел сайлаған хан түсірсе, түсемін мен. Ханнан қазық, биден тоқпақ деген кешегі ел. Мен сол бидің қосқан кісісімін.

Е р ж а н (ашуланып). Жә, тоқтат енді... Жап осы арада екеуің де бұл сөзді. Хан құлағына тимейді бұл сөз. Алыстан арбасып келген ажарларыңды көріп, бізге болса да айтып басылсын десем, қайда шаңғып барасындар. (Ақырып.) Бұдан соң жұмған ауыздарыңды ашпа екеуің де.

Б ұ ғ ы б а й. Айтпасыңды айтқызады.

К ө ш е к. Қой, қой... енді тоқта деген сөзді ұқтың ба?

Б ұ ғ ы б а й. Тоқтадым, қойдым.

Б о п а й. Науан, сен тентексің! Дәйімі үстесің.

Н а у а н. Ой, тәйірі-ай, қойшы, Әпiке! Тындамаймын сөзіңді.

Б о п а й (ашуланып) Тыңдайсың.

Н а у а н (бетiне қарап тұрып, басын шайқап). Пай, пай, пай.

Е р ж а н. Қой дегенім қайда... Қой енді бәрің де... Бұл жараны жап, жоғалтыңдар жаралығын... Осы отырғаннан басқа тірі жан білмесін. Ұқтыңдар ма? (Бұғыбай Науанға қадалып ашумен қарайды.)

Б ұ ғ ы б а й
Н а у а н } (ақырып). Ұқтық, ұқтық.

Е р ж а н. Тарандар... Тынығындар... Кенеге сендер-

дің жүрістерінді өзім мәлім етермін. (*Болай, Бұғыбай бір бөлек, Көшек, Ержан бір бөлек шығып кетеді. Үйде Қарашаш пен Науан ғана қалады.*)

К ө р і н і с

Науан (*сауыт-сайманын шешіп жатып күліп, Қарашашқа*). Қалқам, бұл сияқты сөзді есіткенің бар ма? Әлгі не деді, мен не дедім? Сен не дейсің бұған! (*Күледі.*)

Қарашаш. Мен сендікпін, Науанжан. Сенікі дұрыс. Бірақ күйіп отырмын. Намыстары қайда кеткен әлгілердің. Тіпті сенікі теріс болғанда, неге сүйтіп қарсыластырады? Неге бетіңнен алғызады? Өзге болмаса да ағам байғұс неге ойламайды соны... Ол кім, сен кім?

Науан. Оны айтасың, мені тентек деген жоқ па Әпкем?

Қарашаш. Қойшы Әпкем жарықтықты. Еркекшора болған деген со-дағы. (*Күліп.*) Кейде тіпті не еркек ойлайтынды, не ұрғашы ойлайтынды ойламай, бір жаққа қаңғып шығып кетеді. (*Аз үндемей.*) Бірақ, мәні де бар шығар, кім біледі.

Науан. Ер, есті екені рас қой... Бірақ өзім: жалғыз сол Әпкемнің бетінен сақта деп қана сыйынам. (*Күледі.*)

Қарашаш. Ерлігі де бар... бірақ басқасы да бар шығар? Ұрыстырып, өршітіп, әлдекімге құрық беріп. Әншейіндегі жігерлісі қайда?

Науан. Әйтеуір күннің бәрі осымен өте ме деймін. Түзде бір майдан, үйге келсең және майдан.

Қарашаш (*жаны ашып ентелеп келіп*). Налимысың, Науанжан-ау?

Науан. Налимын да кейде!.. Мені сағынатын жан бар ма осында? Кейде қарадан қарап жүріп құлазығандай болам. Мені сағына ма осы бірде-біреу?

Қарашаш. Сағынады. Неге сағынбайды.

Науан. Кім?..

Қарашаш. Осында ақын сағынады, одан соң мен сағынам.

Науан (*күлімсіреп қадалып қарап*). Не дейсің, қалқам?

Қарашаш. Бұғыбайды Әпкем сағынады.

Науан (*тікireйіп таңданып*). Не дейсің?.. Қойшы, қайта айтшы.

Қарашаш. Несі бар? Сағынады.

Науан (*басын шайқап, аз отырып, қайта күліп*). Сен мені қалай сағынасың... Әпкемше ме?!..

Қарашаш. Тілесен солай да сағынамын.

Науан (*ұмтылып келіп құшақтай алып*). Сәулешім, не дейсің?.. Жүрегім, жүрегім... Маған үйде жылы ұя керек. Бір жылы жүрек, ыстық жалын керек. Көмескі еді, оймен іздеуші едім сен сияқты... сен сияқты, қуатым.

Қарашаш. Тоқта. Осыны айтсам да обалынан қорқам.

Науан. Керегі жоқ обалдың... Біздің жүрген сапарда обалға да, сауапқа да орын жоқ... Оның бәрі кеңшілікте. Бүгін бар, ертең жоқ Науанға дүние қызығын ғана жұтып қалуды кім күнә дейді? Сәулешім, сен менің күйімді ұғыпсың. (*Құшақтап сүйіп-сүйіп алады. Артынан Қарашаш өзі құшақтап кеп, Науанды тамағынан сүйеді.*)

Қарашаш (*тамағынан сүйіп алып*). Жарығым, сақтанып жүр. Өлме. Қимаймын. (*Науан құшақтап отырады. Сол уақытта Бопай кіреді.*)

К ө р і н і с

Науан құшағын алмайды.

Бопай. Бұл қай отырыс?!..

Науан (*мысқылмен күліп*). Неменесі бар екен? Азар болса өзіңіз дағдыланған отырыс дейтін шығарсың, Әпке?

Бопай. Не айтып отыр мынау!.. Не деп отырсын өзің?

Науан. Ойында өрелгі жоқ, Әпке, өзіңіз де әртүрлі отырысты біледі екенсіз ғой. Сүйенгенді: керегінде қолменен, кезегінде тілменен де сүйей білетін көрінесіз ғой.

Бопай. Тәйт әрі. Өзіме қарай қаптауын мұның. Өтірік айтасың.

Науан. Ылайым өтірік болсын. (*Басын көтеріп қатайыңқырап.*) Өтірік болмаса келіспейміз.

Бопай. Керегі жоқ сөзіңнің. Өздерің бұдан былай бүйтіп отырушы болмаңдар. Отырмайды бүйтіп ешкім. Ұқтың ба, Қарашаш!

Қарашаш. Несі бар екен? Не ойлап тұрсыз өзіңіз?

Науан. Жаңа өзі келе жатқанда ғана осылай отыра қалғанды біліп, өзімді мазақтады деп қатуланып тұр. Көрмеймісің? (*Бопай сеніп күледі, Қарашаш та күледі. Науан қатуланып*) Бірақ, Әпке, шын емес деп ой-

лаймын. Шын болмайды. Егер шын болса, менен жақсылық көрмейді.

Б о п а й. Тантырама енді. Болды. Керегі жоқ сөзіңнің. Қайда қаңғып барасың?

Н а у а н (күліп, жуаси қалып). Құп... құп! Алдияр... Көндім... Көзім жетпей сөйлемейін.

Т ы с т а (айғай). Хан келеді... Хан келеді. (Үйдегілер тұтас тысқа шығып кетеді.)

К ө р і н і с

Аздан соң хан кіреді. Қасында Құдайменде, Жоламан, Бұғыбай, Ержан бар.

Қ ұ д а й м е н д е. Құп, ұқтым, тілге келіп сөз ұғатын неме болса, ...мені ұғар. Мен арқылы сізді де ұғар.

Е р ж а н. Тым онша жалбақтамай, ірге бермей, тең кісідей сөйлес.

Қ ұ д а й м е н д е. Не айтып отырсың өзің. Мен... бара жатқанда бас ием, жалпылдаймын деп барам ба? Жоқ сұмдықты бастамай отыршы!

К е н е (тоқтатып). Иә, солай... (Жоламанға.) Сен Дулатқа айтар сөзді өзің де білесің ғой. Қалың Дулат бастаса, өзге қазақ қостағалы отыр... Біріуге, ел болып дөң басына шығуға жарай ма, жарамай ма? Жараймын десе маған келсін.

Ж о л а м а н. Құп, тақсыр. Қазақтың баласы ғой. Келісерміз деймін.

Е р ж а н. Басшысына мұнда да Қоқаннан алған шені құрым, бектік пен датқалық болар, оны да айт.

К е н е (Бұғыбайға). Қырғызбен келісер-келіспесіне көзім жетпейді. Атамның қылығын алдыңа тартар. Тұтқында кеткен мың үйін көксемейді деймісің. Бірақ, ықтиярымен, өздігімен көнсін де. Сонымды айт! Менің Арқадан кеткендегі тұратұным: Алатау. Ірге көметін жерім осы. Бұл таудың іші-тысын жайлаған ел, не менімен дос болып баурыма кіреді, не болмаса — қасым болып қарсыма шығады. Аралықта қалмайды, соны айт!

Б ұ ғы б а й. Құп, тақсыр!

К е н е. Барыңдар енді, жолдарың болсын. Тез оралыңдар. Жолда тығыздатып жіті жүріңдер. (Бәрі де тұрысады.)

Е р ж а н. Жолдарың болсын!

Ж о л а м а н. Жолымыз болсын.

Қ ұ д а й м е н д е. Бірге-бірге болсын.
Б ұ ғ ы б а й. Оң сапарын берсін.

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Екінші бөлімдегі ханның ордасы. Перде ашылғанда Кене, Байзақ, Бұғыбай, Науан, Сыпатай, Рүстем отырады.

К ө р і н і с

Н а у а н (*желігін көтеріліп*). Қырғыз жеңіле бастады... Жолымыз болып келеді... Осыны Кенекемнің алдында бір жырлатайын, әлгі ақын қайда? Шақыршы мұнда! (*Даяшы жігіт шығып кетеді.*)

С ы п а т а й. Қырғыз әлі күшін құрап беттескен жоқ. Қуанышымыз ерте емес пе, батыр?..

Н а у а н. Жеңілгеннің алды осы, артын тағы көрсетемін. Кер тарттырмашы, тәйірі! (*Нысанбай келеді, қолында домбыра, сәлем беріп тұрады.*)

К е н е (*күлімсіреп*). Ақын келіп қалды. Бас, желдірмеңе!

Н ы с а н б а й (*тұрған қалпында соғып қоя беріп, жүріп келе жатады. Біраздан соң жүгініп отырып айтады*).

Алдияр! Мен келейін желдірмемен,
Айт десең, ақын сорлың кергімеген.
Айшықты ала тудай Кенекемнің
Жанында сөзім бейне жел гүлеген.
Уай! Ұмытқан ер ұраны қайта шықты,
Ісіңе қай қазақ бар телмірмеген?
Қамқоры қалың қазақ Абылайдың
Әне тұр ала туы желбіреген.
Атаның мұрас қылған шақпақ отын
Зергері табылыпты сөндірмеген,
Артыңнан намысты ерлер жосылып жүр,
Бәрі де «жау қайда?» лап, «жүр, жүр!» деген.
Жағасын жұлып жеген жас жолбарыс,
Шетінен «мен атайын, сен тұр» деген.

Н а у а н (*күле айғайлап*). Уай, сорлы ағам-ай, сөйлеші, сөйлеші!

Б ұ ғ ы б а й. Байғұсың айта біледі-ау!.. Соқ, соға бер. (*Бұл уақытта есіктен қарап тұрған көп кісі болады.*)

Н ы с а н б а й (*тоқтамай*).

Уау! Артында ақ тілеумен елің отыр,
Азған да, тозған да жоқ ендірмеден.
Сенгені, сыйынғаны сенің жолың,
Ем таппай патса қалды шүлдірлеген.
Сол елдің батасымен шыққан ерге
Қас ойлап қырғыз шықты жөн білмеген.
Түбі бір, тілеуі бір бола тұра
Адасып босқа шықты қыздырмамен.
Бұл күнде қан жоса боп шұбырған ел
Буамдай тығылыпты қапшағайға.
Буындым, түйіндім деп лепіргенмен
Ертең-ақ қанын құсып қақсамай ма?
Онан да алыстағы тілекті ұғып,
Жаулықты елдік үшін тастағай да.
Болмаса, бүгінгіден тағы асырып
Ер Науан тың ойынды бастамай ма,
Қайырлы, баянды боп басталған бақ,
Аспанға айдынымыз шапшығай да.
Бір емес, екі де емес, салған сайын
Ақ тәңрім дәйім оңға бастағай да.

(Күліп.) Әзірге осымен тоқтатайын. (Жұрттың бәрі қошеметтеп күледі.)

К е н е. Жарайсың, ақыным. Сүйіндірсең осылай сүйіндірерсің.

Н а у а н. Жүр, ақын аға. Сөзіңнің ақысына үйде сақтаған бір сыйым бар еді, соны берейін, жүрші! (Шығып кетеді.)

К е н е (Бұғыбайға). Қырғыз осымен келістіріп екі шабылды. (А з о т ы р ы п.) Жә, әнеугі келген кісілер жатыр ма, әлі?..

Б ұ ғ ы б а й. Жатыр, тақсыр.

Б а й ұ з а қ. Аты кім дейді өзінің?

Б ұ ғ ы б а й. Аты Жаманқара, тегі батыр болса керек.

К ө р і н і с

Науан кіреді.

К е н е. Шабылған қырғыздан түскен қазнадай, малдай олжа бар. Оны қайтіп жатырсыңдар?

Б ұ ғ ы б а й. Бұл екі жолғы олжаның екеуін де мына кісілердің өз елі Дулатқа беріп жатырмыз.

К е н е. Мақұл, беріңдер. Қоқаннан көрген тепкісі көп. Әлі де Дулаттың олқысы толған жоқ. Көкірегі өсіп, қоңы толсын.

Н а у а н. Қызыл тұмсық болсын деп бар тапқан табысты беріп жатырмыз ғой, мына Рүстем төренің еліне.

Сыпатай. Олай деменіз, тақсыр, еңбек қылып, еркек болып жауды шапқан ел олжа алмай қайтуші еді?

Рүстем. Бәсе, өз табысын өзі алғаны үшін қызыл тұмсық қылам дегені қисына ма екен?

Науан. Қисынбай қайтуші еді? Біздің жорыққа ерген жалғыз Дулат па еді? Бірақ, өзгеге бір суыртпақ бергеніміз жоқ.

Рүстем. Біз білмейміз.

Науан. Сен білмесең, мен білемін, төре! Кеше Тынай мен Бөлекбайды шапқан қолдың ішінде Дулат жоқ. Бірақ олжасын тағы да Дулатқа таратқамыз.

Сыпатай. Тынайдан олжа алмаса да болушыма еді, қайтер еді? Мал, қазынаны алмай-ақ адамына істегеннің өзі де жеткілікті болған білем.

Рүстем. Рас, бұны көрген қырғыз не біржолата әлі бітіп жығылып болған соң көнер, не болмаса, тіпті қорқып кетсе, сол шошығандықтан бағынар. Бірақ, бұдан кейін жылы ұшырап, алаңсыз дос болып, бауыр болып келеді деу қиын шығар.

Кене. Емексітпеңдер үйтіп! Қан майдан, қырғын үсті екенін ұмытпау керек. (*Барлығы үндемей қалады, аздан соң Кене сазарып ашуланыңқырағандай, Бұғыбайға.*) Шұбар айғырдың үйірі табылды ма?

Бұғыбай. Қырғыздың Бөлекбай ішінде бір ауылы апарып қырып алыпты.

Кене. Анық па, осы?

Бұғыбай. Анық, тақсыр!

Кене. Бағынудың орнына жаулықты алысқа айдағысы келген екен. (*Ақырып.*) Алып кел, анау келген екі елшінің бастығын. (*Бұғыбай шығып кетеді.*)

Кене. Әлдеқашан осы арада іргені бекітіп, бір араға күш құрап, алыстағы мұратқа беттейтін күн болып еді. Қолынан келсе ашынған жау болып аяспайын деген екен.

К ө р і н і с

Жаманқараны ертіп Бұғыбай кіреді.

Кене (*Жаманқараға қатты*). Сенің еліңе не керек? Нені тілейді, неге басылмайсың? Ел боламысың, болмаймысың?

Жаманқара (*ашулы*). Өзің тілеп сөйлеттің. Енді мен сенің бетіңді аямаймын, төре. Маған қыларыңды қылғансың. Енді бұдан әрі не қыласың? (*Салмақпен,*

ашулы.) Иә, ел болар ем, ел қыларлық жан болса. Бірақ, ежелгі жау ел болмас деп еді. Абылайдың тұқымы, қазақтың асқақ төресі, сенің қырғыз, қазақты ел қылар сиқың жоқ. Бір емес, екі көрсеттің бұнынды.

К е н е. Тапқан екенсің кінәні. Асып жүрген екенсің...

Ж а м а н қ а р а. Олай болса, тоздырып бақ. Бас кессе де, тіл кеспек жоқ. *(Жүгініп алып.)* Уай, төрем, енді аса берме, қырғыз да қыруар ел. Бір сенің басыңа бақ пен атақ әпереміз деп қалың елдің кәрі, жасы сорлай алмайды.

К е н е. Сөз ұқпайтын санасыз. Бір менің басымның қамымекен, осы жүргенім... Қалың ел, қара ордалы жұрттың қамы емес пе?

Ж а м а н қ а р а. Ол қалың қазағың қайда қалды? Сен қайда жүрсің олай болса?

К е н е. Қалың қазақ артымда. Керек қылсам жалғыз ұранымнан қалмайды...

Ж а м а н қ а р а. Ол қазақ сенен кеткен.

Н а у а н *(бағанадан тықыршып, шыдай алмай отырған)*. Тарт тілінді, ей, қырғыз.

Ж а м а н қ а р а. Тарта алмаймын... Мен тең сөзді айтқалы келдім.

К е н е. Қай қазақ менен кетіпті? Қазақ тірі тұрғанда кімде менің кегім кетіпті?.. Ең әуелі патсаның маған әлі келді ме? Сандалған сорлы, осымен сандалып жүрсің ғой сен.

Ж а м а н қ а р а. Шыны қазақ сенің тілеуінде болса, Арқа менен Сырдағы елдің бәрін бастап шұбыртып келгенінді неге көрмеймін мен? Кекшіл болсаң өзіңе қылғанға неге қылмадың, бас терісің сылып ап Қоқанға беріп еді, кәне, алғаның әкеңнің кегін?..

Н а у а н *(Кенеге ентелеп)*. Осының орайына маған берші сөзді, Кенеке.

К е н е. Не айтасың?

Н а у а н. Маған ұлықсат берген болсаң, мен кезегімді сапыма бердім... *(Сапысын жұлып алып, Жаманқараны екі бүйірден салып-салып жіберіп жайратып салып.)* Тірідей бүйрегін суырып аламын... *(Дулат бастықтары үрпиісіп, қорыққандай түрекеліседі.)*

К е н е *(ақырып)*. Тарт ананы... Тоқтат!.. *(Бұғыбай, Сыпатай Наурызбайды кейін алып кетеді.)* Алып кет мынаның өлексесін... Тілін бұл неменің?.. *(Жұрт үрпиісіп, ашумен үндемей қатып қалады. Наурызбай да солай).*

Б ай ұ за қ (Бұғыбайға). Қап, бәрекелде-ай, қате болды-ау!.. Елшіні өлтірген ежелгі тынбас жаудың ісі еді...

Б ұ ғ ы б а й. Өлтірмеу керек еді.

Б ай ұ за қ. Ұлының ұлына, қызының қызына кетіп жүрмесе игі еді бұл жаулық. (Бұғыбай кісі әкеліп, Жанқараның өлігін алып шығып кетеді.)

С ы п а т а й (Байұзаққа). Төре мен қырғыз арасында енді бітім жоқ...

К е н е (түйілген күйінен көтеріліп). Ертеңнен бастап қалың қолмен соғысамыз. Тұрындар... Жүріндер... Қолдың күйін көреміз... Қамдансын бүгін бәрі де.

Б ұ ғ ы б а й. Құп, тақсыр.

С ы п а т а й } Мақұл... мақұл... жүрейік.

Б ай ұ за қ } Жүрейік. (Бәрі шығады.)

К ө р і н і с

Бопай кіреді.

Б о п а й (есіктен). Бұғыбай!!! Батыр!.. Бері бұрыла кет...

Б ұ ғ ы б а й (кіріп). Сенбісің?! Хан қолды аралап, ойнатып көргелі шықты. Қазір жетуім керек. (Жақындап келіп, Бопай күліп тұрады.) Не айтайын деп едің?

Б о п а й (күліп тұрып). Қырғыз елшісін неге өлтірдіңдер?

Б ұ ғ ы б а й. Қырғыздың тілінен де болды. Әдін білмей аса сөйлеп жіберді. Бірақ ханнан емеурін болған сияктанып, Наурызбай өлтіріп жіберді.

Б о п а й. Бәсе, Науан шығар деп едім тағы...

Б ұ ғ ы б а й. Хан да ашуға билетіп жіберді. Аял қылған мақұл еді.

Б о п а й. Қап, ашу алдынан, ақыл соңынан деп еді... Ақылға билетсе бүйтпес еді... Науанға неге жол берді екен... Қате болды-ау...

Б ұ ғ ы б а й. Наурызбайға не керек?

Б о п а й. Жә! Тым сонша тұқыртбасаңшы...

Б ұ ғ ы б а й. Осының бәрінің түбінен жақсылық шықпайды... Сенбеймін...

Б о п а й. Сенбесең неге жүрсің? Не айтасың өзін қолбасы бола тұрып?..

Б ұ ғ ы б а й. Бопайжан-ай, олай емес қой... Жауды көп қашырады, жақсы аты Бараққа қалады деп, жақсы аты төреге қалады... Бұғыбайға не қалушы еді? Түптің

түбіне келгенде «сендікпін» деген сөзінді ғана сүйеу қылам... Бірақ қашан мендік боласың?

Б о п а й. Мен сенен ешқайда кетпеймін... Бірақ жалдамаға жүргендей, өзге ақылы аз ғана батырлардай, мұрат-мақсұтсыз жүргенінді місе қылмаймын мен... Қай күнде болса да осы сөзім есінде болсын.

Б ұ ғ ы б а й. Оны қойшы. Қәне, қашан мендік боласың? Соны айтшы?

Б о п а й. Құдай бұйырса, осы жорық жақсылықпен аяқталсын. Сонан соң сен мені аласың.

Б ұ ғ ы б а й. Осының шындығына бір сүйші!..

Б о п а й (*қасына келіп назданып*). Жібiң босап кетіпті ғой әлдекімше...

Б ұ ғ ы б а й. Рас... ширатып жібер олай болса.

Б о п а й. Шира, тез! Бұл пішінді көрсетпе (*деп күліп келіп, тамағынан сүйіп тұрады. Бұл уақытта Науан кіріп келіп, үндемей сапысына қолын бір салып жіберіп, артынан тоқтап үндемей тұрады.*) Бұдан соң сен қара емессің, төресің. Біз намыс қылған нәрсені сен де намыс қыласың. Біліп жүр оны...

К ө р і н і с

Наурызбай.

Н а у а н (*ілгері басып, ақырып жіберіп*). Бұл не сұмдық? (*Бұғыбайға.*) Жоғал қазір көзімнен. (*Ашулы.*) Майдан үсті шығар, әйтпесе тоң мойын құл тірі кетпес едің бұл жерден. Босағамнан озбайтын құл басымен қарашы, мұның қылығын. (*Тап беріп.*) Шық!.. Жоғал!.. (*Бұғыбай шығып кетеді. Науан Бопайға.*) Сен де жақсы екенсің? Қасымның қара шаңырағында, ханның қара ордасында кімді нығыма шығарып жүрсің? Намысың қайда? Табылмады ма көп төренің біреуі?..

Б о п а й (*саспай*). Науан, мен басым бос әйелмін... Төре, қараның керегі жоқ. Кімді ұнатсам — сол төре! Кінәлама мені...

Н а у а н. Осыдан тартарсың сазанды... Қатарға алған қарашы қас болмаған күні жоқ. Басып ұстайтын немені қайда аспандатып жібердің... ханның қызы басымен қақ төсіне мінгізіп?!..

Б о п а й. Қысқарт енді, Наурызбай. Әкем өлгеннен бері кезегін тосамын деп қаралы болуым жеткен... Байға тигізбейін деп пе едің мені?..

Н а у а н. Тигізбеймін Бұғыбайға.

Б о п а й . Боқты тигізбессің.

Н а у а н . Қазір өлемін десен де тигізбеймін. Тек майдан бітсін. Тақ сол күні лақша бауыздап өлтіремін. Хан қызының ойнасы атанып күйек астынан табысуын мұның?!..

Б о п а й (қатты). Наурызбай, қайт бұл сөзіңнен, айтпесе, сен кетісесің менімен.

Н а у а н . Кетіспеген нең қалды?

Б о п а й . Солай ма?.. Жарайды... Көндім... Бұ да болса, Кенекемнің соры шығар. Онда болса ел ала, мұнда келсе жанындағы жақындары қырық пышақ...

Н а у а н . Мейлі!.. Бұғыбайдың мойнын торғайдай бұрап алмасам көрерсің.

Б о п а й . Бұл маған да қыламын дегенің ғой. Тос-тым. (Шығып кетеді. Тыста: «хан келеді, хан келеді».)

К ө р і н і с

Кене, Бұғыбай, Байұзақ, Рүстем, Сыпатай, Ержан, Науан кіреді.

К е н е (орнығып отырып). Әскердің күйін көрсетпеді тағы бір бөгет болып. Мыналардың сөзін естіген сен қайта аттанамыз. Кіргіз әлгі қырғыздың елшісін. Бұнысы не айтар екен? (Бұғыбай шығады да, Кәрібоз Қалығұлмен қайта кіреді.)

К ө р і н і с

Келгендер амандасады. Хан жөндеп амандаспайды.

К е н е , (Кәрібозға). Уа, не айтасың? Еліңнің түгел сөзін ұстап келдің бе? Жоқ: «қырғыздың үйі бар, үйі сайын биі бар» деп үйіңнің ғана биімісің?

К ә р і б о з . Қалың қырғыз мен тоқтассам — тоқта-сып, мен жаулағам бірі қалмай сені жаулайтын болса, не ақын бар, төрем?

К е н е . Кәне, олай болса, біріккен қырғыздыңның сөзін айт! Түгел сөзіңнің түбін ұстап отырғаның кім, әуелі соны айт!

К ә р і б о з . Біздің жалғыз әмір қылатын ханымыз жоқ. Ол мін болатын болса, түгел сөздің түбін кеңесім билейді. Кеңесім мына мені жіберді.

К е н е . Не қыл дейді?

К ә р і б о з . Ең әуелі — бұрын жіберген елшіміз Жаманқара Қалша қайда? Ол неге қайтпайды? Үйіне келген елшіні тұтқын қылғаның қай қайрат, қай ерлігін?.. Ең әуелі солардың дерегін білгелі келдік?

К е н е . Иә, одан әрі тағы нең бар?

К ә р і б о з . Одан әрі айтатыным: біз де өз елің сияқты... екі оттың ортасында отырғанымыз рас. Оның үстіне бір күн Қоқан, бір күн қалмақ та қожактаудан сау емес. Сеніменен ел болып, екі елдің кәрі, жасының тілеуін қосқаным лайық. Қосар едік, бірақ, сенің арылмастай мінің бар, төре тұқымы, сүйегіңе біткен мінің сол: елдің елдігі десең де, өз басынның абиұр, атак, айдынын одан да әрі ойлайсын. Саған өзгенің бәрінен бұрын хандық пенен тақ керек.

К е н е . Не дер екенсің, айтып бол...

Н а у а н (*жақтырмай*). Айтқызып неге керек. Бұ да танып келеді.

К ә р і б о з . Айтарсың, бала, Наурызбай деген сенсің ғой. Сенің ісіңе де келемін. Ел үшін күйінді болдым десең де, хандық үшін күйінділігің одан да зор. Игілік пен бірлікті ел істеді, елдің елдігінен болды дегізбей, ханның хандығынан болды дегізгің келеді. Қайратыммен, қаһарыммен жеткіздім деп артындағы қамалған көпті көзге шұқудан тайынбайсың сен.

К е н е . Бағынып, бастатып көрмеген, береке мен елдік жолын іздеп көрмеген көрбала, сен сүйдеп аяқтан алмағанда не дейсің. Қай қылығымнан соны көрдің?

К ә р і б о з . Қылығына келейін олай болса. Мен... неге қашам, неге алысам? Дұспандығының қаттылығынан қашам. Бірақ, сенің бүгінгі күн істегенінді қай орыс,... істеп еді?

Е р ж а н . Соғыста сен не қылсаң, біз де соны қылдық. Неге соғыстың?

К ә р і б о з . Асқақтық қылығың көп, соғыспағанда қайтейін. Ең әуелі елшімді қамап отырсың. Кеше барып, буаз қатынымның ішін жарып, баласын итке лақтырдың... Ағатайлап жалынған баланы бауыздатып, қасап қып қырдың. Бүгін барған әскерің Қанай менен Есқожаның сырлаған тамын құлатып келіп отыр. Ашуын басын деп аяғыңа жығылғандай болып, жазықсыз болсам да елші жібердім, қыз бастатқан тоғызбен. Жолыңнан көлденендемейін деп ата қоныс мекенімді тастап көштім. Шұбырып елім кетті... Иесіз болып шулап, сенің қолыңа жем болып малым қалды.

К е н е . Соғыссаң солай боласың. Қылығыңның сазасы... Еркінмен көнсең, елің емей кім едім мен саған? Сенімен туысам деп келмеп пе едім..., Жазықты мен бе? Сенсің.

Кәрібоз. Жазықты болсам, ат жалын тартып мінген қарсыласар қайратым бар мен жазықты, ер-азамат жазықты шығар... Үйде жатқан кемпір-шалым, қатыным саған не жазды?.. Бізді аямасаң да, жолыңда жатқан бесікті аясаң болмай ма? Тіпті тірімнің бәрі жазықты болса да, өлігім саған не жазып еді? Қай қазақтың әкесінің көз құны бар еді... Аруақты бабамның қабырында... Қор ақтартқаның қай қастығың? Осының бәрін — кәрімді, қайратымды танытамын деп істедің. Кенесарылығыңды білдіремін деп істедің. Кенесары, сен бір бөлек, қалың қазақ ежелгі досым — ол бір бөлек. Ол, түбі бірге туысқан, маған өздігімен мұны істемес еді! Улықтырдың, бүлдірдің сен бізді...

Кене. Бірігіп елдік қылатын жерде берекесіздігіңнен белің сынып жатса да — оны сөйлемейсің. Әр үйіңнен, бұйым құрлы сәні жоқ, бұрау сынса соны сөйлеп, соны жоқтайсың сен. Ұстара көрмей, тез көрмей түзелмейсің. Бүлдіріп отырып түзеймін мен.

Кәрібоз. Түземей-ақ қой. Түзеттірмеймін де көнбеймін. Өзім деген жақыным сенен көргенім бұл болса, патсаның өзіне-ақ қараймын. Айтқалы келген сөзім сол... Енді іргенді аулақ сал! Босат жерімді... Қырғыз саған жоқ.

Кене. Ә-ә, солай деймісің? *(Ақырып.)* Олай болса сойқанымды көрерсің... Енді өз обалың өзіңе... Сорлы қырғыз.

Науан. Байлап салу керек бұны да. *(Ұшып түре келіп.)* Неге кезек береміз осы итке...

Кене. Тоқта. *(Ақырып.)* Отыр!

Кәрібоз. Байлап көр... Екі төре, сендердің қылығың қырғыз баласын шоқтай иіріп отыр бұл күнде. Асқақтай берме... Құдайым осы қылығыңның кезегін берер. Көздеріңді сол күнде қырғыз ояр... Бүйте берсең.

Науан *(атып тұрып)*. Көтере алмаймын бұдан арғы кесірді. *(Қамшымен Кәрібозды бастан ұрып жібермек болады.)*

Кене *(ақырып)*. Қысқарт, Наурызбай!.. Шық кәзір үйден...

Байұзақ. Қой, Науан... қой, шырағым...

Науан *(зорға басылып, Кенеге)*. Құлдық тақсыр... *(Отырады.)*

Кәрібоз *(тұруға қамданып)*. Бүйткенше кәпірден шықсаң етті сен.. Жалғыз қырғыз қалғанша жағаласып

өтмесем — ел болмайын. (*Қырғыздар шығып кетеді. Хан ашулы, аздан кейін отырып.*)

К е н е. Өлімге қарсы тұяқ серіпкен жалғыз жанға оңалмастық қырсықтың қандай істер істеткенін көрсін ертең кейінгі ұрпақ... Кінә менде емес... Шығындар кәзір бәрің атқа мініп. Бүгін күні бойы әскер дайындалсын. Ертең қалың майдан. (*Өзгелері.*) «Күп, тақсыр, күп». (*Кенеден басқаның бәрі шығып кетеді.*)

К е н е, Ай-ай, Наурызбай, қал сен мұнда!.. (*Науан қалады.*)

К ө р і н і с

К е н е (*қатты ашумен түрекеліп*). Не естідім мен жаңа?.. Қандай қорлық көрдім?.. Кімнен?.. Сенен... Сенің ойсыздығыңнан, көзсіздігіңнен. Жаман айғыр енесіне тап береді деп, қырғыз бенен қазаққа келгенде жының түскен екен сенің. Менің де, артта қалған елдің де сорымызға тудың ғой сен қырсық. Қанайдың тамын кім құлат деді?..

Н а у а н (*жуас.*) Мен құлат дедім...

К е н е (*Науанды жағасынан ұстап сілкіп*). Не дейсің? Не дейсің? Қаныңды ұрттайын ба осы жерде? Атадан тумай кеткір санасыз. (*Қанжарын ұстайды.*)

Н а у а н. Мен сенің ашуың мен қайратыңмын. Мені бастап жүрген ақыл жоқ. Әйтеуір беттескен жау болған соң, айдындырам деп аяғам жоқ. Мен білегіңмін, керексіз білек болсам осы арада кесіп таста. Өкінбеймін.

К е н е (*босатып жіберіп, ойланып тұрып қалып*). Жә! Ертеңгі соғыста бір төре үйде отырып қалмасын. Не жеңіп шық, не осы арада қаза тап бәрің де.

Н а у а н (*иіліп*). Алдияр... (*Кене тез қамданып шығып кетеді.*)

К ө р і н і с

Қарашаш кіреді.

Қ а р а ш а ш (*киініп, қамданып жатқан Науанға жүгіріп келіп, құшақтай алып*). Науанжан, бағанадан аңдып едім жолығайын деп... Неге өлтірдің қырғыздың елшісін?

Н а у а н. Уһ... (*Қарашашты құшақтап сүйіп алып.*) Ой, сәулем-ай, қай мінімді айтамын? Қанайдың тамын да құлаттырдым. Жаңа Кәрібозды да сабай жаздадым. Кенекемді де күйгіздім... Ертеңгі соғыста не жеңіп шы-

ғамын, не сүйегім Алатаудың бір тасында қалады... Одан басқа таңдау қалған жоқ маған...

Қарашаш. Қойшы, қалқам, сұмдықты айтпашы! Бұл байлауыңа ырға емеспін. Мен десең әлімге басыңды байлама... Қимаймын, қуатым... Күйдірмеші, қайтшы сөзіңнен...

Науан (*зорлықпен күліп*). Өмірге қош айтып қойып ем жаңа... Сен бар екенсің ғой... Әлде сен үшін қала тұрайын ба? Қелші... келші... (*Қысып құшақтап, сүйіп тұрғанда Бопай кіреді.*)

Көрініс

Бопай (*ақырып*). Ойпыр-ай, мынау не деген сұмдық еді?

Науан (*ашулы*). Не сұмдық бола қалыпты? Шығарма үніңді...

Бопай (*ақырып*). Қарабет, қайтіп маған сөйлеп тұрсың?.. Бір шешеден тумағандығыңды қылдың-ау, арам... Жер қылдың ба аруақты?..

Науан. Сен атаның атын сыйлап жүрген шығарсың... Өзің де етегіңе намаз оқып жүрген жоқсың. Жап аузыңды...

Бопай. Өлтіртемін, өлтіртемін... Наурызбай!.. Неге бірге тудың. Тумай кеткір... Қайда Кенекем... (*Есікке қарай жүгіреді.*)

Қарашаш (*артынан жүгіріп*). Әпке, әпке... Жаным, әпке... Жалғыз сөз... (*Бопай жүгіріп шығып кетеді. Қарашаш артынан бірге кетеді.*)

Науан (*жалғыз*). Қай қысталаңға көнбей тұрған Наурызбай. Тіпті әлер алдында өрісімді тауысып, армансыз кетейін. Ешкімің татпағанын татқаным сол... Мейлі...

Шымьлдық.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Майдан. Тау арасындағы далашық. Жақында қарлы Алатау. Сахнаның бір жағында тігулі жасыл жібек шатыр. Ханның шатыры. Шымьлдық ашылғанда алыстан соғыс сарыны естіліп жатады. Аздан соң сахнаға жылдам басып Рүстем шығады. Артынан Сыпатай Байұзақты ертіп келе жатады. Бәрі де садақты, найзалы, қарулы.

Рүстем *(асығыстау)*. Бері келіңдер... Екеуіңмен сөйлесетін сөз келіп қалды. Ең әуелі осы соғыс жәйі қалай? Қай жағы дендеп тұр? Сынатай, сен ішінен келдің ғой... Айтшы әуелі.

Сыпатай. Не айтатыны бар, қырғыз жеңгізетін емес. Наурызбай мен Ержан өктеп ұрсысып, ілгерілеп жүр. Бірақ, өзге жағын қайта-қайта туға тығып жапырып тұр.

Байұзақ. Иә, солай көрінді. Қырғыз шоқтай болып үйіріліп алған ғой деймін...

Рүстем. Олай болса, мен жаңа қырғыздан тіл алдым. Жантай, Жанғараштың жіберген елшісі келіп сөйлесіп кетті.

Сыпатай. О не қылған елші, кімге келіпті?

Байұзақ. Бәсе, кімге келіп жүр?

Рүстем. Төреге емес, Дулатқа. Дулат басшысы деп бізге жіберген елші...

Сыпатай. Солай ма? *(Түйсінгендей болады.)*

Рүстем. Біздің жауымыз қалың қазақ баласы емес. Мына қазақ, қырғызды жауықтырып отырған Абылай тұқымы, төре... Дулат басшысынан қан қазнамды аярым жоқ. Барымды алсын, бірақ, бойын тартқан мынаның қырғынынан дейді... Бұған не айтасындар?

Сыпатай. Өзін не дедің, төре?

Рүстем. Мен сендермен сөйлесіп барып жауымыз бермек болдым. Әйтсе де күдерін үзгізгем жоқ. Неге десең, мынау екі төремен отаса алатын емеспін. Мынау, түбі, шегі жоқ жаулыққа кетті ғой өзі... Қорқытқанда өстіп қорқыт депбедім деп, не біз сияқты ел басшысына салар ақылы жоқ. Өздері шешеді.

Байұзақ. Рас тіпті, сорлының осы мінезі түбіне жете ме деймін... Түп ниеті жақсы дегенмен, әр нәрсенің өрісі бар емес пе?

Сыпатай. Түп ниет, бергі ниет дегенді білмеймін... Әуелі қырғыз оңай жау емес, қазақ ісі болатын болса, бар қазақ неге көтермейді? Бар ауыртпалықты Дулаттың тілеп алғаны несі?

Байұзақ *(аз үндемей)*. Осы әр алуан күдік Кешесарының өз кісілерінің ойына да кіре бастаған сияқты...

Рүстем. Рас айтасың, қария... Кешегі Бұғыбайдың сөзін естідің ғой?

Сыпатай. Не дейді?.. Мен естігем жоқ.

Рүстем. Алғашқы шыққанда сенімім зор еді. Енді күннен-күнге суынып келем. Наурызбайдың қылығы ылғи жаман аттан басқа игілік әперетін емес. Тегінде, өзгерің де өзді-өз күйлеріңді ойлағаның мақұл. Ең болма-са ханменен ашып сөйлесіп алыңдар дейді.

Сыпатай. Не дейді жарқыным-ау?! Бұғыбай бұлай айтса мен Наурызбаймен де, Кенесарымен де сөйлеспеймін тіпті. *(Бұл уақытта соғыс сарыны басылып қалған болады.)*

Байұзақ. Бұғыбайдың айтып отырғаны хан емес, Наурызбай. Наурызбайдың өрескелі көп екені рас. *(Бір топ Дулат шығып, жасырынып тыңдап тұрады.)*

Рүстем. Наурызбай деген емес. Соның ісіне нағыз жазалы кісі — хан! Осылар жолы болып хан болып алса, ешқайсымызды ру басшысы, ел ағасы екен деп еске алып, есепке тұтпайды... Мен соны білемін. Осы хан қасында көптің бірі қарашы болғаныма құмар болғаным не осынша? Менің тілімді алсандар, енді Дулаттың бетін бұрып жіберу керек. Ал өзіміз қырғыздың Манабымен достасайық!

Сыпатай. Шынның шыны осы. Қышыған жерімді жаңа таптың, төре! Бұлар хандық құрған күні біз бүгінгі орнымыздан да айрыламыз. Қырғыздың Манабы, Дулаттың датқасы мен төресі ежелден бір бас, бір тас емес пе еді? Талайы.— тіпті осы тұрған үшеуіміздің айқыш-ұйқыш құда, жек-жатымыз емес пе? Бастасым солар! Табысамын!

Байұзақ. Мейілдерің. Мен де Бұғыбай сөзінен соң торығып тұрмын.

Сыпатай. «Құдадан құтыны кием деп, сар жарғақтың шүкірінен айрылыпты» деп, біреуге хандық әперем деп өз орнымнан неге айрылам мен?!..

Рүстем. Мақұл. Болды. Ендеше ірітіңдер Дулатты... Ана сыйын алайық. Хан керек болса, Дулатқа өзім де ханмын. Қырық ру қазақ баяғыдан бір ханға билетпей-ақ күн көрген. Бәрін қосып хан боламын десе, ана өзі шыққан орта жүзінің қазағын баурап алсын. Сонан соң тең сөйлесіп отырып қосылармыз қосылсақ...

Сыпатай. Жүр, олай болса, әлгі қырғыздың елшісіне. Қабыл алдық сол жіберген сыйын. *(Бұлар шығып кетеді. Тыңдап тұрған Дулаттар шығады.)*

1 - Дулат. Көрдіндер ме?! Елді әуелде неге әкелгенін білдіңдер ғой! Енді жемсауға қарай жантайып тұрғаны мынау.

2 - Ду л а т . «Дулатты іріт» дейді. Біз бір шілдің боғы ғой бұларға...

3 - Ду л а т . Көп кошқардың басы бір қазанға сыймай жатқанын көрмеймісің?

К ө р і н і с

Сахнаға соғыстан қайтқан Бұғыбай, Құдайменде шығады. Бұларға қарсы Жоламан, Бопай келеді.

Ж о л а м а н . Уа, жарқындарым, не боп жатыр? Не күйлерің бар?..

Б о п а й (*Бұғыбайға*). Батыр, аман қайттың ба? Не айтасың, хабарын біл деп хан жіберді бізді.

Б ұ ғ ы б а й . Білмейім. Бүгінгі соғыс үлкен қырғын болып тұр. Екі жақтан да көп өлді... Бірақ қырғыз бәсеңситін емес... Әнекей, әлі қажымай ұрысып тұр...

Ж о л а м а н . Науан қайда?

Б ұ ғ ы б а й . Науанның осы жолғы кетісінен қорқып тұрмын. Құдай білсін немен тынарын.

Б о п а й . Е, не болды? Не қып жатыр?

Б ұ ғ ы б а й . Аз қолмен Ержан сұлтанды ертіп, бір қалың жаудың ішіне кіріп кетті. Артымызды екі жақтағы қырғыз қамап, оқ жауғызып жүргізбейді. Аналарды екі бүйірден қысып әкетті... Әзірге Науандардан дерек жоқ.

Ж о л а м а н . Ойпырым-ай, қауып екен? Жазым болмаса игі еді... Ханға айту керек екен.

Б о п а й . Не дейді? Неге шаппайсындар енді? Ержекем де сонда қалды ма?

Қ ұ д а й м е н д е . Ержан бауырың болғанда, Науан бауырың емес пе?.. Немене түге, жырып сөйлеп тұрғаның... Науаннан артық кім бар еді?.. Әуелі соның аمانдығын тілесенші... тілегіш болсаң.

Б ұ ғ ы б а й . Өзгесі өзге. Тақ осы жолы сол аз ғана қол жамандық көрсе, кінәлі жалғыз Наурызбай... Мен соны білем... Аз тоқта, қанатымызды жиып бірге қаптайық десем, тақат қылмай, қасындағыларды ақырып, қорқытып алып кетті.

Ж о л а м а н . Енді өзге көп қол қайда? Неге шаппайды, неге іркіледі?

Б ұ ғ ы б а й . Көп қол беттей алмай тұр, қажып қап тұр, түннен бергі ұрыстан... Оның үстіне қырғыз қолы үсті-үстіне төгіліп тұр.

Б о п а й (*сахнаның соғыс жақ бұрышына көзін са-*

лып қарап тұрып). Қолың қайтып келеді ғой өзі... Келіп қалды ғой... Міні алды...

Жоламан (*Қарайды. Бәрі де солай қарайды*). Бәсе, келді ғой, мынау Науан ғой, я сәт... Аман шыққан екен ғой, қарағым, арыстаным... (*Науан жылдам басып сахнаға шығады. Жанындағы Ағыбай, Бұқарбай бәрі де алжа-алжа, бәрінің де үстері қан, үрпиіскен, түтіккен. Жау сырнайы естіліп жатады.*)

Жоламан (*алдынан жүріп*). Аман келдің бе, Науанжан?

Науан. Аманы бар болсын...

Бопай. Сұмдық-ай, не дейді... Ержекем қайда?

Науан. Қолға түсіп кетті, тұтқын болды. (*Барлығы үндемей сілейіп қалады. Бұғыбайға қатты.*) Сен неге қайтып кеттің? Неге шаппайсың, артымыздан?

Бұғыбай. Мен қайтейін? Шаппадым ба? Немді аядым? Аз кісімен ішіне кірме десем, болмайсың...

Ағыбай. Ой, бар болсын ақылың... Сен жазықтысың... Ақауыз атқа оқ тиіп, біз Бұқарбай екеуіміз Науанды зорға аман алып құтылдык, талқан болып.

Бұқарбай. Бұ неғылған қолбасы өзі, айналшық жегендей хан шатырының қасынан шықпайтын.

Бұғыбай (*қатты*). Мен кінәлі емес, сендер кінәлісіңдер... Бағыну жоқ. Байыптау жоқ... Кімінді бастайын мен сенін?!

Бұқарбай. О, құрып кет бастамай... Бастамай қалғыр...

Науан. Бұғыбай, қылдың сен маған бүгін... Текке қылған жоқсың.

Бұғыбай. Үйтіп мені күйдірме, Наурызбай... Олай болса, Ержанды сен апарып жарға жықтың...

Науан (*ақырып*). Не дейсің? Әй, әкеңнің... Сенсіз дүние тұл қалса да... (*Тап беріп, сапысын суырып алады.*)

Бұғыбай (*шапшаң сапысын суырып алып, қарсы ұмтылып*). Наурызбай, жетті... жетті енді!.. Өлісіп-ақ көрейін, келші!.. (*Өзгелерден Жоламан ғана жүгіреді, басқалар тұрып қалады. Жоламан екеуін ұстай алмайды.*)

Жоламан. Уа, қой... қой... бұл не деген сұмдық?!.. (*Бұл уақытта сапымен қағысып кеткенде екеуінің сапысы да орталарынан омырылып ұшып-ұшып кетеді. Наурызбай қырылдап тұншыққандай болып екпіндеп келіп, Бұғыбайды қос қолдап омырауынан ұстап алып жерге*

тымақша алып ұрып, кеудесіне тізерлеп отырып, қолы қалшылдап, қоншындағы пышағын суырып жатады.)

Н а у а н . Алғышын жағамнан... бұл құлдың... басынды кесіп алайын...

Б о п а й . Ұмтыл... ойбай-ау, ұмтыл... ұмтылсаншы, түге. (Наурызбайдың пышақ ұстаған қолынан жармаса түседі. Өзгелер жабылып, арашалап айырып алады.)

Б ұ ғ ы б а й (тұрып). Уай, Бопай, мендік болсаң ұмтыл енді ханға... Бар да, көріп-білгеніңнің бәрін айт!.. Енді аянатын түк те қалған жоқ. Қырғыз да бір, Наурызбай да бір енді сені мен маған...

Н а у а н (Бопайға тістеніп). Арсыз байтал, балақтағы битті басыма шығардың ба?

Б о п а й . Қысқарт, Наурызбай, көзінді оямын енді мен сенің.

Б ұ ғ ы б а й (бармағын шайнап). Әттен. (Күйініп, қайнап.) Бүйткенше Мұса, Мұса неге болмадым мен?!.. (Бопайға қарап, ойына басқа нәрсе түсіп.) Жар дегенде жалғыз Ержанның басына екі бірдей қастық істеп отырғаны мынау!.. Не күткемін, не күткемін мен мұнан... Жүгір, Бопай!..

Н а у а н (ұмтылып). Арам құл, не айтасын? (Өзгелер жібермейді. «Қой, тоқта, қой, қарағым» деген көп дауыстар.) Қазір мойнынды бұрап аламын. Бұғыбай, сені өлтірмесем әкемнен тұмай кетейін.

Б о п а й . Не дейді... мынау, не дейді... Көрейін, көрейін мен... (Жүгіріп кетеді. Бұл уақытта сахнадан Наурызбайды алып өзгелер кетеді. Бір жаққа Бұғыбай да кетеді.)

К ө р і н і с

Аздан соң хан мен Бопай шығады.

К е н е (мұңды, қатты дауыс). Қайран Ержекем кетті ме?! Кетті ме Ержан... Ендігі кезек ханыңа да келер... Соған таман келе жатыр... (Басын шайқап, қыстығып күйініп.) Әттен... әттен, арманды жалғыз басым... оқ үстіне оқ тиген. (Үндемей ойға кеткендей.)

Б о п а й (аз аялдап ханға қарап, аяғында бекініп). Оқ үстіне оқ екені рас, Кенеке... Тағы бір сұмдық бар, соны айтқалы әкелдім сені осында... Іркіп келіп ем... Енді шыдар жәйім жоқ. Ержекемнің тұтқын болуына жазалы кісі Наурызбай!..

К е н е. Наурызбай???! Атамашы құрып кеткірдің атын...

Б о п а й. Атаймын... атағанда қастығын айтамын. Наурызбай сол Ержекемнің баласы Қарашашпен қосылыпты, кеше ұстап алдым...

К е н е (ақырып, қатты). Не дейді?? Қайда ол ит... (Айғайлап.) Әкпел қазір!..

Б о п а й. Наурызбайдың қылығынан қол да іріп-шіріп бітті. Бұғыбай да сенен кеткелі тұр. Біздің сорымыз түзден-жаудан емес, үйден де шықты ғой, Кенеке. (Жылап жіберіп.) Қайтермін. Шыдай алмай айтып тұрмын.

К е н е (айғайлап, Наурызбай кеткен жаққа таман). Қайда Наурызбай?.. Әкпел, әкпел мұнда, шапшаң...

К ө р і н і с

Наурызбайды ертіп Құдайменде, Жоламан, Ағыбай, Бұқарбай шығады. Барлығы: «Алдияр, алдияр!» дейді.

К е н е (Наурызбайға). Рас па? Мына Бопайдың айтқан сөзі? Айт шыныңды! (Тепсініп қасына келеді.)

Н а у а н (салқын қанды). Рас...

К е н е. Шын айтамысың, жүзқара... (Дірілдеп қалшқалш етеді.)

Н а у а н. Шын айтамын. Мен сорыңа біткен туысқаныңмын. Менен құтыл!..

К е н е (қасындағыларға ақырып). Байла қолын, олай болса... (Өзгелер қозғалмайды.) Байла, мен бұйырамын. Неге тұрсыңдар?..

Н а у а н (қасындағыларға). Байла... (Екі қолын артына белдікпен байлайды.)

К е н е. Әкпел шылбырды, сал мойнына... (Өзгелері тағы іркіледі.) Әкпел! Сал... Дүниенің тұтқасы осы игбе еді? Неге тұрсың?.. (Өзгелер барып алып келіп, шылбырды мойнына салады.) Мініндер атқа қазір, Ағыбай, Бұқарбай... Сүйретіп өлтіріндер... Осы арада... осы арада... Қазір... қазір... Көрсетпе енді менің көзіме... (Аз тым-тырыстан соң.) Кімге айттым? Не айттым?..

Қ ұ д а й м е н д е (ашулы, нық басып ілгері шығып). Шынымен-ақ байлауың осы ма, Кенеке?..

К е н е. Ашпа аузыңды. Тындамаймын сөзіңді...

Қ ұ д а й м е н д е (қатты). Тындайсың, ханым... Мен де тең төренің ұлымын. Өлтіртпеймін. (Кене тікірейіп қатты қарағанда.)

Н а у а н. Жоқ. Өлтіртсін, өлемін... Кенекем жарлы-

ғының екі болғанының керегі жоқ. Осылай өл десең, осылай-ақ мізбақпай өлемін. Бірақ, жалғыз ғана дәтім бар...

Ағыбай. Тақсыр, хан, ең болмаса дәтін айтқыз, біз соны тілейміз.

Бұқарбай } Жолдас десең, карашы десең — біз сұраймыз. (Кене үндемейді.)
Жоламан }

Науан. Жаудың шоқтығы шыға ма деймін. Мен өлейін... Жалғыз-ақ қоя бер... Қазір ана сырнай-керней-летіп, ат ойнатып тұрған жауыңның тап ортасына барып, жұлқысып тұрып өлейін... Өлімге бұйырған жазаң — жаза, жалғыз-ақ қалай өлуді өз тандауыма бер...

Құдайменде, } Бер осы тілегін... Бере гөр, тақсыр...
Жоламан, } Мақұл ғой сөзі.
Ағыбай. }

Кене (ойланып тұрып). Бердім.
(Науанды өзгелер босатады.)

Науан (Кенеге). Жалғыз-ақ, осы арада, қазір аттанар жерде қазақ жиынына азғана ғана сөзім бар... Соған ұлықсат бер...

Кене (теріс қарап тұрып, қайғылы). Бердім...

Науан. Алдияр... Ағыбай, Бұқарбай, барындар шапшаң, жиып әкел осы араға қолдың бәрін. Қазір келемін. (Жылдам басып шығып кетеді. Ағыбай, Бұқарбай екі жаққа шапшаң басып кетіп қалады. Кене жалғыз ойға кетіп, ашулы түспен отырып қалады. Бір бөлек Құдайменде отырады. Өзгелер шығып кетеді.)

К ө р і н і с

Сахнаның сыртында Ағыбай, Бұқарбай, Жоламандрдың «жүр, жүр, бері» деген дауыстары. Осы кезде жау сырнайы қайтадан өк-теп, үсті-үстіне екіленіп шығады.

Ағыбай (дауыстан, сыртта). Уа, қазаққа қараған қол атаулы, бері кел. Жиыл-жиыл мұнда.

Бұқарбай. Уай, бері тарт... Тартындар бері...

Жоламан. Уай, тарамандар, тоқталатын шақ емес. Бері кел... Жүр мұнда... (Тағы да дауыстар.) Уа, мұнда, мұнда жүріндер... Бері жүріндер. Жүріндер хан алдына.

Бұқарбай (сыртта). Қол-қолыңмен, жігіңді бұзбай кел, түге... (Әскер сахнаның екі жағынан бөлек-бө-

лек болып кеп иін тіресіп тұрады. Хан қасына Бонай, Бұғыбай, Жоламан, Құдайменде келіп тұрады. Осылармен қатар Рүстем, Байұзақ, Сыпатай келіп шығады. Бұл уақытта жау сырнайы өктей береді. Жаңа дауысқа салғандай.)

К ө р і н і с

К е н е (Байұзаққа). Кешеден мына бір сырнай дауысы жоқ еді... Жаңа шыға бастады... Бұнысы кім сиырша мәңіреген?

Р ү с т е м . Хан, кешеден бері қырғыздың шабағымен шарпысын жатыр едік, шортаны жаңа келді білем. Бұл сырт қырғызын жиын келген Орман. (Сыпатайға.) Жүрегі шайлыға берсін.

С ы н а т а й (ақырын). Жақсы айттың, төре!.. (Сол кезде ақбоз атқа мінген, қару асынған Науан шығады. Басында құндыз бөркі бар. Сыртқы құндыз ішіктің оң жеңін беліне қыстырып алған.)

Д а у ы с т а р : «Науан, Науан!.. Батыр Науан келеді».

Н а у а н . Уай, қазақтың баласы! Кенекем бастаған игілікке етек-жеңінді түрініп, қатын, бала, елі-жұртыңды тастап еріп шығып ең. Осы игілік жолында өлсем арманым жоқ деп шығып ең... Абылай аспас асу деп тұрғананы! (Қылышын жалаңдатып суырып алып, нұсқап тұрып.) Неге содан аспай тұрмыз әлі күнге... Екіленіп ұмтылсақ аспайтуғын несі бар? Аса алмасақ, сол асуды мезген өлсекпі... Шықтым мына мен я өлімге, я баққа. Өлсем — өкінбей өлемін... Мынау ақбоз атқа қызыл қаным жарассын. Кенекем бастаған ақ жолдың айтқан тоқтысы болып өлемін... Ол ел ұраны, елдік жолы! Ел болатының шын болса, елу жігіт артымнан ер... Я бам, Абылай аруағы, қайдасың? Қолда... қолдай көр! (Қылышын көтеріп, екіленіп басып тарта береді.)

Н ы с а н б а й (айғайлап). Уай, жалғызым... Жалын жұтқан жалғызым. Сенен басқа ұл туды ма қазақтан?.. Жар бола көр, я құдай... (Жылап жібереді. Наурызбай шығуға жақындап, артына қарап тұрады.)

А ғ ы б а й . Уай, тәуекел қыл да тас жұт, ажал келмей өлмек жоқ... Ердім міне мен Науанға... Шық еркекпін дегенің...

Б ұ қ а р б а й . Мен неге қаламын? Мен де еремін.

Қ ұ д а й м е н д е . Бұл дүниеде екі өлмек жоқ, екі айналып келмек те жоқ. Қалғаным да өлгенім. Барып

өлем онан да... Кеттім мен де... (Бұлардың бәрі қаруларын асынып қамданып жатады.)

Бір не ше да уыс. (Екі жақтағы аз ғана батырлар дауысы.) Мен де ердім... Мен де... мен де... Кеттім... Кеттік Науанның артынан... Соңында өлеміз... Науанның... Кеттік... Жүр... Жүр... баста...

Науан. Елу-ақ жігіт керек... Ер, олай болса, артыман. (Тартып береді. Екі жақтағы қолдан да жапырлап көп жұрт артынан шұбырады.)

Сол да уыстар. Я аруақ... я бақ... Жусат!.. Жусат! Енді! (Алысқа тасырлатып кетіп бара жатқан көп қолдың дауысы естіліп жатады.)

Жоламан. Жолдарың болсын... Елу емес, жүзден аса жігіт кетті. (Өзге мұнда қалған қол арттарынан қарап тұрады.)

Кене (аз үндемей отырып барып, қасындағы Жоламан, Байұзақ, Бұғыбайларға). Сорлы, менің ашуым мен қайратым екені рас еді... Атаның жалаңаш намысын уыстап туған ұл еді бұл. Ашуы мен қайратына ақылы тең болса, менің орным осынікі еді... Кезенген жаумен кескілесіп тұрып өлісуге шыдайтын ұл болмаса, сондай ұлды туғызып тұрған ел болмаса, қазақтың қай ісі өрге басар дейсің? Жолы болсын сорлының! Қараңдаршы!.. (Жоламан, Бұғыбай барып көзін салып қарап тұрады.)

Жоламан. Араласты, араласты барып...

Дауыстар. Тобымен барып араласты... Жау сырнайы басылып қалды... Жау тобы шашырай бастады...

Жоламан. Уа, сүйінші... сүйінші... Жау қашты... жау қашты.

Көп дауыс. Жау қашты, жау қашты... Я аруақ... Я аруақ... (Қол екіленіп қозғалақтай бастайды. Кене жылдам басып сахнаның төріндегі тасқа шығып қарап алып, айналадағы қолға.)

Кене (айғайлап). Уа, өлімге де, абиұрға да ортақ болған достарым! Ажалдан бұрын кісі өлетін болса, өтмес пе еді, аналар?.. Не тұрыс бар... Не аяну бар енді?.. Жол болғанның алды осы. (Қылышын суырып алып, басына көтеріп.) Жеңілді, қашты, міне қырғыз... Бет қаратпа... Тарт енді артыман... Бастатқан елім, шыбын жаным сенің алдында шықсын. Көр міне, сенен аяп қалған түгім жоқ. (Бұл уақытта қол кернеп ілгері ентелейді.) Я бабам Абылай... (Түсе жөнеліп.) Абылай!.. Абылай!..

Қалың жұрт (жосылып шулап). Абылай!.. Абы-

лай!.. Жау қашты... Жау қашты... (Сатыр-сұтыр жұрттың бәрі кетіп жатады. Жоламан, Бопайлар да кеткен. Сахнадан жұрт арылып кеткен. Сыпатай, Байұзақ қана қалады. Жұрт кетіп арылып қалғанда Рүстем шығады.)

К ө р і н і с

Рүстем. Бү не, бү не болды, бұл?!.. Дулат қайда?.. Неге кетті... Қалған Дулат бар ма, жоқ па?

Сыпатай. Мына қария екеумізден басқа бір Дулат та қалған жоқ.

Рүстем. Не дейді?.. Не айтады?.. Білдірмеп пе едіңдер... Не деймін қырғызға... Сыйына шейін әкеп төгіп қойды.

Байұзақ. Саспа, төрем... Өлім алдында тұяқ серіпкен сияқты бір жалғыз желік қой. .

Рүстем. Желік болса, Наурызбай желіксің, Дулатқа не бар?..

Байұзақ. Е, шығарып салсын. Бір шабысқа ерсе, ерсін.

Сыпатай. Бірге де ергізбес едім... Көпшілікті хабарландыра алмай қалдым... Кәне, қай жерде әлгі қазынасы?.. Жүр, жүр, көрейік. (Бәрі аяңдап кетіп бари жатады. Осы уақытта сахнаға қол кеткен жақтан Нысанбай шығады.)

К ө р і н і с

Нысанбай. Сүйінші... сүйінші... Ақ түйенің қарни жарылды... Ханымдар, ханымдар қайда?.. Қуантайын... Уа, ханымдар қайда? (Алдынан жүгіре басып 4-5 қыз нөкері бар, Қарашаш шығады.)

К ө р і н і с

Қарашаш. Шын ба, шын ба, жаным... ағатай... Ал... ал... Сүйіншінді... Науан ба осыны істеген?..

Нысанбай. Қалқатайым... қуаныш, зор қуаныш... Қисайған жыраны түзеген Науанжан... Ақ беренім... Ақ жолдағы айшықты ала туым... Науаным...

Қарашаш. Уа, садаған кетейін... жалғызым... жарығым... Науанжаным...

Нысанбай (асығып). Қарашығым... Қуан... қуант... Науаннан басқа ер жоқ... Өл соның жолында... Уа, сүйінші... Сүйінші... Қайда ханымдар... (Қарсыдан қатындардың қуаныш шуы естіледі.)

Қ а т ы н д а р д а у с ы . Уа, мұнда кел... мұнда кел...
Ханымға айт... Ханымға айт... Шақырады... Сүйінші...
сүйінші... *(Сахнадағының бәрі де жүгіріп шулап.)* Я,
бақ... Я аруақ... Науан... Науан... Науан... *(Шығып кетеді.)*

Шымылдық.

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

Түн. Сахна ала көлеңке. Үш кісі қаруларын жастанып ұйқыда жатады.

Көрініс

Сахнаға бірінің артынан бірі тізіліп, жалтақтап қорқып келе жатқан үшеу шығады. Қашуға бет алғандар.

1 - кісі. Бұ, көп Дулат қайда, түге?..

2 - кісі. Қайтейін деп ең бар Дулатты? Топтанып қашушы мең...

3 - кісі. Ертеден білдірмей... Бізді кім елеп ескереді дейсің. Әлгі басшы болмыстарымыз ғой елден бұрын өздері бас сауғалады... *(Бұлар шығып кетеді. Аздан соң тағы бір үшеу шығады.)*

1 - кісі. Әй, Сыпатай мен Байұзақ қайда екен? Осында ма, кетіп пе?

2 - кісі. Олар бағана, елдің алдымен кетіпті

1 - кісі. Бас амандаған деген сол ғой..

3 - кісі. Көрдің бе, бұл жеңілетін болған соң қырғыздан параны соғып ап жытқандарын... Басшы!.. Ел құйрығын қарға шанышқан деген осы міне! *(Кете береді.)*

Көрініс

Арт жақтарынан Ағыбай жылдам басып шығады.

Ағыбай. Тоқта... Елмісің, жаумысың? *(Садағын кезеп қараңғыға атып жіберіп, тап береді де, тоқтап қалады.)* Бұ не, жаным-ау, қырғыз, қазағы араласып кеткен бе, неменел *(Тағы да кезеніп, атпай.)* Ия, кімсің әй?..

Көрініс

Аздан соң сахнаға Науан, Құдайменде шығады.

Науан (*Ағыбайға*). Шынды айтшы осы, қырғыз қамап алды ғой өзі әбден. Мұндағы қол қалай? Қарасы азайып барады. Қашып жатыр ма, осы неғып барады?

Ағыбай. Шынды айтайын, Науанжан... қашып жатыр...

Құдайменде. Дулат түгел кетті дей ме, немене?..

Науан. Не дейді, шын ба?..

Ағыбай. Дулат түгіл өз қазағың да кетіп жатыр білем. Талай жанды көре алмай жүрмін.

Құдайменде (*Науанға*). Енді қайтеміз? Хан түстен бері қабағын қарыс жауып, сөзді қойды. Бірдеңе байлау жасап, өзіне барып ақылдасамыз ба, қайтеміз?

Ағыбай. Құр босқа камалып өлеміз бе сіді?..

Науан. Ханда енді не ақыл қалды... Есеңгіретгі ғой азғырынды араласты да... Адастырды ғой бұл елді. Мен білген Кенекем болса, енді өлімді тілеп отыр... Өрісін тауысқан сорлы сүйтпегенде қайтушы еді?..

Ағыбай. Кене өрісін тауысқан болса, біздің қайда барып жайлауымыз жарасады?.. Қасықтай қанымыз қалғашша скеуіңнің қастарыңда боламыз.

Науан. (*Құдаймендеге сынағандай күлімсіреп*). Бұл сөзге сен не айтасың?

Құдайменде. Қалғанымыз бес болайық, он болайық, хан қасына жиылып тұрып, солар не көрсе, соны көрейік дейім.

Науан. Бәсе, өстіп бір жұбатыры, бір сүйінтері болмас па?

Құдайменде. Әй, тентек-ай, сынамас жерде сынайсың-ау!..

Науан. Мың-сан қол кетсе де, шын сенген достарым, сендер тастап кетпесең болады. Өлмесітұғын кім бар? Беттеген жолдан жалтартып, бір ізінді екі бастыратын болса, ол өмір адыра қалсын. Ертең қаншамыз аман қалар екенбіз... Соның алдында ырза қошымыз осы болсын да. (*Күліп*.) Әдейі айтып тұрмын, соны ойлап.

Құдайменде. Айтқаның айтқан, неге күлесің?

Науан. Күлмей, тәйір деген, жылайым ба?.. Тіршілік деген арманыңа жетіп, жайлауың жарасқан күнде тәтті шығар. Әйтпесе, абнұр мен арымның садағасы кетсін...

Ағыбай. Науанжан, сөзіңе күлдық,

Науан. Иә, осы біздің антымыз болсын.

Құдайменде. Болса-болсын. Болсын солай. *(Аз тұрып.)* Онан соң бір сөз бар, мен осы байлаумен Кенекеме барып ақылдасайық дегелі тұрмын. Өзі көнетін болса, қазір өлсуге шыдайтын ең ірікті жігітпен ханды ортаға алып, жүріп көрейік. Жарып шығам сол қырғыздың шебін.

Науан. Мен, қашты деген атты құптамаймын. Бірақ, хан білсін, түбінде хан білсін... Ақылдассаң ақылдасындар... *(Науан қалады. Ағыбай, Құдайменде шығып кетеді. Науан тас үстінде қылышын ойнақшытып, ыңырсып бір мұңды сарынға салып әндетін отырады. Аздан соң сахнаға Қарашашты бастап Құдайменде шығады.)*

Көрініс

Құдайменде. Қарағым, анау отырған Науан. Қазір сендер жүресіңдер де, ол бұл жерде қалады. Армандарыңнан шығып арыздасып қал... Бүгінгіні құдай да, аруақ та кешеді. Бар, қарағым. *(Науан бұлар келгеннен түрегеліп, ұмтылғалы тұрған, Құдайменде қайта бұрылып жүруге айналғанда.)*

Науан. Уай, қайран ағам-ай, шыны кемел сен екенсің ғой... Бар жарамды жаздың ғой. *(Қарашашқа.)* Келші... жалғзым... жалғзым...

Құдайменде *(кетіп бара жатып күліп)*. Уай, тентек, сен білмей жүрсің ғой ағанның сырын. *(Шығып кетеді.)*

Көрініс

Науан *(Қарашашты келіп сүйіп)*. Жарығым... Менен алыстап, суынып кетті ме деп едім... Іздепбең мені?

Қарашаш *(өңі ағарған, қаралы киімі бар, жүдеу)*. Іздеп едім... Ағамның күйігін баса ма деп едім... Баспады... Тірлігімде сән жоқ, құр сұлдерім ғана жүр...

Науан. Сәулешім, неге күдер үзесің?

Қарашаш. Ай, Науан-ай, әншейін жұбатқың келеді ғой. Онан да маған шыныңды айтсаңшы...

Науан. Солай ма, қалқам. Шынды айтсам көріспеспіз де... Солай шығар... *(Аздан соң.)* Бірақ, осы жалындап тұрған шағымда өлімге көнгім де келмейді. Әлде тіпті аман да шығармын...

Қарашаш. Бұл дәурен, тегінде, бізге бұйырылған дәурен емес.

Науан. Шынымен солай ма? Бүгінгі-ақ түн бе?
Қарашаш. Бүгін-ақ... (Үндеспей бір-біріне қара-
сып қалады да, құшақтасып жүріп кетеді.)

К ө р і н і с

Сахнадан тағы 2-3 қашкын өтеді. Жалтақтап, көленкедей елбек-
теп бара жатады. Аздан соң арттарынан Ағыбай шығады.

Ағыбай. Жаңа бір-екеу осылай кетсе керек еді...
Қашып бара жатқан құрғырдың бірі сияқты... Кімдер
екен бұл? Кешегі 12 мың қол, бүгін шылдың боғындай
тозуы-ай... Кеше қара ордалы елдей болып, бүгін кұйын
қуған шөптей болып ұшуын қарашы... желп етпей жатып
басылып, жігерді құм қылғанда осылай құм қыласың
да. (Қарсыдан Бұғыбай шығады.)

К ө р і н і с

Бұғыбай (жақындап келіп). Бопай көрдің бе?
Бопай қайда?..

Ағыбай. Е, қолбасы, ертеңгі күнге ойланған сенің
қамың сол ма?

Бұғыбай. Ойланған қамым сол... сол-ақ... Қамың-
ды жеймін деп қамыға-қамыға болғамын... Ендігіні сен-
дерге бердім... Көрдің бе, Бопайды?

Ағыбай. Бопай жаңа сені іздеттіріп жүрген өзі
де... Осы маңнан табылып қалар. (Кекетіп.) Бетің дұ-
рыс. (Бопай шығады. Бұғыбай қарсы аяңдайды. Ағы-
бай Бұғыбай келген жаққа өтіп кетеді.)

К ө р і н і с

Бопай. Немене, жаным-ау! Не боп кетті! Не болып
барады қолдарың? Кетіп жатыр дей ме, немене?

Бұғыбай. Иә, кетіп жатыр... Қырғыз болса, қа-
мап алды... Қол болса, кетіп жатыр... Таң атқанша кім
қалары белгісіз... Тозығы жеткен дүние! Енді осымен
тарқайтын шығар бұл той... Мен өзінді іздеп келдім.

Бопай. Мен құрғыр іздемесең де осындамын ғой...
Мен қайда қашар дейсің... Мына қайғыны айтсаңшы...
Шынымен-ақ Кенекемнің жолы болмай, жығылғаны
ма... жеңілгеніміз бе?

Бұғыбай (келіп құшақтап, қасына алып оты-
рып). Бопайжан-ай, қайсыбірін уайым қылып, қашанғы
жүдей береміз... Тасташы соны... Ойламау керек...

Бопай (таңданып). О не деген сөз? Сен қолбасы-

лығыңды ұмытып кеткенбісің?.. Қысылған жерде ақыл табудың орнына ойламау керек дегенің не дегенің?

Бұғыбай. Ойлағанмен енді түк таппайсың, мен сені алып кеткелі келдім... Ермеймін десең — қоштасып кеткелі...

Бопай (*сөзін бітіртпей*). Не айтып отырсың өзің, Кенекем қайтеді?

Бұғыбай. Бірдеңе қылып шығып көрер. Қасында батырлар бар ғой.

Бопай. Қашқанды тоқтатады десе, бұл қай сөзің өзіңнің?

Бұғыбай. Бұл — қажыған қол. Ештеңе ем болмайды бәрібір.

Бопай. Оны сен қайдан білдің?

Бұғыбай. Мен ерте күннен білгем, шынды айтсам: мен де қажыған кісімін.

Бопай. Бұғыбай, сен мені адастырма, не боп кеткен өзіңе...

Бұғыбай. Мен осы келгенде, мендік екенің шын болса, сені алып кеткелі келдім...

Бопай. Мені әкетуден бұрын әуелі мына сөзіңнің жөнін ұқтыршы... Қолдың кететінін ертеден білсең, неге іркіп жүрдің? Неге айтпайсың барыңды?

Бұғыбай. Дулат арасына сөз кіргелі екі күн болды. Барымды айтсам, сол суық сөздің басталуына өзім де себепші болдым... Аздым мен де... Аздырды Наурызбай...

Бопай (*қасынан атып тұрып, ашулы*). Не оттап отырсың өзің?

Бұғыбай (*ашулы, түрегеліп*). Бопа-а-й! Болай! Бү не сөз?..

Бопай. Наурызбайды сылтау қып Кенекемді жарға жықпақшы екенсің ғой... Барлық ойлаған ой, беттеген адал ниетті былғапсың ғой. Құл демей сені не дейін...

Бұғыбай. Мен құл болсам, сен күнсің... Сен менің қатынымсың...

Бопай. Садаға кет, менен сен. Арам болармын енді саған...

Бұғыбай. Байқап сөйле, Бопай! Өкінесің... Менен қалсаң кеш болады...

Бопай. Өліп қалсам да енді саған ермеймін. (*Ашуланып.*) Әлдеқандай көріп, сұңқар екен деп жүрсем, жемтік басындағы қарға екенсің ғой... Сөйтіп тұрған сен итке еріп, ағамды, арымды садаға қылып, артыңа

міңгесіп қашып кетсем керек қой мен... Тапқан екенсің өзіндей арсыз, жігерсіз жаңды... Жоқ... ішімді жайлап жүрген қуарған мерез... Бопайды олай десең адасқаның... жоғал қазір жаның барында...

Б ұ ғ ы б а й (*саспай, кекетін*). Жігер, намыс деп, хан деп, бек деп, мен білмейтін қай сырың бар? Неменесіне дардандайсың?

Б о п а й. Қысқарт, тарт енді тіліңді...

Б ұ ғ ы б а й. Мен хан қылсам, хан шығарсың... Менен жасырын қай түкпірің бар еді. (*Сылқ-сылқ күледі.*)

Б о п а й. Түкпірім бар... Тіліңді тартпасаң көрсестермін енді...

Б ұ ғ ы б а й (*кетуге бұрылып, әлі де күліп*). Өзім жайлаған байтал, өрскпімессенші... (*Кетіп бара жатады.*)

Б о п а й. Ал, олай болса. (*Атып жібереді.*)

Б ұ ғ ы б а й (*арқасынан қадалған оқпенен сахна сыртында біраз өлімші дауыспен: «А, а, а, ха...» деп бырып, сахнаның шетіне шыға бере етбетінен құлап түседі.*)

К ө р і н і с

Аздан соң Кене шығады, жалғыз. Бұғыбайды көрмей, тұнжырап, қайғылы күрсініп, тас үстінде отырады. Біраздан соң Жоламан шығады.

К е н е (*басын көтеріп*). Жоламанбысың?

Ж о л а м а н. Иә, тақсыр...

К е н е. Бала-шаға жүріп кетті ме? Жүргіздіндер ме?

Ж о л а м а н. Тақсыр, әлі жүрген жоқ... Бірақ, қазір жүргелі дайын тұр. Жалғыз-ақ ханымдар сізге келіп көрісіп, амандасып кетсек деп лұқсат сұрайды.

К е н е (*саспай*). Жоқ... жок... көріспей-ақ қойсың. Көрісетін не сиық бар? Құдай қосқан уақытта көрісерміз. Тапсырдым бір құдайға бәрін де... Жүрсін енді тоқталмай...

Ж о л а м а н (*үндемей тұрады да*). Солай дейін бе, тақсыр, енді? Келмесін дедіңіз ғой?..

К е н е. Айттым ғой, бар енді...

Ж о л а м а н. Күп, тақсыр. (*Кетіп бара жатады.*)

К е н е. Әй, өзгелерді қой. Сыдықты алып келші, маңдайынан бір сүйіп қалайын. (*Жоламан шығып кетеді. Кене үндемей отырып барып.*) Бойы өсіп, бұғанасы қаппай жас қалып барады... Атаның не қасіретпен өткенін ұғатын, түсінетін кезі емес... Болмаса, менің нәсілімде

бір шағым қу қалса, осында бола ма деуші едім. (*Жоламан жетектеп 5—6 жасар Сыдықты алып шығады. Сыдық Кенені танысымен жүгіріп келіп, құшақтамақшы болады. Кене бұрын құшақтап көтеріп алады. Бала мойнынан құшақтап, жабыса береді.*)

Сыдық. Аға, жүр... Бізбен бірге жүр... Сені тастаймыз...

Кене. Тастамайсың, қарағым... білемін... Мен де барамын арттарыңнан... ұлғайып азамат бол. Ешнәрседен қорықпа, қорғанба! Артыңа үлгі қалдыратын адам бол... Еліңнің ері бол. (*Маңдайынан иіскеп.*) Ата жолын қуарсың, жалғыз үміт қылған балапаным ең... Ақтарсың... Бірақ, заманың әлдеқалай болар. Кім білер. (*Бала жабысып қайта құшақтайды. Кене Жоламанға бергісі келеді.*)

Сыдық. Кетпейміз... аға... жүр... жүр... қалма...

Кене (*Жоламанға беріп*). Қарағым, бар... бар... Апаңа сәлем айт. Құдайға тапсырдым. (*Бала жылайды.*) Бар, алып бар... Жолдары болсын. Бетінен жарылғасын. (*Жоламан Сыдықпен шығып кетеді. Кене Бұғыбайдың өлігін көреді.*)

Көрініс

Кене (*жалғыз, Бұғыбайға бір рет үңіліп қарап танып, қайта бұрылып, салқын*). Бұғыбай ғой! Бұндағы қол ішіндегі алалық та жетер өрісіне жеткен екен... Жасырғансыпты менен... Мәлім... мәлім еді... (*Тасқа отырып ойланады. Қасына Жоламан келіп, төменірек отырады.*) Жерім таусылды. Өріс тарылып болды ма деймін... Нем қалды?.. Енді сенер кім қалды?.. Желік басылып бітті. Сөнді. Аз ғана ұшықтаумен-ақ басында желп еткен жігер қайта құлады. (*Біраз отырып.*) Кім ұқты? Кім қажымай еруге шыдады? Мені қара қайрат алған жоқ. Кескілесіп қарсыласқан жауым да емес... Сырттың күші жығатын болса, әлдеқашан жықпасбеді? Бәрі де ала алған жоқ. Мені іштегі дерт жығып отыр... Менің жауым... мұршам жетпеген жалғыз жауым.. Өңшең азғын арам бездер! Солар ала қылды, солар адастырды елді де... Менің күйігім де, ажалым да солардан... Бірақ, мені жыққан сол жауыздар жұртты қоса жыққанын ұға ма екен? Ойлар ма екен? Алатаудың баурында Кенесары жығылса, ...Түсінер ме соны? Өкінер ме? Менің жығылғаным арман емес. Жалғыз-ақ, ел болар ма деген елімнің көші қайда қалды? Қайда қалдың, қайран

елім, не боп қалдың? *(Аз отырып.)* Мен сүйінер өмір, мен жұбанар үміт қалған жоқ... Бұдан арғыны көргенше алланың ақ бұйрықты ажалы келсін. Содан басқа тілегім жоқ. *(Басын төмен салып шөккендей, үн шығармай, маңдайына қылышын таянып отырып қалады.)*

Жоламан *(ақырын тұрып барып, Бұғыбайды көріп, өз-өзіне).* Бұнысы несі? Мынаған не болған?... *(Ойланып шығып кетеді.)*

Көрініс

Соның артынан жау сырнайы екіленіп шығады. Таң ағарып атып келе жатады.

Жоламан. Тақсыр-ай, жау қысып кетті ғой... Қашпадың да ғой, тым құрса...

Кене. Оны ойлап күймей-ақ қой... Бала-шаға аман кетті ме? Өтті ме қамаудан?

Жоламан. Алдияр, аман өтті... Жаңа Ағыбай, Бұқарбай аман өткізіп қайтып келді.

Кене. Дұрыс ендеше, арманым жоқ... ұрысып жатқандар кім? *(Көзін салады.)*

Жоламан *(о да қарап, шарт-шұрт ұрыс).* Ұрысып жатқандар Науан бастаған өзіне қараған аз ғана батырлар. Сізді алатын болса, жау біздің өлігімізден аттап келіп алсын. Қасықтай қанымыз қалғанша қырылып өлеміз деп жатыр. Сізді оятпа деп тапсырып еді, мен күзетте тұрмын.

Кене *(қарап тұрып).* Күзетті не? Күзетпеді не? Енді бәрібір біткен шығар.

Жоламан *(соғысқа қарап тұрып).* Ай, есіл Науан-ай!.. Қарағым-ай... Жарығым-ай... Жаңа бір-екі батырын сайып түсіріп еді, енді міне... тағы екеуін түсірді... Әне... әне... Тағы бірін құлатты. Өзгелері де жан салып жатыр-ау... Ойпыр-ай... ойпыр-ай... Ойбай, құдай... Қаптап кетті ғой... Селдей басып кетті ғой. *(Кене үндемей қарап тұрады.)* Тақсыр... тақсыр!.. Енді міне, бітті ғой үміт... Қош, жарықтығым... қош. Қара түнде шамдай жанған жарық жұлдызым.

Кене *(ақырып).* Көрсетпе босаған пішінінді енді... Өлсең үн шығармай өл. *(Сахнаға бастарын қызылмен таңған, қару-жарақты қырғыз батырлары шығады. Үр-пиісіп тұрып алады. Бастығы Кәрібоз.)*

Көрініс

Кәрібоз. Бар батырың тұтқын болды... Кенесары, Ханнның қарамен жағаласқаны жараспас. Өзін де тұтқынсын енді, қолыңдағы қаруыңды бер.

Кене. Ал келіп. Апарып берушімем. *(Екі қырғыз жетіп келгенде, Кене екі жағынан салып-салып жіберіп, құлатып-құлатып тастайды. Бірақ, сол уақытта өзгелер қаптап келіп ұстап, қаруын алады.)*

Дауыстар. Байла қолын... Не қылмап еді... Көдір білушімеді.

Кәрібоз. Уай, тоқта, тоқтат, байлама... Қаруын алдыңдар ғой. Бос алып жүр. Жетеді со да!.. Жүр енді... Тарт. *(Бәрі жүріп кетеді. Жоламанды да ұстап алған, оны да алып кетеді.)*

Шымылдық.

ТҮСІНІКТЕР

И. С. ТУРГЕНЕВТИҢ «ДВОРЯН ҰЯСЫ» РОМАНЫ

Орыс әдебиетінің ұлы классигі И. С. Тургеневтің «Дворян ұясы» романы — Мұхтар Әуезов қазақшалаған асыл қазналардың, жалпы аударма мәдениетінің ең көрнекті үлгілерінің бірі. Роман үзіндісі алғаш «Әдебиет және искусство» журналының 1952 жылғы тоғызыншы санында жарияланды да, толық нұсқасы сол жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан өз алдына жеке кітап болып шықты. Роман екінші рет 1968 жылы жарық көрді. И. С. Тургеневтің қазақ тілінде жарияланатын қос томдық шығармалар жинағына да енгізілді.

Ал М. Әуезовтің қазіргі жиырма томдық шығармалар жинағына «Дворян ұясы» романының «Жазушы» баспасы шығарған 1968 жылғы екінші басылымы ұсынылып отыр.

Белгілі әдебиет зерттеушісі И. С. Брагинский «Народы Азии и Африки» журналында жарияланған (1961, №6) «Ғалым-ақын» дейтін мақаласында бір қызық дерек келтіреді: «Мүмкін, орыс әдебиетінің маған тигізген әсері жайында сіз де жазатын шығарсыз,— деген екен М. Әуезов бір сөзінде.— Дұрыс-ақ, ешқандай теңдесі жоқ зор әсер. Ал оның характері қандай, қалай көрінген? Әрине, Горькийді айтасыз, Л. Толстойды айтасыз. Бұл да әділ. Әйтсе де, маған ең мықты әсер еткен кім екенін білесіз бе, сіз? Таба алмайсыз! Тургенев».

М. Әуезов өзі бір кезде «Дворян ұясы» романының қазақша тұңғыш басылымына орай, арнайы кіріспе сөз жазған («Дворян ұясы» романының аудармасы туралы). Ол 1952 жылы «Әдебиет және искусство» журналында да жарияланды, 1962 жылы жарыққа шыққан «Уақыт және әдебиет» жинағына да енгізілді. Кейінірек орыс тілінде («О переводе романа «Дворянское гнездо») «Простор» журналында да басылған (1968, № 11).

Міне, осы кіріспедегі М. Әуезовтің өз ойлары мен жанағы И. С. Брагинский келтірген пікір жазушының жалпы И. С. Тургенев

творчествосына, әсіресе «Дворян ұясын» аудару тәжірибесіне қаншалықты мән бергенін жете түсінуге, жан-жақты ұғынуға бірден-бір жолбасшы бола алады.

И. С. Тургенев шығармаларының М. Әуезов творчествосына әсері болашақта біз өз алдына зерттей үңіліп, арнайы тоқталатын әңгіме. Ал мына сапарда жазушының аудармашылық тәжірибесіне, «Дворян ұясын» қазақшалау жолында қолданған әдісі, ұстанған принципіне, «өзімше жаңалық ретінде қостым ба деген ізденулеріне» байланысты бір-екі мәселеге оқушы назарын аударма кетуді жөн көрдік.

Орыс, туысқан халықтар тілінен қазақшаланған әдеби-көркемдік үлгілер біршама мол болғанымен, жалпы аударма тәжірибесі жете қорытылмаған, тиянақталмаған тұста жазылған М. Әуезовтің «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы кіріспе сөзі творчестволық, программалық біраз ойларды талқыға салған. «Мен шамам келгенше ең алдымен романды дәл аударуға тырыстым,— дейді М. Әуезов.— Тек дәл аудару ғана үлкен жазушының тіл, стиль сөйлем ерекшеліктерін бере алатын болады, бұл жөніндегі дәл аудару дегенді мен сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару деп түсінемін. Сондықтан қанша ұзын болса да, романның өзіндегі сөйлемі үзіліп, бөлшектеніп, бірнеше сөйлем боп берілмейді. Соның орайына орысша текстің өзінде болған тыныс белгілерінің (пунктуацияның) көбі қазақша тексте де мол қолданылады. Сөйтіп Тургеневтің сөйлемдері қазақшасында да өзінің ұзынды-қысқалы көлемімен дәл беріледі. Бұлай етудің себебі бар. Орыстың ұлы классикалық әдебиет үлгісін аудару арқылы аударушы-жазушы мен өзім сол азыл нұсқаның шеберлігін үйренуге тырысамын. Және әсіресе, Тургеневті өз қалпында дәл беру арқылы сол шебердің анық, нақтылы өзгешеліктерінің бәрімен өзіміздің оқушы жұртшылығымызды дәл таныстыруға тырысамын. Сөйлемін дәл беру жазушының стилін дәл беруге төтелік себепші болады. Стилін білсе сол жазушының өзгешелік, ерекшелік қасиеттерін де толық танытын болады. Олай болса, Тургеневті өзінің тургеневтік сөйлемдерімен, Гогольді гогольдік периодтарымен, Л. Толстойды оның өзінің, басқыштап келетін сөйлемдерімен, сол сияқты Шолоховты және де өзінің сөйлем ерекшеліктеріменен дәл беруге тырысу керек» («Уақыт және әдебиет», Алматы, 1962, 353—354 беттер).

Немесе М. Әуезовтің мына бір ойлары: «Тургеневтің романын өз тіл, стилімен дәл беруді мақсат еткендіктен біз романның геройларының аузына, немесе автордың аузына қазақтың мақал-мәтелі сияқты және тағы басқа талай түрлі тіл кестесі, сөз айшығы, өрнегі сияқты ерекше, қазақша әшекей бояуларды салмауға тырыстық. Себебі ондай қазақ әдебиеті тілінің өз көлемінде заңды болатын, қазақ адамының немесе жазушысының сезуіне, ойлауына, айтуына

қонымды боп келетін, осы тілдің өз көлемінде ғана заңды, бірақ өзге тілдерде орасан өзгешелік түрінде сезілетін сөз құрамдары мұндай орынға қолдануға қолайсыз болады деп білдік. Қысқасы қазақ тіліне аударылғанмен, Тургенев шығармаларына қазақтың тон-тымағын кигізу керек емес дейміз» (сонда, 354 бет).

Міне, бұл пікірлердің қай-қайсысы да ғылым, творчестволық мәні мейлінше зор, бізге жалпы аударма мәдениетінде үлгі-өнеге боларлық, басшылыққа аларлық терең тұжырымдар, ұлы қаламгердің кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен, жанымен, бүкіл табиғатымен сезінген, іс жүзіне айналдырған шын мәніндегі тәжірибе сабақтары деп білеміз.

«ТОЙ ТАРҚАР» (Лев Толстой)

Әңгіме алғаш рет 1931 жылы Қызылордада Сәкен Сейфуллиннің құрастыруымен шыққан әдебиет хрестоматиясында жарық көрген еді. Одан кейін мектеп оқушыларына арналған оқулықтарға еніп жүрді. 1967 жылы жазушының он екі томдық шығармалар жинағының екінші томында да жарияланды. Енді осы басылымға сол он екі томдық бойынша жіберіліп отыр.

«БУДДА» (Лев Толстой)

Бұл аударманы жазушының осы саладағы тұңғыш қадамы деуге болады. Ал, жас Әуезовтің ұлы жазушының осы туындысын таңдауының да өзіндік бір сырлары бар секілді. Өйткені ой қуған, шарқ ұрып ізденген тұстарында көңілін аударып көзіне түсті. Осы уақытта ол ғылым, мәдениет, философия саласында мақалалар жазып, күш сынап жүрген еді. Бұл аударма сол кезде шығып тұрған «Абай» журналының (1918 ж.) бірінші санында жарияланды. Жазушының жиырма томдығына сондағы басылым өзгеріссіз жіберіліп отыр.

«БУЛЬКА» (Лев Толстой)

Л. Н. Толстойдың осы әңгімесін М. Әуезов 1936 жылы аударып, Қазақстан көркем әдебиет баспасынан латын әрпінде жеке кітапша етіп шығарды. Жазушының жиырма томдығына сол кітапша бойынша жіберілді.

«АҚҚАСҚА» (А. П. Чехов)

М. Әуезовтің бұл аудармасы алғаш рет А. П. Чеховтің қазақ тілінде шыққан (1955—1957 жж.) үш томдық шығармалар жина-

ғында жарияланды. Одан кейін екі томдық шығармалар жинағының (1979 ж.) екінші томына енді. Қазір жнырма томдыққа сол соңғы басылымы беріліп отыр.

«ҚАСҚЫР» (Джек Лондон)

Бұл аударма да 1936 жылы латын әрпінде Қазақстан көркем әдебиет баспасында жеке кітапша болып басылып шықты. М. Әуезовтің жнырма томдық шығармалар жинағының 14 — томына сол басылым ешбір өзгеріссіз жіберіліп отыр.

«ЖЕРДІҢ ЖАРАТЫЛЫСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘНГІМЕЛЕР» (Ю. Вагнер)

Бұны да, М. Әуезовтің ертедегі аудармаларының бірі деуге болады. Кезінде араб әрпінде Ташкентте жеке кітап болып басылып шыққан. Кітаптың сыртқы бетінде «Профессор Ю. Вагнер. Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер. Аударған Мұхтар Әуезұлы. Бірінші басылуы. Түркстан Мемлекет баспасы, Ташкент, 1924 жыл» деп жазылған. Осы аудармаға баруынан М. Әуезовтің жан-жақты оқып-іздену жолында жүргендігін көруге болады. Бұған дейін ол ғылым, әдебиет, мәдениет, философияға байланысты мақалалар жазғаны, проза, драматургия саласында күш сынағаны белгілі. Кітапта ғылыми ойлар, болжамдар қарапайым, түсінікті тілмен баяндалған. Оларды М. Әуезов қазақ тілінде аса жатық жеткізеді. Уақытына, кезіне тән терминдер, сөздер сол қалпында жіберіліп, тек қате басылғандары ғана түзетілді. Мысалға «лава» деген сөз көп жерде «лау» деп жазылған. Осы сияқты бірлі-жарым сөзден болмаса сол тұстың басқа ұғымдары өзгертілген жоқ.

«АҚСҮЙЕКТЕР» (Н. Погодин)

Н. Погодиннің «Ақсүйектер» пьесасы М. Әуезовтің аударуымен Қазақтың Мемлекеттік академиялық драма театрында қойылып жүрді. Пьеса 1937 жылы латын әрпінде Қазақстан көркем әдебиет баспасында жеке кітап болып басылып шықты. Аударманың қолжазбасы сақталмауы себепті жазушының жнырма томдық шығармалар жинағына осы 1937 жылы кітап болып шыққан нұсқасы ешқандай өзгеріссіз, сол қалпында ұсынылып отыр.

«ДВОРЯН ҰЯСЫ» РОМАНЫНЫҢ АУДАРМАСЫ ТУРАЛЫ

Мұхтар Әуезов «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы» деген мақаласы И. С. Тургеневтің «Дворян ұясы» деген шығармасын қазақшаға аудару үстіндегі іздену жолдары мен мақсат та-

лаптарын, ой-пікірлерін оқырман қауыммен сырласу ретінде жазылған еді. Бұл мақала И. С. Тургеневтің «Дворян ұясы» романының 1952 жылы қазақ тіліне аударылып басылуына орай кіріспе сөз ретінде жарық көрді.

Ал жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томына ендіріліп отырған «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы» деген мақаласы Мұхтар Әуезовтің 1962 жылы Алматыда «Уақыт және әдебиет» деген атпен басылған әдеби-зерттеу мақалалар жинағы негізінде ешқандай өзгеріссіз сол қалпында жіберілді.

КӨРКЕМ АУДАРМАНЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» деп аталатын мақала 1955 жылы жазылған. Бұл жолы жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томына Мұхтар Әуезовтің 1962 жылы Алматыда «Уақыт және әдебиет» деген атпен жарық көрген еңбегінде жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз ендірілді.

ПУШКИНДІ ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Бұл мақала 1936 жылы орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің қайтыс болғанына жүз жыл толу қарсаңында жазылып, сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде алғаш рет жарияланды.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томына «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы» мақаласы Мұхтар Әуезовтің 1962 жылы Алматыда «Уақыт және әдебиет» деген атпен басылған әдеби зерттеу мақалаларының жинағында жарық көрген нұсқасы негізінде өзгеріссіз ешіп отыр.

«ХАН КЕНЕ»

Жоғарыда, редколлегия алғы сөзінде де айтылды: М. Әуезовтің қолжазба мұрасында «Хан Кене» пьесасының қазақ, орыс тілдерінде әртүрлі нұсқалары сақталған. Баспаға автордың өз қолымен (күлгін сиямен) емле қателерін түзеткен, сызып, қосып, жеке сөздерге, сөйлемдерге өзгерістер енгізген, латын әрпінде машинкаға басылған соңғы нұсқасы ұсынылып отыр (№ 135 папке). Онда «4 акт, 5 суретті тарихи пьеса» деп көрсетіліпті.

Жазушы архивінде осы нұсқаның тағы да бір данасы бар (№ 77 папке). Сол машинка, сол текст. Айырмасы — автор қол тігізбеген, емле қателерін түзеп, өзгерістерін енгізбеген. Пьеса машинкадан шыққан бетінде қайта қаралмағандықтан, архивте «5 акт, 6 суретті тарихи пьеса» деп тіркелген.

Бір машинкадан, бір мезгілде шыққан осы дәлме-дәл екі дана қолжазба «Хан Кене» пьесасы 1934 жылдың бас кезінде театрда бір рет қойылып, тоқтатылған тұста әртүрлі сын-пікірлерге орай драматургтің қайта қараған ең соңғы, жаңа редакциясы деп танылды.

Мұның дәлелдері:

№ 75 папкеде («Хан Кене», пьеса, 1928 ж.) пьесаның араб әрпімен жазылған алғашқы нұсқасы, ал № 76 папкеде оның жолма-жол орысша аудармасы («Хан Кене. Историческая пьеса в 6 действиях. 1928 год») сақталған. Осы екі текстте қатысатын кейбір адамдар, жарлы-жақыбайлар, кейіпкерлер жас шамасын айқындайтын автор жазбалары, біраз көріністер, диалог-монологтар, соңғы 6-перде (акт)—баспаға ұсынылып отырған кейінгі нұсқада біржола қысқартылған.

«Хан Кене» театрда қойылуына байланысты баспасөз пікірлерінде тек бірыңғай пьеса тексті емес, негізінен спектакль кемшіліктері — режиссура шешімі, сахналық қосымшалар кеңірек сөз болғаны жоғарыда редколлегия алғы сөзінде де айтылған. Драматург сол пікірлерді ескеріп, 1934 жылы пьесаның қайта қаралған соңғы нұсқасында бір кезде сын айтылған диуана кемпір, қобыз сарыны, орынсыз ән-жырлар, Кене, Наурызбай т. б. өлтірілу желілерінің режиссер жамауларының бәрін де өз қолымен алып тастаған, әдеби өзгерістер енгізген.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағына дайындау барысында «Хан Кене» қолжазбасы бойынша біздің тарапымыздан да біраз текстологиялық жұмыстар жүргізілді. Текст қазіргі емле ережесіне сай түзетіліп, кеткен қателері жөнделді. Оқиғалар желісі бұзылмағанымен, жеке көріністерді реттеуде сандардың кейде қайталанатын, кейде аттап кететін тұстары кездесетін. Баспаға ұсынылғанда прологтағы бірінші, екінші, үшінші көрініс деп салалау сол күйінде қалдырылды да, ал перделер бойындағы рет сандары (цифрлар) қысқартылып, бірыңғай «көрініс» деп алынды.

«Төрт актылы, бес суретті тарихи пьеса» дейтін ұғым да алғашқы нұсқалар әуенінде сақталып қалған болу керек. Машинкаға автор өзі бастырған текстте тек бесінші сурет беріліпті де, өзгелерінің жігі бөлінбеген. Ал перде (акт) төртеу емес, бесеу (бұрын алтау еді, драматург алтыншыны өзі алып тастаған). Сондықтан, бұл жолы титулда тек «Бес перделі тарихи пьеса» деп көрсетіліп отыр.

Екіұштылау мағана туғызатын, бүгінгі ұғымға келіңкіремейтін кейбір сөйлемдер де қысқартылып, ол тұстарға көп нүкте қойылды: прологта — бірінші, үшінші көріністе (3,5 беттерде), бірінші, екінші перделерде (7, 15, 19, 28, 39, 40 беттерде), ең соңғы пердеде — Кенесары монологінде (67 бетте). Қолжазба беттері № 135 папкедегі жазушының өз түпнұсқасы бойынша беріліп отыр.

МАЗМҰНЫ

АУДАРМАЛАР

И. Тургенев. Дворян ұясы. Роман	6
Л. Толстой. Той тарқар. Әңгіме	162
Л. Толстой. Будда. Әңгіме	173
Л. Толстой. Булька. Әңгіме	177
А. Чехов. Аққасқа. Әңгіме	186
Дж. Лондон. Қасқыр. Әңгіме	192
Ю. Вагнер. Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер	205
Н. Погодин. Айсүйектер. Пьеса	239

КӨРКЕМ АУДАРМА ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙЛАР

«Дворян ұясы» романының аудармасы туралы	292
Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері	297
Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы	306
Хан Кене. Пьеса	313
Түсініктер	370

Мухтар Омарханович Ауэзов

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ
Том XIV

Художественные переводы. Мысли о художественном переводе,
пьеса Хан Кене.

(на казахском языке)

Редактор *К. Узакбаева*. Художник *Т. Мухатов*. Худ. редактор *Б. Машрапов*.
Техн. редактор *С. Лепесова*. Корректор *К. Рахимжанова*.

ИБ 2301

Сдано в набор 18.05.83. Подписано в печать 13.12.83. УГ19201. Формат
84×108¹/₃₂. Бум. тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ.
л. 11,75. Усл. печ. л. 19,7+0,32 вкл. Уч.-изд. л. 20,62. Тираж 10 000 экз. Заказ
№ 866. Цена 2 р. 20 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам
издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.
Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий
«Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, по-
лиграфии и книжной торговли, 480124, пр. Гагарина, 93.



М. Әуезов ақын, жазушылар мен актерлер арасында.



М. Əuezов Н. Тихонов және Ғ. Ғүләммен әңгімелесіп тұр.

М. Əuezов жазушылар Ж. Сайн, Назым Хикмет, М. Кәрімдер арасында.





М. Əйезов халық ақындарының айтысында.



«Ақсүйектер» пьесасы. Қостя ролінде — Елубай Өмірзақов; Соня ролінде — Малике Шамова. 1936 жыл.



М. Әуезов Р. Тагордың туғанына жүз жыл толуына арналған салтанатты жиналысты ашып тұр.



М. Әуезов жазушылар арасында.



М. Əузев пен Ғ. Ғүләм ғалымдар арасында.



М. Әуезов Қазақстан жазушыларының III съезіне қатысқан қонақтар арасында. 1954 ж.